


69.3/5 (кад.)

0-57

Т. Омарбеков
Ш. Омарбеков

Қазақстан тарихына
және тарихнамасына
ұлттық көзқарас



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Т. Омарбеков, Ш. Омарбеков

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНА
ЖӘНЕ ТАРИХНАМАСЫНА
ҰЛТТЫҚ КӨЗҚАРАС

Алматы
«Қазақ университеті»
2004

ББК 63.3 (5Каз)

О 587

*Баспаға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті тарих факультетінің Ғылыми кеңесі және
Редакциялық-баспа кеңесі ұсынған*

П і к і р ж а з ғ а н д а р :

тарих ғылымдарының докторы, профессор **Г.В.Кан;**
тарих ғылымдарының докторы, профессор **Қ.М.Атабаев**

Омарбеков Т., Омарбеков Ш.

О 58 Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас.
– Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 388 б.

ISBN 9965-12-777-8

Монографияда Қазақстан тарихының және тарихнамасының методологиялық мәселелері, М.Х.Дулатидің “Тарих-и Рашидиінің” және Отеміс қажының “Чингиз-намесінің” қазақ тарихын зерттеудегі маңызы, Тоқтамыс, Едіге тәрізді күрделі тарихи тұлғаларға жаңа көзқарас және кеңестік тоталитарлық жүйе тұсында саяси қуғындалған ұлт зиялыларының төл тарихымызға тарихи көзқарастары жан-жақты зерттелген.

Еңбек университеттердің гуманитарлық бағыттағы факультеттеріндегі бакалаврларға, магистрлерге және т.б. зерттеуші, оқытушыларға арналған.

О 0503020905-023 48-04
460(05)-04

ББК 63.3 (5Каз)

ISBN 9965-12-777-8

© Омарбеков Т., Омарбеков Ш., 2004.
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2004.

КІРІСПЕ

Еліміз тәрізді тарихымыз да бүгінде өтпелі кезеңді бастан кешіруде. Маркстік, таптық концепциядан бас тартып, жаңа тәуелсіз методологиялық принциптерді іздестіруге бас бұрған отандық тарихымыздың және тарихнамамыздың методологиялық және теориялық мәселелері аз емес. Олар туралы тарихшылар қауымы жан-жақты кеңінен ойласуымыз керек. Жаңа жағдайда таптық көзқарастан өркениеттік бағытқа көшер болсақ, мұнда да теориялық тұрғыдан әлі де анықталмаған мәселелер баршылық. Сондықтан да жұмысымыздың алғашқы тарауында осы мәселелер көтерілді. Жаңа методологиялық ұстаным тұрғысынан қарағанда өркениеттік принциптердің таптық көзқарастардан көптеген артықшылықтары бола тұрса да тарихшыларымыз бұл бағытта әлі де орнықты методологиялық шешімдерге келе қойған жоқ.

Тарихымызды қайта қараудың және жаңаша жазудың мәселелері аса күрделі. Солардың бірі тарихымызды кезеңдеу, яғни кезеңдерге бөлу мәселелері. Тәжірибе көрсетіп отырғандай Қазақстан тарихын жазуда кезеңдерге бөлу мәселесі әлі де толық шешілмеген. Тарихымызды дәуірлерге, кезеңдерге және этаптарға бөлу төңірегінде де тарихшыларымыз ойласатындай мәселелер аз емес. Мұнда тіптен кейбір шатасуларға да жол берілуде. Сондықтан да мұны кеңінен ойласу тарихымыз үшін аса маңызды.

Ортағасырлық тарихымызда да қайшылықты, тағдырлары айтыс туғызатын ерен тарихи тұлғалар аз емес. Солардың қатарына мысалы Тоқтамыс хан мен Ер Едіге жатады. Бұлар шын мәнінде дүниежүзілік тарихи әдебиеттерден орын алған қыпшақ даласының ұлы қайраткерлері. Кезінде кеңестік жүйе тұсында ұлттық көзқарастарға жол берілмегендіктен еліміздің тарихымен тығыз, біте қайнасқан бұл тұлғалар туралы әділетті де, толық шынайы пікірлер айта алмадық. Бүгінгі ұрпақ тәуелсіз замана беріп отырған мүмкіндікті толық пайдалануға міндеттіміз.

Елімізде дулатитану ғылымының іргесі де жаңадан қаланып, ол енді ғана өркендеп келеді. Бұған Мұхаммед Хайдар Дулатидің әйгілі “Тарихи-Рашиди” атты іргелі

еңбегінің алғаш орыс тілінде, кейінірек қазақ тілінде жарық көруі үлкен ықпал жасады. Аталмыш еңбекте қазақ тарихына қатысты аса маңызды мәліметтер көп. Бүгінде олар қазақ тарихшыларының жүйелі зерттеулеріне аса мұқтаж. Осыны ескере келе біз М.Х.Дулати еңбектеріндегі отан тарихы мәселелеріне біршама талдаулар жасадық. Тарихшыларымызды бұл мәселеде толғандырар, олардың болашақ тың зерттеулеріне мұқтаж деректер бұл еңбекте көп. Мұнда айта кетер бір мәселе – біз өзіміздің зерттеуімізде М.Х.Дулатидің «Тарихи-Рашидидінің» қазақ тіліндегі емес, орыс тіліндегі нұсқасын басшылыққа алдық және оны өзіміз қазақшаға аударып пайдаландық. Мұның себебі еңбектің орыс тіліндегі нұсқасында М.Х.Дулати еңбегінің үш қолжазбасының (Санкт-Петербургтегі 2 қолжазба, Ташкент қолжазбасы) өзара салыстырылып пайдаланылуына байланысты.

Тарихымызда халқымыздың азаттығы үшін белсенді күрескен, алайда тарихи деректердің жеткіліксіздігінен аймақтық қайраткерлер деңгейінде қалып қойған тарихи тұлғалар да аз емес. Солардың бірі және бірегейі қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымұлының Қоқан жаулауына қарсы күресіне тиянақты қолдау көрсеткен ұлы жүздің атақты ру басысы Байзақ Мәмбетұлы. Тарихымызды қайта қарауда және толықтыруда мұндай ерен тұлғалардың қаһармандық қызметін ашып көрсету аса маңызды әрі өте қажет. Ұлт-азаттық тарихымыз осындай жолмен ғана толыққанды сипат алып, өзінің арнасын кеңейте түседі. Мұнда тағы бір назар аударар мәселе – ірі, жалпыұлттық Кенесары Қасымұлы тәрізді алып тарихи тұлғалар қызметі оның төңірегіндегі айбынды серіктерінің іс-әрекеттерін жан-жақты зерттеу негізінде ғана толық ашылмақ. Осыны тарихшыларымыз да мықтап ескеріп, өздерінің зерттеу жұмыстарында орқашан басшылыққа алулары керек деп ойлаймыз.

XX ғасырдың 20-30 жылдарында кеңестік өкімшіл-әміршіл жүйе саяси қуғын-сүргінге ұшыратқан қазақ ұлттық интеллигенциясының есімдері және еңбектері негізінен еліміз тәуелсіздік алған соңғы он жыл көлемінде ғана қоғамға таныла бастады. Алғаш оларды мемлекеттік деңгейде ақтау процесі басталса, сонынан олардың еңбектерін қайта басып шығару қолға алынды. Қазақстан тарихшылары жалпы

қоғамымыз тәрізді ұлттық құндылықтарды қастерлеуге бағыт ұстай бастаған бүгінгі заманда өткен тарихымызға қазақ ұлтының мүддесі тұрғысынан қараған қазақ ұлттық интеллигенциясының еңбектеріне тарихнамалық талдау жасаудың маңызы зор. Бұл, біріншіден, бүгінгі ұрпақтың тарихи дүниетанымын кеңейтеді, тарихи білімді толықтыра түседі. Өйткені қазақ ұлттық интеллигенциясының еңбектерінде тарихи оқиғаларға, тарихи тұлғаларға байланысты тың көзқарастар, қызықты тұжырымдар және бүгінгі зерттеушілерді ойландыратын салықалы қорытындылар баршылық. Ал бұлар жаңа тарихи концепциялардың және салыстырмалы ой-пікірлердің өмірге келуіне негіз болулары немесе ықпал жасаулары әбден мүмкін. Екіншіден, кезінде кеңестік тоталитарлық жүйе қуғындаған бұл еңбектер бүгінде тарихи ұлттық сананы қалыптастыруға белсенді қызмет жасай алады. Бұл әсіресе кезінде “Алаш” қозғалысына қатысқан қазақ интеллигенциясының тарих мәселелеріне байланысты еңбектеріне қатысты. Тарихи көзқарастары қазақ ұлтының мүддесімен тікелей қабысып жатқан бұл кісілердің еңбектері шын мәнінде бүгінгі ұлт тарихшыларына үлгі боларлықтай. Рас, аумалы-төкпелі үрдіс тарихи оқиғалар арнасында саяси қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ интеллигенциясының архив қорларында тапжылмай отырып жұмыс жасауға, кең көлемде тарихнамалық талдаулармен айналысуға мүмкіндіктері шектеулі болды. Солай бола тұрса да туған халқына деген сүйіспеншілік және құрмет сезімі оларды шынайы тарих жасауға итермеледі. Сондықтан көрсетілген кезеңдегі ұлттық интеллигенция өкілдері еңбектеріндегі тарихи көзқарастар бүгінгі ұрпақтың ұлттық сезімін оятуда, оларда ұлттық ойлау жүйесін қалыптастыруда елеулі рөл атқара алады.

Тағы бір ескеретін мәселе – тәуелсіздігімізді алғалы бері ұлттық интеллигенция өкілдерінің тарихи мұралары едәуір зерттелді. Ә.Бөкейхановтың, А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, М.Тынышбаевтың, Ж.Ақпаевтың, Х.Досмұхамедовтың, кеңестік кезеңдегі Т.Рысқұловтың, С.Асфендияровтың және т.б. өмірі мен қызметіне арналған жеке зерттеулер жазылды немесе диссертациялар қорғалды. Оларда қайраткерлердің өмірі, саяси немесе тарихи көзқарастары талданды. Алайда Кеңестік жүйеде саяси қуғындалған ұлттық интеллигенцияның тарихи көзқарастары тарихнамалық тұрғыдан

тарихи-салыстырмалы түрде жалпылама және біртұтас алынып талдана қойған жоқ. Әрине, ұлттық интеллигенция өкілдерінің тарихи көзқарастарында өзіндік ерекшеліктер баршылық. Оларда кейбір мәселелерде тіптен қайшы, қарама-қарсы пікірлер де ұшырасады. Дегенмен де ХХ ғасырдың 30-шы жылдарында сталиндік таптық көзқарасқа ауытқи бастаған тарихи пікірлерден басқалары, яғни осы кезеңнің 20-шы жылдарындағы және оған дейінгі уақыттардағы еңбектер негізінен алғанда қазақ ұлтының мүддесіне қызмет ету рухында, яғни методологиялық тұрғыдан алғанда ұлттық принциптер мен құндылықтарды нақты басшылыққа алып жазылды. Мұның өзі бүгінгі тәуелсіз ұлттық тарихымыздың мүддесі тұрғысынан оларды тарихнамалық тұрғыдан талдау ісін жеңілдете түседі.

Дегенмен де тарихнамалық талдау мәселесін әңгімелегенде мынаны да ескергеніміз жөн: ұлттық интеллигенция өкілдері еңбектеріндегі мәселелер көбіне жүйелі баяндалмаған. Олар шашыраңқы және жеке тақырыптарға арналған, оларда авторлардың нақты деректерді пайдалануларынан гөрі мәселеге өзіндік көзқарастарын білдірулері, ел аузындағы аңыздар мен ауызша деректерді көптеп пайдаланулары, жер-су атауларына байланысты тарихи пайымдаулар мен болжамдар жасаулары жиі кездеседі. Солай десекте, олар тарихи тұрғыдан аса құнды. Өсы айтылғандар қазақ ұлттық интеллигенциясының еңбектеріне тарихнамалық талдаулар жасап, бүгінгі тарих ғылымының методологиялық принциптері тұрғысынан оларды сараптаудың, бағалаудың аса қажет екендігін тағы да дәлелдей түседі.

Кеңестік жүйе тұсында Қазақстандағы тарих ғылымының басты бағыттарының бірі тарихнама ғылымы едәуір кенже қалып келді. Тарихнамалық ой-пікірлер, тарихнамалық талдаулар жетіспей жатты және осы саладағы оқу құралдары мен оқулықтар, іргелі еңбектер тіптен аз, негізінен орыс тілінде жазылған. Мұның өзі тарихнамашы-тарихшы дайындау ісін де едәуір қиындата түсетіні рас. Осы орайда қазақ ұлттық интеллигенциясы өкілдерінің тарихи көзқарасын жүйелі түрде топтап талдаудың бүгінгі күні аса қажеттігі тағы да байқалады. Ойткені қазақстандық тарихнама ғылымы мұндай аса маңызды мәселеге тарихнамалық талдаулар жасамай болашақта алға баса алмайды.

Б І Р І Н Ш І Б Ө Л І М

ТАРИХЫМЫЗҒА ЖӘНЕ ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАРЫМЫЗҒА ҰЛТТЫҚ КӨЗҚАРАС

І ТАРАУ. ОТАНДЫҚ ТАРИХТЫҢ ЖӘНЕ ТАРИХНАМАНЫҢ КЕЙБІР МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1.1. Тарихымыз жүйелі жазылсын

"Тарихымызды қалай жазамыз?" - деген сауалға жауап іздеумен Қазақстан өз тізгінін өзі ұстап тәуелсіз ел атанғалы кәсіби тарихшылар ғана емес, гуманитарлық мамандықтың сан-салалы өкілдері (жазушылар, журналистер, философтар, заңгерлер және т.б.) жаппай және үлкен ықыласпен айналыса бастады. Тарихымыздың мәселелері тіптен, осы саладан едәуір қашық мамандық иелерін де — инженерлер мен геологтарды, дәрігерлерді, агрономдарды қызықтырып, олардың кейбірі тарихымыздың жекелеген күрделі мәселелеріне қалам тартуда.

Жалпы алғанда ел болып қалыптасуымыз үшін, ұлт болып тұтасуымыз үшін, ұлттық сана-сезіміміздің нығая түсуі үшін, ұлттық туған тарихқа күштарлық процесін жағымды, тіптен бізге аса қажет құбылыс ретінде бағалаймыз. Десек те, жаппай тарих жазуға білек сыбана кіріскенде мынаны да ұмытпағанымыз жөн: шынайы және ғылыми негізі берік тарихты кәсіби тарихшылар ғана жаза алады, ал басқа мамандық иелерінің тарихтағы "ізденістері" солардың күрделі зерттеулеріне түрткі немесе мұрындық және сүйемелдеуші болуға бейім.

Себебі, тарихты жазу дегеніміз, көбіміз жадағай түсініп жүргендей, ащы тарихи шындықты қаз-қалпында баяндап берумен немесе тарих "ақтаңдақтары" делініп жүрген әлі де құпиясын ішіне бүгіп жатқан күрделі тарихи мәселелерді нақты деректер негізінде ашып көрсетумен шектеле қоймайды.

Тарихты жазу тарихнама (историография) деп аталатын тарихтың өзінің тарихын зерттеуін, ғылымның әдістемелік

негіздерін және деректану (источниковедение) деп аталатын сан-салалы жазба деректерді, тарихи, археологиялық, этнографиялық, лингвистикалық мәліметтерді, шетелдік ғалымдар ізденістерін, адамдар естеліктерін және т.б. ғылыми деректерді салыстырмалы айналымға түсіретін ғылымнан жан-жақты хабардар болуды қажет етеді.

Сонымен қатар тарихты жазуға талаптанушылар тарихымызды кімнің көзімен, яғни қандай көзқараспен жазамыз? — деген сауалға беретін өздерінің жауаптарын да айқындап алғандары жөн. Бұл — тарихымызды жазудың аса маңызды алғашқы мәселесі.

Екінші мәселе — тарихымызды белгілі бір жүйеге сүйеніп жазу туралы.

Алғашқысына тоқталсақ, Қазақстан тарихшыларының және тарихты жазуға әуестеніп жүрген зиялы қауымның төмендегідей көзқарастар ұстанып жүргені белгілі: алғашқы бағыт - Қазақстан тарихын жалпыадамзаттық тарихтың бір бөлігі ретінде қарастырып, тарихымыздағы ұлттық, этникалық, дәстүрлік ерекшеліктерді екінші қатарға қойып, қазақ қоғамын "жалпыадамзаттық қоғам" деп танушылар көзқарасы. Бұлардың пікірінше қазақ тарихы түрік-монғол, индоевропа, угро-фин, син-тибет халықтары мәдениеті тоғысқан евразиялық тарих, ал Қазақстанда үстемдік жасаған ғұн, сақ, қыпшақ, оғыз, түрік тайпалары евразиялық тайпалар болып табылады.

Екінші көзқарас — тарихымызды этностық негізде жазу, яғни Қазақстан немесе қазақ тарихын түрік этносының тарихының бір бөлігі ретінде жазу. Мұнда Түрік қағанатынан бастап біртұтас Түркістанды құру идеясына дейінгі түркі тілдес халықтарға ортақ тарихи мәселелер алғашқы орында тұрады. Осы принциптің негізінде қазірдің өзінде-ақ, Қазақстанда түрік халықтарының тарихына байланысты алғашқы оқу құралдары жарық көре бастады.

Тарихымызды жазудағы үшінші бағыт - Қазақстан тарихын қазақ халқының тарихы ретінде қарап, республика тарихын жазуды, ең алдымен қазақ халқының ұлттық мүддесін, ұлттық мәдениетін, дәстүр-салтын, ұлттық мемлекетін құру тарихын алғашқы орынға қойып, осындай ұлт мәселелеріне баса мән беріп жазу.

Осы үш түрлі тарихымызды жазу бағыттарының көптеген мәселелерінде ортақ пікірлер ұстана отырып, сонымен қатар түсінікті себептермен тарихымыздың кейбір күрделі мәселелеріне байланысты аса қайшылықты пікірлерде екенін де ұмытуға болмайды. Мысалы, тарихымызды жалпы адамзаттық көзбен немесе евразиялық көзбен таразылаушылар қазақ тарихының көп бөлігін көшпелілер (номадтар) мәдениеті дегенге жатқызып, бұл жерде тіптен бауырлас, көрші көшпелі халықтардың өркениеттерде айтарлықтай өзгешеліктері бар екенін ескере бермейді және бұл мәдениет көбіне әлі өзіндік мемлекетін құра қоймаған дамудың төменгі, тіптен варварлық сатысында тұрған халықтарға тән деп біледі. Көшпелі қазақ қоғамында мемлекет болмаған деп жүргендер де осы бағытты ұстанған зерттеушілер арасында.

Екінші бағытты жақтаушылар, яғни Қазақстан тарихын этностық негізде, дәлірек айтсақ түрік халықтағының құрамдас бөлігі ретінде жазушылар да әлі көп нәрсенің байыбына бара алған жоқ. Басқасын былай қойғанда түріктердің ұлы мемлекеті — біртұтас Түрік қағанаты не іктен Батыс және Шығыс түрік қағанаттарына бөлініп кетті? Ал ежелгі Қазақстан жерін жайлаған Батыс Түрік қағанатының, оның мұрагері Түргеш қағанатының тайпалық құрамында түркі тілдестер үлесі қандай еді? Өзара бөсекелесіп билікке таласқан сары түргештер дегендер кімдер, қара түргештер дегендер кімдер? — деген тәрізді қаптаған сауалдарға тарихымыз әлі де тиянақты жауап бере қойған жоқ. Оның үстіне ортақ түрік тарихын жазу үшін алғаш түрік тілдес ТМД мемлекетіндегі татар, башқұрт, қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен, өзірбайжан тәрізді көптеген халықтар тарихтары жан-жақты зерттелуі керек. Ал мұндай шынайы зерттеулер енді ғана басталды. Оның үстіне осы іске мұрындық бола ма деген Түркия тарихшыларының біздің тарихымыздан хабарлары шамалы. Олар біздің құпия архивтерімізде жұмыс істеп көрген жоқ, сондықтан да көп деректерден хабарсыз. Керісінше, Түркия тарихын біз де жақсы біле бермейміз.

Ал енді Қазақстан тарихын қазақ халқының тарихы ретінде ұлттық көзбен жазып жүрген тарихшыларға келсек, бұлардың бағытын әріптестері көбіне этникалық және мәдени окшаулану, сондай-ақ ежелгі қазақ жерінің тоғыз жолдың

торабы болып, бұл жер евразиялық құрлықаралық мәдени және саяси байланыстар мекені болғанын, бір сөзбен айтқанда сыртқы факторларды ескермеу деп сынайды.

Шындық кімнің жағында? Бұған біз төреші болмай қоя туралық. Бірақ айтарымыз: қазақтың тарихын қазақтың өзі, ана тілінде және шынайы жазуы керек. Осы ғасырға дейін біздің тарихымызды басқалар жазып келгені құпия емес. Тіптен кеңестік дәуірде өз тарихымызды жаза бастаған қазақ зиялылары оны "ұлы орыс" халқының немесе Мәскеудің көзімен жазуға мәжбүр болды. Әлі күнге дейін көп томдық тарихымызды алғаш орысша жазып, соңынан қазақшаға аударып келе жатқанымызды кімнен жасыра аламыз?

Иә, бұл айтылғандар Қазақстан тарихындағы бүгінгі методологиялық тоқыраудың немесе дағдарыстың бір көрінісі.

Біздегі екінші дағдарыс, жоғарыда аталған тарихымызды белгілі бір жүйеге сүйеніп жазу төңірегінде орын алып отыр деуге негіз бар.

Қазақстанда көп жылдар бойы тарихнама және деректану ғылымдарының кенже қалуы, сондай-ақ, бұл салада мамандар дайындауға жеткілікті көңіл бөлмеу, ғылым докторы лауазымын бере алатын арнайы ғылыми кеңестің болмауы тарихымызды үздіксіз процесс ретінде теориялық тұрғыдан эволюциялық өркендеу сатыларына бөліп зерттеумен айналысатын, тарихшылардың тарихын жазатын мамандарға үлкен мұқтаждық туғызды. Ал бұл қазақстандық тарих ғылымына кері әсер етті. Ойымыз түсінікті болуы үшін мәселені нақты баяндалық.

Өздерінің тарихын хронологиялық жүйеге түсіріп үлгерген өркениетті елдерде тарихи өркендеу сатылары алғаш эраларға, одан соң дәуірлерге (эпоха), одан кейін кезеңдерге (период) және ең соңында сатыларға (топтарға) бөлінеді. Мұны, әрине, біздің де мойындап өз тарихымызды жазуда осындай жүйені басшылыққа алғанымыз жөн. Кейінгі толқын жас тарихшылар арасында осы мәселеге байланысты кандидаттық диссертациясын табысты қорғаған Кентбеков Салауат бұл тарихи хронологиялық жүйе түрлеріне мынадай талдау жасайды: "Эра - өзінің ішкі қоғамдық мазмұнының және тарихи оқиғалардың өздерінен бұрынғы уақыт

кесіндісінен өзгешелігін байқататын уақыт кесіндісі түсінігі... Эпоха — уақыт кесіндісінде тарихи процесс, тарихи жүйелердің ауысуы ретінде көрінетін ұғым, Кезең - белгілі бір тарихи жүйе ішіндегі жағдайдың ауысуын көрсететін тарихи процестегі уақыт кесіндісі, Этап — осы тарихи жағдай ішіндегі әр түрлі оқиғалардың тиянақтылығын бейнелейтін тарихи процестегі уақыт кесіндісі" (1).

Біздің ойымызша, тарихи процестің түрлеріне мұндай түсініктеме беру, жалпы алғанда қолдауға тұрады.

Алайда, біз қазір тарихымызды жазуда дәл осы мәселеге жете мән бермей отырған тәріздіміз. Дәлел ретінде соңғы жылдардағы ең беделді академиялық басылымымыз бес томдық Қазақстан тарихының алғашқы томына жүгінелік. Түпнұсқасы орыс тілінде жазылғандықтан, шатаспау үшін осы тілдегісін талдадық. Мұнда "Древнейший Казахстан", "Казахстан в сакско-сарматскую эпоху", "Государства раннего и позднего средневековья" деп аталатын үш үлкен бөлім бар. Бұл жерде эраға бөлу аңғарыла қоймайды. Ал енді дәуірге немесе эпохаға болуға келер болсақ "Древнейший Казахстан" деп аталатын бөлім осыларға бөлінген. Бірақ осы бөлімнің үшінші тарауы "Казахстан в древнюю эпоху" деп аталса, ол оның ішіндегі алғашқы параграф "Племена Казахстана в эпоху бронзы" деп, ал 7-ші параграф "Антропологическая характеристика населения бронзового века" деп аталады. Мұнда байқайтынымыз - "Древняя эпоханың" өзінің тағы да "бронзовая эпохаға" бөлінетіні, эпоханы эпохаға немесе қазақша айтқанда дәуірді дәуірге бөлуді көріп отырмыз. Оның үстіне бір түсінік біресе "бронзовая эпоха", біресе "бронзовый век" деп берілген. Кітаптағы "Казахстан в сакско-сарматскую эпоху" деп аталатын бөлім де өз ішінде осылайша "Эпоха раннего железа" деп аталатын тарауға бөлінген.

Жалпы "Қазақстан тарихының" 1-томының атында да осындай методологиялық шағасу орын алған. Оның аты "Казахстан от эпохи палеолита до позднего средневековья" деп қойылған. Осындағы палеолитті "эпоха" деп мойындасақ, ал "поздние средневековья" ұғымы "эпохаға" жата қоя ма? Кітаптағы үшінші тараудың алтыншы параграфы "Антропология средневекового периода" деп аталады, яғни

"поздние средневековья" тұрмақ, тұтас "средневековьяның" өзі де "период" яғни кезең ұғымында берілген. Олай болса біз әңгімелеп отырған бірінші том "эпохадан" басталып "периодпен" аяқталатын болып шығады. Оның үстіне аталмыш кітапта әрбір "эпохаға", "периодқа" ғылыми тұрғыдан кең мазмұнды теориялық және методологиялық түсініктемелер берілмеген. Бөлімнің немесе тараудың аты нәліктен осылай аталады? — деген сауалға салихалы ғылыми жауап жоқ.

Тарихымызды дұрыстап эраға, дәуірге, кезеңге және этапқа бөліп алмай, олардың әрқайсысының берік теориялық және методологиялық негіздерін жасамай тарихты жазу бізді ақиқаттан алыстата түсетінін ұмытпайық. Ал мұның өзі тарихнама деген ғылымды өркендете түсуді қажет етеді. Онсыз біз тарихымызды жүйелеп жазуға қол жеткізе алмаймыз.

Бұл жерде соңғы кездері едәуір талпыныс та байқалады. Солардың бірін жоғарыда аталған тарихшы Салауат Кентбековтің кеңестік кезеңге дейінгі тарихымызды жүйелеуге көзқарасын оқырманға ұсыналық:

Тарихшы кеңестік кезеңге дейінгі Қазақстан тарихын IV дәуірге (эпоха) бөледі. Мұнда алғашқы дәуір — 1,6 млн. — 5 мың жылдыққа дейін; екінші дәуір — ежелгі өндіруші шаруашылық дәуірі біздің эрамызға дейінгі 5 мыңыншы жылдан — VIII ғасырға дейін; келесі — көшпелі мал шаруашылығы немесе индустрияландырудан бұрынғы дәуір біздің эраға дейінгі VIII ғасырдан біздің эраның XVIII ғасырына дейін; соңғы төртінші — көшпелі мал шаруашылығының дағдарысы немесе индустрияландыру қарсаңындағы дәуір XVIII ғасыр басынан 1917 жылға дейін келеді. Тарихшы осы дәуірлерді кезеңдерге, ал кезеңдерді этаптарға бөліп олардың хронологиялық межелерін көрсетеді. Мысалға, соңғы үшінші және төртінші дәуірлерді алалық. Үшінші дәуір төрт кезеңге бөлінген. Алғашқы кезең "мемлекеттілікке дейінгі немесе сактар кезеңі" (б.з.д. VIII — III ғғ.), екінші кезең "Алғашқы көшпелілер империясы немесе хун-үйсін кезеңі" (б.з.д. III — VI ғғ.), үшінші "Екінші көшпелілер империясы немесе түрік-қыпшақ кезеңі" (VI—XII ғғ.), төртінші "Үшінші көшпелілер империясы немесе

қыпшақ-қазақ кезеңі" (XIII ғ. – XVIII ғ. басы). Ал енді бұл кезеңдерді этаптарға бөлуге келсек, ол екінші кезеңнен басталады. Екінші кезең мынандай этаптарға бөлінген: "Хундар империясының гүлденуі", "Хундар империясының күйреуі", "Саяси жүйенің тұрақтануы". Үшінші кезеңге этаптар - "Түрік империясының гүлденуі" (Түрік этапы); "Түрік империясының күйреуі" (Қимақ-қарлық этапы); "Саяси жүйенің тұрақтануы" (Қыпшақ-қарахан этапы).

Төртінші кезеңдегі этаптар - "Алтын Орданың құрылуы және гүлденуі" (Қыпшақ-ноғай этапы), "Алтын Орданың құлауы және Қазақ хандығының құрылуы" (Ноғай-қазақ этапы), "Саяси жүйенің тұрақтануы" (Қазақ этапы).

Ал енді төртінші дәуірге келелік. Мұнда үш кезеңді көреміз. Алғашқы кезең: "Қазақ хандығының дағдарысты кезеңі" (ұлттық тәуелсіздік үшін күрес кезеңі) (XVIII ғ. басы – 1821 жыл); екінші кезең: "Қазақстанды Ресейдің жаулау кезеңі" (қазақтардың этникалық дағдарысы және отарлаудың басталуы. (1822-1836 жж.); үшінші кезең: "Қазақстан Ресей империясы құрамында" (белсенді отарлау кезеңі. 1868-1891 жж.).

Ал енді осы кезеңдерді этаптарға бөлу мәселелеріне назар аударалық. Алғашқы кезеңде үш этап бар: "Қазақ хандығының құлауы". (XVIII ғ. алғашқы жартысы); "Қазақ хандығындағы уақытша тұрақтану"; "Қазақ мемлекеттілігінің құлауы".

Екінші кезеңдер этаптарға былай бөлінген: "Қазақстанды Ресейдің жаулап алуының басталуы"; "Кенесары Қасымов бастаған отаршылдыққа қарсы соғыс"; "Ресейдің Қазақстанды жаулап алуының аяқталуы".

Үшінші кезеңге келелік: мұнда мынадай этаптарды көреміз: "Отарлау тәртібінің қалыптасуы"; "Отарлық тәртіптің орнығуы"; "Қазақтардың ұлт-азаттық қозғалысының өрлеуі".

Көріп отырмыз, кеңестік кезеңге дейінгі тарихымызды жүйелеу аса күрделі мәселе. Біз осы мәселемен арнайы айналысып жүрген және осы тақырыптан кандидаттық диссертациясын сәтті қорғаған маманның көзқарасына талдау жасадық. Әрине мұнда дау тудыратын, тарихшылар келіспейтін жерлер де баршылық. Бұл туралы алда әркім өз

пікірін айта жатар. Біздің бір ғана тарихшы пікіріне тәптіштеп талдау жасауымыздың өзі де осындай сан-қилы көзқарастарға қозғау салу. Ал мұның өзі түптің-түбінде тарихымызды дұрыс жүйелеп алуға, онан соң екшеп жазуға алып барады.

Ал енді, кеңестік кезеңдегі Қазақстан тарихына келер болсақ, мұнда да жүйелеу мәселесінде талас тудыратын мәселелер баршылық.

Біздің ойымызша, 1917 жылдан бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан тарихын басты-басты үш дәуірге бөлген жөн. Олардың алғашқысы: "Қазақстан: жол таңдау" (1917 жылғы тамыз), екіншісі: "Қазақстан кеңестік әкімшіл-өміршіл империя құрамында" (1920 ж. тамыз – 1991 ж. желтоқсан), үшіншісі: "Қазақстан – тәуелсіз мемлекет" (1991 ж. желтоқсаннан бүгінгі күнге дейін), - деп аталғаны дұрыс. Ал енді бұл дәуірлерді кезеңдерге бөлуге келсек, алғашқы дәуір біздің ойымызша екі кезеңнен тұрады: 1. "Қазақстан ұлттық-демократиялық мемлекет құру үшін күрес кезеңінде" (1917 ж. ақпан – 1918 ж. басы); 2. "Қазақстан азаматтық қарсы тұру жағдайында" (1918 ж. көктемі – 1920 ж. тамыз). Алғашқы кезеңнен екі этапты бөліп айтуға болады: "Ұлттық-демократиялық автономия идеясының оянуы" (1917 ж. ақпан – 1917 ж. шілде); "Ұлттық-демократиялық дербестікке қол жеткізу және оны орнықтыру үшін күрес" (1917 ж. шілде – 1918 ж. басы). Ал енді екінші кезеңде біздіңше екі этапқа бөлінеді: 1. "Ұлттық-демократиялық дербестікті сақтап қалу әрекеті"; 2. "Кеңестік билікпен келісімге бару".

Екінші дәуірді кезеңдерге бөлуге келер болсақ, мынадай белестерді көрер едік: "Қазақстан алғашқы кеңестік реформалар кезеңінде" (1920-шы жылдан – 1925 жылдың соңына дейін); "Қазақстандағы "Кіші Қазан" (1926-1928 жж.); "Қазақстан сталиндік реформалар және тоталитарлық жүйенің орныға бастау дәуірінде" (1929-1941 жж.); "Қазақстандықтар фашистік Германияға қарсы күресте" (1941-1945 жж.); "Қазақстандағы сталинизм салтанаты" (1945-1953 жж.); "Хрущев реформаларынан туындаған Қазақстандағы өзгерістер" (1953-1964 жж.); "Қазақстандағы тоталитарлық жүйенің "кемелденуі" және "тоқырауы" (1985-1991 жж.).

Бұл кезеңдердің әрқайсысының белгілі бір этаптарға бөлінері хақ. Бірақ бұл мәселелер арнайы зерттеуді қажет ететіндіктен оларға терендеп бара қоймадық.

Ал енді "Қазақстан – тәуелсіз мемлекет" деп аталатын үшінші дәуірді кезеңдерге бөлуге келсек, "ТМД және Қазақстан" (1991-1993 жж.); "Тәуелсіздікті орнықтыру қадамдары" (1993-1995 жж.); "Қазақстан – дүниежүзлік қауымдастық мойындаған егеменді ел" (1995-2004 жж.) деп аталатын тарихи белестерді көреміз. Бұл кезеңдердің ішінде де бірнеше этаптар баршылық екені сөзсіз.

Сонымен қорытып айтар болсақ, тарихымызды жүйеге түсіруге байланысты біздерді толғандырар, "бас қатырар" мәселелер аз емес. Оларды, әрине көп болып кеңескеніміз жөн. "Мың рет өлшеп, бір-ақ кес!" - демекші, егер тарихымызды жүйелеп алуды жолға қойсақ, оқу орындарына оқулықтар жазу да, олардағы оқу бағдарламалары да біраз тәртіпке келер еді.

Осы жерде тағы бір айтар ойымыз, жалпы тарихи еңбектер тек тарих ғылымы үшін немесе оның төңірегінде жүрген мамандар үшін жазылмауы керек. Олар ең алдымен халқымызға және ең бастысы оқу орындарындағы жастарымызға бағышталып жазылуы керек, яғни бізге халық сұранысына жауап беретін тарих қажет. Ал мұндай талап деңгейіне көтерілу үшін біз тарихымызды дұрыс жүйеге түсіріп жазуымыз керек.

1.2. Тарих таптардың емес, адамдардың қызметі

Десек те мынандай екі маңызды мәселені назардан шығармағанымыз жөн тәрізді: біріншіден, ұлт болуға ұмтылған, халық болып қалыптасуды көздеген, тәуелсіз тұтас мемлекеттігін құруды және сақтап қалуды мақсат еткен этностар әміршілері өздерінің сарайларында "сарай тарихшыларын" ұстаған, оларға материалдық және рухани жағынан толық қолдау жасап, алаңсыз тарих жазуға үлкен мүмкіндік туғызған.

Мысалы, өзіміз отар болған Ресей тарихына көз жүгіртелік. Кезінде Иван Грозный атанған Иван IV орыс мемлекетін бір орталыққа, Мәскеу төңірегіне біріктіру

бастауында тұрғанын жақсы білеміз. Оның өзі тарихи жылнамалар жазуға баса көңіл бөліп, өзіне жақын адамдардың ішінен Алексей Адашев дегенді осы жұмысқа жеккен. Кейінгі орыс жылнамалары Иван IV мемлекет басқарған жылдарын көркемдеп, кеңінен сипаттайтын ауқымды қолжазба - "Царственная книганы" редакциялауға, түзетіп, толықтыруға Иван IV өзі атсалысқан дегенді айтады. "Царственная книганың" алғашқы нұсқасында мұндай күрделі түзетулердің бар екенін тарих шынында да растайды (2). Бірақ Иван Грозныйдың өзінің қолтаңбасы орыс тарихшыларында жоқ болғандықтан жоғарыдағы редакциялауды ол жасаған ба, жоқ әлде көп дьяктардың бірі жасаған ба, соны анықтау қиын. Алайда, анығы Иван IV-тің өз патшалығы тарихын жазуға қатысқаны болып отыр. Курбскийге жолдаған хатында Иван Грозныйдың көптеген тарихи фактілерді пайдалануы, орыс және грек деректеріне жүгінуі осының куәсі бола алады (3).

Атақты ақсақ Темірдің де жазба тарихқа зор көңіл бөлгені белгілі. Тарихымызға белгілі екі маңызды шығарма: "Тимурдың Индияға жорығының күнделігі" және "Жеңістер кітабы" ("Зафарнамэ") сол кезеңнің тарихын бізге жеткізген құнды еңбектер. Бұлардың алғашқысын Тимурдың нұсқауымен Батыс Ираннан шыққан Гиясуддин Әли "қарапайым және түсінікті тілмен" жазған болса, ал екіншісін Тевризде туған Низамаддин Шәми әміршінің бұйрығымен оның 1404 жылдың соңына дейінгі жорықтарын қамтып жазып шыққан.

Орыс патшаларының Татищевке, Соловьевке, Карамзинге және т.б. зерттеушілерге жасаған қамқорлығы бүгінгі орыс тарихының бақыты болып отырғаны құпия емес.

Тарихтың болашақ үшін үлкен маңызын жақсы түсінген кейбір бабаларымыз өздері өмірші, ұлық бола тұра қылыш пен қаламды қатар ұстап, қаһарлы жорықтардың қанды іздерін ақ қағаз бетіне түсіре білген. Олардың қатарында Жетісуда, Қашғарияда билік құрған дулат тайпасынан шыққан Мұхаммед Хайдар Дулати, Ұлы моғолдар империясын негіздеген Захириддин Бабыр, Хиуа ханы Әбілғазы тәрізді тұлғалар бар.

Егерде ел басқарып атқа мінген және таққа отырған кісілердің бәрі өзінің тарихына, елінің немесе өзі басқарған мемлекетінің тарихына зор мән беріп, оларды болашаққа жазып қалдырса бүгінгі жазба тарихымыздың жүгі әлдеқайда жеңілдеп, жолы жазық бола түсер еді. Бірақ өкінішке орай әміршілеріміз, әсіресе, өзіміздің туған топырағымызда сарайлар мен ордаларда тарих жазатын жылнамашылар ұстауға көңіл бөле қоймады. Сондықтан да біздің тарихымыздың әсіресе көшпелілікпен байланысты тұстары түпнұсқа деректерден құралақан қалып, ауызша тарих айту дәстүріне және қазақ жеріне келіп-кеткен саяхатшылардың, тілмаштардың және отарлау мекемелері қызметкерлерінің үздік-үздік жазбаларына амалсыз жүгінетін болып алды.

Бүгін егеменді ел болып отырғанда деректердің сансалалы көздерін кеңінен жұмылдырмай, еліміздің шын тарихын жасай алмасымыз анық. Олай болса Ел Президентінің тарихқа баса назар аударуын тарих тәжірибесі қуаттаған, мемлекетіміздің саяси және рухани негіздерін нығайтатын қадам деп қарастырғанымыз жөн. Бұл маңызды мәселенің бір қыры.

Мәселенің екінші жағы тоталитарлық жүйе қыспағынан шыққан бүгінгі тарих ғылымының методологиялық дағдарысқа ұшырауына қатысты. Кезінде "жоғарыдан" берілген идеологиялық нұсқаумен жазылып келген, типтік және партиялық принциптерді басшылыққа алған тарихымыз шын мәнінде халықтың тарихы болудан гөрі партияның тарихы болуға күш салды, ал бұл тарихымызды "сарай тарихына" айналдыратын жол еді. Оның үстіне біздің тарихымыз маркстік-лениндік бес қоғамдық-экономикалық формация іліміне табан тіреп арқа сүйеген тарихқа айналды.

Ал енді бүгінгі егеменді Қазақстан таптық қоғам теориясынан бас тартып, негізгі мәселе таптар арасындағы қатынас емес, ұлттар арасындағы өзара келісімге тіреліп отырғанда және қоғамда пролетарлық интернационализм рухы емес, қазақстандық патриотизм идеясы, негізгі мақсатқа айналып келе жатқанда, оның үстіне республикаға аты берілген қазақ халқы ұлттық жаңару, топтасу процесін бастан кешіп, ұлттық мемлекетіне қол созған тұста бз өз тарихымызды жазудың жаңа методологиялық принциптерін

табуымыз керек. Өкінішке орай тарихнаманың осынау күрделі мәселесімен бас қатырып жүрген зерттеушілеріміз де шамалы, саусақпен санарлықтай.

Ғалымдар арасында тарихты жазуда әлі де екі түрлі бағыт қатарласып келеді. Алғашқы бағыт жоғарыда айттық, формациялық бағыт, яғни әлі де бес қоғамдық-экономикалық формациялардан толық бас тартпау бағыты. Екінші, жаңа бағыт өркениеттілік (ғылым тілімен айтқанда, цивилизациялық) көзқарасты ұстану.

Алғашқы бағыт кеңес дәуірінде мектепте "КСРО тарихын" оқып-оскен бүгінгі ұрпаққа етене таныс, оны бүтешүгесін әңгімелеп түсіндіріп жату сондықтан да артық болар. Бірақ бір нәрсе анық - тіптен сонау кеңес заманындағы тарихшылардың өздері де бес қоғамдық-экономикалық формацияны талдап, Қазақстан Ұлы Қазан революциясының арқасында кешелер мен нағандар және жартылай жабайылар қоғамы "феодализмнен келесі капитализмге соқпай бірден социализмге өтіп кетті", - деп қорытындылар жасағаны құпия емес. Яғни сол кездің өзінде-ақ, біздер шын мәнінде формациялық сипаттамалардың Қазақстан ерекшелігіне сәйкес келе бермейтінін мойындаған едік. Бірақ мұндай пікір марксистік-лениндік қағиданың іргетасын шайқалтатын болғандықтан, оны ашық айту мүмкін болмады.

Ал бүгінгі тарихымызда өмірге келген соңғы жылдардағы тарихшылар ізденістері Маркс пен Ленин "тігіп" берген "көйлектің" Қазақстанға тіптен де үйлесе қоймайтынын айқындай түсуде.

Олай болса біз өзіміздің тарихымызды жазу ісінде қоғам дамуына өркениетті (цивилизациялық) көзқарасты басшылыққа алғанымыз жөн тәрізді. Жалпы, өркениетті көзқарас марксизмнен әлдеқайда бұрын өмірге келгені белгілі. Басқасын былай қойғанда кезінде құрамына Қазақстан кірген Ресейдің өзінде де осылай болды.

Орыстың XVIII ғасырдың екінші жартысындағы үлкен ағартушыларының бірі С.Е.Десницкий бүкіл адамзат тарихын мынадай төрт кезеңге бөлді: жабайылық ("состояние народов, живущих ловлею зверей и питающихся плодами саморождающимися на земле"); бақташылық ("состояние народов, живущих скотоводством или пастушеское");

диханшылық ("состояние хлебопашественное"); сауда-саттық (состояние "коммерческое") (4).

Бүгінгі сауда-саттық, яғни нарық кезеңін ең жоғарғы саты ретінде қарастырып отырған Қазақстан қоғамының бүгінгі және өткені шынында да С.Е.Десницкийдің тарихи даму сатыларымен үндесіп жатыр.

Осы көзқарастарға назар аударар болсақ, айтылмай жүрген тағы да екі мәселе бар. Оның алғашқысы – С.Е.Десницкий жоғарыдағы өркениеттің аталған төрт сатысына меншіктің ерекше белгілі бір түрлерінің, ал енді осы меншік түрлеріне неке қатынастарының белгілі бір түрлерінің сәйкес келетінін айтады.

Оның ойынша, алғашқы – жабайылық кезеңде меншіктің өзі де, тұрақты отбасылық неке де болмайды; ал келесі бақташылық кезеңде меншік тек меншіктену құқы түрінде ғана болады және көп әйел алу өрістейді. Ал диқаншылық кезеңде, халықтың отырықшылыққа қошуіне сәйкес жерге жеке меншікке орын беріледі. Сондай-ақ, соңғы даму сатысында, яғни сауда-саттықта меншік иесі голық қалыптасады, бірақ отбасында азғындау байқалады. С.Е.Десницкийдің өз сөзімен айтар болсақ: "В сем состоянии пор причина достатка, изобилия и роскоши великое рождается совершение и развращенность народов, почему и супружество при таком случае с совершенством своим нередко иногда и на развратное мужа и жены житие походит примечается" (5).

Иә, С.Е.Десницкий бүгінгі өмірдің ашы шындығын сонау XVIII ғасырда-ақ болжап отырғандай.

Бірақ, К.Маркстің жолы бізді тарихи шындықтан тайдырды. Кезінде адамзат дамуын өркениетті көзқараспен қарастыру мәселесі оның өзінің де назарында болып, өндірістің антикалық, азиаттық және буржуазиялық әдістерін қоғамның эволюциялық даму жолдары ретінде қарастырғаны белгілі. Бірақ, тарихи материализм ілімін негіздеу К.Марксті және оның ізбасарларын тарихи дамудың объективті жолынан тайдырып жіберді. Осылайша, Қазақстан тәртібі өзіндік өркениетті даму жолы бар ел үшін маркстік-лениндік көзқарас субъективті, тар өрісті көзқарасқа айналды.

Тарихи тамырларға көз жүгіртсек, С.Е.Десницкий тәрізді ғұламалар ұсынған тарихи дамуға өркениетті көзқарастың К.Маркске барар жолында аралық идеялардың орын алғанын және осы соңғылардың эволюционистік теорияларының мұндайда өтпелі көпірдің рөлін атқарғанын аңғарар едік. Мұндайда маркшілдердің өзі терең зерттеген американдық ғалым Л.Г.Морганың көзқарасы еріксіз еске түседі. Ол өзінің "Древнее общество" деп аталатын еңбегінде адамзат дамуын: жабайылық кезеңі, варварлық кезең, сондай-ақ өркениет кезеңі деп үшке бөлген еді. Бұл, әрине, тым жалпылама.

Дегенмен мұнда қоғамды жау тапқа бөліп тастайтын марксизм-ленинизм өзiрге жоқ.

Сонымен тарихымызды жазуда таптық және бес формациялық принциптерден бас тарттық және өркениеттілік көзқарасты қабылдадық делік. Сонда жаңа көзқарас қандай методологиялық негізгі принципті басшылыққа алуы керек. Осы жерде өзімізге қарағанда зерттеу жұмысының теориялық деңгейі едәуір жоғары тұрған ресейлік әріптестерімізді тағы да бір рет тыңдағанымыз артық болмайтын тәрізді. Олар тарихты жаңаша жазуда "Тарих — адам қызметі" деген методологиялық принципті басшылыққа алуды ұсынады (6). Бұл қағиданың бұрынғы маркстік "Тарих — таптар күресі" деген принциптен әлдеқайда ауқымды екені күдік тудырмайды.

"Тарих — адам қызметі" принципі сонымен қатар саяси, географиялық, ұлттық этностық, жалпыадамзаттық көзқарастың бәрін аясына сиғызып жіберетін түсінік. Бұл принцип бізді маркстік-лениндік "аурулардан" айықтыруы мүмкін. Бірақ тарих ұлттық санамызды көтеруге, ұлттық мемлекетімізді нығайтуға тірек болады деп үміттеніп жатқанымызда бұл қағида тікелей қызмет ете алады ма? Осыны да ойласқанымыз жөн. Қалай десекте бүгінгі Қазақстанда қалыптасқан көпұлтты ахуал бұл қағиданы нақтырақ етіп "Қазақстан тарихы — қазақ халқының тарихы" деп ықшамдап алуға мүмкіндік бере қоймайды. Сондықтанда Елбасымыз "ұлттық тарих жылы" деген ұғымның алдына "халық бірлігі" деген түсінікті қоса берген еді. Ия, республика тарихын шынайы жазу дегеніміз республикадағы өзімізден басқа этностар тарихын да жазу болып шығары түсінікті. Олар қазақ жеріне қалай келіп қоныстанды? - деген мәселе

өркез назарымызда болуы керек. Сонда ғана "Қазақстан тарихын" республикада тұратын барлық халықтар мойындап, өздеріне ортақ отандық тарих ретінде қабылдайтын болады. Осыны ұмытпағанымыз жөн.

1.3. Ұлттық тарихи зердеге жаңа көзқарас қажет

Адамзаттың тарихи зердесінің ғасырлар белесінен асқанда әр түрлі - әлеуметтік, саяси және тұрмыстық өзгерістерге ұшырайтыны, кейбір маңызды мәселелердің ұмыт қалып, бұрмаланған аңыздарға айналатыны, жаңа тарихи ұғымдардың ескі түсініктер мен шынайы зердені колегейлеп, тарихи шындыққа көлеңкелер түсіретіні бесенеден белгілі. Тарихи зердеміздің бұрмаланбаған алғашқы нұсқасының ұрпақтан ұрпаққа қаз-қалпында жетуі – бүгінде айтуға ғана оңай, аса күрделі нәрсе. Тарихты шынайы жазайық! – деп ұран көтерумен ғана ақиқатқа жете алмайсыз. Археологиялық, жазба деректерге, ауызша тарих айту дәстүріне, ежелгі тарихшылар, саяхатшылар және тағы басқалар жазбаларына сүйену де мәселені толық шешіп бере қоймас. Деректердің өзі аз, бұрмаланғандары қаншама?! Ал тарихи зерде тезіне салып, өзара салыстыра қарастыратын мәселелер тіптен көп. Енді осылар төңірегінде ойланып көрсек.

Отанымыздың тарихын жазған зерттеушілер оның көне дәуірін "Ежелгі Қазақстан" деген тарау түрінде беріп жүр. Кезінде "Алғашқы қауымдық құрылыс" және "Ежелгі феодалдық мемлекеттер" деген аттармен кеңестік тарихнамада белгілі болған кезеңдер бұл.

Жаңа көзқарастағы тарихшылар қазір айналымға "Ежелгі Түркістан" немесе "Ежелгі Тұран жері" деген түсініктерді де енгізді. Осылардың қайсысын қабылдаған жөн дегенге келсек, біздіңше, тарихи шындыққа жақыны "Ежелгі Түркістан" ұғымы. Себебі ежелгі даламыздың Қазақстан немесе Тұран аталмағаны белгілі. Рас, көне иран жырында және өйгілі Фердаусидің "Шаһнамасында" біздің өлке Тұран елі делінеді, алайда көне дәуір саяхатшылары мұнда көшпелі түріктердің мекендейтінін өздерінің еңбектерінде талай жазған да болатын. Сондықтан да, географиялық атаудан гөрі

этникалық ұғымды басшылыққа алып қазақ жерінің ежелгі тарихын "Ежелгі Түркістан" тарихы ретінде бергеніміз көкейге қонымды және тарихи санаға үйлесімді.

Тағы бір ойланатын мәселе – осы ежелгі Түркістанда сақтардың, хунндардың, үйсіндердің және қаңлылардың үстемдік жасаған кезеңі. Бұлар біздің бұрынғы ата-бабаларымыз. Бұл даусыз нәрсе. Өкінішке орай, өзіміздің өлкемізде археологиялық және заттық ескерткіштерден басқа олар туралы деректер шамалы. Сүйенетіндеріміз – Геродоттың, Страбонның, Ксенофонттың, Птоломейдің шығармалары, көне парсы және қытай жазбалары. Бұларды пайдаланғанда да шетелдіктердің кейбір түсініктер мен тарихи атауларды бұрмалап айтқандарына назар аудармай болмайды. Егер қаңлы және үйсін ұғымы күні бүгінге дейін кең көлемде сақталып қалған болса, ал сақ және хунн атаулары көне тарихтың куәлері тәрізді, тек өткенімізді еске түсіреді.

Мұнан сақтар мен хунндар тарихтың белгілі бір кезеңінде ғана ежелгі даламызды мекендеп, кейіннен басқа өлкелерге көшіп кеткен деген біржақты қорытынды туындамауы керек. Әсіресе, хунндардың Еуропаға жорығы туралы айтқанда, олардың ата-мекенге қайтып оралғанын ұмытпауымыз керек. Рас, басқа елдермен тығыз араласу бұл тайпалар одақтарының "атына да затына да" сапалық өзгерістер енгізді. Басқа елдерге ұзақ жорықтан қайтып оралған сақтардың және хунндардың құрамындағы рулардың кейінгі жазбаша деректерде басқаша атала бастағаны сөзсіз. Бірақ бүгінгі тарихымыз түсінікті себептермен бұған да жауап бере алмай отыр.

Қалай десек те, біз әңгімелеп отырған тайпалардың біртіндеп алғаш Түрік онан соң Батыс Түрік қағанаты тәрізді үлкен мемлекеттер құрамына кіргені күдік туғыза қоймайтын секілді. "Он оқ бодун", дулу және нушиби тәрізді жаңа тайпалық бірлестіктерді жоғарыда аталған тайпалық одақтардың мұрагерлері ретінде қарастырған жөн.

Түрік дегеннен шығады тарихымызда әлі де басы ашылмаған этнонимдер баршылық. Мысалы, "түрік", "қазақ", "ноғай", "өзбек" ұғымдары немесе қазақ даласын мекендеген ежелгі тайпалар атаулары ғалымдар арасында әр түрлі пікірлер туғызып келе жатқаны белгілі. Мұндайда шындыққа

жеткізеді-ақ деп дәме стетін бірен-саран жазба деректердің өздерінің біріне-бірі қайшы келіп жататыны және бар. Осындай тартысты мәселелер төңірегінде батыл диссертациялық зерттеулер жүргізіп, солардың негізінде нақты бір шешімге тоқталатын уақыт жеткен тәрізді.

Жалпы қазақ халқының қалыптасу процесінің өзі де аса күрделі, біраз жұмбақтарды ішіне бүгіп жатқан үлкен және қат-қабат қалың тарих. Мұның өзі әр түрлі этносаяси және этнотерриториялық белестерден тұрады. Осылардың ішінде жоғарыда айтылған түрік тайпалары мен тайпалық одақтардың және Түргеш, Қарлұқ, Қарахан қағанаттарының ежелгі қазақ жеріндегі мемлекеттік құрылыстың қалыптасуындағы рөлі, қимақтардың, қыпшақтардың, оғыздардың мемлекеттік бірлестіктерінің осы дәстүрді алға апарудағы орны бүгінгі жазба тарихымызда әлі де толық ашылған жоқ. Біз әлі де осы мемлекеттік құрылымдарды жеке-жеке немесе жалпылама сипаттап жазумен ғана шектеліп жүрміз. Бұлар өздерінен бұрынғылармен және кейінгілермен қандай этносаяси байланыста болды, тұтас этнотерриториядағы эволюцияның бір сатысы ма, жоқ әлде тарихи процесегі кері кету ме? Бұларға тарих ғылымы әлі де көңілге қонымды жауап бере алған жоқ.

Тарихи зердеміз, қытай жазбалары Рашид-ад-Диннің "Жылнамалар жинағы" наймандар, керейлер және жалайырлар туралы деректерді ғасырлар қатпарынан бүгінгі күнге жеткізді. Болашақ қазақ мемлекеттігінің қалыптасуына бұлардың ықпалы болды ма? Міне бұл да дәлелдей түсуді қажет етеді. Аталған тайпалардың қазақ халқын құраудағы зор маңызы дәлелденген. Оған бүгінде ешкім де күдіктене қоймас, ал енді олардың болашақ Қазақ хандығына саяси негіз қалаудағы, мемлекеттік жүйенің бастау көздері ретіндегі тарихи орны тарихымызда өзінің ғылыми бағасын әлі де ала қойған жоқ.

Қазақ халқының қалыптасу процесінде екі мәселені жеріне жеткізе зерттеу бүгінде аса қажет екені құпия емес. Оның алғашқысы - қазақ жүздерінің пайда болу және қоғамдық өмірде орнығу тарихы десек, екіншісі Қазақ хандығының әсіресе XVI ғасырдан кейінгі жазба деректерде аз жазылған бұралаң тарихы.

Қазақ жүздері туралы жалпы алғанда аз жазылған жоқ. Соған қарамастан тарихшылар арасында осы мәселеге байланысты ортақ пікір әлі де қалыптаспай отыр. Жүздердің пайда болу кезеңдері де әр түрлі пікір туғызуда. Жүзге бөліну монғол жаулауына дейін X-XII ғасырларда пайда болды, бұл процесс Алтын Орданың ыдырау кезеңінде орын алды деген пікірлер тарихымыздан белгілі. Бұл процесті жоңғар шапқыншылығы кезеңіне жатқызып жүргендер де бар (7).

Ал енді жүздердің шығу себептеріне келгенде тарихшылар пікірлері негізінен екіге жарылады. Олардың арасында Ш.Ш.Уәлихановтан, В.В.Бартольдтан бастап кейінгі қазақ этнографы М.С.Мұқановқа дейін біраз тарихшылар қоршаған табиғи ортаның ықпалымен көшпелі шаруашылықты жүргізудегі ерекшеліктерді, көшіп-қоныстану аудандарындағы оқшаулануды, яғни географиялық және экономикалық себептерді жүздердің пайда болуының басты негізі ретінде атап көрсетеді (8).

Бұл көзқарасты едәуір алға жылжытқан тарихшы М.Вяткин жүздердің қалыптасуында географиялық фактормен қатар саяси процестердің де үлкен рөл атқарғанын айта келіп, саяси одақтар ретінде жекелеген Ордалардың құрылуының XVI ғасыр соңына қарай қазақ даласын жүздерге бөлшектеуге алып келгенін атап көрсеткен еді.

Кімдікі дұрыс? — дегенге жауап берерден бұрын ортағасырлық іргелі ғылыми деректерге, атап айтқанда Захир-ад Дин Бабурдың "Бабур-наме" және Мұхаммед Хайдар Дулатидің "Тарих-и Рашиди", Өтеміс қажының "Шыңғыс-наме" тәрізді бағалы туындыларына назар аударған жөн.

Қазақстан тарихын зерттеушілер қазақ жүздері туралы алғашқы мәліметті 1616 жылғы деректен кездестірді (9).

Осы кезеңді мұқият зерттеп жүрген тарихшылар Орда - Жүз — Орда-Жүз деген ұғымдар арасында өзара байланыс және сабақтастық болуы мүмкіндігін теріске шығармайды. Монғол билігі кезінде кең таралған "Орда" ұғымы біртіндеп "Жүз-Орда" атауына, онан соң "Жүз" түсінігіне алып келуі мүмкін екенін әзірге ешкім жоққа шығара қойған жоқ.

Осы мәселеге байланысты "Чингиз-намеді" жазылған аңыз ерекше назар аудартады. Онда Жошы қайтыс болғаннан кейін оның ұлысын балалары арасында Шыңғысханның

қалай бөлгені айтылады. Осылайша бұрынғы Жошы ұлысында бірнеше жаңа ұлыстар пайда болып, олар Ақ (Алтын), Көк және Боз Орда деп атала бастады (10). Мұнан аңғаратынымыз, саяси-территориялық құрылым ретінде Ордалар ортағасырлық Қазақстан территориясында Шыңғысхан ұрпақтары тұсында-ақ құрыла бастаған. Мұны басқа деректер де растайды.

Қазақ хандығы тұсында Орда ұғымын біртіндеп Жүз-Орда, онан соң Кіші Орда және Үлкен Орда түсініктері және қазақ жүздері атауы ығыстырған тәрізді.

Қазақтардың аймақ-аймаққа бөлініп оқшауланып көшулері этно-территориялық сипатта болғанымен жүздерге бөлініп кетуді саяси тұрғыдан қамтамасыз ете алған жоқ деп ойлаймыз. Шыңғыс тұқымдарының қазақ жерінде, дәлірек айтсақ, бұрынғы Жошы ұлысында саяси-территориялық құрылымдар – Ордаларды ұйымдастыруы Қасым ханның кезінде көлемді жерді біріктірген біртұтас Қазақ хандығының кейінгі хандар тұсында алғаш Жүз-Ордаларға, онан соң жеке хандар билеген жүздерге бөлшектенуіне саяси ықпал жасады. Яғни жүздер төменнен емес, жоғарыдан шыңғысшыл-төрелердің белгілі бір аймақта әкімшілік билікті орнықтыру таққа таласу күрестері нәтижесінде өмірге келді. Мұның салдарлары ауыр болды: біртұтас қазақ аталатын халық және этнос ешбір негізсіз, жасанды түрде үшке бөлінді.

Нақты тарихи дерекке жүгінер болсақ, жоғарыда аталған ұлы тарихшы М.Х.Дулати XVI ғасырдың 40-шы жылдары жазған "Тарих-и Рашиди" бойынша Керейдің, Бұрындықтың, Қасымның, Тахирдің, Бойдастың билігі кезінде Қазақ хандығы жүзге бөліну дегенді білмеген. Бәлкім жаңа этникалық мемлекет – Қазақ хандығының қалыптасуы жағдайында көптеген сұлтандар мен билер алғашқы қазақ хандарын басты саяси тұлға ретінде қабылдап, оларға бағынған. Алайда, Қасым ханның тұсында Қазақ хандығының саяси жағынан да, географиялық ауқымда да өрістеуі, қуатты хандықты жаңа проблемамен – бір орталықтан басқару қиыншылығымен жолықтырды. Тахир ханның кезінде-ақ қазақтардың негізгі бұқарасы әр түрлі Шыңғыс тұқымдары – сұлтандардың жетекшілігімен орталықтал, бір ханның басқаруынан қаша бастады. Ал Бойдас ханның кезінде қазақ халқын қатарласа үш хан басқарды: 1)

Бойдастың өзі Жетісуды билесе, 2) Ахмет Сырдарияның төменгі ағысында, 3) Тоғым Сырдарияның орта ағысында хандық құрды.

Егер В.В.Бартольдтың зерттеуіне назар аударсақ, бұл аудандардың қазақтардың кошпелі шаруашылықтарды жүргізу аймақтарының ерекшеліктеріне сәйкес келетінін байқаймыз (11).

Бөлшектене бастаған қазақ руларын біріктірумен белсенді түрде келесі хан – Хақназар (1538-1580 жж.) айналысты. Оның кезінде Қазақ хандығы құрамына Сібір және Қазақ хандықтары қарауындағы жерлердің бір бөлігі кіріп, қазақ билігін мойындады. Ноғайлардың үлкен тобы, Жетісудың үлкен бөлігі оған қарады. Біздіңше, қазақтардың жүзге бөлінуі де осы кезеңде орын алған болса керек.

Зерттеуші М.Тынышбаев халық аңыздары бойынша қазақтардың үш жүзге (Ордаға) бөлінуі Хақназар ханның тұсында орын алғанын атап көрсетеді (12). М.Тынышбаевтың өзі "бұл аңызды орнықтыратындай жазба мәліметтер жоқ" дей тұрса да, кейбір зерттеушілер, нақты айтсақ, А.П.Чулошников Хақназардың тұсында қазақ жүздерінің құрылғаны туралы аңызда шындық бар деп ойлайды.

Бұл мәселе тарихшылардың әлі де зерттей түсуін қажет ететіндігіне қарамастан халық аңызы негізінде қазақтардың жүзге бөлінуі жоғарыдан, Шыңғыс тұқымдарының тікелей әрекетімен жүзге асырылған деуге негіз бар. Тәускел ханнан әйгілі Тәуке ханға дейінгі тарихи уақыт кезеңінде жүздерді негізінен сұлтандар мен билер басқарған болса, Тәуке қайтыс болғаннан кейін жүздерді хандар билей бастады.

Мұның өзі қазақ мемлекеттігін әлсіретуге алып келді. Біртұтас хандық басқару шын мәнінде ыдырады. Жергілікті сұлтандар және билер неғұрлым көбірек саяси билікке және аймақтарға қол жеткізу үшін жікшілдік әрекеттерін жалғастыра берді.

Мұндай бағытты жүздер басшыларын өзара қарсы қойып, оларды кезең-кезеңмен империя құрамына біріктіруді көздеген Ресейдің отаршыл билігі тиімді пайдалана білді.

Қысқасы, тарихи зердеміз қазақ халқының жүзге бөлінуі туралы мәселені таразылағанда бұл процестен халқымыздың тапқанынан гөрі жоғалтқаны әлдеқайда басым скендігін мойындауға тура келер. Тұтас халықты саяси-әкімшілік

тұрғыдан жүздерге бөлшектеуге жол ашқан мұндай процесті бүгінде марапаттау тәуелсіз мемлекетімізді нығайтуға әрине, қызмет ете алмайды. Сондықтан да бүгінгі тарихи білім қазақты жүзшіл болудан сақтандыруға тікелей жұмылуы тиіс.

Екінші бір ірі мәселе — жоғарыда атап көрсеткеніміздей, Қазақ хандығының мәселелерін тарихи талдаудың күрделілігі. Мұнда да әлі басы толық ашылмаған ірілі-ұсақты әр түрлі көзқарастар баршылық. Қазақ хандығы құрылған кезеңді қазақ халқының құрылуы ретінде қарастырып жүргендер бар. Мұндайда халықтың қалыптасуының тарихи тамырларының сандаған ғасырлар тереңінде жатқанын естен шығарып аламыз.

Қазақ хандығының құрылған жылын көрсетуде де әр түрлі алып қашпа пікірлер көп.

Мұхаммед Хайдар Дулати тәрізді өтірік айтуды білмейтін, аллаға ғана бағынып, тарихи шындықтан еш ауытқылмауға тырысқан ұлы тарихшымыздың осы мәселеге байланысты пікіріне тоқтамай, оның өзін де сан-саққа жүгіртіп жүрген зерттеушілер бізде баршылық. М.Х.Дулатидың пікірін алып-қашты аңыздармен немесе негізінен оның өзін қайталайтын Махмуд ибн Уәли тәрізді тарихшымен салыстыру арқылы ғана шындыққа жетуге болады деп ойлау сөз жоқ біржақтылыққа ұрындырады.

Бүгінгі тарихи зердеміз хандарымыз бен батырларымыз және билеріміз бейнесін жаңғырту үшін күресуде. Мұны әрине, толық құптаған жөн. Алайда дәл осындайда тарихи біліміміздің төмендігі тағы да көрініс беріп қалады. Осының нақты мысалы Алматыда ардақтыларымызға көшелер аттарын беру. Абылай ханға және оның батырлары Қабанбайға, Бөгенбайға көшелер бердік. Дау жоқ, бәрі дұрыс. Бірақ, "Қазақ" деген есімді ту етіп көтеріп, алғашқы Қазақ хандығын құрған Жәнібек пен Керейді неге ұмыттық? Есімдерін жеке-жеке іліп қоймасақ та екеуіне қосып бір көше беру қиын ба? Олар екеуі бірігіп алғашқы Қазақ хандығын құрғандықтан "Жәнібек пен Керей көшесі" деп есеуінің атымен бір көшені атауға әбден болады ғой.

Қазіргі Қазақстан жерін қамтитын Қазақ хандығын қалыптастыруда Мұрындықтың (деректерде Бұрындық) өсіресе әйгілі Қасымның ролі аса үлкен екендігін тарихшылар

ғана білетін тәрізді. "Еңсегей бойлы ер Есім", Әз-Тәуке тәрізді қайраткерлер болмаса қазақтың басы қосылар ма еді?!

Сонымен қатар Қазақ хандығын басқарған хандарымыз тек мемлекет қайраткері болып қоймай, жауға әскер бастап шыққан қолбасылар екенін де ескере бермейміз. Яғни хандарымыз мемлекет басшысы ғана емес, сонымен қатар батырлар да. Оның үстіне әрбір хан өзінің төңірегіне халық арасынан шыққан батырларды да топтастыра білді емес пе. Олай болса батырларымыздан бұрын хандарымызға құрмет көрсеткеніміз жөн болар.

Өкінішке қарай, соңғы жылдары жоғарыда аталғандай жалпы ұлттық, жалпы қазақтық ірі тарихи тұлғаларды мақтан етуден гөрі жергілікті рулық батырларды дәріптеу белен алып барады. Мұның болашақта қазақ арасында рулық және жүздік негізде жіктелу бағытын жандандыруы ғажап емес. Сондықтан да ұлтты ұйымдастыратын, ұлттық сананы оятатын және отансүйгіштікті өршітетін Кенесары тәрізді ортақ та ірі тұлғаларды көтермелеуіміз аса қажет. Кейінгі тарихымызда да мұндай тұлғалар баршылық. Алашорданы құрған Әлихан Бөкейханов, Түркістан автономиясын басқарған Мұстафа Шоқай, Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы президенті Нұрсұлтан Назарбаев – міне, осындай, кейінгі ұрпақ үлгі етер қайраткерлер.

Тарихи зердеміз осыны әркез есте ұстауы керек. Ұлт болып қалу үшін ұлттық тарихымыздан үйренуіміз, ұлт қайраткерлерінен үлгі алуларымыз керек.

II ТАРАУ. МҰХАММЕД ХАЙДАР ДУЛАТИДІҢ «ТАРИХ-И РАШИДИНДЕГІ» ҚАЗАҚ ТАРИХЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

2.1. Мұхаммед Хайдар Дулати және оның «Тарих-и Рашиди»

ЮНЕСКО 1999 жылды есімімен атап, дүние жүзі құрметпен еске түсіріп отырған ұлы ғұлама, бұл біздің бабамыз Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати.

Ол туралы кезінде белгілі шығыстанушы В.В.Вельяминов-Зернов мынадай мәлімет берген еді: “Мұхаммед Хайдар Дулаттар руынан шықты және патшалық құрған үймен нескелік одақта болған атақты шаңыраққа жатты...

Мұхаммед Хайдар 1500 ж. туды және ... өзінің әкесі Мұхаммед-Хұсайнның өлімінен (1508 ж.) кейін біраз уақыт шеше жағынан өзінің немере ағасы болып табылатын, Ферғананы билеуші және кейіннен Индиядағы Ұлы Моғолдар империясын негіздеуші әйгілі Сұлтан-Бабур Темуридтің қолында тұрды. Онан соң 1512 ж. он үш жасқа келгенде ол өзінің басқа немере ағасы Сұлтан-Сайд-ханмен Моғолстандыққа кетті; оның жанында жиырма жылдай қалды, оның туған қарындасына үйленді, ханның кеңесшісі болды, оның жорықтарына қатысты...сол кезде Орта Азияда орын алған көптеген оқиғалардың куәгері болды. Сұлтан-Сайд-хан қайтыс болған соң көп кешікпей-ақ жаңа хан Сұлтан-Рашидтің тарапынан қуғындаудан сескенген Мұхаммед Хайдар өзінің руының бір бөлігімен Индияға, өзінің басқа туыстарына – Бабурдың ұлдарына кетті, олардың көмегімен Кашмирді жаулап алып, Тибетті қосып алып және сонда 1551 жылы тәуелсіз билеуші деуге боларлық жағдайда қайтыс болды” (13).

Қысқаша дерек міне осындай. М.Х.Дулатидің “Тарих-и Рашиди” атты ұлы тарихи шығармасын тұңғыш рет орыс тіліне толық түрде аударып, 1996 жылы басып шығарған өзбек ғалымдары бұл деректерге ұлы кемеңгердің өзінің еңбегі негізінде “біраз толықтырулар мен түзетулер жасап, М.Х.Дулатидің туған жылын 905/1499 ж. деп көрсетеді. 1999 жылы Мырза Мұхаммед Дулатидің туғанына 500 жыл толды.

Ұлы кемеңгердің әкесі Мұхаммед Хұсайн Гураган (ханның күйеу баласы) қайын ағасы Моғолстан ханы Сұлтан Махмұд ханнан сыйға Ура-тепе облысын басқаруға алған, біраз жыл Ташкентте тұрған. Осында 905/1499-1500 ж. Мырза Хайдар Дулати туылған. Мырза Хайдардың шешесі Моғол билеушісі Жүніс (Йунус) ханның кіші қызы еді.

М.Х.Дулатидің әкесі 908/1503 жылы Сұлтан Махмұд ханның Шайбани ханға қарсы соғыста жеңілуінен кейін билігіндегі Ура-тепені тастап қашады. Кабулда ол Бабурға қарсы сәтсіз аяқталған Сарай төңкерісіне қатысады. Бірақ Бабур оған кешірім жасайды. Алайда, мұнда қалуға енді болмасын түсінген ол, Ферғанаға қайтып, көп кешікпей Шайбани ханның бұйрығымен өлтіріледі.

Әкесінің сенімді адамы М.Х.Дулатиді қауіптен құтқарып, Бұхарадан Бадахшанға жеткізеді. Одан ары ол Кабулдағы Бабурға барып паналайды. М.Х.Дулатидің Қашғарияға қайтқан себебі – онда Сұлтан Саид ханның билігі орныққан еді. Кемеңгердің қалған ғұмыры осы ханмен бірге өтеді.

Өзбек ғалымдары М.Х.Дулатидің өмірінің қалған кезеңін қысқаша былай түсіндіреді: Сұлтан Саид ханның кезінде Мырза Хайдар (Дулати - Т.О.) Бадахшанға, Көпірстанға, Ладаққа, Тибетке қарсы көптеген әскери экспедицияларды басқарды. 1533 жылы Сұлтан Саид ханның қайтыс болып, таққа, дулаттар үйіне жаугершілікпен қараған, оның баласы Абдар-рашид (939/1533-978/1570 жж.) отырған соң, Мырза Хайдар елді тастап кетуге мәжбүр болды. Алғаш ол Бадахшанды шарлады, онан соң Лахорға Бабурдың ұлы Камран мырзаға кетті. 946/1539-1540 жж. Аграда ол Хумайунға қосылып (937/1530-963/1556), ал 948/1541 ж. Кашмирді жаулады. Онда ол Бабуридтер атынан билік жүргізді де, шын мәнінде тәуелсіз билеуші болып қалды. 958/1551 ж. Мырза Хайдар таулық тайпалармен қақтығыс кезінде қайтыс болды (14).

М.Х.Дулатидай тарихта із қалдырған ғұлама тарихшылар тарихымызда көп емес. Ол сонымен қатар, жан-жақты, жарқыраған талантты тұлға, адуынды ақын, көркем сөзді төгілдірген әдебиетші, үлкен дипломат, ұлы жорықтарды сәтті басқарған кемеңгер қолбасы, алтынмен аптап, күміспен қаптап зергерлік туынды жасаудың қас шебері, шебер қолөнерші, сауытты, қару-жарақты өрнектеп сапалы

жасаудың білгірі, тамаша суретші, асқан ұста және құрылысшы. Оның өнерін және үлкен талантын әйгілі Захир ад-дин Мұхаммед Бабурдың өзі жоғары бағалайды.

Ата-бабасы кейіннен үлкен бөлігі бүгінгі Қазақстан жерін құраған және қазақ халқы құрамына берік енген дулат тайпасынан шыққан, бірақ өзі бүкіл түркі жұртына және адамзатқа ортақ ұлы тарихи тұлға Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати міне осындай еді. Қысқасы ұлы отандасымыз қандай мақтауға да, құрметке де лайық. Жасыратыны жоқ, ойлау деңгейі руға немесе тайпаға бөлуден әлдеқайда жоғары, әрқашан мемлекеттік деңгейде болған М.Х.Дулати бабамыздан бүгінде 500 жылдан соң да төмен жатқан біздің кейбір зиялыларымыздың осы орайда одан үйренері де, алар төлімі де аз емес деп ойлаймыз.

Бұл жерде мынаны да ескергеніміз жөн: М.Х.Дулати тайпалар тарихын баяндауға үлкен мән бере қоймаған. Ол өзінің басты мақсаты ретінде ата-бабасы өмір сүрген және мемлекеттігін нығайту үшін күрескен Моғолстан билеушілерінің өмірбаян тарихын жазуды алға қойған. “Менің мақсатым, - дейді ол, алғашқы дәптердің (кітаптың) соңында, - өзімнің ғалымдығымды көрсету емес, алда өткен Моғол хакандарының есімдері уақыт беттерінен мүлде жойылып кетпеулері үшін, естеліктер жазу болып табылады” (15).

Жеке тайпаларды (оның ішінде кейіннен қазақтарды құрағандары да бар, қалмақтарға, өзбектерге және қырғыздарға қосылып кеткендері де бар) бір мемлекетке – Моғолстанға біріктіруді және бір халыққа – моғол халқына айналдыруды көздеген саясат кезінде өмір сүрген М.Х.Дулатиді қазақ рулары мен тайпалары туралы аз жаздың деп кінәлау әрине орынсыз. Оның өзі шыққан дулат тайпасы өлі де толық қалыптаса қоймаған Қазақ хандығының құрамына түгелдей кірмеген болса, ал Моғолстанда ол керісінше аса ықпалды тайпа болып тұрса, бұл мәселе “Тарих-и рашидиде” қайдан толық жазылсын.

Бірақ кейініректегі “біртұтас совет халқын” құру идеясы төрізді орта ғасырларда біртұтас моғол халқын жасау да сәтсіздікке ұшырады. Мұндағы ең басты қателік этникалық және ұлттық ерекшеліктерді толық ескермеу еді. Моғол халқын жасау саясатының бастауларын М.Х.Дулати

Шыңғысхан дәуірінен баяндайды. Ол Шыңғыс ханның төрт баласына ұлыстар бөліп бергенін, сол ұлыстардың бірі осы Моғолстан екенін айта келіп, моғолдардың кім екендігін төмендегідей түсіндіреді: “Моғолдар екі бөлікке бөлінді: бірі – моғолдар, басқалары – шағатайлар. Бірақ бұл екі топ өзара жауласудың, бірінің құқықтарын екіншісінің көзге ілмеулері негізінде бірін-бірі кемсітіп атады. Осылайша, шағатайлар моғолдарды “джете”, ал моғолдар шағатайларды – “қараунас” деп атады. Қазір шағатайлықтардан, Бабур Падишахтың балалары болып табылатын олардың билеушілерінен басқа ешкім де қалған жоқ. Ал шағатайлықтардың орнына, олардың мұраға қалған иеліктеріне әр түрлі адамдар қоныстанды” (16).

Көріп отырмыз, Моғолстан этникалық негізде рухани жағынан М.Х.Дулатидің кезінде-ақ екіге бөлінген. Шағатайлықтар түркіленген – моңғол тектес тайпалар болса, ал түрік тілдес тайпалар, джете (жете, чете) деп аталған. Кейінгілері біртіндеп, XVI ғасырда қазақ, қырғыз және өзбек халықтары құрамына кірді.

Тарихшы А.И.Левшин “арабтар, кейде персиялықтар өздері иемденген жерлерді чете немесе Джете, Туркестан, Туран, Верас – Сейхун және Қыпшақ деп атады”, - деп жазады (17).

Көріп отырмыз, бұл атау байырғы қазақ жеріне сырттан таңылған. Жарайды, солай-ақ болсын. Олай болса, шағатайлықтар бұл атауды өздерінің қарсыластарын кемсіту үшін қалай пайдалана алды?

А.И.Левшинді одан ары оқысақ мәселе түсінікті бола түседі. Оның түсіндіруінше “жете” - “қарақшылар”, “қаңғыбастар” деген ұғым береді. Шағатайлықтар, оның пікірінше, моғолдарды “олар көшпелі, “қарақшылық” өмір кешкені, сақтағаны” үшін осылай атаған (18).

Мұның өзі бүгінгі зерттеушілер назарын аударатын маңызды мәселе деп ойлаймыз. Көріп отырмыз, “жете” ұғымы мен “қазақ” атауының арасында мағыналық жағынан өзара жақындық бар. Бұл атаулар жат жұрттық арабтар мен парсылардың немесе жергілікті түркілердің бір мағыналы түсінікті екі түрлі атаулары болып шығуы да мүмкін ғой. Сондықтан да “қазақ” атауының түп-төркінін қазушылар

мұны да ескергені жөн сияқты. Бұл әрине, біздің өзіндік ұсынысымыз.

М.Х.Дулати билеуші, үстем тайпалар одағы ретінде шағатайлықтардың да жойыла бастағанын ашық айтады. Сонымен қатар ол моғолдардың жойыла бастағанын да жасырмайды. “Моғолдар болса, - деп жазады ол, - Туранның және Қашғардың айналасында шамамен отыз мыңдай адам қалды, ал Моғолстанды өзбектер мен қырғыздар басып алды. Қырғыздар моғол тайпасы бола тұрса да, хақандармен көптеген қайшылықтар болуы себепті олар моғолдардан бөлінді. Моғолдар жаппай исламды қабылдады және мұсылмандармен бірігіп кетті...” (19).

Бұл жолдарды М.Х.Дулати 952 (1546) жылы Кашмирде жазғаны белгілі. Бұл Қазақ хандығының уақытша әлсіреген кезі және Жетісуда өзбектердің әсіресе қырғыздардың үстемдігі нығая бастаған тұс еді. Міне осы жағдайға байланысты оңтүстік жаппай ислам дінін қабылдап жатқан болатын.

Міне осы кезең “Тарих-и Рашидиде” шынайы қалпында берілген. Алыс Кашмирде жатқан М.Х.Дулатида туған өлкесі туралы нақты мәліметтер әрине аз еді, солай бола тұрса да ол, басқа адамдар арқылы жеткен мәліметтерді бұрмаламай кейінгі ұрпаққа қаз-қалпында жеткізуге тырысты. Оның еңбегінің тарих үшін маңыздылығы да міне осында. Ұлы тұлға бізге, бүгінде міне, осы үшін де қажет.

М.Х.Дулатидің бабаларының және өзінің заманы қазақ, өзбек, қырғыз тәрізді туысқан халықтардың ұлттық мемлекеттерінің тарих сахнасында жаңадан қалыптаса бастаған кезеңі еді. Бұл Шыңғыс хан ұрпақтары бөлісіп алған өлкенің бірнеше мемлекеттерге бөлініп, өзара қырқысып жатқан, яғни этникалық мүддеден саяси-мемлекеттік мүдде әлдеқайда жоғары тұрған кезең еді. Жаңадан Моғолстан жерінде құрылған Қазақ хандығы болса, іргесін әлі де кеңейте қойған жоқ болатын. Оның айналасындағы Моғолстан мемлекетінің құрамындағы, кейінірек осы Қазақ хандығы құрамына қосылған тайпалар, оның ішінде әрине, М.Х.Дулатидің туыстары дулаттар да бар, бәрі өдерін мемлекет атына сәйкес моғолдармыз деп атаған кезең еді. Мемлекет мүддесі тайпалық, этникалық мүддеден жоғары тұрғандықтан да кемеңгер М.Х.Дулати өзінің еңбегінде өзі

өңгімелейтін тарихи тұлғалардың этникалық шығу тегіне тереңдеп бармай, олар шыққан тайпаларды атаумен ғана шектеледі. Ол тіптен өзінің ата-бабаларын баяндаған кезде олардың дулат тайпасының қандай руларына жататынын да атап жатпайды. Кезінде билік үшін күрескен дулат өмірлері Әбу бөкір мырзаның, Болатшының, Жаппарбердінің, Көрімбердінің, Камарадиннің, Худайдадтың және т.б. тайпалары айтылғанымен, олардың қандай руға немесе атаға жататындары жоғарыдағыдай себептермен М.Х.Дулатидің өлемге өйгілі еңбегі “Тарих-и Рашидиде” жіктеле қоймайды.

Бабамыздың тайпа, ру мәселесінде ұстанған осындай көзқарасы мен бағытынан бүгінде жүзге де руға да бөлінбейтін Қазақстан деп аталатын егемен мемлекет құрып жатқан біздердің тарихи сабақ алатын жөніміз бар-ақ. Бұл үшін әрине, біздер бөрінен бұрын кемеңгер бабамыздың, күллі дүние мойындаған ұлы туындысы — “Тарих-и Рашидиді” оқуымыз керек.

Профессорлар С.Асфендияров пен П.Кунте өздерінің жоғарыда аталған, 1935 жылы жарық көрген еңбектерінде “Тарих-и Рашидидің” жазылу тарихын төмендегідей баяндайды: “Авторы парсы тілінде баяндаған “Тарих-и Рашиди” шығыста сирек кездесе қоймайды, ол Қашғарда және Үндістанда таралған, Қашғар диалектісіне сонда XVIII ғасырда өмір сүрген Мұхаммед-Садық Қашғари аударған. Патшалық Ресейдің одан хабары шамалы болды, Петербургте небәрі екі-ақ данасы сақталған — бірі парсы тілінде университетте, ал екіншісі Қашғар тілінде — Ғылым Академиясының Азия музейінде.

Парсы тіліндегі түпнұсқадан кейбір тарауларды орыс тіліне шығыстанушы В.Вельяминов-Зернов аударған және ол оның “Исследование о Касимовских царях и царевичах” (2 бөлімі, Спб, 1864 ж.) атты еңбегіне кірген. Өкінішке орай Моғолстан еліне географиялық сипаттау беретін тарау зерттеуші назарынан тыс қалған. Оның құрамына ол кезде қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Шу және Талас өзендерінің аңғарлары (орта және жоғарғы ағыстары) және бүгінгі солтүстік Киргизияның бөрі кірді. Сайрам және Тәшкент үшін шағатайлықтар мен темірліктер арасында үздіксіз күрес жүрді. Оған өзбектер мен қазақтар да тартылды” (20).

Ұлы отандасымыздың осынау ғажап шығармасын зерттеуде айдаладағы ағылшындар белсенділік көрсетті. Оны XVIII ғасырда Үндістаннан тауып алған олар, Е.Д.Росстың аудармасымен 1895 және 1972 жылдары ағылшын тілінде басып шығарған (21).

Алайда жатжерліктер өткен ғасырда-ақ назар аударма бастаған ұлы туынды — “Тарих-и Рашидиді” келестік тоталитарлық билік тұсындағы ғалымдар көзге іле қоймады. Бүкіл Азия тарихынан керемет қызықты деректер беретін, және өздерінде қолжазбалары сақталған бұл еңбектің маңызын Ресей ғалымдары мейлінше төмендетіп көрсетпек болды. Мысалы, Мәскеуде КСРО Ғылым Академиясы шығарған 5 томдық “Очерки истории исторической науки в СССР” деп аталатын тарихнамалық көлемді еңбектің (Тихомиров, Алпатов, Сидоров — редакция алқасы) 1957 ж. шыққан бірінші томында мынадай жолдар бар: “Становлению Узбекского государства, происходившему в войнах за обладание Мавераннахром и Хорасаном, посвящены мемуары двух участников этих войн — Тимурида Захириддина Бабур (Бабир)-мирзы на узбекском языке ... и его двоюродного брата Мирзы Хайдара (Тори-и Рашиди) на таджикском языке” (22).

Ия, азғана мәліметте тарихи шындық қаншама бұрмаланған десеніңші. Осыдан кейін бұл еңбектің қазаққа және Қазақстанға қатысы бар-ау деп ойлаудың өзі тіптен мүмкін болмайтындай.

Тәуелсіздігімізге әбден қол жеткізген соң ғана ең үлкен ерлікті өзбекстандық ғалымдар жасап отыр. Олар жоғарыда аталған және сақталған қолжазбалардың бәрін өздерінде, Тәшкентте сақталған 321 беттік қолжазбамен салыстырып, парсы тілінен орысшаға аударып, толықтырылған нұсқаны 1996 жылы Өзбекстан Ғылым Академиясының “Фан” баспасынан басып шығарды. Біз, бүгінгі күні міне осы орыс тіліндегі тұңғыш толық аударманы өзіміздің жұмысымызға пайдаланып отырмыз. Алда үзінділер осы Тәшкент аудармасы бойынша берілген.

Бірақ осынша үлкен еңбекпен Тәшкентте жарық көрген “Тарих-и Рашидиді” қолдарына ұстаған қазақтар тағы да өттегендей десті. Оның себебі өзбек ағайындардың өздері осы кітапқа жазған кіріспелерінің алғашқы жолларында-ақ

мойындаған Мирза Мухаммед Хайдар Дуглат деген есімді мұқабада қысқартып, одан “дуглат” деген сөзді алып тастауы еді. Әдетте мұндайда: мұқабада автор есімі толық берілуші еді ғой, ал бұл қалай? - деген сауал өзінен-өзі туындайды.

Біз өрине М.Х.Дулати тұлғасының қазақ, өзбек, қырғыз тәрізді халықтарға ғана емес, күллі түркі дүниесіне, тіптен адамзатқа ортақ екендігін жақсы түсінеміз. Олай болса М.Х.Дулатидің ұлы мұрасы да, оның өзі де кеңестік кезеңдегідей тар өрісті саясат құралына айналмауы тиіс.

Аталған түркі халықтары сондықтан да М.Х.Дулатиден қалған мол мұраны өздерінің игіліктеріне жаратулары керек. Белгілі шығыстанушы Ислам Жемней Республикадағы М.Х.Дулати қорының қолдауымен “Тарих-и Рашидиді” көне парсы тілінен тікелей қазақ тіліне аударғаны белгілі. Баспадан ана тілімізде жарық көрген бұл ұлы тарихи шығарманың” ұлттық тарихымыздың рухани байлығына айналары күмәнсіз. (23). Ислам Жемней парсы тілінен тікелей аударған аударма өзбек ғалымдары аудармасынан онша алшақ емес. Солай бола тұрса да біз өзіміздің еңбегімізде өзбек ғалымдарының орыс тіліндегі аударма нұсқасын пайдаландық және оны қазақ тіліне өзіміз аудардық. Мұның басты себебі - өзбек ғалымдарының бір ғана түпнұсқа қолжазбамен шектелмей, жоғарыда айтқанымыздай, Тәшкент қолжазбасын Санкт-Петербургтегі қолжазбалармен салыстыра және толықтыра аударуына байланысты.

М.Х.Дулати еңбегі байтақ Азияны мекендеген халықтар тарихын зерттейтін кез келген ғалымның алтын қазығы. Осы орайда Ноғай Ордасының тарихын індетте зерттеп жүрген ресейлік В.В.Трепавловтың мына пікірі назар аударуға тұрарлық: “Мұхаммед-Хайдар 1520-шы жылдардағы қазақ-ноғай қатынастары туралы, 1522 ж. қазақтар мен ноғайлар арасындағы соғыс туралы, қазақтардың талқандалып жеңілгені туралы, олардың оңтүстік-шығысқа көшіп кетулері туралы мәліметтер келтірген. Тарихшылар әдетте, біраз қысқартылған болса да, Н.Элайстың сапалы ағылшынша аудармасын пайдаланады” (24).

Осы орайда қазақстандық шығыстанушы Ю.Г.Баранова осы пікірді толықтыра келіп былай деп атап көрсетеді: “Тарих-и Рашиди” Орта Азияның, қазақ халқының және Қазақстанның, қырғыздардың және Киргизияның тарихын

зерттеуде ғана емес, сонымен бірге Шығыс Түркістанның және ұйғыр халқының тарихын ашып көрсетуде де дәстүрлі пайдаланылады” (25).

Айта кеткен жөн, қазақстандық шығыстанушылар бұл еңбектің қазақ тарихы үшін орасан зор маңыздылығына о бастан-ақ үлкен назар аударған еді. Солардың бірнешеуін мысалға келтіре аламыз. Кезінде В.П.Юдин былай деп жазған еді: “Тарих-и Рашиди” – негізгі тың деректердің бірі. Өзінің зерттеулерінде қазақтар туралы “Тарих-и Рашидидің” мәліметтерін толық дерлік келтірген В.В.Вельяминов-Зерновтың заманынан бері қазақ халқы тарихын зерттеушілердің бірде бірі бұл шығармаға қайрылмай өте алмайды” (26).

В.П.Юдин бұл еңбектің құндылығын онан ары төмендегідей түсіндіреді: “Қазақтар туралы мәліметтер “Тарих-и Рашидиде” айтарлықтай көп-ақ. Онда Керей мен Жәнібек көшіп кеткенге дейінгі Шығыс Дешті Қыпшақ тарихына қатысты мәліметтер де бар. Мұхаммед Хайдар сондай-ақ Керей мен Жәнібектің көшіп кетулері туралы да мәлімдейді және осыған байланысты қазақтардың өздерінің аттарын өздеріне неге қабылдағандарын да түсіндіреді. Алғашқы қазақ хандары туралы, қазақ-моғол және қазақ-өзбек қатынастарындағы одақтастық және жауласулар туралы, Моғолстанды басып алу үшін, шын мәнінде қазіргі Киргизия территориясын басып алу үшін күрестегі қазақтар мен моғолдардың тайталасулары туралы, Жетісудың, Түркістанның және т.б. елдердің тарихи географиясы мен топографиясы бойынша материалдар “Тарих-и Рашидиде” тіптен мол. Оның үстіне Мырза Мұхаммед Хайдар Дулат негізінен қазіргі Қазақстанның оңтүстік аймақтарындағы қазақтар туралы айтады және Дешті Қыпшақтағы олар туралы ештеңе де білмейді деуге болады. Жоғарыда айтқанымыздай оның айтарлықтай ауқымды мәліметтерін XV-XVIII ғғ. қазақ халқы тарихын зерттеушілерден бастап елдің бәрі пайдаланып келеді. Бірақ олар толығымен игеріліп бітті деп айтуға болмайды. Оның қазақтар туралы мәліметтерін зерттеуге байланысты көптеген жұмыстар әлі алда...” (27).

Көріп отырмыз, белгілі шығыстанушы В.П.Юдиннің өзі бұл еңбектің тарихымыз үшін маңыздылығын жоғары бағалай

келіп, ондағы қазақтар туралы мәліметтерді әлі де тереңдетіп зерттеу қажеттігіне назар аударады.

Қазақ шығыстанушысы М.Х.Әбусейтова бұл еңбекке төмендегідей баға береді: “XV-XVII ғғ. қазақ халқының тарихы бойынша шығыс деректері аз еместігі белгілі. XV-XVI ғ. бірінші жартысы үшін олардың ішіндегі аса маңыздысы Мырза Мұхаммед Хайдар Дулаттың “Тарих-и Рашидиді” болып табылады” (28).

Бүгінгі күні Қазақстанда дулатитану ғылымын өркендетуге елімізге әйгілі шығыстанушы Әбсаттар Дербісалиев қыруар еңбек сіңірді. Ол М.Х.Дулати және оның еңбектері туралы іргелі зерттеулердің аса көрнекті авторы. Кашмирдегі ұлы бабаның қабірін тапқан және оның “Жаһан-наме” атты шығармасымен оқырманды таныстырған және ол туралы алғаш рет өмірбаяндық-библиографиялық анықтамалық жазған да осы кісі.

Әбсаттар Дербісалиев “Тарих-и Рашидидің” әр түрлі тарихи, этнографиялық, географиялық, әдеби және мәдени мәліметтер беретін классикалық тарихи шығарма екендігін атап көрсете келе оған мынадай баға береді: “Қазақстан мен Орта Азия елдерін зерттеушілердің, тіпті түркі тектес халықтардың мәдениетін зерделеген Европа ғалымдарының да ешқайсысы сол себепті күні бүгінге дейін “Тарих-и Рашидиге” жүгінбей, оған соқпай кете алмайды. Сөйтіп осы күнгі қазақ, өзбек, ұйғыр, ауған, үнді, тибет халықтарының тарихын зерттеушілер “Тарих-и Рашидиді” аттай алмайды. Еңбек осысымен де құнды, осысымен де бағалы” (29).

Дәл осындай іргелі де салмақты бағаны шетелдік әріптестерімізден де естіп жүрміз. Мысалы, Ирандық ғалым Ислами-Торбати 1999 жылы Алматыда М.Х.Дулатиге арналған ғылыми-теориялық конференцияда ұлы кемеңгердің аталмыш еңбегінің “Иран университеттерінің ғалымдары мен профессорлары арасында кеңінен танымал екендігін және ғылыммен, әдебиетпен айналысатындардың бұл кітапты түгелдей дерлік білетіндерін атап көрсеткен еді” (30). Сөз арасында Ислами-Торбати белгілі ағылшын шығыстанушысы Э.Браунның мынадай пікірін айта кетеді: “Мырза Хайдардың жазбалары “Тарих-и Рашиди” деген атпен белгілі. Бұл кітаптың авторы “Бабур-наме” авторымен салыстырғанда, өзінің жазбаларында оқиғаларды нақтырақ баяндайды” (31).

Осы айтылғандар М.Х.Дулати бабамыз өзінің соңғына қалдырған аталмыш мұрасының адамзатқа ортақ ұлы мұра екендігін тағы да дәлелдей түссе керек. Ол біздің өткеніміз ғана емес, жас ұрпаққа рухани өнеге берер болашағымыз да.

Қазақстандық шығыстанушы В.П.Юдин: “Моғол этнонимін кезінде Шағатай және Үгедей ұлыстарына бөлінген моңғолдар Жетісу жеріне алып келді. Бірақ олар аз еді және олардың тағдыры Дешті-Қыпшақтағы моңғолдар тағдыры тәріздес болды: олар түркітілдес тайпалармен жедел араласып кетті. Моғол этнонимін сақтауға моңғолдардың көшпелі тұрмысы үлгі болған көшпелілік дәстүрлерін және хандар-шағатайлар билігінің мұрагерлігін алғашқы кездері сақтауға моғол феодалдарының ұмтылулары ықпал еткен тәрізді”, – дейді (32).

В.П.Юдин сонымен қатар бұл мәселеде зерттеушілер арасында әр түрлі пікірлер орын алғанына назар аударады. Мысалы, академик В.В.Бартольд моғолдарды монғолдар деп атап көрсетсе, профессор С.Аманжолов оларды түріктер, Н.А.Аристов оларды шағатайлық хандарға қызмет жасайтын сословияға жатқызады (33).

Сонымен бірге Н.А.Аристовтың төмендегідей пікіріне назар аударған жөн. Ол моғол және Моғолстан атауын белгілі бір тайпаның немесе халықтың атауы деп қабылдауға қарсы болды және мұның саяси атау екенін атап көрсетіп былай деп жазды: “Әрине, шағатайлықтар Шыңғыс хан ұрпақтары ретінде, оздерін және өздерінің иеліктеріндегі халықтарды моғолдар, ал оздерінің мемлекеттерін Моғолстан деп ағай алатын еді. Бірақ халықтың басым көпшілігі түрік көшпелілерінен тұрды. Нағыз монғолдар тіптенде көп емес еді: бұлар Шағатайдың байырғы 4 м. (4 мың - Т.О.) ғана әскерлерінің ұрпақтары еді. Оның үстіне Моғолстанда олардың бір бөлігі ғана қалуы тиіс еді...” (34).

Моғолдардың тілдік ерекшеліктері М.Х.Дулатидің еңбегінде әңгіме болмайды. Алайда оның жоғарыдағы пікірлері олардың түркі тілдес болғанын айқындай түседі. Осыған байланысты арнайы зерттеулер жүргізген қазақстандық шығыстанушы В.П.Юдиннің мына пікірі М.Х.Дулатидің еңбегін толықтыра түседі: “Моғолдардың монғол тілдестігіне келер болсақ, оған қарсы алғашқы дәлел деректерде қандай да бір болмасын олардың монғол

тілділігінің үлгілерінің кездеспеуі болып табылады. Ал енді олардың түркітілділігіне фактілер аз емес. Бәрінен бұрын моғолдардың тайпалық құрамы осыны мақұлдайды. Моғолдар құрамында қанлылар болды. Ал олардың түркі халықтарына жататындығы даусыз. Егер моғолдар халық болып табылса, онда олар ортақ тілде сөйлеулері тиіс болды. Ал егер халықтың бір бөлігі түрік тілінде сөйлеген болса, онда барлық халық сол тілде сөйлеуі тиіс еді” (35).

В.П.Юдин өзінің пікірін дәлелдеу үшін М.Х.Дулатидің моғолдар және қырғыздар бір халық деген тұжырымын алға тарта келіп, мұның өзі “моғолдардың түріктер болғанын көрсетеді” деп дәлелді қорытынды жасайды. В.П.Юдин өзінің зерттеулерінде моғолдар руларының негізінен кейінірек қазақтардың Ұлы жүзін және ішінара Орта жүзді құрағандарын атап көрсете келе қазақтардың этникалық тұптамасы моғолдарда жатқанына назар аударған еді. Бұл мәселені ол “Тарих-и Рашидиге” қатысты баяндай отырып төмендегідей пікір білдірген еді: “Моғолдардың қазақ халқының құрамына кіру процесінің егжей-тегжейі белгілі емес. Міне бұл олардың қазақ халқының шығу тегіне қатысуларына зерттеушілердің көңіл бөлмеуіне себептердің бірі болды. Ұлы жүздің негізінен және ішінара Орта жүздің моғолдар есебінен құралғанына қарсы тезис негізінен мынаған сүйснеді: “Тарих-и Рашидиге” және т.б. деректерге қарағанда XV және XVI ғғ. моғолдар өздерінің қазақтардан және т.б. халықтардан оқшаулықтарын айқын сезінген-мыс. Алайда мынаны есте ұстанған жөн, Мұхаммед Хайдар өзінің шығармасында шағатай хандары төңірегіне топталған моғолдардың феодалдық тобының көзқарасын білдірді. Бұлар қоғамның орталықтандыруға ұмтылушы күштерінің қабаты еді. Қатардағы көшпелі-моғолдарға және оларды басқаратын, орталықтан қашу бағытының өкілдері - рулық аристократияға қарағанда бұл қоғамда моғолдардың бірлігі және тұтастығы туралы түсінік едәуір дамыған болатын.

2.2. Моғолстан - қазақ мемлекеттігінің “алтын бесігі” және М.Х.Дулатидің отаны

М.Х.Дулати кім? — деген сауалға жауап берместен бұрын оның ата-бабасы билік құрған мемлекет Моғолстан туралы әңгімелеген жөн болады. Өйткені ұлы қайраткерді осы мемлекет тарихынан бөліп алып қарау тіптен де мүмкін емес.

Тарихшылар ұзақ жылдардан бері Моғолстанды XIV ғасырдың орта шенінде қазіргі Оңтүстік Батыс Қазақстанның және Қырғызстанның жерінде құрылған, яғни Жетісу мен Тянь-Шань өлкесін қамтыған, Шағатай мемлекетінің құлауы нәтижесінде пайда болған ортағасырлық мемлекет деп келеді. Ол XVI ғасыр ортасына дейін өмір сүрді. М.Х.Дулатидің өзі Моғолстан мемлекетінің шекарасын былай көрсетеді: “ ... қазір Моғолстан атап жүрген территория өзінің ұзындығы және ені жөнінен жеті-сегіз айлық жолды құрайды. Оның шығыс шекарасы қалмақтар жеріне — Барсколге (Баркөл — Т.О.), Емілге (Алакөлге құятын Тарбағатайдағы өзен — Т.О.), және Ертіске (Тарым өзенінің жүйесі — Т.О.) жалғасады. Солтүстігінде ол Көкше теңізге (Балқаш көлі — Т.О.), Бумлишке және Қараталға (Балқашқа құятын өзен — Т.О.) ұштасады, батысында Түркістанмен және Ташкентпен, оңтүстігінде Ферғанамен, Қашғармен, Ақсумен, Чалишпен және Турфанмен шектеседі” (36).

Міне, Моғолстанның М.Х.Дулати куә болатын тарихи жер көлемі осындай! “Тарих-и Рашидидің” Тәпкент басылымына түсініктеме берген ғалымдар М.Х.Дулати көрсеткен Моғолстан территориясының XIV-XVI ғасырлардың өн бойында өзгеріп отырғанын, оның құрамына алғаш Сырдария, Сарысу, Балқаш, Ертіс және Оңтүстік Тянь-Шанның оңтүстік сілемдері аралығындағы үлкен жерлер, онан соң тек Қырғызстан және Іле өлкесінің үлкен бөлігі ғана кіргенін айтады. Ал мемлекет құлар кезде моғол хандары билігі тек Қашғарияға ғана таралған (37).

Сондықтан, “Бабур-намеге” түсініктеме берген ғалымдар Моғолстанды — Шығыс Түркістан ретінде көрсеткен (38).

Белгілі ресейлік зерттеушілер С.Г.Кляшторный мен Т.И.Сұлтанов Моғолстанның Шағатай мемлекеті күйреген соң оның орнында пайда болған көптеген иеліктердің бірі екенін айта келе былай деп жазады: “Шағатай мемлекеті екі

бөлікке — батысқа және шығысқа бөлінді. Батыстағы иеліктерде — Мәвереннахрда Шағатай тұқымы өзінің билігін жоғалтты және нақты билік түрік-моңғол әмірлері қолында болды. Олардың арасында түріктенген моңғол тайпасы барластан шыққан әмір Темір (1370-1405 жж.) ерекшеленді. Шығыс бөлігінде Шағатай руынан шыққан жалған және шын хандар үстемдік етті. Шағатай мемлекетінің осы, шығыс бөлігіндегі көшпелілер өздерін моғолдармыз деп атады. Моңғолдардың аты Орта Азияда осылай, н әрпінсіз айтылатын және жазылатын. Сол тұста осы терминнен парсыша географиялық атау Моғолстан келіп шықты (39).

Тарихшылардың біразы Моғолстанды түрік және түріктенген моңғол тайпалары мекендеген мемлекет деп жүр. Оның этникалық құрамына тарих ғылымдарының докторы С.Жолдасбайұлы “негізінен жергілікті түркі тілдес дулат, қаңлы, жалайыр, керей, найман, үйсін, т.б. және толық түріктеніп болған моңғол тайпалары бұлғашы, шурас, баарин, арлат және т.б.” кіргізеді (40).

Мұның өзі Моғолстанның этникалық негізде емес, Шағатай тұқымдарының таққа таласуы негізінде жоғарыдан құрылғанын дәлелдей түседі. Сондықтан да бұл мемлекеттің өмірі ұзақ болмай, кейіннен оның орасан зор бөлігі этникалық негізде құрылған Қазақ хандығы құрамына қосылып кетті.

Ал енді Моғолстан қандай тілде сөйледі? - деген сауалға жауап берер болсақ, ол әрине, түрік тілінде сөйледі дейміз. Дулаттан шыққан М.Х.Дулатидің және оның бөлесі түркіленген моңғолдан шыққан Захриаддин Бабур түрік және сол кездегі халықаралық тіл — парсы тілінде сөйлеген және жазған.

Көне дәуір мәдениеті тарихын зерттеумен көптен айналысып жүрген Әбдікәрім Хасенов моғол жерінде шын мәнінде кімнің үстемдік жасағанын былай түсіндіреді: “моңғол империясы дәуірлеген тұста дулат тайпасы өзінің ежелгі қонысында Тәшкент іргесі, Шыршық, Талас, Шу өзендерінің бойында отырған. Ата-баба дәстүр-салттарының құрып кетпеуін көздеген дулат Өргөбе би Шағатай ханның, найман Кетбұғы би мен үйсін Майқы би, қоңырат Сейгел би Шыңғыс ханның қызметіне кіреді. Кейбір мәліметтер Кетбұғы бидің моңғол әскерлеріне ағалық етіп Мысыр

(Египет) жеріне дейін барғанын құптайды. Шағатай мемлекетінің шығысында құрылған Моғолстан ұлысында дулат көсемдері ұлысбегілік зор лауазыммен пайдаланған. Бұған қарағанда Моғолстандағы ұйытқы тайпа дулат ұлысы болса керек. Бұлай деуге тағы бір себеп, 1450 жылдар шамасында Керей хан бастаған қазақ ұлысы Өзбек ордасының билеушісі Әбілхайырмен сиыспай жүргенде Шу-Талас бойындағы Қозыбасы тауынан қоныс сайлап, дулат тайпасының мекеніне жайғасуы – Есен-бұғы ханның, бас ұлысбегі мәртебесінде тұрған Мір Мұхаммед Шаһ Дулатидің саяси бет-беделінің зор екендігін көрсетеді. Дулат нәсілінен шыққан ұлысбегілер Моғолстан мемлекетінің ішкі-сыртқы саясатына белсене араласып отырған, сонымен бірге Шағатай әулетін таққа отырғызу сияқты аса жауапты да, қан төгісті үлкен мәселелерді басқарып отырған. Моғолстан дулаттары билеушілері әулетінен - Өртөбе бидің (Өртөбе-Полатшы, Құдайдат-Сейітахмет, Сейінолі-Мырза Мұхаммед Хайдар, Мұхаммед Хұсайын, Мұхаммед Хайдар Дулати) 8-буынында атақты тарихшы, сондай-ақ “Жиһан-нама” дастанын жазған талантты ақын Мұхаммед Хайдар Дулати (1499-1552 жж.) өмірге келді” (41).

Бұл айтылғандарды басқа деректер де қуаттай түседі. Ислам Жеменей бауырымыз қазақ тіліне аударған “Тарих-и Рашидидің” қосымшасында Өртөбеге (Уртубе) және оның ұрпақтарына Шыңғыс ханның мұрагерлік жолмен қаратын жеті артықшылық-мансап тағайындағаны, ал бұл жарлықтың 625 (1226-1227) жылдан 940 (1533) жылдың шілде-тамызына дейін күшінде болғаны, сондай-ақ Өртөбе бидің өзінің Әмір Болатшының атасы, Мұхаммед Хайдар Дулатидің б.басы болып табылатыны атап көрсетіледі (42).

12 томдық “Қазақ Совет энциклопедиясының” 7-томынан мынадай жолдарды оқимыз: “... дулаттар М.С-ні (Маңғылай-Сүбені – Т.О.) 13-ғ-дан, Шағатай хан дәуірінен бастап билеген. Шағатай хан бұл жерлерді Дулат тайпасынан шыққан Үртүбуге (Өртөбе – Т.О.) иелікке берді. 14-ғ-дың ортасында Шағатай мемлекеті ыдырап, оның Шығ. бөлігі дербес мемлекет болып бөлініп шыққан кезде Үртүбү ұрпақтарының бірі – М. С-ні билеуші Әмір Бұлатшы 1346 жылы Тоғлұқ Темірді Моғолстан ханы етіп қойды. Бұл үшін оған және оның ұрпақтарына көптеген феодалдық

берілді. Дулат әмірлері тархан деген атаққа ие болды. Олар Моғолстанның феодалдық иерархиясында елеулі рөл атқарып, мемлекетте ұлысбегі атанды, яғни жоғары әскери және әкімшілік қызметтер атқарды” (43).

Бір сөзбен айтар болсақ, Моғолстанның түркі тілінде сөйлеп, алғашқы Қазақ хандығы шаңырағын көтерген және болашақта осы хандықтың үлкен бір бөлігін құраған өлке екені, ал ортағасырларда онда негізгі билікте тұрған үстем тайпа дулаттар болғаны еш күдік туғызбайды.

Бұған Мұхаммед Хайдар Дулатидің “Тарих-и Рашидиін” оқығанда көзіңіз жете түседі. Ол Манглай Субе деп аталатын Моғолстанның үлкен оңтүстік бөлігінің түгелдей дерлік дулаттар билігінде болғанын айта келіп, “Ыстықкөлдiң айналасында әр түрлi өзгерiстерге байланысты тәртіпсiздiк үстемлiк еттi. Қалғандары (территориялар) негiзiнен дулат әмiрлерiнiң қолдарында болды,” - деп жазады (44).

Алғашқы қазақ хандары Жәнібек пен Керей Моғолстанға көшіп келерден сдәуір бұрын дулат әмірлерінің осы өлкеде билігі нығая түскені тарихи деректерден байқалады. Олар бойынша ... 1428 жылы Уәйіс хан өлгеннен кейін Моғолстандағы билік үшін тартыс бұрынғыдан бетер шиеленісті. Екі топқа бөлінген игі жақсылар әрқайсысы Уәйіс ханның балаларын: бірі 13 жасар Жүніс Сұлтанды, екінші топ болса 11 жасар Есенбұғаны Моғолстан тағына хан ретінде отырғызуға әрекеттенді. Күрес негізінен тайпалық-этникалық негізде болған деп айтуға болатындай. Өйткені Жүніс сұлтанды Барін тайпасының төңірегіне біріккен түркіленген монғол тайпалары қолдаса, ал Есенбұғаны негізінен дулат тайпасының маңына топтасқан жергілікті түркі тайпалары қолдаған. 1434-1435 жылдары ұлысбегі дулат Мір Мұхаммедшаһ бастаған топ жеңіске жетіп, Есенбұға хан тағына орнықты. Ал Жүністі қолдайтын Барін тайпасының өмірі Ерзен т.б. бастаған топ өздерімен бірге 30 мыңдай (150 мың адамдай) моғолдар жанұяларымен Мәуереннахрға көшіп кетуге мәжбүр болды. Жалпы осы тұста Жетісу өңірінің этникалық тұрғыдан тазара, біркелкілене бастағанын аңғарамыз. Барін және Шорас (Чорас) тәрізді түркіленген монғол тайпалары Алмасаншы бастаған қалмақтарға барып қосылса, ал Қалұшы (Калучи) және Бұлғашы тәрізді түркіленген монғолдар Әбілқайыр мемлекеті құрамына көшіп

барды. Осылайша Жетісу өңірінде жергілікті түркі тайпалары басымдық алып, онда болашақ Қазақ хандығының этникалық негізі қалана бастады. Мұнда да жергілікті биліктің шын мәнінде дулаттар қолында болуы шешуші рөл атқарды (45).

Моғолстанда дулат тайпасы аса ықпалды, билік басындағы хандарға сөзі өтімді болғаны ортағасырлық “Зафар-наме”, “Бабыр-наме” тәрізді құнды тарихи мұралардан да аңғарылады. Бұл әсіресе Мұхаммед Хайдар Дулатидің “Тарих-и Рашидиінде” ерекше көрініс береді. Басқаны былай қойғанда Мұхаммед Хайдар Дулатидің өзінің туған атасы мен әкесінің Моғолстан хандарына үлкен ықпалы осының нақты мысалы. Автор өзінің атақты еңбегінде 869 (1464-1465) жылдың оқиғаларын әңгімелей келіп, өзінің туған атасы Мұхаммед Хайдар мырзаның Моғолстан ханы Жүніс ханмен ерекше қарым-қатынасын әңгіме етеді. Осы жерде сәл шегініс жасап Жүніс ханның кім екендігінен оқырманды хабардар ете кетелік.

Жүніс хан (түпнұсқада – Йунус хан) 873/1468-1469 жылдардан 892/1487 жылға дейін өмір сүрген моғол ханы, Уәйіс (Вайс немесе Увайс) ханның үлкен ұлы. Ол өзінің ағасы Есен Бұға хан (Исан Буги хан) қайтыс болған соң алғаш Моғолстанның батыс бөлігінде, ал 1472 жылдан бастап, бүкіл Моғолстанда билік жүргізген. 1482-1485 жылдары ол, Сайрам мен Тәшкентті басып алған. 892/1487 ж. Тәшкентте қайтыс болып осында жерленген (46).

Бұл айтылғандарды Жүніс ханның Мұхаммед Хайдар Дулатиға тікелей қатысты мынадай мәліметтерімен толықтыруға болады: Жүніс хан “Тарих-и Рашиди” авторының нағашы атасы болып табылады. Өткені Жүніс ханның Хүб Нигәр ханым атты туған қызы Мұхаммед Хайдар Дулатидің анасы болып табылады. Кезінде Ұлықбектің тапсырмасымен Иранда 20 жыл тұрып білім алған Жүніс хан өз заманының білімді адамдарының бірі болды (47).

Мұхаммед Хайдар Дулати жоғарыда көрсетілген жылы Шығыс Түркістандағы Ақсуға, Жүніс ханның және өзінің атасы Мұхаммед Хайдар мырзаның қыстау үшін көшіп келіп ондағы екі бекіністердің біріне ханның, ал екіншісіне өзінің атасының орналасқанын айтады. “Сол қыс тыныш өтті. Көктем түскен кезде Жүніс ханның Моғолстанға аттанғысы келді, Мұхаммед Хайдар мырзаға (яғни біз әңгімелеп отырған

“Тарих-и Рашидидің” авторының өзімен аттас атасына –Т.О.) тапсырма берді: “Қазір, көктемнің басында, мен Моғолстанға барамын, ал сен осында бол. Сенің адамдарың диханшылықпен айналыса берсін. Ақсу аймағын мен саған бердім. Астық пісетін уақыт туғанда, Моғолстанда жақсы жайылым да қалыптасады, жылқылар күш алады, сонда біз (сенімен бірге) Қашғарға аттанамыз және Мырза Әбубөкірдің ісімен айналысамыз. Мен Қашғарға сол жақтан, ал сен осы жақтан аттанамыз. Қашғарда біздер кездесетін боламыз. Сонда біз өзімізге қажеттіні орындайтын боламыз” (48).

Жүніс ханның бұл жерде “Әбубөкірдің ісімен айналысамыз” деген пікіріне түсініктеме берер болсақ, мынаны айтар едік: Әбубөкір (Мирза Аба Бакр) дулат тайпасынан, Сәниза мырзаның үлкен ұлы болып табылады. Әкесі өлген соң 869/1464-1465 жылдары Қашғариядағы дулаттардың барлық иеліктерін өзіне бағындырып алып, онда емін-еркін, алаңсыз, шын мәнінде дара билік құрған болатын (49).

Міне осыған байланысты Жүніс хан Қашғарияға жорық жасап, дулат Мырза Әбубөкірді биліктен тайдырып, оның орнына өзінің адамын, яғни өзіне бағынатын адамды қоймақ болды.

“Тарих-и Рашидидегі” жазбаға қарасақ, Жүніс ханның ұсынысын Мұхаммед Хайдар Мырза (“Тарих-и Рашиди” авторының аттас атасы) қабылдаған. Бірақ арадағы шағыстырушылар, сөз тасып: “ханның Моғолстанға қайтып бара жатқан себебі – сіздің барлық адамдарды тонау,” - деп Мұхаммед Хайдар Мырзаны шатастырады. Мұнда, әңгіме әрине, Мұхаммед Хайдардың жақындары дулаттар туралы болып отырғаны түсінікті. Кісіге сенгіш Мұхаммед Хайдарға оны ханмен шағыстырушылар мынадай “ақыл” айтады: “Ханның көшетін уақыты белгілі болған кезде, біз одан онымен бірге кететін оның кіші баласы Ахмад ханды алып қоямыз, қамалға бекінеміз және Жүніс ханға қарсы көтеріліс жасаймыз. Көшетін уақыты болып қалғандықтан хан еш нәрсемен айналыса алмайды және Моғолстанға кетеді, ал біз Ақсуда тұрып қала береміз”.

Осылайша, Жүніс хан Моғолстанға қошуге жиналған кезде Мұхаммед Хайдар мырза Ақсудың қақпасын іштен жауып алады, үгітке ілесіп қашып келген Жүніс ханның кіші

баласы Сұлтан Ахмед хан (кейіннен Алаша хан атанған) Мұхаммед Хайдар мырзамен бірге қалады.

Бірақ Жүніс хан Моғолстанға кетуге асыға қоймайды. Ол басқа қамалға барып бекініп алады да өзінің үлкен ұлы Сұлтан Махмұд ханға кісі жібереді. Сұлтан Махмұд хан 892/1487 жылдан 914/1509 жылға дейін Батыс Моғолстанда билік құрған болатын. Кейіннен ол Шайбани ханның бұйрығымен өлтірілді (50).

Он жеті күннен кейін Сұлтан Махмұд хан отыз мың әскермен әкесіне көмекке келіп жетті. Мұхаммед Хайдар тығылған қамалда аштық басталып, халық одан түн жамылып каша бастады. Осындайда сұлтан Ахмад хан да “өзінің перзенттік міндетін түсініп” ата-анасына қайтып келіп, олардан кешірім сұрайды. Қамалға шабуыл кезінде хан жіберген әмірлер Мұхаммед Хайдар мырзаны тұтқындап, ханға алып келеді. Өқиғаның соңын “Тарих-и Рашиди” авторы былай баяндайды: “... ханға жақындаған кезде, олар (әмірлер – Т.О.) Мұхаммед Хайдар мырзаның қолдарын байламақ болды. Ал Жүніс хан болса мұны көріп, оларға айқайлады және тыйым салды. Оны осылайша ханға әкелді. Хан оны өзіне шақырып айыптай және балағаттай бастады: “Сен неге бұлай жасадың? Егер тағдыр тәлкегімен сенің менімен жауласқың келсе, сен маған кетуге мүмкіндік берер едің де, ал озің қалып қойып бүлік көтерер едің ғой. Ал енді бұл не?”

Өзінің ақылсыз әрекетінен дағдарған Мұхаммед Хайдар мырза басын салбыратып тұрды да қойды. Хан былай деді: “Жарайды, енді былай болсын. Ақсуды мен саған бердім, Ақсуда өмір сүре бер”. Мұхаммед Хайдар мырза былай деді: “Бәрі тоналып кеткендіктен, Ақсуда қазір қалуға бола ма екен?” Хан Мұхаммед Хайдар мырзаға үш жүз жылқы берді де, былай деді: “Менімен бірге Моғолстанға жүр; бұрынғы шешім сол қалпында қалады: астық пісетін уақыт болғанда мен Қашғарға барамын, және Қашғарды алып сонан соң саған беру үшін бірнәрселер жасайтын боламын” (51).

Бұл деректер Жүніс хан үшін “Тарих-и Рашиди” авторының атасы дулат Мұхаммед Хайдар мырзаның қандай қадірлі және бағалы адам болғанын дәлелдей түседі.

Жүніс ханның кеңдігіне, қайырымдылығына сүйсінген “Тарих-и Рашиди” авторы бұл әрекетке төмендегідей

философиялық баға береді: “(Нағыз) хандар және “патшалыққа” сондай-ақ “ұлылыққа” лайық жандар кінәлілермен дәл осылай сөйлесті” (52).

“Тарих-и Рашиди” авторының атасы тәрізді әкесі дулат Мұхаммед Хусейн Көреген (Тураган) де Жүніс ханның үлкен ұлы, жоғарыда айтылған Сұлтан Махмұд ханға аса ықпалды және жақын адам болған. “Хан мен менің әкем Мұхаммед Хусейн мырзаның арасындағы достықтың беріктігі сондай, олар әрқашан бір үйде және бір бөлмеде өмір сүрді – хан үйінің оң жағы менің әкемнің қарауында болды, - деп жазады, - “Тарих-и Рашиди” авторы. - Үй ішіндегі істерде менің әкем оның нағыз сыбайласы еді. Ханға не алып келсе, менің әкеме де соны алып келді. Егер хан атқа мінетін болса, екі жылқыны әкелетін – олардың бірінде менің әкем, басқасында хан жүріп кететін. Егер хан жаңа көйлек киер болса, осындай көйлекті менің әкеме де әкелетін. Осы тәрізді барлық істе де олардың арасында хан Қаракөз бегімге үйленгенге дейін алшақтық болған емес. Күннің көп уақытын хан олардың әдеттегі бөлмесінде откізді, ал түнде әйеліне кететін. Ал менің әкем болса сол бөлмеде жалғыз қала беретін. Хан тақта отырған кезде, ханның алдына кілемді жайғанда менің әкем таққа сүйеніп отыра алатындай ететін. Онан соң олар әрқашан бірге жұмыс жасайтын. Хан менің әкемнен кешірім сұрап, үйленгендіктен өзінің гаремге кетіп қалуға мәжбүр екендігін, ал әкемнің хұджрада жалғыз қалып жүргендігін талай рет айтушы еді. Бір жыл өткен соң хан оны Хуб Нигар ханымға үйлендірді және оған “Көреген” (“Тураган”) – ханның күйеу баласы деген лауазым берді. Хуб Нигар ханым Сұлтан Махмұд ханнан бір жас үлкен еді, ол Сұлтан Жүніс ханның Исан Дәулет бегімнен туған үшінші қызы болатын.

Исан Дәулет бегімнің үлкен қызы Михр Нигар ханым еді. Оны Сұлтан Ахмад мырзаға әйелдікке берген еді ... Одан кіші - Күтлук Нигар ханым Омар Шайх мырзаға әйелдікке ұзатылған болатын және одан Захир ад дин Мұхаммад Бабури Падишах және Ханзада бегім туылды ... (Жүніс ханның қыздарының үшіншісі Хуб Нигар ханым еді. Ол менің әкеме ұзатылды және менің анам болып табылады)” (53).

Осы айтылғандарды Бабуридің жазбалары да растайды. Онда мынадай жолдар бар: “Жүніс (түпнұсқада – Юнус –

Т.О.) ханның екінші қызы менің анам Құтлуқ Нигар ханым еді. Қазақылық (түпнұсқада – казачества – Т.О.) және билік жоқ кезде ол көбіне менімен бірге болды. Кабулды алған соң бес-алты айдан кейін, тоғызжүз онбірінші жылы ол құдайдың рахымымен жан тапсырды.

Үшінші қызы (Жүніс ханның) Хуб Нигар ханым еді. Оны Мұхаммед Хусейн Гурган Дуглатқа берді. Ол қыз және ұл туды. Қызды өзіне Убайс хан алды. Мен Бұхара мен Самарқанды алғанымда ол кеткен жоқ және сонда қалды. Оның ағасы Сейім Мұхаммед мырза маған Самарқанға Саид ханнан елші болып келді, сонда ол солармен бірге кетті. Сұлтан Саид хан оны әйелдікке алды.

Хуб Нигар ханымның ұлы Хайдар мырза еді. (Косымшада мынадай жолдар бар: Хайдар мырза – оның толық аты Мұхаммед Хайдар мырза Гурган Дуглат (958/1551 ж. өлген – басқа, азырақ танылған, “Тарих-и Рашиди” деген атпен белгілі өмірбаяндық томның авторы – “Бабур-наме”. Записки Бабур, 377 б. – Т.О.). Оның әкесін өзбектер өлтірген соң, ол келді және менің қасымда үш-төрт жыл болды. Кейіннен ол рұқсат сұрады, содан Қашғарға ханға кетті.

Заттың бәрі өзінің бастауына оралар –
Таза алтын да, күміс те, қорғасын да.

Енді оның дәрежесі өсіпті және жақсы жолға түсіпті деседі. Жазуға, сурет салуға, жебе жасауға, жебенің ұшын, және садақ тартуға арналған дөңгелектерді жасауға – бәріне оның қолы епті еді. Онда өлең шығару қабілеті де бар. Ол менен кешірім сұрап жазыпты: оның сөз саптауы жаман смес” (54).

Бұл жазылғандардан байқайтынымыз, әйгілі Захир ад-дин Мұхаммед Бабур мен мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің туыс, дәлірек айтсақ туған бөле болып келетіндігі. Оған соң аңғаратынымыз: М.Х.Дулатидың туған апасының Шейбани тұқымы Убайдаллах ханның (940/1533-1534 – 946/1539-1540), дәлірек айтсақ Мұхаммед Шейбани ханның інісі Мұхмүд сұлтанның баласының (55) тәрбиесінде болып, кейіннен Шағатай тұқымы, 920/1514 ж. Қашғарды өзіне бағындырып, ондағы бұрын 1464-1465 жылдан 1514 жылға дейін дулаттардың Қашғариядағы барлық иелігін өзіне бағындырған

дулат мырза Әбубәкірді талқандап, Моғолстан билеушісі болған Сұлтан Саид ханға тұрмысқа шыққандығы (56).

Ал енді осы Сұлтан Саид хан мен қазақтың әйгілі Қасым ханының арақатынасы тату және жақсы болғаны да осы “Тарих-и Рашиди де” жазылған. Бұл туралы алда арнайы әңгімелейміз.

Сонымен Шағатай ханның тұқымы Сұлтан Саид хан дулат тайпасына күйеу, ал мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің өзіне туған жезде еді.

Захир ад-дин Мұхаммед Бабурдың жазбасынан тағы бір аңғаратынымыз: мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің әкесін өзбектердің олтіргендігі. Бұл жерде әңгіме тіптен де қазақтар туралы емес, Моғолстанға қашып келген, Жәнібек пен Керей бастаған Әбілқайырдың көшпелі өзбектер мемлекетінен бөлінген тайпалардың “өзбек” емес, алғаш “өзбек-қазақ” аталғаны “Тарих-и Рашидиде” айтылған. Олай болса Захир ад-дин Мұхаммед Бабурға сенсек (ал оған сенбеуге болмайды), М.Х.Дулатидің әкесі өзбектер қолынан қайтыс болған болып шығады.

“Тарих-и Рашидидің” авторы өзінің әкесінің өзбектер қолынан қалай өлгенін егжей-тегжейлі баяндайды. Қазақ хандарының әйгілі жауы Шахибек хан (әңгіме Мұхаммед Шайбани туралы) кезінде құрамынан Жәнібек пен Керей бөлініп кеткен әйгілі Көшпелі өзбектер мемлекетін басқарған Әбілқайырдың немересі болатын. XV ғасырдың 80-ші жылдарында Шахибек Өзбек мемлекетін басқарды. Осыдан соң ол көп кешікпей-ақ, Моғолстан мен Мәуереннахрға дүркін-дүркін жорықтар ұйымдастырып, бұл мемлекеттерді күйзеліске ұшыратты (57).

Осындай жағдайда М.Х.Дулатидің әкесі Шахибектен қашып Хорасанға барып бас сауғаламақ болады. Жолда ол Хорасанды Шахибектің басып алғаны туралы хабар естиді де, Фарах елді мекеніне тоқтайды. Бірақ Шахибек оның осында екенін есігіп, өзіне шақыртады да, алғаш сый-құрмет көрсетеді. Осы арада “Тарих-и Рашидидің” авторы қазақ тарихына қатысты маңызды дерек бере кетеді. “Сол жылдың қысында, - деп жазады ол, - Шахибек хан өзінің әскерін Қазаққа, яғни Дешті Қыпшаққа бастап шығу үшін Мәуереннахрға келді. Менің әкем Шахибек ханмен бірге

Бұхараға келді. Шахибек хан Қазаққа кетті, ал менің әкемді Самарқандта қалдырды” (58)

Мұнан ары оқиға былай өрбиді: Шахибек хан, яғни Мұхаммед Шайбани “Тарих-и Рашиди” авторының әкесін тағы да Хорасанға шақыртады, сонымен қатар оның соңынан оны өлтіретін кісіні де жұмсайды және оны Хорасанда өлтіртеді (59).

Бұл үзіндіден байқайтынымыз, Шахибек хан атанған Мұхаммед Шайбанидің соңғы тұста Қазақ деген атауға ие болған Дешті Қыпшақтың да, Моғолстанның да ортақ жауы болғандығы.

Сонымен қатар, “Тарих-и Рашиди” авторы өзінің туған бөлесі Захир ад-дин Мұхаммед Бабурдың айтқанын растап, өзінің әкесінің өзбектер билеушісі Шахибектің, яғни Мұхаммед Шайбанидің қолынан қаза тапқанын нақтылай түседі.

Дулат тайпасынан шыққан “Тарих-и Рашиди” авторы әкесінің тағдыры және осы кітапта баяндалатын басқа дулаттар әмір Болатшы, әмір Худайдат, әмір Қамараддин, Мір Жаббарберді, қырық сегіз жыл Қашғар облысын билеген дулат Әбу Бәкір және т.б. Моғолстанды билеген Шығай тұқымынан шыққан хандарға ұлысбегі тәрізді мөртебелі қызметтерде болуы, кейбірінің тіптен хан болуға құқы болмаса да Моғолстанның белгілі бір айлақтарын билеу үшін тіптен Шыңғыс тұқымынан шыққан хандарды өлтіруі немесе оларды күшпен ауыстырулары, ол кезде әлі Қазақ хандығы құрамына кіре қоймаған дулат тайпасының Моғолстанның шын мәнінде қожасы болғанын дәлелдейді. Мұны біз бүгінгі қазақтар арасында рушылдық пиғылды қоздыру үшін емес, керісінше қазір территориясының ең басты бөлігі Қазақстан құрамына енген бұрынғы Моғолстанның орта ғасырларда-ақ, кейінірек қазақ халқының құрамына енген дулаттар тайпасының ықпалында болғандығын, яғни ежелден-ақ бұл өлкенің негізінен қазақ жері, халқымыздың ата қонысы болғанын дәлелдей түсу үшін айтып отырмыз.

Аталғандардың әрқайсысына “Тарих-и Рашидиден” нақты мысалдар табуға болады. Мысалы, ұлысбегі әмір Қамараддин дулаттың асқан қаталдығы туралы “Тарих-и Рашиди» авторы “Зафарнама” мәліметтеріне сүйеніп отырып кеңінен әңгімелейді. Ол Моғолстан ханы Тоғлық Темір олген

соң оның орнына хан болған Илиас қожаны көп кешікпей өлтіреді (765/1363-1364 жж.) де Моғолстандағы билікті өзінің қолына алып, жиырма жылдан астам оның үлкен бөлігін билейді (60).

Әлемге әйгілі әмір Темір Моғолстандағы әмір Камараддин дулаттың билігін жою үшін бұл өлкеге бес рет ірі-ірі жорықтар жасайды және әмір Камараддин дулаттың шемен ауруы асқынып, қатты науқастанып “атқа мінуге де және тізгін ұстауға да жарамай”, ақырында белгісіз себеппен орманда өзінің құлдарымен бірге ұшты-күйлі жоқ болуы ғана әмір Темірді алтыншы жорықтан бас тартқызады (61).

Дулаттан шыққан тағы бір әмір Хұдайдат туралы “Тарих-и Рашиди” авторы былай дейді: “Моғолдарға әмір Хұдайдаттың өз қолымен алты адамды хан жасағаны белгілі. Олардың алғашқысы Қызыр қожа хан, ... (онан соң) Шам-и Джахан хан, Накш-и Джахан хан, Мұхаммед хан, Шир Мұхаммед хан және соңғысы Уәйіс хан” (62).

Ия, көріп отырмыз, Моғолстанды ол кезде шын мәнінде дулаттан шыққан әмірлер билеген. Олар тіптен әйгілі Шыңғыс тұқымынан шыққан хандарды да өздері тағайындаған және оларға өте ықпалды болған. Ал енді осы ықпалды болған дулат әмірлері арасында М.Х.Дулатидің өзінің бабалары да бар. Оларды өзінің әкесі Мұхаммед Хұсайн Гурағаннан бастап “Тарих-и Рашиди” авторы төмендегідей тізіп көрсетеді: “Осы құлыңыздың әкесі – Мұхаммад Хұсайн Гураған баласы Мұхаммад Хайдар Гурағанның, баласы ұлы әмірдің, семсер мен тақтың иесі әмір Саййид Алидің, баласы әмір Саййид Ахмадтың, әмірдің баласы, қасиетті қалалар (Мекке мен Мединеге) баратын жолдың білгірі, құдайдың қайырымдылығына ие, құдайдың көмегі қолдаған әмір Хұдайдаттың, баласы әмір Болатшының “иә Алла оның шұғыласын таң сәулесіндей қылсын”. Осы әмір Болатшы исламды қабылдады және екі дүниеде де сенбеушіліктің қараңғы кейпін жарықпен ауыстырды...” (63).

Көріп отырмыз, жоғарыда аталған Моғолстан әмірлерінің ішінде М.Х.Дулатидің өзінің бабалары Хұдайдат және оның әкесі Болатшы бар. Оның үстіне әмір Болатшы Дулатидің кезінде моғол жері мұсылман дінін қабылдай бастаған. Бұл шағатайлық Исан Бұға ханның (709/1309 - шамамен 718/1318) осы өлкені басқарып тұрған кезі.

Болатшы Дулатидің баласы әмір Хұдайдат Дулати өкесінің осы бағытын мүлтіксіз жүзеге асырған және өзінің ықпалы жүретін өлкеде ислам дінінің салтанат құруы үшін қолынан келгеннің бәрін істеген. Осы жолда ол тіптен басқаларға жеке істерімен үлгі көрсетуге тырысқан. Өзінің осы бабасы туралы “Тарих-и Рашиди” авторы томендегідей мәлімет береді: Әмір (Хұдайдат – Т.О.) 765 (1363-1364) жылға дейін-ақ билік жүргізе бастады, ал Меккеге 850 (1446-1447) жылға дейін-ақ аттанды. Ол тоқсан жыл басқарды. Бүкіл Қашғар Йарканд, Хотан, Ақсу, Бай және Құсан тұтастай әмірдің қарауында еді. Осының бәріне қарамастан онда табындар да, отар да (қойлар) болған емес, кейде онда салт мінетін жылқы да болмай қалатын. Оған бір орыннан екінші орынға қошуге тура келген сайын, оның жақындары оған салт мінетін жануарды әкелетін және оны көшіретін. Ол жылдары моғолдар Түркістанға, Шашқа және Өндіжанға үздіксіз шапқыншылықтар жасайтын және тұтқын етіп мұсылмандардың жанұялары мен әйелдерін алып келегін. Әмір (Хұдайдат – Т.О.) моғолдардан осы тұтқындарды екі есе бағаға сатып алатын және оларды жолдарына жетерлік азық-түлікпен жабдықтап (үйлеріне) жіберетін. Ондағы бар нәрсенің бәрі осыған кетті” (64).

Әмір Хұдайдат Дулатидің ислам дініне адалдығын “Тарих-и Рашиди” авторы одан ары былай әңгімелейді. Хұдайдат тоқсан жеті жасқа келгенде Меккеге және Мединеге қажылыққа аттанғысы келеді. Бірақ Уәйіс хан оған рұқсат бермейді. Осыдан соң жасырын қашып Самарқандқа Ұлықбекке келеді, сосын Мекке мен Мединеге аттанып, сонда қайтыс болады. Әмір Хұдайдаттың Меккеден соң Мединеге барып қалай қайтыс болғаны “Тарих-и Рашидиде” төмендегідей әңгімеленеді: “Түн болғанда әмірдің жаны қысылады және қайтыс болады. Таң атқанда Мединенің көп адамдары келіп “Осында түнде біреу қайтыс болған жоқ па?” – деп сұрайды. Жағдайды естіп көңіл айтқан олар былай деседі: “Біздің бәріміз бүгін түсімізде түні бойы пайғамбарды көріп шықтық. Ол былай деді: “Бүгін түнде сендерге маған сәжде қылу үшін алыстан қонақ келді. Ол осында қайтыс болды. Оны Оспан халифтің Қабірінің төменгі жағына жерлеңдер”. Осыдан соң (пайғамбар) аса таяқтың өткір ұшымен сызық сызды. Біз оянған соң таңертең бәріміз сонда

бардық және сызықты көрдік”. Осыдан соң Мединенің бүкіл атақты кісілері Хұдайдат Дулатиді арулап көмген (65).

Әмір Хұдайдат Моғолстанда да аса беделді болғанын жоғарыда айттық. Оған жиырма төрт мыңнан кем емес отбасылары бағынған. Осындай беделді және ықпалды кісілердің мұсылман дінін ұстануы біздің ата мекенімізді рухани дамудың жаңа белесіне түсіргені сөзсіз. Бүгінде біз Арыстанбаб, Қожа Ахмед Яссауи тәрізді бірлі-жарым ірі тұлғалар есімдерін ғана білеміз. Ал әмір Хұдайдат Дулати тәрізді бізді мұсылмандық жолға түсіруге барын жұмсаған, және алыстағы Мекке-Мәдинеге құлшылық етуге барған тарихқа белгісіз бабаларымыз қаншама!

“Тарих-и Рашиди” құнды тарихи дерек көзі ретінде бізді міне, осындай терең ойға жетелейді.

Жалпы, Моғолстанға үстемдік жасаған дулат өмірлері туралы айтқанда дулат тайпасының өзі туралы да бірер сөз айтпасқа болмас. Бұл тайпаның біртіндеп қазақ хандығы құрамына өткені және қазақ халқын құраған тайпалардың бірі екені дәлелдеуді қажет ете қоймас. Қазір біз пайдаланып отырған, өзбек ағайындар 1996 жылы шығарған “Тарих-и Рашидидің” басылымында осы тайпаға мынадай түсінік берілген: “Дуглат — племя монгольского происхождения, длительное время играло видную роль в политической жизни Моғолистана и Кашгарии” (66).

Осы пікірге М.Х.Дулати туралы ұлттық баспасөзімізде алғашқылардың бірі болып кең көлемді пікір айтқан белгілі баспагер, зерттеуші Байұзақ Қожабекұлы Албани кезінде былай деп жауап берген еді: “... Күні кеше бір мемлекет туының астында болып өзбек аталып Дешті Қыпшақтан келген өзбек-қазақтар өздерінің тегін сол заманында жазып қалдырған Мұхаммед Хайдар Дулатиге сүйенбей, оның шығармасын кейін оқыған Бартольдтың теріс сұрлеуіне түседі. Бартольдты оқып көрейік: “Главный источник — составленный в 1510-х годах труд Мырза Хайдара “Тарих-и Рашиди” (на персидском языке; вторая часть написана раньше первой в 1541-1544 гг).

...Во время составления “Очерки истории Семиречья” этот труд мне еще не был известен” (67).

Бартольд түркі халықтарының тарихын жазуда ұшан-теңіз еңбек етті, бірақ өзбек ғалымдары оның “Тарих-и Рашидиді”

оқымағанын білмей, еңбегіне сілтеме жасап, қазақ халқының ежелгі тайпасы Дулаттың тегі монғолдан шыққан деп сүйкеп тастаған. Енді ол сөзді өшіруге біраз тер төгу керек, жойып та жібере алмайсыз” (68).

Біздіңше, Байұзақ Қожабекұлы дәлелді сөйлеп отыр. С.Асфендияров пен П.Кунте 1935 жылы жарыққа шығарған “Прошлое Казахстана в источниках и материалах” деген еңбекте мынадай жолдар бар: “О нем (о Мухаммед Хайдаре -- Т.О.) Вельяминов-Зернов сообщает в основном следующее:

Мухаммед Хайдар происходил из рода дулат и принадлежал к знатной семье, находившейся в брачном союзе с царствующим домом. Дулаты – один из древних и многочисленных тюркских родов, во второй половине XVI в. они присоединились к казахам, распространившись от Алтын-Эмельских гор до г.Чимкента” (69).

Осы пікірді қазір М.Х.Дулати мұраларын зерттеумен айналысып жүрген, оның Берлиннен және Қашғардан табылған “Жаһан-наме” поэмасын аударушы, белгілі шығыстанушы ғалым, профессор Әбсаттар Дербісалиев те қуаттап былай дейді: “Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати қазақ халқының негізін құраған түркі тайпаларының бірі – дулаттан шыққан ғұлама” (70).

Айта кеткен жөн, дулаттар туралы арнайы зерттеу жүргізген В.Бартольд тәрізді ғылымдағы бедел иесінің ешбір дәлелсіз бұл тайпаны монғол тайпасына жатқыза салуы таңдандырады. В.Бартольд оның үстіне жалғыз дулаттарды ғана емес көптеген қазақ тайпаларын оның ішінде найман, жалайыр және т.б. тегін де монғолдық деп санайды. Ғалымның “Ислам энциклопедиясына» арнап жазған “Дуглат” атты зерттеу мақаласында мынадай жолдар бар: “...Название дулат, очевидно, происходит от дуглат и, как названия большинства родов казахов, появилось на западе только с монголами; ...В противоположность некоторым другим существующим у казахов названиям родов первоначально монгольского происхождения (найман, джалаир и др.) слово дуглат в настоящее время не встречается в этом значении в Монголии; следовательно, по всей вероятности, или все дуглаты полностью покинули Монголию в XIII в., или там остались лишь незначительные части этого

племени, которые впоследствии смешались с другими племенами” (71).

Кейінгі тарихи зерттеулер бұл мәселеде В.Бартольдтың шындықтан ауытқығанын көрсетіп отыр. Монғол үстіртіндегі түркі тайпалары тарихын едәуір індетте зерттеген Зардыхан Қинаятұлының пікірінше В.Бартольдтың және оның замандастарының мұндай ұшқары қорытындыларының орын алу себебі “өйткені олар Монғолдың құпия шежіресі” қатарлы монғол тарихының шежірелерімен таныса алмады. Олардың өмір сүрген кезінде қазіргідей Түркі хандарының ескерткіштері, Қара қорым, Хөшө пайдамның тарих қойнауының сыры ашылмаған еді.

Олар тек шығыс мұсылман жазбалары, Шыңғысханның өмірбаяны мен аруақ даңқына жүгінді. Сондықтан Алтайдың Монғол бетінен Жетісу, Ертіс, Арқа даласы, Сыр бойына XII-XIII ғасырда ауып келген тайпаларды “Монғол” деп танығаннан өзге шарасы болмады” (72).

Тарихи зерттеуде өзіндік көзқарас ұстанған Л.Н.Гумилев Ресей тарихшылары ішінен алғашқылардың бірі болып Н.А.Аристовтан кейін Шу өзені өңірін билеген дулат (яғни дулат) және нушиби тайпаларының VI ғасырдың өзінде-ақ кейіннен қыпшақ даласы атанған өңірді билеген тюркют тайпалары тәрізді түркі тілінде сөйлегенін дәлелдеп отыр (73).

Ештен кеш жақсы дегендей бұған да шүкіршілік. Тарихи шындыққа жақындап келеміз.

Кейінгі ғасырларда түрікше (қазақша) сөйлейтін дулат тайпасының бұрынғы тілі монғолша еді дегенге сену тым қиын. Монғолша сөйлеген дулаттар қазақтардың құрамына кірген соң тілін өзгертті дегенді дәлелдейтін дерек жоқ. Олай болса Бартольд қателесіп отыр.

Кейінгі жылдары қазақстандық зерттеушілер бұл қателікті түзетуге бағытталған аршынды қадамдар жасады. Мұхаммед Хайдар Дулатидің 2003 жылы парсы тілінен тікелей қазақ тіліне аудармасына берілген қосымшада мынадай жолдар бар: “Дулат - қазақ халқын құраған ежелгі түрік тайпаларының бірі. Моғолстан мен Қашғарияның саяси өмірінде ықпалды рөл атқарған” (74).

“Қазақстан” атауымен шығып жатқан ұлттық энциклопедиямызда да дулаттың ежелгі түрік тайпасы болып табылатыны тайға таңба басқандай айқын көрсетілген (75).

Дулаттар және қазақтарды құраған басқа түркі тайпалары мекендейтін өлкенің дәл “жүрегінде” орналасқан кезінде Яссы, Йассы атанған қала XVI ғасырда Түркістан аталуы тегін болмаса керек (76).

Бұл аймақты түркі тілдес халықтар мекендегендіктен қала XVI ғасырда осылай атанды.

Өкінішке орай “өзбек” деген ұғымға түсінік берген қазіргі Орта Азияның белгілі ғалымдары өзбек Б.А.Ахмедов пен тәжік Б.Г.Ғафуров мәселені одан ары шиленістіре түседі. Олардың ізімен кейбір өзіміздің әріптестеріміз де шатасып, өзбектерді, яғни Дешті Қыпшақ пен Моғолстан жеріндегі біздің бабаларымызды түріктермен қатар, түркіленген монғолдан таратып жүр (77).

Жалпы қазақ халқын құраған тайпалардағы түркіленген монғолдар үлесін асыра көрсетуге күштарлық тарихи шындыққа жеткізе қоймайды. Біздің түріктік тегіміз сонау кеңестік дәуірде мойындалған ақиқат екенін ескергеніміз. “Қазақ ССР тарихында» мынадай жолдар бар: “... Ақ Орда, Моғолстан және басқа да мемлекеттік бірлестіктер негізінен осы территорияның автохтонды халқын және түріктенген монғолдардың **біршама шағын топтарын ғана** өзіне қамтиды... ... Өздері құрған ұлыстардағы тұрғындардың жалпы санының **шағын үлесін ғана** құрайтын монғолдардың өздері жерілікті түрік тілдес халық ішіне сөзсіз сіңісіп, оның тілі мен әдет-ғұрпын қабылдады” (78).

Шығыс Дешті Қыпшақта болған араб саяхатшысы ел-Омари қыпшақ жеріне қоныстанған осы аз ғана монғолдардың қыпшақтармен “некеге тұрып, олардың (қыпшақтардың) жерінде өмір сүріп» қалғандығын және “бір рудан шыққан нақ қыпшақтардай болып” кеткенін жазады (79).

Ал енді осынау азғана монғолдар тобына біздің бабаларымыз неліктен ғасырлар бойы бағынды. Оған жауапты Мұрат Әджи төмендегідей береді: “Дешт-и Кипчак при новом монгольском правителе получил и новое имя – Золотая Орда. Правда, вскоре он из цветущей золотой страны превратился в захолустную провинцию Монгольской империи, которая как это ни парадоксально, целиком и полностью держалась на кипчаках. И в этом была очередная нелепость в истории

степного народа — ключи от своих кандалов они носили в собственных карманах...

...За два с половиной века монгольского рабства желание прислуживать вошло в кровь этого некогда горделивого и уважающего себя народа. Как собака тянется к руке хозяина, так и степняки с тех пор тянулись сперва к монголам...” (80).

Ия, Мұрат Аджи ашғы да болса шындықты мойындап отыр. Осы психологияға бой ұрған біздің кейбір әріптестеріміз халқымыздың құрамын құраған ірі тайпалар тағдырынан түркілікпен қатар басым монғолдық белгілер іздестіріп әуре болуда. Мұндай “құлдық” психология бүгінде Қазақстан аясына біріккен, түркі этносының “қазақ” деген ұлтын құраған халқымыз тарихын шынайы жазуға көмек бере қоймайды. Халқымызды құраған іргелі тайпалардың түп-тамырынан алғаш түркілік бастаулар іздестіруіміз керек. Сонда ғана біз тарихи шындыққа жақындаймыз және жекелеген шағын рулардың түркілену процесінің басты себебі өзіміздің түркілік негізіміздің беріктігінен туындайтынын толық аңғара аламыз.

2.3. “Тарих-и Рашиди” қазақ мемлекеттігінің “қайнар көздері” туралы

Бүгінгі егемен қазақ мемлекетінің саяси негізі және рухани түпқазығы болып табылатын Қазақ хандығының шаңырақ тігуі және мемлекет ретінде кең қанат жаюы туралы өкінішке орай нақты деректер саусақпен санарлықтай аз. Солардың ең бастысы және бірегейі Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің аса құнды еңбегі “Тарих-и Рашиди”.

Ресейлік тарихшылар С.Г.Кляшторный мен Т.И.Сұлтанов бұл еңбекке “жинақтап алғанда Қазақ хандығының ежелгі тарихын байланыстыра баяндайтын ортағасырлық мұсылман тарихнамасындағы жалғыз шығарма” деген ерекше баға берген еді (81).

Еңбектің аса бір құнды тұсы - оның Моголстан жеріне келген қазақ руларының Қазақ хандығын құруға байланысты тарихын есгжей-тегжейлі баяндауы дер едік. Оқиға “Тарих-и Рашидиде” төмендегідей баяндалады: “Ол күндері Әбілхайыр хан Дешті-Қыпшақты түгелдей биледі. Ол жошылық

сұлтандарға шабуыл жасады – Жәнібек хан мен Керей хан одан қашып шықты және Моғолстанға келді” (82).

Ия, бәрі тайға таңба басқандай айқын айтылған. Ал енді Жәнібек пен Керейдің кім екенін бүгінде білмейтін қазақ зиялысы жоқ шығар. Солай бола тұрса да “Тарих-и Рашидиге” бүгінгі өзбек авторлары берген түсініктемені де назардан тыс қалдырмайық. Т.Сұлтановтың “Кочевые племена” еңбегінің 113-114 беттерінде бұл туралы нақтырақ жазылғандықтан түсініктеме содан алынған: “Жәнібек хан және Керей (Гирей) хан - қазақ хандығын болашақ негіздеушілер (Әбілқайыр хан 874/1469-1470 ж. қайтыс болған соң), жалпы бабалары Ұрыс ханнан ғана тарайтын, алыс туыстар болатын. Әбілқайырға қарсы болған олар. 863/1458-1459 ж. өзбек ұлысынан бөлінді және өздерін жақтаушылармен, сондай-ақ оның халқының бір бөлігімен Моғолстанның батыс аймақтарына көшіп келді” (83).

Бір қарағанда бәрі анық болып көрінетін осы деректерде қайшылық бар. Атақты “Тарих-и Рашиди” авторы Әбілқайыр шабуыл жасағандықтан Жәнібек хан мен Керей ханның одан қашып шыққанын айтса, ал кейінгі тарихшылар көшіп кетті. - дегенге саяды.

Қайсысы дұрыс? Біздіңше Жәнібек пен Керей Моғолстанға қашып келген, яғни “Тарих-и Рашиди” авторынікі дұрыс. Әбілқайырдың аталған екі сұлтанға және оларды қолдаушыларға күн көрсетпегені және өзінің ұлысының болшектенуіне барынша қарсы болғаны беснеден белгілі. Туыстық жағынан да Жәнібек пен Керей Әбілқайырдан әлдеқайда алыс еді. Солай бола тұрса да олар Өзбек ұлысы тағына заңды мұрагерлер болатын. Жәнібек (Әбу Саид) 1422-1423 жж. Ұлы ұлыста хан болған Барақ ханның кіші ұлы еді де, ал Керей болса Ұрыс (Орыс) ханның немересі болып келетін Болат ханның ұлы еді.

Бұл мәселенің бір ғана қыры. М.Х.Дулатиді байыптап оқысақ мәселенің екінші жағын аңғарамыз: “Әбілқайыр Дешті Қыпшақты толық билеуге қол жеткізген кезде Жошы руының кейбір сұлтандары одан келетін жаманшылықтың өткір иісін сезіп, оны тайдыруға шешім қабылдады” (84).

Осылайша, Дешті Қыпшақта Әбілқайырды тақтан тайдыруды көздеген сұлтандар арасында астыртын әрекет болған. Ал бұған Жәнібек пен Керей қатысты ма? Бұл

белгісіз. Оны “Тарих-и Рашиди” авторы нақты айтпайды. Бірақ, еңбекті онан ары оқысақ, олардың бұл шешімді қолдағанына, тіптен бәлкім ұйымдастырушылар болғанына көзіңіз жете түсетіндей: “Керей хан, Жәнібек сұлтан тәрізді кейбір сұлтандар және басқалары аз ғана адамдармен Әбілқайырдан қашты және Моғолстанға келді”.

“Тарих-и Рашидидің” деректерін қайталай отырып, сонымен бірге оған кейбір толықтырулар енгізген ортағасырлық тарихшы Махмұд бен Уәли өзінің әйгілі “Бахр ал-асрар” атты еңбегінде бұл жағдайды төмендегідей түсіндіреді: Әбілқайыр хан Жошы тұқымынан шыққан сұлтандарды Дешті Қыпшақтың әр тұсына шашыратып орналастырған және оларды осылайша бөлшектеуге тырысқан, алайда бұл оларды бұрынғыдан бетер топтастыра түскен. “Қысқа мерзімде ыңғайлы жағдайды пайдаланып, олар белгісіз тұстардан шыға келді» және киіз үйлерін тігіп “шығыс және солтүстік елдерінің үлкен бөлігінде билік туларын көтерді” (85).

Бұл баяндаудан байқайтынымыз Жошы тұқымынан шыққан сұлтандардың бір бөлігінің Әбілқайыр билігіне қарсы шығып, Дешті Қыпшақтың шығыс және солтүстік аймақтарында көлемді өлкеде наразылық туын көтергендігі. Махмұд бен Уәлиді ары қарай оқысақ бұл сұлтандар арасында Жәнібек пен Керейдің болғандарына көзіміз жете түседі: “Әбілқайыр хан Дешті Қыпшақ аймақтарында өзінің ағаларының балаларын жеңіп шыққан кезде Жошы ханның баласы Тоқай Темір хан ұрпақтарының кейбірі, мысалға Керей-хан және Жәнібек-хан... бағынудан және бас июден шығып кетіп, отандарын тастап кетуге шешім қабылдады”.

Көріп отырмыз, Жәнібек пен Керей отандарын тастап, шын мәнінде Әбілқайырдан қашып шыққан. Сондықтанда Махмұд бен Уәли мұнан ары қарай “олар бөтен өлкеге апаратын жолға түсті» деп көрсетеді.

Мұнда бір назар аударар нәрсе, Махмұд бен Уәлиден өзгеше М.Х.Дулати Керейді “хан” деп, ал Жәнібекті “сұлтан” деп берген. Тегінде Әбілқайырды тақтан тайдырған жағдайда оның орнына Керей хан болуы керек, - деп төңкерісшіл сұлтандар шешкен болуы да мүмкін. Кейіннен Қазақ хандығы құрылғанда Керейдің хан болуы да осыны дәлелдей түседі.

Белгілі шығыстанушы Ахмед Заки Уәлиди өзінің 1915 жылы қазанда жарық көрген “Түрік-татар тарихы” деген еңбегінде “Керей хан Жәнібек сұлтан мәртебесінде тұрды”, - деп жазған екен (86).

Жоғарыда “Тарих-и Рашидиден” келтірілген деректен тағы бір аңғаратынымыз, Жәнібек пен Керейдің Әбілқайыр ұлысынан аз ғана адаммен (бұл негізінен төңкерісшіл сұлтандардың төңірегі болса керек) қашып келгендігі. Мұны Махмұд бен Уәли “мойындауға лайық адамдар тобы” деп сипаттайды (87).

“Тарих-и Рашиди” авторы бұл мәселені мұнан да гөрі нақтылай түсіп, былай деп жазады: “928 (1521-1522) жылы (сұлтан Саид) хан өзінің ұлы Рашид сұлтанды Моғолстанға жөнелтті және өзінің билігіне бүкіл Моғолстанды және қырғыздарды бағындырды. Моғолстанда көп адамдар Рашид сұлтанды қолдады. Ақырында мынадай оқиға болды: **маңғыттардың шабуылынан** (бөліп көрсеткен біз – Т.О.) өзбек-қазақтардың Дәшті Қыпшақта қалулары мүмкін болмады, сондықтан да олар Моғолстанға кетті” (88).

Осыдан соң ғана, азғана адамдармен Моғолстанға қашып келген Жәнібек пен Керей бастаған төңкерісшіл сұлтандар соңынан Әбілқайыр ұлысындағы басым тайпалардың бірі маңғыттардан қысым көрген өзбек-қазақ рулары ағылып келе бастаған.

М.Х.Дулати өзінің еңбегінің басқа бір тұсында қазақтар сандарының өсе түсуін былай түсіндіреді: “Әбілқайыр хан қайтыс болған соң өзбек ұлысында бүліншілік басталды. Әркім өзінің мүмкіндігіне қарай қауіпсіздік және тыныштық үшін Керей ханның және Жәнібек ханның көмегіне жүгінді, олар болса нығайды” (89).

Сонымен, осылайша қазақтар саны екі жүз мыңға жеткен.

Ал енді өзбек-қазақтар маңғыттар қысымына тотеп бере алмаған тәрізді “маңғыттар, - деп оқимыз “Қазақ энциклопедиясынан”, - қоңыраттармен бірге Әбілқайыр хан мемлекетіндегі ең ірі тайпалардың бірі болған. Орыс жылнамаларында жазылған ноғайларды шығыс тарихшылары (Әбілғазы т.б.) маңғыттар деп атаған”.

Маңғыттар бұл өлкеге қайдан келген дегенге келсек, оған да жауап табамыз: олар “Батый әскері құрамында Дешті

Қыпшаққа келіп, жергілікті түркі тайпаларымен сіңісіп кеткен монғол тайпасының бірі. 13-14 ғасырлардағы жазба деректемелерге қарағанда маңғыттар Алтын Ордада тайпалық одақ құрған. 13-16 ғасырларда Дешті Қыпшақтың саяси өмірінде зор рөл атқарған” (90).

Маңғыт жұртының Әбілқайыр басқарған өзбек ұлысында басты тайпа ғана емес, дербес ел болғандығын Ахмедов, Сұлтанов, Трепавлов тәрізді зерттеушілер де атап көрсетеді. Олар наймандар, ұйғырлар тәрізді Өзбек ұлысында аса ықпалды еді және мемлекеттің оң жақ қанатында ішкі дербестік ұстады. Маңғыт жұртының Әбілқайырға ықпалды болу себебін Т.Сұлтанов пен В.Трепавлов Әбілқайыр ханның екі балаларының шешесінің осы маңғыт жұртынан шығуымен де түсіндіреді (91).

Ия, бәрі дұрыс және “Тарих-и Рашидиді” растай түседі. Мұндай күшті тайпаның Жәнібек пен Керей бастаған халықты ығыстыруы әбден мүмкін нәрсе. Бұған күмөндану негізсіз тәрізді.

Ал енді Моғолстанға еріксіз келген өзбек-қазақ сұлтандары Жәнібек пен Керейдің” арғы тағдыры қалай болды, енді соған келсек. Есен бұға хан оларды (Жәнібек пен Керейді – Т.О.) жақсы қабылдады және оларға Моғолстанның батысында жатқан, Шу өзені бойындағы Қозыбасыны берді. Олар онда тыныш өмір сүріп жатқанда, Әбілқайыр хан қайтыс болған соң, өзбек ұлысында бүліншілік басталды, онда үлкен алауыздық пайда болды, және көптеген (адамдар) Керей ханға және Жәнібек ханға кетті. Осылайша олардың саны екіжүз мың адамға жетті және оларды “өзбек-қазақтар” деп атай бастады” (92).

Әбілқайыр хан қайтыс болғаннан кейін өзбек ұлысында болған бүліншіліктің себептерін және негіздерін қосымша деректер негізінде зерттеушілер анықтады. Әбілқайырдың баласы Шейх-Хайдарға қарсы Дешті Қыпшақ даласының беделді бек-билері және сұлтандары Тюмен жұртынан Ибак, Қазақ хандығын негіздеушілердің бірі Жәнібек, маңғыттар Аббас би мен Мұса би өздерінің достары Амгуршымен бірге жаулық бағыт ұстады (93). Міне осы қайраткерлер Әбілқайыр ұлысын болшектеуге басты үлес қосқан кісілер. Сонымен Жәнібек пен Керейді қабылдаған Моғолстандағы ахуалға қайта оралалық.

Ал енді Есен бұға хан кім! Ол 833/1429-1430 – 866/1461-1462 жылдары Моғолстан ханы болған, өзі – Уәйіс ханның ұлы. Ал Уәйіс хан болса шағатайлық. Яғни, Есен бұғаның Жошының тұқымдарын – Жәнібек пен Керейді туыстық негізде қабылдай алмайтыны белгілі. Олай болса Жәнібек пен Керей неліктен басқа жаққа емес, дәл осы Моғолстанға қашып келді? Осы уақытқа дейін тарихшылар мәселеге Моғолстан ханы Есен бұғаның ғана көзімен қарап жүр, Жәнібек пен Керейдің өздерінің осы кезде ұстанған ішкі саясаты туралы ешкім терең ойланған емес.

Біздіңше, Моғолстан билігінің сол тұста туыстас түрік тайпалары, дәлірек айтсақ дулат тайпасы қолында болуы, ал шағатайлық Есен бұғаның осы тайпа қолындағы “қуыршақ” хан болуы, Жәнібек пен Керей бастаған қазақ руларының Моғолстан жеріне қашып келулеріне басты негіз болды. Кезінде, Уәйіс хан өлгеннен кейін оның екі баласының - 13 жасар Жүніс сұлтан мен 11 жасар Есен бұға ханның қайсысы таққа отырады деген мәселе төңірегінде тартыс болғанда Барін (Баарин) тайпасының әмірі Ерзен т.б. басқарған топ Жүністі, ал дулат тайпасының әмірі, ұлысбегі Мұхаммедшаһ бастаған топ Есен бұғаны қолдап, екінші топ жеңіп, Есен бұға дулаттардың қолдауымен хан болған еді, - деп жоғарыда айттық.

Бұл кезең жалпы алғанда түркіленген монғол тайпаларының Моғолстаннан көшіп кетулерімен және ығысуларымен, ал кейінірек қазақ хандығына кірген түрік тайпаларының керісінше осында көшіп келулерімен ерекшеленді. Мысалы, хандыққа ұсынылып өтпей қалған жоғарыдағы Жүніс сұлтанмен бірге Мәуереннахрға және Моғолстанның солтүстік-шығысындағы қалмақ Амасанчи тайшаға барін және шорас (чорас) тайпалары көшіп кеткен еді дедік. Әбілқайыр басқарған өзбек ұлысына қалұшы (калучи) және бұлғашы тайпаларының бір бөлігі көшкен (94).

Мұндайда, дербестік пен тәуелсіздік аңсаған Жәнібек пен Керей бастаған өзбек-қазақ тайпаларының өздерінің қандастары Моғолстандағы дулат тайпасының ата қонысы – Батыс Жетісудағы Шу мен Талас өзендерінің арасына келіп орналасуын сан-саққа жүгіртудің қажеті бола қояр ма екен. Күні бүгінге дейін осы аймақты негізінен дулат тайпасының

ұрпақтары кеңінен жайлап отырғаны да тарихи шындық. Ал тарихи шындықтан қайда қашып кұтыласың.

Шағатайлық Есен бұға да, оның кейінгі ұрпақтары да әрине, дулат әмірлерінің мұндай қадамына кедергі жасай алмайтын еді. Оның үстіне сыртқы саясатта ортақ жау — Мәуереннахр мен Әбілқайыр мемлекеті болып табылатын.

Есте ұстар бір нәрсе, Жәнібек пен Кереймен бірге қашып келген қазақ рулары саны алғаш көп болмағаны, олардың кейіннен ғана біртіндеп 200 мыңға жеткендері байқалады. Оларда әзірге Әбілқайырға қарсы тұратындай күш те жоқ еді, ондай күш болса олар Дешті Қыпшақ жерінен қашпай-ақ Әбілқайырға қарсы тұрып соғысар еді.

Сондықтан, осындай себептерге байланысты Есен бұға хан оларды М.Х.Дулати айтқандай, “жақсы қабылдады”, “үлкен құрмет көрсетті” бірақ кейбір кейінгі тарихшыларымыз өсіріп айтып жүргендей тіптенде “құшақ жая”, немесе “қуана” қарсы алған жоқ. Махмұд бен Уәли да Есенбұғаның Жәнібек пен Керейді “құшақ жая” емес, “құрметпен және келісіммен” қабылдағанын атап көрсетеді. Мұнда ол келгендердің Моғолстанның батыс аймақтарына орналастырылуын олардың Есен бұға мен Жүніс хан иелігінің арасын жалғастырушылар ретінде қабылданғанын айта кетеді (95).

Әрине бұл айтылып отырғандар Есенбұғаның ұстанған бағытын сипаттайды. Бірақ бұдан Жәнібек пен Керей Есенбұғаны оның жауласқан бауыры Жүнісханнан қорғау үшін көшіп келген екен деген қорытынды туындамауы керек. Жәнібек пен Керейдің Шу өңіріне, Қозыбасыға қоныстануға келісуінің жоғарыда біз атап көрсеткендей этникалық, туыстық сипаттағы бастаулары бар деп ойлаймыз. Жәнібек пен Керейге ілескен, қазақ ұлтын құраған тайпалар мен жетісулық немесе моғолстандық жергілікті тайпалар арасында сандаған ғасырлардан бері қалыптасқан туыстық, этникалық байланыс Жәнібек пен Керейдің басқа көршілерді емес, Моғолстандағы көршілерді таңдауларына себеп міне, осы болса керек. Әрине, сонымен бірге мынаны да ұмытуға болмас: “жақсылыққа жақсылық әр адамның ісі» дегендей өз кезектерінде Жәнібек пен Керей де Есенбұғаның саясатына қолдау көрсетті. Сондықтан да Махмұд бен Уәли Есенбұғаның тірі кезінде, оны Жәнібек пен Керейдің

қолдауының арқасында Жүнісханның бұл өлкеге аяқ баспағанын атап көрсетеді (96).

Қорыта айтқанда Жәнібек пен Керей жаңа өлкеге жат емес еді. Сондықтан Есенбұға оларды қабылдағысы келмесе де қабылдауға және оларға құрмет көрсетуге мәжбүр еді. Ойткені, жоғарыда айтқанымыздай, мұндай маңызды мәселені ол кезде ол емес қашқындармен этникалық жақын, жергілікті дулат әмірлері шешетін.

Осы Есенбұға ғана емес, бұдан бір ғасырдан астам бұрын өмір сүрген алғашқы шағатайлық Есенбұға ханды (709/1309 – шамамен 718/1318 ж.) да дулаттар өз қолдарында, ықпалдарында ұстаған еді.

Алғашқы Есенбұға хан туралы “Тарих-и Рашиди” авторы төмендегідей жазады: “Көп кешікпей Есенбұға хан қайтыс болды. Моғолдар ұлысында хан қалмады; моғолдардың әрқайсысы өз беттерінше өмір сүрді. Ұлыс бөлшектене бастады. Маған ата болып келетін әмір Болатшы дулат (Есенбұғаның кезінде Қашғарияны билеуші – Т.О.) хан іздестіруді және мемлекетте тәртіп орнатуды қолға алды” (97).

Көріп отырмыз, Моғолстанның жаңа ханын іздестірумен дулат тайпасының әмірі айналысқан.

Мұнан ары оқиға былай өрбиді. Болатшы жіберген адам Есенбұғаның бұрынғы әйелінен туған баласын тауып алып келеді. Әмір Болатшы дулат оны Тоғлұқ Темір деген атпен Моғолстан ханы етіп жариялайды (98).

Ал енді Жәнібек пен Керейге келер болсақ, олар жаңа жерде яғни Моғолстанда бірденнен-ақ, Шағатай тұқымының хандарын ығыстыра бастады. Мысалы, Моғолстан билеушісі шағатайлық Сұлтан Саид хан (892/1487 ж. туған – 939/1533 ж. өлген) 920/1514 жылы өзіне Қашғарды бағындырып, ондағы әмір, дулат мырза Әубәкірді талқандайды және жоғарыда айтқанымыздай, 928 (1521-1522) жылы өзінің ұлы Рашид сұлтанды жорыққа аттандырып, бүкіл Моғолстанды және қырғыздарды бағындырды. Бірақ бұған дейін сандары сәкізүз мыңға жеткен және Моғолстанның батысына берік орныққан өзбек-қазақтар Рашид сұлтанды биліктен ығыстырып шығарды. “Олар екі жүз мың еді, - деп жазады М.Х Дулати бұл туралы, - оларға қарсы түру мүмкін болмады, сондықтан Рашид сұлтан өзінің адамдарымен тағыда Қашғарға қайтып келді” (99).

Өзінің еңбегінің тағы бір жерінде М.Х.Дулати мәселені мұнан да гөрі анығырақ етіп былай дейді: “Ол кезде Моғолстанда көп әскер топтасты. Мұны нақты сипаттау тым ұзақ болады ... Қысқаша айтқанда, өзбек-қазақтардың шабуылдауынан және қырғыздардың жаулық қарым-қатынасынан Рашид сұлтан өзінің бүкіл төңірегімен Қашғарға оралды” (100).

Мұнан аңғаратынымыз, 1468 жылдан кейін Әбілқайыр өлген соң Өзбек ұлысына қайтып оралған Керей мен Жәнібек ондағы билікті басып алған соң да өздерінің Жетісудағы иеліктерінен бас тартпаған, ал олардың ұрпақтары шығысқа қарай өз иеліктерін кеңейте берген. Мемлекеттің “өзбек” атауынан мүлде арылып “қазақ” аталатыны да осы түс.

М.Х.Дулати өзінің еңбегінде Өзбек ұлысынан қашып келіп Жәнібек пен Керейдің төңірегіне топталған адамдардың алғаш иеліктен өзбек-қазақ, онан соң қазақ аталғандарын да нақты жазады: “Алғашқы кезде олар адамдардан кетіп қалып, олардан оқшауланғандықтан және біраз уақыт қайыршыланып, сондай-ақ босып жүргендіктен оларды қазақ деп атады. Осы атау оларға бекіп қалды” (101).

Махмұд бен Уәли мұны басқашалау түсіндіріп, Жәнібек пен Керейге ілесіп Моғолстанға келгендер “алғашқы кездері уақыттарын қалмақтар мен қырғыздарға жортуылдар жасап, сондай-ақ оларды тонап және өлкенің шет аймақтарында қарақшылықпен айналысқандықтан бұл халыққа (тайпаға) қазақ деген ат ілесті, - деп атап көрсетеді (102).

Бұл жерде Мұхаммед Хайдар Дулати мен Махмұд бен Уәлидің айтып отырғандарының мағыналары бір.

Осыншама дәлелді және нақты айтылған соң, қазақтың неге қазақ атанғаны туралы әр түрлі болжамдар жасап, шынайы тарихи деректерді бұрмалау қажет бола қояр ма екен? Бүгінгі қазақ зиялылары осыны да ойласақ.

Ал енді қазақ сұлтандарының нақты билікті қолға алуына келер болсақ, бұл М.Х.Дулатидің көрсетуінше, Әбілқайыр өлерден біраз бұрын болған.

Жошының кіші баласы Шайбаннан тарайтын Әбілқайырдың (1412 ж. туып, 1468 ж. өлген) 1428 жылы Шығыс Дешті Қыпшаққа хан болып тағайындалып, Сібірден Сырдарияға дейінгі үлкен алқапты өзінің билігінде қырық жылдай топтастырып ұстап келгені белгілі (103).

Көзі тірісінде осыншама көлемді жерді жаулап алған (оның ішінде Жәнібек пен Керейдің иеліктері де бар), қуатты Әбілқайырдың өзінің мемлекетінің бөлшектенуіне жол беруі екі талай еді. Сондықтан да Жәнібек пен Керей өздерінің аз ғана төңірегімен бұл мемлекеттен Моғолстанға қаша, амалсыздан көшіп, “қазақ” атанды.

Бұл туралы М.Х.Дулати былай деп жазады: “Қазақ сұлтандарының билік етуі 870 (1465-1466) жылдан басталады. Алла жақсы біледі және 940 (1533-1534) жылға дейін қазақтар Өзбекстанның үлкен бөлігінде толық билікке ие болды”

Мұнда байқайтынымыз, алғашқы Қазақ хандығының құрылуы 70 жылдай уақытқа созылған едәуір ұзақ процесс болған, қазақтардың “Өзбекстанның үлкен бөлігінде билікке ие болуы” 940 (1533-1534) жылға дейін барған. Ал қазақ сұлтандарының билік етуінің басталған жылы – 870 (1465-1466) дәлме-дәл берілген деп айту да қиын. Өйткені, тек шындықты жазуға бекініп, оқтын-оқтын аллаға сиынып, құраннан үзінділер келтіріп отыратын М.Х.Дулатидің өзі де осы жылдың дәл екендігіне күмәнданып “Алла жақсы біледі” деп жазады.

Мұны ортағасырлық тарихшы Махмұд бен Уәли де жақсы түсінген болса керек, өйткені өзінің еңбегінде бұл мәселені айналып өтіп кетеді. Ал бүгінгі қазақ тарихшыларына келер болсақ, басқа табан тірер нақты деректер болмағандықтан өзара дауласып, өркім өр жылды көрсетіп, негізсіз болжамдар соңына түсіп кетті. Дерексіз болжам тарихи шындыққа жеткізе қоймайды. М.Х.Дулати келтірген деректен басқа қолымызда нақты дерек жоқ болса, онда оның айтқанынан алыс кетпегеніміз жөн. Мұны бізден гөрі орыс тарихшылары жақсы түсінетін тәрізді. Мысалы, В.В.Трепавлов былай деп жазады: “В конце 1460-х – начале 1470-х годов Гирей стал главным ханом. Джанибек считался ханом-соправителем Гирея, но, видимо, не имел большой власти. По традиционной схеме младший соправитель получал в управление правое т.е. западное, крыло” (104).

Міне, бұл ғылыми болжам, шын мәнінде М.Х.Дулати келтіретін жалғыз деректі теріске шығара қоймайтын нақты болжам. Өкінішке орай, М.Х.Дулатидің деректерінен басқа бұл мәселеде өзiрге дерек жоқ екенін біле тұра, М.Х.Дулатидің қатесін анықтауға құлшынын жүрген

зерттеушілеріміз де кездеседі. Мұның өзі біздің ойымызша ғылыми сыпайылықтан тайқып кету болып шығады. Біздің ойымызша қолда бар деректі бағалағанымыз және оны басқа тарихи мәліметтермен әлі де салыстыра түскеніміз жөн.

Мәселеге мұндай жауапкершілікпен қарау, Қазақ хандығының құрылуы туралы аса маңызды оқиғаның мерзімін дұрыс анықтау үшін қажет.

Ал енді қазақтың алғашқы ханы кім?

Ең басты және ең негізгі дерек — “Тарих-и Рашидиге” сүйенсек, қазақтың ең алғашқы ханы Керей хан екенін көреміз. Өйткені М.Х.Дулати қазақ сұлтандарының ел басқаруы туралы мәселені айтқанда өзінің атақты еңбегінің екі жерінде осы мәселеге арнайы тоқтап, екеуінде де Қазақ хандығын басқаруды Керейден бастайды. Оқырманның көзі жетуі үшін осы екі үзіндіні “Тарих-и Рашидиден” сөзбе-сөз келтірелік: Керей ханнан соң Бұрындық хан болды, ал онан соң Жәнібек ханның баласы - Қасым хан, ол бүкіл Дешті Қыпшақты басқарды және оның әскері мыңғырған мың (адамнан) асып кетті (105). Немесе, “Керей хан (өлген) соң хандық оның баласы Бұрындық ханға бекіді”. (106) Осы деректер Жәнібек хан атағын алғанымен, негізінен сұлтандық қызмет атқарған, ал нағыз хан Керей болған деген тұжырымды бекіте түседі. Сондықтан қазақ хандарын Керейден бастауымыз дұрыс. Ал енді қазақ хандары әулетінің негізін салушы аталып жүрген Керей мен Жәнібектің бабасы Ұрыс хан (1369-1379 жж.) Жошы ұлысының солтүстік қанатын басқарушы және Алтын Орда ханы (107) ретінде тарихта қалуы керек. Егер Ұрыс ханды қазақ ханы деп атар болсақ, онда оның бабасы Жошының өзі де қазақ ханы болып шығар еді. Бірақ олардың тұсында қазақ жеріндегі мемлекеттер мүлде басқаша аталды емес пе? Әрнәрсені өзінің атымен атағанымыз жөн болар!

Жалпы Ұрыс хан туралы “Тарих-и Рашидиде” ештеңе айтылмайды. Онда Керей мен Жәнібек туралы мәліметтер де аз.

Кезінде Жәнібек туралы Қазақстан тарихшылары мынадай қорытынды жасаған еді: “Оның есімі тарихи мәліметтерде соңғы рет 1473 ж. кездеседі. Одан кейінгі жылдарда тек Керейдің ғана аты ұшырайды. Жәнібек хан сол

дәуірдегі жиі болып тұрған соғыстардың бірінде қаза тапқан деп жорамалдауға болады” (108).

Бірақ, соңғы жылдары бұған мүлде қайшы пікірлер де айтылып жүр. Оған негіз болатын “Тарих-и Рашидидегі” төмендегі жолдар: “Жоғарыда аталған Қасым хан Жәнібек ханның баласы еді, және өзінің әкесі тәрізді барлық істерде Бұрындық ханды мақұлдады және тындады” (109). Осы үзіндіге назар аударған тарихшылар С.Г.Кляшторный мен Т.И.Сұлтанов былай дейді: “Осыдан мынадай қорытынды жасауға болады, Жәнібек Бұрындықтың әкесі Керей ханнан ұзақ өмір сүрген және хан мәртебесін алып жүрсе де, дербес билеуші болмаған” (110).

Махмұд бен Уәли бұл мәселені былай түсіндіреді: “Керей-хан өлген соң оның үлкен баласы Бұрындық-хан патшалық құруға кірісті, ал Жәнібек-ханнан кейін билік сін Жәнібек ханның Қасым-ханнан үлкен баласы Әдік сұлтан қолға алды ...” (111).

Бұл айтылғандардан Жәнібек ханның қосымша хан түрінде болса да билікте болғанын аңғарамыз.

“Қазақстан” Ұлттық энциклопедиясында” жазған мақаласында Б.Кәрібаев “1465/66 жылы Керей хан қайғыс болғаннан кейін Жәнібек хан билікке келеді ... 1470 жылдардың басында Шайх Хайдар хан өлтірілген соң, көшпелі озбектер мемлекеті толығымен күйреп, Дешті Қыпшақтың басым бөлігінде Жәнібек хан басқарған Қазақ хандығының билігі орнайды”, - деп жазды (112).

Зерттеуші В.В.Трепавлов жоғарыда атап көрсетілгендей, Жәнібектің алғаш Қазақ хандығының батыс бөлігінде қосымша хан болуы, ал Керей өлген соң шығысқа жылжып, негізгі хан тағын иемденуі мүмкін дейді. Ғалым бұл пікірді Асанқайғының жырында кездесетін дерекпен дәлелдеуге тырысады (113).

Әрине, бұл пікірлер әлі де терендете зерттей түсуді қажет етеді.

“Тарих-и Рашидиде” Жәнібек пен Керейдің жеке бастарынан гөрі олардың ұрпақтарына едәуір орын берілген. “Керей ханның, - деп жазады М.Х.Дулати, - Бұрындық ханнан басқа да көптеген балалары болды. Жәнібек ханның да Қасым ханнан басқа балалары болды. Олардың қатарына Әдік сұлтан жататын”.

Жағдайдың ары қарай қалай қалыптасқанын М.Х.Дулати былай түсіндіреді: “Әдік сұлтан өлген соң билік Қасым ханға шоғырланды, ал Бұрындық ханға хандық атауынан басқа ештеңе қалған жоқ. Ақыр соңында Қасым хан Бұрындық ханды қуып жіберді. Бұрындық хан Самарқандқа кетті және жат жерде қайтыс болды” (114).

Алайда, “Тарих-и Рашиди” авторы қазақтың Бұрындық (қазақша әдебиеттерде – Мұрындық) ханының өз тұсында аса ықпалды болғанын айта кетуді де естен шығармайды. “Дешті Қыпшақта және Жошы ұлысында, - деп жазылған онда, - Бұрындық хан хан болды. Жошы тұқымынан шыққан барлық әміршілер оның билігіне бағынды және өзінің саны жағынан (оның әскері) жаңбыр тамшыларымен бәсекелесе алар еді” (115).

Деректер, кезінде Бұрындық әскерінің 50 мың адамға жеткенін, ол кезде әлі сұлтан Қасымның оның атты әскерін басқарғанын көрсетеді. Туған және өлген жылдары белгісіз Бұрындық 1473-1474 (себебі осы жылы оның әкесі Керей өлген) жылдан 1511 жылға дейін хан болған. Қасыммен тартыста жеңіліп, Самарқандтағы Шайбани әулетіне тұрмысқа шыққан қыздарының қолына барып қайтыс болған (116).

Жоғарыда айтылды, “Тарих-и Рашидиде” қазақ ханы Қасымханға аса үлкен баға беріледі. “Қасым ханға келер болсақ, - деп жазады М.Х.Дулати, - ол өзінің билігіне бүкіл Дешті Қыпшақты бағындырғаны сондай, Жошы ханнан кейін мұндайды ешкім де жасай алмаған еді. Мысалы, оның әскерінің саны маңғырған мың (миллион) адамнан асып кетті” (117).

Шығарманың бір емес, екі жерінде айтылатын Қасым ханның әскер қуаты жөніндегі осы жолдар, Қасым ханның өзінің заманында үлкен қайраткер және жаужүрек қолбасы болғанын айқын дәлелдейді. Өзінің замандасы ретінде Қасым ханды М.Х.Дулати оқтын-оқтын әңгімеге кірістіріп отырады. Өзбектер үшін оның әркез қауіпті тұлға болып қалғанын ол, былай деп жазады: “Өткен жылы (жорық жасап – Т.О.) Қасым хан келді, осыдан соң өзбектер көктемнің өн бойында одан қауіптенумен болды» (118). М.Х.Дулати одан ары “Қасым ханның өзі туған өлкелеріне оралуына байланысты өзбектердің көңілінің орнына түскенін баяндайды.

Әбілқайыр ханнан кейін атағы дүркіреп шыққан, оның немересі және Шахибек деген есіммен әйгілі болған Мұхаммед Шайбани хан (855/1455 жылы туған, 916/1501 ж. өлген) XV ғасырдың 80-ші жылдарында Мәуереннахрды түгел жаулап, Өзбек мемлекетін басқарғаны, сөйтіп Шайбанидтер әулетін негіздегені тарихтан белгілі. Осы Шахибек қазақтардың ата жауы болды, әсіресе Қасым ханның тұсында оған қарсы күрес қатты жүрді. Мұны “Тарих-и Рашидиді” оқыған кезде айқын аңғаруға болады. М.Х.Дулати кезінде өзінің туған әкесін өлтірген осы Шахибектің қатыгездігіне және қанішерлігіне еңбегінің біраз беттерін арнаған. Онда мынадай пәлсәпалық жолдар бар: “Шахибек хан хандардың және менің әкемнің де тіршілік кеселерін азапты өлімнің шарабымен толтырып, оны сарқып және тіптен сіміріп ішуге оларды мәжбүр етті. “Басқаларды суарған шарапты өзін де ішесің”, деген бар емес пе, бақыт оған теріс қарады, оның табысқа толы өмірі төңкерілді, оларды суарған (шараптың) қалдығын, оның өзі сіміріп ішті” (119). М.Х.Дулати мұнан ары Шахибек ханның басына бақытсыздық қондырған Қасым хан екенін тәптіштеп баяндайды. “Тарих-и Рашидиде” бұл мәселе былай баяндалады: “915 (1509, қараша –1510, ақпан) жылдың қысында ол (Шахибек – Т.О.) қазақтарға аттанды. Ол кезде олардың ханы Бұрындық хан болса да, бірақ (нақты) билеуші Қасым хан еді. Өзінің ұлылығына қарамастан, Шахибек ханда оған қарсы тұрарлықтай күш жоқ еді. (Шахибек хан) әскерлерінің саны ол кезде екі жүз мыңнан асатын. Қыс түскендіктен (оның әскерлерінің) бәрі жем-шөп үшін әр жерлерде орналасты. Қақаған қыста Шахибек хан бірде кетіп, бірде қайтып келіп, қасқырша жортты. Оның бұлай жасаған себебі, қарсыласын өзінің иелігіне жақындатпау еді. Соңғы рет ол, жорыққа жоғарыда аталған жылы, оның әскерлерінің аттары мүлде болдырған кезде аттанды. Өзі Көк қашана (Сығанақтан Төмен арыққа қарай сегіз шақырымдай – Т.О.) маңында қалып, өлі де күші бар жылқыларға мінген әскерлер тобын бөлді және оларды алға жіберді. Оларға бірнеше адам шабуыл жасап, оларды тұтқын етті және олжалап алып кетті.

Бірде жылқы жайып жүрген (Шахибектің әскерлері) жақын маңда Қасым хан бар деген хабар алды және қорықты. Қасым хан өмірлерінің бірі Бүйүн Пір Хасан Шайбанның

жорығы туралы естіп, өзінің адамдарымен бірге сол топқа қарай жылжыды және Қасым хан келді деген осек таратты, онан соң алыстан оларға өзінің әскерлерімен көрінді. Шахибек ханның әскерлері бәлкім, Қасым ханның өзі келіп қалған болар, - деп ойлап және тартып алғандарының бәрін тастап, құр-алақан күйде, Қасым ханның келгені туралы хабарды алып, Шахибек ханға келіп жетті. Шахибек хан сол сәтте кетуге дабыл қақты және басқа хабарлар алуға тырыспады. Үлгермегендер қалды, үлгергендер кетті, осылайша, талқандалған және жүдеген олар қыстың соңына қарай Самарқандқа келіп жетті. Шахибектің өзі Хорасанға кетті және көктемді сонда өткізді ... ” (120).

Осылайша, М.Х.Дулати ұзақ жылдар бойы Орта Азияда қаһарлы әскери және саяси күш болған Шахибектің, яғни Мұхаммед Шайбани ханның Қасым хан тұсында айбаты қайтып, қазақтардан қатты қаймығатын қайраткерге қалай айналғанын тәптіштеп жазады. Оның үстіне жоғарыда айтылғандай, Қасым хан тіптен Бұрындық ханның кезінде-ақ, қазақтарға аса ықпалды, ал оның жаулары үшін аса қорқынышты қайраткер болған.

М.Х.Дулати өзінің еңбегінде Бұрындық хан мен Қасым ханның өзара жеке қарым-қатынастарын да тәптіштеп, нақтылап түсіндіреді. “Қасым хан хан мәртебесін қабылдамай тұрып-ақ, - деп жазады ол, - оның билігінің қуаттылығы сондай, Бұрындық ханның билігі туралы ешкім де еске түсірген емес. Алайда, оның Бұрындық ханның айналасында қалғысы келмеді. Егер ол, оның айналасында қалар болса, онда оған тиісті құрмет көрсетпес еді, ондайда (Бұрындық хан) оған қысым жасай бастар еді, ал оған құрмет көрсетуге оның іштей жек көрушілігі жол бермеді. Сондықтан, Қасым хан одан алысырақ жүрді. Бұрындық хан Сарайшықта тұрды. Қасым хан одан алысырақ болуды қалап, Моғолстан шекарасына кетті” (121).

Міне тарихи шындық осылай! Бұл жерде Бұрындық тұрып жатқан Сарайшық қаласының Жайық өзені бойында болғаны жөнелі.

Жалпы, “Тарих-и Рашидиді” оқып отырғанда Қасым ханның Моғолстан хандарымен жақын және одақтас болғанын аңғарасыз. Ал мұның өзі қазақпен туыс, түрік тілдес Моғолстан тайпаларының Қазақ хандығына қосылу

процесін тездетті. Қасым ханның мемлекетіміз алдындағы үлкен еңбегі – міне, осында!

Қасым ханды Шағатайлық Моғолстан хандарымен жақындастырған тағы бір мәселе - құда-жекжаттық қарым-қатынастар еді. “Тарих-и Рашидиде” бұл төмендегідей баяндалады: “... Жәнібек ханның Қасым ханнан басқа да балалары болды. Олардың қатарына Әдік сұлтан жататын ... Оған Жүніс ханның төртінші қызы Сұлтан Нигар ханымды (әйелдікке) берді. Тәшкент талқандалған соң Әдік сұлтан Шахибек ханнан қашып шықты және қазақтарға кетті. Сұлтан Нигар ханым да оның соңынан келді. Әдік сұлтан кешікпей қайтыс болды. Қасым хан Сұлтан Нигар ханымға үйленді. Әдік сұлтан өлген соң билік Қасым ханға бекіді ...” (122).

Әйгілі Захир ад-дин Мухаммед Бабурдың жазбаларын оқысақ, Сұлтан Нигар ханымның тағдырына қағысты мынадай мәліметтер аламыз: “Сұлтан Нигар ханымды Сұлтан Махмуд мырзаға (тұрмысқа – *Т.О.*) берді ...

Сұлтан Махмуд мырза қайтыс болған соң Сұлтан Нигар ханым өзінің баласын алып, ешкімге хабарламай, Тәшкенттегі бауырларына кетіп қалды. Арада бірнеше жыл өткен соң, оны қазақ сұлтандарының біріне, Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының тұқымы Әдік сұлтанға тұрмысқа берді. Шайбани (яғни Шахибек - *Т.О.*) хан хандарды талқандап, Тәшкентті және Шахрухияны алғанда, Сұлтан Нигар ханым он екі моғол нөкерлерімен Әдік сұлтанға қашты. Әдік сұлтаннан оның екі қызы болды; біреуін Шайбани хан отауынан шыққан сұлтанға, басқасын – Саид ханның баласы Рашид сұлтанға берді.

Әдік сұлтаннан кейін (Сұлтан Нигар ханымды) қазақ ұлысының ханы Қасым хан алды. Қазақ хандары мен сұлтандары арасында бірде-бірі бұл халықты Қасым хан тәрізді (бағынышты) етіп ұстай алған емес деседі. Оның әскерінде үш жүз мыңға таяу адам болған. Қасым хан өлген соң ханым Қашғарға сұлтан Саид ханға келді” (123). Көріп отырмыз, М.Х.Дулати де Захир ад-дин Бабур да бірін-бірі растайды.

Қазақ сұлтаны Әдік те, оның туған бауыры Қасым хан да, сондай-ақ, М.Х.Дулатидің әкесі Мухаммед Хусайын да Моғолстан ханы Жүніс ханның күйеу балалары болған.

Сонымен қатар, бұлардың әйелдері Захир ад-дин Бабурдың шешесімен әкс жағынан туған апалы-сіңлілілер (рас, шешелері бөлек) еді.

Сонымен қатар, Сұлтан Нигар ханым Моғолстан ханы сұлтан Саид ханға әкесі жағынан әпке болып келетін еді (124).

Міне, осы жағдайлар Қасым хан мен Моғолстан ханы сұлтан Саид хан арасын жақындастыра түсті.

“Тарих-и Рашидиде” автор өзі куә болған 1511-1512 жылдар оқиғаларын айта келе сұлтан Саид ханның Сүйіндік Қожа ханнан жеңілген соң көмек сұрап, Қасым ханға барғанын әңгімелейді. Сүйіндік Қожа хан Әбілқайырдың баласы Шайбанидің, яғни Шахібектің ағасы болатын және осы інісінен басқаруға Тәшкентті алған еді.

Сүйіндік Қожа ханға және оның інісі Шахібекке бағынғысы келмеген Моғолстанның оңтүстігіндегі әкімдер Қасым ханның жағына шыға бастады. Мысалы, Сайрам әмірі Қатты бек осы қала басшыларымен қаланың кілтін Қасым ханға алып барған. “Тарих-и Рашидиде” Қасым ханның мұнан кейінгі іс-әрекеті былай баяндалады: “ол (яғни Қасым хан – Т.О.), моғолдар Йанги деп атайтын Таразға аттанды. Өзінен бұрын ол өз әмірлерінің бірін жөнелтті; Қатты бек оған Сайрамды берді және Қасым ханға қызметке кірді, оны (Тәшкентке баруға) итермеледі. Қасым хан қалың қолмен Тәшкентке аттанды. Сүйіндік хан Тәшкент қамалына бекініп алды. Қасым хан келіп жетті, қамалдың жанында түнді өткізді және Тәшкенттің айналасын тонап, онан соң тапқанының бәрін өзімен бірге алып, кетіп қалды. Сайрамның айналасында ол өзінің малын жая бастады” (125).

Сұлтан Саид хан Қасым ханның Тәшкентке шабуыл жасағанын естіп, онымен бірігу үшін оған аттанды. Бірақ, науқастанып қалғандықтан Сұлтан Саид ханмен бірге Қасым ханға М.Х.Дулати бара алмай қалған. Бұл туралы ол “Тарих-и Рашидидің” екі жерінде қайталап еске түсіреді. “Көктем түскен кезде, - деп жазады ол, - хан (Сұлтан Саид хан – Т.О.) Қасым ханға кетті. Ол Дешті Қыпшақта билік ететін. Оның әскерлерінің саны ол кезде үш жүз мың адамға жететін. Қасым хан (Сұлтан Саид) ханға соншалықты қошемет және құрмет көрсеткен, осыдан соң хан мұны көп жылдар еске алып жүрді” (126).

Мұндай жылы қатынасқа Қасым ханның Сұлтан Саидқа жезде болып келуі және Моғолстандағы тайпалардың қазақтарға туыс болуы, сыртқы жаудың ортақтығы және т.б. нәрселер ықпал еткені сөзсіз.

М.Х.Дулати бұл құрметтің қалай болғанын кітабының басқа бір тұсында кеңінен әңгімелейді. Қасым ханның тарихи бейнесін толығырақ ашуға көмектесетіндіктен осы мәселеге нақты тоқталған жөн. Екі ханның кездесуі Джуд атты (Шудың жағасындағы осы аттас елді мекен болуы мүмкін) “Моғолстандағы әйгілі мекенде” болады. “Ол кезде, - деп жазады, - М.Х.Дулати, - Қасым ханның жасы алпыстан асып жетпісініші жылдарға таяп қалған еді, ал (Саид) ханның жалындаған жас кезі - ол отызға жақындап қалған еді. Жасының ұлғаюына байланысты ханды қарсы алуға шыға алмайтындығына өзі кешірім сұраған Қасым хан Жошы тұқымынан шыққан, кейбірінің жастары елу-алпыстардағы Жаныш хан, Таныш хан, Мұмаш хан, Жанхайдар сұлтан, Көріш сұлтан секілділерге және тағы басқа отыз-қырық сұлтандарға ханның алдында тізе бүгуді және оны құттықтауды бұйырды. (Саид) ханнан көп үлкен Жаныш хан мен Таныш хан тізе бүккен кезде, ол орнынан тұрды, ал басқа сұлтандар тізе бүккенде, хан оларды отырған күйінде құттықтады” (127).

Осы үзіндіден Қасым ханның Жошы тұқымдары арасындағы үлкен беделін ғана емес, сонымен қатар дала қазақтарында сандаған ғасырлар барысында қалыптасқан үлкен мәдениетті жалғастырушы қайраткерлігін де аңғара аласыз.

Қасым ханға осы үшін де аса қатты разы болып оны өмір бойы қадірлеген Саид хан туралы айта келіп, М.Х.Дулати былай деп жазады: “Әрқашан хан оны есіне алғанда (ия Алла оның дәлелін құрметтесін), ол Қасым ханның адамгершілігінің аса жоғарылығын айтушы еді және өзінің онымен танысуының мән-жайын, соның ішінде кездесуден кейін Қасым ханның ханға келіп былай дегенін әңгімелейтін: Біз даланың адамдарымыз. Мұнда қымбат заттар және таңдаулы тағамдар болмайды. Біздің ең үлкен байлығымыз - жылқы, ал ең дәмді тағамымыз - оның еті; біз үшін ең сүйкімді сусын - оның сүті және одан дайындалатындар. Біздің елімізде бақтар мен үйлер жоқ.

Біздің көңіл көтерер жеріміз — жылқы жайлауы. Біз сонда барамыз, сонда бәріміз бірге серуендейміз және жылқыларды қараймыз”. Сайд хан онан ары мынаны әңгімеледі: олар табынға жақындаған кезде, Қасым хан оны қарап шықты да мынаны айтты: “менде барлық табынға қатар қоюға болатын екі жылқы бар”. Осы жылқыларды әкелді. Осы екеуіне тең келер жылқыларды кейіннен ешқашан да кездестіре алмай анын (Саид) хан талай рет айтты. Қасым хан былай деді: “адамдар жылқының күшінің арқасында ғана өмір сүре алады. Менде осы екі жылқыдан басқа мені қанағаттандыратындары жоқ. Сондықтан мен олардың екеуін бірдей сипаттап шықты. (Саид) хан олардың бірін алды. Ол жылқыны Ұғлан Түрүк (Торы — Т.О.) деп атайтын. Шындығында да мұндай атты мен ешқашан да кездестірген емесмін. Қасым хан тағы да бірнеше жылқыны, оларды сол табыннан тандап, сыйға тартты.

Кеселегі қымызды ханның алдында ұстап тұрып Қасым хан былай деді: “Біздің қонақжайлылығымыз осыған келіп тіреледі. Егер сіз бір жұтар болсаңыз, біз үшін үлкен құрмет болып табылар еді”. Алайда (Саид) хан осыдан біраз бұрын масайтатын ішімдіктен бас тартқандықтан да былай деді: “Бұған дейін осындай іс болды, мен енді оны қалай бұзбақпын?” Қасым хан былай жауап берді: “Мен айттым емес пе, біздің ең сүйкімді сусынымыз бие сүті және одан дайындалатындар деп. Ал жылқы сүтінің ішіндегі ең жағымдысы осы (сусын) болып табылады. Егер менің өтінішімнен бас тартсаңыз, мен сізді мұнан кейін немен сыйлау және сізді маған қалай құрметтеу керектігін білмеймін. Мен тәрізді қожайынның дастарханына Сіз тәрізді аса қадірлі қонақ келуі үшін жылдар өтуі керек. Егер мен Сізді қонақ етуге дәрменсіз болсам, онда мен осы орындалмаған тілекті немен ауыстыра аламын?” Ол басын төмен түсірді және оның жүзінен абдыраушылық іздері байқалды. Осыдан соң Саид хан Қасым хан үшін қымыз ішу арқылы өзінің шараптан бас тартушылығын бұзды. Қасым хан өте қуанды. Әңгіме жиырма күн бойы жанданды, олар қымыздың ыдыстарын үздіксіз босатумен болды.

Жаздың соңы келді. Қазақтар Қасым ханның бұйрығымен қыстауға бағыт алды. Қасым хан мынаны айтты: “Қазір Шайбанға шабуыл жасау өте қиын. Адамдар қыс туралы қазірден бастап ойланулары керек. Бұл уақытқа әскер жиналмайды”. Осылайша ол, жорыққа аттанудан сыпайы гүрде бас тартты. Алайда Қасым хан ханды үлкен құрметпен жөнелтті. Ал өзі туған жеріне көшті. Хан одан өте разы болып оралды және Әндіжанға кетті. Тир (маусым-шілде) айы еді. Сарай төңірегіндегі ғалымдардың бірі осы оқиғаны: 919 (1513-1514) жыл – “Ашти-йін қазақ” (“Қазақтармен бейбітшілік”) деген сөзбен қорытты” (128).

Осы жолдарда Қазақ хандығын негіздеушілердің бірі Қасым ханның болмысы біраз ашылған. Оның үлкен саясаткерлігі, сонымен қатар ел қамын ойлайтын кемеңгерлігі және өзіне одақтас болуды көздеген әріптестерді бағалай білетін алғырлығы едәуір көрініс тапқан дей аламыз. Бір рет кездескеннің өзінде Моғолстан ханы - Сұлтан Саид ханға осыншама үлкен және мәңгілік жағымды әсер қалдырған тарихи тұлға - күллі қазаққа бүгінгі күні де мақтаныш болуға әбден лайық қайраткер болса керек. “Қасым ханның қасқа жолымен” келе жатқанымызды әркез ұмытпағанымыз жөн болар. Бізді М.Х.Дулати тағылымы міне, осыған меңзейді.

“Тарих-и Рашидиде” Қасым ханның қайтыс болуы туралы нақты дерек бар. “Ақыр соңында, - деп жазады М.Х.Дулати, - 924 (1518) жылдан соң ол (Қасым хан – Т.О.) мәңгілікке кетті. Қазақ сұлтандарының арасында күрес басталды. Қасым ханнан кейін оның баласы Мұмаш хан болды. Шайқастардың бірінде ол тынысы тарылып өлді. Одан кейін хан тағына Әдік сұлтанның баласы Тахир хан отырды (129). Мұндай құнды мәліметтер басқа әдебиеттерде жоқ. Ия, “Тарих-и Рашидиден” Қасым хан туралы ғана емес, сонымен қатар онан кейінгі қазақ хандары туралы да деректерді кездестіріп отырмыз.

Тарихшы Т.И.Сұлтанов Қасым ханның баласы – Мамаш ханның 924/1518 жылмен 928/1521-1522 жыл аралығында хандық еткенін жазады (130).

Кейбір деректер Мамаш ханның таққа таласқан, қырқысулар нәтижесінде өлтірілгенін айтады (131).

Соңғы кезде жарық көріп жүрген кейбір оқулықтарда Мамаш хан қазақ хандары тізімінде мүлде көрсетілмей жүр (132).

Бұл мәселені зерттеуші мамандар С.Г.Кляшторный мен Т.И.Сұлтанов Мамаш ханның соғыс құрбандығы болғанын, ұрыста үстіне киген ауыр сауытының оны тұншықтырып жібергенін және оның содан өлгенін жазады (133).

М.Х.Дулатидің мәліметімен салыстыра қарасақ, тарихи шындықтың осы пікір жағында екендігін аңғарар едік.

Сондай-ақ, М.Х.Дулатидің өзінің әлемге әйгілі еңбегінің бір емес, екі жерінде Қасым ханнан кейін қазаққа Мамаш ханның хан болғанын айтатынын ескерсек, Мамаш ханның таққа отырғаны күдік туғызбауы керек деп ойлаймыз.

“Тарих-и Рашидиде” Мамаш ханнан кейін хан тағына Әдік сұлтанның баласы Тахир ханның отырғаны айтылады. Ол шамамен 930/1523-1524 ж. хан атанған.

“Оның өзі, - деп жазады М.Х.Дулати, - қатал адам болғандықтан да қаталдық жасауда асып түсті, айналасындағы төрт жүз мың адамға тарта оның адамдарының бәрі бірденнен одан теріс айналды және жан-жаққа қашып кетті. Ол қырғыздардың ортасында жалғыз қалды және қайыршы күйде өлді” (134).

Тарихшы Т.И.Сұлтановтың зерттеуінше Тахир хан 1526 жылы ұлымен және аз ғана қазақтармен қырғыздарға кетіп сонда шамамен 938/1531-1532 жылы дүниеден қайтқан (135).

М.Х.Дулати “осы Тахир ханның (басқаруы) кезінде қазақтар (санының) азайып кеткенін” атап көрсетеді (136). Әңгіме бұл жерде әрине, қазақтың халық ретінде азаюы туралы емес, Тахирге бағыныштылар сандары туралы болып отыр.

Тахир ханның билік басындағы қызметі қасіретті, ал оның жеке басы қазақтар арасында беделсіз болса тұрса да “Тарих-и Рашиди” авторы өзінің еңбегінде оған едәуір назар аударатынын айта кеткен жөн. Тахир хан өзінің өгей шешесі, яғни әкесі Әдік сұлтанның өйелі, соңынан Қасым ханға тұрмысқа шыққан, Моғолстан ханы Жүніс ханның қыздарының бірі жоғарыда айтылған Сұлтан Нигар ханымды ерекше құрметтегені осы еңбекте кеңінен айтылады. Тәрбиелік мәні бар, әрі қазақ-моғол қатынасынан дерек беретін осы әңгімені баяндағанымыз артық болмас. “Ол

(Тахир хан – Т.О.) (Сұлтан Нигар – Т.О.) ханымды құрметтегені сондай, - деп жазады М.Х.Дулати, - оны өзінің туған анасындай қастерледі. Ханым оған мұндай пейілі үшін разы еді, алайда ол оған мынадай өтініш жасады: “Сен мен үшін балам сияқтысың, сондықтан сен тұрғанда мен ешқашанда, сенен басқа баланы еске түсірмеймін де және көргім де келмейді. Бірақ мен көрімін ғой, және де менде осы Өзбекстан даласындағы көшпелі өмірге төзетіндей күш те жоқ. Мен өзімнің қалған өмірімді қалада өткізгім және аяғымды етегіме жинап, қауіпсіздікте, тыныш өлгім келеді. Сондықтан мен сенің мені өзімнің немере інім сұлтан Саид ханға жеткізуіңді қалаймын. Сенің ісің де маңғыттардың (бөлкім өзбектердің) (жаулығынан) гүлденіп тұрмағандықтан және солардың бас көтеруінен он лектен (1 000 000) тұратын сенің әскерің төрт лек (400 000) адамға азайғандықтан сенде де оларға қарсы тұрар күш енді жоқ. Мен (сендердің араларыңа) ара кісі боламын және сені моғол хакандарына жолықтырамын. Осылайша сендердің араларыңда достық қарым-қатынас орнығады және сен маңғыттар соққысынан қаға беріс қаласың және сенің ісің жөнделеді”.

Мұндай ұсыныс Тахир ханға ұнады және ол келісім жоспарын жүзеге асыру үшін Моғолстан шекарасына бет алды. Ол Қашғарға (Саид) ханға келіп жетті. Өзінің құрметті әпкесі үшін хан Тахир ханмен кездесуге қотерілді және мынаны айтты: “оқиғалар барысы бойынша мен сенің маған менің мейірбанды әпкемді жеткізгенің үшін, маған түрегеліп тұруға да болады”. Тахир хан қалыптасқан тәртіп бойынша жақындап келіп басын иді және амандасты. Хан оны патша сыйлықтарына көміп тастады және игілікпен сондай-ақ мейірімділікпен өлпештеді. Оның қарындасын, ханымның қызын ол Рашид сұлтанға ұзатты” (137).

“Тарих-и Рашидидің” бұл үзіндісі Тахир басқарған қазақ хандығы жағдайының онша берік болмағанын айқын көрсетеді. Тегінде, бұл Ноғай ордасы маңғыттарының Тахирді Шығыс Дешті Қыпшақтан ығыстырған 1524 жылғы оқиғалары тәрізді. Сұлтан Нигар ханымның торкініне қайтуына да осы Қазақ хандығындағы ауыр жағдайдың себеп болғаны сөзсіз. Кезінде 1 млн (10 лек) адамдық әскерге басшылық еткен Тахирде 400 мың (4 лек) әскердің қалуы да ауыр ахуал нәтижесі. Осыған байланысты М.Х.Дулатидің

Тахирді Ноғай ордасы (маңғыттар) мен шайбаниліктерге қарсы күресте Моғолстан ханы Сұлтан Саидтан тірек іздеп келуші ретінде сипаттайтынын байқау қиын емес. Алайда, бұл қарым-қатынасқа керісінше баға беретін тарихшылар да бар (138).

Қалай десек де, тарихи деректер Тахир ханның 1526 жылы бүкіл Жетісуды Қазақ хандығы қарауында ұстағанымен, келер жылы қазақтарды басқарудан мүлдем айырылып қалғанын көрсетеді.

Тахирдің қазақ ханы ретіндегі қасіреті “Тарих-и Рашидидің” тағы бір жерінде кеңінен әңгіме болады. Онда мынадай деректер бар: “Тахир ханға келер болсақ, ол кезде онда екі жүз мың адам болды — оның бақытты күндері құлауға айналды және оның әскерлері он лектен (миллионнан) екі жүз мыңға дейін азайды. Ол бара-бара қатыгез және қатал бола түсті, сондықтан белгілі сұлтандардың жүрегі одан теріс айналды. Оның Абул-Қасым сұлтан деп аталатын туысы болды. Адамдар Тахирдің қаталдығы содан кошкен деп есептейтін және олар бірде зорлық қолдан бірденнен қол үзді. Барлық адамдар бір сәтте (Тахир ханнан) жан-жаққа қашып кетті. Осылайша, онда баласынан басқа ешкім де қалған жоқ. Бұл екеуі де қашып кетті және қырғыздарға барып қосылды”.

Міне, мәселенің мән-жайы осындай. Қалыптасқан дала демократиясының тәртібін бұзушылар әрқашанда осындай сәтсіздікке ұрынған. Әрине, ең жаман сәтсіздік - Қасым ханның данагөйлігімен іргесі бекіген іргелі Қазақ хандығының Тахир тұсында шаңырағының шайқалуы еді.

М.Х.Дулатидің шығармасындағы маңызды дерек — 1526 жылы моғолдардың Жетісуды, Оңтүстік, Шығыс Қазақстанды біржолата тастап, Қашғарияға кетуі. Осылайша, Жетісу мен Ыстық көл өңірі енді хандығы әлсіресе де елдігі бұзылмаған қазақ пен қырғызға бұрынғыша ата қоныс болып қалды. Бұл осы өңірлердің шын мәнінде Қазақ хандығы құрамына біріккен кезі еді.

“Тарих-и Рашиди” қазақ хандары шежіресін Бұйдаштың (Бойдастың) хан болуымен аяқтайды. Оның тарихта, туған жылы белгісіз. Ол Әдік сұлтанның баласы Тахир ханның кіші інісі еді, ал Бартольд пен Сұлтановтың зерттеулері бойынша 967/1559-1560 жылы Мәуереннахрға жорық кезінде өлген.

“Алайда, - деп жазады М.Х.Дулати, - Бұйдаш ханның кезінде (барлығы) жиырма мың ғана қазақтар қалды (139). Бұл мәліметін автор өзінің еңбегінің басқа бір жерінде нақтылай түседі де, былай дейді: Ақырында өшіккен тәгдыр осылай жасады, міне төрт жыл болды, еш жерде ол адамдардан із де қалған жоқ. Отызыншы (1524) жылы қазақтар мыңғырған мың (миллион) адам еді, ал қырық төртіншіде (1537) адамдардың осы санынан жер бетінде із де қалған жоқ” (140).

М.Х.Дулати бұл мәліметтерін еңбегінің басқа жерінде былай толықтырады: “940 (1533-1534) жылдан кейін ол (Бұйдашхан) да жоқ болды және (мұнда) қазақтар мүлде қалған жоқ” (141).

Бұл қалай? Тарихи шындықты бұрмаламай, қолына құран ұстап отырып, еңбегін оқтын-оқтын алаға сиынып жазған кемеңгер М.Х.Дулати қалай қателесіп отыр?

Мәселенің байыбына бару үшін 1537 жылы қазақтар жойылып кетті дейтіндей қандай оқиға болды, соған назар аударсақ. Тарихшы Махмуд бен Уәлидің “Бахр әл-асрар” атты еңбегінде Бұйдаш сұлтан (Бойдаш) қазақ пен қырғыздың біріккен әскерін бастап шағатайлық Абд әл-Латиф сұлтанмен соғысады, осы ұрыста Абд әл-Латиф өледі. Өлген сұлтанның әкесі ол кезде Шығыс Түркістанда тұрып жатқан жоғарыда аталған Моғолстан ханы Сұлтан Саид ханның ұлы Абдар-Рашид еді. Абдар-Рашид 940/1533 жылдан 967/1559-1560 жж. Моғолстан ханы болған (142). Айта кеткен жөн, М.Х.Дулатидің “Тарих-и Рашидиі” Моғолстан хандарының тарихын Тұғылық Темірден бастап, осы Абдар-Рашид ханмен таратып, аяқтайды.

Сонымен Абдар-Рашид Ыстық көл аймағында қазақ ханы Бұйдашқа шабуыл жасайды. Осы шайқаста Бұйдаштың әскері талқандалады, өзі қалған әскерімен қашып құтылады. Бұл ұрыс 1537 жылы болған. Онда қазақтар тоғыз туынан айрылыпты және онан соң олардың туы көтерілмегін деген әңгіме бар (143).

Тегінде, осы әңгімені, яғни 1537 жылдың оқиғасын Абдар-Рашид ханның төңірегіндегілер дабыраға айналдырып, “қазақтар мүлде жойылып кетті” десіп, 1533 жылдан бастап құғындалып отанынан кетуге мәжбүр болған және біз мазмұнын баяндап отырған еңбегін жат жерде – Кашмирде

жазған М.Х.Дулатиға бұрмалап жеткізген тәрізді. Ол болса “естіген құлақта жазық жоқ” демекші, естігенін “Тарих-и Рашиди” беттеріне түсірген. Дәл осындай пікірді С.Г.Кляшторный мен Т.И.Сұлтанов та айтады (144), сонымен қатар, осы екі тарихшы да М.Х.Дулатидің “адал ниетті тарихшы” екендігін, сондықтан да өздерінің оған “баяғыдан және бұлтақсыз, рухани жақындықтарын” арнайы атап көрсетеді.

“Тарих-и Рашидиді” оқыған кезде қазақ ханы Бұйдаш пен Моғолстан ханы Абдар-Рашид арасындағы шиленіс төркінін айқын аңғарасыз. Мұны М.Х.Дулати былай баянлайды: “Өзінің қарындасы Бәди әл-Жамал ханымды ол (Абдар-Рашид – Т.О.) өзбек-қазақ Әдік сұлтанның баласы Бұйдаш сұлтанға әйелдікке берді. Шайбанның өзбектері бірігін алып, өзбек-қазақтарды талқандаған кезде Бұйдаш сұлтан күйеу ретінде үмітпен Рашид сұлтанға (Абдар-Рашид сұлтанға – Т.О.) келді. Ал ол болса оған, егер ол Бәди әл-Жамал ханыммен ажыраспайтын болса оны олтіретінін айтып әкірендей бастады. Осылайша ол (Абдар-Рашид – Т.О.) осы некеле толық лайық ханзададан, (Бәди әл-Жамал ханымды) тартып алды және Мухаммадиге берді. Мухаммадидің ата-бабасынан ешкім де мұндай құрметтің маңын көрген емес еді. Бұған тіптен де жол беруге болмайтын еді. Өйткені мұндай істерде билеушілер де, сондай-ақ бағыныштылар да өздеріне теңдерін таңдайтын. Бірақ Рашид сұлтан мұның бәрін көзге ілемеді, сөйтіп, өзінің тұқымын масқаралады. Ол үздік шешен сөзді адамды томендегі, ақырған хайуаннан ажырата алмады. Осының бәрінен де ең жаманы сол, ол (қарындасының) лайықты адаммен некесін бұзды және оны күшпен лайық емес адамсымаққа берді” (145).

Бұл жерде М.Х.Дулати 1533 жылдың оқиғасын әңгімелеп отыр. Осыдан соң, оның еңбегінде аралары ашылып кеткен қазақ ханы Бұйдаш пен Моғолстан ханы Абдар-Рашидтің арақатынасы арнайы айтылған.

Қашғарда билік жасаған Абдар-Рашидтің тұсында моғол билеушілерінің қазақтармен қарым-қатынасының нашарлау себебі “Тарих-и Рашидиде” нақты түсіндіріледі. “Ол (Абдар-Рашид – Т.О.), - деп жазады М.Х.Дулати, - бұл туралы бұрын жазылғанындай, ескіден жау болып табылатын Шайбанның - өзбектерімен бейбітшілік және достық

орнатты. Және оздерінің ескі достары болып табылатын өзбек-қазақтарды қырумен айналысты. Екі жақтың өзбектеріне де Рашид хан өзінің қарындастарын әйелдікке берді. Ескі жау өзбек Шайбан Рашид ханның қарындасымен байланыс орнатқанда бұл (Рашид ханды) ар-ұяттан жүрдай етті. Қысқаша айтқанда ол, Шайбанмен одаққа кірді және өзбек-қазақтарды талқандады. Шындығында да, өзбек-қазақтарды талқандау (Рашид хан) ескі дәстүрлерді көзге ілмегендіктен таңданарлықтай іс болды” (146).

Әкесі Сұлтан Саид ханның және бабаларының қазақтармен тек достық қарым-қатынас орнатуға тырысқан әрекетін Рашид (Абдар-Рашид) ханның бұзуы шынында да тосын оқиға еді.

Рас, Моғолстан хандары арасында өзбек-қазақтармен уақытша соғысқан басқа хандар да болды. Соның бірі әйгілі Сұлтан Ахмад ханның үлкен ұлы Мансур хан еді. Ол Жүніс ханның немересі болатын. Шығыс Моғолстанда 1504-1544 жылдары хан болды. “Тарих-и Рашидиден” бұл мәселеге байланысты мынадай жолдарды оқимыз: “... жиырма жыл бойы Мансур хан бірнеше рет қалмақтарға және Қытайға қарсы қасиетті соғысқа (ғазават) аттанды және толық жеңіспен оралды. Олардың бірінде Мір Жаббарберді өлді (дулат тайпасының әйгілі өмірлерінің бірі — Т.О.) ...Қысқартып айтқанда, Қытайдағы қасиетті соғыстан босаған соң оның, Мансур ханның (Арыста), Моғолстанда өзбек-қазақтармен соғысы болды. Нәтижесінде хан жеңіліп қалды...” (147).

Бұдан байқайтынымыз, шағатайлық Моғол билеушілері Шығысқа қарай ығыса бастаған. Осы жерде тағы бір айтуға болмайтын нәрсе бар.

Ол — бүгінгі Қазақстан тарихында Алаша хан деген атпен әйгілі болған, жоғарыда аталған, Сұлтан Ахмад хан жойлы. Осы тарихи тұлғаға Захир-ад дин Бабур да, Мухаммад Хайдар Дулати да көңіл бөлген. Сұлтан Ахмад хан Жүніс ханның кіші ұлы еді. Ал Жүніс хан болса кезінде алғашқы қазақ хандары Жәнібек пен Керейді Моғолстанға паналатқан Есен бұға ханмен ағайынды және скеуі де Уәйіс ханның балалары болатын (148).

Сұлтан Ахмад хан туралы М.Х.Дулати былай деп жазады: “Моғолстанда ешкім де оған қарсы тұра алмайтын еді. Ол

бірнеше рет қалмақтарға қарсы сәтті жорықтар жасады, олардың көбісін өлтірді... Қалмақтар одан өте қатты қорықты және оны Алаша хан деп атады. Моғолша “алачи” - “өлтіруші”, яғни “хан-өлтіруші”. Осы тағылған ат ханда қалып қойды, адамдар оны Алаша хан деп атады. Қазір оны моғолдар арасында сұлтан Ахмад хан деп атайды, ал барлық басқа тайпалар “Алаша хан” дейді” (149).

Дәл осы айтылғандарды Захир ад-дин Бабур да растайды (150)

“Хан-өлтіруші” атанса да Сұлтан Ахмад ханның және оның ұрпақтарының қалмақтар мен Қытайдың шығыстан қазақ жеріне қарай жылжуын тоқтатуда үлкен рөлі бар. Бүгінгі ұрпақ осыны ұмытпауымыз керек. Оның Шахибек яғни Шайбан бастаған өзбектермен де жанталаса шайқасқаны “Тарих-и Рашидиде” кеңінен жазылған және оған “өлтіруші” атанса да ұнамды сипаттамалар берілген.

“Сұлтан Ахмад ханды бірнеше рет сал ауруы ұстады, - деп жазады М.Х.Дулати. — Емшілер оны емдеуге дәрменсіз болды және 909 (1503-1504) жылы қыс аяғында (Сұлтан) Ахмад хан өлді. (Ия, Алла оған бейіштен орын берсін).

Сұлтан Ахмад хан аса құдайшыл әмірші, берілген мұсылман еді. Оның шарифатқа жетіктігі сондай, көптеген істерде ол шешімді шарифат бойынша қабылдайтын. Шарифат мәселелерінде ол қиындыққа кездескен емес. Ол жігерлі және батыл адам болды, үлкен ержүректілігімен, ақылдылығымен және сергек зерделілігімен ерекшеленетін, және де сонымен қатар әдепті болды. Әсіресе ол дәруіш, ғалым және тақуа адамдарды құрмет тұтты. Өзінің уақытының көбін ол, діни ережелерді орындауға арнады, бес уақыт намазды ол адамдардың тура ортасында оқи беретін. Ол туыстық байланыстарды аса қадірледі. Мейірбандық және мадақтап сөйлеу жөнінен оның уақытысында оған тең келер ешкім болмады. Оның құдай берген жасы отыз тоғыз жасқа жетті” (151).

“Тарих-и Рашиди” Қазақ хандығын негіздеушілермен қатар, басқа да көрші мемлекеттер қайраткерлерінің өмірбаяндарын кеңінен қамтыған. Мұнда Язидің “Зафарнаме” атты шығармасының негізінде әйгілі Әмір Темірдің жорықтары оған қарсы тұрған және онымен одақтасқан көптеген тарихи кесек тұлғалар жан-жақты, көркем де

ақындық тілмен бейнеленеді. Бір ғажабы аса таланты әдебиетші және ақын бола тұрса да М.Х.Дулати тарихи оқиғалар мен тұлғалар туралы әңгімелегенде сезім жетегіне ілеспейді, мәселені болған, немесе өзі естіген қалпында түсінікті түрде баяндап беруге күш салады.

Ол кезде әлі қазақ халқының құрамына толық кіре қоймаған, алайда кейіннен қазақ мемлекеттігін нығайтқан тайпалар мен олардың билеушілері туралы деректер де “Тарих-и Рашидиде” баршылық. Мысалы, онда Мухаммад әл-Джувайнидің әйгілі “Тарих-и джахангушай” шығармасынан Шыңғысхан нояндарының найман ханы Кучлукты өлтіру әрекеті үзінді түрінде берілген (152).

Жалайыр және қыпшақ тайпаларының Самарқандты қоршауы туралы (153) қанлы, керей (керсит) тайпалары туралы (154) деректер бар.

Біз әңгімелеп отырған ұлы еңбек — “Тарих-и Рашиди” Кашмирде жазылған дедік. Ол екі дәптерден (яғни кітаптан) тұрады. Алғашқы дәптер 952/1546 жылы, екінші дәптерден кейін жазылған. Ал екінші дәптер 948/1541-1542 жылы жазылып біткен.

Біз бұл еңбектің XV-XVI ғасырлардағы қазақ тарихына және оның хандығының негізінің қалауына байланысты кейбір маңызды тұстарына ғана назар аудардық. Жоғарыда айтқанымыздай, бұл еңбек тек қазақ тарихы үшін ғана емес, бүкіл түрік, мұсылман дүниесі және жалпы Азия тарихы үшін мол және шынайы дерек беретін аса көлемді және терең мазмұнды, сонымен қатар бұлтартпас ақиқат тарих.

Бүгінгі егемен ел тарихшылары тарихты қалай жазуды басқа емес, міне осы кемеңгер М.Х.Дулати бабаларынан үйренгендері жөн. Сонда, біздің тарихымыз да шынайы жазылатын болады.

ІІІ ТАРАУ. ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАРҒА ҮЛТТЫҚ КӨЗҚАРАС МӘСЕЛЕЛЕРІ

3.1. Өтеміс Қажының “Чингиз-намесі” және тарихи тұлғалар

Тарих ғалымында деректану деген сала бар. Біздің халқымыздың тарихын зерттеуде бұл бағытта осы деректанудың негізін ауызша тарих айту дәстүрі және шежіре құрайды. Шежіренің құндылығы сол, онда халықтың, рулардың және тайпалардың, сондай-ақ оларды басқарған қайраткерлердің шығу тегі, өсіп-өніп өрбуі және таралуы жүйелі түрде сипатталды. Сондықтан да ол тарихи шығармаға жатады. Атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа ауызша және жазбаша жеткізіліп отырған шежірені бүгінгі ғалымдарымыз негізінен екі түрге бөледі. Оның алғашқысы – белгілі бір рудың, тайпаның немесе халықтың шығу тегін нақты тарихи оқиғамен немесе қайраткермен байланыстыра баяндайтын шығармалар. Бұлар тарих үшін аса құнды. Екінші топқа “жскелеген рулардың шығу тегін аңыз түрінде: адамды жануармен немесе жерден тыс нәрселермен байланыста түсіндіретін” рулық аңыздар жатады (155).

Шежірелердің алғашқы түрін нақты тарихи дерек ретінде барлық елдер қастерлейді, жинақ етіп шығарып, өздерінің көне және ежелгі тарихын жазуда салыстырмалы түрде талдап, кеңінен пайдаланады.

Біздің өлкеміздегі ықылым заманнан бергі тарихты баяндайтын шежірелер де баршылық. Олардың арасында Рашид ад-диннің “Джами ат-тауарихы”, Жамал Қаршидің “Оғыз-қыпшағы”, “Қарақан шежіресі”, Махмуд Қашқаридің “Дивани лұғат ат-түрігі”, Әбілғазы Баһадүрханның “Шежіре-и түрігі”, Мұхаммед Хайдар Дулатидің “Тарих-и Рашидиі”, Өтеміс хажының “Чингиз-намесі”, Қадырғали Жалаирдің “Джами-ат тауарихы” және тағы басқа көптеген құнды еңбектер бар. Бұлардың біразы деректерді Шыңғыс хан заманынан бері қарай таратады.

Беріректе қазақ шежіресін жинаумен және жариялаумен Шоқан Уәлихановтың нақты айналысқанын, оларды А.И.Левшин, Н.Аристов, К.Б.Красовский, Л.Мейер, В.В.Григорьев, В.Радлов, В.Бартольд және тағы басқа орыс ғалымдары іздестіріп, жариялағандарын білеміз. “Айқап”

және “Қазақ” газеттерінде біраз қазақ зиялылары қазақтың және оның руларының шығу тегі туралы шежірелік деректер жариялап, қазақ оқырмандарына осы мәселеде ой салды.

Шәкәрім Құдайбердіұлының “Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі”, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының “Қазақ шежіресі”, Мұхаммеджан Тынышбаевтың қырғыз-қазақ халықтарының шығу тегіне байланысты шежірелік материалдары тоталитарлық жүйе жылдарында өзінің туған халқына көрсетілмей, көзден таса боп тығылып тасталды. Мұның басты себебі, ұлттың шығу негіздерін, этникалық қайнар көздерін қамтитын шежірелер халықтың ұлттық санасын кеңейтіп, ұлттық сезімін қоздырып, оның отаршылдық психология қысымынан бұлқынып шығуға деген табиғи талпынысын туғызуды әбден мүмкін еді.

Енді егеменді ел болып, етек-жеңімізді жинағанда халқымыздың, еліміздің шежірелік тарихынан терең сыр тартатын рухани қазыналардың мазмұнымен бәріміздің де таныс болуларымыз қажет-ақ. Осының мысалы, XVI ғасырдағы мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің “Тарих-и Рашиди” деген көлемді де іргелі еңбегі. Моғолстан және Қазақ хандарының шығу тегінен құнды тарихи деректер беретін және бүгінде қазақша аудармасы қолымызға тиген бұл шығарманың төл тарихымыз үшін маңызы өлшеусіздігін жоғарыда атап көрсеттік. Оны орта ғасырлардағы тарихи шығармалармен салыстыра қарау және талдау көптеген тарихи шындықтарды анықтап алуға көмектеседі. Осындай шежірелік түрғыдағы аса құнды тарихи деректің бірі - Өтеміс қажының “Чингиз-намесі”. Мұнда Алтын орда немесе Ақ орда тұсындағы қазақ тайпаларының және руларының өлі де “қазақ” атауын ала қоймаған жалпылама “Дәшті қыпшақ” және “өзбек” атанған XIV ғасырдағы кезеңінен сыр шертіледі. “Чингиз-наме” өзіміздің елімізде 1992 жылы “Ғылым” баспасынан орыс және түпнұсқа түрік тілдерінде белгілі шығыстанушылар В.П.Юдиннің, Ю.Г.Баранованың және М.Қ.Әбусейітованың ескертпелерімен, түсініктемелерімен және көрсеткіштерімен жарық көрді.

Өкінішке орай, қолымызда түрік тіліндегі түпнұсқа және орыс тіліндегі аударма бола тұрса да “Чингиз-наме” әлі күнге дейін қазақ тіліне аударылмай, яғни қалың қазақ оқырманына жетпей отыр. Осы оқылықтың орнын біршама

толғыру үшін біз төменде “Чингиз-наменің” мазмұнымен оқырманды таныстырып отырмыз. Жалпы алғанда, бұл еңбек – тек кәсіпқой тарихшыларға ғана емес, өзінің өткенін білгісі келетін қазақ атаулыға түгелдей қажет еңбек.

Кезінде қолжазбасы Ташкенттегі Түркістан көпшілік кітапханасында сақталған бұл қолжазбаға алғаш 1889 жылы Е.Каль, онан соң 1902 жылы В.Бартольд назар аударған екен. Одан соң әйгілі З.Уәлиди 1913 жылы Орынборда “Чингиз-намені” Ташкент қолжазбасына қарағанда әлдеқайда толық нұсқасын тауыпты. Бірақ соңғы нұсқа біздің ғалымдардың қолына әлі түспей отыр.

Ал енді “Чингиз-наме” авторына келер болсақ, ол - Өтеміс қажы. Мәулен Мұхаммед Достының баласы. Ата-бабалары Жошы хан тұқымы – шайбаниліктерден тарайтын хандарға қызмет жасаған ықпалды кісілер болған. Еңбек XVI ғасырда жазылған. Ал ондағы тарихи оқиғалар Шыңғыс хан және оның мұрагерлері ел басқарған XIII-XIV ғасырларды қамтиды. Алтын орданың Батый ханнан Тоқтамыс ханға дейінгі хандарының іс-әрекеттері баяндалады. Хандар баяны қолжазбадағы тоғыз тарауға бөлініп, жеке-жеке берілген.

Өзінің бұл жұмысты жазуда алға қойған міндетін автор былай түсіндіреді: “...Чингизхан оғланларыдын ол Дәшт виләйәтіндә кім хан болғандын соң// кім хан болды вү андын соң нә вәқтгә тәгру нә тәртіб бірлә кімләр хан бола көлділәр// вә буларның арсынгдә нә түрлік уруш вә нә түрлік-мажәралар көчті – бұларның// барчасын көмаһәққа білсәм...” (156). Яғни автор өзінің еңбегінде Шыңғыс хан ұрпақтарынан кімдердің Дәшті қыпшақта хан болғанын, және олардың қандай уақытқа дейін және қандай тәртіппен хан болғандарын, бұлардың араларында қандай соғыстар мен қақтығыстар болғанын осылардың бәрін білгісі келгенін, сондықтан да осы жұмысын жазып отырғанын атап көрсетеді.

Дәшті қыпшақ аталған кең байтақ ұлы даланың сол кезде сонау Днепрден мына өзіміздің Ертіс өзеніне дейінгі аймақты, яғни көп бөлігі бүгінгі қазақ даласын қамтығанын тарихтан жақсы білеміз. Олай болса әңгіме, біздің бұрынғы төл тарихымызға тікелей қатысты деп айтуымызға толық негіз бар.

Алайда, мұнда ескеретін бір мәселе - Өтеміс қажы өзінің бұл еңбегін ауызша деректер негізінде жазған. Кім ауызша

тарихты жақсы білсе, ол соны іздеп барған және естігендерін ақылға салып таразылап, ой елегінен өткізіп қағазға түсірген. Өзі XVI ғасырда өмір сүрген автор мұндай деректерде шындықтан ауытқулар орын алуы әбден мүмкін екендігін ескертеді: “Мөшһүр туруп кім, құлақ ішіткөн сөзнің көпрөкі йалған төрлөр. Нағаш әгәр хәта// сы йа көләті вакіз болмыш болса ғәләтні чықарыб хәтасыны раст қылсалар” (157). Яғни автор естіген өңгімелерде қателер кеткен жағдайда, ақиқатын білетіндер оны түзетер деп үміттенеді.

Өтеміс қажының өзі бұл еңбегін әркез аллаға сыйынып отырып жазғандықтан, оның өзі естігендерге өзінің жанынан ештеңе де қоспағанына, естігендерін қазқалпында беруге тырысқанына күмәнданбауға болады.

Еңбектің “Шыңғыс хан туралы дастанның басталуы” деп аталатын алғашқы тарауында Шыңғыс хан жаулаған аймақтың бір шеті Бағдадқа, екінші шеті Хиндустанға, үшінші шеті Дәшті қыпшақ пен Еділ өзеніне дейін созылып жатқаны айтылады. Осы аймақты Шыңғыс ханның ұлдарына бөліп бергені атап көрсетілген.

Біздің тарихымыз үшін Жошы хан туралы деректер бағалы. “Жошы хан, - деп жазады Өтеміс қажы -- оның барлық балаларының үлкені еді. Ол (Шыңғыс хан) (оған) көп әскер қосып Дәшті-қыпшақ аймағына жұмсап жіберді. “Аттарыңа жем болсын”, - деп (оған сондай-ақ) Хорезм аймағын да берді”. Мұнан ары оқиға былай өрбиді: Дәшті-қыпшаққа келген Жошы хан Ұлытауға жетіп, марал-киік аулап аңға шығады. Өтеміс қажының өзінің сөзімен айтар болсақ, оған тауда “бір бөләк// марал-кейікләр йолиқды. Аны Зувалаб атардә атдын йықылыб бойны сыныб// вәфәт болды». Яғни Жошы хан аттан жығылып, оның мойын омыртқасы сынған (158).

Бұл тарихи деректі Жезқазған қаласынан 45 шақырым теріскейде Кеңгір өзенінің сол жақ жағасында орналасқан Жошы хан күмбезіне археологтар жүргізген зерттеулердің негізінен анықтап бергені белгілі. Қабір ішінен тақтай табытқа жерленген адамның сүйегі шықты. Сүйектің он қолы жоқ екендігі анықталды. Оның үстіне қабір ішінен салтанатты киім жұрнақтары, қызыл сафиян етіктің қалдығы, тұт жібегінің шіріп жатқан сілемдері, аң сүйектері мен түйенің бас сүйегі, темір қарудың сынықтары табылды. Бұл

“Жошыны аң аулап жүргенде құланның айғыры шайнап өлтірді деген халық аңызына үндес келеді”.

Рас, Өтеміс қажы Жошының қолын құлан шайнағанын айтпайды. Алайда келтірілген деректер, негізінен, Жошының ежелгі даламызда аң аулап жүргенде өлгенін растайды.

Енбектің “Ежен хан, Сайын хан” деп аталатын екінші тарауының да біздің төл тарихымыз үшін маңызы зор. Тарихи деректер Орда-Ежен деген атпен белгілі болған, Жошының үлкен ұлы Ежен ханның өзінің бір шешеден туған (Жошының қоңырат әйелінен туған) інісі Батыймен (Бату) аса тату болғанын, алғашқысының кейінгісін Алтын Орда тағына хан етіп отырғызғанын атап көрсетеді.

Батый Өтеміс қажының еңбегінде Сайын хан деген есіммен беріледі. Сондай-ақ, мұнда жоғарыдағы деректер негізінен расталады. Бірақ Батыйды Ежен емес, Шыңғыс ханның өзі хан етіп тағайындағаны атап көрсетіледі. Оқиғаның мазмұнын қысқартып айтар болсақ былай өрбиді.

Жошы хан өлген соң оның тағына кім отыруы керек деген мәселе көтерілді. Таққа қырқысып таласудың орнына Ежен мен оның інісі Сайын (Батый) оны біріне-бірі ұсынды. Бұл әңгімені Өтеміс қажы өте нақты баяндайды. Еженге тақты ұсынған Сайын (Батый) ағасының жасы, жолы үлкендігін тілге тиек қылса, ал Ежен Сайынды көзі тірі кезінде әкесінің, яғни Жошы ханның өте жақсы көріп, басқалардан жоғары ұстағанын, сондықтан Сайын хан болуға лайықты екендігін айтады. Ал Сайын болса бабалары Шыңғыс ханның йосағы (заңы) бойынша жасы үлкен адам хан болуы керектігін айта келіп, ақырында осы мәселені шешу үшін Шыңғыс ханның өзіне жүгінуді ұсынады. Осылайша бір анадан туған екі ұл және Жошының басқа әйелінен туған он жеті ұл ханға аттанды. Келген соң Шыңғыс хан бұларға үш орда тіктіреді “Алтын босағалы ақ өргөні Сайын ханға салды, қумуш босағалы// көк орданы Еженге болат босағалы боз орданы// Шәйбөнгө салды”.

Сондықтан да кейініректе, - деп атап көрсетеді Өтеміс қажы -- Шайбан ханның ұрпақтары Тоқтамыс ханның, Темір Құтлының және Ұрыс ханның ұрпақтарына “Біз сендерден үстем тұрмыз”, - деп мақтана келе “Атамыз Жошы хан өлген соң ұлы бабамыз Шыңғыс ханның қасына аталарымыз барғанда ол Ежен мен Сайыннан соң біздің атамыз Шайбан

ханға орда салды. Сіздердің аталарыңызға теләгән (жабу) да салмады” деп атап көрсетеді екен.

Немерелерін қабылдаған Шыңғыс хан бектерін он екі қатар болып отырған үлкен корунушта (мәслихатта) Ежен мен Батыйдың хан тағын біріне-бірі ұсынған үлкен адамгершіліктеріне қатты разы болып, өте толқиды Түп-нұсқадан қазақшаға тікелей аударсақ бұл сәтті Өгеміс қажы төмендегідей баяндайды: “Ханның (Шыңғыс ханның Т.О.) бұл сөздерге көңілі бұзылып, ұлы Жошы есіне түсіп, көздері жасқа толады, екеуіне тағы көп алғыстар айтады”. Осыдан соң Шыңғыс хан таңертең бектерімен кеңескен соң Еділ жағасындағы оң қанаттардағы аймақтарды Сайын ханға, ал сол қанаттағы Сырға дейінгі аймақтарды Еженге береді.

Белгілі зерттеуші В.П.Юдиннің пікіріне жүгінер болсақ, Сайынға яғни Батыйға бөлінген аймақ Жайық өзенінен батысқа қарай созылып жатқан және “Ақ орда” атауына ие болған, ал Ертістен Сырдарияға дейінгі аймақ яғни Еженге бөлінген аймақ “Көк орда” аталған. “Чингиз-намеге” жүгінсек, Шыңғыс ханның Шайбанға боз орда тіккенін көреміз. В.П.Юдиннің пікірінше “Боз орда” яғни Шайбанның иелігі Батый иелігінен батыста Польша шекарасынан ары қарайғы жерлерді алып жатқан гөрізді (159).

Тарихи деректер Батыйдың Венгер жорығынан кейін Шайбан ұлысына иеліктер бөлгенін растайды. Алайда, мұндай иеліктердің Шайбанға сыйға тартылғанын ескергеніміз жөн. Біздіңше, Шайбанның Боз ордасы оның өзі билік жасап жүрген жерде болды. Бұл Сібір — Сібір жері деп айтуға негіз бар. Әйгілі саяхатшы Плато Карпини Қарақытайлар жерінің солтүстігімен өткен 1245-1247 жылдардағы саяхаты кезінде осында Батудың інісі Сыбанның яғни Шайбанның келіп тұратынын айтады.

Алтын орда ыдыраған кезде Шайбан ұлысы бөлініп шығып, сол негізде 15 ғасыр аяғында Сібір хандығы құрылған болатын. Олай болса Шайбанның Боз ордасы батысында Мәскеуге, Қазанға дейін созылып жатқан Сібір аймағы болып шығады. Шайбан ұрпақтарының кейіннен Орта Азияға ойысып, осында Шайбани әулетін негіздегенін білсеміз.

“Чингиз-намеде” Шайбанның орыс қаласы Мәскеуді қалай жаулап алғаны айтылады. Мәселенің мазмұны

қысқаша айтқанда төмендегідей: Батый хан (яғни Сайын хан) Шайбан ханның қарауына отыз мың адамдық шолғыншы жасақ беріп, өзі оның соңынан үш күндік қашықтықта жүріп отырады. Жаудың келе жатқанын естіген Мәскеудің билеушісі жүз елу мың адаммен оған қарсы шығады. Күтпеген жерден батыл шабуыл жасаған Шайбан Мәскеу билеушісінің өзін қолға түсіріп, үлкен жеңіске жетеді.

“Чингиз-намеде” Шайбанның Қырым аймағын және ондағы Қырық Ер (Қырк Йер) қаласын қалай бағындырғаны қызықты және жан-жақты баяндалған. Сондай-ақ онда Батый ханның ұлдары Сартак, Туған және Берке хан туралы нақты тарихи мәліметтер бар. Алтын орданы билеген Батыйдың Туғаннан туған немересі Мөңке Темір және Батыйдан тараған хандар Тоқта хан Тоғрул Тоқ-Бұға тәрізді тұлғалар тағдыры жан-жақты баяндалады.

Өзбек ханның ислам дінін қабылдауына байланысты және оның баласы кейіннен қазақтар өз-Жәнібек атап кеткен Дәшті қыпшаққа әйгілі Жәнібек ханның және оның баласы Бердібек ханның тағдырлары туралы “Чингиз-намеде” қызықты деректер бар. Бұл жерде әңгіме болып отырғандардың бәрі Жошыханның ұрпақтары екенін білу қиын емес. Мысалы, Тоқтамыс (Тохтамыш) Жошының ұлы Тоқа Темірдің ұрпағы, Жошы оның жетінші атасы.

Ал Темір Құтлық да осы Тоқа Темірден тарайды. Жалпы алғанда Тоқа Темірдің өзі Жошының 13-ші баласы делініп жүр.

Ұрыс ханға келер болсақ, оның жөні бөлектеу. Кейінгі тарихшыларымыз оны Орыс деп атап оның есімін бұрмалап, дұрыс бермей жүр. Өтеміс қажыда ол Урус деп аталады. “Бу Урус хан улуғ// надшаһ болды, - деп жазады Өтеміс қажы. — Төмамі Түркістан виләйәтләрігә һөкім қыур әрді”. Яғни Ұрыс ханның билеуші хан болғанын деректер мойындайды. Бір деректерде ол Жошы ұлысының сол жақ қанатын билеуші (1369-1376) ретінде көрсетілсе (160), ал басқа деректерде 1361-80 жылдары Ақ ордаға билік құрушы ретінде көрсетіліп жүр (161).

Тарихымызда Ұрыс хан қазақ хандары әулетінің негізін салушы ретінде сипатталады. Бірақ бұл пікірді қазақтың алғашқы ханы деген ұғыммен шатастырмағанымыз жөн. Тарихшылардың зерттеулері Ұрыс ханды да Тоқа Темірден

таратады (162). Зерттеушілер Ұрыс ханды Жошыдан былай таратады: Жошы – Тоқа Темір - өз Темір - Қожа Бәдік - Ұрыс хан (163).

Алайда, Ұрыс хан Қазақ хандығы әлі құрыла қоймаған кезеңде біраз уақыт Алтын ордада және Жошы ұлысының солтүстік қанатында яғни Ақ ордада хан болды (1369-1379). Ұрыс ханның кезінде “қазақ” этнонимімен аталатын мемлекет құрыла қоймаса да, “Чингиз-намеде” “қазақ” деген түсінік қолданылады. Түпнұсқада бұл былай жазылған: “Әлқисса, Тоқтамыш-оглан қазақла// б йүрүб ханның елі,дің йылқы сүрөр өрділөр вә әл жәбар өрді” (164). Яғни бұл жерде әңгіме Тоқтамыстың “қазақылап жүріп” Ұрыс “ханның елінен жылқы сұрап”, ол елге жорықтар жасап, жылқыларын айдап кеткені туралы болып отыр. “Чингиз-наменің” тағы бір жерінде Өтеміс қажы Тоқтамыстың “қазақылап жүргенін” айта кетеді (165). Бұл жерде “қазақ” деген ұғымның Мұхаммед Хайдар Дулатидің “Тарих-и Рашидиндегі” түсіндіруімен сәйкес келіп жатқаны назар аудартады. Мұхаммед Хайдар Дулати кезінде Шу мен Талас аралығына Әбілқайыр мемлекетінен қашып келіп алғашқы Қазақ хандығын құрған Жәнібек пен Керейдің соңына ілескен адамдар туралы “алғашқы кезде олар адамдардан кетіп қалып, оқшауланғандықтан және біраз уақыт қайыршыланып, сондай-ақ босып жүргендіктен оларды қазақ деп атады. Осы атау оларға бекіп қалды”, - деп жазған еді (166).

Ия, бәрі түсінікті. Енді Тоқтамыстың неліктен “қазақылап” немесе елінен бөлініп, босып жүргеніне тоқталалық. Алайда, бұл мәселенің байыбына бару үшін Тоқтамыстың өзінің кім екенін анықтап алмай болмайды. Тарихи деректерге қарасақ, Тоқтамыстың да Ұрыс хан төрізді Жошының 13-баласы Тоқа Темірден тарайтынын байқаймыз. Оның шығу тегі былай таратылады: Жошы – Тоқа Темір - Өз Темір – Сарыджы - Қоншақ (Күшік) – Тоғлы Қожа – Той Қожа – Тоқтамыс (167).

Зерттеуші М.Г.Сафарғалиев өзінің әйгілі “Распад Золотой Орды” атты зерттеуінде Тоқтамыстың бүкіл Алтын орда тағына бірнеше рет отырғанын (1380-95 жж.) жазады (168). Ал бұған дейін ол Жошы ұлысының оңтүстік және солтүстік қанаттарын біраз уақыт билеген (169). “Қазақ совет энциклопедиясының” 11-томынан мынадай жолдарды

оқимыз (86 б.): “Ол (Тоқтамыс – Т.О.) 14-ғ. 70 жылдары елінен қашып кетіп, Темірді паналады”. Көріп отырмыз, Тоқтамыстың “қазақылап” кеткені рас.

Ал енді “Чингиз-намені” оқыған кезде Тоқтамыстың елінің кім екенін, оның кімнен қашып кеткенін және Әмір Темірді қалай паналағанын жан-жақты білеміз. Мәселенің қысқаша баяны төмендегідей: “Вә шырын, барын, арғун, қыпшақ, Тоқтамыш-оғланның ата-аналарындын байры әлләрі әрді” (170).

Қазақша аударсақ: “...шырын, барын, арғын, қыпшақ Тоқтамыс-оғланның ата-аналарының байырғы елдері еді” болып шығады. Сонымен қатар дәл осы елдерді Ұрыс хан биледі және аса қатал болды. Ұрыс ханның кімдерден кейін хан болғанын Өтеміс қажы былай таратады: Теңіз бұғы - Қара Ноғай – Тұғлы Темір - Ұрыс хан. Міне, Дәшті қыпшақ даласын басқарған хандар тізімі осылай. Өтеміс қажының баяндауына қарағанда Алтын орда ханы Бердібектің билігі (1357-1359 жж.) кезінде Ұлы ұлыс екіге бөлінген. Қыйат Мамай Алтын орданың оңтүстік бөлігін Қырымға алып кетіп, сонда Мамай ордасы деген әйгілі мемлекет құрады да, ал Қыйат Теңіз Бұға Алтын орданың солтүстік бөлігін Сырдарияның төменгі ағысына алып кетіп, сонда билік етеді. Тарихшы В.П.Юдин тарихшыларға әлі де белгісіз бұл мемлекетті Теңіз Бұға ордасы деп атаған (171).

Өтеміс қажының түсіндіруінше Ноғайдың өзі және бауырлары Теңіз Бұғаның басын кесіп алып, ал оның тағын тартып алады. Таққа отырған Қара-Ноғай Сыр бойында, Түркістан аймағында үш жыл билік етіп қайтыс болады да оның орнына інісі Тұғлы Темір хан болады. Ол ұлы билеуші болып, Самарқанд пен Бұхараны да өзіне қаратқан. Одан соң билікті Бәдік-оғланның баласы Ұрыс хан өзінің қолына алады. Ол кезде Тоқтамыс хан және кейінірек Астрахань хандары әулетін негіздеген және Жошының 13 баласы Тоқа Темірден тараған Темір Құтлық Ұрыс ханға бағынышты болып, соған қызмет етеді. Бірақ осы кезеңде Тоқтамыстың беделі артып, хандықта аса ықпалды тұлғаға айнала бастайды. Мұнан қатты қауіптенген Ұрыс хан Тоқтамысты өлтірмек болады.

Ханның адамдары бірде таңертең Тоқтамыстың үйіне шабуыл жасайды. Осылай болуы мүмкін-ау деп сақтанып,

ішін жиып жүрген Тоқтамыс дұшпандарымен атысып далаға шыққанда олардың көп екендігін байқап жақын маңдағы мұз қата бастаған суық Сыр өзеніне сүңгіп кетеді. Алайда, Ұрыс ханның адамдары оны жебемен атып, аяғынан ауыр жаралап үлгереді. Сырдың мұздай суымен аққан Тоқтамыс бір түсқа судан жағалауға еңбектеп, тырмысып шығады. Осы кезде сол түспен Ұрыс ханның баласы Кегенес Қуған Дәрвішек мырза Әміршіге кетіп бара жатады. Елшілік соңында келе жатқан Үрік Темір мырза судан тырмысып шыққан адамды байқап, онысын ешкімге айтпай, Кегенес Қуғаннан арнайы сұранып, су жағасында әлсіреп жатқан сол адамға оңаша келеді. Өзінің кім екенін таныстырған Тоқтамыс Үрік Темір мырзаға жалынып: “Басым, малымды сенің жолыңа қояйын. Алла тағала саған дәулет берер, мені ұмыта көрме!... Әрқашан құдай тағала дәулет берсе, сені дәулетіме ортақ қыламын, сенің сөзіңді де ойынды да, өтінішіңді де өзге қылмаймын” деп ант-су ішеді.

Үрік Темір мырза оған тонын жауып, алдына ас қояды, үйіне барып бірнеше адаммен, ат, киім-кешек алып қайтып келеді. Бөрі Тоқтамысты алып Темір-бекке барады. Бұл Темір-бектің Бұхара мен Самарқандты алып, жаңадан күшейген кезі екен, келгендерді өте жақсы қабылдап, емші шақыртып Тоқтамыстың аяғындағы жебенің ұшын алдырады. Бір айдан соң тәуір болған ол, Темір-бекке қызметке кіріседі. Бұл жерде әңгіме, кезінде Орталық Азияны билеген әлемге әйгілі Әмір Темір (Ақсақ Темір) туралы болып отыр.

Көктем келісімен Темір-бек Тоқтамысқа біраз адамдар беріп, жайлауға көшіп бара жатқан Ұрыс ханға қарсы аттандырады. Тоқтамыс Ұрыс ханның елін шауып, оның малын тартып алып келе жатқанда, сонынан келген қосымша қуғын оны талқандайды. Ол тағы да Темір-бекке оралады.

Осындайда шырын, барын, арғын, қыпшақ тайпалары яғни бұрынғы Тоқтамыстың елдері Тоқтамысқа асыртын адам жіберіп, одан өздерін Ұрыс ханның билігінен құтқаруды өтінеді. Тоқтамыс оларға көктемде жайлауға кошкенде Ұрыс ханның елінен кейіндеп көшіп, белгілі бір өзеннің бойында өзін тосуды талап етеді. Өз адамдарымен келісілген жерге келген ол, өзінің елін алып Еділ өзені бағытына қарай қашады. Екі күннен кейін ғана хабар жеткен Ұрыс хан өзі

бастап, қашқындарды қуып шығады. Қақтығыс кезінде Ұрыс хан қайтыс болады.

Мұнан ары Тоқтамыс Еділ өзеніне келеді. Сол тұста ханы да, сұлтаны да жоқ Алтын орда астанасы Сарай қаласын басып алады. Жұма намазында өзіне Хұтба оқытып, хан атанады. Осыдан соң Тоқтамыс Қыйат Мамайға қарсы жорыққа аттанады. Үлкен шайқастың барысында Мамайдың әскері талқандалып, өзі қолға түседі. Оны Тоқтамыс өлтірткізеді.

Өтеміс қажының айтуынша Алтын орданың бұрынғы ханы Өзбек ханның баласы Жәнібек ханның соңынан ілескен көп халық кезінде Мамаймен бірге кеткен екен. Енді Тоқтамыс баяғы Сайын ханның (Батыйдың) тағына отырып, ұлы ханға айналған соң, Дәшті қыпшақ даласындағы билеушілердің бәрі амалсыз Тоқтамысқа келіп бас иді, оның билігін мойындады. Өтеміс қажының өзінің сөзімен айтқанда: “...Дәшт вiлайәтiндәқы һәр қайда// сәркәш болуб баш көтәрiб йүргән кiшiләр чарәсiз болуб// өзләрi келiб мугiб болуб нәвкәр болдылар” (172).

Тоқтамыс туралы деректер “Чингиз-намеде” осылайша аяқталады.

Осылайша, “Чингиз-наменің” мазмұны да тәмәмдалады. Біздің қысқаша баяндауымыздың өзі ғана бұл тарихи еңбектің еліміз тарихы үшін зор маңызын дәлелдей түседі.

3.2. Тарихы бұрмаланған Тоқтамыс хан

Біздің ел Тоқтамысты жамандағанын да қоймайды, көрсе бас иіп тоңқайғанын да қоймайды.

Ортағасырлық халық мақалы

Бүгінде біздің жазба тарихымызда бүкіл іс-әрекеті, тарихы бұрмаланған тарихи тұлғалар аз емес. Солардың бірі кезінде Әмір Темір “қыпшақ ханы” деп атаған, Алтын Орданың даңқын соңғы рет дүркіреткен Тоқтамыс хан. Кезінде орыс жерін бағынышта ұстаған осы бір күрделі тарихи тұлға орыстық және кеңестік тарихнамада бірыңғай қаралау тұрғысынан жазылып келеді. Шүкір, бүгінде тарихи ойлау еркіндік алды. Енді біздің тәуелсіз тарихымыз тәуелсіз

ойлауды талап етеді. Олай болса тарихымызды қайта қарағанда Тоқтамыс ханның өзі кім еді? - дегенге де өзіндік жауап іздеуіміз керек. Ғалым С.Толыбеков Тоқтамыс ханның шежіресін төмендегідей таратады: “Жошы хан, Тоқай Темір, Менгу Темір, Өзтемір, Сарижакеншік-Тоқулы, Ходжа, Тайқожа, Тоқтамыс хан (1406 жылы өлген). (Ал Л.Н.Гумилевта 1407 жылы өлген – Т.О.). Тоқтамыс хан Шыңғыс ханның оныншы атаға келген ұрпағы екен” (173). XV ғасырдағы және XVI ғасыр басындағы тарихи оқиғаларды баяндайтын Таварих-и гузида-йн нусрат-наме Тоқтамыс ханның ата тегін былай таратады: Чингиз-хан – Йоджи (Жошы) хан – Тука-Тимур – Уз-Тимур-Сарыджа-Туглу-Ходжа-Той-Ходжа-Токтамыш (174).

Біздіңше, Шәйбани ханның қатысуымен жазылған осы деректе тарихи шындық бар.

Тоқтамыстың Тайқожаның ұлы екендігін Қадырғали би Қосымұлының жылнамасы да растайды (175).

Тоқтамыстың шығу тегі туралы осы деректер басқа еңбектерде де мақұлданады. (176) Алайда Муин-ад-дин Натанзидің “Ескендір анонимі» атты еңбегінде Токтамыштың шығу тегі мұнан гөрі басқаша таратылады. Бұл бойынша Жошыдан – Сасы Бұқа – Ерзен – Шымтай – Тойқожа – Тоқтамыс болып келеді (177).

Осы дерек бойынша 1361-1380 жылдары Ақ Орданы билеген Ұрыс хан Тоқтамыстың әкесі Тойқожа оғланмен ағайынды кісілер болып шығады. Тоқтамыстың шешесі Құдан Күншек қоңырат руынан екен (178). Тойқожа оғлан Ұрыс ханның билігі тұсында Манғышлақ әмірі болады.

Ұрыс хан өзінің билігінің алғашқы кезеңінде өзінің Ақ Ордамен Алтын Орданы біріктіруді көздеген ойын жүзеге асыру үшін қол астындағы игі жақсыларды жинап, құрылтай шақырады. Бірақ Ұрыс ханның мұндай пиғылына Тойқожа оғлан үзілді-кесілді қарсы шығады. Муин-ад-дин Натанзидің айтуынша Тойқожа оғлан Ұрыс ханның Алтын Ордаға қарсы аттануға жиналған жорығына келмей қойғаны үшін өлтірілген. Ал әлі көмелетке толмаған оның ұлы Тоқтамыс хан ордасынан бір-екі рет қашып кетіп, кейіннен қайтып келіп жүреді. Жас болғандықтан да оның мұнысына кешіріммен қарайды.

Әмір Темірдің өзінің жеке тапсырмасымен жазылған Низам-ад-дин Шамидің “Жеңістер кітабында” (“Зафарнаме”) өзінің өмірінен қауіптеніп Ұрысхан ордасынан Әмір Темір сарайына қашып келген Тоқтамыстың тағдыры былай баяндалады: “Тоқтамыш-оғлан келген кезде әмірлер араға жүріп, оны Темірге таныстырды. Оның ұлылығы оған құрметпен сый-сияпат көрсетуде мүмкін болғанның бәрін жасауға күш салды. Ол онымен бірге Самарқандқа келді, патшаға лайық тартулармен той өткізді. Оған (Тоқтамышқа) және оның серіктеріне ақылға сыймайтын және сансыз көп алтынларды және қымбат әшекей бұйымдарды, малдарды және маталарды, аттарды және өгіздерді, шатырлар мен костарды, барабандар мен жалауларды, жасақтар мен әскерлерді бөліп берді.

Ол (Темір) Отырар және Сауран аймақтарын бөліп берді және оны сол жерлерге жөнелтті” (179)

Деректердің айтуынша Тоқтамыстың Отырар және Сауран маңында пайда болуына Ақ Орда билеушілерінің немқұрайлы қарай алмасы белгілі еді. Ұрыс хан бұл кезде Еділ бойында Алтын Орданы бағындыру жорығында болғандықтан оның орнында баласы Құтлық-Бұға қалған еді. Низам-ад-дин Шамидің айтуынша ол “біраз уақыттан соң Тоқтамыс оғланға қарсы әскер алып шығып, онымен көп шайқасқан” (180). Бұл жерде айта кететін мәселе, орыс тарихшысы академик Б. Греков “Құтлық-Бұғаға қарсы жас Тоқтамыс аттанды”, - деп керісінші айтады. Бұл алғашқы шайқас 776 жылы (1374 жылдың 12 маусымы мен 1375 жылдың 2 шілдесі аралығында болған) (181). Жанталасқан Ұрыс кезінде Құтлық-Бұғаға жебе қадалған және ол осыдан қайтыс болған. Низам-ад-дин Шамидің айтуынша бұл оқиға “оның әскерлерін қатты толқытқан және осыдан қаһарланған және кектенген олар Тоқтамысты қуып шыққан”. Ұрыста жеңілген Тоқтамыс тағы да Әмір Темірге қайта қашып келді. Әмір Темір болса Тоқтамысқа бұрынғыдан да бетер құрмет көрсетіп, оны тағы да жер қайысқан көп әскермен жасақтап Ақ Ордаға қарсы қайта аттандырды. Бұл жолы Ұрыс ханның басқа ұлы Тоқтақия хан тұқымдарымен және белгілі әмірлермен бірігіп Тоқтамысқа қарсы шықты. Шайқас тағы да Тоқтамыстың пайдасына шешілмеді. Низам-ад-дин Шами мұнан арғы оқиғаның барысын төмендегідей баяндайды:

“Шайқастан соң ол тағы қашып шықты. Оның (Тоқтамыстың) алдында өзен (Сырдария – Т.О.) болды. Амалсыздан ол етіктерін лақтырып, осы суға қойып кетті және құтылып кетті. Оның артынан қуып келген Қараншы-бахадур өзеннің жағасына жетті де, жебемен оның қолын жаралады. Ол (Тоқтамыс) жалғыз өзі қорысқа кіріп кетті де жасырынып қалды. Темір оны патшалық ісі үшін ержүрек және батыл деп таныды және жаудың бетін қайтару керек деп ойлап, оны (Тоқтамысты) тауып келу үшін өзінің туысы Едіге-барласты жұмсады. Әмір Едіге осы қорыстың жанымен өтіп бара жатып жылаған дауысты құлағы шалды. Іздестірген ол, Тоқтамысты осындай жағдайда көрді. Сыпайылық ережесін сақтаған Едіге көмек беруге асықты, тиісінше оған қамқорлық жасады, және оны Бұхараға Темірге алып келді”. Өзі әлі жас, өмірден көрген-түйгені аз Тоқтамысқа бұл жеңілістің аса ауыр тигені сөзсіз.

Жағдай мұнан ары былай өрбіді. Тоқтамыстың Сырдария бойындағы жорықтарынан хабар алған Ұрыс хан Ақ Ордаға оралып екі елшіні – Кепек-маңғытты және Түлүтжанды Әмір Темірге жіберді. Олар Әмір Темірге мынапы ійтты: “Тоқтамыс менің баламды өлтірді және сенің аймағыңа кетті. Менің жауымды маған ұстап бер, егер де көнбесең, онда соғысатын жерді айт”. Оған Әмір Темір былай жауап берді: “Қандай да бір болсын мемлекеттен баспана іздеген адамды жауының қолына ұстап беру мемлекет басшысының ерлігіне және дәстүріне лайық заң ба екен: бұл орындалмайтын нәрселер қатарына жатады”. Егер осыған байланысты алауыздық тууы әбден мүмкін нәрсе болса, онда еріксізден соғысқа дайындалуға тура келеді” (182).

Әмір Темір осылайша Ұрыс хан елшілерін аттандырып салған соң әскерлерін жорыққа дайындап тәртіпке келтірумен айналысады. Қалың әскерді бастаған ол Отырарға келіп тоқтаған кезде, күллі Жошы ұлысынан әскер жинаған Ұрыс хан Сығанаққа келіп тұрады. Зерттеушілер бұл кездесуді 777 жылдың қысында (2.06.1375 – 20.05.1376) болған деп көрсетіп жүр (183).

Осы мезгілде қар мен жаңбыр араласып жауып, күн тіптен қатты суытып кеткен. Қалтырай тоңған екі жақтың ешқайсылары да орындарынан қозғала алмады.

Алайда Әмір Темір қарсыласының тылына айналып өтіп, Жейран-қамысқа дейін барып ондағы елді мекендерді тонап, көп олжамен қайтып кетті. Мұнда Тоқтамыс Әмір Темірге жол көрсетуші болды. 778 жылы көктемде (1376-1377) Әмір Темір Ұрыс ханға қарсы тағы аттанды. Алайда Ұрыс ханның кенегтен қайтыс болуы жорықты тоқтатып тастады. Ақ Ордаға Ұрыс ханның үлкен ұлы Тоқтақия хан болды, бірақ ол да көп кешікпей қайтыс болды. Муин-ад-дин Натанзидің “Ескендір Анонимінде” Ұрыс ханның 9 жыл билеуші болып табиғи өлімнен қайтыс болғаны айтылады. Ал Тоқтақия болса екі-ақ ай хан болған. Енді хандық тағы Мұхаммед-ханның баласы Темір бек ханға көшеді. Ол тарихи әдебиеттерде Темур Мәлік Оғлан деген атпен белгілі. Муин-ад-дин Натанзидің айтуынша ол ішкілікке аса үйір болып, уақытының көп бөлігін, есінен тана мас күйінде өткізген (184).

Низам-ад-дин Шами оқиғаны мұнан ары былай өрбітеді: “Темір-мәліктің күні-түні шарап ішуден, сауықтан және қоңыл көтеруден қолы босамады. Осыған байланысты адамдар одан түңілді және күллі мемлекет пен аймақ (бағыныштылар) Тоқтамысты талап етті. Темір-мәліктің басынан бағы тая бастағанын Темір түсінді. 780 ж. (1378/79) Темір Тоқтамысқа әр түрлі ықылас пен қамқорлық көрсетті және онымен бірге әмір Тұман-Темірді, әмір Ұрын Темірді, Гияс-ад-дин тарханды, Бақтықожаны және әмір Банғыны қисапсыз көп әскермен аттандырып салды. Олар оны Сығанақта таққа отырғызулары керек болды. Бұйрыққа сәкес олар аттанды, Сығанаққа келіп жетті де көздеген күні және бақытты сағатта оны сұлтандықтың тағына отырғызды.

Бұл уақытта Темір-мәлік Қараталда қыстап жатыр еді. Олардың арасында соғыс тұтанды, ақырында Темір-мәлік талқандалды, ал Тоқтамыс жеңіп шықты. Ол (Тоқтамыс) бұл хабарды Темірге жеткізу үшін Ұрыс-қожаны жіберді” (185). Мұнда ескеретін бір нәрсе — Низам-ад-дин Шами мен Шереф-ад-дин Йезди Тоқтамыстың Сығанақты бағындыруға аттанған мерзімін екі түрлі көрсетеді: алғашқысында бұл — 780 ж. (30.04.1378 — 18.04.1379) болса, соңғысында — 778 ж. (21.05.1376 — 8.05.1377). Бұл айырмашылықты алғаш байқаған орыс тарихшысы Б.Греков. Алайда бұл мәселеде ол өзінің пікірін айта қоймайды. Сонымен бірге орыс тарихшылары

күні бүгінге дейін Ақ Ордалықтардың Темір-мәліктен түңіліп, таққа отыруға Тоқтамысты өздері шақырғанына назар аудара бермейді. Олар әдетте Ақ Ордада Тоқтамысты қолдаушылардың көп болғанын мойындаумен ғана шектеледі. Тіптен Б.Греков Тоқтамыс Ақ Ордада өзін-өзі хан жариялады деуге дейін барды (186). Мұның бәрі орыс тарихшыларына Тоқтамыс ханның беделін түсіру үшін қажет болғаны бүгінде күдік туғыза қоймайды. Ал енді осы бұрмаланған тарихты бүгінде қазақ тарихшылары қалпына келтірулері керек деп ойлаймыз. Сондықтанда біз Тоқтамыстың тарихи ізімен қайта жүріп келе жатырмыз.

Муин-ад-дин Натанзи Тоқтамысқа төмендегідей мінездеме береді: “Ол қабілетті, ержүрек, кең пейілді, әдемі патша болды. Оның әділеттілігі мен жақсы мінез-құлқы жалпыға мәлім. Алайда ол Темір Сарайына ықыласты ниет танытпағандықтан да оның осындай жақсы қасиеттері және бағалы мінез-құлықтары жоғалды және жойылып кетті” (187).

Натанзидің айтуынша, бүкіл Алтын Орданы өзіне бағындырған Тоқтамыс 17 жыл хандық құрған.

Айта кеткен жөн, аса қысқа мерзімде Тоқтамыс Ақ Орданың белелді, елге сөзі өтетін әмірлерін өзінің төңірегіне топтастыра және оларды Ақ Ордамен Алтын Орданы біріктіру қажеттігіне сендіре алды. Сондықтан да ол 779 жылдың (1377/78) көктемінде-ақ Еділ бойына жорыққа аттанып, Сарай-Беркені және т.б. қалаларды басып алды. Бұл кезде Алтын Орданың көп бөлігі Мамайдың қолында еді. Сондықтанда о бастан-ақ Тоқтамыстың Мамайға қарсы белсенді күрес жүргізуіне тура келді.

1380 жылы Мамай Куликово даласында Мәскеу князы Дмитрий Донскойдан жеңілген соң Калка өзені жағасында Тоқтамыстың қалың жасағымен кездесті. Ресей тарихшылары өздерінің ортағасырлардағы деректеріне сүйеніп бұл кездесуді әр түрлі түсіндіріп келеді. Мұнда тарихи шындықтың шатастырылғаны сондай, академик Б. Греков Калкадағы бұл кездесуді Шыңғысхан заманындағыдай “аса ірі, қанды шайқас” ретінде бағаласа, ал Л. Гумилев мұны “Тоқтамыстың қан төгіссіз жеңісі, жұлдызды сағаты” ретінде сипаттады. Б.Грековке сенсек, осы алапат қан төгісте жеңілген Мамайды қолдаған “княздер” ақылдаса келе Тоқтамыстың жағына шығып кетеді. Ал Л.Гумилевке сенсек, ұрыстың басында-ақ

Мамай “сарбаздары аттарынан түсіп, Шыңғыс тұқымының заңды ханына ант бере бастаған” (188).

Біздің ойымызша, орыс жылнамасына сүйенген Б. Греков бұл жерде тарихи шындыққа жақын. Л. Гумилевтың өзінен бұрынғы беделді әріптесінің бұл мәселедегі пікірін көзге ілмеуі, оған өзінің пікірін білдірмеуі түсініксіз.

Мамайдың қолынан билікті алған Тоқтамыс күллі Алтын Орда жерлерін қайта біріктірді. Мұнан Әмір Темірдің қол астына жақын Хорезм ғана сырт қалды.

Тоқтамыстың қандай халыққа және қандай дінге жатқанын, оның Еділ бойына қалай барғанын біз Өтеміс қажының “Шыңғыснамасын” оқығанда анықтай түсеміз. Оның Ұрыс ханмен болған кезекті жанжалы туралы айтылатын жерде мынадай жолдар бар: “Ол (Тоқтамыс) (Темір) Қыш бәг хізмәтідә болдылар. Иазкі ағылды. (Темір) бәг бір нәчә кіші қошды. (Орыс) хан йайлағғә чықыб бара тұрғайндә әл (Тоқтамыш оғлан) соныдын келіб йылқы кувдылар. Кувғын йетіб урушуб буларны (басдылар). Иәнә (Темір) бәг қашығә қайтыб кәлділәр. Әлқиссә, Тоқтамыш оғлан қазақла (бйүрүб ханның елідің йылқы сүрәр әрділәр вә әл жөбар әрді. Вә Шырын), (барын, арғын, қыпчак Тоқтамышогланның ата-бабаларындың байры) (әлләрі әрді)” (189).

Яғни үзіндіден көріп отырғанымыздай, Ақсақ Темірдің қолдауына сүйенген Тоқтамыс Ұрыс хан жайлауға кошкен кезде оның жылқысын барымталап айдап кетпек болған. Бірақ қуғын құтқармай, Тоқтамыс тағы да Темірбекке қайтып келіп, “қазақтанған”. Ал шырын, барын, арғын және қыпшақ деген тайпалар кезінде Тоқтамыстың ата-бабасын жақтаған ел болып табылады.

Ал енді Тоқтамыстың Еділ бойына бару тарихы Өтеміс қажының “Шыңғыснамасында” осы аталған төрт тайпаның және т.б. Ұрыс ханның елінен бөлініп жасырын қаша көшуінің нәтижесі ретінде көрсетілген. Қашып бара жатқандарды қуып жетіп жазаламақ болған Ұрыс хан Тоқтамыстың 12 жасар баласы Жәлеладдин атқан садақ жөбесінен кездейсоқ құрбан болады. Бірақ қараңғы түнде Ұрыс ханның қайтыс болғанын білмеген Тоқтамыс сол қашқан бетінде Еділ бойынан бір-ақ шығады және Алтын

Орда астанасы Сарайды басып алып, онда ұлы хан болады. (190).

“Ер Едіге” жырында Тоқтамыстың Түркістанда ноғайлының ханы болғаны айтылады (191).

Осы келтірілген мәліметтердің өзі-ақ, кейбір күмәнді тұстарына қарамастан Тоқтамыстың тағдырының ежелгі қазақ жерімен тығыз байланыста болғанын дәлелдей түседі. Ең бастысы ол, Жошыдан тараған кейінгі қазақ хандарымен ата жағынан туыстас. Жоғарыда да айттық, оның Мәскеуді басып алғанын және басқа орыс жерлерін де өз уысында көптеген жылдар бойы қалтыратып ұстағанын жақтырмайтын Ресей тарихшылары күні бүгінге дейін Тоқтамыс туралы ұнамсыз пікірлер қалыптастыруға бейім. Л.Н.Гумилев оған былай деп баға береді: “Ол Жошы ұлысын біріктіреді, рас бар болғаны 18 жылға ғана. Бірақ алда ол ерекше таланттылық таныта қойған жоқ, дегенмен де Людовик XIV немесе королева Виктория тәрізді өмірінің соңына дейін өз халқының арасында әйгілілігін сақтап қалды” (192).

Сонда Л.Н.Гумилевтың “өз халқы” деп отырғандары кімдер? Ноғай мен қазақта Тоқтамыс пен Едіге туралы халық жырларының сақталып, қалғаны белгілі. Онда 1339 жылы Едігеден жеңіліп кетіп бара жатып Тоқтамыс хан айтыпты деген төмендегідей жолдар бар: “Ай байтағым-байтағым, бастатып сені алдырдым, ал аман бол менен соң. Байтағымның ішінде, он сан менің ноғайлым, сені тағы алдырттым. Он сан ноғай ішінде, үш жүз алпыс отау қазағым, сені тағы алдырттым, ал аман бол менен соң... Маралы бар киіктей, балдырғаны білектей, алмасы бар жүректтей, Еділ менен Жайығым сені тағы алдырттым, ал аман бол менен соң... Тілеуімді тілеп тұрғайсың, аллам аяр іс болса, он үш жыл айналғанда қайтып келермін” (193).

Белгілі тарихшы М.Тынышпаев Алтын Ордаға қараған халықтың ноғай аталуын 1306 жылы қайтыс болған Ноғай ханның есімімен байланысты деп қарайды. Оның ойынша Тоқтаханның Еділ өзенінің төменгі жағына бір топ халықты шығыстан апарып қоныстандыруы “қазақ” деген ұғымды жарыққа шығарған. М.Тынышпаев сондай-ақ қазақтардың Қазан, Астрахан, Сібір, Қырым жерінде тұратын халықтардың, татарлардың өздерінен басқаларын ноғай деп айтатынын ескерте кетеді (194).

Сонымен қатар, М.Тынышпаев Шәкәрім Құдайбердіұлының еңбегіне сүйене отырып бір халықтың ноғай және қазақ болып бөлінуі Едіге батыр тұқымы Орманбет бидің тұсында XVI ғасырдың соңына қарай орын алғанын атап көрсетеді (195). Яғни Тоқтамыс ноғайлы жырларында жырланатын Едіге би, Ер Тарғын, Қарасай-Қазы, Орақ-Мамай тәрізді қазақ және ноғай халықтарына ортақ тұлға, Тоқтамыстың кезінде біздің бабаларымыз басқаларға құл болмай, тәуелсіз еркін күй кешті. Тоқтамыс біздің халқымызға сондықтан да жақын.

Дегенмен де, жоғарыда біз келтірген көптеген деректерге қарамастан Л.Н.Гумилев тәрізді орыс тарихшылары Тоқтамысты тек татар ханы етіп көрсетуден арыға барғылары келмейді. Олардың ойынша Тоқтамыс қайдағы бір “батыс сібірлік біреу”. Оны белгілі бір халықтың өкілі ретінде бағалағысы келмегендерін былай қойғанда, мұнда тарихшылар Тоқтамыстың мұсылман екендігіне де күдіктенеді. XIV ғасырда Дәшті Қыпшақ жерінен шыққан Ақсақ Темір қызметінде ұзақ жыл болған түркі тілдес Тоқтамыстың біздің ойымызша мұсылмандығы күдік туғызбаса керек-ті. Сондықтан да Л.Н.Гумилевтың: “трудно сказать, был ли мусульманином сам Тохтамыш” (196), - деп қиғаш сұрақ қоюын артық деп ойлаймыз. Мұсылмандықты жоғары бағалаған Әмір Темірдің оған барынша қамқорлық жасап ғана қоймай, оны тәрбиелегені, оның Ақ Ордаға 4 жорығын ұйымдастырғаны және Тоқтамыстың осы жорықтарындағы барлық сәтсіздіктеріне кешіріммен қарағаны белгілі. Ол заманда Әмір Темірдің жанында жүріп мұсылман болмау мүмкін емес еді.

XVI ғасыр ескерткіші “Шыңғыснамеде” Тоқтамыстың ыңғи да бір алаға табынып жүретінін, ал Алтын Орданы билерде “Төқы адинә мәсжіндіндә іттіфақ қылыб хутбә оқуб хан болғанын” (197) Л.Н.Гумилев сірә білмейтін болар. Бұл жолдардың орысша аудармасы мынандай: “воспользовавшись случаем, прочитал в пятничной мечети (хутбу на свое имя) и стал ханом” (198). Иә, Тоқтамыс ханды біз қай жағынан болса да өзіміздің түркі тілдес арғы бабамыз дей аламыз.

Бірақ, М.Тынышпаев айтқандай халық арасында кезінде мынадай мотел тараған: “Біздің ел Тоқтамысты жамандағанын да қоймайды, көрсе бас ұрып тоңқайғанын да

қоймайды» (199). Иә, ащы да болса шындық осындай. Орыстар Тоқтамыс ханға тәуелді болып, оның аяғына бас ұрып, салық төлеп, баласын оған кепілдікке берген Дмитрий Донскойларды ұлттық мақтаныш етіп отырғанда, бабаларымыздың, түркі тілдес тұтас халықтың мерейін үстем қылған ірі қайраткер Тоқтамыс ханды осы біз неге мақтаныш етпейміз?

Біздің ойымызша, мұндай тарихи тұлға тұтас түркі халқының тәуелсіз тарихының өшпес шамшырағы, үлгі тұтар дінгегі, әрқашан азаттыққа, басқаға басыбайлы болмауға шақырып тұратын жарық жұлдызы.

Сонымен 1380 жылы 8 қыркүйекте Куликово даласында болған жанкешті шайқастан кейін, Көк Орда ханы Тоқтамыстан тағы жеңілген Алтын Орда билеушісі Мамай Кафуға (Феодосия) қашып кетеді. Оның орнына Алтын Орданың ұлы ханы болып Тоқтамыс қалады. “Дүниежүзілік тарихтың» Ш томында (200) Тоқтамыстың ендігі әрекеті былай түсіндіріледі (қазақша аударма біздікі): “Руське өзінің билігін нығайту үшін ол – (Тоқтамыс – Т.О. Ескерту: Барлық орыс құжаттарында – Тохтамыш) 1382 жылы Мәскеуге жорыққа шықты” (201).

Л.Н.Гумилев Тоқтамыстың Мәскеуге шабуыл жасау себебін былай түсіндіреді. Оның айтуынша Мәскеу мемлекеті өзіне православие дініндегілерді көбірек қарағу үшін Киев метрополиті Киприанды шақырады. Мұны Мәскеудің күшеюін қаламайтын Суздаль князьдігі Тоқтамыс ханға Мәскеу мен Литваның және Мамайдың өзара келісімі ретінде жеткізеді. Сонымен бірге өсек тасушылар бұл одаққа Рязань князі Олегтің де тартылғанын айта кетеді. Л.Н.Гумилевтің сезімен айтсақ, “аққөңіл және сенгіш» Тоқтамыс осындай арандатуға иланған” (202), сөйтіп Мәскеуге қарсы жорыққа аттанған.

Дегенмен де біз тарихшы Л.Н.Гумилевтің бұл пікірімен толық келісе алмаймыз. Оның үстіне ежелгі Никон жылынамасы да Л.Гумилевті қолдай қоймайды. Өйткені, біріншіден, литвалық князьдің Мәскеуді қорғаушылар қатарында болғаны рас: “Таже потом прииде к ним в град некоторый князь Литовский, именем Остей, внук Олгердов: той окрепи град и люди затвориси с ними в граде” (203).

Литваның ұлы князі Ольгерд (Альгирдас) (1345-1377 жж.) кезінде 1363 жылы Буг өзеніне жақын жерде татар әскерлерін талқандағаны тарихтан белгілі. Днестр, Днепр өзендері бойын, Киев, Подольск, Волынь жерлерін, Смоленск князьдігін басып алған Ольгердтің 1349 жылы Жәнібек ханмен Мәскеу князьдігіне қарсы одақ жасауға әрекеттенгені және айқын нәрсесі. Ольгерд тверьліктердің Мәскеуге қарсы сәтсіздікпен аяқталған (1368-1372 жж.) үш жорығын да қолдалы (204). Әңгіме бұл жерде міне осы Ольгердтің немересі, яғни, Алтын Орданың және мәскеуліктердің ата жауы төңірегінде болып отыр. Ежелгі Никон жылнамасы Ольгердтің Мәскеуді Тоқтамыстан қорғаудағы ролін одан әрі былай түсіндіреді: “Князь же Остей Литовский, внук Ольгердов, со множеством народа оставшемся во граде (в Москве – Т.О.), елико снидошася от всех стран во град, укрепляхуся и подвизехуся противу Татар на бой...глаголюще: “не устрашимся нахождения Татарского, имеем бо град камен тверд и врата железа: и не терпят Татарове стояти под градом нашим долго, понеже имеют сугуб страх: изнутри града от нас боятся: а, агневе града об князей наших устремленна на них боятся: и се и сами тии Татарове вскоре убоятся и побегат в поле в свояси” ... (205).

Көріп отырмыз, Никон жылнамасында Остей Литовский Мәскеу қорғанысын белсенді ұйымдастырушы. 1539-1542 жылдар аралығында жазылған, өзінен бұрынғы Воскресенской, Иосафов (1446 ж.), Хоронграф тәрізді көптеген жылнамаларды құрастырып жазған орыстардың өздерінің Никон жылнамасын теріске шығаратын дерек біздің қолымызда әзірге жоқ. Сондықтан да Л.Н.Гумилевтың А.В.Экземплярскийдің еңбегіне сүйеніп (206) Мәскеу мен Литваның өзара келісім жасауы мүмкіндігін жоққа шығармақ болған әрекетін қолдай алмаймыз. Біздің ойымызша Тоқтамыс аңқаулықпен осындай өсекке сеніп Мәскеуге шабуыл жасады деуге негіз жоқ.

Л.Н.Гумилевтің князь Остей Литовскийдің Мәскеуді қорғауға белсене қатысқанын көргісі келмеуі бізді таңдандырады. Тіптен Никон жылнамасының Патриарша үлгісінде бұл мәселе редакцияланып қолдан қосылған дегеннің өзінде де мәскеулік ұлы князь Дмитрий Иванович Донской қала қорғанысын тапсырып кеткен митрополит

Киприанның өзінің де осыдан бұрын әрі Киевтің, әрі Литваның митрополиті болып істегені және оның өзінде де орыс емес, Тырновадан шыққан болгар екені тарихтан белгілі (207). Яғни Мәскеудің Литвамен жақындасу мүмкіндігіне Л.Н.Гумилев сенбесе де, Мәскеу қорғанысын басқарушылардың Литвамен байланыс жасауға толық мүмкіндіктерінің болғанын теріске шығара алмаймыз. Бұдан шығатын қорытынды: Тоқтамыстың шабуылын өсекке сеніп емес, алда екі ел арасындағы орын алуы мүмкін келісімге қарсы әрекет ету деп бағалаған жөн болар бәлкім.

“Тоқтамыс, - деп жазады Л.Н.Гумилев, - өсектің көп-көрнеу қисынсыздығына қарамастан түгел сенді. Ол ойлауға емес, шайқасуға әдеттенген еді” (208). Бұл жерде біріншіден Л.Н.Гумилев айтқандай Тоқтамыстың “өсекке сенгені” дәлелденбеген, екіншіден біздің ойымызша Тоқтамыстың Мәскеуге жорығы автор жазып отырғандай жеңіл-желпі ойдан туған жоқ. Руське Куликово шайқасынан кейін беделі күрт арта бастаған Дмитрий Иванович Донскойдың және оның Мәскеу князьдігінің күшейіп келе жатқанын, оның түбінде Алтын Орда үстемдігінен Русьті азат етуші күшке айналуы мүмкіндігін айқын байқатты. Ал бұл Тоқтамысты кез келген сылтауды тиімді пайдаланып, оған соққы беруге итермеледі дей аламыз.

Русь пен Алтын Орданы тату-тәтті көршілер ретінде көрсету, яғни евроазия концепциясын ұстанған Л.Гумилевтың бұл мәселеде, Мәскеуді бағындыруда ашықтан-ашық жаулық саясат ұстанған Тоқтамысты кінәлап, қаралап жазудан басқа амалы да жоқ еді. Шын мәнінде Мәскеуге еркіндік беру дегеніміз күллі Орыс жерінің Алтын Орда жауына айналуына алып келер еді. Мұны кейінгі тарихымыз айқып дәлелдеп берді.

Біздің ойымызша сол тұста орыс халқының ұлттық тарихи тұлғасына айналған Дмитрий Донскойға қарсы қатал саясат ұсталмайынша орыс жерін Алтын Ордаға тәуелді ұстау мүлде мүмкін емес еді. Сондықтанда Тоқтамыстың Мәскеуге жорығы үлкен стратегиялық мақсаттан туындаған еді.

Мәскеуді басып алған Тоқтамыстың аса қатал болуы да Л.Н.Гумилевты емес, біздің айтқанымызды іс жүзінде растайды. Тарихшы М.Н.Покровский мойындаған мәлімет бойынша татарлар 24 мың мәскеуліктерді қырып салған (209).

Мәскеуліктердің өз еріктерімен темір қақпаны ашып бергеніне қарамастан осылай болған.

Егер Никон жылнамасын одан әрі оқи түссек, Тоқтамыстың Мәскеуге жасаған жорығын орыстың кейбір князьдарының да қолдағанын көреміз. Мысалы, князь Олег Рязаньский Тоқтамыстың жағалауда жөңкіліп жүрген қалың қолына Ока өзенінен өтетін суы таяз өткелді көрсетеді. Бұған тарихшы Л.Н.Гумилев сенбесе де, біз сенбеуге негіз жоқ. Өйткені жылнама Рязань князінің бұл әрекетін Тоқтамыстан өз жерін тонаудан сақтайын деген қорғану пиғылынан туындады деп нанымды түсіндіреді. Тоқтамыстың алғаш Рязань жеріне зобалаң салмай, оны оңтүстіктен айналып өтуі бізді мұнда шындық бар-ау деп айтуға итермелейді.

Сонымен Ока өзенінен өтіп, жолда Серпухов қаласын басып алған, жүк тасушы көліктеріне де қарайламай асыққан Тоқтамыстың жер қайыстырған қалың қолы саржеліспен 1382 жылдың 12 тамызында (ескіше, 23 тамызда) жау келеді деп күтпей қаннен-қаперсіз жағқан Мәскеуге келіп жетеді. Дегенмен де жылнамаға сенсек, Мәскеудің ұлы князі Дмитрий Иванович Донской Тоқтамыстың озіне қарсы келе жатқанын ести тұра Мәскеуді тастап, Переяславльге кетіп қалған және ол жақтан Костромаға әскер жинамақшы болған. Л.Н.Гумилевтың айтуынша оның орнына Мәскеуді қорғауға басшылық етуге митрополит Киприан қалған. Бірақ Л.Н.Гумилевтан басқа орыс тарихшылары Митрополит Киприан мен бірқатар Мәскеу боярларының Тоқтамыстан қорқып, астанадан қашып кеткенін де айтады (210). Ал енді Никон жылнамасы бойынша татарлар келгенде Мәскеуде бүлік басталған. Қаладан қашып кетпек болған халықты көтерілісшілер түк қалдырмай тонаған, таяққа жыққан. Митрополит Киприан мен князь Дмитрий Ивановичтің әйелі ұлы княгиня Евдокия көтерілісшілерден өздерін босатып жіберуді өтінген.

Бірақ қылыштарын жалаңдатқан ызалы да ызғарлы, құдайларын ұмытқан көтерілісшілер қаладан қашпақ болғандардың бәрін таспен атқылап, ешкімді сыртқа жібермеуге тырысқан. Осындай қысылтаяңда митрополит пен ұлы княгиня өздері дегенде ашулы топтан сытылып шыққан, бірақ көтерісшілер олардың дымын қалдырмай тонап жіберген.

Жылнамаға сенсек, Тоқтамысқа басқалар емес ұлы князь Дмитрий Иванович Донскойдың өзі қажет болған. Алғашқы күннен-ақ түс кезінде оның қалың қолы Мәскеудің тас қамалынан екі-үш оқ бойындай қашықтықта, яғни садақ оғы жетпейтін жерге тоқтаған. Қала қорғанысынан бұларға мойындарын соза қарап, енді не істер екен деп сырттай бақылап тұрғандарға жақын келген бір топ салт атты татарлар: “Қалада князь Дмитрий бар ма?” – деп айқайлап сұраған. Қаланың биік қорғанында тұрғандар: “Ол қалада жоқ”, - деп жауап берген.

Жөңкіле қозғалған салт атты татарлар жеделдете қала төңірегін айнала шауып, шолып шыққан. Қала айналасын тұрғындар тып-типыл етіп, ағаш-бұта атаулыны өртеп жіберген еді. Бұл қалаға басқалардың бұқпантайлап жақындауына мүмкіндік бермеу үшін жасалған болатын. Өз төңірегіне мәскеуліктерді топтастырған жоғарыда аталған князь Остей Литовский қорғанысты ұйымдастыруға белсене кіріскен.

Алғашқы күннің кешіне қарай қараңғы түсе Тоқтамыстың қалың қолы қаладан алыстап, шегініп кеткен. Бірақ келесі күні таңертең Тоқтамыс ханның өзі бастаған қаптаған әскер Мәскеуге түс-тұстан келіп, оны тағы қоршап алған. Дегенмен де бірінші болып олар атпаған. Және жебелерін кезеніп, жалаңаш қаруларын жалаңдатып сес көрсетті. Осы сәтте қала тұрғындары оларға садақ жебесінен оқ жаудырды. Өздерінің биікте және бекіністе тұрғандарын пайдаланып мәскеуліктер қолға түскен нәрсенің бәрін татарларға лақтырды. Қардай бораған садақ оғының, жаңбырдай жауған тастың, дүркін-дүркін атылған самострел мен алғашқы зеңбірек-тюфяқтың соққыларына душар болған Тоқтамыс жасағы жауап оқты жаудырды.

Никон жылнамасы мұны төмендегідей суреттейді: “Татаровск же възьяришася и начаша стреляти на град со все страны. И идяху стрелы их на град, аки дождь силен и умножен зело, не дающе не прозрети, понеже и воздух омрачиша стрелами, и мнози гражане во граде и на забралех пахадуся мрътви, одоляху бо Татарьскиа стрела паче, неже градскиа”... Одан әрі жылнамашы татарлардың құралайды көздеп ататын мергендігіне таңдай қағады. Олар атпен шауып келе жатқан бетте тізгінді жібере салып, садақпен

қамалдағыларды көздеп атқан кезде қорған тобесінде қалқып тұрғандарды жұрындай ұшырған. Татарлардың біраз бөлігі ұзын сатыларды қамал қабырғасына апыл-ғұпыл сүйсей салып, олармен жанталаса күмырсқадай өрмелеген. Қаладағылар да қарап қалмай қамданып, олардың төбелерінен қайнаған суды буын бұрқырата құйған.

Осы жерде Тоқтамыс жасағын едәуір қобалжытқан бір оқиға болады. Бұл туралы жылнамашы былай деп жазады: “...Некто гражданин Москвитин, суконник, именем Адам с Фроловских ворот пусти стрелу из самострела и уби некоего от князей Ординьских сына, нарочита и славна суща, и велику печаль сотвори Тохтамышу царю и всем князем его...” (211).

Мәскеуді қорғаушылар “түгел мас болған, өйткені олар бал мен сыра сақталатын боярлар подвалдарын талқандаған” (212).

Мәскеудегі котеріліс біздің ойымызша ұлы князь Дмитрий Иванович Донскойдың және онымен бірге бірқатар боярлардың қаладан кетіп қалуларына байланысты басталған. Л.Н.Гумилев мұны ұлы князь татарлар Мәскеуді ала алмайды деп сенгендіктен қалдырып кетті деп түсіндіреді. Шынында да тас қамалмен қоршаған, оқ-дәрімен атылатын алғашқы зеңбірек – тюфякпен қаруланған Мәскеуді алу тас қамалды бұзатын қарулары жоқ, қылыш, садақ және найзамен ғана қаруланған Тоқтамыстың қалың қолы үшін мүмкін емес те еді. Оның үстіне қамалда азық-түлік жеткілікті болған.

Л.Н.Гумилев Мәскеуді қорғауға “бір ғана нәрсе – жауынгерлік рух күші жетіспеді, өйткені Куликово даласының қаһармандары өздерінің туған деревняларында демалып жатты, ал астанада бірлі-жарым қала тұрғындары, қала маңындағы көптеген басыбайлылар және қолөнершілер тұрып жатты” (213) – деп жазады.

Зерттеушінің бұл сөзі Никон жылнамасындағы мына сөйлемдерден туындаған: “...оскуде бо вся русская земля от Мамаева побоища за Доном, и вси русстии людие в велице страсе и трепете быша за оскудение людей” (214).

Әрине, орыс жері үшін Куликово шайқасы оңайға түскен жоқ. Бірақ негізгі жаулары Алтын Орда хандары өлі біржолата талқандалмаған кезде бұл неғылған “демалыс”? Оның үстіне Тоқтамыс Куликово шайқасы болғаннан кейін іле-шала емес,

араға екі жылдай уақыт салып Мәскеуге шабуыл жасап отыр емес пе? Жаугершілік заманда орыстардың екі жыл бойы демалып жатқаны несі? Біздің ойымызша орыстарда Кулиководағы жеңістен кейін бізді Мәскеу қорғайды деген сенім пайда бола бастаған. Орыстардың бей-жайлығы осыған байланысты болса керек.

Мұнан әрі жылнама бойынша оқиға былай өрбиді. Жоғарыда аталған Тоқтамыстың жағындағы суздальдық орыс князьдерінің азғырған сөздеріне иланған мәскеуліктер темір қақпаны ашып, татар елшілерін ішке кіргізбек болған. Бірақ олармен бірге қалаға тасқын судай екпінмен Тоқтамыстың қалың қолы баса көктеп еніп кетті. Князь Остей астыртын өлтірілді. Қалада қанды қырғын басталды.

Жылнамада Тоқтамыстың тек Мәскеуді алумен ғана шектелмей жекелеген қарулы жасақтарын Владимирге, Переяславльге, Юрьевке, Звенигородқа, Можаяевскіге, Боровскіге, Рузаға, Дмитровка жөнелтіп, оларды басып алғаны да айтылады. Жаулаушылар Переяславльды да орғеп жіберген, ал оның тұрғындары қайыққа мініп көлге қашып кеткен.

Ұлы князь Дмитрий Иванович болса өзінің қашып келген жұбайымен, балаларымен және көптеген боярларымен Костромада оқиғаның соңын күткен. Ал оның туысы князь Владимир Андреевич көп күшпен Волока түбінде тұрған және татарлардың сонда жеткен қаннен-қаперсіз жекелеген жасақтарына соққы берген. Таяқ жеген татарлар шоқыта желіп, Тоқтамысқа келіп бұл туралы оны үрейлене хабардар еткен. Онсыз да байлыққа белшеден батқан Тоқтамыс өзінің әскерлерін жедел жинап, жолшыбай Коломнаны тағы да тонап, Рязань жерінен де мол олжаларға кенеліп, өзінің барлық күштерімен Оканың арғы бетіне отіп кеткен. Князь Олег Иванович Рязанский болса татарлардан қашып құтылған. Осыдан соң көп кешікпей-ақ ұлы князь Дмитрий Иванович және оның туысы Владимир Андреевич өз жерлеріне оралып, Мәскеу қаласына келіп, өлгендерді жерлеумен айналысқан (215).

Келесі жылы жазда Мәскеу князі Дмитрий Иванович туған баласы Василий Владимировичті Владимирде және Новгородта өзінің орнына ұлы князь етіп тағайындауды отініп, көп сый-сияпатпен, тарту-таралғымен Алтын-Орда

ханы Тоқтамысқа жіберді. Оның жанына Твердің ұлы князі Михаил Александрович ілесіп барды.

Осылайша Тоқтамыс өз мақсатына жетіп, орыс князьдерінің Кулиководағы жеңісінен кейін де олардың Алтын Ордаға алым-салық төлеп тұруын қайта жолға қойды. Бірақ Тоқтамыстың Алтын Орданы дәуірлетуіне Орта Азиядағы Әмір Темірдің даңқы көлеңке түсірді. 1383 жылы Хорезмді басып алған Тоқтамыс 1400 жылға дейін Темірмен және оны жақтайтын Қойырчак пен Темір-Құтлықпен және Шәдібекпен таққа таласып арпалысты. Жоғарыда айтып кеттік, Хорезм бұрынғы Алтын Орданың қарауындағы жер болатын. Оның үстіне Хорезмде өлі де Әмір Темірдің билігі орныға қойған жоқ еді. Бұл өңірде Алтын Орда билігінің орнығуы Өзбек хан тұсындағы мемлекеттің қуатын толық қалпына келтіру болып табылатын еді. Сондықтан да Тоқтамыс 1380 жылы Хорезмді басып алған соң онда өзінің атынан теңге соқтырды. Бұл жорық кейбір орыс тарихшылары айтып жүргендей, Әмір Темірге қоқан-лоққы көрсету, немесе оның беделін көзге ілмеу мақсатымен жасалған жоқ. Тоқтамысқа Алтын Орданы бөлшектеуге бейім тұрған әмірлердің көз алдында өзінің беделін берік орнықтыру аса қажет болды. Сондықтан да Тоқтамыстың бұл жорығы Б. Грековтың сөзімен айтсақ, оның “Хорезмге бағытталған нақты саяси бағдарламасы еді” (216).

1385 жылы қыста Тоқтамыс Әзірбайжанды Алтын Орданың ықпалына қарату үшін Дербент арқылы Тевризге дейін барды. 1387 жылы Тоқтамыс Дербент арқылы Әзірбайжанға тағы жорық жасады. Бұл кезде Әмір Темір Қарабахта болатын. Тоқтамыс мұнда да Әмір Темірдің ұлы Мираншах бастаған әскерлермен кездесіп қалып, жеңіліске ұшырап кейін шегініп кеткен еді. Сонымен қатар ол Хорезмді Алтын Орда құрамында ұстап қалуға күш жұмсап, 1387 жылдың күз айларында Амударияға жетті. Алайда Ходжентке барар жолда ол Әмір Темірдің әскерлеріне кездесіп қалып амал жоқ шайқасуға мәжбүр болды. Бұл 1388 жылдың қыс айлары еді. Алайда Хорезмді қолда ұстап тұруға Әмір Темірдің мүмкіндік бермейтінін түсінген ол, Жайыққа қарай шегініп кетті. Осылайша Тоқтамыстың Әзірбайжанды және Хорезмді Алтын Ордаға біріктіруді көздеген саясаты Әмір Темірдің ашық қарсылығына кездесіп, сәтсіздікке ұшырады.

Әмір Темір Әзірбайжанда Тоқтамысқа тойтарыс бере тұрса да 1388 жылы Тоқтамыс Хорезмге екінші рет шабуыл жасалғанға дейін ашық жауласуға бара қойған жоқ. Сондықтанда 1387 жылы Әзірбайжаннан шегінген Тоқтамыстың көптеген әскерлері Дербент түбінде Әмір Темірге еріксіз тұтқынға түскен кезде ол оларға жұмсақтық пен қайырымдылық танытып, жанашырлықпен Тоқтамыстың денсаулық жағдайын сұрастыра келе былай деген: “Біздің арамызда әке мен баланың құқы бар. Бірнеше ақымақтың кесірлерінен осыншама адамдар неге өлулері керек? Біздер арадағы келісімді сақтауларымыз керек және ұйқыдағы төртіпсіздікті оятып алмайық”. Осылайша Әмір Темір тұтқындарға барлық жағдайлар жасап, оларды ақшамен және киіммен қамтамасыз етіп, аман-есен Тоқтамысқа шығарып салды (217).

Алайда Хорезм өңірінің Тоқтамысқа қосылмақ болып өрекеттенуі, тіптен Әмір Темірге қарсы көтеріліс жасауы және Моғолстанды билеуші Әмір Қамар-ад-дин Дулаттың Тоқтамыспен келісімге баруы Әмір Темірді 1388 жылы осы бағытта жорыққа аттануға мәжбүр етті.

Оның үстіне Тоқтамыс 80-ші жылдардың алғашқы жартысында Алтын Орданы қуатты мемлекетке айналдырды. “Қазақ Совет энциклопедиясында” Тоқтамыстың осы тұстағы саясатына төмендегідей баға берілген: “Тоқтамыс таққа отырысымен Ордадағы Шыңғысхан тұқымының тақ үшін 25 жылғы қырқысуларын жойды. Сонымен қатар Көк Орда, Хорезм, Қажы Черкестің, Астрахан иеліктері мен Мамай Ордаларының басын қосып, қуатты Жошы ұлысының бірлігін қалпына келтіруге күш салды. Египетпен байырғы достық қатынастарын қайта жандандыру мақсатымен Египетке елшілік жіберді. Ибн Дукманның жазбаларына қарағанда елшілік онда хижраның 786 ж. (1384-1385) келген. Египет сұлтаны Алтын Ордаға өз елшілігін 1386-1387 ж. жіберді” (218).

Бұл шын мәнінде Бейбарыс пен Берке ханның кезінде басталған туыстық қарым-қатынасты нығайту бағыты еді. Солай бола тұрса да орыс тарихшылары Тоқтамыстың осы өрекетінің өзінен де Темірге қарсы жаулық пиғылды іздестірді (219). Шын мәнінде Тоқтамыс Әмір Темір шабуыл жасаған

соң ғана Египет сұлтанын оған қарсы одақтас болуға үгіттей бастаған еді (220).

Біздің ойымызша Темірді Тоқтамысқа қарсы жорыққа мәжбүрлеген негізгі себеп – Алтын Орданың бұрынғы күшқуатының қалпына келіп, оның Моғолстан және Хорезм өңіріне, яғни Әмір Темір мемлекетімен шекаралас аймақтарға ықпалының күшейе бастауы болып табылады.

Әмір Темірдің Тоқтамысқа қарсы жорығы 1389 жылдың көктемінде басталды. Әмір Темірдің келе жатқанын естіген бетте Тоқтамыс өзі қоршауда ұстап отырған Сауранды тастап, қыпшақ даласына шегініп кетті.

Низам-ад-дин Шамидің “Жеңістер кітабында» (“Зафарнамеде”) Әмір Темірдің Тоқтамысқа қарсы жорыққа 1391 жылдың 22 қаңтарында аттанғаны айтылады. Оның мәліметіне қарағанда Қара-Саман деген жерде Әмір Темірге Тоқтамыстың елшісі келген. Ол Әмір Темірге Тоқтамыстың атынан көп құрмет көрсетіп, сөйгүлік жылқыларды және қыран құстарды сыйлаған. Өзінің елшісі арқылы Тоқтамыс Әмір Темірден “көп қайтара кешірім өтінген және арада орын алған келеңсіздіктердің себептерін түсіндіруге тырысқан”. Мұнан байқайтынымыз, Тоқтамыс Әмір Темірмен жағдайды бейбіт жолмен реттеуге күш салған. Өзінің елшілері арқылы Әмір Темірге жолдаған хатында Тоқтамыс оның өзіне әкесінің орнына әке болғанын, өзіне Әмір Темірдің тарапынан аса көп жақсылықтар жасалғанын айта келе арам ниетті адамдардың тіліне, арандатуларына ілескендіктен қателіктер жіберіп алғандығын атап көрсетті. Өзінің әрекеті үшін “ұялатынын және шын ниетімен қапаланатынын» баяндай келе Тоқтамыс енді “өзіне ұсынылған шекарада тұрақтауға дайын екендігін және ұсақ міндеттерді дәлме-дәл орындайтынын” айтып Әмір Темірге уәде берді.

Мұның өзі Тоқтамыстың үлкен саясаткер және дипломат екендігін дәлелдейді. Батыс және орыс тарихшылары әлі күнге дейін Әмір Темірді марапаттап жазған оның өзінің тарихшыларының ықпалдарынан шыға алмай келеді. Мәселенің ақиқатына келсек сол замандағы қыпшақ даласын, билеушілер басшылыққа алған қағидалардың негізі Шыңғысханның заңы еді. Бұл бойынша Әмір Темір Шыңғысхан тұқымынан болмағандықтан тақтың заңды мұрагері Тоқтамысты мойындауы, тіптен оған бағынуы керек

еді. Тоқтамыс Алтын Орданың заңды билеушісі ретінде мұны жақсы түсінді. Ал Темір болса бұған қасақана мән бермеді. Темір Тоқтамыс елшілеріне берген жауабында өзінің оған жасаған жақсылықтарын бұлдап, “мен оны өзімнің балаларымның деңгейіне дейін көтеріп, оған қоңіл бөлдім”, - деп бөлсінді (221).

Дешті Қышпақ даласын көктеп өткен Әмір Темір 6 маусымда Жайық өзенінен өтіп көп кешікпей-ақ Тоқтамыстың қалың қолына кездесті. 1391 жылы Еділге құятын Қондырша өзені алқабында (Құндызша деген жерде) ұлы шайқас болды.

Осы жерде Тоқтамыстың Дешті Қышпақ даласымен сонау Еділ бойына дейін шегінуін кейбір зерттеушілер айтып жүргендей, батылсыздық, яғни Әмір Темірден қорқақтап, алды артына қарамай қашу ретінде сипаттау дұрыс емес. Тарихи деректерде, жоғарыда да айтып кеттік Тоқтамыстың батыл да батыр тұлға екендігі дәлелденген. Мұнда ол отырықшы оңірден әскер жинаған Әмір Темірдің әскерлерін сардала төсінде қаңғыртып, әбден жүйкелетіп барып соғысқа ұрындырмақ болғанын байқаймыз. Оның үстіне Тоқтамыстың әскерлері сан жағынан да Әмір Темір әскерлерінен әлдеқайда көп болды. Осы мәселені арнайы зерттеген М.Иванин Тоқтамыс әскерлерінің Қондырша шайқасындағы саны жарты миллионға жуық болған болуы керек деп жазады. Бұл Алтын Орданың, Көк Орданың жасақтарынан басқа ноғайларды, аландарды, черкестерді, болгарларды және орыстарды біріктірген, Әмір Темірдің өзінің сөзімен айтар болсақ “шегіртке мен құмырқадай қаптаған» қалың қол еді. Ал Әмір Темірдің Тоқтамысқа қарсы 200 мың қолмен аттанғаны белгілі (222). Кейінірек Ұлытаудан табылған Әмір Темірдің тасқа жазып қалдырған белгісі М.Иваниннің мәліметтерін растады.

Мұнда тағы бір назар аударар мәселе -- Тоқтамыстың Әмір Темірге қарсы осыншама қалың қол жинай алуы оның Дешті Қышпақ даласында аса беделді тарихи тұлға болғанын дәлелдей түседі.

Қондыршадағы ұрыс қарсаңындағы жағдайды Әмір Темірдің өзі кейіннен былай түсіндіреді: “менің әскерлерім шаршаған және аш еді, оныкі – керісінше – тың еді” (223)

Қондыршадағы екі алыптың 18 маусымда басталған қырғын ұрысы үш күнге созылды. Аса тәжірибелі Әмір Темір өзінің жауынгерлерінің рухын көтеру, керісінше қарсыласының әскерлерінің рухын түсіру үшін психологиялық әдіс-амалдарға барды. Мысалы, ұрыстың өбден қызған кезінде Әмір Темір өзінің немересі Мырза Әбубәкір бастаған 8000 әскерге шатырлар тігіп, жауынгерлерге арнап тамақ дайындауға бұйрық берді. Мұның өзі әскерлердің еңсесін көтеріп, оларды ұрысқа жігерлендірді. Ол Тоқтамыс әскерлерінің еңсесін түсіру үшін, оның басты ту көтерушісін сатып алды. “Мен, - деп атап көрсетеді осы орайда Әмір Темір, - жауымның ту көтерушісін сатып алдым. Ол екі жақтың әскері ұрысқа кіргенде туды түсіретін болып уәде берді». Негізгі тудың түсірілуі Тоқтамыс әскерлері қатарында үлкен абыржу туғызды және олар Еділге қарай шегіне қашты (224). Әбүмұхаммед Хұсайнның айтуынша көлемі жағынан мұндай ұлы шайқас “бұрын ешқашан болған емес” (225).

Алайда Қондыршадағы ұрыс екі жақ үшін де шешуші шайқас бола қойған жоқ. Жауынгерлер екі жақтан да аз қырылған жоқ. Сондықтан да Әмір Темір өзінің жеңісін соңына дейін жеткізбей, кейін қайтып кетті (226).

Ұрыстан кейін көп кешікпей, өзінің астанасы Сарайға оралған Тоқтамыс Египет сұлтанымен және Литва князімен жақындасып, одақ құруға күш салды. Сонымен қатар ол Алтын Орданың оңтүстіктегі шекарасы Әзірбайжанда өз ықпалын күшейтуге тырысты. Бұл Әмір Темірді бей-жай қалдырмады. Ол 1395 жылдың ақпан айында Тоқтамысқа қарсы жорыққа аттанды.

Түркі халықтарының мемлекеттік мүддесі тұрғысынан қарағанда Әмір Темірдің бұл жорығын ешқандай себептер ақтай алмайды деп ойлаймыз. Бұл Қыпшақ даласының ұлы мемлекеті Алтын Орданы біржолата күйрету және батыс елдерін, өсіресе орыс мемлекетін күшейтуге жол ашу бағыты еді. Ал соңғысының бір орталыққа бірігіп, мемлекет ретінде нығаюына Әмір Темірдің өзінің қанды жорықтарымен мүмкіндіктер беруі қыпшақ жерін, оның ішінде болашақ қазақ даласы да бар жат жерліктердің отарына айналдыруға саяси негіз жасап берді.

Өзінің қисынсыз жорығын негіздеу үшін Әмір Темір Тоқтамысқа мынадай мазмұнда хат жолдады: “Аса құдіретті

құдайдың атынан сенен сұраймын: бойынды жынның төкапшарлығы билеген сен, қыпшақтың ханы қандай пиғылмен тағы да қаруды қолға алды”? Менің қолдарым сенің күштеріңді, байлығыңды және билігіңді быт-шыт қылған біздің соңғы соғысымызды сенің ұмытып-ақ қалғаның ба. Ақылға кел, оңбаған! Өзіңнің маған қаншама міндеткер екендігіңді есіне түсір. Бірақ әлі де уақыт бар; сен жазалаудан құтылып кете аласың. Сен бейбітшілікті қалаймысың, жоқ әлде соғысты қалаймысың? Таңда. Мен қайсысына болсын дайынмын. Бірақ есінде болсын, бұл жолы сені аяу деген болмайды” (227).

Тоқтамыс Әмір Темірдің аса қауіпті жау екендігін жақсы түсінді. Сондықтанда Низам-ад-дин Шамидің айтуынша ол Әмір Темірден кешірім сұраған және өзінің бейбіт келісімге дайын екендігін мәлімдеген. Алайда, Шараф-ад-дин Али Йезди Тоқтамыс өзінің Әмір Темірге жауабында төңірегіндегілерге ілесіп дөрекі сөздерге жол бергенін айтады (228). Лянглэ Л. Тоқтамысты соғысты қалайтын төңірегіндегілердің сөздеріне ілесіп, бейбіт бітім жасамағаны үшін айыптай келе оны “сарайдағылардың қателіктерін өзіне қабылдайтын өлсіз монархтар қатарына жатқызады” (229).

400 000 әскермен Тоқтамысқа қарсы келген Әмір Темір шын мәнінде ешқандай да бейбіт келісім іздеп келген жоқ еді. Әмір Темір мұндай қарсы тұруларды тек соғыс арқылы шешіп үйренген қайраткер еді. Ал мұны Тоқтамыс жақсы түсінді. Мұнда шын мәнінде оған соғыстан жалтаратындай мүмкіндік те қалған жоқ еді. Алтын Орданың астанасы Сарай-Берке екі жақ кездескен Терек өзенінен онша қашықта емес еді. Екіншіден, соғыстың алғашқы кезеңінде басымдықтың Тоқтамыс жағында болуы мұнда күштердің өзара шамалас болғандарын, сондықтан да Тоқтамыстың жеңістен үміт үзе қоймағанын байқатады. Ибн Арабшахтың айтуына қарағанда 15 сәуірде 1395 жылы басталған бұл қырғын соғыс үш күнге созылып тағы да Тоқтамыстың жеңілісімен аяқталды. Ибн Арабшахтың айтуынша Тоқтамысты өлсіреткен оның өмірлері арасындағы алауыздық болып табылады. Дәлірек айтар болсақ Ақтау атты өмір басқа бір өмірмен қатты сөзге келіп соғыстың шешуші кезеңінде ұрыс даласын тастап кеткен (230).

Ұрыста жеңілген Тоқтамыс әскерлерін батыс тарихшылары тіптен ұйымдасқан түрде шегіне де алмады деп кінәлайды. Шын мәнінде бұл тарихи шындықты толық бейнелей алмайды. Шараф-ад-дин Йездидің айтуынша Әмір Темірдің өзіне Тоқтамысты қолға түсіру қажет болған. Ол былай деп жазады: “Темір Тоқтамыс ханның соңына қуалап түсті және оның соңынан күн демей, түн демей аса қатты жүрді” (231). Мұндайда ашық далада жеңілген әскерді тоқтатып, қорғану ұйымдастыру дегеніңіз қиынның қиыны еді. Алайда Тоқтамыс бәрібір қолға түспей, Булар (Булгар) жеріне өтіп кетті.

Ибн Арабшахтың айтуынша Әмір Темір өзі жүрген жерлерінде адам айтқысыз қырғын және тонаушылық пен зорлық-зомбылықтар ұйымдастырған. Мұны орыс жылнамалары да мойындайды. “Оның әскерлерінің алды Азаққа (Азов) дейін барып, Алтын Орданың астанасы Сарайды, Сарайшықты, Хажытарханды және осы өлкенің бәрін талқандады”. Әсіресе мемлекет астанасының жермен-жексен болып жойылып кетуі Темірдің шектен шыққан қатігездігі болды. Ибн Арабшах бұл туралы сөзбе-сөз былай деп жазды: “енді бұл жерлерде, Хорезмнен Қырымға дейін бұрынғы халықтар мен адамдардың ешбірі өмір сүрмейді және қозғалыста жоқ, және енді онда қарақұйрықтар мен түйелер қауымдарынан басқа ештеңе де жоқ. Дештінің астанасы — Сарай. Бұл қала мұсылманша салынған, керемет қамалы бар. Сарай ғылымның орталығына айналды. Қысқа мерзімнің ішінде мұнда ғалымдардың және атақтылардың, шешендер мен шеберлердің, тіптен барлық лайық адамдардың тамаша және салауатты үлесі жиналды. Мұндай белгілі кісілер тіптен көп адам мекендейтін Египеттің бөліктерінде де, елді мекендерінде де жинақталған жоқ еді” (232).

Өзінің Самарқанд тәрізді астанасын гүлдендірген Әмір Темір Алтын Орданың басты қалаларын жермен жексен етті. Бұл ойранды орыстың белгілі тарихшылары әлі күнге дейін ақтап, тіптен қуана баяндап келеді. Мысалы академик Б. Греков былай деп жазды (орыс тілінен аудармай сол қалпында береміз): “Победа Тимура над Токтамышем, опустошение и сожжение Астрахани и особенно Сарая Берке — столицы Золтой Орды — в 1395 г. имели огромное значение не только для Средней Азии и тогдашней юго-восточной

Европы, но и для Руси. Сам того не подозревая, тот самый Темир Аксақ, который грабительски опустошил Рязанскую землю, объективной победой над Токтамышем оказал Русской земле услугу, хотя своими поступками и оставил по себе в русском народе заслуженную дурную память” (233).

Бүгінде біздер қазақ тарихшылары, бұған керісінше мынандай қорытынды жасай алар едік: Алтын Орданы Әмір Темірдің өлсіретуі, оның басты қалаларын талқандауы Дешті Қыпшақ даласында бір орталыққа бағынған көшпелілердің мықты мемлекетін қалыптастыру процесін бір ғасырдай мерзімге тежеп тастады.

Еділдің сол жақ жағалауына өткен Әмір Темір онда өзінің жанына ілесіп жүрген Ұрысханның баласы Қойыршақ оғланды өлі тірі Токтамыс ханның орнына хан жариялап, оның беліне алтын белбеу байлады. Осылайша Әмір Темір өзінен кейін қыпшақ даласына екі хан қалдырып, еліне қайтып кетті. Енді Токтамысқа әмір Едігенің қолдауына сүйенген Ұрысханның балаларына қарсы жанталаса күресуге тура келді. Бұл екі бағыттың арасында Ибн-Арабшахтын айтуынша 16 рет қанды шайқас болды (234).

Ақыры әйгілі Едіге батырдың Ақсақ Темірді қолдап кетуі Токтамыстың тағдырын біржолата шешті. Күш Ақсақ Темір жағында екені айқын байқала бастады. 1401 жылы Токтамыс Сібір жеріне қашты. Біздің ойымызша, Токтамыстың Әмір Темірмен қарым-қатынасын тым күрделендірудің қажеті жоқ. Біз білетін барлық деректер Алтын Орданың күдіретін сақтап қалуды басты мақсат еткен Токтамыстың бұл жолда орқашан да Әмір Темірмен бейбіт келісімге қол жеткізуге тырысқанын және мұны Әмір Темірді қолдағандықтан емес, керісінше оның өзінің және оның бір орталыққа бағынған қуатты мемлекетінің тарапынан үздіксіз төніп тұрған қауіпті айқын сезінгендіктен осылай болғанын дәлелдейді. Осындай дипломатиялық жолмен ғана Әмір Темірден қорғануға және одан тіптен қолдау да табуға болатынын Токтамыс хан түсіне білді. Осындай саясатты ол Әмір Темірдің өмірінің соңына дейін ұстанды. Шараф-ад-дин Иезидидің өңгімесінде Әмір Темірдің Токтамысқа көзқарасын байқататын тұстар бар. Кезінде зерттеуші Л.Зимин пайдаланған бұл үзіндіден төмендегіні аңғарамыз: “Сейхун жағалауынан аттанған Темір сәрсенбіде, 12 раджабға (Вюстенфельдтің кестесі бойынша

1405 жылдың 14 қаңтарында) Бердібектің Отырардағы сарайына тоқтады...

Осы кезде Темірге Дешті Қыпшақ даласында баспанасыз қаңғыбас түрінде жортып жүргеніне көп болған Тоқтамыстың ескі қызметшілерінің бірі Қара-қожа келді. Сол күні Темір қабылдау залына салтанатпен кіріп биік таққа отырды. Оның оң қол жағына Үгедей қағанның руынан шыққан Таизи Оғлан, Жошыхан руынан шыққан Баш Темір Оғлан және Чекре Оғлан отырды да, ал басқа жағын Ұлықбек ханзада, Ибрагим сұлтан және Айджел көркемдеп тұрды; Тоқтамыс ханның жіберген кісісін әмірлер: Бердібек, оның бауыры Шейх Нұрад-дин, Шах-Мелик және Қожа Юсуп ертіп кірді. Ол патша кілемін сүйеге мүмкіндік алды және Тоқтамыс ханның төмендегідей жолдамасын мәлімдеді: “мен өзімнің жасаған жақсылықты білмейтіндігіме лайық жазалауды бастап өткіздім. Сіздің ұлылығыңызбен маған жасаған көптеген рахымдарыңызға менің жақсылық таныта алмауым мені қазіргідей келеңсіз жағдайға алып келді және ендігі жерде менде қалған жалғыз жол кешірімнен үміттену; егер мен оған қол жеткізсем онда басымды бағыну мойынтұрығынан, ал аяғымды бағыныштылық соқпағынан ешқашанда шығармайтын боламын”. Темір шабарманға мейірімділік танытып мынаны мәлімдеді: “осы жорықтан соң мен, құдайдың әмірімен Жошы ұлысын басып аламын және оны оған (яғни Тоқтамыс ханға) тапсырамын”.

Осыдан соң Темір...Қарақожаны сыйлықтармен Тоқтамыс ханға аттандырды, бірақ тағдыр басқаша шешті” (235).

Ия, көріп отырмыз, Тоқтамыс Едігемен және оның ұлдарымен теке-тіресте Алтын Ордадағы өзінің билігін тек Әмір Темірге сүйену арқылы ғана сақтап қала алатындығын жақсы түсінді. Алайда ол бір кезде аса айбарлы болған Алтын Орда мемлекетін мүсәпір халге түсірген Әмір Темірдің болашақты болжамаған, ойсыз жорықтары болып табылатынын да жақсы білетін еді.

Алайда XV ғасырдың басында Әмір Темір Еуразия кеңістігіндегі ірі мемлекеттер мойындаған дара билеушіге айналған кезде Тоқтамыс жоғарыдағыдай саясат ұстануға мәжбүр болды. Сонымен бірге мынаны да айта кеткен жөн: Әмір Темірдің Тоқтамысты Жошы ұлысына таққа қайта

отырғызуға уәде беруі Тоқтамыстың сол кезеңдегі ірі тарихи тұлға болғанын тағы да дәлелдей түседі. Мұны басқалар мойындамаса да тәуелсіз Қазақстан тарихшылары түсінулері керек. Қысқа мерзімде күллі қыпшақ даласын бір орталыққа бағынатын мемлекетке біріктірген Тоқтамыс тәрізді қайраткерлердің тарихымызда көп емес екенін ұмытпауымыз керек.

Әмір Темірдің Отырарда қайтыс болуы Тоқтамыстың жағдайын жеңілдетуі керек еді. Бірақ соңынан бір елі қалмай қойған Шәдібек Тобыл өзенінің төменгі ағысында Тоқтамысты өлтірді. Тоқтамыс ханның қайғылы қазасы туралы XVII ғасырдағы Қадырғали би Қосымұлының “Тоқтамыш хан” дастанында едәуір нақтырақ дерек кездеседі.

“...Темір бек күшінен Тоқтамыш хан солтүстік тарапқа қашты, аштықта, сусыздықта болып жүрді”, - дей айта келе Қадырғали би Тоқтамыстың қапыда қаза тапқанын төмендегідей сөздермен береді: “...Содан соң қарауылға Атым батырды, одан кейін Тобал батырды, одан кейін арғын Қарақожаны қойды. Өздері бірнеше нөкерлерімен (демалуға) жатты еді. Едіге-Кучук ұлы Нұраддин әскер қолбасшысы болатын. Ол қарауылды, әуелі Атым батырды, содан соң бәрін қалысын тауып өлтірді. Хан нөкерлерімен бейқам еді, олар да опат болды...” (236). Едігенің баласы Нұраддиннің (Нұралының) Тоқтамысты өлтіргені туралы осы әңгіме кейіннен халық арасына кең тараған “Ер Едіге” жырында да айтылады.

Тоқтамыс хан ұрпақсыз қалған жоқ. Оның балалары оның өзі тәрізді ірі тарихи тұлғаға айнала қойған жоқ. “Таварих-и гузида-йн нусрат-намеге” сүйенсек “Тоқтамыстың сегіз баласы болған. Олардың есімдері — Джалал-ад-дин, Джаббар-Берди, Кепек, Карим-Берди, Искандар Бу-Са‘ид, Кучик, Кадир-Берди. // Джалал-ад-диннің баласы — Бу-Са‘ид. Кепектің баласы - Чағатай-султан, [а] қызы — Ширин-бек. Карим-Бердинің баласы — Сайид-Ахмад.

Тоқтамыс ханның қыздарының есімдері — Малика, Ханинка, Джанинка, Са‘адат-бек, Кадиджа” (237).

Тоқтамыстың балаларымен Едігенің балалары арасындағы теке-тірес кейін де жалғасты. Бұл сол заманға тән саяси-әлеуметтік ахуалдың көрінісі еді.

Сонымен Тоқтамыс ханның тарихын баяндау барысында жоғарыда айтылғандар негізінде төмендегідей қорытындылар жасауға болады деп ойлаймыз:

Біріншіден, батыстық және Ресейлік тарихнамада Тоқтамыстың мемлекеттік және әскери қайраткерлігіне біржақты, ұнамсыз сипаттама беру қалыптасқан. Оның басты себебі Тоқтамыстың Алтын Орданың бұрынғы күдіретін қалпына келтіруінен және Мәскеуге жасаған жорығынан туындайтынын түсіну қиын емес. Алтын Орданың орыс жерлеріне үстемдігін қалпына келтірген Тоқтамыстың әрекетін орыс тарихшылары, тіптен евроазиялық концепцияны ұстанған, өзінің еңбектерінде орыстар мен түркі халықтарының қарым-қатынастарынан өзара түсіністік және жақындасу іздестірген Л.Гумилев тәрізді тарихшылардың өздері де жаппай айыптап келеді. Осы көзқарастан әлі арылмаған түркі халықтары, оның ішінде қазақ тарихшылары да Тоқтамыстың тарихи қызметіне күні бүгінге дейін әділетті баға берсе алған жоқ.

Екіншіден, тарихнамада Тоқтамыс пен Әмір Темірдің қатынасында алғашқысын таяз, үстірт ойлы саясаткер ретінде сипаттау орнығып қалған. Шын мәнінде мұнда Тоқтамыстың барлық іс-әрекеті Алтын Ордаға Әмір Темірге тәуелсіз мемлекетке айналдыру мақсатына бағындырылған еді. Сондықтан да ол Әмір Темірмен шекаралық аймақтарда Алтын Орда ықпалын нығайтуға бағытталған шараларды жүзеге асырды. Сонымен бірге деректер оның Әмір Темірдің Алтын Ордаға жорықтарын дипломатиялық жолмен тоқтатуға тырысқанын да дәлелдейді.

Үшіншіден, Жошы Ұлысында түркі халықтарының тәуелсіздігі мен еркіндігін қамтамасыз еткен және олардың Алтын Орда тәрізді Ұлы мемлекетін тарих сахнасына қайтадан алып шыққан тарихи тұлға осы Тоқтамыс еді. Қазақ мемлекетінің тарихи бастауы, терең тамыры Алтын Ордадан басталатынын мойындар болсақ, тарихымыздағы Тоқтамыс ханның жағымды рөлін де мойындаған жөн деп ойлаймыз. Ал бұл Тоқтамысқа байланысты тарихнамада бұрын қалыптасқан тарихи көзқарасты қайта қарауды қажет етеді.

3.3. Едіге тағдырына жаңа көзқарас қажет

Едіге, Идага, Идике, Идигу, - деген аттармен әр түрлі тілдер диалектісінде бұрмаланып айтылып жүрген ірі тарихи қайраткер, қабырғасы қайыспас Ер Едіге бұрынғы Кеңес империясы құрамындағы, түркі халықтары жабылып табынатын, қаһармандығына, данышпандығына, кеменгерлігіне олар сүйсіне бас иетін аңызға айналған ортақ тұлға.

Мұндайда мынаны да ескерген жөн, қазақ зерттеушілеріне бүгінде бірнеше Едіге белгілі. Олардың алғашқысы Едіге Танашұлы XIV ғасырда өмір сүрген батыр. Ол керей тайпасының ашамайлы керей руынан. Кезінде Әмір Темірдің жойқын жорықтарына қатысқан. “Қазақстан” Ұлттық энциклопедиясынан мынадай жолдарды оқимыз: “...Сол шайқастардың бірінде Едіге ауыр жараланып, қасындағы серіктері Самарқанға жеткізбек болып әкеле жатқан жолда Ұлытау бөктерінде қайтыс болады” (238).

Екінші Едіге біз жоғарыда атап кеткен маңғыт әулетінен шыққан, Ақ Орданың әмірі болған Едіге. “Ескендір анонимі” деп аталатын ортағасырлық еңбектің деректеріне қарағанда Едігенің әкесі Ақ Орда әмірі Балтышақ Тоқтамыс ханның қолынан қаза тапқан (239).

Үшінші Едіге XVII ғасырдың ортасы XVIII ғасырдың басында өмір сүрген Тәуке хан ордасында билер кеңесінің беделді мүшесі болған Едіге би. Ол арғын тайпасының қаржас руынан шыққан және шешендігімен елге әйгілі болған (240). Бұлардан басқа Әмір Темірге туыс барлас Едіге тағы бар

Бұлардың ішінен біз екінші, Ақ Орда әмірі болған Едігенің тағдырын әңгімелейін деп отырмыз.

“Ер Едіге” жырының қазір жалпыға мәлім қазақша үлгісінде батыр бейнесі жан-жақты да сан қырлы ашылады:

Едіге деген ер екен,
Елдің қамын жер екен,
Ел шетіне жау келсе,
Мен шығайын дер екен.

Едіге деген ер екен,
Елдің қамын жер екен.
Өзінен бір жас үлкен болса,
Әзіміз, сіз білессіз дер екен.

Едіге деген ер екен,
Елдің қамын жер екен.
Өзінен бір жас кіші болса,
Боғам, сен тұра тұр –
Мен сөйлейін дер екен (241).

Тарихи деректер Едігенің тарихта болғанын, 1352-1419 жылдар аралығында өмір сүргенін, Ақ Орданың әмірі болғанын, кейінде 1396-1411 жылдары Темір Құтлық Алтын Орда тағында отырған кезінде оның Едіге ықпалында болғанын, ал Темір Құтлық өлген соң Алтын Орда ханы тағына 1399 жылы Едігенің тікелей араласуымен Шәдібектің отырғанын, сондай-ақ Едігенің Ноғай ордасының да негізін қалағанын дәлелдейді.

Алайда кейбір зерттеушілер (Гумилев, Сафарғалиев, Абилеев) оны Ноғай ордасының емес, осы Орданың негізі болған Маңғыт жұртының билеуші үйінің негізін салушы ретінде қарастырады (242).

Зерттеуші В.В.Трепавлов “Едіге” жырының татар үлгісіне және Әбілғазының “Түрік шежіресіне” сүйеніп Едігенің маңғыт руынан шығуы туралы пікірдің шындыққа келетінін атап көрсетті (243).

Қалай десекте Едігенің өз заманындағы аса беделді тарихи тұлға болғаны күдік туғыза қоймайды. Ортағасырлық автор Әли Бинайдың “Шайбани-намесінде” Едіге-бектің (автор Едігені осылай атайды) маңғыт тайпасынан екендігі және оның Сайын ханның, яғни Батудың тағын басып алғаны, оның тұсында “аймақтың халқының бақуатты, тыныш және алаңсыз өмір сүргені” атап көрсетіледі (244).

Едіге деген ер дүрмін,
Үзілмес жібек кендірмін.
Өзі білмегенге,
Білгеннің тілін алмағанға,
Еменнен шоқпар шекесіне
Шық еткізетін мен дүрмін, (245) –

деп жырланатын халық жырларындағы жолдарда Едігенің бұл қасиеті жарқын суреттелген.

Сандаған ғасырлар бойы халықтың жадында тек жағымды тұрғыда сақталған Ер Едігені кеңестік кезеңдегі орыс тарихшыларының “ақсақалдарының” бірі академик Б.Греков

төмендегідей қаралауға күш салды: “мәселе мынада, тарихи өмір сүрген Едігеймен қатар тағы бір дәріптеуге бағытталған көпе-көрнеу феодалдық эпостың, ноғай эпосының батыры бар. Бұл бектік-феодалдық эпоста Едіге тұлғасына берілген мінсездемені тарихқа, аңыздан тарихи шындыққа көшіру — бұл дегенің үлкен қателік, тарихты бұрмалау. Пантюркистердің мүддесіне ғана қызмет ететін ұлтшыл-шовинистік тарихнаманың кейде осындайға баратындары да бар” (246).

Б.Греков пен А. Якубовскийдің Едігеге мұндай жаулық көзқарас ұстауы Коммунистік партияның сол жылдардағы саясатымен үндесіп жатыр. Оны біз алда айта жатамыз. Бұл басқа мәселе. Ал енді бүгінде академик Б.Греков пен А.Якубовский осылай айтқан екен деп еліміз, халқымыз тәуелсіздікке толық қол жеткізіп отырғанда бұрмаланған тарихымызды қалпына келтірмей отыра береміз бе? Түркі халықтарының ауыз әдебиетінде ерлігі дәріптелетін тарихи тұлға бүгінде неге біржақты қаралануы тиіс?

Біз әрине тарихшы болғандықтан Едіге туралы жырларға әр түрлі аңыз-өңгімелерге әдеби талдау жасаудан аулақпыз. Бірақ оларда тарихи шындық көрініс берсе, оны айналып кету қиянат болар еді.

Дегенмен де Едігенің өзі кім, қай халықтан, қандай рудан шыққан? — деген мәселеде тарихшылар арасында өлі де қалыптасқан ортақ пікір жоқ. Мұның себебі көне деректердің Едігенің шығу тегін әр түрлі таратуларынан дер едік.

Белгілі ғалымдар Р.Сыздықова мен М.Қойгелдиев жарыққа шығарған XVII ғасырдың алғашқы жылдарының ескерткіші Қадырғали би Қосымұлының жылнамалар жинағында Едіге би дастаны баяндалып, онда Едігенің түп атасы араб жерінен таратылады. Қысқаша айтсақ, ол төмендегідей: Мұхамбет пайғамбардың ең бірінші торт халифтерінің бірі Абу-Бакирден-Шамда патша болған. Махмуд аталығ - оның ұлы сұлтан Катиб аталығ - оның ұлы сұлтан хармаз (Мысыр патшасы) — сұлтан Халид (Сарсар патшасы) — сұлтан Уәлид — сұлтан Мулуд - Әбу Алфеис (Антакияда (Анатолияда) патша болған) — сұлтан Салим — сұлтан Садық - сұлтан Абулхақ (Мадайинде (Мединада) патша болған) Жалаладдин (Кастинатин (Константинопольда) патша болған) — Баба Туклас (Қаббада патша болған) — Терме

аталығ - Каричи аталығ - Ислам Қия - Қадыр Қия - Құтлу Қия – Едіге би (247).

Бұл шежіре бойынша Едігенің арғы ата-бабалары Терме аталығтан бастап Еділ-Жайық бойын мекен еткен және сонда дүниеден өткен. Тек Едігенің өзінің әкесі Құтлу - Қия ғана Қаратау өңіріндегі Құмкент қаласында дүниеден қайтқан. Қадырғали би дастандағы шежірені осылай баяндайды. Біздің ойымызша Едігенің түп атасын пайғамбар халифынан, араб дүниесінен тарату Едігені құдіретті етіп көрсету үшін қолдан әдейі жасалған. Мұндай пиғыл академик Қ.Сәтпаев ел аузынан 1927 жылы жазып алып, өзі алғы сөзін жазып Мәскеуде жариялаған “Ер Едіге” жырындада, Шоқан Уәлиханов және т.б. жинаған деректерде де байқалады. Оларда Едігені Бабай Түкті Шашты Әзіз диуанаға тұрмысқа шыққан перінің қызының баласы ретінде бейнелейді. Ал тарихшы Ибрагим Хальфин болса Бабай Түкті Шашты Әзіз бір кездерде араб жерінде Меккеде патша болған деген пікірді айтады. Әубәкір Диваев жариялаған “Мырза Едіге батыр” эпосында Бабай Түкті Шашты Әзіз айтылмаса да Едіге бәрібір перінің қызынан туады.

“Ер Едіге” жырының сан ғасырлық ұзақ тарихы бар ауыз әдебиетінің әр түрлі өңдеулері мен толықтыруларынан өткенін ескерер болсақ, оларда әр түрлі жаңаша қияли деректердің кездесуі әбден заңды деп ойлаймыз.

Бірақ бір нәрсенің басы ашық - Едіге бір кездері түркі халықтарының отаны, алтын бесігі – болған, қазіргі қазақ жерінің Қаратау өңірінен шыққан ірі тарихи тұлға. Едігенің данышпандығы мен ержүректігін де барлық тарихшылар бірауыздан мойындайды. Бірақ кейбір Ресей тарихшылары оны ноғайдың маңғыт әулетінен шыққан десе, академик Қ.Сәтпаев және жекелеген шығыс тарихшылары оны түріктің қоңырат руынан шыққан қайраткер деп көрсетеді. Оның маңғыт екенін мойындай отырып, бірақ ноғайлығына күмән келтіретіндер де бар. Мысалы, Л.Н.Гумилев өзінің “Древняя Русь и Великая степь” атты көлемді еңбегінде: “Шығу тегі жағынан Едіге маңғыт еді, бірақ оның тірегі Еділ мен Жайықтың төменгі ағыстары аралықтарында көшіп жүрген түрік тайпалары – ноғайлар болды”, - дегенді айтады (248).

Бұлардың қайсысы дұрыс дегенге болашақта терең талдау жасап, жауап беру тарихшылардың алдында тұрған

міндеттердің бірі екені күмәнсіз. Бірақ қазірдің өзінде осы пікірлердің бәрін ортақ арнаға біріктіруге негіз болар мәліметтер де баршылық. Мысалы, ноғайдың өз ішінде ақ маңғыт атты ел бар, сонымен қатар кезінде Батый әскерінің құрамында Дешті Қыпшаққа келіп жергілікті түркі тайпаларының құрамына сіңісіп кеткен маңғыттардың кейіннен қоңыраттармен бірге Әбілқайыр хан мемлекеті құрамындағы ең ірі тайпалардың бірі болғанын және Ноғай ордасының осы маңғыттар мен ноғайлардың ортақ мемлекеттері болғанын тарихтан білеміз. Сондай-ақ, қазақтың Орта жүзіндегі Қоңырат тайпасының Жаманбайынан таралған ноғай деген рудың бар екені және белгілі (249).

Бұлардан шығар қорытынды Ер Едіге туысқан халықтар - қазаққа, ноғайға, қарақалпаққа, татарға және т.б. түріктерге ортақ батыр. Тарих сахнасына мұндай ірі тұлғаны шығарғанымызға біздер түркі халықтары мақтанатын жөніміз бар.

Тоталитарлық, өміршіл-әкімшіл жүйеде бабамыз Ер Едігені өз деңгейінде дәріптей алмадық. Оған мүмкіншілік те берілмеді. 1944 жылы Татар облыстық партия комитетінің жұмысы туралы арнайы қаулы қабылдаған БК(б)П Орталық Комитеті “Ер Едіге” жырын соғысты, тонауды және қантөгіс озбырлықты дәріптейтін зиянды мұра ретінде ресми түрде айыптады. Енді жырды жырлауға, жариялауға тыйым салынып қана қоймай, оны кезінде ел аузынан жазып алып, жарыққа шығарғандар да аяусыз қуғындалды. Мысалы, академик Қ.И.Сәтпаев 50-ші жылдардың басында ғылымдағы лысенковшылдықтың құрбандығы болған кезде, оның сонау 1927 жылы “Ер Едіге” жырына алғысөз жазып, Мәскеуде жариялағаны қайта-қайта еске түсіріліп, қуғын-сүргін өрши түсті.

Ер Едігеге байланысты қуғындалғандар арасында басқа да қазақ фольклорымен айналысатын айтулы ғалымдар болды. Алтын Орда хандарын жырлайтын ноғайлы циклдарына жататын эпостарға неліктен тыйым салып отырғанын Коммунистік партия шынайы түрде, жан-жақты түсіндіре қойған жоқ. Басты себеп, ақиқатына келсек, мынада еді: “Ер Едіге”, “Қарасай-Қазы”, “Ер Көкше”, “Ер Сайын” тәрізді жырлардың кейіпкерлері әсіресе орыс жерлерін жаулап алу ұрыстарында даңққа бөленген ерлер еді. Осындай ерлердің

арқасында шығыс түркілері славяндарға бас имей, құл болмай, өз тәуелсіздіктерін сақтап, тұтас, ең аймақтарды еркін жайлап жатты. Ал өміршіл-әкімшіл кенестік жүйеде өлеуметтік статусы “аға”, тіптен “ұлы” халық дәрежесіне көтерілген орыстарды ренжітуге тіптен де рұқсат етілмейтін еді. Сондықтан да кезінде орыстардың басына “әңгір-таяқ ойнатқан” түркі халықтарының қайраткерлері мен батырлары саясиландырылған тарихтан тыс, елеусіз қалулары тиіс болды.

Ортағасырлық жазба деректер Едіге туралы мәліметтерді 1376 жылдан бастап қана береді. Олардан аңғаратынымыз осы кезеңге дейін Едіге Алтын Орданың солтүстік қанатының, яғни қазіргі қазақ жерінің ханы Ұрыс ханның сарайында болып, соған қызмет жасаған. Жоғарыда көрсетілген жылы ол Ұрыс ханға қарсы күресте Әмір Темірден көмек сұрап келіп жатқан Тоқтамысқа келіп, соның жағына шығады. Тегінде Едігені Әмір Темірге Тоқтамыс таныстырған (250). Бірақ ортағасырлық деректер Едігенің Ұрыс ханмен неліктен жанжалдасқанын түсіндіре қоймайды. Алайда Едіге Тоқтамыспен де соңына дейін бірге болмады. Ол Алтын Орда билеушісі Тоқтамысты тастап, Мәуереннахрдағы Әмір Темірге келді.

Низам-ад-дин Шами бұл туралы былай жазады: “Бұл кезде Темір Бұхарада еді. Қашып келген Едіге (Идигу-мангут) Ұрыс ханның әскерлерін жинап, Тоқтамыстың ізімен келе жатқанын мәлімдеді” (251). Осы үзіндіден көріп отырмыз, Едіге Әмір Темірге келейін деп келмеген. Өміріне қауіп төнгендіктен Низам-ад-дин Шами айтқандай амалсыз “қашып келген”.

Зерттеушілер Тоқтамыстың Яғайлоға хатына сүйеніп Едігенің Темірге кеткен жылын 1389 ж. деп көрсетеді (252). Натанзидің әйгілі “Ескендір анонимі” атты шығармасында көрсетілгендей Едігенің Әмір Темірге келуінің басты себебі оның әкесі Ақ Орда әмірі Балтышақтың Тоқтамыс ханның қолынан қаза табуына байланысты екендігін байқаймыз. Натанзидің “Ескендір анонимінде” Едігенің әкесін Тоқтамыстың өлтіруі былай баяндалады: 785 (1383-1384) жылы Тоқтамыс Әмір Темірдің қолдауымен Ақ Орда ханы Темірбекке қарсы жорыққа аттанады. Осы ұрыста Темірбек те, оның басты әмірі Балтышақ та тұтқынға түседі. Алғашқысы – Темірбек хан бірден өлтірілді де, ал

Балтышақтың қол-аяғын байлап, оны Тоқтамыстың сарайына алып келеді. Мұнан ары әңгіме былай өрбиді: “Ол (Балтышақ - Т.О.) адалдығымен және берілгендігімен даңққа бөленгендіктен оған Тоқтамыс былай деді: “Егер сен мені өзіңнің билеуші” ретінде мойындар болсаң, мен саған құрмет көрсетуден және сені сыйлаудан ешқашан ауытқымаймын және патшалық пен дүние-мүлік тізімін сенің қамқор қолыңа беремін». Ызаланған Балтышақ былай деді: “Егер менің қолдарым байлаулы болмаса мен саған жауап берер едім. Сені менің билеушімнің орнынан көрген көздер соқыр болып қалсын. Егер сенің қолыңда билік бар болса мынандай бұйрық бер: мені де өлтірсін, билеушімнің басын менің басымның үстіне, ал оның денесін менің денемнің үстіне қоятын болсын. Егер мен одан бұрын өлмеген болсам, онда одан бұрын оның төнінің қалдығына адалдығымды көрсету үшін болар”. Тоқтамыс оның өгінішін қанағаттандырды” (253).

XVI ғасырда өмір сүрген Әбумұхаммед Хусайн мұнан кейінгі Едіге тағдырын былай түсіндіреді: “Шығу тегі өзбек, ноғай руларының басшысы, сол қанат бастықтарының және министрлерінің басшыларының бірі болып табылатын және Тоқтамыш мемлекетін басқару ісінде қабілетті кеңесші Едіге 792 (1390 ж.) жылы оның тарапынан қауіпті сезіп қашып шықты және Темірге келді, оның алдындағы жерді сүйді және оны өзінің жағдайынан хабардар етті” (254).

Мұнан ары қарай Әбумұхаммед Хусайн Едігенің әр түрлі қулық-сұмдықты пайдаланып, ақырында Әмір Темірді Тоқтамысқа қарсы жорыққа шығуға көндіргенін айтады. (Сонда).

Алайда Әмір Темір Едігенің ақылын және үгітін тыңдағандықтан ғана Тоқтамысқа қарсы жорық жасады десек біршақты пікір айтқан болар едік. Өйткені Тоқтамыстың 1387 жылдың күз айларында Әмір Темірдің оңтүстіктегі Хузистан әміршісі Шах Мансұрға қарсы соғыстан қолы тимей жатқанын біліп, Жетісу мен Хорезмнің аралығындағы Амударияға дейінгі жерлерді басып алып, тонап, қайтып кеткені белгілі (255). Мұнан соң Тоқтамыс Әзірбайжандағы Темір иеліктеріне шекаралас өңірге басып кірді.

Деректер Тоқтамыстың осындай әрекеттерінің 1391 ж. қаңтарында Әмір Темірді оған қарсы жорыққа аттануға итермелегенін дәлелдейді (256).

1391 ж. Әмір Темір Тоқтамыс әскерлерін Еділ өзенінің саласы Қондыршы бойында талқандағанда Едіге бұл шайқасқа Әмір Темір жағында қатысқан. Әмір Темір Дешті Қыпшақ жері арқылы кейін қарай қайтқан кезде Едіге сол қанаттағы өзінің руластары мен тайпаластарына жаушы аттандырып, оларды Әмір Темір әскерлері басып өтетін қауіпті аймақтардан аулақ, алыс кетуге және жылдамдата көшу барысында бір жерде екі күннен артық кідірмеуге үгіттейді. Әмір Темір әскерлерінің тонауынан Едіге өзінің слін осылайша сақтап қалады.

Сонымен қатар Едіге Әмір Темірдің қалың әскері жорықтан қайтар жолда оның туған өлкесіне жақындаған кезде өзі де ебін тауып, қаһарлы билеушіні ренжітпей, оның қоластынан босанып шығу жағын қарастырады. Шараф ад-Дин Йазидидің айтуынша мұнан ары оқиға былай өрбіген. Едіге Әмір Темірге келіп, оның тағының алдында тізерлеп отырып: “оның адал қызметшісі ретінде, өзінің ордасын жинап, оларды осында алып келгісі” келетіндігін мәлімдеген және осыған байланысты Әмір Темірдің рұхсат етуін отінген.

Күллі Жошы ұлысы өзінің уысында екендігін сезінген күдіретті Әмір Темір бұл өтінішті қанағаттандырып, Едігенің қолына өзінің жарлығын ұстатып, оның өзін босатып еркіне қоя береді. Әмір Темірдің бұл жарлығында Едігеге, “оның баспанасына және оның адамдарына тиісуге және сондай-ақ олардан салықтар жинауға дүниеде ешкімнің де қақылары жоқ” екендігі атап көрсетілді (257).

Мұның өзі Едігенің Әмір Темірдің жол бастаушысы және кеңесшісі ретінде үлкен сенімге және зор беделге ие болғандығын дәлелдей түседі. Тарихшылар арасында Едігенің Әмір Темірден кетуін сатқындық ретінде бағалауға қарсылар бар. Мұны тарихшы В.В.Трепавлов та атап көрсетеді (258).

Едігенің және оның әріптесі Темір Күтлықтың Әмір Темірдің рұхсатын алып, одан аттанып кетулерін және оған қайтып оралмауларын Әмір Темірдің қателігі ретінде көрсетуге бейім тарихшылар да бар. Мысалы, Л.Н.Гумилев осы оқиға Тоқтамысқа қарсы “жорықтың табыстарын жоққа шығарды» деген асығыс қорытындыға келеді (259).

Шын мәнісінде Едігені мұндай әрекетке мәжбүрлеген туған еліне, туған өлкесіне деген ыстық ықыласы еді деп айтуға негіз бар деп ойлаймыз. Әмір Темірдің жойқын жорықтары руластарын жаныштап, жоқ ететіндігін Едіге жақсы түсінді және сондықтанда оның алдын алуға күш салды.

XV-XVI ғасырларда болашақ ноғайлардың Жайық және Ембі өзендері аралықтарын мекендеуін тарихшылар Едігенің өзінің елін Әмір Темірдің ауыр жорықтарынан сақтаудан туған әрекеті деп орынды бағалайды деген ойдамыз. Шындығында да 1391 ж. Тоқтамысқа қарсы жойқын соққыдан соң бұл өлкеге қаһарлы әміршінің қайта аяқ басуы да екіталай еді. Бұл мәселеде алысты болжайтын көреген Едіге қателесе қойған жоқ. Әмір Темір өзі тонап кеткен өлкеге жаулары қайта бас көтермесе екінші рет жер қайысқан қалың әскермен аяқ баса бермейтін еді.

Алайда бұл мәселеде тарихшылар кейде дәлелсіз болжамдарға ұрынып жүр. Мысалы В.В.Трепавлов былай деп жазады: “Едігенің сақтығы түсінікті: ол әміршіні алдағаны үшін жазалаушы жорықтан сақтанды” (260). Осы жолдарды жазған В.В.Трепавлов өзінің еңбегінің дәл осы бетінде Едігенің Әмір Темірден кетуін “сатқындық ретінде біржақты қабылдауға болмайтынын”, мұнда “қандайда бір болмасын себепті жағдайдың орын алуы мүмкін екенін” де атап көрсеткен еді. Яғни зерттеуші өзін-өзі теріске шығарып отыр.

Едігені сатқын, тұрақсыз саяси тұлға ретінде көрсету Алтын Орда тарихынан кеңестік кезеңде іргелі монография жазған Б.Греков пен А.Якубовскийге де тән. Олар “шығыс деректерінің Едігеге ешқандай да ықылас танытпайтын” айта келе осы орайда Әмір Темірге әрқашан сын көзбен қараған, сондықтанда “оның қарсыластарын ақтауға дайын тұрған” Ибн-Арабшахтың пікірлерін мысалға алады. Сонымен қатар Б.Греков пен А.Якубовский Ибн-Арабшах пікірлерінің әдәби тұрғыдан оңделгенін мойындайды. Жалпы алғанда Ибн-Арабшахтың Едіге бейнесін жаулық көзқараспен жазбағаны оның пікірлерінен белгілі. Ол Едігені былай бейнелеген еді: “Ол нағыз қара торы өңді, орта бойлы, денс құрылысы берік, қарағанда қаһарлы, аса ақылды, тартымды, күлкіге кенелген, өте зерек және аңғарымпаз еді, ғалымдарды және лайықты адамдарды сүйді” (261).

Б. Греков пен А. Якубовскийдің бұл жерде біржақтылыққа салынғаны олардың өздерінің Ноғай эпосында Едігенің жағымды бейнеленетінін мойындауларынан да айқын көрініп тұр (262). Жоғарыда айтылғандай, Едігенің Тоқтамысты жеңген соң өзінің туған еліне қайтып кетуін Б. Греков Әмір Темірді “алдап кету”, “билікті қолға түсіруді аңсау” деп сипаттайды (263).

Б. Греков пен А. Якубовский өздерінің пікірлерін дәлелдеу үшін В. В. Бартольдқа да жүгінді. В. В. Бартольдтың “Едігенің әкесі” атты мақаласында Едігенің тұрақсыздығы атап көрсетіледі. Алайда Едігені саяси тұрақсыз еткен оның мінезі емес, аса күрделі саяси заманы еді. Мұны біз бүгінде ескеруге тиіспіз.

Әмір Темірдің Едігеге кек сақтамағаны оның Ирандағы Керман қаласын және округін басқарып отырған Едігенің балаларына өзі өлгенше тиіспеуі және Тоқтамысқа қарсы екінші жорық барысында Едігені ынтымақтастыққа шақырып хат жазуы айқын байқатады.

Деректерге қарағанда Тоқтамысты талқандаған 1391 жылдан кейін Ақ Орда жері дегенмен де Әмір Темір ықпалында болғанын көреміз. Ол 1395 жылы Жошы ұлысы тағына Ұрыс ханның ұрпағы Қойыршақты отырғызды. Алайда оның өмірі қысқа болды да таққа Ұрыс ханның келесі ұрпағы Темір Құтлық отырды. Натанзидің мәліметі бойынша Темір Құтлық пен Едігенің әскерлері Еділ бойында Тоқтамыс әскерлерін талқандады. Темір Құтлық 6 жыл тақта отырған тұста “патшалық ісінде бұрынғы тәртіп толығымен орнықты”. Орыс жылнамашылары Темір Құтлық билік жасаған жылдарды шын мәнінде Едіге билік жасаған жылдар ретінде атап көрсетеді (264). Дегенменде деректерден Темір Құтлықтың хан болуы Әмір Темірдің рұхсатымен жүзеге асқанын байқаймыз. 1397 жылы Әмір Темірге Темір Құтлық, Әмір Едіге, Қызыр Қожа өздерінің елшілерін аттандырып, Темір Құтлықты хан ретінде тануға ресми рұхсат алды (265).

Алайда бұл жылдар Темір Құтлық пен Едігенің Тоқтамысқа қарсы күрес жылдары болды. 1397 жылы 8 қыркүйекте Кафы түбінде олардың азғана күштері Тоқтамыс пен Литва князі Витовтің біріккен күштерінен жеңіліп қалды. Бірақ келесі жылы қыста Тоқтамыс жеңіліп, Литваға қашты.

Өзара қарсы түру 1399 жылы да жалғасты. Витовт пен Темір-Құтлық келісімге келе алмады. Тарихшылар осы тұста Едігенің Витовтқа жазған хатынан төмендегідей үзіндіні пайдаланып жүр: “Батыл князь! - деп жазды Витовтке Едіге, - Біздің хан (Темір-Құтлық - Т.О.) сені өзінің ағасы ретінде мойындамай тұра алмады. Өйткені сенің одан біраз жылдарға үлкендігің бар. Бірақ өз кезегінде сен менен кішілеусің. Сондықтанда сен маған басынды исең, маған салық төлеуге міндеттенсең, өзінің литвалық ақшаңда менің мөрімді бейнелер болсаң дұрыс болған болар еді” (266). Бұған әрине Витовт қатты қорланды.

1399 ж. 12 тамызда Витовт пен Тоқтамыстың Темір-Құтлық пен Едігеге қарсы шайқасы соңғылардың жеңісімен аяқталды. Жеңімпаздар 500 шақырымға дейін, Ворсклыдан Киевтің өзіне дейін еуропалық әскерлерді қырып салды. Өлгендер арасында 20-дан астам княздар бар екен (267).

Алтын Орданың қайта күшеюіне Темір-Құтлықтың кенеттен қайтыс болуы кедергі келтірді. Натанзидің айтуынша ол “ұзақ уақыт ішкілікке салынып ұйқыға кеткенде оянбай қалған” (268).

Жошы ұлысында ханның жоқ болуынан басталған тәртіпсіздік Едігені Шыңғыс хан тұқымын іздестіруге итермеледі. Ол таққа “өзінің әділдігімен және қабілетімен белгілі болған және жасы жағынан үлкен Шәдібекті отырғызды». Натанзи Шәдібекті тыныштық іздеген, қауіпсіз өмірді аңсаған хан ретінде сипаттайды. Ол бүкіл өмірін думандатып рахатқа бөленіп өткізгісі келді. Едіге болса мемлекетті нығайтуға күш салды. Ол бұрынғы дәстүрлерді (тура) және ұлы заңдарды қалпына келтірді. Бұл Шәдібекке ұнамады. Ол жасырын түрде Едігенің көзін жоймақ болды. Оның мұндай арам ойын сезіп қойған Едіге оған ашық қарсы шықты. Шәдібек болса тағын тастап Дербент әмірі Шейх Ибрагимді паналады және сонда кейіннен қайтыс болды (269). Оның патшалық құрған жылдары 1400-1408 жылдар еді (270).

Шәдібектің орнын Болат сұлтан алды. Шереф-ад-дин Йездидің айтуынша ол Шәдібектің баласы еді (271). Ол Едігенің ықпалымен Алтын Орданың орыс княздеріне билігін күшейтуге тырысты. Бұл Едігенің мемлекет қайраткері ретінде күшейген, өзі таққа отырғызған хандар атынан теңге

соқтырған кездері еді. Едігенің мемлекеттік жүйедегі қайраткерлік белсенділігі, Алтын Орда мемлекетіндегі реформатор ретінде беделі ол таққа өзі отырғызған хандарға өз бетінше саясат жүргізуге әрқашан кедергі жасады. Айта кеткен жөн, күні бүгінге дейін Едігенің мемлекет қайраткері ретінде жүргізген шаралары, Жошы ұлысын нығайту жолындағы саяси және экономикалық реформалары тарихымызда әлі де терең зерттеле қойған жоқ. Орыс және Батыс тарихшылары Едігенің қайраткерлік және реформаторлық белсенділігін біржақты, және жағымсыз тұрғыдан сипаттап, оны Алтын Орданың отыршылдық жүйесін нығайтушы ретінде көрсетіп келеді. Осы тұрғыдан алғанда түркі дүниесі тарихшылары қайта қарайтын мәселелер де баршылық.

Ал Едігеге келсек, ол көптеген орыс княздіктерін бағындырып қана қоймай, әйгілі Дмитрий Донскойдың баласы Василий Дмитриевич басқарған Мәскеудің өзін де қоршауға алғаны белгілі. Орыстың Никон жылынамасында бұл оқиға былай баяндалады: "...6917 (жаңаша 1409 ж.) қыс айында, желтоқсанның 20 күні Орда сұлтаны (құжатта — князі) Едігей Үлкен Орда патшасы (ханы) Болат сұлтанның әмірімен қалың қолмен орыс жеріне келді. Едігемен бірге татарлардың көптеген сұлтандары және төрт ханзада ілесіп келген. Жылнамашының айтуына қарағанда осы Орда князі Едіге Орданың барлық княздеріне билік жүргізуші және Орданың барлық патшалығын өз қолында ұстаған, сондай-ақ өз қалауынша патшаны тағайындайтын..." (272).

Ұлы князь Василий Дмитриевич әскер жинап үлгере алмай қапыда қалып, Мәскеуде өзінің інілері князь Андрей Дмитриевичті, Петр Дмитриевичті және өзінің ағасы Владимир Андреевичті, көптеген жасағын және қала халқын қалдырып, өзі әйелімен, бала-шағасымен Костромаға қарай сытылып, қашып шыққан. Ол кетіп бара жатып қала іргесіндегі сауда-өндіріс орындарын өртеуді бұйырған. Нәтижесінде қала төңірегінде үлкен өрт және наразы тұрғындардың бүлігі басталған. Жалынның көкке өрлеп сумаңдаған қызыл тіліне қаланы жан-жақтан қоршаған Едігенің қалың қолы тамашалап қарап тұрған. Олар шығынға ұшырамау үшін Мәскеу қамалынан атылған оқ жетпейді-ау деген қашықтыққа шатырларын тігіп, асықпай, жата-жастана

қоныстанған. Ал Едігенің өзі болса Коломенскоеға дейін барып орыстардың жандары алқымға тығылып, үрейлері ұшқандарына, яғни өзіне қарсы топтасып, қару асынып шығып, қарсыласуға жарайтын жанның жоқ екеніне әбден көзі жеткен соң, әскерін жан-жаққа босатып жіберген. Тізгін өз қолдарына тиген әскер басылары ойларына келгендерін жасап, көптеген адамдарды тұтқынға алып, Переславл қаласын өртеп жіберіп, Ростовты, Дмитровты, Серпуховты, Веряны, Нижний Новгородты және Городецті басып алған. Олардағы билік жүргізушілер және қалың халық тұтқын болған (273).

Жылнамашының жазуынша Едігенің қаһарына қыстың қаттылығы сәйкес келген, ақ түтск боран көз аштырмаған. Өзі басып алған қалалардың княздерін қолға түсірген Едіге енді ұлы князь Василий Дмитриевичті тұтқынға алу қамына кірісіп, өзінің жақсы биінің баласы Бегіберді және Сентіліби басқарған отыз мыңдық әскерге өзінің таңдаулы тағы төрт мың адамдық жасағын қосып аттандырды. Бірақ олар князь Василий Дмитриевичке дейін жете алмай жарты жолдан кейін қайтып оралды. Өйткені осы кезде Орда ханы Болат өзінің жедел шабарманын Едігеге жіберіп, оның Ордаға тездеп оралуын талап етті. Жылнамашының айтуынша Болат хан өзінің негізгі күштерін Едігенің бастауымен орыс жерін бағындыруға жібергендіктен оның тағына қызығушы бақталастарының бірі Ордада мемлекеттік төңкеріс жасап, Болатты тақтан аластатып және олтіріп өзін хан етіп жариялайтын сәт туды деп ойлаған. Мұндай қаской әрекеттің дайындалып жатқанын Болат ханның шабарманы Едігеге ашық айтты. Осыдан соң-ақ Едіге кейін қайтуға асығыс жинала бастады. Ол Мәскеудің айналасындағы ат тұяғы жететін аймақтарын дым қалдырмай тонап, тұтқындарды шұбыртып айдады. “Жалғыз Мәскеуді ғана құдай сақтап қалды”, - деп жазылған бұл туралы Никон жылнамасында (274).

Қайтар жолда Едіге Мәскеуге шабарманын жіберіп, егер қала 3000 сом салық төлесе, өзінің оны қоршауды тоқтататынын, әскерлерін алып кететінін атап көрсетті. Араға бір ай салып Едіге қисапсыз мол қазынамен және байлықпен орыс жерін тастап кетті. Егер Болат ханнан шұғыл шақырту келмеген болса тас қамалмен қоршалған Мәскеу де, өзіне

көрші орыс қалаларының кебін киіп, Едігенің табанында тапталары, оған тізе бүгері сөзсіз еді.

Бұл жерде осы кезге дейін ресейлік тарихшылар қалыптастырған: “Москва была также осаждена, но овладеть ею Едигей так не смог. Простояв около месяца под Москвой, Едигей потребовал трехтысячный “окуп” с москвичей и снял осаду” (275), - деген біржақты пікірімен толық келісуге болмайды.

Едіге Мәскеуді күші жетпегендіктен ала алмады деуге негіз жоқ. Егер Орда ханы оны кері шақыртпаған болса Мәскеу халқы сақылдаған сары аязда аштықтың құрбаны болып, баудай түсіп қырылған болар еді.

Едігенің орыс жеріне не себептен жорық жасағаны оның 1409 жылы ұлы князь Василий Дмитриевичке жолдаған грамотасында толық баяндалады. Бұл едәуір көлемді болғандықтан оның қысқаша мазмұнымен оқырманды таныстыра кетелік. Онда Едіге өзінің мұнда келу себебін Рустың соңғы жылдары Орда билігін, ықпалын мойындағысы келмейтін сыңай таныта бастауымен байланыстырды. Сендерге, - деді ол, - “Ханның елшілері және Орда қонақтары келеді, ал сендер болсандар елшілермен қонақтарды қылжақ етесіндер, ия сендердің қиянаттарыңа олар аса ренжулі...” Едіге өзінің осы хатында Василийді сендерден бұрынғы патшалар біздің адамдарымызды қатты құрметтеп, күтіп алушы еді, орыс жерінен бұрын ешкім де ренжімей аттанатын, бұл туралы “сен ең болмаса өзіңнің көне көз қарттарыңнан сұрасаң етті”, - деп сөкті. “Хан Темір Құтлық таққа отырған бетте, — деп жазды одан ары Едіге, - сен өзіңнің ұлысыңа Государь тағайындадың”, ал сен тағайындаған жерлердегі князьдер “ханда ешқашан болған емес, ханның және оның сұлтандарының көзіне түскен емес. Өзіңнің бояларыңды да, ақсақалдарың мен жастарыңды және тіптен басқаларды да жіберген емессің. Балаларың да, туыстарың да бір ауыз сөзбен келген емес. Онан соң, Шәдібек сегіз жыл хандық құрды, оған да аталғандардың ешқайсысы келген емес...ешкімді жібермедің: сонымен Шәдібектің бұл хандығы да өте шықты. Енді ғой Болат сұлтан таққа отырды және хан болғанына да үш жыл болды: өзің келмей қойғаныңмен тұрмай, балаңды да, бауырларыңды да, аға бояринінді де жіберген емессің. Өзің ғой ұлы ұлыстың

басшысы Ұлы князін, ал барлық істеген істерің унамсыз және дұрыс емес. Феодордан Кошкаға дейін Ордаға деген жағымды әдет және ақ ниет ой сондай-ақ игілікті істер орын алып еді” (276).

Едіге князь Василийді осылайша өткен жылдар тәжірибесінен сабақ алмайсың деп сөге келе, сонымен қатар Алтын Ордаға адал қызмет еткен адамдарды да оған үлгі ете сөйледі. Хатта олардың ішінен боярлар Илья Иванович, Петр Константинович, Иван Микитич аталады. Соларды жинап ақылдассаң орыс жері, сенің менмендігіңнен бүйтіп күйзелмес еді, - дейді Едіге. “Хан Жәнібекке кезінде салықты қалай төлеп едіңдер, естерінде ме? Сонда ғой сендердің ұлыстарыңа ешкім де тимейтін, шаруаларың тыныштықта өмір сүретін, олар “сенің өрөкіректігіңнен қырылмайтын”, - деп жазылған хатта (277).

“Біз сенің ұлысыңды өз көзімізбен көрген емеспіз, тек әр түрлі сыбыстар арқылы естиміз”, - деп ренжіді Едіге одан ары. Солай бола тұрса да “Орыс княздерінен, немесе Литвадан қандай да бір болмасын жәбір көрсендер, сенің өзің тағы да олардың үстінен жылда шағым айтасың және арыз грамоталарын жолдайсың, сөйтіп олардан қорғауды өтінесің және сен бізге ешқашан маза да бермейсің” (278).

Ия, көріп отырмыз, Едіге Батый ханның кезінен бері қалыптасқан Алтын Орданың орыс жеріне үстемдік ету жүйесін қалайда сақтап қалу үшін күрескен. Бұл тарихи шындық. Орыстармен жағаласып жүріп, ол өзінің негізгі бақталастарын тарих сахнасынан ығыстыруды да естен шығарған емес. 1409 жылы Едіге Батыс Сібірді паналап жүрген Алтын Орданың бұрынғы ханы Тоқтамыстың соңына түсті.

Әубәкір Диваев ел аузынан жазып алған “Мырза – Едіге батыр” эпосының нұсқасында Едігенің Тоқтамысқа көрсеткен қорлығы былай жырланады:

Ер Едіге батырдан,
Тоқтамыс ханның жұрттары,
Жүректері суысып,
Айдарлысын құл қылып,
Тұлымдысын тұл қылып,
Күнікедей коріктісін,
Тінікедей тектісін,

Ат қотине салып, жүн қылып,
Бұрынғы өзінің айтқанын,
Өтірік қылмай шын қылып,
Тоқтамыс ханға бір қайласын
қылып,
Құлақ, мұрнын кесіп,
Өлгенмен тең қылып,
Сонша хәрекетлік білән қырысып,
Бір-біріңізбен ұрысып,
Ақыры көңіл тынысып (279).

Ал Қадырғали би Қосымұлының жылнамалар жинағындағы «Тоқтамыс хан дастанында» Тоқтамыс ханды Едігенің баласы Нұраддиннің қапыда ұйқыда жатқанда өлтіргені айтылады. Л.Н. Гумилев Тоқтамыс Сарайды басып алмақ болған кезінде Шәдібектен жеңіліп, Тобылдың төменгі жағында өлтірілді дейді (280). 1410-1412 жылдары Алтын Ордадағы билікті болісу үшін пайда болған қырқыстың бел ортасында Едіге де жүрді. Нәтижесінде өкімет басына қайтадан Тоқтамыс ханның балалары келген кезде Едіге Хорезмге барып бас сауғалайды. Едігенің Хорезмге кетуін басқаша түсіндіретін деректер де кездеседі. Натанзидін айтуынша Едіге Темір Құтлықтың баласы Темір сұлтанды таққа отырғызады. Бірақ біраз уақыттан соң Темір сұлтан төңірегіндегілердің сөзіне ілесіп Едігені қуғындайды. Осыдан соң Едіге Хорезмге кетеді. Темір сұлтан оның соңына түседі. Осы кезде оның ұлысын Тоқтамыстың балалары Жәлел-аддин сұлтан, сұлтан Хусейн және Мұхаммед тұтқиылдан басып алады. Ал Темір сұлтан болса қашқынға айналып, қаңғырып өледі (281) Дегенменде, Едіге Хорезмде көп тұрақтай алмады, ол Герат ханы Шахруқпен сыйыса алмады.

Кезінде бүкіл Алтын Орданы алақанында ұстаған, қаламағанын хандықтан түсірген, айласы мен ақылы телегей теңіз, қаһарлы өмір Ер Едігенің тағдыры қайғылы аяқталды. Нақтырақ деректерге қарағанда ол 1419 жылы Сарайшық қаласының түбінде кезінде өзі қол үшін беріп, Алтын Орда тағына отырғызған, бірақ кейіннен билікке таласып ата дұшпанға айналған Тоқтамыстың баласы Қадірбердінің қолынан қаза тапты. Қадірбердінің бұйрығымен Едігенің денесін кескілеп тастады (282).

Бұл оқиғаның қалай болғаны XVII ғасырдың мұрасы Қадырғали би Қосымұлының “Жылнамалар жинағында” төменгідей баяндалады.

Тоқтамыш ханның мәлім, белгілі ұлдары мыналар, аттарын таратып айтсақ, - Жалаладдин сұлтан, екіншісі Кучук сұлтан, үшіншісі Жафарберді сұлтан, төртіншісі Қалымберді сұлтан, бесіншісі Қадырберді хан, қызы Жанике атты еді. Оны Едіге би алды. Едіге – Кучук Жаникені алғанда Қадырберді хан үш жасар еді. Жанике (оны) Едіге бектен отініп алып қалып, бір кеште біреумен жасырын қаушырып Қырымға жіберді. Кейіннен он бір жасында Қадырберді хан Қырым әскерімен келіп, Еділ дариясынан кешіп отіп Едіге бекпен соғысты. Сол ұрыста Едіге бекті өлтірді. Қырым әскерінің әскербасы ұлықтары: “Бұл жылы жазғысын осында қалайық, атымыз семірсін, ұрысқа күш-қуат жинайық, Еділ тоңа қысында қайтармыз”, - десті. Ол сөзді (Қадырберді хан) жаратпады. Түркі өлеңі:

Еділ тоңса кім кешпес,
Едіге олсе кім бармас!
Еділ тоңбай тұрып,
Едіге өлмей тұрып, - деді.

Осындай серт берісіп қатты ұрысқа кірісті. Едіге бек жаралы болды. Қадырберді хан да жарақаттанды. Екі жақ әскері бірін-бірі қырып салды. Ичкили ұлы Хасан Едіге бидің мініс атын... ұстап тұрар еді. (сол) Қадырберді ханға “Едіге мұнда жатыр”, - деп хабар береді. Келіп оны өлтірді. Қадырберді хан да сол жарақаттан артынша бірнеше күн өткен соң қайтыс болды”.

Едіге ұрпақсыз қалған жоқ. Тарихшы Мұқаметжан Тынышпаев өзінің “Қырғыз-қазақтардың шығуы және қазақ хандығының құрылу тарихы” деген іргелі еңбегінде Едігенің тұқымын таратады. Бұл бойынша Едігенің 5 баласының үлкені Нуреддиннен белгілі батырлар, өз заманына міншүр қайраткерлер таралған. Олардың араларында Орақ Батыр, Қарасай, Қазы, Ормамбет би, Тарғын батыр тәрізді аңызға айналған тарихи тұлғалар бар. Ибн Арабшахтың айтуынша Едігенің 20-ға тарта балалары болған, ал оның өзі Дешті Қыпшақты 20 жылдай билеген. “Оның патшалық құрған

күндері адамдарда жарқын із, ал билік еткен түндері уақыт ағымында шұғылалы жолақ болып қалды” (283). Жоғарыда аталған тарихи тұлғаларға келер болсақ мынаны ескерген жөн. Бұлардың біразы осы Едігенің ұрпақтары болғандықтан, яғни орыс жерімен жауласу соғыстарын жүргізгендіктен социализм жылдарында ауыз әдебиеті тарихынан алынып тасталғанын жоғарыда да айттық.

Сонымен жоғарыда айтылғандарды қорытар болсақ кеңестік тарихнама тұсында тарихи тұлға Едігеге жаулық көзқарас қалыптасты. Мұның басты себебі батыс және орыс тарихшыларының ортағасырлық орыс жылнамаларындағы Едігенің орыс жеріне дүркін-дүркін жаугершілік жорықтар ұйымдастыруы және орыс жеріне Алтын Орданың үстемдігін нығайтуға бағытталған шараларды жүзеге асыруда қайраткерлік және белсенділік танытуы еді.

Осыған байланысты орыс тарихшылары Едігені мансапқор, тұрақсыз, қатігез де қанышер етіп көрсету үшін түркі халықтарының ауыз әдебиетіндегі қаһарман, елге қамқор Едігені шынайы тарихи Едіге бейнесіне қарсы қойды. Осы мақсатпен тіптен Едіге туралы шығыс деректерінің өздері де бұрмаланып пайдаланылды. Бүгінде тарихи шындықты қалпына келтіруге толық мүмкіндік бар.

Заманында көптеген күрделі тарихи оқиғалардың бел ортасында жүрген және шым-шытырық саяси тағдыры көптеген әйгілі тарихи тұлғалардың іс-әрекетімен тығыз байланысты болғандықтан Едіге тағдырына әділ баға беру дегеніміз ең алдымен ортағасырлардағы қазақ мемлекеттігінің тарихи тамырларының маңызы мен ролін дұрыс түсіну болып шығады. Мұны тарихшыларымыздың ескергендері жөн.

Бүгінде еліміз тәуелсіздік алғанда, күллі түркі жұрты батылдығына, ерлігіне, қайраткерлігіне тәнті болып, бас иген Ер Едіге тәрізді ірі тұлғаларымызға да тәуелсіздік бергеніміз жөн. Оларды білу біздің халқымыздың сандаған ғасырлар бойы өз бостандығын қорғай білгенін, дамуымыздың кейінгі ғасырларында ғана отарлау құрсауына түскенін, кейінгі ұрпаққа айқын, дәлелді көрсетіп береді. Едіге тәрізді еркіндік сүйгіш тұлғаларды шығарған түркі халықтары ешкімнің илеуіне көне, айдауына жүре алмайды. Шүкір, тарихи дәстүріміз бар.

Басқалар ұнатпаса да Ер Едіге халықтың жырға қосып, аңызға айналдырған сүйіктісі. Егер кейінгі толқын жас ұрпақ соған қарап, талпынып өссе, оның қайраткерлік, отаншылдық рухқа толы бейнесінен үйренсе ұлттық тарихымыз өзінің міндетін орындаған болар еді.

3.4. Байзақ - Кенесарының сенімді серігі

Кеңестік отаршыл тоталитарлық жүйе қыспағында ұзақ жылдар тұншыға өмір сүрген қазақ халқы өзінің дәстүрлі тарихын таптық көзбен безбендеп, саяси және рухани тұрғыдан біржақты интернационалдық көзқарас үстануға мәжбүр болды. Мұндайда өкінішке орай, өзінің тарихи алтын тамырына терендеп бару, қазақ ұлтына белсенді қызмет жасаған ата-бабаларыңның мәшһүр ерлігін, болашаққа қол созған данышпан көрегендігін байсалды марапаттау және орынды мақтаныш ету “рушылдық”, “жүзшілдік” көріністері ретінде негізсіз айыпталатын еді.

Алаға шүкір! Бүгінгі қасиетті тәуелсіздігіміз көптеген қандас ұлы тарихи тұлғаларымызды тарих сахнасына қайта шығаруға, оларды қазақтардың кейінгі ұрпағымен рухани жүздестіруге зор мүмкіндіктер берді. Мұндай ахуалды болашағымызды көгертуге бағыттау — біздің бабалар мен аталар әруақтары алдындағы қасиетті азаматтық борышымыз. Ұлтқа үлгі боларлықтай алыптар бізде баршылық және олардың әрқайсысы арнайы әңгімеге арқау болуға әбден лайық. Солардың бірі және бірегейі, алайда елге сіңген қыруар еңбегі әлі де республикалық дейгейде көпшілікке жете насихатталмай келе жатқан Байзақ Мәмбетұлы бабамыз.

Өшкеніміз қайта жанды дер болсақ, біздер ең алдымен еліміздің және жеріміздің бостандығы үшін қасық қанын аямай, “ереуіл атқа ер салған” кемеңгеріміздің, аталмыш ардагеріміздің ірі тарихи тұлға ретінде ортамызға қайта оралуына қуануымыз керек.

Алайда Байзақ Мәмбетұлының бүгінгі тәуелсіз тарихымыздан өзінің лайықты бағасын алуы, оның өзі өмір сүрген заманы тәрізді аса күрделі болғанын да айтпасқа болмас. Мұның себептерін түсіну үшін алғаш, бұрынғы Свердлов ауданын Байзақ ауданы деп қайта атау жөніндегі бір топ ғалымдар мен зерттеушілер — Кеңес Нүрпейіс, Халел

Арғынбаев, Көкіш Рысбаев, Әбдіқадыр Жүргенов, Нүрдәулет Әлібеков, Күзембай Байбосынов, Бақтияр Әбділдаұлы қол қойған ғылыми сараптамаға жүгінелік. Онда мынадай жолдар бар: “Байзақ 1789 жылы Талас өзенінің жағасында, қираған көне Тараз қаласының маңында атақты батыр Мәмбет Күнбасұлының отбасында өмірге келді. Абылай ханға жорықтас серік болғандар қатарында Мәмбет батырдың есімі де атақты Бұқар жыраудың бір толғауында аталады. Жоңғар басқыншыларына қарсы күресте ерлігімен көзге түскен Мәмбет батырға Абылай Ашамайлы Керей елінің Көшебе руынан шыққан Байзақ атаның Жәмила атты сұлу қызын өзі ұзатқан. Сондықтан да кейін Ханша деп те аталып кеткен солтүстік қазақстандық осы асыл ана өзінің бір ұлын Қызылжар (Петропавловск) түбінде туып, өскен атасының құрметіне Байзақ атаған.

Байзақ ата-баба өлкесі Оңтүстік Қазақстан Қоқан хандығының да, Ресейдің де қарамағына көшпеген кезде, тәуелсіздік жағдайында ер жетті...” /284/. Бұл деректерден аңғаратынымыз, Байзақ “әке көрген оқ жонар” демекші жастайынан батыр әкенің отаншыл, ерлік дәстүрінде тәрбиеленген және өзі де тәуелсіз ортада өсіп-жетілген.

Зерттеулер мен деректер Байзақтың әкесі Мәмбеттің жоңғарға қарсы 1730-40 жылдардан кейінгі соғыстарда аттары шыққан Сыбан Еспенбет, Тоқпақ Қасабай, Матай, Болатшы Кенже, Жұмық Дәулетбай, Уақ Бармақ, Шымыр Қойкелді, Қосай Тама, Ботбай Сәмен, Тұма Шағалақ, Шынқожа, Мұрын Боранбай, Сиқым Рысбек, Байғана Шорек, Өте Бұланбай тәрізді Абылайханның жас батырлары қатарында болғанын көрсетеді /285/.

Біздің төл тарихымыздағы Байзақ Мәмбетұлының тарихи рөлін түсіну үшін, ең алдымен ол өмір сүрген заман кыртыстарына тереңірек үңілуіміз керек. XIX ғасыр басында Байзақтың кіндік қаны тамған отаны Оңтүстік Қазақстан өлкесі үшін аса қатерлі жау - Қоқан хандары болды.

Бұл хандық Ферғана жазығында XVIII-XIX ғасырларда, дәлірек айтар болсақ 1710-1876 жылдар аралығында өмір сүрді. Астанасы Қоқан қаласы болған бұл мемлекеттің билеушілері өздерін Шыңғыс ханнан тарататын. Алайда олар шын мәнінде өзбектің минг тайпасынан шыққан еді. Қоқан хандары әулетінің негізін салушы Шахрух би болды. Бұл

хандық әсіресе Әлім хан (1800-1809 жж.), Омар (1809-1822 жж.), сондай-ақ, Мұхамед Әли (Мәделі, 1822-1842 жж.) билеген кезеңде көрші қазақ жерлері үшін аса қауіпті болды. Төшкентті бағындырған Әлім хан 1809 жылы Ұлы жүз қазақтарының территориясына аяқ басты және көп кешікпей-ақ Сайрам, Шымкент қалаларын, Ұзынағавқа дейінгі алқаптың батыс бөлігін, Талас алқабын, онан соң біртіндеп Орта жүздің Төшкенттен Арыс өзеніне дейінгі аймағын өзіне қаратты. Омар ханның тұсында, 1815 жылы қоқандықтар Түркістан қаласына басып кірді. Сыр өзенінің оңтүстігіндегі жерлерге күшпен ие болған олар, осында өздерінің Жаңақорған, Жөлек, Ақмешіт, Шымқорған, Қосқорған, Күмісқорған төрізді бекіністерін орнықтырды (286).

Қоқандықтардың қазақ жерлерін жаулаудағы мақсаты хандық территориясын кеңейте түсу ғана емес, сонымен қатар Орталық Азиядағы басты керуен жолдары болып табылатын қалаларды өздеріне қарату еді. Қоқандықтардың қазақ қалаларын басып алу әрекеті аса қаталдығымен ерекшеленді. Мысалы, олар Шымкентті 20 күн қоршап, үздіксіз зеңбірек оғының астына алған қоқандықтар жермен жексен етті. Осындай қатыгездік Әулиета мен Түркістанды басып алу барысында да көрініс берді. Осыған байланысты Сібір әскери корпусынан Қоқанға жіберілген тілмаш Ф.Назаров былай деп жазған еді: “Қоқандықтар басып алған түркістандық Шымкент қаласына барар жолда түнегенімізде оған жақын жерден қырғыздардың (қазақтардың - Т.О.) мекендерін, бау-бақшаларын, қорғандарын және алқаптарын көрдік. Енді мұның бәрі қаңырап қалған, өйткені олар қытай шекарасына қарай көшіп кетті” (287).

Айта кеткен жөн, жағдайды қоқандық билеушілердің таққа таласқан абыройсыз әрекеттері ауырлата түсті. Осындай талас-тартыс барысында Қоқан билеушісі Әлімханды оның өзінің туыстарының у беріп өлтіргені белгілі. Әлімханның орнына билеуші болып оның ағасы Омар (1809-1822) таққа отырды, және ол өзінің қаталдығы жөнінен інісінен де асып түсті. Әсіресе қырғыздардың және Ұлы жүз қазақтарының бас көтерер өжет жігіттеріне қоқандықтар қырғидай тиді, оларды терең орлы зындандарда ұстап, алақандай жарықты көруге зар етті. Өлім жазасына

кесілгендерді қинап өлтірудің небір жантүршігерлік, арнайы түрлері қолданылды: “кінәлілерді” қазыққа қинап отырғызу, “қылмыскерлердің” басын қия шабу, дарға асу және тірідей бауыздау және т.б. кеңінен қолданылды. Отаршылдар салықтың да небір түрлерін ойлап тапты. Алғаш негізінен салықтың басты түрі зекет (мал малығы) таралса, кейіннен түрлі салықтар қаптап кетті. Хан қазынасына қазақтар шарият бойынша 40 бас ұсақ мал (қой-ешкі), әрбір 40 жылқыдан бір бас, 30 бас ірі қарадан бір бас төледі. Ал зекет төлеген адамның жылқысы 40 бастан көп болса, ол әрбір артық бас жылқы үшін 40 тиын төлем төледі. Оның үстіне салық өлшемі де жиі өзгерді. Қоқан әмірлері кейбір жылдары қазақтар мен қырғыздарды малдарының жиырмадан бір бөлігін зекет ретінде төлеуге мәжбүр етті. Осындай мал салымымен қатар басқыншылар көшпелілерден түндік зекет - әр үйден бір бастан қой, адал-зекет – 50 бас малдан бір бас салықтар алды. Дихандардан харадж-жер салығы алынды. Әскер салығын, яғни әр түтіннен бір тілла (алтын тиыннан) жинау да әдетке айналды. Жалпы Қоқан хандығы бұхара халықтан 20-ға тарта салық түрлерін озбырлықпен жинады (288). Қоқан бекіністері төңірегінде көшіп-қонып жүрген қазақтар жыл сайын түндік басы 6 қой, 24 қап көмір 4 өгіз арба, 100 бау қамыс тапсыруға міндетті болды. Ал дихандар егістіктен алынған өнімнің үштен бірін Қоқан әміршілеріне тапсыруға мәжбүр күй кешті. Сонымен қатар Қоқан бектері қазақ және қырғыз жігіттерін әскери қызмет атқаруға да міндеттеді (289).

Ар-намысты аяқ асты етіп, қыз-келіншектерді күшпен хан ордасына алып кету де жиі-жиі көрініс берді. Осының бөрі оңтүстік қазақтарының 12 мың адам қатысқан Тентек төре бастаған көтерілісіне алып келді. Бұл туралы мәселені алғаш зерттеушілердің бірі болған В.Наливайкин өзінің “Краткая история Кокандского ханства” деп аталатын 1886 жылы Қазан қаласынан шыққан еңбегінде жазған еді. Алайда ұзақ уақыт бойы тарихшылар Тентек төренің кім екендігін нақты айта алмай келді. Байзақ датқа туралы арнайы еңбек шығарған өулисаталық зерттеуші Бақтияр Әбділдаұлы Тентек төрені сол тұста Ұлы жүз қазақтарын билеген Рүстем Асфандиарұлы деп көрсетеді. Тарихи оқиғаларға талдау жасап болсақ бұл пікірдің қисындылығын мойындауға тура келетін

тәрізді. 1821 жылы болған бұл көтеріліс қоқандықтар жаулап алған ұлан-ғайыр қырғыз-қазақ аймағындағы ең алғашқы елеулі көтеріліс еді. Деректерге қарағанда бұл көтеріліске ағасы Байтерекпен бірге Байзақ та қатысқан. Алайда ел ішінде қазақтардың өздерінен өр түрлі жансыздар жалдап, солар арқылы руды руға қарсы қойып, ел бірлігін бұзуға күш салған қоқандықтар Байзақтың ағасы Байтерекке жасырын у беріп өлтірткізген (290).

Көтерілісті басуға жақсы қаруланған 12 мың әскер жіберген Қоқан билеушісі Омар хан негізгі орталықтары Сайрам және Шымкент болған бұл көтерілісті аяусыз басып жаныштады. Дегенмен де мәселені тек күшпен шешуге болмайтынын түсінген қоқандықтар қазақтар арасында аса ықпалды және беделді адамдарға “датқа” атағын берді. Қоқан хандығында сонымен қатар балнисми, әмір, мір, беклербегі, шах, бек тәрізді атақтар да болды (291). Қоқан билеушілері датқа атағын бергендер арасында Байзақ та бар еді. Алайда осыдан кейінгі барлық іс-әрекеті көрсеткендей, датқа атанған Байзақ Қоқандық өмірлердің мұндай жымысқы саясатына алдана қойған жоқ және туған елді азат ету тәрізді игі мақсатты бәрінен жоғары қойды.

Қоқанның жаңа билеушісі Мәделі ханның (1822-1842 жж.) тұсында қазақтар мен қырғыздардың жағдайлары бұрынғыдан да ауырлай түсті. Ол өз қарауындағы жерлерге дүркін-дүркін әскери жасақтар жіберіп, зекет жинаумен белсенді айналысты. Бір ғана Шымкент төңірегіндегі қазақ руларынан жиналған зекет салығы қоқандықтарға орасан зор пайда келтірді. Қоқандықтар бестамғалы руынан 8-10 мың бастай, сіргелі руынан 6-8 мың бастай, сиқымнан 2-2,5 мың бастай, жаныстан 6 мың бас қойды зекет салықтары түрінде күшпен сыпырып алды (292).

Оңтүстік Қазақстандағы диқан халықтың жағдайы бұрынғыдан да ауырлай түсті. Херадж жер салығы жиналған өнімнің оннан бірін құрады. Салықты диқандар таяу жердегі Қоқан бекіністері төлеулері тиіс болды. Мысалы, Әулисатадағы Қоқан бекіністері қазақтар мен қырғыздардан жыл сайын 1000 батман (1 батман 4-8 пұт таразы олшемін құрайды) тары және бидай жинап алатын болды (293).

Бұған шыдамаған қырғыздар қазақтар тәрізді ашық көтеріліске шықты. Көтерілген Нарын қырғыздарын

ағайынды Амантай мен Тайлақ басқарды. Алайда халық емішісі атанып сенімге енген Қоқан жансызы 42 жастағы Тайлақ батырға у беріп өлтірді (294).

Қоқан өмірлерінің осындай зұлымдықтарынан жақсы хабардар Байзақ Мәмбетұлы уақытша болса да ашық күрестен бас тартып, біраз уақыт Қоқан билеушілерімен амал жоқ бейбіт қатар өмір сүруге мәжбүр болды және Қоқаннан кек қайтаратын оңтайлы саяси жағдайды шыдамдылықпен күтті. Осы кезең Байзақты бағыр ғана емес, үлкен дипломат, ұстамды саясаткер ретінде де ерекшелендіре түсті.

Байзақ Мәмбетұлын Қоқан езгісіне қарсы ашық күреске шығудан тежеген тағы бір фактор — XIX ғасырдың 30-40 жылдарында Ресей отаршыларының қазақ және қырғыз жерлеріне ентелей ұмтылуларынан сескенген Қоқан хандығының өзінің сыртқы саясатына амалсыздан біраз өзгерістер енгізуі болды. Оңтүстік Қазақстанның және қырғыз жерлерінің Ресей қол астына қарауына барынша қарсы болған қоқандықтар бұған қарсы жасырын әрекеттер бастады. Қоқан молдалары қазақ пен қырғыз арасында “көпірлерге” қарсы күреске, “газаватқа”, яғни “қасиетті” соғысқа шақырған үгіттер жүргізді.

Алайда Қоқан хандығы Ресейге қарсы ашық күреске шығуға батпады. Сонымен қатар осы кезеңде Қоқан өмірлерінің Абылай хан тұқымдарымен қарым-қатынасты шиленістіріп алуы да олардың пайдасына шешіле қоймады.

Ресейдің “Сібір казактары туралы Уставты” өмірге енгізіп, Қазақ хандығын таратуы Абылай ханның Қасым атты баласынан туған Саржанның және Кенесарының наразылығын туғызды. Бұл наразылық алғаш Саржан бастаған бытыраңқы көтеріліс түрінде көрінді. Алайда күш тең емес еді. Сондықтан да Қасымның балалары Көкшетау өңірін тастап, 40 000 түгіннен тұратын Орта жүздің алтай, тоқа, керей, уақ, және т.б. руларымен Қоқан хандығына қарайтын Ұлыжүз казактары жеріне, дәлірек айтсақ Шу бойына көшіп келді. Олардың мұндағы ойы Ресейге қарсы күресте Ұлы жүз казактарына сүйену еді.

Алайда оз қоластындағы қазақтардан айырылып қаламын деп қатты қауіптенген Қоқанның Тәшкенттегі беклербегі Әулиеата қаласында Абылай ханның немерелері Қасымның балалары Саржан мен Есенгелдіні өлтірді, сондай-ақ,

Түркістанға әруақтарға мінәжат етуге барған Қасым да осы кезде өлтірілді. Қарнақта Кенесарыны да қолға түсірген қоқандықтар оны біраз уақыт Ташкенттегі түрмеге қамап сонынан босатты (295).

1841 жылы қыркүйек айында Орта жүз және Кіші жүз руларының өкілдері Кенесарыны ақ киізге отырғызып, хан көтерді. Алайда Ресейдің қазақ жеріне көп әскери күш жинақтауы Кенесары ханды Ұлы жүз территориясына қайта қошуге мәжбүр етті. Тарихи деректерде Кенесары ханды осында шақырушы Ұлы жүз сұлтаны Рүстем Абылаев екендігі айтылып жүр (296).

Дегенмен де Кенесары ханның ең басты арқа сүйенгендері жергілікті ру басылары, әсіресе Байзақ Мәмбетұлы болғаны Досқожа жыраудың Кенесарының қоныстан ауруына байланысты айтқан толғауынан анық көрінеді. Онда мынандай жолдар бар:

... Еркін жайлап Есілді,
Еркелеп өскен халық едік —
Бұл қоныстан кеткен соң,
Зар болмасақ игі еді
Тай мен құнан, дөненге?!
Қоныстан аумақ болсаңыз,
Жіберіңіз тез хабар
Жоғарғы дулат төрт ауыл —
Бекредей басын тасқа сабаған.
Аранға түскен аюдай
Қайғымен іші жараған,
Байұзақ неге тоқтасын
Сіз көшемін дегенде! (297)

Мұнда Досқожа жыраудың Байзақ батырға ерекше тоқталғанын айқын аңғаруға болады. Тегінде жыршы Қоқан қыспағында еркіндік аңсаған Байзақтың сол тұстағы алай-түлей жан дүниесін ақын аңғарған сыңайлы.

Деректерге қарағанда Кенесары хан Қаракүмнан қозғалып, Іле өзенінен өтіп, Шу өзенінің оң жақ жағалауына келіп, Жирсайғыр, Күрті, Ырғайты, Ұзынағаш және Қарғалы маңына тоқтап, осы жерден қырғыздардың және әулисаталық дулаттардың басшыларына елшілер жіберген. Мұндағы мақсат — Ресеймен және Қытаймен бейбіт қатынасты сақтай отырып, Қоқанға қарсы күресу еді.

Көп кешікпей-ақ, шымыр руының басшысы Байзақ датқа, Белқожа би мен Медеу би сиқым руының басшысы Құдайберген датқа, ботпай руының басшысы Сыпатай батыр, Андас батыр мен шапырашты руының басшысы Саурық батыр және дулаттарды басқаратын Рүстем сұлтан және т.б. дулаттардың игі жақсылары мол сыйлықпен Кенесары ханға келіп сәлем берді. Өз кезектерінде ханнан да сый-сияпат көрген бұл кісілер ханға адал қызмет етуге келісіп, ханның алдында уәде берісті және берілгендік белгісі ретінде белдерін белбеумен буысты (298). Алайда, екіге бөлініп, біразы қоқандықтарды, бір бөліктері орыстарды жақтаған қырғыздар Кенесары ханға қолдау көрсете қоймады. Олардың Орман, Кәрібөз, Жанқараш және Жантай тәрізді манаптары халықты Кенесарыға қарсы арандатты. 30-40 адамнан тұратын қырғыз барымташылары Кенесарыны қолдаған көрші қазақ ауылдарының жылқыларын жиі-жиі барымталауға көшті. Оңтүстік қырғыздарын өз ықпалдарында ұстаған қоқандықтар да оларды Кенесарыға қарсы шығуға үгіттеді. Қырғызбен шиленісе түскен жағдай Кенесары ханның оларға қарсы ашық жорықтарға шығуына ұласты.

Тарихшы Е.Бекмахановтың мәліметіне қарағанда Кенесарының осы тұстағы 20 мыңға тарта әскері негізінен Ұлы жүздің Шымыр, Жаныс, Сарыүйсін, Сиқым руларының қазақтарынан құралған және мұнда әсіресе 9 мың үйлі шымыр руының Байзақ басқарған жігіттері басым көпшілік еді (299). Бұл туралы кезінде Нысанбай жыраудың былай деп жырлағаны белгілі:

...Қоқаннан ауған көп дулат,
Қарағаштай ел келген.
Мәмбеттің ұлы Байұзақ,
Балқожа, Медеу ер келген.
“Жауың қайда? Мен – жолдас”, - деп,
Хан Кенеге дем берген (300).

Осы жерде Байзақ Мәмбетұлы және Ұлы жүздің басқа да игі жақсылары Кенесарының қырғыздарға жорығын неге қолдады? – деген сауалға жауап іздер болсақ, мынаны есте ұстағанымыз жөн сияқты: біріншіден, әсіресе, Әулиеата өңіріне жақын орналасқан қырғыздар қоқандықтар ықпалына ілесіп, қазақтарға қарсы қоқандықтардың жазалау

әрекеттеріне қатысты; екіншіден, Байзақ Мәмбетұлы тәрізді ел қамын ойлайтын тұлғалар үшін туған жердің тәуелсіздігі әрқашанда және барлық мүддеден жоғары тұрды. Кенесарының бастауымен қайта жанданған жаңа қазақ хандығы Байзақтың түсінігінде дербес, тәуелсіз қазақ мемлекетігін орнықтыруға баратын жол еді. Ал бұл кезінде Абылайдың жас батырлары қатарында сап түзеген оның әкесі Мәмбет батыр ұстанған бағыт болатын. Аталар жолына адалдық деген осындай-ақ болар!

Сондықтан да Байзақ Мәмбетұлы Абылайдың немересі Кенесарының қоқандық Мерке және Ит-кешу тәрізді бекіністерін бағындыруға бағытталған, 1845 жылдан басталған барлық жорықтарының белсенді ұйымдастырушысы және берік қолдаушысы болып қалды.

1847 жылы сәуірдің соңында болған қырғыздарға қарсы Кенесарының соңғы шайқасында да Байзақ Мәмбетұлы ерекше белсенділік көрсетіп, шын мәнінде ақырына дейін хан таққан белбеуге, өзі берген сертке адал болып қалды.

Қыр басында бекініп жатқан қырғызға барар жолды ашуда Байзақ Мәмбетұлының қайратын кезінде Нысанбай жырау төгілте жырлаған еді:

... Ұят шығар төреден
Бөлініп біздер қаларға.
“Әйтелік” деп Байұзақ,
Қамшы басты бекерге.
- Таудан жолды салайық,
Жабыл! – деді нөкерге.
Аттан түсіп алдымен,
Өзі бір тасты көтерді.
Басшы болды Байұзақ
Бір қайратты етерге.
Байұзақ аттан түскен соң,
Қасына түсті ханымыз.
Ханымыз аттан түскен соң,
Төгілер болды арымыз.
Бүзбасақта ол тауды,
Түсе қалдық бәріміз.
Жабырласып қол қойдық
Жасымыз бен көріміз.

Нысанбайдың осы айтқандарын көп жылдардан бері Байзақ туралы ауыз әдебиеті мұраларын және тарихи

деректерді жан-жақты, шаншыла зерттеп келе жатқан, белгілі әдебиетші-ғалым, профессор Жанғара Дәдебаев былай түсіндіреді: "...Кенесарының ат үстінде отыра алмай, хан басымен жерге түсіп, аяғының астындағы қара тасты басына көтеруі шарасыздықтан емес, Байзақты, оған ерген сарбаздарын қолдап, рухтандырудың жолы еді. Бұдан Кенесарының Байзаққа деген құрметі барынша жарқырап көрінеді" (301). Орынды пікір.

Соңғы ұрыстағы Кенесары соңынан ерген Дулат қосындарын жігерлендірудегі Байзақ Мәмбетұлының шешуші ролін Нысанбай жырау былай жырлайды:

Байұзақ датқа сойледі,
Ашуланып, ақырып,
Халқына қарап сөз айтты,
Оң-терісті сапырып:
- Не қылып тұрмай отыр?! – деп,
Батырларын шақырып,
Дулаттан шыққан батырдың
Талайына батырып (302).

Осы соңғы шайқаста Кенесары ханды қырғыздар қолға түсіріп, азантап олтірген соң да Байзақ Мәмбетұлы қоқандықтарға қарсы тәуелсіздік үшін күресті тоқтатпады.

Алғаш Шерәлі (1842-1845) соңынан Құдияр (1845-1875) хан болған жылдары Қоқан хандығы құлдырай бастады. Ал бұл оның қырғыз және қазақ жерлерін қанай түсуіне алып келді. Бұл аймақтағы халықтың ірілі-ұсақты бас көтерулерінің басы-қасында қазақтың басқа да игі жақсыларымен бірге Байзақ Мәмбетұлы да жүрді.

1858 жылы Қоқан билігіне наразы халық Әулисананы, Түркістанды және Шымкентті көтеріліс орталығына айналдырды (303). Қоқанның Тәшкенттегі билеушісі Мырзахметтің қазақ, қырғыз ауылдарын озбырлықпен тонауы наразылыққа шығушылар қатарын күн санап өсіре түсті.

Мырзахметтің кезінде бұрынғы салықтар көлемі 3-4 есеге өсіп кетті. Қазақтар енді бүкіл малды, барлық өнімді түгелдей салық ретінде төледі. Он-он екі жасар қыздарын сатып, одан алған ақшаларын Мырзахметке берді. Қаталдықтары шектен шыққан қоқан әмірлері салық төленбеген жағдайда ауылдарға баса-коктеп кіріп, дүние-мүлікті, қыздарды

тартып өкетті. Мырзахмет қазақтар мен қырғыздардың жасөспірім балаларын Орта Азия базарларында сатты. Ол әрбір қызға немесе тұрмысқа шықпаған әйелге бір тілладан қосымша салық енгізді.

Осындай қиянатқа қатты ашынған Әулиеата халқы Байзақ Мәмбетұлының бастауымен қоқандық зекет жинаушыларды соққыға жығып, Мырзахметтің өзін Әулиеата қамалына қуып тықты. Әулиеатаның өзін және сондай-ақ Созақ, Шолақ, Тоқмақ, Ақсақат, Түркістан және т.б. қамалдарды көтерілісшілер қоршап алды. Олар Мырзахметтің інісі Мырзабиді, молда Майсүпті, 500-ден астам зекет жинаушыларды қырып салды.

Көтерілісшілер Байзақтың басшылығымен ауылдарда қарулы отрядтар ұйымдастыра бастады. Әулиеатадан басталып, 1858 жылы мамыр айында Қазақстанның оңтүстігіне таралған көтеріліске қатысушылар саны 20 000 адамға жетті. Алайда күш тең емес еді, жақсы қаруланған қоқандықтар көтерілісті күшпен басты.

XIX ғасырдың 60-шы жылдарында Ресейдің Ұлы жүз жеріне аяқ басуы қазақтардың Қоқан хандығымен қатынастарына біраз өзгерістер енгізді. Ұлы жүздің ботпай, қашқарау, шапырашты, албан, суан және жалайыр тайпалары біріннен соң бірі Ресей бодандығын қабылдай бастады.

Орыстардың жылжуын тоқтату үшін Қоқан ханы құрамында Кенесары ханның балалары Тайшық, Садық және Ахмет сұлтандар бар 40 000 әскерді Верный бағытына аттандырды. Жағдайдың өзгеруіне байланысты амал жоқ Қоқан әмірлерімен уақытша келісімге келуге мәжбүр болған Байзақ Мәмбетұлы енді Кенесары ханның балаларымен бірге, Ұлы жүздің Батырбек, Момынбек, Қожабек, Сыпатай тәрізді игі жақсыларымен және қырғыз манапы Жантаймен бірге орысқа қарсы аттанды. Алайда Ұзынағаш түбінде болған ұрыста генерал Колпаковскийдің әскері қоқандықтарды жеңіліске ұшыратты (304).

1864 жылдың жазында полковник Черняев басқарған орыс әскерлері Әулиеатаға қауіп төндірді. Мұндайда қашанда өз жігіттерін топтастырып ұстайтын Байзақ Мәмбетұлына бұрыннан күдіктеніп жүрген Қоқан әмірлері оны Шымкентке басқа да қазақ билерімен шақыртып алып, зеңбірекке байлап атып өлтірді.

Туған жерді жан-жақтан анталаған басқыншылардан аянбай қорғаған асыл ер осылай қапыда мерт болды.

Бүгінде батырдың кіндік қаны тамған аудан оның өзінің есімімен аталады, ал осында жерленген оның саусақтарының басына айшықты күмбез тұрғызылған. “Ер есімі ел есінде” деген осы да.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кентбеков С.К. Проблемы историографии и основные принципы периодизации истории до советского Казахстана: Автореф. дисс. к.и.н. - Алматы, 1997. - С. 28. /8/.
2. Очерки истории исторической науки в СССР. - М., 1955. -1-ші томы. - 77 б.
3. Послания Ивана Грозного. - М. -Л., 1951. - С. 9-143.
4. Десницкий С.Е. Юридическое рассуждение о разных понятиях, какие имеют народы о собственности имущества в различных состояниях общежителства речи... - М., 1823. - Т. IV. - 381 б.
5. Десницкий С.Е. Юридическое рассуждение о разных понятиях, какие имеют народы о собственности имущества в различных состояниях общежителства речи... - М., 1823. - Т. IV. - 319 б.
6. Казаков Р.Б. Источниковедение XX столетия // Кентавр. - 1993, №2. - 134 б.
7. История Казахстана с древнейших времен до наших дней. В пяти томах. - Алматы, 1997. - Т.2. - 301 б.
8. История Казахстана с древнейших времен до наших дней. В пяти томах. - Алматы, 1997. - Т.2. - 301 б.; Мұқанов М.С. Қазақ жерінің тарихы. - Алматы, 1994. - Б. 7-8.
9. Юдин В.П. Орды: белая, синяя, серая, золотая... // Утемиш-хаджи. Чингиз-наме. - Алматы, 1992.- Б. 42.; Султанов Т.И. Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв. - М., 1982. - 84 б.
10. Утемиш-хаджи. Чингиз-наме. 93 б.
11. Бартольд В.В. История изучения Востока в Европе и России. - Л., 1925. - 217 б.
12. Тынышбаев М. История казахского народа. - А., 1993. - 149 б.
13. Прошлое Казахстана в источниках и материалах: Сб.1 (V в. до н.э. - XVIII в. н.э.)/ Под ред. проф. С.Д.Асфендиярова и проф. П.А.Кунте. - 2-е изд. - Алматы, 1997. - 113 б.
14. Мирза Мухаммед Хайдар. Тарих-и Рашиди / Введение, перевод с персидского А.Урунбаева, Р.П.Джалиловой, Л.М.Епифановой. - Ташкент: Изд-во “Фан” АН Республики Узбекистан, 1966. - С. 8-9.
15. Мирза Мухаммед Хайдар. Тарих-и Рашиди. Введение, перевод с персидского А.Урунбаева, Р.П.Джалиловой, Л.М.Епифановой. - Ташкент: Изд-во “Фан” АН Республики Узбекистан, 1966. - С. 185.
16. Мирза Мухаммед Хайдар. Тарих-и Рашиди. С. 184.
17. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. - Алматы: Санат, 1996. - С. 149.

18. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсапских орд и степей. – А.: Санат, 1996. – С. 473.
19. Мирза Мухаммед Хайдар. Тарих-и Рашиди / Введение, перевод с персидского А.Урунбаева, Р.П.Джалиловой, Л.М.Епифановой. – Ташкент: Изд-во “Фан” АН Республики Узбекистан, 1966. – 184 б.
20. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. 114 б.
21. Мирза Мухаммед Хайдар. Тарих-и Рашиди 4 б.; Дербісалиев Ә. Мұхаммед Хайдар Дулати//Егемен Қазақстан. - 1997, 15 наурыз.
22. Очерки истории исторической науки в СССР. - В 5 томах.- М., 1957. – Т.1. – 157 б.
23. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. – Алматы: М.Х.Дулати қоғамдық қоры, 2003. – 616 б.
24. Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. – М.: Восточная литература. РАН, 2002. – 35 б.
25. Абусейтова М.Х., Баранова Ю.Г. “Тарих-и Рашиди” // Письменные источники по истории и культуре Казахстана и Центральной Азии в XIII-XVIII вв. (библиографические обзоры). – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 101 б.
26. Юдин В.П. Тарих-и Рашиди // Письменные источники... 95 б.
27. Юдин В.П. Тарих-и Рашиди // Письменные источники... 96 б.
28. Абусейтова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV-XII вв.: история, политика, дипломатия. – Алматы: Дайк-Пресс. 1998. – 31 б.
29. Дербісалиев Ә. Мұхаммед Хайдар Дулати: Өмірбаяндық-библиографиялық анықтамалық. – Алматы: М.Х.Дулати қоғамдық қоры, 1999. - 9-10 бб.
30. Ислами-Торбати. Слово о книге “Тарих-и Рашиди” М.Х.Дулати // Мұхаммед Хайдар Дулати: Ойшыл. Тарихшы. Жазушы. Қолбасшы: Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 164 б.
31. Ислами-Торбати. Слово о книге “Тарих-и Рашиди” М.Х.Дулати // Мұхаммед Хайдар Дулати: Ойшыл. Тарихшы. Жазушы. Қолбасшы: Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 166 б.
32. Юдин В.П. О родоплеменном составе могулов Могулистана и Могулии и их этнических связях с казахскими и другими соседними народами // Центральная Азия в XIV-XVIII веках глазами востоковеда. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 82 б.
33. Сонда.
34. Аристов Н.А. Усуни и кыргызы или кара-кыргызы: очерки истории и быта населения Западного Тянь-шаня и исследования по его исторической географии. – Б.: Илим, 2001. 374-375 бб.
35. Юдин В.П. О родоплеменном составе ... 82-83 бб.
36. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди, 467 б.
37. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди, 609 б.
38. Бабур-наме, 454 б.
39. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан – летопись трех тысячелетий. – А., 1992. – 216 б.
40. Жолдасбайұлы С. Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан: ерте дүниеден XVI ғасырға дейін. – А. 1995. – 110 б.
41. Хасенов Ә. Қазақ тарихының бес мың жылдық баяны (көне заманнан XX ғасырға дейін). – А., 1996. 161-162 бб.

- 42 Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. - Алматы: М.Х.Дулати қоғамдық қоры, 2003. - 616 б. /533/.
- 43 Манғылай сүбе // Қазақ Совет Энциклопедиясы. - Т. 7. - 442 б.
- 44 Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди, 101 б.
45. Есенбұға (1418-1462) // Қазақ Совет Энциклопедиясы, - Т.4. 180-181 бб.
- 46 Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди..., 623 б.
47. Көрібаев Б. Жүніс хан// Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. - Т.4. - 103 б.
- 48 Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 134 б.
- 49 Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди ... 630 б.; Пищулина К. Юго-Восточный Казахстан... 269 б.
- 50 Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 632 б.
- 51 Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 135-136 бб.
- 52 Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 136 б.
- 53 Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 142-143 бб.
- 54 Бабур-наме 37 б.
- 55 Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 637 б.
- 56 Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 608, 630, 637 бб.
57. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 620 б.
58. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 277 б.
59. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 280-281 бб.
- 60 Пищулина. Юго-Восточный Казахстан. 50, 58 бб.; Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 613, 617 бб.
- 61 Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 80 б.
- 62 Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 94 б.
- 63 Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 189 б.
- 64 Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 94-95 бб.
- 65 Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 95-97 бб.
66. Бартольд В.В. История турецко-монгольских народов, Б. 214.; его же. Дуглат, Б. 520.; МИКХ. - 522 б., прим. 22.
67. Бартольд В.В. Соч., II, часть I. - М., 1963. - 511 б.
68. Егемен Қазақстан. - 1997, 12 наурыз.
69. Асфендияров С., Кунте П. Прошлое Казахстана... 2-с изд. - А., 1997. - 113 б.
70. Егемен Қазақстан. - 1997, 15 наурыз.
71. Бартольд В.В. Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов. - М.: Вост.лит., 2002. - 757 б. /29-33/.
72. Қиянайтұлы З. Монғол үстіртің мекен еткен сонғы түркі тайпалары: XI-XII ғасыр. - Астана: Елорда, 2001. - 208 б. /205/.
73. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. - М.: 1993. - 513 б. /35/.
74. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. - Алматы: М.Х.Дулати қоғамдық қоры, 2003 - 616 б., /537/.
75. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. - Т.3. - 294 б.
76. М.Х.Әбусеітінованың аудармаға түсініктемесі // Утемиш-хаджи. Чингиз-наме. - Алматы, 1992. - 157 б.
77. Ахмедов Б.А. Государство кочевых узбеков. - М., 1965. -Б. 11-16.; Гафуров Б.Г. Таджики: древнейшая, древняя и средневековая история. - М., 1972. - Б.547-548.; Утемиш Хаджи. Чингиз-наме. - 157 б.
78. Қазақ ССР тарихы, бес томдық. - А., 1983. Т.П. - 254 б.

79. СМИЗО. - Т.1. - Б.235.; Қазақ ССР тарихы.- II том. - 254 б
80. Мурад Аджи. Польнь половецкого поля. - М., 1994. - 302-303 бб.
81. Кляшторный С.Г., Султанов И.Т. Казахстан: Летопись трех тысячелетий. - 224-225 бб.
82. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 105-106 бб.
83. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 626 б.
84. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 348 б.
85. Махмуд бен Эмир Вали. Бахр ал-асрар Фи манакиб ал-ахйар//Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII всков (извлечения из персидских и тюркских сочинений). - Алматы: Наука, 1969. - 352 б (Алда - МИКХ).
86. Хасенов Ә. Қазақ тарихының бес мың жылдық баяны. - 172 б.
87. МИКХ. 352 б.
88. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 165 б.
89. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 348 б.
90. Қазақ совет энциклопедиясы. - Т. 7. - 451 б.
91. Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. - М: Во точная литература, РАН, 2002. - 752 б. /99/.
92. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди, 106 б.
93. Трепавлов В.В. История Ногайской Орды, 103 б.
94. Қазақ совет энциклопедиясы. - Т.4. - 180 б.
95. МИКХ, 352 б.
96. МИКХ, 353 б.
97. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 25-26 бб.
98. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 27 б.
99. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 165 б.
100. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 175 б.
101. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 348 б.
102. МИКХ. 253 б.
103. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 625 б.
104. Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. - М: Во точная литература, РАН, 2002. - 104 б.
105. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 106 б.
106. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 348 б.
107. Утемиш-хаджи. Чингиз-наме. 148 б.
108. Қазақ совет энциклопедиясы. - Т.4. - 350 б.
109. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 348 б.
110. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: Летопись трех тысячелетий. - 242 б.
111. МИКХ. - 353 б.
112. Көрібасев Б. Жәнібек хан//Қазақстан Ұлттық энциклопедия. - 3 томы. - 619-620 бб.
113. Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. 104 бб.
114. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 348 бб.
115. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 191 бб.
116. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 626 б.; Қазақ Совет энциклопедиясы. - Т.8. - 216 б.
117. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 349 б.
118. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 355 б.
119. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 308 б.

120. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 308-309 бб.
 121. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 349 б.
 122. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 348 б.
 123. Бабур-наме. Записки Бабура. 37-38 бб.
 124. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 471 б.
 125. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 349-351 бб.
 126. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 163 б.
 127. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 351-352 бб.
 128. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 351-353 бб.
 129. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 349 б.
 130. Султанов Т.И. Кочевые племена... 116 б.
 131. Қазақ Совет энциклопедиясы. – Т. 4. – 437 б.
 132. Күзембайұлы А., Абилев Е. История Казахстана. - Алматы, 1996. – 340 б.
 133. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: Летопись трех тысячелетий. – 277 б.
 134. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 349 б.
 135. Султанов Т.И. Кочевые племена. 116 б.
 136. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 106 б.
 137. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 472 б.
 138. Қазақ Совет энциклопедиясы. – Т. 10. – 600 б.
 139. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 106 б.
 140. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 349 б.
 141. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 106 б.
 142. Бартольд В. Отчет о командировке, Б.174-175.; Акимушкин. Хронология правителей. – 159 б.
 143. Қазақ Совет энциклопедиясы. – Т.2. – 374 б.
 144. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: Летопись трех тысячелетий. 281 б.
 145. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 567 б.
 146. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 180 б.
 147. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 156-157 бб.
 148. Бабур-наме. Записки Бабура. 36 б.
 149. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 150 б.
 150. Бабур-наме. Записки Бабура. 37 б.
 151. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 152 б.
 152. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 362-365 бб.
 153. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 727 б.
 154. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. 32 б.
 155. Каскабасов С.А. Колыбель искусства. - А., 1992. – 335 б.
 156. Утемиш хаджи. Чингиз-наме. - Алматы, 1992. – 119 б.
 157. Утемиш хаджи. Чингиз-наме. 120 б.
 158. Утемиш-хаджи. Чингиз-наме. 120 б.
 159. Юдин В.П. Орды: Белая, Синяя, Серая, Золотая...
 160. Юдин В.П. Орды: Белая, Синяя, Серая. 148 б.
 161. Қазақ Совет энциклопедиясы. – Т. VIII. 599 б.
 162. Юдин В.П. Орды: Белая, Синяя, Серая, Золотая...; Чингиз-наме.
- 50 б.
163. Қазақ Совет энциклопедиясы. – Т. VIII. – 599 б.
 164. Утемиш хаджи. Чингиз-наме. 141-142 бб.

165. Утемиш хаджи. Чингиз-наме. 141-142 бб.
166. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. - Ташкент, 1996. - 348 б.
167. Материалы по истории казахских ханств. 39 б.
168. Сафаргалиев М.Г. Распад Золотой Орды. - Саранск, 1960. 139-141 бб.
169. Утемиш хаджи. Чингиз-наме, 148 б.
170. Утемиш хаджи. Чингиз-наме, 142 б.
171. Юдин В.П. Орды: Белая, Синяя, Серая, Золотая... 154 б.
172. Утемиш хаджи. Чингиз-наме. 144 б.
173. Толыбеков С. Қазақ шежіресі. - Алматы, 1992. - 25 б.
174. Материалы по истории Казахских ханств XV-XIII вв. (Извлечение из персидских и тюркских сочинений). - Алматы, 1969. - 39 б.
175. Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. - Алматы, 1991. - 252 б.
176. Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII вв. (извлечение из персидских и тюркских сочинений). - А., 1969. - 39 б.; Сафаргалиев М.Г. Распад Золотой Орды. - Саранск, 1960. - 139-141 бб.
177. Тизенгаузен В.Г. СМАЗО. - Т. II. - 129-130 бб.
178. Тизенгаузен В.Г. СМАЗО. - Т. II. - 132 б.
179. Прошлое Казахстана в письменных источниках. V в. до н.э. - XV в. н.э. (Извлечение из источников). Құрастырған проф.Ермұханов Б.Б. - Алматы, 1997. - 370 б. /298/.
180. Низам-ад-дин Шами. Книга побед // Прошлое Казахстана в письменных источниках... - 298 б.
181. Греков Б., Якубовский А. Золотая Орда и ее падение. -М. -Л., 1950. - 318 б.
182. Низам-ад-дин Шами. Книга побед // Прошлое Казахстана в письменных источниках... - 289 б.
183. Греков Б., Якубовский А. Золотая Орда и ее падение. - 319 б.
184. Муин-ад-дин Натанзи. Аноним Искандера // Прошлое Казахстана в письменных источниках... - 303 б.
185. Тизенгаузен В.Г. СМАЗО. - Т. II. - 108 б.
186. Греков Б., Якубовский А. Золотая Орда и ее падение. 320-321 бб.
187. Муин-ад-дин Натанзи. Аноним Искандера // Прошлое Казахстана в письменных источниках... - 303 б.
188. Греков Б., Якубовский А. Золотая Орда и ее падение. - 322 б; Гумилев Л. Древняя Русь и Великая степь. - 427 б.
189. Утемиш хаджи. Чингиз наме. - Алматы, 1992. - 141-142 бб.
190. Утемиш хаджи. Чингиз наме. 142-145 бб.
191. Қазақтың батырлық эпосы. 16 б.
192. Гумилев Л.Н. Древняя Русь и Великая степь. - А., 1992. - 427 б.
193. Толыбеков С. Қазақ шежіресі. - Алматы, 1992. - 50 б
194. Тынышпаев М. Великие бедствия... 54 б.
195. Тынышпаев М. Великие бедствия... 51 б.
196. Гумилев Л.Н. Древняя Русь и Великая степь. - Алматы, 1992. - 432 б.
197. Утемиш хаджи. Чингиз-наме. - Алматы, 1992. - 144 б.
198. Гумилев Л.Н. Древняя Русь и Великая степь. - 118 б.
199. Тынышпаев М. Великие бедствия... 51 б.
200. Всемирная история. - Т. III. - 782 б.
201. Всемирная история. - Т. III. - 782 б.

202. Всемирная история. - Т. III. - 428 б.
203. ПСРЛ. Т. XII
204. СИЭ. - Т.10. - 539 б.
205. ПСРЛ. Т. XII
206. Гумилев Л.Н., Экземплярский А.В. Великие и удельные князья северной Руси в татарский период с 1238 по 1505 гг. Т.ХП, СПб. - 189 б.
207. СИЭ. - 7 т. 251 б.
208. Гумилев Л.Н. Древняя Русь и Великая степь. - М., 1992, 428 б.
209. Покровский М.Н. Русская история. -Т.1. - 176 б.
210. Всемирная история. -Т.Ш. - 782 б.
211. ПСРЛ, т. XII.
212. Гумилев Л.Н. Древняя Русь и Великая степь. - М., 1992, 429 б.
213. Гумилев Л.Н. Древняя Русь и Великая степь. - М., 1992. 429 б.
214. ПСРЛ, т. XII.
215. ПСРЛ, т. XII.
216. Греков Б., Якубовский А. Золотая Орда и ее падение. - 329 б.
217. Гумилев Л.Н. Древняя Русь и Великая степь. - 436 б.
218. Токтамыс // Қазақ Совет энциклопедиясы. - Т. XI - А., 1977. - 86 б.
219. Греков Б., Якубовский А. Золотая Орда и ее падение. - 332 б.
220. Тизенгаузен В.Г. СМАЗО., Т. 1. 441-442 бб.
221. Шерэф-ад-дин Йезди. Книга побед//Прошлое Казахстана в источниках и материалах. 94 б.
222. Иванов М. О военном искусстве при Чингисхане и Тамерлане. 2-е изд - Алматы: Санат., 1998. - 240 б. /199-200/.
223. Тамерлан. Жизнь и деяния. Хроника великих завоеваний. Алматы: ИД "Кочевники", 2003. - 360 б. /74/.
224. Тамерлан. Жизнь и деяния. Хроника великих завоеваний. - 75 б.
225. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. - 109 б.
226. Гумилев Л.Н. Древняя Русь и Великая степь. 441-442 бб.
227. Гумилев Л.Н. Древняя Русь и Великая степь. 444 б.
228. Греков Б., Якубовский А. Золотая Орда и ее падение. 363 б
229. Лянглэ Л. Жизнь Тимура // Тамерлан. Жизнь и деяния. Хроника великих завоеваний. - 194 б.
230. Тизенгаузен В.Г. СМАЗО. - Т.1. - 465 б.
231. Прошлое Казахстана в письменных источниках... - 305 б.
232. Прошлое Казахстана в письменных источниках... - 280 б.
233. Греков Б., Якубовский А. Золотая Орда и ее падение. - 373 б.
234. Прошлое Казахстана в письменных источниках... - 280 б.
235. Зимин Л. Подробности смерти Тимура // Тамерлан. Жизнь и деяния. Хроника великих завоеваний. - 316-317 бб.
236. Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. - Алматы, 1991. - 252 б.
237. Материалы по истории Казахских ханств XV-XIII вв. (Извлечение из персидских и тюркских сочинений). - Алматы, 1969. - 39 б.
238. Бикожаулы Қ. Едіге // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 3-т., А., 2001., - 345 б.
239. Тизенгаузен В.Г. СМАЗО. - Т.1, II. 154-155 бб.
240. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. - Т. 3. - 346 б.
241. Қазақтың батырлық эпосы. - А., 1994, 3 б.

242. Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. – М., 2002. – 752 б. /73/.
243. Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. – 63 б.
244. Материалы по истории Казахских ханств XV-XIII вв. (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). - А., 1969. – 97 б.
245. Қазақтың батырлық эпосы. – 4 б.
246. Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение - М.-Л., 1950. – 385 б.
247. Сыздыкова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. А., 1991. – 272 б. /254/.
248. Гумилев Л.Н. Древняя Русь и Великая степь. - М., 1992. – 458 б
249. Қазақ совет энциклопедиясы. – Т.7, Б. 451.; 8 томы, 392 б.
250. Шараф ад-Дин Йазди. Зафар-наме. - Ташкент., 1972. – 1240 б. /335/.
251. Низам-ад-дин Шами. Книга побед // Прошлое Казахстана в письменных источниках У в. до н.э. – ХУ в.н.э. (Извлечения из источников). Құрастырған Ермұханов Б.Б. - А.: Өлке, 1997. – 370 б. /289/.
252. Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. – 65 б.
253. Муин-ад-дин Натанзи. Аноним Искандера // Прошлое Казахстана в письменных источниках V в. до н.э. - XV в. н.э. (Извлечения из источников). (Құрастырған Б.Б. Ермұханов. А.: Өлке, 1997. – 370 б. /303/).
254. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Алматы: Қазақстан, 1997. – 383 б. /108/.
255. Тизенгаузен В.Г. СМАЗО. - Т.ІІ. – 154 б.
256. Тизенгаузен В.Г. СМАЗО. - Т. ІІ. – 160 б.
257. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. – 107 б.
258. Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. – 67 б.
259. Гумилев Л.Н. Древняя Русь и Великая степь. - М., 1992. – 442 б.
260. Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. – 67 б.
261. Тизенгаузен В.Г. СМАЗО. - Т.І. – 473 б.
262. Греков Б., Якубовский А. Золотая Орда и ее падение. ч. 1. 384-385 бб.
263. Греков Б., Якубовский А. Золотая Орда и ее падение... - 386 б
264. Греков Б., Якубовский А. Золотая Орда и ее падение. 388-389 бб.
265. Тизенгаузен В.Г. СМАЗО. - Т. ІІ. 187-188 бб.
266. Гумилев Л.Н. Древняя Русь и Великая степь. - М., 1992. – 453 б.
267. Гумилев Л.Н. Древняя Русь... - 454 б.
268. Муин-ад-дин Натанзи. Аноним Искандера // Прошлое Казахстана в письменных источниках... - 304 б.
269. Муин-ад-дин Натанзи. Аноним Искандера... - 304 б.
270. Греков Б., Якубовский А. Золотая Орда и ее падение. – 392 б.
271. Тизенгаузен В.Г. СМАЗО. - Т. ІІ. – 146 б.
272. ПСРЛ. Т.ХІІ.
273. ПСРЛ. Т.ХІІ.
274. ПСРЛ. Т.ХІІ.
275. Всемирная история. - Т.ІІІ. - 784 б.
276. СГГид. ч.ІІ. – 16-17 бб.
277. ПСРЛ. Т.ХІІ.
278. ПСРЛ. Т.ХІІ.
279. Дивасев Ә. Тарту. - А., 1992. – 93 б.

280. Гумилев Л.Н. Древняя Русь и Великая степь. — 455 б.
281. Прошлое Казахстана в письменных источниках... - 304 б.
282. Греков Б., Якубовский А. Золотая Орда и ее падение. — 405 б.
283. Прошлое Казахстана в письменных источниках... - 280 б.
284. Әбділдаұлы Б. Байзақ датқа. — А.: Мерей, 1995. - 3-4 бб.
285. Бұхар жырау. Тілек // Бес ғасыр жырлайды. - Т.1. - Алматы, 1991. - Б. 97-100.; Комен Мамырұлы. Қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы күресі. - Алматы: Ғылым, 1994. - 229 б.
286. История Узбекской ССР, Т.1. - Ташкент, 1867; Мадуанов С. Взаимоотношение казахов с другими соседними народами Центральной Азии XVIII — начале XX вв. - Алматы: Білім, 1995. — 68 б.
287. Записи о некоторых народах и землях Средней Азии Ф.Назарова, отдельного Сибирского корпуса переводчика посланного в Коканд 1813 и 1814 гг. - СПб. 1821. — 34 б.
288. Өмірбеков Т.Н., Чоротегин Т.К., Қырғыздардың жаңа Қырғыстандың жаңа дордоғу тарихы (XVII — XX кк. башы). - Бішкек: Кыргызстан, 1995. - 68-69 бб.
289. Қазақ Совет Энциклопедиясы. - 6 томы. — 591 б.
290. Әбділдаұлы Б. Байзақ датқа. - 4 б.
291. Бейсембиев Т.К. "Тарих-и Шахрухи" как исторический источник. -Алма-Ата, 1987. - С. 68.
292. Туркестанский сборник. - Т.5, Б.130.; Мадуанов С. Көрсетілген әдебиет. 75 б.
293. Туркестанский сборник... - 76 б.
294. Өмірбеков Т.Н., Чоротегин Т.К. Қырғыздардың жаңа Қырғыстандың жаңа дордоғу тарихы (XVII — XX кк. башы). - Б.: Кыргызстан, 1995. — 71-72 бб.
295. Кенесарин А. Султаны Кенесары и Сыздық. - А., 1992. — Б. 16-17.
296. ҚР ОММ, 4-к., Т.1., 2756-іс, 986-п.
297. Хан Кене. - А.: Жалын, 1993 — 60 б.
298. Кенесарин А. Султаны Кенесары и Сыздық. - А., 1992. — 21 б.
299. Бекмаханов Е. Казахстан в 20-40-е годы XIX века. - Алматы, 1992. - С. 162, 329.
300. Хан Кене. — 20 б.
301. Дәдебаев Ж. Атыңнан айналайын Әулисата: тарихи-филологиялық зерттеулер. - Алматы: Қазақ университеті, 1998. — 194 б.
302. Хан Кене. — 26-27, 38 бб.
303. Мадуанов С. Взаимоотношение казахов с другими соседними народами Центральной Азии XVIII — начале XX вв. - Алматы: Білім, 1995. — 89 б.
304. Кенесарин А. Султаны Кенесары и Сыздық. - Алматы, 1992. — 28-30 бб.

Е К І Н Ш І Б Ө Л І М

ҚУҒЫНДАЛҒАН ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ КӨЗҚАРАСТАРЫ

СӨЗ БАСЫ: МӘСЕЛЕНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ ДЕРЕКТІК НЕГІЗДЕРІ

Қазақстан тәуелсіздік алғалы бері кезінде кеңестік жүйе тұсында көзқарастарын қоғамдық-саяси қызметтерін голык және шынайы зерттеуге мүмкіндік болмаған саяси қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ интеллигенциясының күрделі тағдыры жаңа методологиялық принциптер негізінде зерттеле бастады. Біздің ойымызша тарих ғылымындағы мұндай зерттеулерді ғылыми бағыттарына сәйкес үш топтамаға жіктеуге болады. Олардың алғашқысы ХХ ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы еліміздегі қоғамдық-саяси ақуалды көрсететін жұмыстар (1). Негізінен диссертациялық зерттеулер түріндегі бұл еңбектердің ғылыми негіздері берік, оларда ұлттық интеллигенцияның қоғамдық-саяси қызметі нақты зерттеледі. Осындай үлкен ауқымды да көлемді мәселе тарихшылардың ұлттық интеллигенцияның тарихи мәселелерге көзқарастарына арнайы назар аударуларына мүмкіндік бере қоймаған. Осы алғашқы зерттеулер топтамасына диссертациялық еңбектермен қатар жеке іргелі зерттеулер де жатады деп ойлаймыз (2). Бұлардағы аса құнды мәселе жұмыстардың кіріспе бөлімінде тарихнамалық талдаулардың болуы. Зерттеулер авторлары негізінен Алаш қозғалысына қатысқан ұлттық интеллигенция тағдырына баса көңіл бөлген және осы мәселеге қатысты өдебиеттерді талдаған, яғни ұлттық интеллигенцияның тарихи мәселелерге көзқарасы тағы да назардан тыс қалды.

Еңбектердің келесі тобы жалпы түркістандық қозғалысқа қатысқан интеллигенцияның қоғамдық-саяси қызметін және ұстанған саяси бағыттарын тереңдете зерттейді (3). Қойылған мәселелердің аса ауқымдылығы қоғамдық-саяси мәселелердің зерттеу жұмысында басты мақсат ретіндегі қойылуы және ұлттық интеллигенция өкілдерінің тарихи тақырыпқа

жазылған зерттеулеріне арнайы көңіл болмеу бұларда да байқалады.

Зерттеулердің келесі тобына ұлттық интеллигенция өкілдерінің жеке тағдырын және қоғамдық-саяси қызметтерін қарастыратын зерттеулер шоғыры жатады (4). Бірақ бұл бағыттағы жұмыстар негізінен әлі де кеңестік жүйеге қызмет жасап, сталиндік саяси қуғын-сүргін құрбаны болған қайраткерлер қызметін зерттеуге баса көңіл болуде. Ал кеңестік жүйеден бұрын ұлт-азаттық қозғалысына белсенді атсалысқан және тарихи мәселелерді жазуда ұлттық мүддені бәрінен де жоғары қойып келген А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Шоқай, Х.Досмұхамедұлы, Т.Шонанұлы, К.Кемсгерұлы және т.б. тарихи көзқарастарын талдау мәселесі тарихнама ғылымында әлі де кенже қалып келеді. Жеке қайраткерлерге арналған зерттеу жұмыстары арасында Г.С.Жүгенбаеваның диссертациялық еңбегі негізінде жарық көрген “Мұхамеджан Тынышбаевтың өмірі мен қызметі (1879-1838)” деп аталатын монографиялық еңбегін атап көрсеткен жөн деп ойлаймыз. Бұл зерттеуде “Тынышбаев тарихшы-ғалым” деп аталатын арнайы бөлім бар. Онда зерттеуші М.Тынышбаевқа тарихшы ретінде төмендегідей бағалар береді: “Оның тарихымыздың күрделі, өте маңызды кезеңдеріне арналған бірнеше еңбектері, осы бағыттағы қазақ зерттеушілерінің тұңғыш қадамы болатын” (5); “...М.Тынышбаевтың қазақ тарихына арналған еңбектерін қысқаша талдау, оның отандық тарих ғылымында өзіндік орны бар үлкен тарихшы-ғалым екенін көрсетіп отыр. Оның зерттеулерінің көлемділігі, оларда келтірілген тарихи фактілердің сан алуандығы, көп түрлілігі, өзіне дейінгі зерттеушілердің еңбектерін де тиімді пайдаланып, оларды өрі қарай толықтыра түсуі, осы негізде дәлелді, түйінді қорытындылар жасай білуі бұл пікірімізді растай түседі.

М.Тынышбаевтың төл тарихымызды зерттеудегі методологиясының бүгінгі күн сынына да шыдағанын көріп отырмыз. Мұның басты себебі – оның өз еңбектерін таптық-партиялық көзбен емес, ұлттық көзбен қарап жазуында болса керек” (6).

М.Тынышбаевтың ірі тарихшы ретіндегі қызметіне мұндай әділ баға тұңғыш рет беріліп отыр. Кеңестік тоталитарлық жүйе тұсында қайраткердің өзі тәрізді, тарихи

еңбектерінің де біржақты, негізсіз қаралғаны белгілі. Дегенмен де зерттеуші Г.С. Жүгенбаева М.Тынышбаевтың тарихшылығын бір ғана – шағын бөлімде қарастырғандықтан негізінен оның шежіретанушылық сипаттағы еңбектерін талдаумен шектелген. Кезінде көптеген тарихи мәселелер көтерген М.Тынышбаев еңбектерінің алда тарихнамалық тұрғыдан талдана берері күмәнсіз.

М.Тынышбаевтан кейінгі қазақ тарихының кейбір мәселелерін зерттеумен белсенді айналысқан Х.Досмұхамедұлы екендігі белгілі. Оның қызметін, саяси көзқарасын зерттеуге белгілі тарихшы К.Нұрпейісов белсенділік танытты. Ол және т.б. авторлар тобы арнайы зерттеу жинақтарын шығарлы (7). Бірақ бұларда зерттеушілер тарихнамалық талдаулар жасауды алдарына мақсат етіп қойған жоқ. Авторлар негізінен қайраткердің саяси көзқарасын және жалпы шығармашылық қызметін талдауға назар аударды. Осындай жалпылама баға беру Р.Сыздықова мен Ғ.Әнестің Х.Досмұхамедұлының таңдамалы шығармаларына арнайы жазылған алғысөзінде де байқалады (8).

Қазақ тарихындағы 1917 жылғы оқиғалардың ықпалдарын дұрыс түсіну үшін М.Шоқай шығармаларының маңызы аса зор. М.Шоқайдың көзқарастарын талдауда белгілі тарихшы М.Қойгелдиев пен шоқайтанушы, марқұм А.Нүсіпхан бірігіп жазған “Мұстафа Шоқай және Түркістан” деген атпен ұлы қайраткердің екі томдық еңбегіне алғысөзін атап айтқан жөн (9). Авторлардың “Мұстафа Шоқайұлының өз заманында Түркістанда орнаған кенестік биліктің отыршыл сипатын қатесіз тани білген және онымен ымырасыз күреске ғұмырын арнаған, сондай-ақ бұл күреске бұрын Түркістан халықтары тарихында болмаған жаңа мазмұн беріп оны өзінің қажырлы еңбегімен жаңа интеллектуалдық көкжиекке көтерген ұлы қайраткер екендігін көрсетсе керек”, - деген нақты пікірлері аталған кезеңдегі тарихи оқиғалардың шынайы мөні мен мазмұнын танып білуде М.Шоқай еңбектеріне тарихнамалық талдаулар жасаудың аса маңыздылығын дәлелдей түседі (10).

Қазақ зиялыларының тарихи көзқарасын талдауда белгілі абайтанушы М.Мырзахметовтың Шәкәрім Құдайбердіұлының “Түрік қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі” атты әйгілі еңбегіне жазған шағын алғысөзі назар аудартады. Оған

мынандай жолдарды оқимыз: "...Шәкәрім кітабы нақтылығымен, ғылыми негізде жүйеленуімен жалпы түркі елдерінің ата тегін, түп төркінін қамти отырып, негізінен қазақ халқының шежіресіне баса назар аударуымен ерекшеленеді" (11).

Шындығында да Шәкәрім, оның өзінің тарихи көзқарасы тарихнамалық және деректанулық тұрғыдан зерттеушілердің тарихи-салыстырмалық талдауларын күтіп жатыр.

Қазақ интеллигенциясының тарихи көзқарасын талдағанда Қ.Кемеңгерұлының "Қазақ тарихынан" атты әйгілі еңбегіне арнайы көңіл бөлуге тура келеді. 1924 жылы Мәскеуде жарық көрген бұл еңбек туралы кезінде бірлі-жарым пікірлер айтылды да. Бұл еңбекке басқарма атынан жазылған пікірге Ғаббас деген кісі қол қойған (тегінде Ғаббас Тоғжанов болар). Мұнда мынандай сөздер бар: "Біздің қазақ әлі кітапқа кедей. Әсіресе қазақ тарихынан жазылған кітаптар жоқ. Міне, қолдарыңыздағы кітапша, қазақ баспа сөзінде қазақтың саяси тарихы тұрмысынан жазылған тұңғыш кітапша деуге болады. Кітапшаның ішіндегі жазылған сөздің ұзын-ырғасы - қазақтың қысқаша саяси тарихы" (12).

Алайда Ғаббас өзінің Қ.Кемеңгерұлының еңбегіне берген бағаларын тапшыл сын тұрғысынан көрсетуге тырысып баққан. Ол бұл еңбектен екі түрлі үлкен "кемшіліктер" табады. "Хошмұхамметтің (Қошкениң орысша құжаттардағы аты - Ш.О.), - деп жазады сыншы, - саяси беті - ұлтшылдық жолы, қоғам тұрмысына көзқарасы - идеализм көзқарасы" (13). Ғаббас Қошке еңбегінде қазақты тапқа бөліп жазу принципінің болмауын, сондай-ақ, оның Кенесары мен Наурызбайды халық қаһармандары ретінде, ал Әлихан Бөкейхановты қазақ ұлттық интеллигенциясының саяси басшысы ретінде сипаттауларын "идеализмге" салынушылық ретінде айыптады.

Кезінде Қ.Кемеңгерұлының тарихшылық қырына әділ бағаны М.Әуезов берген еді. Ол өзінің 1927 жылы жазған "Әдебиет тарихы" атты кітабында: "Тарихтың дәл суретімен толығырақ танысамын деген кісі болса... Қошмұхамбет Кемеңгерұлының "Қазақ тарихынан" еңбегін қарап өтсін дейміз", - деп жазғаны белгілі (14).

Қ.Кемеңгерұлының тарихқа қатысты еңбектеріне деген бағаны әдебиет тарихымен белсенді айналысып жүрген

Д.Қамзабекұлының пікірімен төмамдаймыз: Ол зерттеушінің таңдамалы шығармаларына арнайы жазған алғы сөзінде: “...Қошкені тарихшы-ғалым деп танып, осы сала бойынша жазған зерттеулерін (“Қазақ тарихынан”, “Бұрынғы езілген ұлттар”) арнайы қарастыру қажет”, - деген орынды пікір білдірген еді (15). Біз де осы пікірге қосыламыз.

Қазақ ұлттық интеллигенциясының тарихи көзқарасын зерттегенде өзіне міндетті түрде назар аударатын іргелі еңбек – Телжан Шонанұлының “Қазақ жер мәселесінің тарихы” атты зерттеуі. Жоғарыда аталған Қ.Кемеңгерұлының еңбегі тәрізді кеңестік тоталитарлық жүйе тұсында қуғын-сүргінге ұшыраған бұл кітапта тарихшылар тарапынан енді ғана бағалана бастады. Алғашқылардың бірі болып Т.Шонанұлы еңбегіне Қазақстан өлкетанушылар қоғамы атынан профессор Ә.Төкенов пен зерттеуші Б.Байғалиев жылы лебіздерін білдірген еді. Олар бірігіп жазған “Телжаннан қалған телегей мұра” атты шағын зерттеуде мынадай жолдар бар: “Біздің пікірімізше, жер мәселесін, переселен мәселесін тап Шонанұлындай бастан-аяқ, яғни XVIII ғасырдан 1917 жылға шейін тұтас зерттеп, ондай ғылыми тұжырымдар жасаған автор болған жоқ. Кітап 1923 ж. (автор Алашқа қосылғаны үшін істі болып жүргенде), әрі жер мәселесін кеңес үкіметі де шеше алмай жатқан ауыр күйзеліс, ашаршылық кезінде жазылса да, автор әділеттіктің ала жібін аттамаған. Кітапта ешқандай саясаттың табы байқалмайды, зерттеуші жерге қатысты мәліметтер негізінде таза ғылыми қорытынды жасайды, оқушысын қызықтырады, сендіреді” (16).

Алдағы уақытта Т.Шонанұлынан қалған тарихи мұраларды тарихнамалық тұрғыда талдау - қазақ тарихшыларының қасиетті міндеті.

XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ ұлттық интеллигенциясының саяси көсемі Ә.Бөкейхановтың тарихи зерттеулермен айналысқаны да белгілі. Осы орайда оның алдымен ауызға түсетін еңбектері – “Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи” (1903 ж.) және “Киргизы” (1910) атты монографиялық зерттеулері. Бұлар туралы алғашқылардың бірі болып пікір білдірген ғалымдар М.Базарбаев пен С.Аққұлыұлы аталған еңбектердің алғашқысында “Қазақ өлкесінің сонау тас, қола дәуірінен бергі тарихы, мекендеген халықтары, олардың мәдени, саяси-

өлсуметтік жетістіктері кең көрініс тапқанын және ... автор ... патша үкіметінің жүргізіп отырған отаршылдық саясатын да батыл суреттегенін”, ал екінші аталған еңбекте Ә.Бөкейхановтың “Қазақ халқының отаршылдық, переселендік саясатқа деген көзқарасын, ...күресін, ұлт-азаттық күресінің бағытын, мақсат-мүддесін ашып көрсете алғанын” айтқан еді (17).

1999 жылы “Қазақстан” ұлттық энциклопедиясының 2-томында профессор М.Қ.Қойгелдиевтің Ә.Бөкейханов туралы мақаласы жарық көрді. Онда автор қайраткердің тарих саласындағы жоғарыда аталған еңбектерін бағалай келе оның “қазақ мемлекетінің пайда болуының тарихи кезеңдерін, даму заңдылықтарын да терең зерттегендігін” атап көрсетіп, “бұған оның әр жылдары Ресей императорлық география қоғамы Батыс-Сібір бөліміне қараған Семей бөлімшесінің басылымдарында жарияланған “Из переписки (писем) киргизских ханов, султанов”, “Из переписки хана Средней киргизской орды Букея и его потомков және “Из бумаг султана Большой киргизской орды Сюка Аблайханова” атты ғылыми жарияланымдары куә бола алады. Б. назарынан Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісі де тыс қалмаған. Оның бұл тақырыпта 1923 ж. Тәшкентте “Материалы к истории султана Кенесары Касимова” атты кітапшасы шыққан”, - деп нақты түсініктеме береді (18).

Ә.Бөкейхановтың соңында қалған тарихи мұралардың Қазақстан тарихнамасында шынайы көзқарастарды қалыптастыруға қызмет ете берері күмәнсіз.

Қысқа ғұмырында қазақтың шығу тегіне байланысты өзіндік пікір айтып үлгерген ұлттық интеллигенцияның көрнекті өкілдерінің бірі Ж.Ақбаев. Оның бұл мәселедегі көзқарасын арнайы зерттеген М.Құлмұхамедтің еңбегі назар аудартады (19). Онда “қазақ” этнонимінің мағынасы туралы Ж.Ақбаевтың өзіндік пікірі талданған.

Алғашқылардың бірі болып Қазақстан тарихын таптық-большевиктік көзбен жазуға талпынған С.Асфендияровтың тарихи мұралары да тарихнамалық тұрғыдан жүйелі талдауларға мұқтаж. Оның тарихшылығына алғашқылардың бірі болып әділетті сын пікір айтқан өзінің замандасы М.Шоқай болғаны белгілі. Оның тарих саласындағы еңбегі туралы М.Шоқай былай деген еді: “Санжар алдымен

“лениндестіріліп”, артынан “сталиндестіріліп” екі мәрте айныған марксизм теориясымен туған халқының тарихын түсіндірмек болып әуреге түсті” (20).

Тәуелсіз Қазақстан жағдайында С.Асфендияровтың тарихшылығына қысқа болса да жан-жақты талдау жасауға тырысқан Ә.Төкенов болды. Ол С.Асфендияров еңбегінің тарих үшін құндылығын атап көрсете, автордың “лениншіл-большевик” бағытын ұстануының оның зерттеуіне түсірген “көлеңкелерін” де айта кетті (21).

Сонымен мәселенің зерттелу деңгейіне жасалған қысқаша шолудан мынаны аңғарамыз: кеңестік жүйе тұсында өздері де, еңбектері де қуғындалған ұлттық интеллигенция өкілдерінің тарихи көзқарастары әлі де арнайы зерттеле қойған жоқ. Олар жазған тарихи мәселелерді тарихнамалық тұрғыдан өзара тарихи-салыстырмалы тұрғыдан талдау бүгінгі Қазақстан тарихнамасының міндеті болып табылады. Бірлі-жарым жекелеген тарихи тұлғаларды ғана арнайы қарастырған зерттеулер бүгінгі тарих ғылымындағы сұранысты қанағаттандыра алмайды.

Сондықтан да зерттеу тақырыбының объектісі ХХ ғасырдың 20-30-жылдарында саяси қуғындалған қазақ ұлттық интеллигенциясының тарихи көзқарастары болып табылады.

Зерттеу жұмысының мақсаты – кеңестік жүйенің алғашқы онжылдықтарында жазықсыз саяси қуғындалған ұлттық интеллигенция өкілдерінің қазақ тарихы тақырыбына жазылған зерттеулерін, мақалаларын тарихнамалық талдау.

Осы мақсатты жүзеге асыру барысында төмендегідей міндеттер туындады:

- Қазақстанның ежелгі түрікті және монғол билігі кезеңдеріндегі тарихына қатысты қазақ зиялылары еңбектеріндегі пікірлер мен тұжырымдардың маңыздылығын және өзіндік ерекшеліктерін дәлелдеу;

- Қазақ халқының қалыптасуы және Қазақ хандығының құрылуы туралы қазақ ұлттық интеллигенциясының көзқарастарын талдау;

- Қазақ интеллигенциясының еңбектеріндегі Қазақстанның Ресейге қосылуының алғы шарттары туралы тұжырымдар мен қорытындыларға баға беру;

- Жер мәселесінің қазақ ұлты тағдырындағы орны мен маңызы туралы интеллигенция пікірлерін тарихнамалық тұрғыдан сипаттау;

- Интеллигенцияның 1916 жылғы көтеріліске байланысты тарихи көзқарастарының ерекшеліктерін ашу;

- 1917 жылдың күрделі тарихи оқиғаларын сипаттайтын қазақ ұлттық интеллигенциясы еңбектерін талдау;

- Мемлекеттік автономия мәселелеріне байланысты қазақ интеллигенциясының тарихи көзқарастарындағы өзіндік ерекшеліктерді анықтау.

Мәселенің деректік негізін кеңестік жүйеде саяси қуғындалған қазақ интеллигенциясының мақалалары мен зерттеу еңбектері құрады. Олардың ішінде төмендегідей еңбектерге баса назар аударылды:

- “Айқап” және “Қазақ” газеттерінде қазақ тарихы мәселелеріне байланысты жарияланған мақалалар;

- Ә.Бөкейхановтың “Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи” (22) және “Киргизы” (23) - атты монографиялық зерттеулері;

- Ш.Құдайбердіұлының “Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі” (24);

- М.Дулатовтың “Қазақ, қырғыздың аты, тегі туралы” еңбегі /25/ және “Алаш Орда” атты мақаласы (26);

- А.Байтұрсыновтың “Революция и киргизы” атты тарихи мақаласы (27);

- М.Тынышбаевтың “Происхождение киргиз-казахов и история образования казахского ханства” (28), “Отзыв о труде А.П.Чулошникова по истории казак-киргизского народа” (29), “Материалы к истории киргиз-казахского народа” (30), “Киргиз-казахи в 17 и 18 веках” (31), “Ақ-табан шұбырынды (Великие бедствия и великие победы казаков)” (32) тәрізді зерттеу еңбектері;

- М.Шоқайдың “1917 жыл естеліктерінен үзінділер” (33), “Қоқан автономиясы” (34), “Санжар Аспандиар” (35), “1916 жылғы ұлттық қозғалыс туралы большевиктердің өтірігі” (36), “Бір ғылыми өтірікке қарсы (Қоқан автономиясының 14 жыл толуына орай)” (37) тәрізді мақалалары;

- Т.Шонанұлының “Қазақ жер мәселесінің тарихы” атты монографиялық зерттеуі (38);

- Қ.Кемеңгерұлының “Қазақ тарихынан” атты іргелі зерттеуі (39);

- Т.Рысқұловтың “Восстание туземцев Туркестана в 1916 году” атты зерттеуі (40);

- С.Сейфуллиннің “Тар жол тайғақ кешу” атты тарихи романы (41);

- С.Сәдуақасовтың “О национальностях и националах” атты мақаласы (42), сондай-ақ Н.Төреқұловтың (43), С.Мендешевтің (44), Т.Жүргеновтың (45) және т.б. тарихи естелік мақалалары.

Бұл еңбектерді тарихнамалық талдау дерегі ретінде пайдалану барысында қазақ интеллигенциясы өкілдерінің белгілі бір тарихи мәселеге байланысты көзқарастарын нақтырақ анықтауға назар аударылды.

I ТАРАУ. ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫ ҚАЗАҚ ҰЛТЫНЫҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІГІНІҢ ТАРИХИ БАСТАУЛАРЫ ТУРАЛЫ

1.1. Түркілер (Түркістан) елі және монгол билігі дәуіріндегі Қазақстан тарихы қазақ ұлттық демократиялық интеллигенциясының еңбектерінде

Кеңестік сталиндік тоталитарлық жүйе қуғындаған қазақ зиялыларының қазақтың көне және ерте ортағасырлардағы тарихына тереңдеп баруларына, осы кезеңнің күрделі мәселелері төңірегінде жан-жақты зерттеулер жүргізулеріне олар өмір сүрген кезеңдегі қайшылықты да ауыр саяси-әлеуметтік ахуал мүмкіндіктер бере қоймады. Сондықтан да аталмыш кезең тарихына қалам тартқан қазақ зиялылары көп емес. Осы тұрғыдан тіптен оларды саусақпен санап беруге де болады. Олар – М.Тынышбаев, Ә.Бөкейханов, С.Асфендияров, Ш.Күдайбердіұлы, Х.Досмұхамедов, М.Дулатов және т.б. Бұларды қызықтырған мәселелер тарихнамалық тұрғыдан алғанда мыналар болды:

- қазақтың тегі және қашаннан бері жұрт, яғни ұлт болып қалыптаса бастағаны.
- қазақ жеріндегі ежелгі түркілік, тайпалық одақтардың және мемлекеттердің қазақ ұлтын қалыптастырудағы ролі.
- монгол билігінің қазақ тарихындағы орны.

Қазақтың ежелгі тарихын зерттеу туралы алғаш мәселе көтерген “Айқап” журналы деп айтуға негіз бар. 1911 жылы өзінің 1-нөмірінде “Айқап” К.Бәтешұлы дегенге сөз беріп, ол “Қазақ шежіресі” деген атпен мақала жариялады. Онда автор қазақтың тегін “түрік нәсілінен шыққан “Алаш” есімді бай һәм балалары көп, бақытты бір адамнан таратып, қазақтың үш жүзіндегі руларын талдаумен аяқтайды және өзінің ойын төмендегідей тұжырыммен бітіреді: “Бұл сөздер – біздің бұрынғы көрілерден естіген сөздер. Қадірлі хал білгенімізді жаздық. Мұнан артық білушілер болса, білгенін ішіне сақтамас, халыққа жазып білдірер деп үміт етеміз” (46).

Қазақ шежіресін зерттеу туралы “Айқаптағы” бұл пікір барлық қазақ зиялылары тарапынан қолдау таба қойған жоқ. Арада бір жылдан кейін Е.Дүйсенбайұлы деген кісі “Айқапта” былай деп жазды: “Біздің қазақ-өзбек халқына бірлік кіріп,

басы қосылмай, “алты ауызды алаш” аталғаны сол ұру-ұруға бөлініп, ұран шақырып партия болғаннан еді. Сіз журналыңызға жазып оны не қыласыз? Ұмытқан кісілер бола қалса есіне түсіп, қайтадан бір ел бір елді, бір ауыл бір ауылды шауып алып, бірлігі кете түссін деген жұмыс па?...” (47).

Мұхамеджан Сералин бұл пікірге қарсы мынадай жауап берді: “...қазақтың ұру-ұруға бөлінгендігі болса, сол ұру-ұру болып бөлінуге түп себеп не болған? Сол ұру-ұрудан қазақ қанша залал көрген, асылында ұру деген не нәрсе, жасын кілем бұрынғы ата-бабамыздың қалпын, жайын біліп істеген, білмей жаңылып істеген нәрселерін жазып, айтып халыққа түсіндіру керек дейміз. Тарих жазу, оқудан мақсат осы емес пе?! ...” (48).

Қазақ шежіресін тәртіпке келтіруде Шәкәрім Құдайбердіұлының 1911 жылы Орынборда басылым көрген “Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі” деген еңбегі маңызды рөл атқарды. “Айқап” журналы осы еңбекпен өзінің оқырмандарын таныстырды.

“Қазақтың түпкі атасының жайын білмек болып”, - деп жазды Шәкәрім, - көп уақыттан бері сол туралы естіген, білгенімді жазып алып және әр түрлі жұрттың шежіре кітаптарын оқыдым” (49).

Ш.Құдайбердіұлы өзі оқыған кітаптар қатарында “мұсылманша”: “Тәбірі”, “Тарих ғумуми”, “Тарих анлшар араслам”, Нәжиб Ғасымбектің түрік тарихы, Әбілғазы Баһадүрханның “Шежіре түрік” тәрізді еңбектерді, орыс тіліндегі кітаптардан Радловтың, Аристовтың шығармаларын, “түріктің ең ескі замандағы шежіре кітаптары” “Құдатқу білік”, “Кошочидам”, Қытайдың ЮЭН – шауминши деген жазушысының еңбегін және т.б. атап көрсетеді (50).

Ш.Құдайбердіұлының бұл еңбегі қазақ ұлттық интеллигенциясы арасында жаңа серпін туғызды. Бұл еңбек туралы алғашқылардың бірі болып Ә.Бөкейханов өзінің пікірін білдірді: “Мұнан бұрын, - деп жазды ол, - қазақ шежіресі қазақ тілінде кітап болып басылған жоқ. Шаһкерімнің бұл кітабы - қазақ шежіресінің тұңғышы; қазақ шежіресін білмек болған аға-іні іздегенді осы кітаптан табасың. Енді мұнан былай қазақ шежіресін жазбақ болған кісі Шаһкерім кітабын әбден білмей қадам баспа. Кітап

жиған жері жоқ, көшпелі далада жүріп Шаһкерім шежіресіндей кітап жазбақ оңай жұмыс емес” (51).

Ә.Бөкейханов Ш.Құдайбердіұлының:

“Бітірдім түрік, қазақ шежіресін,
Боса да кемшілікті, қисық-бүкір, -

деген сөзін (52) келтіре отырып, бұл еңбектің қалай деседе “бала оқытқан молланың қолында болатын кітап” екенін ескерте кетеді (53). Ә.Бөкейхановты Ш.Құдайбердіұлының “600 жылдан бері мұсылман жұртына кірген” керейлер тайпасының ескі заманда крест таңбасын салғаны туралы пікірі қызықтырған. Мұның себебі Ә.Бөкейхановтың ойынша “Жетісуда көшіп жүрген” керейлерді несториан сектасы софьларының христиан дініне қаратуынан көрінеді (54). Әрине, Ә.Бөкейхановтың бұл пікіріне қарсы бүгінгі тарих ғылымының жетістіктеріне сүйенсе отырып дау айтуға болады. Бірақ бұл біздің зерттеу жұмысының міндетіне жатпайтын, арнайы зерттелетін үлкен мәселе деп ойлаймыз.

Ә.Бөкейханов Ш.Құдайбердіұлының шежіресіне байланысты және онда көтерілген мәселелер жөнінде ой тастай отырып, оқырмандардан осы мәселелерге байланысты пікірлер сұрайды. Ол Шәкәрімнің қырғыздың Енисей бойында тұрғаны туралы орыс ғалымы Аристовша жазғанын атап көрсете келе, ол бойынша “қос көлдің күнбатысында меркіт, орынхай, орынхайдың күнбатысында қырғыз бар еді” деген пікіріне тоқталып: “біздің қазақ бұл жерді білмейді ғой... Осы күнде бұл шежіреде аталған жерлер қай патша қол астында, қай губернеде — Шаһкерім жазып өту керек еді. Шежіресін қайта басқанда Шаһкерім бұл кемшілікті толтырар”, - деп ұсыныс жасайды (55).

Ә.Бөкейхановтың Шаһкерім шежіресінде тағы бір назар аударған мәселесі “Алаш” ұғымының шығуы туралы. Ол шежіредегі мына жолдарды өз еңбегінде келтіреді: “...қалмақты шаба берген соң, қалмақтар Ахметханды Алашы қойыпты. Мағынасы “Жан алғыш” дегені, оны есіткен соң Ахметхан қалмақ бұл атты қорыққан соң қойды, енді қалмақты шапқанда “алашылап” шабындар деген соң, қазақтар алашы деп шауып, сол қазаққа ұран болыпты.

“Алаш-алаш болғанда, Алашы хан болғанда, қалмаққа не қылмады” - деп қазақтың мақтанатұғыны сол (56).

Осы үзіндіні келтіре отырып Ә.Бөкейханов қалмақтың қазақты “Алаш” атағанына күдік білдіріп: “Бұл қалай? Алаш деген — біздің қазақ сөзі. Алаш қалмақ қойған ат болса, қалмақ өз тілімен қоятын жөні бар емес пе? ...Қалмақша Алаш не сөз? Мұны біздің “Қазаққа” жазатын аға-іні табылар ма?” — деп “Қазақ” газетінің оқырмандарына сауал тастайды (57).

Айта кеткен жөн, Ә.Бөкейхановтың бұл сауалы аяқсыз қалған жоқ. Оған “Қазақ” газеті арқылы Халел Досмұхаммедов жауап қайтарды: “Орал облысында, - деп жазды ол, - Уральски казачи воинскаға қараған қалмақтар бар, “Қыр баласының” өтініші бойынша, “Алаш” деген қалмақ тілінде сөз бар ма? Мағынасы қазақша не болады?” дегенімде қалмақтар айтты: “Қалмақ тілінде “Алаш” деген сөз бар, қазақша мағынасы - өлтіргіш, аямаушы, жаугер” деп.

Алаш деп қалмақтар жақтырмаған орында айтады. Жаны ашымай хайуанатты көп өлтіре беретін аңшыларды да қалмақтар “Алаш” деп атайды (58). Х.Досмұхамедовтың осы пікірін өзінің “Қазақ, қырғыздың аты, тегі туралы” деп аталатын көлемді зерттеу еңбегінде Міржақып Дулатов қайталап келтіріп, мынадай пікір айтады: “Жоғарыда айтылғандай: “алаш” қазаққа ұран болып қалған мәнісі ақылға қонып тұр. Қазақ “алаш”, яки “алашы” деген сөздің мағынасы қазақтың бұрыннан ұғынып жүргеніне дәл келуі — бұл ертегінің қисыны барлығын көрсетеді (59). Осылайша, М.Д.Дулатов та Ахметханды қалмақтардың “Алаш” атап кеткені туралы қазақ арасында таралған аңызды негізінен шындыққа жақын дерек ретінде мақұлдайды. Сонымен бірге ол, қырғыздардың да өздерін “Алаш” атайтындарын ескерте кетеді (60).

Айта кеткен жөн, XV ғасыр мен XVI ғасырлар тоғысындағы күрделі оқиғаларды баяндайтын әйгілі “Бабурнамеде” Сұлтан Ахмедханның Алашы аталған себебі, анық жазылған. Онда “қалмақтардың және моғолдардың тілінде кісі өлтірушіні “алаш” деп айтатыны атап көрсетілген (61).

Мұндағы “моғол” ұғымы Жетісу және Қашқар өңірін мекендеген жергілікті халық атауы екені белгілі. Осыны ұлы

тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати де атап көрсетеді. Мәселе түсінікті болу үшін Тәшкентте шыққан оның еңбегінің алғашқы орыс тіліндегі аудармасынан үзіндіні қаз-қалпында келтірелік: “Калмыки чрезвычайно боялись его и назвали Алачи хан; по-могольски “алачи” — “убийца”, т.е. “хан-убийца”. Это прозвище осталось за ханом, люди назвали его Алача ханым. Сейчас среди моголов его называют Султан Ахмад хан, а все другие племена говорят “Алача хан”. В историях Мирхонда и Хондамира. Харави и в других также написано “Алача хан” (62).

Жалпы алғанда Ахмедханның осылай аталуы туралы көзқарасты қазақ зиялылары теріске шығара қоймайды. Мұхамеджан Тынышбаев “алаш” сөзінің айналасында біраз пікірлер айта келе, бұл ұғымның “алшын”, “ноғай”, “қазақ” және т.б. атаулармен қатар кездесетініне, сондай-ақ “алаш” ұранының көптеген түркі руларына тән екенін айтады. Ол моңғолша бұл “кісі өлтіруші” деген ұғымды білдіретінін баса айтқан еді. Осы негізде ол “Алаш алаш болғанда, Алаша хан болғанда” және “Алты алаш” деген түсініктердің бар екендігін де көрсете келіп, олардың мазмұнын түсіндіруге арнайы назар аударады. Сөз соңында М.Тынышбаев “алаш” ұғымының “Алашадан” бұрын пайда болғанына еш күмән келтірмейді (63). Бұлардан басқа тарихымызда “Алаш мыңы” туралы дерек Қадырғали Жалайырдың “Шежірелер жинағында” кездеседі (64). Бұл да арнайы зерттеуді қажет ететін мәселе.

Қазақ зиялыларының “Алаш” ұғымы төңірегіндегі көзқарастарына біздің нақты баға беруімізді қиындата түсетін тағы бір мәселе — осы ұғымдар айналасында бүгінгі қазақ тарихшылары пікірлерінің де өртүрлілігі дер едік. Жаңаша көзқараспен жазылған “Қазақстан” ұлттық энциклопедиясында Алаша хан және Алаш бакадүр есімдері үш ханға тән екені көрсетілсе (65), ал тарихшы Нығмет Мыңжан мұндай ханның өмір сүру кезеңін 6-12 ғасырлар мен (66) зерттеуші Әбдікөрім Хасенов б.з.б. 116-1072 жылдармен байланыстырады (67).

Қуғындалған қазақ интеллигенциясының тарихи көзқарасында жеткілікті деңгейде назар аударылмаған нәрсе - қазақ жерін ежелде мекендеген сақтардың, ғұндардың, үйсіндердің және қаңлылардың тарихы. Мұның біздің ойымызша басты

себептері екеу: а) бұл тайпалардың тарихына байланысты деректер, әсіресе шығыс деректері 20-30 жылдарға дейін әлі де жеткілікті зерттеле қойған жоқ еді; б) осы кезеңде азиялық көшпелі тайпалар тарихына маркстік-таптық көзқарастың орныға бастауы ұлттық интеллигенцияны бұл мәселеге аса сақтықпен қарауға мәжбүр етті. Осының нақты көрінісі Санжар Асфендияровтың тарихи көзқарасы дер едік. Ол ежелгі көшпелілер туралы еңбек жазушыларды екі топқа бөліп тастады және оларды өткір сынға алды. Алғашқы топтағы зерттеушілер оның ойынша ұлы-державалық, шовинистік көзқарастарды ұстанды және көшпелілерді варварлар ретінде сипаттады, ал екінші топқа ол керісінше “Азия халықтарының “ұлы” рөлін” атап көрсететін “ұлтшыл” зерттеушілерді жатқызды. Өкінішке орай соңғы топқа оның ұйғарымымен Заки Валидовпен, Ғұбайдулинмен бірге, қазақ тарихының көне дәуіріне алғашқылардың бірі болып қалам тартқан М.Тынышбаев та жатқызылды. Соңғылардың “ұлттық буржуазиялық идеология шындаған” көзқарастарын С.Асфендияров “жаңарған панисламизм және пантюркизм” деуге дейін барды (68).

М.Тынышбаевтың жазғандарымен таныссақ, мұндай бағаның әділетсіздігіне көз жеткізе аламыз. Ол қазақ жеріндегі ежелгі тайпалар және мемлекеттер жөнінде ғылыми негізі бар деректерді жинақтап бере алған. М.Тынышбаев былай деп жазады (үзіндіде қазақшаға аударылуы қиын атаулар бар болғандықтан қаз-қалпында бердік): “Долины рек “Чирчика” и “Ангрена” под именем “Страны Шаш или Чач” упоминается еще в Зендавесте (1.100 лет до Р.Х.), Махабарате (400 лет до Р.Х.); в IV веке, по свидетельству Квинта Курция, Александр Македонский перешел Сыр-Дарью (вероятно, возле Беговатских порогов) и разбил полчища кочевого народа Сак. Столкновение китайцев с гуннами, происшедшие в III и II в.в до Р.Х., окончились, как известно, поражением и уходом последних на запад. Это обстоятельство произвело перетасовку народов, из которых некоторые (Саки, Юзы) ушли на новые места. Уже после этих передвижений народов (за 100 лет до Р.Х.), по свидетельству китайского путешественника Чан Цяня, в стране “Шаш, или Чач”, обитало племя Канлы. За гуннами последовали с востока новые волны кочевников: на громадном пространстве от

Сыр-Дарыи на восток гегемония над кочевыми народами переходит сначала к племени Сеньби (II-IV вв.), затем — Жужане (IV-VI вв.), а с половины VI века — Тюркам. Последние образовали огромную империю, простиравшуюся от великого океана до Каспийского моря; они вели непрерывные войны с китайцами. В конце VI века Тюркская империя распалась на две части: восточную и западную, которые вступили в междоусобные войны; в VII веке западная половина разделилась на две группы, и китайцы, воспользовавшись внутренними распрями, подчинили себе обе половины” (69).

Қазақтың ежелгі түріктің тегін Шәкәрім Құдайбердіұлы да дәлелдеуге күш салған (70). Қазақтың шығу тегін анықтау үшін М.Тынышбаев әрбір қазақ руларының өткендегі тарихи тамырына жеке-жеке талдау жасағаны және белгілі (71). Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан жағдайында жаңа тарихшылар бұл мәселеге үлкен түсініктікпен қарап, “шежіре — халықтың тарихын зерттеудің ең басты қайнар көзі екендігін М.Тынышбаев сол кезеңде-ақ түсіне білген еді”, — деп әділ қорытынды жасауда (72). Ал енді біз зерттеп отырған және М.Тынышбаевтың өзі өмір сүрген заманда өкінішке орай, оның тарихи көзқарасын қолдаушылар азайып кетті. Басқаны былай қойғанда таптық көзқарасты ұстанған қандас бауырларының өзі оны айыптап сөйлеуді әдетке айналдырды. Бұл көзқарас Ш.Құдайбердіұлына да қатысты еді. Оны да “ұлтшылдыққа”, “түрікшілдікке” айыптау асқынып кетті. Осының дәлелі — С.Асфендияров былай деп жазды: “Сол бір алыс кезеңдегі тайпалар мен рулардың бірқатар аттары, рулар аттары ретінде қазақтарда, нойғайларда, ішінара өзбектерде және басқа да түрік және монғол халықтарында (үйсін, дулат, найман, қыпшақ және т.б.) бүгінгі күнге дейін сақталып қалды. Бұл жағдай ұлтшыл-тарихшылардың қазақтардың ежелгі шығу тегі туралы және тіптен қазақтардан барлық басқа халықтардың шығу тегі туралы атап көрсетулеріне мүмкіндік берді. Мұндай ұлтшыл, антимаркстік концепция ақырына дейін өшкереленуі тиіс” (73).

М.Тынышбаевтың және Ш.Құдайбердіұлының ежелгі қазақ жеріндегі тайпалар мен руларды өзара байланыста, тығыз қарым-қатынаста, ортақ түркі этносының субъектілері ретінде қарастырмақ болғандары белгілі. Мұның өзі ежелгі

сақтардың, хундардың (гундар), үйсіндердің, дулаттардың, наймандардың, қыпшақтардың және т.б. бүгінгі қазақ халқының этникалық түп-тамырлары екендігін дәлелдеуге мүмкіндік береді. М.Тынышбаевтың біз жоғарыда келтірген пікірі осының дәлелі. Ол академик В.Бартольдтың зерттеулеріне сүйене отырып үйсіндердің қытайларға б.з.д. 2 ғасырда-ақ белгілі болғанын, олардың Тянь-Шан тауларының солтүстік батыс беткейлерінде көшіп жүргендерін, гундармен соғыста үйсіндер патшасының қайтыс болғанын және осыдан соң гундар патшасы оның жас баласын өзінің тәрбиесіне алып, кейіннен оны үйсіндерге патша етіп тағайындағанын, ал үйсіндерден батысқа қарай юечжи (юэ) и се (сак) тайпалары өмір сүргенін, гундар мен үйсіндердің бірігіп оларды талқанлағанын жазады. Сондай-ақ, М.Тынышбаев үйсіндер құрамындағы дулат, суан тәрізді рулардың бұрынғы және кейінгі тарихтарын өзара салыстыра зерттеу арқылы бұл тайпалар мен рулардың бүгінгі қазақ халқының ежелгі бабалары екендігіне күмән келтірмейді (74).

Хундар мен үйсіндерді Қытайға қарсы ынтымағы туралы Ш.Құдайбердіұлы да айта келіп: “қытай сөзінше түрік жұрты бір мезгіл хун яки хуну аталды”, “үйсін һәм юечжи ... әр түрлі түріктен жиылып, ел болған халық еді”, - деп атап көрсетеді (75).

Қазақ халқының мұндай тайпа-рулардан бастау алуы туралы көзқарас С.Асфендияровты мүлде қанағаттандырмады. Оның “Қазақстан тарихы” атты еңбегінде хундардың және үйсіндердің тарихына едәуір орын беріле тұрса да, олардың түркілік сипаты туралы бір ауыз да сөз айтылмады. Ол бұл тайпалармен қазақтың арғы тегін байланыстыруға мүлде қарсы болды. С.Асфендияров ашықтан-ашық былай деп жазды: “Үйсіндер” мәселесіне байланысты ескі буржуазиялық ғалымдар арасында айтыс жүрді. Бұл халықтан олар қазіргі қазақтардың ата-бабаларын көруге бейім болды, өйткені қазақтарда “үйсін” және “сары-үйсін” рулары бар. Тынышбаев тәрізді қазақ тарихшылары мұны үзілді-кесілді атап көрсетеді ... Мұндай тұрғыдағы жорамалдарды ғылыми деп атауға болмасы айдан анық. Ол ол ма, мұндай жорамалдарға қарсы күресу керек, өйткені оларға үгітшыл буржуазиялық идеология табан тіреп тұр” (76).

Ол “қазақ ұлтшылдарын” аңыздарға, шежірелерге сүйеніп өз ұлтының ұлылығын көрсетпек болды деп айыптады. С.Асфендияровтың мұндай айыптауларының негізсіздігін М.Тынышбаевтың еңбегімен терең танысқанда айқын аңғарамыз. М.Тынышбаев кез келген аңызды нақты тарихи деректермен, ғалымдар еңбектерімен, географиялық жер атауларымен салыстыра отырып, талдап, екшеп пайдаланған. Осы тұрғыдан алғанда оның жазғандарының ғылыми негізділігін көреміз. Ол қазақтың басты руларының тарихтарын жеке-жеке талдап жазып қана қоймай, бұл рулардың басқа туыстас халықтар құрамында кездесетінін де дәлелдеп берді. Мұның өзі деректер жетісе бермейтін жағдайда М.Тынышбаевтың зерттеу әдісінің қазақтың ежелгі пығу тегінің тарихи бастауларын анықтауға үлкен көмек көрсететінін айқындай түседі. Ол қазақтың ірі руларының түркілік тегін дәлелдеу арқылы қазақ жеріндегі ежелгі түркі мемлекеттерінің бүгінгі қазақ ұлтының қалыптасуындағы үлкен тарихи ролін аша алды. Оның тарихты жазудағы басты қарсыласы С.Асфендияров та бұл орайда түрікті қазақтан алыс ұстамақ болып қанша тырысса да нақты тарихи фактілерді теріске шығара алмай, Орта Азия тарихындағы түрік дәуірінің өзіндік орнын мойындауға мәжбүр болды. Алайда ол, таптық көзқарас жетегіне ілесіп Түрік қағанаты дәуірінен де таптық қарама-қарсы тұруды іздестіріп өлек болды. С.Асфендияров орыс тілінде мұны төмендегіше түсіндірді: “В орхонских надписях имеются указания на выступления народных масс против аристократии. На это указывает следующий отрывок: “О, вы, турецкие и огузские беки и народ, слушайте! В это время, когда небо надавило на тебя сверху, земля разверзалась у тебя под ногами, о турецкий народ, кто погубил твое государство? Покайся, ибо ты сам был причиной, низко поступив со своим каганом. Явились разве коопейщики, погнавшие тебя? Нет, ты сам, народ священного Утекена, ушел... Ты покинул кагана, ты бродил между Западом и Востоком, всюду оставляя реки крови и горы костей” (77).

Бұл жерде шын мәнінде әңгіме халықтың өзін билеушілерге қарсы бас көтерулері туралы емес, біртұтас Түрік қағанатынан болініп кетпек болған түркі тайпаларының қателіктері туралы болып отыр. Соның дәлелі ретінде

жоғарыда келтірілген үзіндінің қазақшасын берелік. Ескеретін бір мәселе бұл Күлтегін (үлкен жазу) жазуынан алынған: “...Түркі, оғуз бектері, халқы тыңдаңдар! Төбеңнен төңірі баспаса, Астыңнан жер айрылмаса, Түркі халқы ел-жұртыңды кім қорлайды? Түркі халқы, өкін! Бағынбағаның үшін (өзінді) көтерген қағаныңа, Қасиетімен, ісімен жақсы еліңе. Кінәлісің жаман шатастың. Қарулылар қайдан келіп, Тағы (сені) құлдыратты? Найзалылар қайдан келіп, Тағы (сені) ыдыратты? О қасиетті Отүкен қойнауының халқы, бостың. Біресе ілгері шаптың, біресе кері шаптың, барған жерде не пайда таптың? Қаның судай құйылды, сүйегің таулай үйілді...” (78).

Осы түпнұсқа-аудармамен С.Асфендияровтың орыс тіліндегі аудармасын салыстыра қарасақ, бұрмалауды анық байқаймыз. Біріншіден, атеист С.Асфендияров түпнұсқадағы “төңірі” сөзін алып тастаған, екіншіден, “ты покинул кагана” деген түпнұсқада жоқ сөзді С.Асфендияров өз жапынан қосқан. Осылайша жекелеген тайпалардың қағанатты ыдыратпақ болған әрекеті С.Асфендияровта бұрмаланып “халық бұқарасының” өз билеушілеріне қарсы таптық күресі түрінде көрсетілген.

Осы орайда ол туралы айтқан Мұстафа Шоқайдың мына пікірі еріксіз еске түседі: “Ең көне замандардан бергі Қазақстан тарихы” атты шығармасымен Санжар Асфендияр өз халқының тарихын жақсы білетін білікті ғалым ретінде көріне алмады. Автор Маркс, Энгельс, Ленин, Сталин шығармаларының аясынан шыға алмай қалғаны еңбектің он бойынан көзге ұрып тұрды. Санжар өзінің туған халқының тұрмыс-тіршілігімен тек кітап жүзінде ғана таныс. Осы әлсіздігі “мен мұңдалап” тұрған еңбектерінде Санжар өз пікірін, өз көзқарасын, өз пайымдауларын айтуға тиіс тұстарда шындыққа көпе-көрінеу көз жұмып, марксизм классиктерінен үзінділер келтіруге көшеді” (79).

М.Шоқайдың мұндай пікірінің дәлдігін көрсететін біресе С.Асфендияровтың көне Қазақстан дәуірін төмендетпей таптық қорытындылармен тұжырымдауы дер едік: “Гүрік мемлекетін хунндар мен сяньбийліктердің мемлекеттерімен салыстыра келе біз енді үлкен өзгерістерді көреміз. Гүріктерде феодалдық аристократия едәуір көп және ұйымдасқан еді.

Оларда “ақ және қара сүйектерге” бөлу орын алды. Жоғарғы қызметтер ұрпақтан ұрпаққа қалды” (80).

Қазақ зиялыларының еңбектерінде монғол билігі дәуіріндегі қазақ жерін баяндау — негізінен алғанда қазақ руларының осы кезеңде Шыңғыс тұқымының қайсысына тәуелді болғанын көрсету сипатында болып келеді. Мысалы, Шөкәрім Құдайбердіұлы өзінің жоғарыда аталған еңбегінде былай деп жазады: “1219 жылы Шыңғысхан Ертістен аттанып, Мәуренаһар түгел хәм парсының бір бөлігін алып, үлкен Алатаудың екі жағын, Мәуренаһарды Шағатай деген баласына берді. Дәшті Қыпшақ жақты Жошы деген үлкен баласы иемденді. Екеуі де әкесінен төрт мыңнан кісі алса да, бұларға еріп моғол болып кеткен түрік, татар көп болғандықтан әскерінің көп қуаты татар-түрік еді. Ақырында 1370 жылы Шағатай тұқымы Мәуренаһардан айрылды. Өзімнен нәсілде хәм аралас түріктен Темірлан, яғни Әмір Темір деген шығып Шағатай нәсілінің билеген елін тартып алды.

Шағатай ұлысы болып жүрген алғашқы елі мыналар: Арғинут, яғни арғын, Керейт, яғни керей, Доғлат, яғни ұлы жүздегі дулат, көрлеут, яғни қарлық, қаңлы, қырғыз, бұлардан керейлер Қара Ертіспенен барлық хәм Ерен қабырға арасында Арғын, Найманменен Есіл өзенінен Қараталға шейін хәм Нұра өзеніне шейін көшіп жүрді. Дулат Қаратал өзені мен Шу арасында болды. Қаңлы менен қарлық аралас Талас өзенінен Сырдарияға шейін жүрді. Қырғыз осы күнгі орнында жүрді.

Жошы ұлысының күншығысындағы елі Дәшті қыпшақ-ғағы көп қыпшақ хәм бұл жақта алшын еді. Азырақ Арғын, Найман бар еді... Жошы ұлысы ақырында әрбір кіші хандыққа бөлініп бытырады...” (81).

Шөкәрімге айтылған осы мәліметті қысқаша түрде Ә.Бөкейханов та (82), М.Дулатов та қайталайды (83). Монғол билігі дәуіріндегі қазақ руларының тағдырын нақтырақ, кәсіби тарихшы деңгейінде баяндауға тырысқан М.Тынышбаев болды. Ол өзінің “Материалы к истории киргиз-казакского народа” атты еңбегінде қазақтың басты руларының тарихын, соның ішінде олардың Шыңғысхан мен оның ұрпақтары билік еткен дәуірдегі кезеңін жеке-жеке сөз қылады (84). М.Тынышбаевтың тарихшы ретінде білгірлігі оның “Отзыв о

труде А.П.Чулошникова по истории казак-киргизского народа” атты еңбегінен айқын көрінеді. Ол мұнда аталған тарихшының қазақ халқын құраған “қоңырат”, “жалайыр”, “найман”, “керей” руларының тағдырындағы Шыңғыс-хан рөлі туралы көзқарастарындағы қателіктерді орынды байқаған. Мысалы, мұнда М.Тынышбаев деректер негізінде қоңырат руының Шыңғысханға шеше жағынан туыстығын, ал Шыңғысханды керей тайпасынан шықты деген А.П.Чулошников көзқарасының тарихи деректер тұрғысынан негізсіздігін, сондай-ақ аталған тарихшының Шыңғысдың наймандармен одақ жасағаны туралы көзқарасының да қателігін атап көрсеткен (85).

Біздің ойымызша, жоғарыдағы қазақ зиялыларының Шыңғысхан дәуірін қазақ халқын құраған, қазақтың ұлт болып қалыптасуына бастау болған тайпалар мен рулар тарихын зерттеу арқылы ашып көрсетуге деген алғашқы талпыныстарын бүгінгі тәуелсіз Қазақстан тарихшылары мақұлдап ғана қоймай, осы зерттеу әдісін одан ары тереңдете қолға алулары тиіс.

Сонымен бірге мынаны да айтпасақ болмайды: 30-шы жылдар басынан басталған тарих ғылымындағы сталиндік көзқарасты бүкіл елде орнықтыру шаралары Қазақстан тарихына да әсер етті. Осының нақты көрінісі жоғарыда аталған С.Ж.Асфендияровтың осы кезеңдегі зерттеулері. Автор мұнда Шыңғыс ханның және оның мұрагерлерінің түсындағы қазаққа негіз болған рулардың және тайпалардың тарихын баяндаудан мүлде бас тартып, монғолдар жорығын Қазақстан ауқымынан әлдеқайда кең мағынада Орта және Орталық Азия көлемінде баяндауға тырысты. Мұның өзі Қазақстан тарихының осы кезеңін зерттеуде онша сәтті қадам бола, қойған жоқ. Үлкен географиялық көлемде зерттеу - Қазақстан жеріндегі рулар мен тайпалардың аталмыш кезеңдегі тарихын назардан тасада қалдыру арқылы, Қазақстан тарихында жаңа “ақтаңдақтарға”, яғни зерттелмеген мәселелерге жол ашты. Тарихта таптық көзқарасты орнықтыруға тырысушылар мынаны ескере қоймады. Шыңғысханның Монғолияның өзін біріктіру және Қазақстан мен Орта Азия жерлерін бағындыру тарихының өзі шын мәнінде осы жерлердегі тайпалық-рулық мемлекеттік бірлестіктерді жаулау тарихы еді. Мұны біз “Лувсанданзанның

Алтын шежіресін немесе “Монғолдың құпия шежіресін” оқығанда айқын аңғарамыз. Ондағы тарих – көне түркі-монғол тайпаларының тарихы (86).

С.Д.Асфендияровтың қазақ тарихын зерттеу бағыты сөз жоқ осы кезеңді зерттеудің екінші – таптық бағыты еді. Мұндағы тағы бір ерекшелік – әлі де лениндік-сталиндік тұрғыдан жазылған еңбектердің жоқтығы болатын. Сондықтан тарих ғылымында кейіннен коммунистік тоталитарлық жүйе нығайған кезде орныққан монғол жаулауының салдарын және Шыңғысханның өзінің тарихи тұлғасын біржақты қаралау және тек жағымсыз тұрғыдан, жексұрын, қаныпезер, тіптен жабайы етіп көрсетуге тырысу әрекеті 20-30-жылдары әлі де орныға қойған жоқ еді.

Мысалы, С.Ж.Асфендияров пен П.А.Кунте өздері құрастырып, 1935 жылы басып шығарған “Прошлое Казахстана в источниках и материалах” деген еңбектің алғы сөзі де аталмыш тарихи кезең туралы былай деп жазды: “...источники описывают движение тюрко-монголов в XIII веке под предводительством Чингис-хана, сыгравшее большую роль в мировой истории (бөліп көрсеткен біз – Ш.О.). Через Казахстан хлынули массы кочевых племен и народов. Эта эпоха (XIII-XIV вв.) является эпохой большого развития Средней и Центральной Азии в до капиталистический период...” (87).

Осы пікірді С.Ж.Асфендияров өзінің басқа – “История Казахстана (с древнейших времен)” деп аталатын еңбегінде былай жалғастырады: “Последствия тюрко-монгольских завоеваний были чрезвычайно велики. Никогда до этой эпохи Азия не знала столь значительного перемещения народов...”

Восстановление и улучшение великих сухопутных азиатских торговых путей, организация почтового сообщения, относительная безопасность путешествия – все это привело к значительному процветанию тюрко-монгольского государства. Европейские государства посылали туда послов...” (88).

Осылайша, тіптен таптық, сталиндік қозқарасты ұстанған тарихшылардың өзі де 20-30-шы жылдары монғол жаулауынан әлеуметтік астарлар іздестіре отырып, оның басқа халықтар тарихы үшін оңды салдарларын атап көрсетуді де ұмытпады.

Ұлттық немесе таптық көзқарастарды ұстанған қазақ зерттеушілері Алтын Орданың, Қазақстан үшін маңызды Шағатай мен Жошы ұлысының құлау тарихына талдау жасағанда, оның басты себебі – Шыңғысхан тұқымдары арасында билік үшін талас болғанын бірауыздан ағап көрсетеді. Ә.Бөкейханов Алтын Орданың “1342 жылы өлген Өзбек ханның атымен атала бастағанын” айтады (89). Ш.Құдайбердіұлы Алтын Орданы “Жошы ұлысы” деп атайды (90), ал С.Асфендияров Алтын Орданың Қырым, Астрахан және Қазақ хандықтарына бөлініп кеткенін атап көрсетеді (91). Ал М.Тынышбаев болса мәселені тереңірек зерттеп, кезінде С.Асфендияров тәрізді пікір айтқан зерттеуші А.П.Чулошниковтың пікірін сынаған еді. А.П.Чулошниковтың былай дегені белгілі: “Три ханства (Казанское, Астраханское, Крымское) и 2 меньших по своему значению княжества – ногайское и узбекское” (92). Автордың бұл пікірін М.Тынышбаев “тым бөлшектеп, бірақ дұрыс емес” айтылған пікір ретінде сипаттай келе: “шын мәнінде осы Ноғай және Шейбан (соңғысы әлі Өзбек атауын алған жоқ еді) “шағын княздіктері” басқаларына қарағанда күштірек еді: ноғайлар ұзақ уақыт және шын мәнінде Сарай, Астрахан және Қазан хандықтарының тағдырларына қожалық жасады, ал Шейбандықтар – Түркістанды жаулап алды. Бұлардан басқа санап шыққанда Сарай (Алтын Орда мұрагері болып есептелетін), Сібір, Қазақ хандықтары ұмыт қалдырылған”, - деп елеулі ескертулер жасады (93).

Қорыта келгенде жоғарыдағы кезінде қуғындалған қазақ зиялыларының көзқарастарын тарихнамалық тұрғыдан талдар болсақ, олар Қазақстан тарихының ежелгі дәуірін зерттеуде төмендегідей нәтижелерге қол жеткізді:

- қазақ интеллигенциясының таптық мүддеден ұлттық мүддені жоғары қойған бөлігі қазақ рулары шежірелерін қазақтың ежелгі шығу тегін анықтауға көмектесетін деректер деп ойлап, оларды зерттеу қажеттігіне назар аударды;

- “Алаш” ұғымына қатысты тарихи деректерді шынайы талдады және оны негізінен Сұлтан Ахмеджан есімімен байланыстырып, деректерге баса мән берді;

- Объективті және субъективті себептермен қуғындалған қазақ зиялылары қазақ жерін ежелден мекендеген сақтар,

ғұндар, үйсіндер, қаңлылар тәрізді тайпалар тарихын жете зерттей алмады;

- Ежелгі сақтардың, ғұндардың, үйсіндердің, дулаттардың, наймандардың, қыпшақтардың және т.б. ортақ түркі этносының субъектілері скендіктерін және олардың бүгінгі қазақ халқының этникалық түп-тамырлары болып табылатындарын өз еңбектерінде дәлелдеді;

- 30-шы жылдарға қарай тапшыл көзқарасқа ауытқыған қазақ тарихында ежелгі қазақ жеріндегі тайпалар мен руларды, түрік бірлестіктерін бүгінгі қазақ ұлтының бастаулары ретінде қарстырудан бас тартуға тырысушылық көрініс берді. Оның көрнекті өкілі С.Асфендияров болды. Өкінішке орай ол түрік дәуіріне қатысты деректерді таптық тұрғыдан бұрмалап түсіндіру бастауында тұрды;

- монғол билігі кезіндегі Қазақстан тарихын зерттеуде қазақ зиялыларының көзқарасында екі түрлі бағыт: а) бұл кезеңді қазақ рулары мен тайпаларының тарихын зерттеу арқылы; б) рулар мен тайпалар тарихын назардан тыс қалдырып, қазақ жерін Орта Азияның құрамдас бөлігі ретінде мәселені таптық тұрғыдан зерттеу көрініс бере бастады;

- монғол билігінің Қазақстандағы салдарларын көрсетуде оның оң нәтижелеріне назар аудару байқалды;

- қазақ зиялылары Алтын Орданың күйреуінің басты себебі Шыңғысхан тұқымдары арасындағы билікке талас екенін бірауыздан дұрыс көрсете алды және Алтын Орда құлаған соң пайда болған хандықтарды дәлірек анықтауға өзіндік үлес қосты.

1.2. Қазақ халқының қалыптасуы және Қазақ хандығының құрылуы туралы мәселелерге байланысты қазақ интеллигенциясының көзқарастары

Қазақ халқының қалыптасуы және оның осы атпен атауының мемлекетінің құрылуы туралы мәселе Кеңестік тоталитарлық жүйе тұсында қуғындалған қазақ интеллигенциясын кезінде қатты ойландырды. Бұл табиғи еді. Аталған маңызды мәселелер тарихи тұрғыдан алғанда жаңа кеңестік тоталитарлық қоғамда қазақ ұлты мен оның мемлекеттігіне деген саяси көзқарастарға ықпал ететін еді.

Дәлірек айтар болсақ, тарихи тұрғыдан қазақтың ежелгі халық екені дәлелденетін болса, ол “ұлы орыс” халқы шыққан биікке жақын тұрғандықтан”, оған КСРО тарихында және саясатында елеулі орын берілуі керек еді де, ал егер ол кейінгі бірнеше ғасырларда ғана тарих сахнасына шыққан жас ұлт болса, онда ол “ұлы орыс” халқының інінегіне айналуы тиіс еді. Өкінішке орай 20-30-шы жалдардағы қазақ интеллигенциясының бәрі бірдей бұл құйтырқы ұлттық саясаттың қатерлі астарларын түсіне бермеген тәрізді. Мұны аталмыш мәселелерді өздерінің еңбектерінде көтерген қазақ интеллигенциясы өкілдерінің көзқарастарын талдағанда айқын аңғарамыз. Олар негізінен мынандай тарихи бағыттарды қамтиды:

- қазақтың қашаннан бері халық болғандығы;
- “қазақ” атауының мәні және мазмұны;
- Қазақ хандығының құрылуы және күшеюі;
- қазақтың үш жүзінің қалыптасу тарихы.

Қазақтың қашаннан бері халық болып құрылғандығы туралы мәселені қуғындайған қазақ интеллигенциясы арасында неғұрлым жан-жақты және терең зерттеген Мұхамеджан Тынышбаев. Бұл мәселені нақты қорыға келе ол былай деп жазған еді: “Қырғыз-қазақтардың шығуы туралы мәселеде екі түрлі пікір бар: 1) Вамбери оларды (қазақтарды – *Ш.О.*) Константин Порфирородный және парсы ақыны Фирдауси еске түсіретін ежелгі қосочтардың немесе қазақтардың тікелей ұрпақтары деп санайды; бірақ ол Константиннің және Фирдоусидің қазақтарымен 15 ғасырдағы қазақтар арасына генетикалық байланыс орнатпайды; 2) қалған авторлардың бәрі дерлік қазақтар тарихи сахнаға 15 ғасырдың ортасында ғана шықты деп санайды және екі “Қазақтар” арасында ешқандайда байланыстар жоқ дегенді айтып қарапайым негізде, Вамбери пікірін теріске шығарады” (94). Осы екінші пікірді айтып жүрген ғалымдар арасынан М.Тынышбаев зерттеуші Чулошниковтың көзқарасын ерекше бөліп көрсетіп, оның “всякие попытки искать самостоятельное существование казахской народности ранее 15 века заранее обречены на неудачу” деген немесе “если казаки 10-11 веков вошли в состав позднейшего казахского народа, то во всяком случае совершенно случайно” деген тәрізді пікірлерін сынға ала келе (95),

Чулошниковтың мұндай үзлді-кесілді баяндауларының нақты жаңа тарихи деректерге және дербес зерттеулерге сүйенбейтіндігін атап көрсетті. Сонымен бірге М.Тынышбаев Вамберидің де пікірлерінің “үстірқара-пайымдылығын”, ал басқа авторлар тұжырымдарының жеткілікті деңгейде негізсіздігін ашық айтты (96).

Ол географиялық атауларға және орыс жылнамаларына, сондай-ақ орыс зерттеушілерінің еңбегіне сүйене отырып “Косоч”, “Казах”, “Казахия” тәрізді түсініктердің Азов теңізі жағалауларынан бастап, шығыстағы Мавераннахрға дейін жер аттары, тайпа аттары ретінде ежелден-ақ кездескенін атап көрсетті (97). Бұл мәселені тереңдете зерттеу қажет екендігін ескерте отырып, М.Тынышбаев сонымен қатар “Жәнібек үйі билеген Қазақ хандығының өмір сүруіне байланысты бұрынғы Алтын Орданың Қырымнан және Кавказдан Сибирге дейінгі барлық халықтары “казактар” деп аталғанын атап көрсетеді (98).

М.Тынышбаев сонымен бірге осы мәселеге байланысты халық аңыздарын да назардан тыс қалдырмайды. Ол зерттеуші Левшин келтірген қазақтардың шығу тегі туралы 7 аңызды талдайды: бұл аңыздардың алғашқы екеуі бойынша қазақтар ноғайлардан шыққан, ал үшіншісінде Сібір татарларынан (оларды да ноғайлар дейді), төртіншісі бойынша - Қырымнан, бесіншісі бойынша Түркістаннан, алтыншысы бойынша Евфраттан шыққан болып келеді де, жетінші аңызда жер аты көрсетілмей қалған (99). Айта кеткен жөн, Левшинді баяндауда М.Тынышбаев кейбір қателіктер жіберіп алған: Левшин келтірген алғашқы аңыз бойынша қазақтар - Қырымнан, ал екінші аңыз бойынша олар Түркістаннан, үшіншісінде - Евфраттан, төртіншісінде Сібір татарларынан, бесіншісінде - біртұтас ежелгі түрік тайпасынан, алтыншысында - Еділ бойындағы ноғайлардан шыққан делінеді (100). Мұнда М.Тынышбаевтың кейбір аңыздардың реттік орындарын ауыстырып алғаны және неге екені түсініксіз, бесінші аңызда айтылатын қазақтардың ортақ ежелгі түрік тайпасынан шыққандығы туралы аңызды атап көрсетуден жалтарған (оны ол Түркістан деген атпен берген). Тегінде зерттеуші 20-жылдары кең таралған пантюркизмге айыптаудан сақтанып, осылай “қулық” жасаған тәрізді. М.Тынышбаевтың ойынша қазақтарды

Түркістаннан шықты деген (бұл М.Тынышбаевта бесінші аңыз, шын мәнінде Левшиннің өзінде екінші аңыз), сондай-ақ, алтыншы - қазақтар Евфраттан шықты деген аңыздар “көпе-көрнеу қияли және біржақты, ал қазақтарды Сібір татарларынан шығаратын аңыз кейінірек пайда болған. Соңғы жетінші аңызды да ол “жер аты көрсетілмегендіктен” қатардан шығарып тастауды ұсынады (101).

Аңыздар мазмұнымен танысқанда М.Тынышбаевтың жалпы алғанда шындықты айтып отырғанымен келісуге тура келеді. Оның пікірінше қалған төрт аңыздар “өзара бірін-бірі мақұлдайды және қырғыздардың (барлық Кіші Орда мен Орта Орданың жартысы) ата-бабаларының бір кездері Алтын Орда территориясында өмір сүргенінің бұлтартпас дәлелі” болып табылады. Сонымен бірге бұл аңыздар “қазақ” терминінің Қырым мен Кавказдан Сібірге дейін және Қазаннан Түркістанға дейін таралғандығы туралы айтылғандарды да мақұлдайды” (102). Біздің ойымызша, М.Тынышбаевтың бұл тұжырымдары күмән туғызбайды.

Қазақтың ежелден тамыр жайған, көне бастаулары бар халық екендігін Шөкәрім Құдайбердіұлы төмендегіше өңгімелейді: “...әр түрлі шежіре кітаптардың сөзінсің ... қытайша Тукю – біздің тілде түрік аталған халықтан екені анық болды. Түрік деген дулыға деген сөз екен. Онан соң бір кезде гүн, яки хун деп аталыпты. Оны Нәжиб Ғасымбек Орхон өзеніне қойылған аттан қойылды дейді. Онан кейін әр түрлі атпен бөлектеніп кетсе де, біз ұйғыр атынан шыққан елміз. Бұл ұйғыр деген бірігіп қосылған деген мағынаға деп шежіре жазушының бәрі айтқан десе де болады. Бұл ұйғырдан қырғыз, қаңлы, қыпшақ, арғынұт, найман, керейт, дулат үйсін деген таптар шығып, солардың нәсілінен шыққанбыз. Ақырында Шыңғысхан татам татар моғолды алып, төрт баласына ел бөліп бергенде, үлкен баласы Жошыменен онан кіші баласы Шағатайға татар атанған елдерді бергенде, соның ішінде татар атанып және Жошыға тигені; Жошы ұлысы, Шағатайға тигені Шағатай ұлысы атанған, онан кейін біздің Жошы ұлысындағы аталарымыз Жошы нәсілінен Өзбек хан мұсылман болғанда, барша Жошы ұлысы өзбек атанып, онан кейін Әз Жәнібек ханға еріп, Ноғай ханнан бөлінгенде қырғыз-қазақ атанған елміз, ол кезде ол атпен атанған ел жалғыз ғана біздің үш жүздегі қазақ

емес, көп ел еді. Оның көбі отырықшы өмірге кіріп, әр жерге барып бірталайы ноғай, башқұрт атанып, бірталайы өзбек, сарт атанып кеткен. Ақырында қазақ деген ата бізде қалған ...” (103).

Мұнда, біздің ойымызша, Шөкәрім келтірген кейбір фактілер даулы. Мысалы, қазақтың ұйғырдан шыққаны немесе Әз-Жөнібек атанған ханның кім екендігі туралы бүгінгі тарихшылар арасында әр түрлі пікірлер бар. Оларды талдап жату біздің зерттеу жұмысымыздың мақсатына жатпайды. Дегенмен де жалпы алғанда Шөкәрім қазақтың көне түркі тайпаларынан өрбіген түп-тамырларын, оның халық болып қалыптасуының этностық сатыларын едәуір дұрыс көрсете алған деп ойлаймыз. Бұл пікірді Ә.Бөкейханов та мақұлдап, кезінде былай деп жазған еді: XV ғасырдың жартысында Шағатай және Жошы ұлыстарының “қиранды орнында кейіннен далалық аймақтарда қырғыздар (қазақтар – Ш.О.) деген атпен мәлім болған түркі тайпалары дербес саяси күш ретінде тарих сахнасына шықты” (104).

Қазақтың ежелден бері қалыптасқан халық екендігін көрсетуге М.Дулатов та көп көңіл бөлген. Соның дәлелі оның мына пікірлері: “Орыс тарихшыларының көбі қазақ түрік-моңғол жұртының әр руынан құралып, беріде ғана жұрт болған, қазақ деген сөздің мағынасы – бетімен өскен, еркін жүрген, қазақ әр елде де болған деулері дәлелсіз, әсіресе қазақты XV ғасырда жұрт болды һәм қазақ құрама мағынасында, мұндай ат әр жұртта бар деулері қисынсыз. Қазақтың ескі жұрт екендігі туралы Фердаусидің қазақ дәлелін бекерге шығарған ешкім жоқ. Фердаусидің қазақ жұрты һәм қазақ хандары жайынан жазғанына 900 жыл өтіп отыр. Әлбетте қазақ Фердауси жазған жылы ғана жұрт бола қою мүмкін емес. Сол жылы қазақ деген жұрт, қазақ жұртының хандары болғаны рас болса, ол жұрт оның ар жағында пәлен ғасыр бұрын өз алдына жұрт болуға керек. Фердаусидің жазғаны осы күнгі біздің қазақ болмай өзге жұрт болса, ол жұрттың қайда кеткенін бір тарихшы айтпайды. Екінші, қазақ жұртының құрамалығына аты дәлел, қазақ әр жұртта болған, әр жұрттан наразылықпен бөлініп шыққандардың бәрі қазақ атала берген, сондықтан қазақ жұртында түрік, моңғолдан бөлініп шыққан тұқымдардан құралған деуді дәлелсіз көретініміздің мәнісі қазақ бөлінуші,

бетімен жайылушы, еркіндікті сүюші мағынада екендігі рас болғанда да жұрт біткеннің бәрі бұл мағынаны “қазақ” деген бір сөзбен атауының қисыны жоқ. Үйткені жұрт біткеннің бәрінің тілі бір емес. Қазақ деген сөз бір жұрттың ғана тілі болып, өзге жұрттар өздерінің “қазағын” өз тілімен атауға керек емес пе? Сондықтан біз өзге жұрттардан бөлініп шығып, өз бетімен кетіп, қазақ жұртының тұрмыс-салтына еліктеп айтылған деген ориенталист Сенковскийдің пікірін дәлелді көреміз” (105).

М.Дулатов мәселеге өзінің көзқарасын осылайша баяндай келе “негізгі қазақ Х ғасырдың ар жағынан келіп, өзге түрік қауымдары кейіннен бірте-бірте қосылып отырған” деген қорытындыға келеді. Ол сонымен қатар, орыс зерттеушілерінің, әсіресе Чулошниковтың “қазақ ескі жұрт емес, XV ғасырда әр түрлі түрік-монғол тұқымдарынан құралған деген” пікірлерді қуаттауларымен келіспейді (106).

Айта кеткен жөн, атап көрсетілген, орыс зерттеушілерінің қазақ кейінірек жұрт болған деген пікірін ХХ ғасырдың 30-жылдарының орта шеніне қарай тарих ғылымында қалыптаса бастаған сталиндік таптық көзқарас бірден мақұлдады. Бұл орыс халқын ұлы, ал қазақ халқын оған іні етіп көрсетудің сенімді жолы еді. Мұндай бағыттың қазақ интеллигенциясы ішіндегі ең ірі өкілі С.Ж.Асфендияров болды. Ол тарих ғылымында өзінің ең басты қарсыласы ретінде М.Тынышбаевты таңдап алды. Өзінің орыс тілінде жазылған пікірінде ол былай деп атап көрсетті: “Разве не ясна установка Тынышпаева на то, что казахи – великий древний народ? К этому народу принадлежит и черкесы, и литовские, и крымские, и казанские татары. К нему принадлежат и турки Азербайджана – “казахи”. Работа Тынышпаева представляет наглядный пример заскороузлого национального шовинизма, затуманивающего мозги масс, обосновывающего классовую идеологию полуфеодалного и буржуазного байства” (107).

С.Асфендияров XV ғасырдан бұрынғы “қазақ” атауларын кейінгі қазақ халқымен байланыстыруға үзілді-кесілді қарсы болды. Оның ойынша XV–XVI ғасырлар кезеңінде ноғай-өзбек-қазақ одақтарының құлау процесі жүріп жатқандықтан, бұл кезеңдегі саяси бірлестіктер аралас сипат алды. Олар ноғай-қазақ немесе өзбек-қазақ дегендей түрлерде көрінді. С.Асфендияровтың пікірінше Жәнібектің, Керейдің,

Хақназардың, Тәуекелдің және т.б. өмір сүрген кезеңі міне осындай. Ол М.Тынышбаевты осыны ескермей, аталған хандарды тікелей қазақтарға жатқызды деп кінәлады. Ал қазақтардың жеке халық ретінде тарих сахнасына шығуын С.Асфендияров төмендегідей түсіндірді: “Лишь с того времени, когда волна больших передвижений в степи, вызванных, с одной стороны, завоеванием московским царством Казани и Астрахани и с другой — завоеванием узбеками Туркестана, спала к концу XVI и началу XVII века, и казахи прочно заняли территорию нынешнего Казахстана, — можно говорить о начале самостоятельной истории казахов.

Ход исторического складывания казахского народа, формирование феодального казахского общества к XVI веку на основе общего исторического хода развития Центральной и Средней Азии современно ясен” (108).

Бұл мәселеде С.Асфендияровтың қазақ хандарын ноғай-қазақ, немесе өзбек-қазақ дегендей аралас бірлестіктер хандары ретінде көрсету әрекеті негізсіз деп ойлаймыз. Кейінгі тарихшы ғалымдардың зерттеулері “Қазақ” ұғымының XV ғасырдың соңынан бастап саяси, ал XVI ғасырдың басынан этникалық сипат алғанын анықтап берді (109). Осы кезеңде қазақ ұлт ретінде қалыптасып біткен еді.

Сонымен бірге С.Асфендияровтың М.Тынышбаевтың қазақ халқының көптеген ғасырлар бойы, ежелден қалыптасу процесін жекелеген тайпалық одақтар мен рулар тарихын зерттеу жолымен көрсету әрекетін “қазақты ұлы халық етіп көрсетуге тырысушылық” немесе “тарөрісті ұлттық шовинизмге салынушылық” деген қорытындыларымен де келісуге болмайды.

Ал енді “қазақ” атауының мәні мен мазмұны төңірегіндегі кұғындалған қазақ интеллигенциясының көз-қарастарына тоқталалық. Мұның себебі көптеген зерттеушілер осы мәселеге арнайы назар аударады. М.Тынышбаевтың пікірінше олар “қазақ” түсінігінен халықтың шығу тегін іздестірді. Бұл істе аңыздарға да мән берілді. М.Тынышбаев осының дәлелі ретінде Краф өзінің еңбегінде келтірген аңызды әңгімелейді. Ол бойынша Каша-Қадыр деген батыр ақ қазға үйленіп, одан туған ұрпақ “қазақ” аталатын болыпты мыс. М.Тынышбаев орыс зерттеушісінің бұл пікірін сынға алып, оның түрік тіліндегі сөз қолданысы

зандылықтарын білмейтінін, сондықтан да өрескел қателіктер жіберіп, аталмыш түсінікті жазарда сын есімді зат есімнің алдына қойып “қаз ақ” деп жазудың орнына, керісінше дөрекі қателік жіберіп “ақ-қаз” деп айтып отырғанын, яғни ақ қаздан туған ұрпақ мұндайда “қаз-ақ” емес “ақ-қаз” аталуы тиістігін атап көрсетті (110).

С.Асфендияров академик А.Н.Самайловичтің “қазік” ұғымы екі құстың - қаздың және қарғаның (“гак”) біріктіріліп айтылуынан пайда болған деген пікірін келтіре отырып, алайда оның негіздігін атап көрсетеді.

Тарихты танып білуде ұлттық және таптық, яғни екі түрлі көзқараста тұрғандықтан М.Тынышбаев пен С.Асфендияров бәр мәселеде екі түрлі пікір айтқанын мына аңыздан көреміз: қазақтардың бұрынғы бабалары дінсіз-кәпірлерді мұсылмандыққа кіргізу үшін үздіксіз соғыс жүргізіпті, сондықтан бұл жауынгерлер “газиках”, яғни шынайы да нағыз дін үшін күресушілер атанған. Міне аңыздың қысқаша мазмұны осындай. М.Тынышбаев бұл аңыздың қазақтардың өздеріне өте ұнайтынын”, алайда бұл турасында Әбілғазы-Бохадурханның, Шайбани-наменің, Бабр-наменің және г.б. деректердің ештеңе де айтпайтындығын айта келе, мұнда да жоғарыдағыдай зат әркімнің сын есім алдына қойылып айтылғаны дұрыс еместігін, дұрыс жазылғанда бұл ұғым “хак-газ” болып шығатындығын, ал мұның “қазақ” түсінігіне жақындаспайтындығын атап көрсетеді. Сонымен қатар, М.Тынышбаев “қазақтардың бабаларының дін үшін соғыспағандарын және дінге берілгендіктерімен ерекшеленбегендерін” ескертеді (111). М.Тынышбаевтың бұл дәлелдерін негізді деп қабылдауға болады деп ойлаймыз. Ал енді осы мәселеге байланысты өзінің таптық көзқарасын білдірген С.Асфендияров мұндай діни аңыз “сөз жоқ қазақ дінбасыларының ойдан шығарғандарының жемісі”, - деп қорытқан еді (112). Дулатов “қазақ” атауының шығуын Фердаусиге сүйене отырып, осы халықтың жауынгерлігімен байланыстырады. Ол былай дейді: “Фердаусидің айтуынша, қазақ ескі жұрт, өзінің жауынгерлігімен, ел шабуымен заманда атақ алған. Соғысқа шыққанда қазақтың тұтынатын құралының корнектісі найза болған.

Кейін Азияда қолына найза ұстап жорыққа аттанғандарды, нағыз қазақтың әдетінше көрші елдеріне шабуыл жасай бергендерді жұрт “қазақ” деп атай беретін болған.

Кейбіреулердің “қазақ ноғайдан шыққан деп жүру себебі: ноғай арасынан әлгідей қазақ сияқты жорыққа аттанушылар қимылы, шын қазақтікіне ұқсас болған соң, олар да “қазақ” атанған. Нағыз қазақтың жоғарыда айтылғандай салтына, жауынгерлігіне, қару-жарағына ұқсас жағын алып, өздерін де “қазақ” деп атау әдет болған.

Шынында, “қазақ” деген сөзге өзге бір айрықша мағына беруге басқа бір тілге аударуға келмейді. “Қазақ” деген сөз пәлен жұрттың тілі, оны түгел жұрттың тіліне аударса сондай мағына шығады деп ешкім айта алмайды” (113).

С.Асфендияров “қазақ” атауының иранның “кашак” деген сөзінен шыққанын, яғни қашқын деген мағынаны білдіретінін” айтушылар бар екендігін, мұның өзі қазақтардың отырықшы, адамдар жайғасқан аудандардағы басыбайлы шаруалардан қашып шыққандығын атап көрсетеді. Оның ойынша мұндай түсінік “қазақ” ұғымын орыстың “казак” (казачество) ұғымымен жақындастырады. Орыс тілінде ол өз ойын былай білдіреді: “Действительно, термины “казаки”, “казаковать” употреблялись в XV-XVI веках в переписке московских царей, крымских, казанских ханов — в смысле военных людей, вольницы, сохранявшей границы этих государств. В русском, а также украинском быту слово “казак” или “казак” обозначало вольного человека, разбойника, “вора” (“воровские казаки”, т.е. казаки, не подчинявшиеся царским властям московской руси)” (114).

Алайда бұл айтылған тұжырымдармен өзінің келіспейтінін С.Асфендияров атап көрсетеді.

Осы мәселе төңірегінде М.Дулатов та өзінің пікірін айтты: “Россияны татар билеп тұрған заманда крестьян табынан бөлек еркін болып, өздері тілегенше бір жерден екінші жерге көшіп жүрген орыс текті азат адамдар “қазақ” (казак) атанған. Сонынан осылардың аты Зопорож, Дон казактарына тағылған. Орыс жерінен қашып Днепр, Дон жағаларын жайлағандардың бәрі казак атанған, яғни өздерін казак сияқты азат адамдармыз деп санайтын, һәм атайтын болған” (115). Бұл М.Дулатовтың пікірі:

М.Тынышбаев зерттеушілердің негізінен деректерден қазақ сөзін ғана іздестіргендерін және оны әр түрлі кезеңдерде түрлі түрік-монғол тайпаларын біртіндеп біріктірген негізгі тайпа ретінде жобалағандарын атап көрсетті (116). Тарихи зерттеулер мұның негізсіздігін, мұндай тайпаның шын мәнінде тарихымызда болмағанын айқын байқатып отыр.

М.Тынышбаев өзінің Чулошниковтың сөзбеіне жазған пікірінде орыс зерттеушісінің қытай тілінде айтылатын “хагас” деген сөзден “қазақ” ұғымын іздеген әрекетін сынға алып, “хагас” деген шағын тайпаның әлі күнге дейін бар екендігін және оның тілінің қазақтар тілінен мүлде өзгеше екендігін атап көрсеткен еді (117). Ал С.Асфендияров та осыған ұқсас қазақты “косог” деген халықтан шығару әрекеті бар екендігін және оның негізсіздігін айтқан еді (118).

Қазақ хандығының құрылуына байланысты мәселеде кезінде қуғындалған қазақ интеллигенциясының қозғалысы әр түрлі. Егер Ә.Бөкейханов бұрынғы түрік тайпаларының тарих сахнасына қазақ деген атаумен дербес саяси күш ретінде XV ғасырдың ортасында шыққанын атап көрсетсе (119) және осыған жақын пікірді Шәкәрім Құдайбердіұлы да айтар болса (120), ал М.Дулатов пен М.Тынышбаев “қазақ” атанған халықтың XV ғасырдан бұрын да, тіптен ежелден тарихқа белгілі болғанын дәлелдемек болды. Ал С.Асфендияров жоғарыда атап көрсеткеніміздей, қазақ халқының дербес тарихын тек XVI ғасырдың соңынан XVII ғасырдың басынан бастауды ұсынды (121). Бұлардың ішінде біздің ойымызша Ә.Бөкейхановтың пікірі негізді.

Ол кейінгі Қазақ хандығы тұсындағы “қазақ” этнонимін бұрынғы “қазақ” атауларымен байланыстыруды мақұлдамады. Оның орыс тілінде бұл мәселені төмендегідей түсіндіргені белгілі: “В свете научного марксистского анализа факты, которые приводит Тынышбаев, приобретают совершенно иной смысл и содержание. Слово “казах” в различные эпохи могло иметь различное значение, и этим именем могли называться различные группы, которые не находились ни в какой связи с современными казахами: уходившие в степь от феодального гнета крестьяне (русское видоизменение слова казах) и массы кочевников, составляющие основу войска (выражение И.Мамонтова,

посла московского царя к крымскому хану Менчли-Гирею: “послал бы своих казаков воевать”). Это название лишь в последствии было присвоено народу, который занимал территорию современного Казахстана и значительно отличался уже от осевших соседей” (122).

Қазақ хандығының қалай құрылғанын қолда бар тарихи деректер негізінде нақты баяндайтын Ә.Бөкейханов екендігін айта кеткен жөн. Ол Алтын Орданың өзбек хан тұсынан бері қарай, осы ханның есімімен аталғанын, осы мемлекетті билеген Әбілқайырдың “әлсіздігін пайдаланып” (бөліп көрсеткен біз – Ш.О.) жошылық сұлтандар Керей мен Жәнібек өздерін жақтайтындармен бірге шағатайлық Моғолстан ханы Иса-бұғаның Әбілқайырға жаулық пиғылын пайдаланып оның ұлысының батысында, Шу бойында баспана тапқандығын және мұның өзі “кейіннен “қырғыз-қазақтар (қайсақтар) атанған (123).

Ә.Бөкейханов мұнан ары Қазақ хандығының тағдырын өзі орыс тілінде жазған еңбегінде төмендегідей жүйелі орбітеді: “После смерти Абулхайра в третьей четверти XV века в его улусе усилились среди чингисидов обычные усобицы за власть. Кочевникам, тяготившимся всегда враждой своих властителей, стало невмоготу оставаться в Узбекской орде. Большая часть кыпчаков присоединилась к союзу киргиз-казаков, увеличив число их до 200.000. При сыне Джаныбека Касымхане (умершем в первой четверти XVI века) союз киргизов-казаков, приняв к себе кочевые народы восточной половины джагатайского улуса, насчитывал более миллиона населения. Касым-хан объединив весь киргиский народ, располагал огромной военной силой. К счастью своих подданных, этот последний из могущественных ханов не принадлежал к числу обычных завоевателей Азии и стяжал любовь своего народа миролюбивой политикой. Касым-хан уклоняясь от предложения воевать, говорил, что “казаки, как народ кочевой, должны думать о зимовках, а не о войне”. За свое миролюбие Касым-хан пользовался необычайной популярностью в народе (124).

Ә.Бөкейхановтың бұл деректерді кезінде Вельяминов-Зернов аударған М.Х.Дулатидің “Тарих-и Рашиди” атты ойгілі еңбегінен келтіріп отырғаны күмәнсіз. Мұнда Ә.Бөкейхановтың деректерді бұрмаламай, дұрыс пайдалануы

және Қасымханға берген өзіндік жағымды бағасы еріксіз назар аударғады.

Осы деректі, яғни Жәнібек пен Керейдің 1456 жылы Әбілқайырдан кетіп, өздерін қолдайтын көшпелілерді біріктіріп, Моғолстанның Хантау деген өлкесіне қоныстанып, ал 1465 жылы Әбілқайыр өлген соң, бұрынғы келген жақтарына кейін қайтқандарын М.Тынышбаев та жазды (125).

Айтылғандарды Ш.Құдайбердіұлы басқашалау толықтырады. Онда мынандай жолдар бар: “Сол кезде Шибан нәсілінен Әбілқайыр хан деген 1452 жылы Қазан ханына да, Қырымға да қарамай өз алдына Жошы ұлысының күншығыс жағын түгел билеп тұрды. Сонда қазақтың ханы Әз Жәнібек хан еді, Әбілқайырға қарап тұрушы еді. Әз Жәнібектің шын аты Әбусағит еді. Тоқай темір нәсілінен Барақ хан баласы еді. 1455 жылы Әз Жәнібек хан немере інісі Шаһкерей ханменсің тамам қазақты алып, Әбілқайырға оқпелеп Шудағы Шағатай нәсілінен Есен Бұғаның баласы Тоқлуқ Темірханға қарады” (125).

Мұнда Ш.Құдайбердіұлы Жәнібекті Әз Жәнібек және шын атын Әбусағит деп көрсетсе, ал Керейді Шаһкерей деп атайды және кейінгісін алғашқысының немере інісі ретінде көрсетеді. Сонымен бірге екі қазақ хандарының Есен Бұғаның өзіне емес, оның баласы Тоғылық Темірханға қарағаны айтылады.

Бұл жерде Шәкәрім біріншіден, бұрынғы Моғолстан ханы Есен Бұға ханды (1309-1318 жж.) кейінгі аттас ханмен (1428-1462 жж.) шатастырып алған (126). Кейінгі Жәнібек пен Керейді паналатқан Есен Бұға хан Уәйс ханның кіші баласы еді. Сондай-ақ, Шәкәрім айтып отырған Тоғылық Темір ханды (1329-1362 жж.) тарихшы М.Х.Дулати шынында да алғашқы Есен Бұға ханның баласы деп көрсетеді. Алайда академик В.В.Бартольд бұған күдікпен қарайды. Оның үстіне Шарафаддин Әли Йаздидің “Зафар-намесінде” Тоғұлық Темірдің әкесі ретінде Еміл қожа аталады (127). Тарихи тұлғалар есімдерінің ұқсастығы бұл жерде Шәкәрімді шатастырғанын түсінгеніміз жөн.

Шәкәрімнің өзі тұстас қазақ зерттеушілерінен тағы бір айырмашылығы – оның Жәнібек пен Керейдің Әбілқайырға оқпелеу себебін ашуға тырысуы дер едік. Ол қазақ аңызына сүйене отырып, арғындардың арғы атасы Дайырқожаны

(Ақжолды) Қара Қыпшақ Қобыланды батырдың өлтіріп кетуіне байланысты Әбілқайыр мен Әз Жәнібек арасында реніш туғанын, кейінгісінің Қобыландыны жазалау әрекетіне алғашқысының қарсы болғанын және мұның өзі екі ханның бөлініп кетулеріне алып келгенін айтады (128). Алайда қашып кеткен Жәнібек пен Керейдің артынан Әбілқайырдың қол жинап, қуып шығуы бұл аңыздың негізсіздігін дәлелдесе керек.

Мәселенің кейбір қырларын анықтау үшін М.Тынышбаев та халық аңызына сүйеніп, Жәнібектің кейіннен Астраханда және Қырымда хандық құрғанын, кейіннен Ресейде өлгенін атап көрсетеді (129). Бұл мәселе біздің ойымызша әлі де зерттей түсуді қажет етеді. Оның үстіне алғашқы Жәнібек туралы да, кейінгі Жәнібек туралы да деректер аз. Тағы бір сұмдық: егер Жәнібек Ресейде өлсе, кейін оның ұлы Қасым қазаққа қалай хан бола алды?

Қазақ хандығының тарихын зерттеумен және қазақ хандарының тарихымыздағы орнын анықтау мәселесімен кеңестік жүйе тұсында қуғындалған қазақ зиялыларының арасында неғұрлым тиянақты және белсенді айналысқан М.Тынышбаев екендігін атап көрсеткен жөн. Оның ойынша “Егер Қазақ хандығы Жәнібектің кезінде Алтын Орда хандарының еншісіндегі жерлердің бірі болған болса, ол Хақ-Назардың тұсында дербестікке қол жеткізуді және Есімханның тұсында толық заңды құрылымға айналды” (130). М.Тынышбаев өзінің осы ойын өзінің зерттеуінде онан ары тереңдете түсіп былай дейді: “Қазақ хандығының құрылу тарихынан біздің көріп отырғанымыз, ол 16 ғасырдың ортасына дейін өмір сүріп келсе де, алайда жартылай тәуелсіз саналды және жалпы алғанда Сараймен сондай-ақ басқа да хандықтармен байланысты болды.

Ресейдің, Қазанды, Астраханды, ноғайларды бағындыруына байланысты бағынбайтын көшпелілер мұнан шығысқа қарай кетіп, қазақтардың Жәнібек тобына қосылды және осында тәуелсіз, сондай-ақ дербес хандық құрылды” (131).

Қазақ хандарының билігін едәуір жан-жақты талдаған М.Тынышбаев бұл хандықтың дамуындағы өзіндік ерекшеліктерге де назар аударып, Қасымнан Хақ-Назарға дейін (1523-1550) қазақтардың бастарын қосатын жалпы билік

болмай – бір мезгілде бірін-бірі мойындамайтын бірнеше хан билік құрған тәрізді, - дегендей болжам да айтады (132). Тарихи деректерге сүйенсек, бұған күмәндану қиын.

Шежіреге аңыздарды салыстыра отырып қазақ хандарының Әз-Тәукеге дейінгілерінің біразын Шөкәрім Құдайбердіұлы да баяндап шыққан (133).

Кенестік жүйеде қуғындалған қазақ зиялыларының қазақ тарихын зерттеуімен айналысқандарының қазақтың үш жүзінің шығу тарихына назар аудармағандары кемде-кем.

Бұл мәселені өзінің орыс тілінде жазған еңбегінде Ә.Бөкейханов былай түсіндірді: “Спустя 200 лет после смерти объединителя киргиз-казахов Касым-хана его народ снова появился на исторической сцене в виде трех политических союзов, известных под именами: старшей, средней и младшей орды (134). Ол өзінің осы мәселеге байланысты түсініктемесінде одан ары былай деп жазды: “Считаем нужным заметить, что ходячие названия орд большая и малая совершенно неправильно характеризуют орды, неверно передавая и смысл киргизских слов; ұлы – старший, древний, а не большой в смысле количества (тем более, что по количеству эта орда меньше других), кши – значит не малая (в смысле количества), а младшая” (135). Бөкейханов Қазақ жүздерінің пайда болуларын Аристовтың пікіріне сүйеніп төмендегідей түсіндірді: “В первой четверти XVIII века “возникли наименования юго-восточных казачьих родов дулат и канчлов, как древнейших тюркских племен, занявших земли казачьего союза, старшей (улы) ордой, кыпчаков, аргынов, найманов и кереев, как более поздних пришельцев, - средней (орта) ордой, и отделившихся от племен орды родов и племен алчин – младшей (кши) ордой” (Аристов). В это время все три орды, вытесненные с юго-восточных своих земель калмыками, кочевыми в бассейнах р.р.Ищима, Нуры и Сары-Су” (136).

Қазақ жүздерінің шығу мерзімін және оның себептерін С.Асфендияров басқаша түсіндірді және бұл мәселеде әдеттегідей тағы да “буржуазиялық тарихшыларды”, дәлірек айтқанда олардың өкілі М.Тынышбаевты сынға алды. Оның пікірінше, қазақтардың саяси одағы ноғайлардың және өзбектердің кетулерінен кейін үш орда немесе үш жүз түрінде көрінді. Олардың бастарының қосылуы немесе бірігулері

жекелген жағдайларда ғана орын алды. С.Асфендияровтың ойынша М.Тынышбаевтың осы мәселелерге байланысты түсіндірулері қазақ ордаларының ежелден, алғашқы шыңғыс тұқымдары дәуірінде шығуларын мойындауға негізделген. Ол өзінің орыс тіліндегі еңбегінде бұл пікірлерін былай дәлелдемек болды: "...в данном случае Тынышпаев солидаризируется с "придворными" историками казахских ханов, изображающими последних как непосредственных потомков великого Чингис-хана. Старшая орда, или "Белая орда" – это улус сына Чингиса – Джочы и сына последнего Ежена. От младшего сына Джочы Токай-Тимура происходит младшая орда, а Средняя орда происходит от сыновей Батыя и Шейбака. Таким образом, территория расположения казахских орд оказывается крупнейшей территорией: от Крыма и Кавказа и до Туркестана" (137).

Мәселенің байыбына бару үшін М.Тынышбаевты оқыр болсақ мынаны аңғарамыз: ол шынында да жүз немесе Орда ұғымының шығуын Батыйдың кезеңіне жатқызады. Оның ойынша Жошының үлкен ұлы Ежен билеген Ежен-Орда, немесе Ақ орда ұлыстың батыс жағын иемденді. Бұл аймақты Жалайыр, қаңлы тәрізді тайпалар мекендеді. Оны М.Тынышбаев үлкен Орда деп атайды және ойын жалғастырып, Кавказ бен Қырымның Жошының кіші баласы Токай-Темір иелігі болғандығын, мұнда негізгі бұқара алшындар екендігін, сондықтан да бұл Кіші орда аталғанын айта кетеді. Ол сондай-ақ, Еженнің және Токай-Темірдің иеліктерінің аралықтарында Батый мен Шейбактың орта ұлдарының қарауындағы аймақтар жатқанын және ең соңғы Батый тұқымы өлген соң, тек Шейбактың мұрагерлері қалғандығын, мұнда қазақтың Орта ордасын құраған қыпшақ, қоңырат, кейінірек найман, аргын және керей тайпалары және т.б. қоныстанып көшіп жүргендерін жазады (138).

Логикалық тұрғыдан қисынды болып көрінетін М.Тынышбаевтың бұл пікірлерінің дегенмен де ғылыми негіздері берік емес. Нақты ғылыми дәлелдердің жетіспеуіне байланысты кейде оның бүгінгі қазақтарда қалыптасқан дәстүр-салт жоралғыларына жүгінетіндігі назар аудартады. Мысалы, ол сол тұста Ұлы жүздің 3/4 бөлігін құраған үйсіндердің сан жағынан көп болғандарына қарамастан

жалайырлардан “жол” жағынан төмен тұратынын, тіпген үйсіндердің өздерінен сандары әлдеқайда аз ошақтылардан да төмен 3-қатарда тұратындарын айта келіп, мұның себебін үйсіндердің шығыстағы шағатайлықтар бақылауынан босанып, Ұлы жүз құрамына кештеу енуінен іздестіреді. Ол наймандардың, қоңыраттардың, арғындар мен керейлердің Орта жүз құрамына қосылуын да осылайша түсіндіреді (139). М.Тынышбаевтың мұндай жорамалдары тарих ғылымында дәлелдене қоймаса, оны осы пікірлері үшін “буржуазиялық тарихшы” деп С.Асфендияров құсап айыптау әрине негізсіз. Керісінше, М.Тынышбаевтың пікірлері мәселені тереңдете зерттей түсуге итермелейді.

С.Асфендияров қазақ жүздерінің құрылуын көшпелі шаруашылықтың тарихи жағдайларымен түсіндіруге тырысты. Ол осының дәлелі ретінде Қазақстанда жайылымдық-көшпелі шаруашылық тұрғысынан қарағанда үш табиғи аймақтардың бар екендіктерін алға тартты. Батыс аймаққа ол Орал бойындағы және батыстың басқа да далалық өзендері бойларындағы қыстаулары бар және солтүстік-шығысқа қарай жаздық жайлаулары бар (Ақтөбе оңірі) шаруашылықтар мекендерін, ал орта аймаққа – Сарысу, шу және Сырдарияның төменгі ағыстары бойында қыстаулары және Есіл, Тобыл, сондай-ақ Ертіс бойларында жаздық жайлаулары бар мекендерді жатқызды. Үшінші аймақ ретінде қазақ жерінің шығыс бөлігі – Жетісу және бұрынғы Сырдария облысының шығыс бөлігі аталды (140).

Алайда С.Асфендияров табиғи жайылымдық өлкелер үш жүз деп аталатын саяси бірлікке қалай ұласты деген сауалға жауап бере алмады. Өзінің еңбегінде ол осы сауалға “буржуазиялық тарихшылар” жауап бере алмады деп айыптап жазса да, оның өзі де осы қателікті қайталады.

Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Міржақып Дулатов қазақтың үш жүзге бөлінуі туралы халық аңыздарына назар аударады. Ш.Құдайбердіұлы бұл жөнінде төмендегіше жазды: “Біздің қазақтың үш жүзге бөлінгенін қазақтар былайша айтады:

Өз Жәнібек қазақты Қашқардағы Шағатай нәсіліне қаратқан соң, кешікпей сол кезде қазақты һәм көшпелі басқа елдерді Жүніс ханның Ахмет деген баласы билеп, оның ағасы Жәнкеке шын аты Махмұд деген, Тәшкентте үлкен хан

болыпты. Сонда Ахметхан қазақтың әскерге жараулысын шаба берген” екен (141).

Осы аңызды М.Дулатов та өзінің еңбегінде келтіреді. Сонымен қатар ол тағы бір аңызды алға тартып, былай дейді: “дәл қай заманда екені белгісіз, бұрынғы қазақ хандарының біреуі елін үш баласына бөліп беріп, үлкеніне тигенін - ұлы жүз, ортаншысына тигенін - орта жүз, кішісіне тигенін - кіші жүз атаған екен дейді” (142).

Әрине мұндай аңыздарда ғылыми негіздер жоқ. Оның үстіне мынаны да ұмытпаған жөн: қазақ жүздерінің шығуы туралы нақты деректер жоқ болғандықтан да кейінгі тарихшылар арасында әр түрлі пікірлер орын алып отыр. Бүгінде табан тірейтін деректердің бірі Қадырғали Жалайырдың “Шежірелер жинағындағы” мынандай жолдар: “Майсары – Алаш мыңы болды, ол үш сан еді... Алаш мыңы арасында үлкені тарақ тамғалы жалайыр болады” (143). Мұнда “Алаш мыңы” ұғымы негізінен тайпалық-туыстық ынтымақ сипатында айтылып отырған тәрізді. Қадырғали бабамыздың бұл еңбегі 1602 жылы жазылып біткенін ескерер болсақ, тегінде XVII ғасыр басына дейін қазақтың “жүздер” деген атаумен әлі де бөліне қоймағанын байқататындай. “Жүздер” деген атауды М.Х.Дулати де Қ.Жалайыр да қолданбаған. Соған қарағанда үш жүзге бөліну кейінірек Қазақ хандығының әлсіреу дәуірінде көрініс берді деп көрсеткен қазақ зиялыларының көзқарасы шындыққа жақын тұрғандай.

Мұны тәуелсіздік жылдарында Қ.Жалайырдың тарихи мұрасын белсенді зерттеп жүрген профессор М.Қойгелдисовтің мына пікірі де айқындай түседі: “...Алаш мыңы ішіндегі үш сан жұрттың кейінірек қазақ болып қалыптасқан ұлттық құрамындағы үш жүздің сол тарихи кезеңдегі көрінісі екендігі күмән тудырмаса керек... Сонымен біздің көз алдымызға халықтың қалыптасу кезеңдерін жетерліктей айғақтайтын екі кезеңнің сұлбасы келеді: 1) XV ғ. Алғашқы жартысы - Өзбекия, яғни Әбілқайыр ұлысы құрамындағы үш сан жұрттан тұратын Алаш мыңы одағы; 2) XVI ғ. Екінші онжылдығы – корші мемлекеттер дербес ел ретінде тани бастаған. Қасымхан билігіндегі үш жүзден тұратын қазақ ұлты. Яғни, бұл арада қазақ ұлтының қалыптасу процесінің аяқталуы қазақ мемлекеттігінің құрылуына түс келіп, бұл екі

процесс өзара жарасымдылық тауып, бірін-бірі толықтыра түскендігі айқын” (144).

Сонымен қорыта келгенде, жоғарыдағы тарихнамалық талдаулар негізінде төмендегідей тұжырымдарға келеміз:

- қазақ ұлттық интеллигенциясы өкілдерінің көпшілігі қазақ халқын ежелгі түркі тайпаларынан бастау алып, XV ғасырда саяси дербес саяси күш ретінде қалыптасқан халық ретінде таныды;

- сонымен бірге қазақ халқының тарихы XV-XVI ғасырлардан ғана басталады, кейінгі қазақтардың бұрынғы тайпалармен тікелей байланысы жоқ деген көзқараста Қазақстан тарихында көрініс бере бастады. Мұны таптық көзқарас ұстанған С.Асфендияров тәрізді тарихшылар қызу қолдады;

- таптық көзқарасты ұстанушылар қазақты ежелгі халық ретінде көрсетушілерді “ұлтшылдар” және “шовинистер” ретінде айыптауға негіз қалады;

- “қазақ” этнонимінің шығуы және мағынасы туралы мәселеде де қазақ интеллигенциясы өкілдері әр түрлі болжамдар айтты. Олар осы мәселе төңірегіндегі орыс зерттеушілерінің қисынсыз пікірлерін әшкереледі;

- Қазақ хандығының құрылуы туралы мәселеде де қазақ интеллигенциясы әр түрлі көзқарастар ұстанды. Негізінен М.Х.Дулатидің мәліметтерін басшылыққа алып, тарихи шындықты ашуға талпынған олар Жәнібек ханның тағдырын баяндауда, Жәнібек пен Керейдің Әбілқайырдан боліне көшу себептерін түсіндіруде және т.б. кейбір жаңсақ түспалдауларға жол берді;

- Қазақ жүздерінің шығуы туралы мәселе қазақ интеллигенциясын қатты қызықтырды. Олар бұл мәселеде төрт түрлі болжам пікірлер айтты. Бұлардың кейбірінің ғылыми негіздері әлсіз бола тұрса да болашақ зерттеушілерді жан-жақты, терең ойлануға итермелейді, яғни тарих ғылымын болашаққа жетелейді.

II ТАРАУ. ПАТША ӨКІМЕТІНІҢ ОТАРЛАУ САЯСАТЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ

2.1. Қазақ интеллигенциясының Қазақстанның Ресейге қосылуының алғы шарттары туралы мәселеге көзқарасы

Қазақстанның Ресейге қосылуы және орыс отарына айналуы туралы мәселе Қазақ зиялыларын қатты толғандырды. Қазақ даласын басқаға тәуелді еткен бұл процеске кім кінәлі? деген сауалға жауап табу үшін қазақ зиялылары мәселенің астарына тереңдеп үңілді, көптеген еңбектер де жазды. Нақтылай түсер болсақ, бұл мәселеге байланысты қазақ зиялыларының ой-пікірлері төмендегідей бағыттарды басшылыққа алды:

- Қазақстанның Ресейге қосылуына сыртқы факторлардың, әсіресе жоңғар жаулауының әсері;

- Осы процестегі жеке тұлғалардың, әсіресе Әбілқайырдың орны мен ролі;

- Қазақ билеушілерінің және қазақтың өз арасындағы ішкі алауыздықты өршіту саясатының халықтың Ресей боданына айналуын тездетуге ықпалы.

Жоңғар жаулауының қазақты қандай ауыр жағдайларға ұшыратқанына баса мән берген қазақ зиялылары, тарихтан жақсы белгілі 1723 жылғы жоңғар шапқыншылығына назар аударып, осы оқиғаның қазақтарды орыс боданына айналуына үлкен ықпал жасағанын атап көрсетумен болды.

Мысалы, Шөкәрім Құдайбердіұлы қазақ хандығының Ресей империясына тәуелді болуы алдындағы оқиғалар туралы және қосылуы туралы былай дейді: "...ақырында 1723 жылы қазақ, қалмақ болып жиылып соғысқанда, қалмақтың бастығы Цеван Рабдан қазақтың қобін қырып, қалғанын қуып жіберген. Сонда қазақтар аш-жалаңаш, жаяу шұбап бір көлдің басына келіп, көлді айнала сұлап жатыпты. Сонда бір ақсақал кісі айтыпты: балалар, адам бастан кешкен жақсылықты қандай ұмытпаса, жаманшылық көргенін де сондай ұмытпау керек, біздің бұл көрген бейнетіміздің аты "Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама болсын" дейді, ... Біздің Әнет бабаң деген кісінің 97 жасында жүре алмай қалған жолы да осы... Осы Ақтабан шұбырынды болып ауғанда ұлы жүз Бұхара, Ташкент маңына жақын қалып, орта

жүз Есіл, Нұра, Сарысуға барды. Қыпшақтар онан ары Арал көлі менен Ақ теңізге барып, Башқұрттар менен кіші жүз алшын, онан күнбатыс һәм солтүстікке барды. Сонда күші жүздің ханы өз Тәукенің бір баласы Қарт Әбілқайыр деген хан еді. Орта жүзде Болат ханның бір баласы Сәмеке хан еді. Ұлы жүздегі үлкен хан бәрінің үстінен қарайтұғын Болат ханның Әбумұхамет деген баласы еді. Оны біздің қазақ Әбілмәмбет дейді. Аристов сөзінде, сол ауғанда ұлы жүздің қаңлы, дулат деген таптары қалмаққа қарап қалды дейді. Қалмақпенен көбінесе ұрысқан біздің орта жүз еді. Қазақтар үш бөлінерде күніміз туса тынысқан соң жиылып қалмақтан ата қонысымызды алалық деп уағдаласып тарады. Қалмақтың осы зорлығынан ауып ішкері орысқа жақын барғандар. 1731 жылдарда қалмақтан құтылуға орысқа қарамақ болды” (145).

Қасіретті 1723 жылдан басталған жоңғар қалмақтарының қазақ жеріндегі басқыншылығына көп көңіл бөлгендердің бірі М.Тынышбаев осы жылы қазақтардың күтпеген шабуылға тойтарыс беруге мүмкіндіктері болмағаны сондай, тіптен қорғану туралы әңгіме де көтерілмегенін, басты мақсат жаудан қашып құтылу болғанын, осындай зобалаңда мал, дүние-мүлік, қарттар мен балалар да жау қолында қалып қойғанын, қырып салғандарын, олардың, яғни қазақтардың тасып жатқан Талас, Боролдай, Арыс, Шыршық, Сырдария тәрізді өзендерден өгерде суға ағып кеткендерін, сондықтанда бұл зобалаңның қазақ тарихында “Ақтабан шұбырынды” аталып кеткенін атап көрсетеді.

Оның айтуынша, бұл кезеңде қайыршылық пен аштық шектен шықты: қазақтар бұрын өздері жиіркене қарайтын жәндіктермен, әр түрлі шөптер тамырларымен қоректенуге мәжбүр болды. Сөз арасында М.Тынышбаев академик В.Бартольдтың төмендегідей пікірлерін келтіреді: XVIII ғасырдың 20-жылдарында жоңғар шапқыншылығынан қашқан Самарканд тұрғындары 7 жыл (бәлкім, 1723-1730 жылдар болар) бойы қаланы мүлдем тастап кеткен. Хиуа хандығында да шамамен осы жылдары барлық елді мекендер мен жайылымдар иесіз қалған. Тіптен Хиуаның өзінде 40 жанұядан артық ешкім де қалмаған. Осы қасіретке байланысты М.Тынышбаев мұнан ары Х.Досмұхамедовтың көрсетулеріне сүйенеді. Мұның мазмұны қысқаша айтқанда төмендегідей: Х.Досмұхамедовке 1925 жылы Самарқанда жер

болып кеткен көпес қамалын көрсеткен. Онда табылған заттық ескерткіште бұл жерді қазақтар қалмақтарды талқандаған соң, қазақ босқындары Самарқанд және Бұқара аймақтарына толып кеткен кезде жоғарыдағы көпес қамалының иесі сатып алғандығы жазылған. Х.Досмұхамедовтың айтуынша ескерткіш жазу да көрсетілген мерзім “Ақтабан-шұбырынды” оқиғасымен шынында да дәл келеді.

Деректерге сүйене отырып М.Тынышбаев қазақтардың 1726 жылдың соңында немесе 1727 жылдың басында ғана отрядтар ұйымдастырғанын және қалмақтарға қарсы күрескендерін атап көрсетеді: оларға қарсы алғашқы жеңістерге Буланты, Белеуті (Торғай уезінің оңтүстік-шығыс бұрышы) өзендері жағалауларында Қара сиыр деген, кейінірек “Қалмақ қырылған” аталған жерде Кіші Орда батырлары қол жеткізген (146).

Ал енді орыс-қазақ қатынастарына мұндай қасіреттің ықпал еткені туралы айтуға бола ма? Деген сауалға келсек, мұны мүлдем теріске шығарушылар жоқ деп ойлаймыз. Ең алдымен мынаған назар аударған жөн тәрізді: Қалмаққа қарсы күресте әйгілі болған Абылай және Әбілқайыр тәрізді тарихи тұлғалар сәл кейінірек Ресеймен қарым-қатынаста шешуші рөл атқарды. Мұның өзі қалмақпен шайқасты Ресейге қосылумен байланыстырып отырған жоғарыдағы Шәкәрім көзқарасында едәуір шындық бар екендігін дәлелдей түседі. Абылайдың атының шығуы туралы Шәкәрім былай деген еді: қазақтар “Әбілмансұрды үлкен хан қойыпты, Абылай атанғаны Абылайлап шапқаннан болды. Абылайдың хан болғаны 1735 жылдың маңайы болар” (147).

Ал енді Әбілқайырға келер болсақ, М.Тынышбаев бұл мәселеге байланысты өзінің ойын төмендегіше жалғастырады: Жоңғарға қарсы шабуылдаушы үш Орданың жасақтары Ордабасы тауында түйіскен тәрізді. Өзара адал болуға ант беру де осында болғандай. Әбілқайыр осында бас қолбасы ретінде сайланып, салт бойынша құрбандыққа шалынған ақбоз ат болашақ табыстың кепіліндей болды.

Мұнан ары оқиғаның өрбуіне келер болсақ, М.Тынышбаев қазақтың үш жүзінің осы кезеңде бастары қосылғандарын және онда бас қолбасы ретінде Әбілқайырдың үлкен рөл атқарғанын осы өлкелердегі “Үлкен Орда қонған”, “Кіші Орда қонған” және “Әбілқайыр сайы”

атты жер атауларының болуымен дәлелдеуге тырысады. Ол жоңғарлармен Балқаштың оңтүстігінде болған соғыстың орнының Аңырақай атануын да “қалмақтардың аңырай, зар-ендіреген” жеңілісімен түсіндіреді. Бұл басты шайқас М.Тынышбаевтың үш жүз қазақтары ортақ жауға қарсы ынтымақтаса соғысқан. Зерттеуші осы шайқаста “бас қолбасшы Әбілқайыр қарт болса керек” деген жорамал да айтады (148).

Айта кеткен жөн, кейінгі Қазақстан тарихшыларының еңбектері бұл пікірлерге едәуір түзетулер енгізді. Мысал үшін айтар болсақ, М.Тынышбаевтың Әбілқайырды “қарт” ретінде көрсетуі қисынсыз. Кейінгі тарих, оның 1693 жылы туғанын, яғни 1730 жылы Аңырақай шайқасында небәрі 37 жаста болғанын дәлелдеп отыр (149).

М.Тынышбаев мұнан ары дәл осы кезеңде қазақ хандары арасында жікке бөлінушіліктің орын алғанын, реніштің себебі қайтыс болған Болаттың орнына аға ханды сайлау болғанын атап көрсетеді. Оның айтуынша Әбілқайыр басқарған Кіші Орда және Орта Орданың бір бөлігі Сәмеке ханның бастауымен майдан даласын тастап, орыс шекарасына қарай кетті және сонда орыстың қол астына қарады. Үлкен Орда және Орта Орданың көп бөлігі әлі де қаһарлы хонтайшамен бетпе-бет қалғандықтан кейін шегінді. Қалыптасқан ахуал туралы М.Тынышбаев былай жазады: жаңа ханды сайлау барысында “қопшылықтың тандауы Әбілмәмбет болды да, ал Әбілқайыр мен Сәмеке өздерін ескерусіз қалдырды деп есептейді және жалпы қазаққа ортақ істі бүлдіру үшін кетіп қалды. Бұған олар қол жеткізді де” (150).

Тарихшылардың кейінгі жылдардағы зерттеулері М.Тынышбаевтың бұл қорытындысының дұрыстығын негізінен дәлелдей түсті. Рас, Қазақстан тарихшылары арасында Әбілқайырдың қалмаққа қарсы ұрыс даласын тастап кету себептерін әр түрлі түсіндіру де кездеседі (151). Бірақ бұл біздің зерттеу мақсатымызға жатпайды.

Ал енді Әбілқайырдың Ресей қол астына қарау туралы іс-әрекетіне келер болсақ, Алаш қозғалысына қатысқан, едәуір тәуелсіз ойлайтын интеллигенция өкілдері бұл мәселеде де өздерінің пікірлерін айтқан еді. Мысалы, негізінде Ә.Бөкейханов өзінің орыс тіліндегі “исторические судьбы киргизского края и культурные его успехи” атты еңбегінде

Әбілқайырдың бұл әрекетіне төмендегідей баға берді: “В 1730 году султан Младшей орды Абулхаир, отчасти боясь нашествия Галдана-Цырена на свои земли, отчасти хлопоча усилить свою пошатнувшуюся от вражды между султанами власть, обратился к русскому правительству с просьбой принять его народ в подданство” (152).

Бұл жолдарда Әбілқайырды айыптау да марапаттау да байқалмайды және мәселе түсіндіру тұрғысында жазылған. Сонымен қатар мұнан ары қарай Ә.Бөксейхан Ұлы және Орта жүз сұлтандары Абылайдың, Әбілмәмбеттің және Барақтың халық қолдауларына сүйеніп XVIII ғасырда оның билеушілері болып қалғандарын, сондай-ақ бұл жүздердегі кейбір рулардың аталған сұлтандардың балалары түсында ғана, яғни 1782 жылдан соң, XVIII ғасыр соңына қарай орыс бодандығын қабылдағандарын атап көрсетеді.

Абылайдың өзінің саясаты туралы ол былай деп жазды: “Самый популярный среди киргизов, названный им ханом, Абылай, тщательно избегал подчинения киргизов чужой власти” (153).

Ал М.Тынышбаев Үш жүздің ханы болып Әбілмәмбеттің сайлануына байланысты Әбілқайырдың онымен қатынасының шиленісе түскенін, ал бұл қазақтың екі тобының арасын алшақтатып, мұның өзі Әбілқайырды орыс шекараларына қарай көшіп, оның бодандығын қабылдау туралы келіссөздер бастауға және өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қамал алып беруді сұрауға мәжбүр еткенін түспалдайды (154).

Алайда сталиндік тоталитарлық кезеңде, орыс ұлтын көтермелеу орын ала бастағанда, Әбілқайырдың орыстармен қарым-қатынасы мәселесіне аса сақтықпен баға беруге тура келді. Мұны біз таптық бағытты ұстанған С.Асфендияровты оқығанда айқын байқаймыз. Ол бұл мәселені Ресей архивтеріндегі құжаттардан сөзбе-сөз үзінділер келтіру арқылы түсіндіреді, ал Әбілқайырдың бұл әрекетіне баға беруден бас тартады (155). Сонымен қатар ол, қазақ жерлерінің Ресейге бірігуіне бірінші кезекте “үстем тап” өкілдерінің мүддесі болғанын дәлелдеуге күш салып, мәселеге барынша таптық тұрғыдан қарауға тырысады. Мұны оның төмендегідей пікірлері айқын айғақтай алады:

“...Ханы Младшей Орды, территориально расположенные ближе к России, обслуживавшие караванную торговлю России с среднеазиатскими ханствами, были тесно связаны с интересами русской торговой буржуазии, а следовательно, и с интересами царского правительства. Интересы ханов совпадали с интересами басв-владельцев крупных стад; поэтому они старались закрепить свое положение путем принятия “добровольного подданства” русским царям. На эту посредническую роль ханов Младшей орды указывает хотя бы то обстоятельство, что титул, которым награждали русские цари (Анна Иоанновна, Екатерина II), ханов был “сго степенство”, т.е. купеческий титул... Со стороны Китая особо сильной тенденции к захвату казахских степей не было. Поэтому взаимоотношения казахских ханств с Китаем были эпизодичны и медлительны. Непосредственно во время войн с ойротами и после их разгрома китайские полководцы пытались переманить казахских ханов на свою сторону... Аблай, хан Средней Орды, вел переговоры с китайским императором о признании себя вассалом последнего. Император принял это предложение, и обе стороны обменялись взаимно несколькими посольствами... Одним из требований китайцев к казахским ханам было требование усилить торговлю с Китаем через Улысатай... Таким образом, казахские ханства, со всех сторон окруженные оседлыми областями, неизбежно должны были подпасть под влияние этих областей. Из трех государств, окружавших казахские степи, наиболее сильной, уже развитой капиталистически, была Россия. Последняя в конце XVIII и начале XIX столетия все более усиливала свою экспансию, которая угрожала не только казахским ханствам, но и Средней Азии и самому Китаю. Политика казахских ханов поэтому склонялась к принятию покровительства русского царя, как наиболее сильного, способного наиболее твердо обеспечить интересы казахской феодально-родовой аристократии. С другой стороны, ханы и аристократия искали опоры у русского царя для подавления движения народных масс. Трудные времена, наступившие для казахских масс в период борьбы с Ойротским союзом, вызвавшие большие передвижения разорившихся масс (упомянутое выше “Ақтабан Шубурунды”), периодический падеж скота, “джуты”, - все

эти обстоятельства не только не могли способствовать укреплению власти ханов, но приводили нередко к такому положению, когда от ханов отпадали большие массы подвластного народа... Этим обстоятельством пользовалось царское правительство, проводя политику постепенного захвата казахских степей через подкуп и предложения покровительства казахским ханам. Так, в 1718 году казахские ханы Каип и Абулхайр были склонены губернатором князем Гагариным к принятию русского подданства (156).

С.Асфендияров сонымен Ресейге қазақ жерінің қарауы туралы мәселенің бастауында билеуші аристократтар тұрғанын барынша “дәлелдей” тұрса да бұл мәселені егжей-тегжеймен жүйелі баяндай алған жоқ. Тегінде ол Ресейге қосылу процесіне тереңдеп барар болсам, марксизм сәйкес келмейтін жаңсақтыққа ұрынармын деп күдіктенсе керек. Алайда бұл мәселе кезінде қазақтың алғашқы журналы “Айқап” бетінде Мұхамеджан Сералиннің “Қазақ қай заманда Россияға қосылған” деген атпен жарық көрген мақаласында едәуір жан-жақты баяндалған еді. Онда мәселе төмендегіше түсіндіріледі: “1730 жылдың басында қазаққа, ұлы жүзге Жолбарыс, Орта Жүзге Сәмеке, Кіші жүзге Әбілхайыр хан болған. Россия патшасына бағыну пікірі ең әуелі кіші жүздің ханы Әбілхайыр ханға түскен. Бұл пікірді жеріне жеткеру үшін Әбілхайыр хан сол уақытта Уфа шәһәрінде воевод болып тұрған Бутурлинге елші жіберген... Петерборға елші 1731 жылдың басында барып кірген... Ол хатта Әбілхайыр хан өзінің қол астына қараған еліменен Россия императорының қол астына қарауға көңілі барлығын білдірген. Ол уақытта Россия мемлекетіне император ағзам Анна Ионовна есімді ханша болған. Бұл елші арқылы Әбілхайыр ханның ордасына Россия хукіметі төржіман Махмұт Тәуекелов деген Уфа мырзаларынан біреуді қоса жіберген. Әбілхайыр ханның һәм жұртының жай-жапсарын білмек үшін Россия бағынулары шын ықыласпен болса, олардан ант алмақ үшін... Халық Россияға қарауға риза болған, Әбілхайыр хан Тәуекеловпен бірге 1732 жылы декабрьде Петерборға елші жіберген. Елші болып барған адамдар: бірінші ханның Ералы деген баласы, екінші ханның немерелері Нияз сұлтан, үшінші кіші жүздің ақсақалдары... Керілов 1734 жылы, 15 июньде Петербордан шыққан. Серігі

Тәуекелов Уфаға келген соң, Керилов бас жұмысы Орсуының сағасына отрядыменен келіп, қала салмақ болған... 15 августа сол жерге Орынбор қорғанын сала бастаған. 31 августа Орынбор шөһәрін салуға кіріскен... Керилов орнына Орынбор тарапына бас хакімдікке 10 майда 1737 жылы шыққан Әмір бойынша тайный советник Татишев сайланған. Әбілхайыр хан, баласы Ералы һәм ру басылары үшбу Татишев алдында ант бергендер. Бұл уақиға 1738 жылы, 3 августа болған. Келесі күн ру ақсақалдарына ант берген... Бұл сөздер Крафт деген ғалымның “Принятие киргизами русского подданства” деген кітабынан алынып жазылды” (157).

М.Сералиннің бұл мақаласының құнды жағы көрсетілген 1738 жылдың 3 августында Татишевке ант берген ру ақсақалдарының руларын және ру ішіндегі аталарын көрсетіп, нақты атап жазуы дер едік. Тізім бойынша барлығы 56 адам көрсетілген. Көптеген мәліметтер беретін бұл мақаланың бір үлкен кемшілігі біздің ойымызша автордың өзінің жеке көзқарасын жазбауы, яғни осы мәселеге өзіндік баға бермеуі дер едік. Мысалы, жоғарыдағы Ресей өкіліне ант бергендер тізімін айта келе М.Сералин былай деп қорытынды жасайды: “Мінеки, осы аталарымыз себебінен біздің қазақ халқы Россия императорының қол астына қараған екен. Бұл адамдардың әрбіреуінің намалары бұл күнгеше халық арасында ұмытылмады, һәм нәсіл кәсіптері де шынжыр қатар болып, бақ-дәулетке бұл күнге шейін ие болып келе жатыр (158). Ресейге қосылу мәселесін қостайтынын немесе бұған қарсы екендігін айқындау аса қиын. Тегінде, кезінде “Айқапта” жұмыс жасағандар осыған байланысты өз пікірлерін ашық айтудан қаймыққан.

XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ зиялыларының көзқарасына талдау жасағанда тағы бір аңғаратынымыз, қазақ билеушілері арасындағы өзара алауыздықты қазақтың басқаларға бодан болуының басты себептерінің бірі ретінде көрсету болып табылады. Мәселені тағы да “Айқап” журналынан бастар болсақ “Қазақ емес” деген бүркеніш атпен жазған автордың “Қазаққа алалық қайдан келді” деген мақаласында төмендегідей жолдар бар:

“Қазаққа алалықтың алғаш кіруі үш жүзді билеп тұрған Тәуекелхан опат болған күннен басталады. Үш жүздің басын біріктіріп билеп тұрған хан кеткен соң әр елдегі сұлтандар бас

басына хан болған. Бірі мен бірі жауласа бастаған. Жұрт кезінде ханның ықпалы түсіп, қадірі кеміген, ханның ықпалы түскен соң, қара бұқараның арасында да алалық басталған. Барымта, зорлық-зомбылықтың базары қызып, “батырлар” көбейген. Мықтылар нашарды жарып алған. Сөйтіп қазақ өзара бытырап жүргенде қалмақтың Қалдансерен деген ханы қазақты неше қайтара шауып, тынышын кетірген... Орта жүз бен кіші жүз Сырды тастап, Арқаға көшкен. Кіші жүзді бастаған Әбілхайыр хан, қазақ арасында алалық әбден тамыр жайып орналасып болған еді... Сөздің қысқасы қазаққа алалық үш жүздің басын біріктіріп хан болып тұрған Тәукедей дана хандар өліп, жұрт пайдасын ескермей бір ғана қара басының қамын ойлайтуғын хандарға жұрт тізгіні тиген соң кірген. Сол алалықтың салдары Әбілхайырды кіші жүздің балаларымен Россия қойнына, ұлы жүзді Жоңғария қойнына тыққан. Жеке қалған орта жүз Абылай заманында тізгін қолында болса да, Абылай өлген соң, ол да Россияға бағынған. Сол заманда басталған алалықтың ақыры әлі үзілмей келе жатыр. Бұл айтылған сөздер істің саяси жағы. Алалық бір саяси жақтан ғана емес, шаруашылық жағынан да кірген... Көшпелі халықтың тіршілігі малдың арқасында, малы өссе көшпелі бай, тамағы тоқ, малы жұтаса кедей һәм аш. Барлық тіршілігі малға байланған соң, көшпелі шаруа малын жайластырмай тұрып, өзі тамақ ішпейді... Баяғы қазақшылық заманда жайылым тарылса, көршілес басқа жұрттың жерлерін қазақ жұрты тартып алып иеленген. Тартып алар жер біткен соң, мықты атаның балалары нашар елдердің қонысына көз салған. Бір-бірімен тең елдер қоныс үшін өзара жауласа бастаған... Жатақ орыс заманына сүйенген. Сөйтіп шаруашылық бабында жер туралы жатақпенен көшпелінің арасынан талас шыққан. Бұл таласта жатақ көшпеліні жеңген. Мінеки, бұл айтылған сөздерден көрінеді, шаруашылық туралы қазақ арасына екі түрлі жөнменен алалық кірген. Біреуі көшпелі күшті атаның баласы, нашар атаның баласының жайылымын тартып алған. Екіншісі, Арқадан қоныс алған жатақ көшпелінің жайлауын тартып алған. Осы екі түрлі зорлықтан туған алалықтың ақыры әлі күнге шейін үзілмей келе жатыр... Жер жанжалы қазақтың ұрулас, ағайындас қалпын ұмыттырды. Жері-суы бір атаның баласы өз ағайындарымен дауласты,

ағайыншылық былай қалды. Жерлері переселен пайдасына алынып, өздері жері кең ағайындарынан жер ауыстырып ала алмай, “сорлап, хакімдердің есігін тоздырып жүрген қазақтар толып жатыр” (159).

Мақала авторы қазақтың осындай саяси және шаруашылықтық тұрғыдан алауыз болу себептерінің оны Ресей қол астына итермелегендігін дәлелдеуге тырысумен ғана шектелмейді. Мұнда қазақтың ру-руға және жүздерге бөлінуінің де жағымсыз рөл атқарғанын ескертеді. Осыған байланысты мынандай пікірді оқимыз: “Қазақтың ала болушылығының үшінші себебі де бар. Мұнысы қазақтың ру-ұруға бөлінуінен туған алалық. Мұны орысша айтқанда “Социальный устроитвадан” келген алалық деуге болады. Арабша айтқанда “әжітмағы” қалпынан туған алалық. Қазақ болған жерде қазақ жігітіне өз жұмысынан соң өзінің үруласының, жүздесінің жұмысын жұмыстамақ әдет бойынша міндет. Кісі олтiрсe күн алмақ, күн бермек, әйелдің байы өлсе жақын, ағайындасына жесір болып үлеске түспек. Қалың малы төленіп қойылған қыз сүйгеніне кетсе, “жесір” кетті деп ел болып намыстанып атқа мінбек, жиын-той, асқа барғанда ақсақалдар арашаларына қарай сый-құрмет көрмесе ашу-жанжал шығару секілді толып жатқан неше түрлі әдеттер қазақтың арасына түскен жікті күшейтпесе, қазақтың басын біріктіретін қалыптар емес. Қазақта “намыс” деген бір жаман әдет бар. Баяғы қазақшылық заманда талай атыс-шабысқа, талай қырғын-сүргінге себеп болған, бұл күнде бұл әдет біткен жоқ. Сайлау жұмыстарында намыс үшін шашылған пұл... әр алты миллион қазақты мүлдем жұртшылықтан шығарып бара жатыр... Қазаққа алалықтың саяси, экономикалық, социальный деген үш түрлі жолменен кіргендігі” (160).

Бұл айтылғандардың ашы шындыққа негізделгенін мойындаған жөн болар. Мәселенің байыбына нақты мысал негізінде көз жеткізер болсақ, М.Тынышбаевтың қазақ хандарының өзара алауыздықтары туралы айтқандарына да назар аударуға болады. М.Тынышбаев өзінің пікірін Левшиннің еңбектеріне сүйеніп, айтқандықтан бұл үзіндіні орыс тілінен аудармай сол қалпында бердік:

“...Что отношения Абулхайра с ханами Средней и Старшей Орд после анракайской победы стали крайне

враждебными, это мы усматриваем из текста Левшина: “в Оренбурге ожидали ... хана Средней Орды Абульмагмета, с которым он Абуль-Хайр был во вражде” (с.139) “Нурали и Эрали сыновья Абуль-хайра, избегая встречи с Абульмагметом, не только не приехали..., но в тот же день откочевали от Оренбурга” (стр.144); “Абуль-магмет, избегая козней Абуль-хайра, удалился к Туркестану” (стр.164). Одинаково враждебными были отношения между Абулхаиром с одной стороны и Бараком, Аблаем с другой. Наконец, все опасения Абульхайра оправдались; он был убит Бараком в 1748 г. (с.177). Тот же Левшин несколько раз подчеркивает старания Абулхайра называться ханом казахским (т.е. всех 3-х Орд); Абулхайр вводил в заблуждение русское правительство: в грамоте на имя хана Старшей Орды Джолбарса говорится: “Подданный наш Абуль-хайр Хан всеподданейше нам доносил, что он Вас уже в подданство наше и принял” (стр. 76) в грамоте Анны Иоанновны Абулхайр называется “Киргиз-Кайсацкой Орды Ханом” (стр. 117), тогда как Самеке-хан назван (наш подданный Шемяка-Хан” (стр. 120)... Наконец, все действия Абулхайра после анракайской победы приводят к тому, что он по отступлении поспешно двинулся к русской границе, завязал дипломатические сношения, чтобы защитить себя от враждебных ханов Средней и Старшей Орд” (161). Айта кеткен жон М.Тынышбаевтың Әбілқайыр мен басқа қазақ билеушілері арасындағы алауыздық туралы осы пікірі жалпы алғанда күдік туғыза қоймайды деп ойлаймыз. Ал енді осындай қырғиқабақ қатынас Әбілқайырды орыс бодандығын қабылдауға итермелеген басты себептерінің бірі болды деген қорытындыға келер болсақ, бұл мәселе біздіңше, тарих ғылымында әлі де дәлелдей түсуді қажет етеді.

Оның үстінде қазіргі кезеңдегі тарихшылар арасында да бұл мәселеде әр түрлі көзқарас бар екені белгілі. Мысалы, И.Ерофеева өзінің “Хан Абулхайр: полководец, правитель и политик” деп аталатын еңбегінде бұл мәселе жөнінде төмендегідей пікір айтады: “Все известные сегодня исторические документы и народные предания казахов XVIII-XIX вв. не подтверждают, на наш взгляд, совершенно надуманную гипотезу о далеко зашедшей конфронтации и тем более – разрыва отношений Абулхайра с правителями

жадиковского дома непосредственно в послепанкрайский период (т.с. 1729-1730 гг.). При этом было бы неверно полностью игнорировать достоверно установленный факт взаимной неприязни между ханом Младшего жуза и болес родовитыми казахскими чингизидами, т.к. быстрое возвышение представителя новой династии, не имевшей прямой генеалогической связи с правящим кланом, создавало благодатную почву для роста недовольства старой знати, вынужденной по воле обстоятельств поступиться своим двухвековым лидерством и довольствоваться второстепенной ролью в военно-политической, жизни региона. В то же время нет никаких оснований и для того, чтобы преувеличивать степень глубины и морально-психологический эффект этих междоусобных ссор и идентифицировать их как некое бескомпромиссное противостояние, якобы завершившееся разрывом” (162).

Әбілқайырдың ролін барынша асқақтатуды, оның Ресейді паналаған саясатын ақтауды көздеген И.Ерофесваның бұл көзқарасымен келісу қиын. Жоғарыда “Айқапта” жазылғандай, қазақ билеушілерінің өз арасында, әсіресе төре тұқымдары арасында билікке байланысты алауыздықтың, сондай-ақ, қазақтың өз арасында ру-руға бөлініп, жүздерге бөлініп айтысудың қазақ әсіресе Ресейге қарай бастағанда өрши түскені күпия емес. Мұндай ұнамсыз құбылыстың белең алуына Ресей патшалығының құйтырқы саясатының себеп болғаны да белгілі. Бұл туралы кезінде “Айқап” журналы да жазған еді. Оның бетінде жардай Қарасарт баласы бұл жайында төмендегідей пікір білдірген еді:

“Петерборск императоры, публичный библиотекада Российский закондарын жинаған кітаптарды ақтағанда, оқып қарағанда екінші Екатерина патшаның шығарған күпия указ қағазы ұшырайды. Сол указ көшіріліп алынса да бүгін де қағаздар арасынан табылмай жүр... Бұл указ өткен уақытта күпия болса да бүгінде закон болып шыққандықтан әркімге оқуға болады. Указ Орынборск генерал-губернагор жәнәптеріне жазылған екен. Сөзі ойдан шығып ұмытылмаса, былай сықылды еді: 1) қырғыз-қазақ халқының бір ру басшыларын екінші ру басшыларыменен араз етіп, бірі менен бірін қас етіп, бірінің етін бірі жеуге себеп болыңыз. 2) Сұлтандарын бірі менен бірін араз қылып, бірі мен бірін иттей

гартыстырып, бірінің етін бірі жеуге себеп болардай іс қылыңыз. 3) Қырғыз-қазақтың басшы адамдарын сұлтан-дарымен араз қылып, сұлтан-дарын өз қол астындағы ақсақал адамдарымен араз қылыңыз. Арасына от түскен уақытта жанып кетердей көкір-сөкір даярлай беріңіз. Осылайша арасына от тұтатып береке-бірлігін алсақ, өзара азып, тозғандықтарынан қазақ-қырғыз жұрты бөтен патшалық қол астына көшіп кетерге дәрмені болмас, өз-өздері қырық пышақ болып, қырылысып, жеңілген жағы жеңген жағынан өш алар үшін, күш алар үшін Россия патшалығына жақындар да патшалыққа қорғалар. Сол уақытта Россия хукіметі араларына төре болып, төрелеп, ретіне қарай я анасына, я мынау жағын қуаттап тұру керек. Түрлі амалменен сұлтан-дарының күшін кетірсек өзімізден озып сшқайда кете алмас. Келетін, кететін жері өзіміз болып тілегенімізше қақпалап жорғармыз (163).

Ресей билеушілерінің қазақты өзіне басыбайлы ету үшін дәл осындай арандатушы саясат жүргізгені рас. Бұдан қазақ халқының арасына алалық кірді, халықтың бірлігіне сына қағылып, сызат түсті. Жоғарыдағы мақала авторы мұның салдарына төмендегіше баяндайды: “Россия патшалығының бұл амалына бөтен қазақ-қырғыз алданып тұзаққа түсті, өте тез Кіші жүз алданды. Кіші жүзде үш атаның баласы бар еді. Бірісі, алты аталы Әлімұғылы, екіншісі, он екі аталы Байұғылы, үшінші жеті аталы жетіру еді.

Бұлар құтырушыларының от тұтатушыларының тіліне еріп, солардың амалына түсіп, қалмақ пенен қытай сықылды бір-біріне жау болып, бастарына қара күн туғанда бір-біріне қараспайтын болды. Араларында күнде соғыс, күнде барымта, күнде тартыс болып, аттан ат, көттен көт қалмайтын болды. Пәленше-түгеншелері өлді, қырылды, жағылды деп жараның ауызын ашқандай болып не ғылайын, осы күнге шейін сол үш ру араларында татулық жоқ.

Россия патшалығының бұл амалына бөтен қазақ-қырғыз алданып тұзаққа түсті, өте тез кіші жүз алданды... Хукімет ақылды болып надан, соқыр қазақты өзінің амалына түсіріп алды. Береке-бірлігін кетіріп әлсіретті, атаққа жүгіріп, есі шығып бейшара қазақтарда қазақ өрі қазақ намысы қалмады, айтаққа жүгіру жарай ма, жоқ па деп ойлаушы да болмады. Бірақ хукімет ақылды болып өз пайдасын тапқан соң Россия

хүкіметіне өкпелеу, кінә қылу орынсыз болғаны сықылды надан ата-бабаларға да өкпелеп болмайды. 1898 жылда дала облысындағы қазақ жұртын басқармақ үшін уақытша положения шығарылды. Бұл положенияның мұраты жоғарыда айтылған указды орнына келтіріп, қазақтың бойына сіңіру еді. Волостной управитель, ауылнай, старшина деген түрлі лауазымдар шығарылып, қазақ жұртының берсеке-бірлігін кетіруге себеп болды. Бұл лауазымдарды ақшаға сатып алатын болды. Қазақтың өзара қырық пышақ болып қырылысуына себеп болды. Болыс болған кісі шығарған шығынын қайтарып алу үшін қоластындағы жұртқа артық ақша салатын болды. Артық екенін біле тұрса да жуан білек болыс бармақ сілкіп қойды, болыс үстінен арыз жүрмейтін заман болды. Бұл уақытша положения қазақты бірлестірумен қоймай, жерінен айырып, жерін патшалық қылды. Жерден айыруменен қоймады муфтиден де айырды. Хүкімет хақиқатына түсінді, екінші Екатерина уақытша положенияға “Степной положения” деп ат қойды, аз-мәз өзгертін қазаққа закон қылып қойды. ...бірі мен бірі тату қазақ жоқ, ата баладан, іні ағадан айрылатын заман болды. Народный судьялық үшін халық партия, партия, жақ, жақ болып, бірі мен бірі сотталып, хүкімет есігінен есік, тесігінен тесік қоймай таптап бітірді. Екінші Екатеринаның указы шыққалы жүз жиырма жыл болды, содан бері қазақтың бір бірінс қылған қастықтары санап бітіргісіз кобейіп кетті. Қазақтың сүйегіне сіңіп, бір-бірін аңду, бірінс-бірі шұқыр қазу, ана-шеше сүтімен емдірілетін болды, емшек сүтімен сінген бір ауыру болды” (164).

Мақалада бұл айтылғандардың ащы шындық екендігін кейінгі қазақ тарихшыларының еңбектері талай рет нақты мысалдармен дәлелдеп көрсетті. Сондықтан бұл айтылғандарға күмәнданудың қажеті жоқ деп ойлаймыз.

Сонымен жоғарыда айтылғандарды қорытындылар болсақ, ХХ ғасырдың алғашқы бөлігіндегі қазақ интеллигенциясының еңбектерінде төмендегідей тұжырымдар жасалды:

- Қазақ халқының Ресей құрамына енуіне сыртқы фактордың, яғни жоңғар шапқыншылығының ықпал жасағаны рас. Бірақ оны бұл мәселеде жалғыз және басты себеп ретінде сипаттауға болмайды;

- Ресей қол астына қарау процесінің басында Кіші жүз ханы Әбілқайыр тұрды. Оның Ресейге сүйеніп жалпы қазаққа хан болуды көздеген әрекетін жеделдете түскен тағы бір себеп – оның басқа қазақ билеушілерімен, сұлтандарымен алауыздық қарым-қатынасы еді.

- Қазақ билеушілерінің өзара алауыздығы, әсіресе Ресей патшалығының қазақты ру-руға бөліп, оларды өзара арандату саясатын жоспарлы жүргізуі қазақ халқының Ресей боданына айналуын тездете түсті.

2.2. Патша өкіметінің қоныстандыру саясатының отаршылдық мәнін әшкерелеу

Патша өкіметінің қазақ жеріне орыстарды қоныстандыру саясаты тарихымыздың аса күрделі де қасіретті беттері. Сондықтанда кеңестік тарих ғылымы да бұл мәселеге үлкен көңіл бөлуге мәжбүр болды. Кезінде П.Г.Галузо, Б.Сүлейменов, Е.Бекмаханов, Ә.Тұрсынбаев тәрізді кеңестік тарихшылар бұл мәселені жан-жақты зерттеуге көңіл бөлді (165).

Патша өкіметінің қазақ жерін отарлау саясатын әшкерелеуге баса көңіл бөлген бұл еңбектер сонымен бірге ұлттық қатынастардың жер мәселесімен байланысты кейбір тұстарын батыл аша алмады. Қалыптасқан коммунистік идеология бұл мәселеде орыс ұлтының беделін түсіретін қандай да бір зерттеу әрекетіне, ашық пікірлер мен тұжырымдарға қолдау білдіре қоймайтын еді. Кезінде қуғындалған қазақ ұлттық интеллигенциясының еңбектерінде міне дәл осы мәселелер жан-жақты көтерілді және сондықтанда олардың еңбектерін кеңестік цензура бақылауға алып, қоғамда оларды оқуға және пайдалануға тыйым салды. Бұлардың қатарында Ә.Бөкейхановтың, М.Дулатовтың, Т.Шонанұлының, К.Кемеңгерұлының, М.Тынышбаевтың және т.б. еңбектері бар. Бүгінде бұлардың патша өкіметінің қоныстандыру саясатына байланысты көзқарастары тарихнамалық талдауға мұқтаж болып отырғаны да белгілі. Ал бұның ұлттық тарихымыз үшін аса маңызды мәселе екені күдік туғыза қоймас деп ойлаймыз. Ұлттық интеллигенцияның патша өкіметінің қоныстандыру саясатын

талдаған еңбектерінде назарға бірден ілінетіні төмендегідей мәселелер:

- атты казактардың, әскерилердің және қара шекпенділердің қазақ жеріне қоныстандырылу себептері;
- патша өкіметінің Қазақстандағы қоныстандыру саясатының кезеңдері;
- бұл саясаттың ауқымы және салдарлары.

Мәселенің бастауында-ақ мынаны айту керек: Патша өкіметінің, қоныстандыру саясатының себептерін жан-жақты талдаған Телжан Шонанұлы болды. Оның төмендегі пікірі тарихи шындықты нақты көрсетіп тұр деуге болады. Мұжықты қазақ жеріне көшірудің (персселение) себептері туралы Т.Шонанұлы былай деп жазған: "Үкімет қанша ақсүйек пен буржуазияға арзан малайлыққа керек мұжықты сыртқа кетірмеймін, дворяндарға керек арендатор мұжықтарды іштен шығармаймын дегенімен, өткен ғасырдың 80-жылдары мұжықты тыншайтуға қалай болса да қам қылмасқа болмайтынына көзі жетті. Мұжықты түпкілікті тыншайтуға ақсүйек қолындағы және қазына жерін бөліп беру керек, уақытша алдарқату үшін байлар жерін жонып, мұжық еншісіне қосу керек. Бұл екеуін істеуге қолы бармады. Үкімет пен ақсүйек дастарқандас, жемтіктес, неғып жан жолдасының қабағын шыттырсын! Қолынан келгенше қорғамасын ба? Бұлайша мұжықты тыншайту ақсүйектерге тиімсіз болса, басқа әдіс табу керек. Ең болмаса, төңкеріс қозғалыстарының жүрісін шабандату үшін, орайына келсе, тіпті әлсіретіп, жорыққа шығармас үшін, мұжықты бір нәрсемен көзін уқалап алдарқату керек болды. Өзі көшіп жатқан Сібір мен қазақ даласына көшпе деуді қою керек болды. Мұжықтың көңілін ақсүйек жерінен "бұратаналар" жеріне аударып, мазасыз мұжық арасын сирету керек болды. Міне, осы жерден қазақ даласына мұжықты көшкен бұлттай түнертіп орналастыру мәселесі шығады. Мұндағы мақсат — ақсүйек жерін мұжықтан аман алып қалып, төңкеріс буына түншығып бара жатқанда қазақ даласын леп шығаратын булық қылу. "Майлы қоныс бұратаналар" бұл болмаса күл болсын, үкіметке бәрібір, ақсүйек пен қазына жері амап қалса болады (166).

Т.Шонанұлының бұл жерде Ресейдің өз ішінде қалыптасқан ауыр әлеуметтік ахуалды тап басып айтып отырғаны күмән туғыза қоймас деп ойлаймыз.

Ресейді қоныстандыру саясатына итермелеген себептерді әсіресе М.Шоқай жақсы түсіндіреді. Оның “1917 жыл естеліктерінен үзінділер” деген еңбегінің 10-тарауын оқығанда мұны айқын аңғарамыз. Онда қоныстандыру саясаты қарсаңында жер мәселесіне байланысты Ресейде қалыптасқан жағдай жан-жақты талданған. М.Шоқай былай деп жазған еді:

“1861 жылға дейін орыс село мүжығының жер иеленуге құқы жоқ еді. Шынында ол осыған дейін адамға берілетін ең қарапайым құқтың өзінен мақұрым қалған болатын. 1861 жылға дейін орыс патшалары ірі тұлғаларға немесе мемлекетке қызмет көрсеткен адамдармен өздерінің туыстарына мүжықтарды сыйға тартатын. Алпауыттар қарамағындағы басыбайлы шаруаларына қолындағы малы сияқты қарайтын. Оларды қалауынша сатып, сыйға тартып, тіпті жүйрік тазыға айырбастайтын. Шектен тыс қорлық көрген мүжықтар көтеріліс шығарып, қожайындарын өлтіріп, үйлерін өртеп кететін. Ресей тарихында екі рет болған шаруалар көтерілісі үкіметке қарсы бұқаралық қуатты қозғалысқа айналды. Степан Разин (1667-1671) көтерілісі, екіншісі Емельян Пугачев (1773-1775) көтерілісі деп аталады. Бұл көтерілістер жөнді нәтиже бермеді. Орыс үкіметі “ғасырлар бойы орыс тарихының құдыретті күші болып келген” саясатын жалғастыра берді. Басыбайлы шаруа ұстау бұдан былай патша тағы мен бүкіл мемлекетке қауіп төндіретінін сезіп, 1861 жылғы 3 наурызда Екінші Александр патша мүжықтарды құлдықтан құтқаратын жарлық шығарды. Тарихта патша жарлығы шаруалар қауымына бостандық берді делінгенімен, бұл толық бостандық емес еді. Ойткені шаруаға жер берілмеді. Бостандық жарияланудан шаруалардың егін егетін жерінің бір бөлігі шаруалар қауымдарына сатып алуға берілді. Бұл жер жекелеген қоғам мүшесінің емес, бүкіл қауымның ортақ мүлкі саналатын болды. Сондықтан бұрынғы қожайындардан босанған шаруа енді қауымға байланып қалды. Осы тұрғыдан алғанда қауымнан бөліну ортақ мүлік есептелетін жер үлесін пайдаланудан айырылу деген сөз еді...” (167).

М.Шоқайдың Ресейдегі жер иемденуден жақсы хабардар болғаны оның еңбегінде келтірілген төмендегі мәліметтерден де айқын байқалады: Ресейде “уақыт өткен сайын байлардың жерлері шаруа қауымдарының қолына өте бастады. Үкімет бұған боғет жасамады. Байлардың жерінің шаруа қауымына отуі қаншалықты баяу жүргізілгенін XIX ғасырдың соңғы жылдарындағы мына екі цифр айқын көрсетеді:

Осы тұста 30 мыңға жуық алпауыттардың отбасыларының меншігінде 64 700 000 гектар жер болатын. 10 миллион шаруа отбасы қоғамының қолында 68 600 000 гектар жер бар еді. Осының өзі Ресейде жер мәселесі аса қиын жағдайда болғанын айқын көрсетеді... Осы жағдайда революциялық насихаттың диқандар арасында кейін кең қолдау тапқаны өте заңды құбылыс еді. Орыс патшаларының үкіметі тақтың тірегі саналатын байлардың ғасырлар бойғы “құқын” қорғай отырып, шаруалар бұқарасының өсіп келе жатқан революциялық рухтағы қимылына қарсы күресті. Өршіп бара жатқан қиындықтан құтылудың амалы басқыншылық, яғни шаруаларды бұрын басып алынған орыс жерінен шеткері өлкелерге, Кавказға, Сібірге, әсіресе Түркістанға көшіру деп табылды” (168).

Бұл айтылғандар әрине Ресейдің шығысқа шаруаларды жаппай қоныстандыруының басты себептері еді.

Ресейдегі ауыр жағдайды Т.Шонанұлы да нақты түсіндірген еді: “Қазақ 200 жылға таяу Ресей тегісүріні астында тұрған себепті, қазақ жері түйінінің бір үшы Ресей ішіндегі жер мәселесімен байланысқан. Соның үшін Ресейдегі жер мәселесімен қысқаша болса да таныса кетуіміз жөн. Сонда ғана біз қазақ жері не себепті және қалайша талауға түскенін аңғарамыз. Орыс жерінің қысқаша мән жайымен танысып барып, переселение себебін айтсақ, өңгіме түсінікті болады. Онсыз переселениені ұғыну қиын .

Бұрын мүжық әскер қызметін атқармаған, әскер қызметінде ақсүйектер болады. Қара шекпендер Петр көзінен бері қарай ғана солдат бола бастады. Мүжық ауаланса әскер күшімен қанды судай ағызып, аямай басатын еді. Қожайындарының қамытынан құтылу үшін мүжық түрлі өдіс қылған, иә қашып кеткен, иә өзін-өзін өлтірген немесе қожайынын өлтірген. Әйтпесе жаппай қанаушы топқа қарсы көтерілген. Көтеріліс әсіресе XIX ғасырда көп болған. Тек

Николай I тақта отырған кездің ішінде ғана 556 көтеріліс, яғни жылына 19 көтеріліс болып тұрған. Сол неше жүз жылдар құлдық қамытын киіп, мал орнына жұмсалып келе жатқан мұжықтардың басына 1861 жылы 19 ақпанда азаттық берілді... 1815 жылы Ресейде 45 млн халық бар еді, ол 1858 жылы 74 млн болды. Қанша тұрмыс нашарлығынан өсімталдығы мардымсыз болса да, мұжық саны да өсті. Қоныс тарылды. Қоныс тарылса, шаруа күйзелетінін жоғарыда көрдік. “Азаттық” алдында 25 жыл ұдайынан мұжық өсуі тіпті тоқталды. Шаруашылықтың екінші түрімен айналысу керек болды. Қала берді, басында еркі жоқ, құл халық шаруаны дұрыс істемеді. Құл мұжықтан да жалдама жұмысшының жұмысы берекетті болды. Мұны ақсүйектер аңғарды. XIX ғасырдың 20 жылдары Ресейде фабрика, зауыттар көбейе бастады. Буржуа табы майданға шықты, капитализм аяқтана бастайды, индустрия ілгерілейді... Алпауыттан басқа буржуазия жүлде ала бастайды. Алпауыттардың фабрика-зауыттары басында еркі бар жалдама-жұмысшылармен жүргізілетін зауыттармен теңесе алмай, 40 жылдары жаппай жабыла бастайды... Сонда 19 ақпан “азаттығынан” мұжықтың тапқаны мынау болды: мұжыққа бостандық берілген жоқ. Мұжықты жерден айырды. Мұжық баяғы алпауытқа баяғыша май кемік болып қала берді... “Азаттық” алып, мәз болып қуанар деген мұжық, сол бостандық шығарылған жылы, 1100 жерде үкімет, ақсүйектерге қарсы көтеріліс ашты... қазақ даласына мұжықтарды көшіру саясаты мұжықтың жерге тарығып, қонысынан қысылғандығынан туған. Мұжықтың жерге таршылық көруі Ресейде жер иелену тәртібінен шыққан” (169).

Орыс мұжығының өз қожаларына деген наразылығы қоныстандыру қарсаңында шынында да айқын байқалған еді.

Т.Шонанұлы атты казактардың қазақ жеріне қоныс аударуының экономикалық және саяси себептері де болғанын айқындап көрсете білді. Ол осыған байланысты былай деп жазды:

“Үкіметтің қазақ жерін атты казактар пайдасына телімге салуының зор шаруашылық, еуропаша ғылым тілімен айтқанда, экономикалық себептері болды... Қазақ жерін талаудың түп себебі шаруашылықтан шықса да әлгі

баяндауымыз бойынша, бұл түп себептен саяси себептер һәм мақсаттар да шығып, тұрмысқа уытын жайды. Сонымен қазақ жерінің алғаш талануының шаруашылық һәм саяси себептері болды. “Саяси себеп” деген сыпайы сөзді дұрысырақ айтсақ мұны полицейский мақсаттар дейміз дәп, неге десеңіз, Ресейдің ішкі саясатында полицейский мақсаттардың дәурен сүрмеген кезін тарих білмейді” (170).

Патша өкіметінің алға қойған мақсаты да қоныстандыру саясатын жандандыруға қызмет етті. Осы орайда М.Тынышбаевтың көзқарасы назар аударуға тұрарлық. Ол былай деген еді: “...үкімет мынаған ұмтылды: біріншіден, жабайы және тағылық қуғын-сүргіндермен, сондай-ақ тілді, дәстүрді, дінді және өзіндік тұрмысты қуғындау жолымен қырғыздарды (қазақтарды — Ш.О.) дербес ұлт ретінде мүлде жойып жіберу және бүкіл өлкені орыстандыру; екіншіден, әр түрлі әкімшілік шаралармен, жарлықтармен және ережелермен қырғыздарды құқы жоқ, заңнан тыс бұқараға айналдыру; үшіншіден, олардың өздерінің қанымен суарылған және олардың сүйектері шашылған өздерінің жерінен оларды айыру және ажал құшағына, тақыр және құнарсыз жерлерге айдап жіберді... (171).

Мұнда біздің ойымызша тарихтың ащы шындығы қамтылған. Қазақ ұлттық интеллигенциясының еңбектері патша үкіметінің қазақ жерін жаулау мақсатын әр түрлі күйтырқы сулық-сүмдықтармен жүзеге асырғанын дәлелдей түседі. С.Асфендияровтың бұл мәселе төңірегінде төмендегідей пікір айтқаны белгілі: “... Қазақтардан жерді алып қою қажеттігі егіншілікке пайдалануға жарамды, бірақ пайдаланылмай жатқан саны аса көп жер қорының болуымен негізделді. Мұнан басқа белгілі отарлаушы Хворостянский мынандай дәлел келтірді: “Қазіргі иемденіп отырған жерлерінің көпшілік бөлігіне қырғыздар (қазақтар — Ш.О.) кейіннен келушілер болып табылады. Олар бұл жерлерге басқа көшпенділерді, ал кейінірек көп жағдайда орыс өкіметінің немкетті рұқсатымен сондай-ақ, өздерінің әлсіз руластарын ығыстырып орналасты”. Олар (яғни қырғыздар) жерді бастықтың шешімімен алғандықтан, сондықтан да бастықтар өздері қажет деп тапқан жағдайда оны қайта алып қоюға құқықты. Жерді алып қою қоныстанушыларға беру бағытымен де, сондай-ақ қазыналық-бүркеме бөлімдер,

қазыналық ормандар, қазынаның жеке иеліктерін және т.с.с. құру жолымен мемлекеттік кіріс көздерін жасау мақсатымен де жүргізілді. Қазақтардан жерді алып қоюға үстірт негіз Далалық және Түркістандық ережелердегі осы өлкелерді басқару туралы тиімді баптар болды. Дала ережесінің 119 және 120-баптары қазақтардың барлық жерлерін мемлекет меншігі деп жариялады. Түркістандық ереженің 270-бабында былай делінді:

“Көшпелілер иемденетін мемлекеттік жерлер осы ереженің дәстүрі және тәртібі негізінде көшпелілердің мерзімсіз пайдалануларына беріледі.

Ескертпе. Көшпелілер үшін артық болып қалатын жерлер жерге орналастыру және егіншілік бас басқармасының қарауына түседі” (172).

С.Асфендияровтың бұл қорытындылары патша үкіметінің қазақ жерін тартып алу себептерін ғана емес, сонымен бірге осы саясаттың көпе-көрнеу отаршылдық мәнін де барынша әшкерелеп береді.

Осы көзқарасты Қ.Кемеңгерұлы да білдірген еді. Ол жоғарыда айтылған 1891 жылы қабылданған Дала ережесіне дейінгі жағдайға қысқаша шолу жасай келе былай деген еді: “...Патша хукіметі 1891 жылға шейін қазақ жеріне келімсектердің орнауына қарсы болды. Ондағы қарсылығы қазақты қадірлегендіктен емес, болмаса аяғандықтан емес, “ішкі Ресейдегі алпауыттардың жұмыскер күші азайып, адыра қалады” дегеннен.

Соңғы кезде хукіметтің құшағын ашып, келімсектерге жәрдем көрсетіп, неше жылдай алым-шығыннан азат қылып, қазақ жеріне шегірткедей қапталуының мәнісі: 1) ішкі Ресейдегі қара шекпендердің, байлардың жеріне ауыз сала бастауынан; 2) мал баққан орыс байлары Сібірге келіп орныға бастаған соң, бұларға жұмыскер керек болды. Байдың тілін далада қалдырмайтын хукіметтің, байлардың жұмыскері дегенінен; 3) Шоқындыру мақсұтынан; 4) Келімсек пен қазақты жауластырып, саясатқа қаратпайық дегенінен; 5) Бәрінен де күшті пікір: қазақты жауынгерліктен бездіріп, айдауына жүретін, ұрғанына көнетін халық қылу мақсұтынан” (173).

Біздің ойымызша, Қ.Кемеңгерұлы патша өкіметінің отаршылдық пиғылын неғұрлым кең мағынада талдап, оның

әсіресе қазаққа қарсы бағытталғанын батыл атап көрсете білген. Бұл пікірлерге сондықтанда бүгінгі қазақстандық тарих ғылымы да қолдау көрсетіп отыр. Мұны тарихшы М.Қойгелдиевтің мына пікірі айқын аңғартады: “1891 жылы Ереже өз күшіне енгеннен кейінгі уақытта қазақ жерлерін пәрменді түрде отарлауға мүдделі күштердің үлкен ждидіхатпен қолға алған ісі қазақ шаруасына қажет жер көлемін анықтап, одан “артылған” жерден “қоныс аудару қорын” жасауға кірісу болды” (174).

Қазақ ұлттық интеллигенциясы өздерінің еңбектерінде патша өкіметінің орыстарды қазақ жеріне қоныстандыру саясатының себептерін және мақсатын өшкерелеумен шектелмей, осы саясатты тарихи тұрғыдан зерттеуге де үлкен көңіл бөлді. Олардың ішінде әсіресе бұл мәселені жүйелі баяндауға Телжан Шонанұлы мен Санжар Асфендияров баса назар аударды. Бұл кісілер мәселенің тарихын нақты кезеңдерге бөлуден бастау керектігін дұрыс аңғарды.

Т.Шонанұлы патша өкіметінің қазақ жерін отарлауының екі түрлі болғанын бөліп көрсете келе: “бірі – орыс жұртының өз бетінше, ешкімнен сұрамай отарлауы (вольная колонизация), екіншісі – ресми отарлауы (правительственная колонизация)” еді деп нақтылайды (175).

Алғашқысын, яғни ешкімнен рұқсат сұрамай-ақ қазақ жерін отарлаудың “қазақ орыс қол астына қараған кезден-ақ басталғанын атап көрсеткен Т.Шонанұлы бұл отарлаушылардың кімдер екендігіне де назар аударды. Оның түсіндіруінше олар “орыс ішінде түрлі саяси, діни һәм шаруашылық жағынан қорлық, зорлық, қысымшылық, кемшілік көргендер”, бір сөзбен айтқанда “қазақтың аңқаулығына сүйеніп, жерінің байлығынан пайдаланғысы келген саудагерлер, талапкерлер” (176).

Ал екінші бағыт, яғни ресми отарлауды Т.Шонанұлы “үкіметтің рұқсатымен үкімет көрсеткен жерді меншіктен отарлау”, - деп атайды. Оның пікірінше “қазақ жерін көп талаған, қазақ шаруасына көп кесірі тиген – ресми отарлау” (177).

Т.Шонанұлының қазақ ұлттық интеллигенциясы арасынан алғаш рет өзінің “Қазақ жер мәселесінің тарихы” атты еңбегінде патша өкіметінің қазақ жерін отарлау, онда орыс шаруаларын қоныстандыру саясатын кезеңдерге бөліп

зерттеу мәселесіне баса назар аударды. Онда ол былай дейді: “қазақ орыстың қол астына 1732 жылдан бері қарай кіре бастаған. Сол жылдардан бастап-ақ патшашыл үкімет қазақ жеріне жерік ауруға ұшырап қол сала бастаған. Қазақ жерін отарға айналдыру, қазақ даласын талау тарихын екі дәуірге бөлуге тура келеді: 1) Орысқа бағынғаннан бастап ХІХ ғасырдың 80-жылдарының басына дейін. Бұл атты казактардың пайдасына, әскерлік кісілердің пайдасына деп жер алу дәуірі. 2) 80-жылдардың аяғынан, 90-жылдардан бастап бері қарай Николай құлағанға шейін қара шекпенділер үшін жер алу дәуірі” (178). Т.Шонанұлының мұндай пікірі көп уақыт тарихнама ғылымы үшін жабық болып кеткендіктен оған шынайы баға беру енді ғана, тәуелсіз Қазақстан жағдайында мүмкін болып отырғаны құпия емес. Алғашқылардың бірі болып бүгінгі Қазақстан тарихнамасында аграрлық қатынастар тарихнамасынан докторлық диссертация қорғаған О.Мұхатова Т.Шонанұлының кезеңдерге бөлу туралы көзқарасына төмендегідей сипаттама берді: “Бұл жерде ғалымның (Т.Шонанұлының - *Ш.О.*) көрсеткен кезеңдері қоныстандырудан гөрі отарлау тарихына сай келетіндігін байқау қиын емес... Шын мәнінде екінші кезеңін бірнеше топтарға бөлуге болар еді” (179).

Патша үкіметінің қоныстандыру саясатын кезеңдерге бөлуге неғұрлым тиянақты қараған С.Ж.Асфендияров болды. Ол мұны үш кезеңге бөлді: алғашқы кезеңге әскери отарлауы және үшіншіден 1905 жылдан соңғы кезеңді бөліп көрсетті (180). С.Асфендияровтың жұмысына тән ерекшелік — оның осы кезеңдердің әрқайсысына сипаттама беріп, оларды нақты деректер негізінде жан-жақты зерттеуі дер едік. Ол әсіресе қазақ жерін әскери отарлау ерекшеліктерін нақты талдады және мұның өзінің ХІХ ғасырдың орта шеніне дейін созылғанын, яғни қазақ жерін түгелдей жаулап біткенге дейін созылғанын дәлелдеді (181).

Қазіргі қазақстандық тарихнама ғылымы С.Асфендияровтың мұндай кезеңдерге бөлу жөніндегі пікірлеріне түсіністікпен қарайды, оның “өз ой-пікірлерін патшалық Ресейдегі ірі саяси-экономикалық проблемалармен тығыз байланыста көрсететінін” жоғары бағалайды. Тарихнамашы О.Мұхатова осы мәселеге байланысты өзінің пікірін “автордың (С.Асфендияровтың - *Ш.О.*) көрсеткен, әсіресе, екінші,

үшінші кезеңдері қоныстандыру саясаты тарихының түбегейлі мәселелерін ашуға көмектесетініне” назар аударады (182).

Алайда кеңестік кезеңде қазақстандық тарихшылар С.Асфендияровтың кезеңдерге бөлу туралы ұстанымына балама пікірлер айтты. Жоғарыда атап кеткеніміздей осы орайда П.Г.Галузоның, Ә.Түрсынбаевтың, Б.Сүлейменовтың өзіндік көзқарастары бар. Алайда бұл пікірлерді талдау біздің зерттеу тақырыбымыздан ауытқуға алып келеді. Бұл бір. Екіншіден, жоғарыда аталған жас ғылым докторы О.Мұхатова өзінің зерттеуінде аталған қазақстандық тарихшылар көзқарастарын салыстыра талдап шықты (183). Біздің оны қайталап жатқанымыз жөн бола қоймас. Дегенмен де бір мәселені айта кеткен дұрыс тәрізді: осы мәселені жан-жақты арнайы қарастырған О.Мұхатова патша өкіметінің қоныстандыру саясатын кезеңдерге бөлу мәселесіне байланысты С.Асфендияровтың және т.б. көзқарастарын талдай келе төмендегідей пікір білдірді: “жоғарыда аталған ғалым-тарихшылардың қоныстандыру саясатына байланысты еңбектерін бағалап, алайда көрсеткен кезеңдерімен келісе алмайтындығымызды айта келіп, Қазақстан тарихындағы патшалық Ресейдің қазақ жерлеріне орыстардың қоныс аударуын 3 кезеңге бөліп, оны төмендегідей көрсетуге болады деп есептейміз. 1-кезең - 1861-1890 жылдар - Ресей шаруалары еркін түрде қазақ даласына көшіп келе бастады. 2-кезең - 1891-1905 жылдар - қоныстандырудың “заңды” түрде жүруі. 3-кезең - 1906-1917 жылдар - қоныстандырудың бұрын-сонды болмаған деңгейде күшеюі” /184/. Қазіргі Қазақстан тарихнамасы тұрғысынан қарағанда мұндай көзқарасты мақұлдауға толық болар еді. Оның үстіне мұндай жаңа пікірлердің Т.Шонанұлының да С.Асфендияровтың да көзқарастарын теріске шығара қоймайтынын ескергеніміз жөн. Тарихнама ғылымының дамуына байланысты қазақ зиялылары бастауында тұрған патша өкіметінің қоныстандыру саясатын кезеңдерге бөлу мәселесінің нақтылана, жан-жақты талдана түсуі заңды деп ойлаймыз.

Дегенмен де қазақ зиялылары көзқарастарын талдағанда мынаны да ұмытуға болмайды: ұлттық мүдде бұл кісілердің еңбектерінде барынша қорғалады.

Атты казактардың кімдер екендігі туралы бірден-бір тәптіштеп жазған және оларды патша өкіметінің казак

даласында қалай пайдаланғанына баса назар аударған Т.Шонанұлы екендігін де айта кеткен жөн. Осы орайда оның мынандай пікірі назар аударарлықтай: "...үкімет ол кезде әуелі қылмысты болып, жазаға бұйырылып, Ресейге зияннан басқа пайда тигізбейді деп түсінген шіріген жұмыртқаға есептелген адамдарды қазақ даласына орнықтыруға ұмтылды. Олім жазасына кесілген және саяси олімге арналғандарды жіберді. Екінші, тіпті салық төлемей шаруашылық күші үзіліп, Ресейге пайда келтіруден қалған мүжықтарды көшірді. Бұларды атты казак қылып жазды. Үшінші, бұрыннан басы бос, жауынгер атты казактарды орналастырды, жауынгерлігінің үстіне казак-орыс бұрыннан қазақпен соғысып үйренген һәм Арқаның даласын да жақсы біледі. Қазаққа шоқпар қылуға үкіметте атты казактан артық құрал жоқ. Қазақ жерін шегінен атты казакқа үкімет тартып алып бере берген, атты казак қазаққа өте-мөте қарсы болмақ. Қазақ ішіне кіре беруге ынтық болмақ. Қазақ даласына ең алғаш әкім болып келген Кириллов айтқан: "атты казактар пайдалы іске жарарлық адамдар, олар бұл жерлердің тігісіне дейін біледі" деп, соның үшін атты казактарды орналастырып, қазақ жерін талау керек болған. Қысқасы, үкімет ХІХ ғасырдың 90-жылдарының басынан бері қарай қазақ жерін атты казак үшін һәм "мұнда жіберілген, түрлі содырлар, некесіз туғандар, ауыр жаман қылмыстылар, басына бостандық беріліп қуып жіберілген құлдар, әйтеуір соғыс қызметіне жарамсыз һәм салық төлей алмағандар үшін қазақ жерінен қоныс берген" (185).

Т.Шонанұлы осылайша атты казактардың әлеуметтік тұрғыдан әбден азғындаған, жүгенсіз тобырлар екендіктерін өшкерелеп ғана қоймай, сонымен бірге олардың қазақ жеріне біртіндеп қалай енгендерін, қандай құнарлы аймақтарды иемденгендерін нақты көрсете алды. Осыған байланысты ол төмендегідей толықтырулар келтірді: "Казак-орыс Жайық пен Ертістің оң жағында болып, бұрын сол бетіне өтпейтін. Сол бет қашаннан қазақтікі болатын. Бері келе Түркістанға аяқ басқанда Орынбор жағынан Жем, Елек, Сырдарияны қуалай бірте-бірте қамал тұрғызып, Сырдария шебін тартып, Сібір жағынан Кокпекті, Аягоз, Қапал арқылы шеп тартып, әскери адамдар, саудагерлер һәм Ресейге керексіз түрлі адамдар орнығып, жер кесіп ала берді. Түркістанды үлгеріп алудан

бұрын, бұрынғы шептерді бойлай қамал салғанына місе тұтпай, үкімет қазақ ортасына қарай да шеп тарғып, қамал тұрғызып, жер кесіп алады. Ырғыз (бұрынғы Уралық қамалы) 1845 жылы, ХІХ ғасырдың 20-жылдары басында – Көкшетау, Қарқаралы, 1830 жылы Ақмола һәм 1846 жылы Атбасар қорғандары салынады. Бұларға да жер кесіп алынады. Бұл қамалдар тұрғындарына қазақтан жер кесіп алғаны қазаққа пайда келтіру үшін алған болады-мыс” (186).

Т.Шонанұлы патша өкіметінің өзі жүргізген осы отарлау саясатын қалай бұрмалап түсіндіргенін, мұны өзара жауласқан, “мазасыз жабайылар”, яғни жергілікті қазақтар арасында “тыныштық орнату” момындарды күштілерден қорғау, яғни күштеп келгенде қазақ халқының мүдесін қорғау деп түсіндірмек болғанын атап көрсетеді. “Қазақ жерінің шұрайлысы, - деп ашына жазады ол, - ең асылы, ең ардақтысы – Жайық, Тобыл, Ертіс, Есіл өзендерінің көк майсалы жағалары жат жұрттың табанында қалды. Атты казактарға алынған да осы жерлер, ...Жетісуда жердің тәуірлері жоғарыда көрсеткен өзендердің бойында болды” (187).

Атты казактардың қазақ жерін иемденудегі мұндай озбырлығын дәлме-дәл көрсеткен, ашы шындықты осылайша бұлтасыз қаз қалпында жазған зерттеушілер Қазақстан тарихында күні бүгінге дейін көп емес.

Т.Шонанұлының еңбегіндегі аса құнды тұстардың бірі - қазақ жерін жаулаушы атты казактардың әскер бөлімдерінің құрылуы туралы мәліметтер. Ол Орал атты казактарының штатының 1755 жылы бекітілгенін және олардың осы кезде осындай атау алғаны, ал енді Орынбор атты казактарының Сібірдегі аталғанын, сондай-ақ Жетісу атты казактарының осы Сібір атты казагының 9 және 10 полктарынан құралғанын және Жетісу атауын 1867 жылы алғандарын атап көрсетеді. Автор осы казактардың бәрінс “ең жақсы жерлерден 150 жыл ішінде 10 мың десятинадан артық казактан жер кеткенін” жазған еді (188).

Атты казактарды отарлау ісінде пайдалануға байланысты патша үкіметінің саясатын әшкерелеген С.Асфендияров Сібір казак әскерлерін басқару туралы соңғы Ереженің 1880 жылы бекітілгенін, әскердің үш әскери бөлімдерге, ал бөлімдердің поселоктарға (станицаларға) бөлінгендерін айтады. Поселок-

тар мен станицалар халқы атамандар басқаруды құрады. Казактар бөлімі басында бекітілген бөлім атаманы тұрды, ол тағайындалған атаманға немесе далалық генерал-губернаторға бағынышты болды. С.Асфендияров дәл осындай принциппен Орал және Жетісу казак әскерлері басқармаларының да құрылғанын атап көрсетеді. Оның еңбегіндегі бір ерекшелік - қоныстанушылар басқармасының жүйесін де тәптіштеп түсіндіруі еді. Мұнда село старосталарының және болыстық басқармалары басында старшина тұрды. Ол учаскелік приставка, уезд бастығына және губернаторға бағынды. Қоныстанушылар аса көп болған Қазақстанның солтүстік және батыс бөліктерінде шаруалар бастықтары қызметі бекітілді (189).

Оның пікірінше орыс мемлекетінің кеңейе түсуіне байланысты, орыстың ақсүйек-помещиктері мен көпестері тарапынан қанау аймағының кеңейе түсуі бір кездері Дон, Төменгі Еділ, Жайық далаларына басыбайлы қанаудан қашып кеткен ерікті казактар біртіндеп бағындырылды. “Помещик, - деп жазды С.Асфендияров, - қашқындарды қуып жеткендей болды. Казачество казак әскерлеріне айналдырылды және Қазақстан мен Орта Азияны Ресейдің жаулау тірегіне айналды” (190).

Қазақстан территориясында үш казак әскерлерінің қалай құрылғанын егжей-тегжейімен жазған С.Асфендияров олардың қарауындағы жер иеліктерін де нақты көрсетті. Олар жалпы алғанда төмендегідей: негізінен қазақтардан тартып алынған Сібір казак әскерлерінің жері 5 миллион десятинаға жеткен. Әр орыс мұжығына шамамен 25 дес. қолайлы жерлерден - 3 млн. десятин, офицерлер мен чиновниктерге - 0,5 млн. дес. Және артық қордан 1,5 млн. дес. Жерлер станицалар мен поселоктар бойынша жеке отбасыларына бөлінді. Орал казактары алған жерлер де жоғарыдағыдай үш категория бойынша бөлініп, оларға 6 млн. десятин жер берілді. Ал Жетісу казак әскерлеріне халықтың ерлер бөлігіне берілген қолайлы жерлер 30 десятинге жетіп жатты. Бұлардың жерлерінің жоғарыда аталған басқа екі казак әскерлеріне қарағанда аздау болу себебі әскер санының аздығынан еді. Атап айтқанда бұл жетіспеушілік 610484 десятинді құрады. Осылайша әскери колонизация қарауына алынған жерлер 11610484 дес. тең болды. Аталған үш казак әскерлерінің

станицалары мен поселоктары сандары мынандай еді: Сібірліктер – 208, Оралдықтар – 166 және жетісулықтар – 30, барлығы – 404 еді.

С.Асфендияров казак әскерлерінің қалай құрылғанын, оның пайда болу тарихын да өз еңбегінде нақтырақ әңгімелейді. Ол казак станицаларының стратегиялық елді мекендерге әскери линиялар түрінде салынғандарын (Горькая, Пресногорьская, Ишимская, Иртышская және т.б.) атап көрсете келіп, ал мұның өзі қазақтардың қалыптасқан дәстүрлі жер иелену жүйесін бүлдіргенін, олардың енді жайылымдарды маусымдық пайдалану тәртібінен бас тартуға мәжбүр болғандары, нәтижесінде жер қатынастарының шатаса және күрделене түскенін ашып айтады.

С.Асфендияров сонымен қатар мәселенің екінші жағына - казачествоның ерекше артықшылық жағдайға қойылуы нәтижесінде оның көп жағдайда қазақ ауылдарын тікелей тонаумен айналысқанына нақты назар аударды. Алайда, автор көзқарасындағы бір ерекшелік - қоныстандыру саясатындағы казачествоның ролін айтарлықтай төмендетіп көрсету дер едік. Сөзбе-сөз келтірер болсақ ол былай деген еді: “жалпы алғанда өлкені әскери жаулау қоныстандыру саясатында айтарлықтай үлкен рөл атқарған жоқ және оның нәтижелерін қоныстанушы шаруалар толқыны жауып кетті; қалай десекте ол ұзақ уақыт казактар отарлауы, патша өкіметі саясатының негізі болған Солтүстік Кавказдағыдай рөлді мұнда атқара алған жоқ” (191).

С.Асфендияров өзінің мұндай көзқарасын Сібір генерал-губернаторы Казнаковтың 1875 жылы патшаға жазған есебінен алынған деректер негізінде дәлелдеп шыққан.

Осыған ұқсас, алайда жан-жақты зерттелген көзқарасты Т.Шонанұлы да айтқан еді. Оның еңбегінде мынадай жолдар бар: “...Сауда капиталы Азияға қарай аранын аша ұмтылған соң, оны қорғау, оның таяғын соғуға, оның мерсейін тұрғын елден артық қылуға қазақ жерінде қамал тұрғызып, әскерлік адамдар пайдасына қазақтан жер талау үкіметінің ұстанған жолы болды. Сондықтан қазақтан әуелгі жер талауларын әскери колонизация деу деп келер” (192).

Бұл мәселені жан-жақты зерттеген Т.Шонанұлы осы қазақ жеріндегі “әскери колонизацияның” шын мәнінде атты казактардың емес, Ресейдегі “саудагер байлардың” пайдасы,

мүдесі үшін жүргізілгеніне назар аударады. Осы мәселеге байланысты оның төмендегі пікірі назар аударуға тұрарлық.

Саудашыл капитал – капитализмнің алғашқы дәуірінде туады. Саудашыл капитализм алғаш кезде өзі тіпті зат өндірмейді, тек біреу істеген нәрселерді ғана алып сатып пайда қылады, бері келе ғана өндіріске араласа бастайды. Өзі зат өндіруге мол қатысы бар капиталды – кәсіпшіл капитал дейді... Орынбордың бастапқы әкімі Кирилловқа берген нұсқауының 11, 12, 15-тармақтарында қатын патша Анна: “Қазақ жерінен алтын-күміс табуға тырысу керек. Соның үшін ең әуелі керуендерден қалдырмай инженерлер жіберілсін. Табылған алтынды законға сыйғызып алам деп әуреленбей, саудагер ретімен пайдаланыңдар”, - дейді. Мұның мәнісі - қазақ даласының асты-үстіндегі байлықтың рақатын, қызығын орыстың саудашыл капиталы көрсін деген сөз... Қазақ даласынан Ресейге алтын, күміс кіріп тұрған, бірақ шықпаған. Бұл арыстанға түлкінің: інге кірген із бар да, шыққан із жоқ дегенін еске түсіреді... Орыс үкіметі қашанда дұрыстық жолды білмейтін, соның үшін қол астындағы елдерді бірімен-бірін жауластырып отыратын... Үкімет сол кезде қазақ жерін атты казактарға алып берсе, бұл екеуі араздаспақ, тістестпек. Керек мезгілінде атты казак қазақтарға қарсы үкіметтің қамшысын соқпақ, қала берді саудашыл капиталдың жолында кедергілер тұрса, оны сол казак-орыстар жоймақ, орыс капиталының қолындағы жансыз таяқ болмақ. Сонымен, қазақ жерін казак-орысқа алып берсе, үкіметтің әрі екі елді араздастыру, әрі сауда капиталының таяғын соғушы тауып, екі қоянды бір сілтеп ұрып алғаны есебінде болады”... (193).

Қазақ жеріне орыс мұжығының қалай қоныстанғанын да қазақ зиялылары жан-жақты түсіндірген еді. Осыған байланысты С.Асфендияровтың тұжырымы назар аударарлықтай: “...бұл шаралар Көкшетау және Атбасар уездері (1879-1884 жж.) аудандарында Батыс Сібірге қоныстандыру барысында қолға алынды. Бірақ өлкені отарлау әлі де үлкен табыстарға ие бола қойған жоқ. “Босатылған” шаруаларды помещик жіберуге құлықты бола қоймады, арзан жұмыс қолына сұраныс ішкі Ресейде әлі де жоғары еді. Үкімет ол кезде өлкені қоныстандыру үшін жауып тастап, батыс Сібірге орналастыруға ықыласты еді. Солай бола тұрса да Сібірдің

қатал жағдайына үйренбеген Ресейдің оңтүстігінен және Украинадан қоныстанушылар өз беттерінше таныс далаларға, оңтүстікке ағылумен болды. “Есілге деген” ұмтылыс өсе түсті” (194).

Мұжықтың қазақ жерін отарлауға қатысуы туралы Т.Шонанұлы былай дейді: “... XIX ғасырдың аяғына XX ғасырдың басына дейін созылып келген заң мен құқық жүзіндегі қазақ пен атты казактың жер таласы, айтысы, жанжалы, бұрынғы отарлаудың сонбей қалған ұшқыны еді. Осы әскери отарлау толастай берген кезде патша өкіметінің мұжыққа қазақтың жерін талату саясаты (переселение) майданға шыға келеді. Қазақ даласында переселен мәселесі откен ғасырдың 80-жылдары аяғында, 90-жылдардың басында кенеттен көтеріледі. Осы 90-жылдар басынан бері қарай ішкі қара шекпенді көшкен бүлттай түнертіп, қазақ жеріне үкімет аудара бастайды. Шын талау енді басталып, бұрынғылар ойыншық болып қалады. “Қара орысты коргенде, сары орысты әкем дерсің” деген мақал осы мезгілде туса керек. Неге десеніз, казак-орыстан горі, оңтүстік жылы губерниялардағы мұжықтардың түсі қаралтым, қоңырқай. Алғашқы кезде де, соңынан да мұжық пен қазақ арасы “ит пен мысықтан да” жаман болғаны және белгілі. 90-жылдардан бері қарай қазақ жері талану тарихының 2-дәуірі туады. Переселение деген пәле шығады”... (195).

Қазақ жеріне орыс мұжығының қоныстану ерекшелігін Ә.Бөкейханов төмендегідей түсіндірген еді: “...Қоныстандыру үздіксіз және белгілі бір дәрежеде ұтымды жүргізілді. Әдетте Ақмола облысына қоныстанғылары келетіндер мұнда шолғыншылар (ходоктар – Ш.О.) жіберді. Олар қолайлы жерлерді қарастырды, қырғыздардан (қазақтардан – Ш.О.) аз ғана жерді (жартылай немесе аз ғана төлеммен) жалға алды, жерді жыртты және егін екті, сөйтіп, топырақтың және жердің сапалығына (дәлірек айтқанда мүлде қол тимеген, тың екендігіне көз жеткізген соң) қарай бұл жерді заңды құжаттармен белгілі бір мерзімге шартқа отырғызды. Жаңа қоныстанушылар өздерінің жерлерінің жоғары сапалығына көздері жеткен соң, өздеріне жерлестерін шақыра немесе кезбе орыс қоныстанушыларын қабылдай бастады. Осылайша қырғыз даласының ортасында деревняның барлық

жабдықтарын иемденген бірнеше ондаған үйден тұратын орыс поселоктары пайда болды” (196).

Ә.Бөкейханов мұндай жағдайға патша өкіметінің назар аударма бастағанын және бұл істі тәртіпке келтіру мақсатымен орыстардың елді мекендерін негізінен почта және сауда жолдары бойына орналастыруды қолға алғанын, нәтижесінде Батыс Сібірдің бас басқармасы жанынан даланы отарлау тәртібі туралы ережені жасайтын ерекше комиссия құрылғанын атап көрсетеді.

Ол осыдан соң-ақ қоныстандыру учаскелерін құру ісінің қолға алынғанына және бұл жерлерде қоныстанушы орыстарға ерекше жеңілдіктер берілгеніне назар аударады.

Ә.Бөкейханов еңбегінің бір ерекшелігі оның мәселеге бір жақты қарамай, қазақ жеріне қоныстанушылардың бастан кешкен ауыртпалықтарын да ашып көрсете білуінде дер едік. Мұның өзі бізді тарихи шындықты айқындай түсуге жақындата түседі. Бұл туралы ол былай деп жазған еді: “...осындай артықшылықтарға қарамастан жаңа қоныстанушылар бірталай ауыр сындарды бастан өткізді. Қоныстанушылар иемденген көптеген жерлерде топырақ өте сапасыз болып шықты және ештеңе шықпады, ормандар мен шабындықтар барлық жерде жеткілікті көлемде оталды, кейбір жерлер ауыз судан қағылды. Жаңа қоныстанушылар жергілікті климат жағдайларымен таныс болмаудан да көп соққы жеді: оларда астық бірде құрғақшылықтан күйіп кетсе, бірде суықтан үсіп кетті, ақырында дала бөлекеті шегіртке жойып жіберіп отырды. Сорлаудың соңы жаңа қоныстанушылардың қатарынан үш жыл бойы астықтың шықпай қалуын бастан кешу болды және төзімдері мүлде таусылған олар тұтас жанұяларымен көрші уездердің кен орындары мен зауыттарына жұмыс іздеп кете бастады. Сонымен қатар қоныстанушылар егін алқабына тұқым ғана емес, сонымен бірге азық-түлік көмегін де жыл сайын сұрап отініш жасаумен болды (197).

Қазақ ұлттық интеллигенциясының назарын аударған тағы бір мәселе – Сібір темір жолының келімсектер қатарын артырудағы рөлі еді. Бұған байланысты С.Асфендияров мынандай нақты пікір айтқан еді: “Повольжедегі 1891 жылғы аштық, онан соң Сібір теміржолы магистралын салу Батыс Сібірге және Солтүстік Қазақстанға қоныстану қозғалысын

аса күшейтіп жіберді. Бұл Қостанай, Петропавловск, Ақмола, Омбы, Атбасар уездерін ғана емес, Семей облысын да қамтыды” (198).

Ә.Бөксейханов Сібір теміржолы комитетінің осы теміржолға жақын 100 шақырымдай аймақтың қоныстанушыларға бөлінгенін оларды орналастыру енді бұрынғыдай олар алдын ала тәртіпсіз орналасып алған жерлерді беру түрінде емес, едәуір тәртіптелген жүйемен жүзеге асырыла бастағанын атап көрсетеді.

Сонымен бірге ол Сібір теміржолымен қоныстанушыларды тасудың алғашқы кезде қолайсыз жағдайда жүргізілгенін, ондаған мың қоныстанушылардың жаз айларында тіптен қолайсыз ауа райы жағдайында ашық аспан астында, баспанасыз, дәрігерлік жәрдем алмай, азық-түлік көмегінсіз өмір сүргендігін атап көрсетеді. Біртіндеп бұл кемшіліктер жойылып, “қоныстанушылар” пункттері — аурухана барактары ашылып, жер бөлетін партиялар мен қоныстанушылар үшін бөлінетін жерлердің табиғи-тарихи жағдайларын зерттейтін ерекше экспедициялардың ұйымдастырыла бастағанын айтады (199).

Т.Шонанұлының пікірінше, жер бөлетін “уақытша партиялар” темір жолдан 100 шақырым қашықтықты кесу туралы тәртіпті сылтауратып, “Омбы, Қызылжарды ғана емес, теміржолдың езуіндегі шаруаның пайдалануынан тысқары қазынаның тіке қарауындағы жер қалғанын місе тұтпай, біраздан соң басқа уезд, басқа облыстарға да соны істеді”. Өзінің ойын нақты дәлелдермен Т.Шонанұлы төмендегідей қорытады: “Темір жолдан 500-1300 шақырым жердегі Ақтөбеде, Қостанайда жер кесіп жүрген партиялар Сібір теміржолы езуінен жер кесіп жүргенге есептеледі. Сібір темір жолы мен уақытша партиялардан алғаш қазақтың өртен жарылқасыны, міне, осындай. Бұл жұмысқа “қазақты тал түсте тонау” дегеннен сыпайы сөз табуға болмайды. Сібір темір жолының комитеті мен оның жанындағы комиссия қазақтан жер кесу ісіне мұрындық көшбасшы болды” (200).

Қазақ интеллигенциясының назары патша өкіметінің қоныстандыру саясатының барысында қанша қазақ жерінің жатжұрттықтарға кеткеніне ауды. Осы орайда Т.Шонанұлы келтірген мәліметтер мәселенің байыбына баруға көмектеседі. Ол нақты деректерді талдай келе XIX ғасырдың 80-

жылдарынан бері қарай патша өкіметі “өз қолымен қазақтан, дөңгелек есеппен 18 миллион десятина жер кесіп” алғандығын, ал сонымен бірге қосымша мақсаттарға кеткен жерлерді қосқанда 20 миллионнан астам жер кесіп алынғанын, бұларға қосымша атты казактар қарауында 10 миллион десятинадан астам жерлер қалғанын, сонымен жалпы алғанда “Қазақстан бас-аяғы 30 миллион десятинадан артық жер отарланғанын” атап көрсетеді.

Т.Шонанұлы бұл жердің көлемін салыстырмалы түрде былай шамалайды: “бұл Ақмола, Семей губернияларымен Қостанай, Ақтөбе барлығының жерінің шамасындай” (201).

М.Шоқай өзінің “1917 жыл естеліктерінен үзінділер” атты еңбегінде (еңбек 1937 жылы Париж-Берлинде жекс кітапша болып шықты) қазақ жерінің орыстар отарлаған көлемін ғана емес, онда қоныстанған орыс қоныстанушыларының сандарын да атап көрсетеді: “...тек қазіргі Қазақстан аумағында, - деп атап көрсетеді ол, - орыс қоныстанушыларына беруге тартып алынған жер 45 гектар болғанының өзі орыс жерінен шеткері аймақтарда қанша жер тартып алынғанын көрсетуге жергілікті мысал бола алады.

Бұдан осы 45 миллион гектар жер алынған оңірдегі бір миллионға жуық орыс қоныстанушыларын қоссаңыз, Ресейдегі орыс шаруасы мен Түркістанға көшірілген орыс қоныстанушы шаруаларының арасындағы жағдайдың айырмасы көз алдыңызға айқын елестейді. Бұған Түркістанда қоныстанған орыс шаруасы иеленген жерлерінің шынайы қожасы есептелгенін қосыңыз. Осы айла арқылы Ресейде үкіметке дұшпан болып, революциялық қимылға шыққан орыс шаруасы енді осы үкіметтің Түркістандағы тірегіне айналды” (202).

К.Кеменгерұлы өзінің 1922 жылы жазылып біткен “Қазақ тарихынан” деген еңбегінде патша өкіметінің қазақ жерін отарлау саясатының қорытындыларын төмендегідей қорытады: “Патша үкіметі қазақтың қадірлі жерінен 14 миллион десятина жер алды. 10-15 жылдың ішінде 3 миллионнан артық келімсекті орнатты. Жер санақтары 106 миллион десятинадай жерді тексерген болып, “қазақта 30 миллиондай пайдаланудан артық жер бар” деп, келімсек орнатуға үйғарды” (203).

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды қорытар болсақ, төмендегідей тұжырымдар жасай аламыз:

- XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарында жарық көрген қазақ интеллигенциясының еңбектерінде алғаш рет ғылыми негізде патша үкіметінің Қазақстандағы қоныстандыру саясатының себептері айқындалды;

- Ұлттық интеллигенция отарлау саясатының қатыгез де қаныпезер мақсатын, оның шын мәнінде қазақ халқының ұлттық мүддесіне қарсы бағытталғанын өздерінің еңбектерінде дәлелдеп берді;

- Патша үкіметінің Қазақстандағы отарлау саясатын нақты талдап, олардың басты-басты және негізгі кезеңдерін ғылыми жүйемен айқындау әрекеті де алғаш рет ұлттық интеллигенция еңбектерінде көрініс берген еді;

- Қазақ интеллигенциясы өкілдері атты казактардың әлеуметтік тұрғыдан кімдер екендігін және олардың қазақ жерін отарлаудағы озбырлық ролін тарихымызда алғаш рет жан-жақты ашып көрсетті;

- Орыс мұжығының қазақ жеріне қоныстану қозғалысындағы ерекшеліктер, бұл қозғалыстағы Сібір темір жолының жағымсыз ролі де қазақ интеллигенциясының еңбектерінде шынайы көрініс тапты.

2.3. Интеллигенция жер мәселесінің казак ұлты тағдырындағы маңызды орны туралы

Жер мәселесінің қазақ ұлты тағдырындағы орны ерекше. Мұны ұлттық интеллигенция дұрыс түсінді, сондықтан да өз еңбектерінде мәселеге үлкен мән берді. Осы орайда өсіресе патша үкіметінің қазақ жерін отарлау саясатының түрпайы да өрескел әдістері және оның қазақ халқының тағдырындағы қасіретті салдарлары нақты деректер негізінде анық көрсетілді. Осы тақырыпты талдау барысында қазақ интеллигенциясы көзқарасында негізінен төмендегідей мәселелер айқын көрініс берді:

- Патша өкіметінің отарлау саясатының қаақтың дәстүрлі шаруашылығын және дағдылы табиғи-тарихи тұрмысын бүлдірушілік ықпалы;

- Отарлау саясатына заңдық негіз-қағидалар мен ержелердің қазақ ұлты мүддесін аяққа басатын әділетсіз астарлары;

- Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында қазақ қайраткерлерінің жер мәселесіндегі әділдікке үмтылысы.

Қазақ ұлттық интеллигенциясы патша үкіметінің қоныстандыру саясатының қазақ халқының ұлттық мүддесін аяққа басушылық, дәстүрлі қазақ шаруашылығын бүлдірушілік сипатта болғанын өздерінің еңбектерінде айқындап көрсете алды. Мұның қазір тәуелсіздік алған тарихымыз үшін орасан зор маңызы бар екендігін айтпауға болмайды. Осыған нақты мысал ретінде М.Тынышбаевтың аталған мәселеге тікелей қатысты тарихи көзқарасына тоқталаық. Ол өзінің 1905 жылдың 19 қарашасында автономистердің I съезінде жасаған “Қырғыздар (қазақтар – Ш.О.) және азаттық қозғалысы” атты баяндамасында патша үкіметінің қоныстандыру саясатының қазақтарды қиын жағдайларға ұшыратқанын “жер үшін жанжалдар, төбелестер және кісі өлтірулер орын алып отырғанын, қырғыздарды (қазақтарды – Ш.О.) мал шаруашылығынан диханшылыққа ауыспайды деп айыптайтынын, алайда олардың қарауына берілген жалаңаш далада және құмдарда адамдар тұрмақ, аңдар да өмір сүре алмайтынын” атап көрсеткен еді (204). Сонымен қатар ол осы саясатқа байланысты қазақтардың ауыр халін төмендегіше суреттеген еді: “енді жайылымдық жерлер көлемі қатты қысқарды, осыған байланысты қырғыздар (қазақтар – Ш.О.) малды қондандыру үшін жиі қозғалу дағдыларын тоқтатуға мәжбүр болды. Олар қорғаған мал қыста өз аяғымен жайылатын ормандарды алып қойды. Қысқа арналған шөп қорын жинап алатын жер де жоқ. Даладағы қарлы боран, жүт және малдың өлімі жиілеп кетті. Қырғыздардың мал шаруашылығының құлдырауы туралы мәліметтер тіптен адам сенбестей. Екіншілікпен айналысуға жер жоқ десе де болады. Осыдан келіп қырғыз (қазақ - Ш.О.) халқының жаппай кедейленуге қарай неліктен жедел қарқынмен құлдырай бастағанын және таяу уақытта өздері төріздес бақытсыз, көршілері башқұрттардың барлық жерлерде жаппай аштыққа және қырылуға ұшыраған тарихын қайталауға мәжбүр” (205).

М.Тынышбаев жер мәселесінің қазақтар үшін “сөз жоқ аса маңызды нәрсе” екендігін атап көрсете келе, алда жерді

ала берсе ел арасында тыныштық орнауы екіталай екендігін, бірте-бірте іштен тынған наразылықтың ашық толқуларға ұласып кетулері мүмкін екендігін ескертеді.

Мұнда М.Тынышбаевтың туған халқының тұрмысын, көңіл-күйін және хал-ахуалын жақсы білетіндігі ғана емес, оның отарға айналу жағдайындағы қайғылы болашағын болжай білгендігі де ерекше назар аудартады. Ол көріп отырмыз, 20-жылдардың және 30-жылдардың басында кейінірек орын алған алапат ашаршылықтарды және 1916 жылы алған алапат ашаршылықтарды және 1916 жылы болған көтерілісті 1905 жылдың өзінде-ақ көрегендікпен түспалдап отырған тәрізді.

Осындай бағыттың қазақтарды “жаппай тәуелді дала пролетариатына” айналдыратынын ашына айтқан М.Тынышбаев патша өкіметінің қандай мақсат көздеп отырғанын нақтылай түскен еді: оның ойынша “үкімет, біріншіден, жабайы және тағылық қуғын-сүргіндермен және тілді, дәстүр-салтты, дінді және өзіндік ерекшеліктерді қуғындау жолымен қырғыздарды (қазақтарды – Ш.О.) дербес ұлт ретінде мүлде жойып жіберуді және бүкіл өлкені орыстандыруды; екіншіден, әр түрлі әкімшілік шаралармен, жарлықтармен және ережелермен қырғыздарды құқықсыз, заңнан тыс бұқараға айналдыруды; үшіншіден, оларды оздерінің қаны сіңген және оздерінің сүйектері көмілген жеке жерлерінен айырып және өлім құшағына, жалаңаш және құнарсыз жерлерге қуаламақ болды. Қырғыздардың бұрынғы тәуелсіздіктеріне және еркіндіктеріне және бейбіт түрде, сондай-ақ қан төгіссіз орыс қолына қарағандығына айырбасқа алғандары міне, осылар болып отыр!” (206).

Мұнан ары М.Тынышбаев уәденің бәрін тек сөз жүзінде беріп, іс жүзінде ештеңе де жасамайтын мұндай үкіметке сенуге болмас, ал қазақтардың бұл үкімет шығарған заңдарға, үндеулерге сенбеуге толық құқылары бар деген қорытындыға келеді (207).

Патша өкіметінің қоныстандыру саясатының қазақ халқы үшін ауыр салдарлары болғанын С.Асфендияров та атап көрсетті. Өзінің пікірлерін таптық маркстік көзқарас тұрғысынан негіздеуге тырыса тұрса да ол бұл мәселеде тарихи шындықты біршама дұрыс көрсетті. “Патша өкіметінің қоныстандыру саясаты, - деп жазды ол, - қазақ

мемлекеттігіне аса үлкен апат әкелді. Бұл саясаттың кері салдарлары байлар билігінің нығаюымен үндесіп қазақ еңбекші бұқарасына және кедейлеріне өзінің бар салмағын салды. Патша өкіметінің қоныстандыру саясатын сипаттайтын негізгі белгілер мыналар: 1) қоныстандыру мекемелері әкімдерінің қиянаты нәтижесінде бағалы, неғұрлым құнды жерлерді су көздерімен қоса алып қою; 2) қазақ халқының мұқтаждықтарын мүлде көзге ілмеудің жер төңірегінде шағасуларды және көшудің табиғи сондай-ақ әдеттегі көшу ырғағын бұзулары; 3) қазақ ауылдарының өздері мекендейтін жерлерден үздіксіз қоныс аударулары, ондағы құрылыстардың жойылуы, дайын суландыру құрылыстарын және ағаштар алқаптарын басып алулар, сондай-ақ 4) жаппай, өз беттерінше қоныстануларға жол беру және оларды онан ары қоныстанушыларға жатқызу (208).

С.Асфендияров сондай-ақ қоныстандыру саясатында орын алған әр түрлі өрескелдіктердің қазақтар мүддесіне мүлде қайшы келгенін атап көрсете келе, онсыз да аз кездесетін тұщы су көздерін переселен поселектары үшін солтүстік Қазақстанда алып қоюдың қазақтардың өз қарауларындағы жерлерін игеруіне кедергі келтіргенін, қазақтардың коктеу, жайлау, күздеу, қыстау тәрізді мекендеріне сыналап кіріп алған қоныстанушылар жерлерінің үлкен қолайсыздықтар туғызып, бұл мәселеде бұрын қалыптасқан тепе теңдікті бұзып, қазақтардың көшу жолдарын өзгертуге алып келгенін, қазақтарды өздері игерген жерлерден ығыстырудың тағы бір әдісі оларды бірнеше рет қайта көшіру болғанын нақты дәлелдермен атап көрсетеді (209).

Алайда С.Асфендияров мәселені зерттеуді таптық, большевиктік көзқарас арнасынан шыға алмай Ә.Бөкейхановтың және “алашордашылардың” осы мәселедегі көзқарастарын сынаумен әуестенді. “Олар, - деп жазды ол, - қоныстандыруды тоқтатуды қазақтардың жерді пайдалануларын бұрынғы қалпында сақтауды талап етті, отырықшыландыруға қарсы болды, көшпелі тұрмысты жақтады. Өйткені патша үкіметі ішінара жүзеге асыра бастаған қазақтарды жерге орналастыру жер алқаптарын қысқартуға ғана алып келеді деп санады. Олардың қызметінің жағымды жағы патшаның қоныстандыру саясатына қарсы күреске келіп тірелді.

Сонымен қатар олар “жалпыхалықтық мүддені” қорғаймыз деген тудың астында байларды қолдады Далалық алқаптарды сақтау, көшпелі мал шаруашылығын қолдау, қоныстандыруды тоқтату – ат төбеліндей феодалдық-рулық мүддені білдірген қазақ буржуазиялық интеллигенциясының ұрандары міне осындай” (210).

Бұл мәселеде С.Асфендияров “қазақ буржуазиялық интеллигенциясының бағытын жергілікті жерлердегі патша өкіметі өкілдерінің бағытына жақын”, - деп сипаттады.

С.Асфендияровтың мұндай қорытындысымен шын мәнінде келісу қиын. Ә.Бөкейхановтың осы мәселедегі көзқарасы шындығында патша өкіметінің жергілікті өкілдермен емес, дәл осы С.Асфендияровтың өзінің пікірлерімен үндесіп жатты. Мұның нақты дәлелі әрине, Ә.Бөкейхановтың өзінің нікірлері болып табылады. “Орыстардың көпжылдық басқару практикасынан, - деп атап көрсеткен еді ол, - қырғыз (қазақ - Ш.О.) халқы халық нақылы түрінде далада кең таралған өзінің қорытындысын жасады: Мысалы, қырғыздар былай дейді: “орыстан досың болса, қойныңда болсын балтаң) — если имешь русского друга, то имей за пазухой топор”, “орыс нан жесе ақша алады”, “қазақ түлеген түйе орыс бұта”...Қырғыз анасы ерке баласын жұбата келе оны былай деп қорқытады: “орыс келді! орыс келді! қасқыр келді! қасқыр келді!...” Жоғарыда келтірілген халық мәтелдерінен көріп отырғанымыздай, қырғыздар чиновниктер мен қасқырларды қатар қойғанда (қасқыр мал бағушының басты жауы ретінде айтылады) тек орыс үкіметін ғана емес, сондай-ақ, барлық орыс атаулын түгелдей айтады” (211).

Ә.Бөкейханов алғашқы кезде қазақтардың орыс халқын “басқарушы-чиновниктер және далалық жәрменкелерде — орыс көпестері” түрінде қабылдағанын айта келе, соңғылардың қазақтар мен орыстар арасында жақсы қарым-қатынастарды қалыптастыруға ықпал ете алмағандарын атап көрсетеді.

“Екінші жағынан, - деп жалғастырды өзінің ойын Ә.Бөкейханов, - орыстардың далаға қоныстанулары барынша арта түсті, жер үшін қоныстанушылар мен қырғыздар арасында күрес күшейе түсті. Кейде тұрпайы түрде көрініс

берген бұл күрес онсыз да заңсыздық негізінде бой көтерген ұлттық антоногизмді тереңдете және шиленістіре түсті” /212/.

Ә.Бөкейханов патша өкіметінің әділетсіз жер саясатының қазақтарды қасіретке ұшыратқанын дәлелдейтін нақты мысалдар да келтірді.

Осыған ұқсас көзқарасты біз Т.Шонанұлының еңбектерінен де кездестіреміз. Ол қазақ жерін еріксіз отарлаудың ауыр салдарларын төмендегідей тұжырымдады: “қазақ жеріне отаршылдардың ұстаған саясаты, қолданған сбі, тұтынған әдісі, жасаған зорлығы - қазақ тұрмысын көп өзгеріске ұшыратты. Көшпелілерді бірте-бірте жерсіз қалдырып, татыр мен шөлге иіріп тастап, егін саларлық, отарлық жерден құралақан қалдырды. Арқадағы аудандарда қазаққа норманы қайта-қайта пішіп, бұларды да қысаңдыққа түсірді. Қазақ жерінің ауданын тұжырып жерді пайдалану ісіне де зиянын тигізіп кетті” (213). Мұның өзі Т.Шонанұлының ойынша қазақты жерден айырып, оның өзін босқыншылыққа ұшыратты. “Осылай қазақты жерден қуып, қазақты переселенге айналдыруы, - деп жазады ол, - отаршылдар жұмысының бір жемісі. Қазақтың отырған жерін жүрдай қылып талап, қазақты атамекенінен айдап, қолайсыз жерге асырып тастау — отаршылдар жұмысының екінші жемісі. Осыны көріп отырған қазақ мұжықпен тату бола ма? Орыс пен қазақ ит пен мысықтай араз болды. Қымс етсе жанжалдасып, кісі өлтірісіп тұрды... Екі шаруа елдің түз-дәмін жарастырмай қойған — ескі үкімет саясатының үшінші жемісі.

Көшпелілерді жерсіз қаңғыртып қою — отаршылдар саясатының төртінші жемісі. Іске асарлық жердің бәрін жүрдай қылып қазақтан тартып алу — ескі үкімет саясатының бесінші жемісі” (214).

Қазақ ұлттық интеллигенциясы патша өкіметінің әділетсіз отарлау саясатын үздіксіз әшкерелеп отырса да, кейде осы мәселеге қазақтың өзі жіберіп отырған кемшіліктерді де назардан тыс қалдырмады. Мысалы, Ахмет Байтұрсынов 1911 жылы “Айқапта” жазған “Қазақ өкпесі” деген мақаласында былай деген еді: қазақ пайдаланып отырған жерін мұжыққа алып берді деп үкіметке өкпелейді. Қазақ жерін қазыналық етуге неге көнген өткендерге өкпелейді... Қазақ жерінің қазыналық болғанына өкіну —

білмегендік, әуелі - қазыналық етемін дегенде көнбеске шара жоқ. Екінші, жер өзінде болса қазаққа пайдалы емес, бәле болар еді... қазақтың өлі күнге жерден қол үзбей отырғаны — жер қазыналық болғандықтан. Бүгін тойғанына мәз болып, ертеңісін ұмытатын қазақ бүгін жерін сатып, тойып, ертең тентіреп кетер еді. Жер жалдаған қазақ аз ба? Жерді жалдаудан тартынбағандар сатудан да тартынбайды. Жер қазыналық болған соң сата алмады, жалдаудан тартынып қалған қазақ аз шығар?!... Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз — бәрі надандық кесапаты. Сонда да соны ғылым, өнерден артық көреміз” (215).

А.Байтұрсынов “Айқап” бетінде өзінің ұлтын сынағанда оны жек көргендіктен емес, керісінше барынша сүйгендіктен, ол басқалардан қалмай намысқа тырысса екен, өзінің жерін өзі де байқамай басқаларға таратып беретін аңқаулығынан, надандығынан құтылса екен деген ізгі ниетті көзден отырғаны белгілі.

Алайда қазақтың мұндай осалдығы қазақтың жерден айырылуының басты себебі емес еді. Мұны қазақ интеллигенциясы жақсы түсінді дей аламыз. Қазақты сорлатқан нәрсе әрине бәрінен бұрын қазақ жерін алуды патша өкіметінің заңдастыруы еді. Осы мәселені жан-жақты терең зерттеген Т.Шонанұлы қазақ жері мемлекет мүлкі деп жариялануы туралы былай дейді. “Мұжықты қазақ жеріне аудару толқыны өткен ғасырдың 80-жылдары аяғында, 90-жылдар басында көтерілгенін білдік. 1891 жылы 25 наурызда бекітіп патша үкіметі “Степное положение” деген әйгілі заңын шығарды. Бұл “Степное положениені” былай деп түсіну керек. “Ұрысы күшті болса, иесі өледі, ұры иесінен мықты өзінікі қылып, танып аударып алады”. “Степное положениемен” қазақ жерін қазыналыққа деп жариялауы, сол кезгі үкіметтің күшті ұры болғаны. Еңбек сіңірмей дворяндар иен жерге ие болса, оны қазыналық демейді. Қазақ еңбегін сіңіріп отырған жерді қазыналық дейді. Қазақ жері құрбанға байланған қой, “Степное положение” союға қайралған пышақ сықылды. Николай құлағанша, қазақ жеріне тұтынатын заңдардың, нұсқаулардың жер алу ірдың негізі болып келген “Степное положение” заңы. Мұның

ішінде бас-аяғы 17 бапта (119-136-баптар) жер жайы сөйленетін еді. Бұлардың ішінде ең зілдісі екі бап пен бір ескерту болушы еді... Бұл заңның 119-бабы айтатын еді: “Көшіп-қонып жүрген жерлер мен сол жерлерге тиіс нәрселердің бәрі де және ағаштары да мемлекеттің (қазынананың) қара басының жеке меншікті мүлкі болып саналады”. 120-бап: “Көшіп-қонып жүрген жерлері көшпелілерге өз әдеттерімен, соңы заң бойынша бүтін қоғам болып бірігіп пайдалануына срок кесілмей беріледі”, - дейді. Осы екі бапта үкімет екі зорлық болмаса, бір зорлық жаңылыс жіберіп отыр. Зорлық болғанда, адам айтарлық зорлық емес болып отыр. Зорлығы сол - Ресейде жерді дворян сойы мен басқа таптар жеке меншікті мүлік қылып, оны үкіметтің өзі қызғышша қорып отырғанында тосыннан-тосын, Ресейдің шығарған заңына да қиғаш келтіріп, бас жоқ, көз жоқ қазақтың пайғамбар заманынан бері тері тоғіп, еңбегін сіңіріп отырған жерін қазыналық деп жариялауы. ...90-жылдары қазақ жұртының бәрін тегісінен көшпелі деп тануы — ақты жорта қара деп көрсетуі. Сол 120-баптың ағакты ескертуі бар. Ескерту былай дейді: “Көшпелілерден ауысқан жер бола қалса, ол жер де мемлекет мүлкін басқарушы министрліктің қарамағына беріледі”. Міне, осы қосымшаны бетіне бүркеніп, алғысы келген жердің бәрін переселен пірлері, төрелер қазақтан ауысып қалған қылып шығарып, талма түсте еңбек сіңіріп отырған қазақтарын айдап жіберіп, мұжық пен орыстың байларына, төрелеріне тартып алып беруші еді. Мұны қазақтан ауысып бос жатқан жерді алу деуші еді” (216).

Қазақ жерлерін заңдық негізде тартып алудың қулық-сұмдықтарына терең бойлаған Ә.Бөкейханов бұл мәселеде өзінің ойын “Қазақ” газетінде жарияланған “Үшінші Дума һәм қазақ” деген мақаласында тұжырымдап былай жазады: “...Жетісу, Семей, Ақмола, Торғай һәм Орал облысына қараған қазақтарға закон болып “25 март 1891 жылғы Степное положение” шықты. ...Түркістандағы Самарқан, Ферғана, Сырдария облысының қазақтарына шығарған закон: “21 июнь 1886 жылғы Түркістанский крайды билеу хақындағы шыққан положение”. Бұл положониенің 279-статьясында қазақтан жер артылса, қазына өз пайдасына алады деген қосымша жоқ еді. Бұл закон бұрынғы күйінде

тұрса Түркістанда қазақ жері мұжыққа алынбайтын еді, үкімет 279-статьяға қосымша деп 1911 жылы 3 Думаға ұзындығы екі жол закон кіргізді. “Түркістанда қазақ жерінен артық жер табылса қазына өз пайдасына алатын болсын” деп (217).

Ә.Бөкейхановтың бұл мәселені ерекше өшкерелеу себептерін М.Шоқайды оқығанда айқын аңғара түссіз. Ол өзінің “Орыс империализмі хараб болсын” деп аталатын мақаласында былай дейді: “Тоңкерістен бұрынғы ұлттық бағдарламамыздың негізгі баптарының бірі – атамекенімізге орыс мұғажырларының тасқынын тоқтату болатын. Ол кезде бұл мәселені турадан-тура қою мүмкін емес еді. Сол себепті Әлихан Бөкейхан мен оның ізбасарлары – біздер – бұл саладағы талабымызды алдымен түркістандықтарды: өзін орналастырайық, ал орыс мұжықтары мәселесі түркістандықтар орналасып болғанша және Ресейдің өзінде жер мәселесі шешілгенше тоқтатыла тұрсын деген түрде қойып келгенбіз. Біз мәселені осылай қойғанымызда жергілікті халықтарды жерге орналастырып болғанға дейін он неше жыл уақыт керек болады. Осы уақыт ішінде Ресейде тоңкеріс болмай қоймайды деген ойда болатынбыз. Біз орыс келімсектерін біржола тоқтата алмайтынымызды жақсы білетінбіз. Бірақ осы талапты қою арқылы орыс келімсектеріне атамекеніміздің келбетін өзгертуге ықпал ете алатындай тосқауыл қойылады деп сенетінбіз. Мұғажыр мәселесі атамекеніміздің далалық аймақтарында өткір қойыла бастаған еді. Халқымыздың жерін тартып алғанын заңдық тұрғыдан негіздеп болып Ресей өкіметі күллі Түркістан даласын мемлекет мүлкі – деп жариялап, Ресей мемлекетінің меншігіне айналдырады да, сол жердің байырғы иелері қазақтар мен қырғыздарға өз жерін өзіне жалға берді. Қазақтар мен қырғыздар көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданатындықтан, олар жерге иелік ете алмайды деп жариялады. Мұның өзі барып тұрған қате тұжырым еді. Түркістандағы қазақ, қырғыздар арасында дәл осылай көшпелі тұрмыс кешіп жүрген тұрғындар көп болса 3-4 процент қана болатын. Дала халқының басым көпшілігі баяғыдан-ақ тек мал шаруашылығымен ғана емес, сонымен бірге егіншілікпен де айналысатын. Ал кейбір жерлерде тіпті егіншілік басым еді де, мал шаруашылығы қосымша рол

атқаратын. Мал шаруашылығына пайдаланылатын жерлер көп жағдайда егіншілікке мүлде жарамсыз болып келетін де, жұрт егін егуге шарасыз күйде қалатын. Әлихан бізге ылғида: “Ұлтқа пайдалы адам болғыңыз келсе, бөрінен бұрын орыс өкіметінің атамскеніміздегі жер саясатын мұқият зерттеп үйренуге тырысыңыз. Сізге не істеу керектігін осы саясаттың өзі-ақ көрсетіп береді”, - деуші еді (218).

Өзі жер мәселесінің ұлт мәселесіне ықпалын терең аңғара білетін энциклопедиялық білім иесі Ә.Бөкейханның мұндай тұжырымы М.Шоқайға және басқа да қазақтың ұлттық мүддесі үшін күресушілерге белсенді ықпал етті. Осыған байланысты М.Шоқай өзінің көзқарасын былай жалғастырады: “...біз ол кезде орыс мектептерінде оқып жүрген түркістандық жастар мен аздаған жәдит мектептерінде оқып жүрген жәдитші жастар – бөріміз де бүкіл ынта-шынтымызбен “мұғажыр мәселесін” үйренуге кірістік. Мемлекетіміз үшін ең үрейлі қатердің қайдан келе жатқанын сонда ғана түсіндік” (219).

Мұғажыр, яғни келімсектер мәселесінің сондықтанда 1917 жылғы төңкерістер кезінде үлкен маңызға ие болып, оның әрқашанда бірінші баптан түспегеніне М.Шоқай ерекше көңіл бөліп, ұлттық интеллигенцияның уақытша өкіметпен келісімге келіп, түркістандықтар жерге орналасып болғанша Түркістанға мұғажыр өлелуді тоқтатуға қол жеткізілгенін атап көрсетеді. Мұны М.Шоқай ұлттық интеллигенция қызметіндегі “алғашқы жетістік” ретінде бағалады.

М.Шоқай сонымен бірге патша заманындағы Түркістанға келімсектерді қоныстандыру саясатының Кеңес өкіметі тұсында өзінің жалғасын тауып, сабақтастыққа ие болғанына ерекше назар аударды. М.Шоқай большевиктердің мұғажыр мәселесін қайта көтеріп, олардың Түркістанға орыстардың көптеп қоныстануларына баса назар аударғандарын атап көрсете келіп, “Яш Түркістан” беттерінде қатты сынға алынып келген түркістандық коммунистердің бөрі, Смағұл Сәдуақасов және Сұлтанбек Қожан төрізді кеңес өкіметінің отаршылдық саясатын ашық айыптап шығушылардан басқа Файзолла, Камал Ақрам, Ғабдолла Рақымбай, Тұрар Рысқұл, Мұрат Айтақұлы, тіпті Исаұлы Ораз және сөл тектестерге

дейінгілердің бәрі де Түркістанға орыс мұғажырларын әкелу саясатын ашық қолдаудан бас тартты” (220).

М.Шоқайдың бұл пікіріне нақты дәлел Ораз Жандосовтың “Еңбекші қазақ” газетінде 1925 жылы жарық көрген мақаласындағы төмендегі жолдар дер едік: “...ең алдымен ауызға алатынымыз: Қазақстанға басқа жерлерден өз бетімен көшіп келушілер де, Қазақстанның өзінде өз бетімен ешбір тәртіпсіз бір жерден екінші аударушыларды да бүтіндей тоқтату керек. Бұл пікірдің саяси мағынасы да, шаруа мағынасы да бар” (221).

Большевиктік бағытты берік ұстанған Ораз Жандосов жерге орналастыруда қазақтар мүддесі алғашқы орында тұруы тиіс деген көзқараста болды. Ол бұл мәселеге байланысты өзінің ойын төмендегіше қорытты: “...басқадан бұрын қазақ елінің мүддесі қарастырылуы керек. Басқадан бұрын қазақ елі жерге қамсыз етілуі керек деген бағыт қолдандық, өйткені патша заманында қазақ елінің жерге қожалығы болмады. Бұл негізгі бағытымыз” (222).

Патша заманындағы қазақ жерін тартып алу саясаты қазақ зиялыларын кейбір түңілуге алып келді. Осыған байланысты кезінде “Қазақ” газеті былай жазады: “Қазақ халқы азып-тозып барады: жердің жақсысын мұжық алды; жаманы да қазақ пайдасына қалмайды. Үкімет мұжықтан қалған жерді арендаға сатайын деп жатыр. Кешікпей бұл заңоны да шықса керек. Аз да болса 15 десятинадан жер алып жатқан бауырларымның не боларына көзім жетпейді, жаным ашиды... Бұларды бытыратып мұжық болыстарына қосақтады. Бұл қосақтау бірінші февральда басталды” (223).

Жер мәселесіне байланысты қазақ жеріне қоныстанған мұжықтар мен қазақтар арасында ұлтаралық қақтығыстар шиеленісе түсті. Осыған байланысты “Айқап” журналы мынандай бір оқиғаны жазады: “Қазақтың бір биі Лепсі шаһарынан үйіне қайтып бара жатып, бір мұжықтың қаласының қасынан өтіп бара жатқанда мұжықтар биді жабыла қуған еді. Би қорқып қашса да қорыққанынан мойнына знагын сала қояды. Көзі қарауытып келген мұжықтар бидің знагын не қылсын? Сол жерде биді жабылып ұрып өлтіреді... Бұл мұжықтардың да сегіз-тоғыздайы түрмеге алынған еді, судьясына жолығып едім, оның сөзіне қарағанда

жоғарғы айтылған мұжықтардың бәріне де сегіз жылдан каторгіге хукім қылыныпты” (224).

“Айқап” журналы осы мәселеге байланысты тағы да төмендегідей мысал келтірген еді: “Петропавл оязында Проснау болысында Амандос есімді қазақтың үйін хақолдар талауға келіп, талай алмай, бір баласын атып өлтіріп, қашып еді. Сонан соң қазақтар урядникпенен барып, сезікті қылып, екі орысты ұстатып Петропавлға жіберіп еді. Соңғы хабарға қарағанда орыстың бірін қорқытқан соң айтыпты: - Мен озім қазақты талауға барған жоқ едім, сұраған соң атымды беріп едім! Барушылар пәлендер деп жанындағы жолдасынан басқа сегіз орыс есімін айтып, тағы сегіз орысты ұстап әкетті...” (225).

Жер мәселесіне байланысты қазақтың көрген азабы Ресей мемлекеттік Думасы деңгейінде де әңгіме болып, жекелеген депутаттар бұл мәселеде әділдік орнатуға шақырды. Мұны Әлихан Бөксіханов өзінің “Төртінші дума һәм қазақ” деген мақаласында былай жазады: “...Өткен 11 июньде думада переселен управлениясының шығынын қарады. Қазақтың жер туралы көріп отырған кемшілігін айтып Забайкал депутаты Волков һәм Баку депутаты Жағыпаров сөйледі. Волков сөйледі: “Біз Сібір депутаттары үшінші думадан бергі, міне жеті жыл переселен мұжыққа жер алғанда қазақтың һәм буряттың ең жақсы жерін алып, бұларға жер қалдырмай отырсың деп зарлап келеміз, жылда біздің айтқан сөзімізді тындаған кісі жоқ, қазақтың қазулы арығын, сулы бақша, еккен жоңышқасын кесіп алып отыр. Қазақтың жерден қысылған белгісі міне: қазақ өзі ботен жаққа переселен болып көше бастады. Әуелі тұрған жұрт бурят һәм қазақты орнықтырып, қалған жерді переселенге беретін жөн еді, тұрғын жұртты орнықтыратын закон жобасын әлі үкімет думаға кіргізген жоқ... Переселен мұжыққа деп бұ күнге шейін қазақты қысып жерін алушы еді. Енді биыл переселен управление тағы бұрынғысы қазаққа аз деп, бай шаруа қылатын орысқа берем деп Степной крайдан (Ақмола һәм Семей облысы) жүз участка кесіп отыр, қайсысы бес мың дсятина, ойы бұл жерге бай орысқа көп жылға аренда (жалдауға) бермек, аяғында сол жерге байды ие қылмақ. Үкіметтің былай қылғаны тұрғын жұрт қазаққа шылғи залал, енді мұнан былай бұрынғы тұрғын жұртқа қылатын (қылған)

зиян қалсын, жеп кесілгенде қазаққа өз шаруасын аздырмайтын жер қалдырып кессін”. Волков осы сөзін дума сөзі қыламын деп думада тас салуға тартты... Волков тілегін қолдаушылар аз болды. Енді қазақты тонағанда думадан бата алдым деп тонайды” (226).

Мұнан ары Ә.Бөкейхан Думаның депутаты Жағыпаровтың қазақтар мүдделерін қалай қорғағанына тоқталды: “Баку депутаты Жағыпаров думадағы мұсылман депутаттары атынан сөйледі: “Бізге қазақтар әр жерден көрген кемшілігін айтып хат жазды. Мұжыққа жер алғанда қазақтың бар жақсы жерін алып, қазаққа үлкен зорлық қылып отыр. Осы зорлықты законда ғаділдік жолында деуге болмайды. 1908 жылдағы граф Пален Түркістандағы істерді тексергенде жазған еді: “Қазаққа артық жер деп қалдырған тастақ, тақыр, ащы, сортаң жер, осы зорлыққа көніп, мінез шығармай тыныш отырғаны қазақтың дүнияда жоқ момындығы деп, ... Осы зорлықты көріп отырған жұрт үкіметті не деп білмек. Әуелі тұрған жұртты орнықтырып, қалған жерге переселен мұжықты еншілес қылу керек емес пе еді? Жақсы сөзді үкімет біліп жатыр ма, біздің мұсылман депутаттары переселен управлениесінің ұлттық мекемелеріне ақша бермеске тас салады” — деп Жағыпаров сөзін қаңтарды” (227).

Қоныстанушы орыс мұжықтарынан қазақтың көрген қорлығын нақты мысалмен М.Дулатов та “Қазақ” газеті беттерінде жазған еді. Оның “Торғай” деп аталатын мақаласынан төмендегідей жолдарды оқимыз: “1914 жылы 15 июньде төрт үй хахол малымен көшіп келе жатып, Сарықопа болысының 4-ауылына қараған Көркембай қарсуы деген жерге қонған. Хахолдардың малы қазақтың шабындысын жапырады. 20-30 кісі келіп хахолдың малын қайырады. Хахол мен қазақ арасында жанжал шығады. Сол арада бір орыс Жармұхамед Төкебай баласын мылтықпен атып өлтірген. Қазақтар военный хакімге білдірген. Міне, осы қазақты атып өлтірген хахол Ақмола облысы, Қызылжар уезі, Ставрополь болысының крестьяны Павел Манулов 1455-статьяның 2-бөлім бойынша айыпталып, обвинительный акт жасалып Оренбург окружной судына түсті” (228).

Патша өкіметінің отарлау саясатындағы бір срекшелік - қазақ жерін егіншілікпен айналысатын мұжықтарға ғана емес, сонымен бірге мал бағуға келіскен қоныстанушыларға

да зорлап алып беру еді. Мұны қазақ зиялылары да аңғарды және мұндай құйтырқы әрекетті айыптайтын оздерінің пікірлерін де ашық айтты. Мұны Т.Шонанұлын оқығанда айқынырақ түсіне аламыз. Онда мынадай пікірлер бар: “...Байлар жерін қорғау үшін ол мұжықты көшіру керек. Оның үшін бұрын қазақ жерін мұжыққа егін салуға жақсы деп мақтаса, енді мал бағуға қолайлы деп лақап шашу керек. Мал бағуға жарайтынын дәлелдеп мұжықтың көзіне көрсету керек. Олай болса, мұжыққа мал бағуға үлгі боларлық мал шаруашылығын қазақ даласына орнату керек. “Бәрінен бұрын Азиядағы Ресей жерінен мал бағу үшін жер кесіп, мал бағушы байларға жалға беру – отар ісіне маңызы зор. Бұл сол уаляатты ілгері қарай отарлай беруге және талапкерлер шақырып, қазынаның бос жатқан жерін дұрыс етіп пайдалануға ұсталатын көп істің бірі, Ресейдің Азиядағы жерлері табиғат жағдайына қарағанда, бәрі дерлік тек мал бағуға ғана жарайды”. Сонымен баяғыдан бері жер талағанда қазаққа жер сыбаға бергенде, қазақ жері егін салуға қолайлы деп отаршылар қателесіп айтқан болды. Қатесін енді мойындаған болып шықты... Енді бұрынғы мұжықпен бірге орыс байлары, князьдары, графтары, дума мүшелері, саудагерлері де мал бағамыз деген бетіне шымылдық жамылып қазақ жеріне табақтас болуға айналды. Байлармен қатар, қазақ жерінде егістің жері бітті деп отырған “мұжықта” енді мал бағатын болып жер алмақшы. Содан, енді орыс байлары мен “мұжықтарына” мал бағуға керек деп қазақ жерін талау тағы басталмақ. Баяғыдан бері қазақ мал бақпай, пайдасыз жәндіктерді асырап босқа шатасып жүрген болып шықты. Орыс ұстаған қой, жылқы, сиыр мал саналып, қазақтың түйе, қой, жылқысы, сиыр мал еместігі айқындалды. Орыс байларының малына жер керек те, қазақтың мал деп жүрген жәндіктеріне жердің керегі болмай шықты” (229).

Қазақ ұлттық интеллигенциясы осылайша қазақ жерін әрі егіншілікке, әрі мал бағуға қолайлы аймақ ретінде қарастырып, мүмкіндігінше орыс мұжығына көп жер алып беруге тырысқан патша үкіметінің әділетсіз саясатын сынады. Осы орайда отарлау саясатының құрбандығына айналған қазақтың ауыр халіне “қабырғасы қайысқан” Т.Шонанұлы өзінің ойын төмендегідей жалғастырған еді: “...Осылай талау отарлау басталғаннан, Николай құлағанға шейін үздіксіз

созылып келді. 1898 жылы қазақ жайын жақсы білетін профессор Шмурло қазақ жері таланып, бас жоқ, көз жоқ, қалай болса солай алынып, шаруасы қиратылып келе жатқанын айта келіп, былай деп жазды: “олардың (қазақтардың - авт.) көбі мүлде күйзелген, олардың не халде екенін керек қылып жатқан ешкім жоқ. Шеттен халық көп келіп жеріне орнап жатыр, ал қазақтардың өздері жер алып қалармыз дегеннен үміті келісуге таянып отыр. Бір алақап жерсіз, мемлекетке керексіз елше, жат елше, жұмысқа жарамайтын жалқау елше, далада қанғып қаламыз деп қорқып отыр. Далаға орыс отары орнап, жақсы жер таланса, қазаққа қалатын жер, пайдаға тұтарлық болатын емес... Сондықтан тұрмыс үшін тартысып, шыбындай жанын қорғап, қазақтың үздіксіз келімсек мүжықпен түйісіп, жанжалдасып келе жатқаны таңырқарлық іс емес”... міне, қазақты тонаған ескі үкіметтің қимылы мен ебі. Мұның аты тал түсте тонау деген болады” (230).

Қазақ арасына іріткі салған патша өкіметінің 15 десятинадан жер беріп қазақты отырықшылыққа көшіру және осылайша қазақ жеріне қоныстанатын орыс мүжығына қажетті артық жерлерді анықтап, “заңдық негізде” тартып алу әрекеті еді. Мұның өзі ғасырлар бойы дәстүрлі мал шаруашылығына баса көңіл бөлген қазақтың хал-жағдайын бұрынғыдан да ауырлата түсер еді. Мұны өсіресе “Қазақ” газеті төңірегіне топтасқан қазақ интеллигенциясы о бастан ақ айқын аңғарды және өздерінің қандастарын бұл істе аңқаулық танытып, алданып қалудан қатты сақтандырды. Әсіресе, бұл маңызды мәселеде қазақ интеллигенциясының көш бастаушысы Ә.Бөкейхановтың көзқарасы аса айқын еді. Ол кезінде “Қазақ” газетінде былай деп жазды: патша өкімшілігі “...Қазаққа көшпелі деп шығарған норманы көпсініп, кесіп-пішіп қуартты, 15-тен талай қазақ жер алды, қазақтың қадірі кетті. 15-тен жер алған қазақ көбейсе, Тереңқол, Мұздықол уағы 30-дан жер алатын орыстың еркесі ме еді? 15-тен алып мүжық бол, әйтпесе бұрынғыдай жау қолына түскен бойда отыра бер, жерінді күн сайын тартып аламыз деп отырған жай осы... Қазақ 15-тен жер алып, қала болып отырса, ілгері басып, оқымысты болып, шебер болып, Еуропа қатарында кетеді екен. Бұл Орал облысында һәм уезінде Шідерті һәм Жымпиты болысының 15-тен жер

алғандағы жұртқа айтқан сөзі. Осы сөзді Рахмет Ілиясулы теріс көрмесе керек. Шыңғыс хан дүниені алды, артында түк белгі қалған жоқ, Ақсақ Темір дүниені алмаса да артында Самарқанда, мешіт-медресесіндей белгі қалды. Шыңғыс көшпелі, Ақсақ Темір отырықшы, енді бұған не дейсің, қазаққа 15-тің қамытына жуыма деген мырзалар деп, біріміз айтамыз?... Ғұсмания түркі тарихынша біздің қазақтың Жетісудағы қаңлы деген руы һауасы, жері келісті Еуропаға барып, мал бағуды қойып өзге шаруаға айналып отыр. Түркістанда өзен бойындағы қазақ өрік, алма, жоңышқа егіп отыр... Шыңғыс ханнан белгі қалмаған екен, сен Ақсақ Темір болып белгі қалдырады екенсің, мұның бәрі жақсы, талапты ерге нұр жауар деген, 15-ті алып отырып ашы жерге мал баққаның қалай? Қалған ісіне қарағанда “жаман” Шыңғыс хан да, жақсы Ақсақ Темір де өз заманында жүйрік болған еді, бұлар қазақтың 15-тен жер алатынын қайдан білсін, 15 десятина үшін бұлардың әруағын қозғамайық... Жаз болса қыдырып қымыз ішкен, көрші ауылдың түтінін күзеткен біздің қазақ жігіті... 15-те отырып, тамақ асырайтын болсаң, 15-тен жер ал, 15-ке мал бақпақ болсаң адасқаның, қаңғырғаның” (231).

Қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығынан ауытқып отырықшылыққа ден қоюы оңай шаруа емес екенін қазақ халқының өмірін, тіршілігін, психологиялық ерекшеліктерін зерттеген қазақ интеллигенциясының өкілдері жақсы түсінген еді. Бұған К.Кемеңгерұлының төмендегі пікірі куә: “...Жері егіндікке жарайтын елдердің көбі-ақ отырықшы боламыз деген ниетке кірген. Биылдың өзінде қала салып жатқан елдер бар. Бірақ көшпелі қалыпта қаламыз дегендердің шабындысына ауыз салып отырықшы болсаң, еріксіз аламыз деген ниетпен қала болуға айналғандар бар. Мұны заң көтере ме? Мұны білмеймін. Әйтеуір Қарқаралы айналасындағы көшпелі мен отырықшы боламыз дегендердің арасында жер дауы жеткілікті көрінеді. Қазақта жер дауы мол. Біреуде шабынды жайылым бар, біреуде жоқ. Бұрын жерді кім батыр, кім бай, кім би болса сол алған. Осылардың тұқымдары жерге ие. Қазақтың жерін түгел олшеп алмай, жерге отырғызудың керегі жоқ деген отаршылдықтың ісі аңқыған мырзаларды қазақ үшін бір аралатып алуға жарайды” (232).

Патша өкіметінің отарлау саясаты, әсіресе қазақ арасында 15 десятинадан отырықшы жер мөлшерін үлестіруі қазақты әур-сарсаңға салып, едәуір шатастырды. Отырықшылық жер мөлшерін алған көптеген қазақтардың шаруашылықтары қатты күйзелді. “Қазақ” газетіндегі белгісіз автордың “жер нормасына һәм қазақ положениесіне қайту” деген тақырыппен жарық көрген мақалада айтылған ойлары осының нақты мысалы дей аламыз. Онда мынадай жолдар бар: “Қазақ” газеті мал нормасына һәм қазақ положениесіне қайту туралы былай жазады: “Егін нормасымен жер кестіріп алған Қостанай уезінде Кеңарал болысының қазақтары ол норма бойынша берілген жермен күн көре алмайтындарын байқап һәм крестьян положениесі қазаққа жанаспайтын қолайсыздығын білгеннен кейін, қайтадан мал нормасына һәм степной положениесіне кіруге сұраған екен. Оған облосной правлениенін общий присутствиесі бұл сұрауларының мәнсі һәм жоні жоқ деп, тілектерін қабыл алмаған... Жөн: жоқ дегені крестьян положениесіне кірген қазақтар қайтадан қазақ положениесіне кіруге болады деп законда айтылған жоқ екен деп түсіндірген. Сонан соң Кеңарал қазақтары жоғарғы орыннан ізденуге орталарынан екі кісі доверенный сайлаған... Арыздағы сөздерінің көшесі мынау: Біздің мал нормасында қалдыр деп сұрауларымыздың мәнсі – егін нормасымен жер алып қазақ күн көре алмайтынын үш жыл байқап, көзбен көрдік. Малдан қол үзсе, қазақ күні қараң. Оны жалғыз біз емес, крестьянский начальник те айтып отыр...” (233).

Осы жолдар авторы қазақтың мұндай халге ұшырау себебін мұнан ары төмендегідей түсіндіреді:

Қазақ пен крестьян – екеуі екі басқа жүрт. Екеуінің қалпы да, салты да, рәсім жолы да басқа һәм біріне-бірінің тұтанып келе жатқан шаруасының түрі де жанаспайды. Күні бүгінге шейін бірінің күн көргені – егін, бірінің күн көргені – мал. Мұжық нормасымен жер кесіп бере сала қазақтың қалып, салты, рәсімі, тұтынған шаруасының түрі өзгері қала ма?... Қазақ пен мұжық салт-рәсімі бірдей деп ешкім айта алмас. Үйдеп ешкім айта алмаса, қазаққа мұжықпен жер алдың, мұжық положениесіне түс деу де жөнсіз. Жер нормасымен ел билеу жұмысы екі басқа нәрсе. Жер қарасы өзгергенмен ел рәсімі өзгермейді... Жан-жағымыздағы сыбайлас болыстар степной положениесіне қалады екен.

Олармен қыз берісіп, қыз алысып отырмыз. Солармен арамызда жесір дауы, қалың мал дауы бола қалса, мұжық салтында жоқ мұндай дауды мұжық положениесімен қалай тындырмақ. Осындай істер туралы қандай шатақ болмақ! Міне, жер нормасы мен халық билеу жұмысының екі басқа нәрсе екендігінің іспеті. Сондай-ақ осы күнге шейін мал бағумен күн көріп келген қазақ мұжыққа жер кестіріп алып, мұжықтай егінші бола қоймайды. Түбінде қазақ мұжықтай бәлкім егінші де болар. Бәлкім мұжық салтына да түсер. бірақ оған уақыт керек. Ондай өзгерістер бірден болмайды, бірте-бірте аздап өзгеріліп барып болады” (234).

Автордың бұл пікірінен шығатын қорытынды Қазақстанға сырттан, әсіресе, Ресейден келімсектер әкелуді тоқтату және қазақтың біртіндеп отырықшылыққа бейімделуіне үкімет тарапынан жағдайлар жасау болып табылады.

Осындай пікірді кейінірек, кеңестер кезінде әрқашан қазақ мүддесін қорғаушы Смағұл Сәдуақасов та білдірген еді. Түпнұсқадан сол қалпында берер болсақ бұл төмендегідей болып шығады:

“...а) прекратить временно колонизацию извне; б) окончательно землеустроить коренное население, подразумеваемая под этим и переселенцев-старожилов; в) во вторую очередь землеустроить переселенцев-самовольцев, прибывших за время революции; г) заняться исследованием почвенно-ботанических условий Казахстана на предмет выявления удобных и неудобных земель, т.е. возможных излишек... Ни один благоразумный национал, а тем более коммунист, стоящий не на словах, а не деле на советской платформе и придерживающийся принципов Компартии, не выкинет и не выкидывал лозунга “Казахстан для казахов”. Кроме гибели Советской власти такой лозунг не принес бы решительно ничего. Поэтому основное в земельной политике Казахстана было: окончательно землеустроить коренное население, временно прекратить колонизацию. Речь шла и идет теперь не о том, чтобы всякого русского мужика по шапке долой и изгнать его вон из Казахстана, нет, а речь — о том, чтобы зарубцевать старые раны больного организма, разорванного политикой позорного прошлого” (235).

Большевиктер партиясы басшылары о бастан-ақ қазақ зиялыларының мұндай ұлтқа жанашыр бағытын шындап

қолдауды ойлай қойған жоқ. М.Шоқайды оқығанда бұл мәселенің байыбына баруға болады. Ол кезінде былай деп жазды: "...Лениннің пікірінше, Ресейдің шығыс аймақтарындағы төңкерістің негізі (барлық отар шығыс өлкелерінде) жер төңкерісі болып табылатын. Ленин өзінің бұл пікірін Коминтерннің (1920 жылғы 19 шілде 6 тамыз) екінші конференциясында ортаға қойған. Большевиктер оған барлық пәле қазадан құтқаратын дұғадай сенді. Алайда лениншілдер Түркістандағы жер жағдайымен, Түркістан шаруаларының қоңіл-күйімен таныса бастағанда барып, бұл "тұмардың" да басқа "тұмарлар" тәрізді түкке жарамайтынына көз жеткізді. Мәскеу большевиктері ол кезде "жер төңкерісін" "жер реформасымен" ауыстырды. Жер реформасына барынша салтанатты түрде, кернейлетіп кірісті. Сонда да олар мұсылман дін басылары мен шарифаттың көмегінсіз жер реформасын жүзеге асыра алмайтынын түсінді. Дінді апиын деп санайтын Мәскеудің дінсіздері ақырында мұсылман дін басыларын жер реформасына бата беруге мәжбүр етті. Дін басылары жер реформасын діни тұрғыдан ақтау үшін дін кітаптарынан "бәтуалар" іздеп тапты. Бұл науқан шарифатқа, Имам ағзамның өсиеттеріне қайшы келмейтінін "дәлелдеді". Басқаша айтқанда, Ленинді Түркістан шаруаларына қабыл еттіру үшін оның бетін Имам ағзамның "түкірігімен" жууға, оның "төңкерістік теорияларын" мұсылман дін басылары ұшықтап дем салуына тура келді. Бірақ ол да аз еді. "Қызыл Өзбекстан" беттерінде (бұл газетке ол кезде қазіргі Орта Азия Бюросының 3-хатшысы жетекшілік ететін) Ленин мен Мұхаммед пайғамбардың бір-біріне рухани жақындығын дәлелдеу мақсатында көлдей-көлдей мақалалар жариялана бастады. Ташкент газеттері мақалаларын Мұхаммед — "әлсуметтік пайғамбар", ал Ленин болса "нағыз пайғамбар" деп тұжырымдаған еді" (236).

М.Шоқай жер мәселесінде большевиктердің тұрақты бағыт ұстамай, әрқашан қайдағы бір төтенше реформаларды ойлап тауып, ылғи да өзгерістер жасаумен әуестенгенін ашық жазды. Бұл мәселе әсіресе жоғарыда атап көрсетілген қазақ интеллигенциясының орталықтан Қазақстанға ағылған келімсектерді тоқтату туралы әділетті ұсыныстарына байланысты большевиктердің күйтырқы шараларында айқын

корініс берді. Мұны М.Шоқай төмендегідей түсіндіреді: “Большевиктердің өздерінің мойындарына қарағанда 1922 жылы “Түркістан буржуазияшыл ұлтшылдарын” өкімет істеріне тартуға мәжбүр болған кездерінде іс басына келген әлгі жергілікті кадрлардың алдымен қойған талабы да осы мұғажыр келтіру процесін тоқтату болған және Кеңес өкіметі ол кезде олардың талабын қабыл алған. Осыдан біраз өткен 1925-1926 жылдардағы Түркістан партия құрылтайында бұл мәселе заң жобасы түріне келтірілді. Осындай шешім Қазақстан, Қырғызстанды өз ішіне алған Ресей Федерациясы Орталық өкіметі мен атқару үкіметінің қарарларынан да орын алды. Бірақ көп өтпестен осы Орталық өкімет пен атқару үкіметі орыс мұғажырларына қайта жол ашты. Мұның өзі Түркістандағы барлық “ұлттық коммунистерді” Кеңес өкіметінің партия ішіндегі жаулары деп жаппай айыптауға және 1937-1938 жылдардағы жаппай қудалау мен жазалауларға алып келді...” (237).

М.Шоқайдың бұл айтқандарының шынайылығын және неліктен орын алғандығын Қазақ өлкелік партия комитетінің V және VI жалпықазақтық конференциялары шешімдерін салыстырғанда айқын ұғуға болады. Мысалы, 1925 жылы желтоқсанда болып өткен V жалпықазақтық өлкелік партия конференциясы “бұрынғы переселен басқармасының байырғы қазақ халқының пайдалануынан аса көлемді жерді (20.000.000 десятин) алып қойғандығын” ескеріп, “алғашқы кезекте қазақтарды жерге орналастыру қажеттігін және республиканың байырғы сондай-ақ келімсек халықтарын жерге түпкілікті орналастырып біткенше өз бетінше қоныстанушылар қозғалысын тоқтатуға бағытталған нақты шаралар қолданылуы тиістігін” атап көрсеткен еді (238).

Алайда Қазақстанда сталиншілдік ахуалдың орныға түсуіне байланысты келесі VI жалпықазақтық партия конференциясы бұл шешімді қате деп тауып және өткір сынға алып, “ұлттық белгілері бойынша жерге орналастыру кезегін Коммунистік партияның таптық және ұлттық саясатына жауап бермейтін” шешім ретінде теріске шығарды (239).

1929 жылы Қазақстанда бұрынғы патша үкіметінің кезіндегі переселен басқармасының қайта ашылуы шын

мөнінде Кеңес өкіметінің Қазақстандағы қоныстандыру саясатын қайта жолға қойғандығын айқын дәлелдеді. Қуғындалған қазақ интеллигенциясы кезінде міне осыған ғана қарсы күрескен еді.

Сонымен жоғарыда айтылғандарды қорытып айтар болсақ, төмендегідей тұжырымдарға тоқталар едік:

- XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарында қазақ демократиялық интеллигенциясы жер мәселесінің ұлт тағдырындағы орны мен рөлін дұрыс түсіне білді және осыған байланысты өздерінің пікірлерін ашық айтты;

- Ұлттық интеллигенция патша үкіметінің отарлау саясатының ауыр салдарын өздерінің еңбектерінде дер кезінде және шынайы аша алды;

- Ұлттық интеллигенция өзінің туған халқын жан-жүрегімен сүйді, алайда олар қазақ халқына тон кейбір келеңсіз дағдылар мен әдеттердің олардың жерден айрылуына едәуір ықпал еткендерін де батыл атап көрсете білді;

- Жер мәселесінің ұлт мәселесіне шешуші ықпалын айқын аңғарған олар, алғаш жерге қазақтарды орналастыру қажеттігін және бұл асығыс жүргізілмей, қазақтың дәстүрлі тұрмысын, шаруашылығын қорғау сипатында көрінуі керектігін ескертті;

- Осыған байланысты ұлттық интеллигенция қазақ жерін алу үшін әр түрлі әдіс-айлаларға барып және өздерінің отаршыл пиғылдарын заңдар мен ережелер шығару жолымен қорғамақ болған патша үкіметінің теріс пиғылдарын өшкереледі;

- Олар қазақ арасында 15 десятинадан жер мөлшерін үлестіру саясатының қазақты әуре-сарсаңға салып, шатастыру болып табылатынын батыл мәлімдеді;

- Кейбір ұлтына адал қайраткерлер кеңестік биліктің алғашқы кезеңінде де патша үкіметінің қоныстандыру жолымен Қазақстанды отарлау саясатының өз жалғасын тауып отырғанын дер кезінде көре білді және осыған байланысты қарсы азаматтық пікірлерін де айта алды.

III ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ

3.1. XVIII ғасырдың соңындағы – XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы Қазақстандағы ұлт-азаттық бас көтерулерге ұлттық интеллигенцияның көзқарасы

Қазақ тарихын зерттеумен белсенді айналысқан интеллигенция өкілдерін аса толғандырған мәселелердің бірі - Қазақстандағы Ресей отарлауына қарсы ұлт-азаттық қозғалысы. XX ғасырдың алғашқы ширегінде жазылған еңбектер бұл мәселені шынайы да объективті тұрғыдан көрсету бағытын ұстанса, ал 30-шы жылдарға қарай тарихта таптық көзқарастың белең алуына байланысты тарихи ақиқатты сталиндік концепцияға сәйкес баяндауға тырысушылық байқала бастады. Ал енді мәселеге тарихнамалық талдау тұрғысынан қарар болсақ, қазақ интеллигенциясының еңбектері ұлт-азаттық қозғалысының төмендегідей мәселелерін зерттеуге назар аударғанын аңғарамыз:

- ұлт-азаттық көтерілістің себептері жәнс ерекшеліктері;
- Сырым ұйымдастырған ұлт-азаттық қозғалысының ерекшеліктері;
- Исатай мен Махамбет басқарған көтерілістің себептері, сипаты, қорытындылары;
- Кенесары бастаған халық қозғалысының тарихтағы орны.

Қазақстандағы патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы бас көтерушілер аз емес. XX ғасырдың 30-шы жылдарына дейін жазылған еңбектер арасында қазақ интеллигенциясының басты-басты ұлт-азаттық сипаттағы бас көтерулерге арнайы көңіл бөлген зерттеулері баршылық. Мысалы, Халел Досмұхамедұлы өзінің “Тайманұлы Исатайдың қозғалысы турасында қысқаша мағлұмат” атты зерттеу еңбегінде осыған орай былай дейді: “Он сегізінші, он тоғызыншы әсірлердегі қазақтың қозғалысының ең күштілері – Сырымдікі, Исатайдікі, Кенесарынікі. Үш қозғалыстың басты мақсаты - қазақты орыстың жөңгірлік құшағынан құтқару” /240/.

Сонымен бірге Х.Досмұхамедұлы өзінің осы еңбегінде ХІХ ғасырдың екінші жартысына қарай болған Нұрмағамбетұлы Жанғожа мен Көтібарұлы Есеттің көтерілістерін және Орал, Торғай қазақтарының көтерілістерін атап көрсетеді (241).

Алайда ұлт-азаттық қозғалысына көңіл болген қазақ интеллигенциясының әсіресе алғашқы үш көтеріліске баса назар аударғанын айта кеткен жөн.

Ұлт-азаттық көтерілістер тарихын зерттеуде қазақ интеллигенциясына тән бір ерекшелік – олардың шынгу себептеріне, тарихи маңызына баға беруден тартынушылық дер едік. Мұның себептері біздің ойымызша төмендегідей: 1) кеңестік жүйенің орныға бастауы және оның ұлт-азаттық қозғалыстарына ұстанған саяси бағытының әлі де айқын болмауы; 2) аталған ұлт-азаттық қозғалысының әлі де архивтік нақты деректер негізінде зерттелмеуі; 3) тарихпен айналысқан қазақ интеллигенциясының шын мәнінде осы мәселелерді зерттеуде кәсіби тарихшы-маман болмаулары.

Осының бәрі ұлт-азаттық қозғалыстары тарихын зерттеумен айналысқан қазақ интеллигенциясы оқидерін негізінен өздері білетін жоғарыда аталған көтерілістер туралы деректерді баяндаумен шектелуге итермелеген деуге болады. Рас, көтерілістер себептеріне қатысты бірлі-жарым пікірлер олардың еңбектерінде дегенмен де кездеседі. Мысалы, Қошкө Кеменгерұлының “Қазақ тарихынан” деген еңбегінің “Қарсы қозғалыстар” деген бөлімінде Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысының себептері төмендегідей баяндалады:

“Кенесары толқуының шығуына бас себептер: 1) Рамат алымының жиналуы; 2) үкімет төрелерінің қысымшылығы; 3) шенге сатылған хан тұқымдары мен еркіншілікті көкселен хан тұқымдарының арасында наразылық тууы; 4) приказ жұмыстарының әділсіз болуы, мәселен бұқаралық не татар сәудагерлері қазақ жерімен жүргенде мал тауырлары талансын, таланбасын “қазақ талады” деп өлшеуден артық қампайтып көрсетіп, приказ арқылы толестіретін болған. Кейбір саудагерлер қазақтың қанын сорып, алдын алып, “таландық, не пәленше борыш төлемеді” деп арыз беретін болған. Жазғанды өтірік оқып қазаққа қол койдиратын болған; 5) қазақ-орыс қысымшылығы; 6) болыс-болысқа бөлінген рулардың арасындағы наразылық... (242).

Бұл себептердің шынайылығы біздіңше күдік туғызбайды. Қ.Кемеңгерұлы сонымен қатар Кенесары көтерілісін Орынбор қазақтарының қолдау себептеріне де тоқталады. Бұл туралы оның былай дегені белгілі:

“Сібірге жақындамауға бұйырылған соң Кенесары Орынбор қазақтарының арасында көтеріліс жасады. Орынбор аймағының сызықта отырған қазақтары алғашқы кезде Кенесарыға қосылды. Мұның себебі: 1) арадағы қазақтың жерлері қазақ-орыс пайдасына кеткендіктен; 2) алымның күшейгендігінен. Үкімет толқыннан қорқып, Мұғаджар тауының етегінен Ырғыздың Торғайға құйылатын шетіне шейін крепстер салды. Ырғыз крепсі салынған соң, Кенесары Түркістан ауды. Толқып-толқып қажыған, үкімет шідері мықтап салынған Орынбор елі, Кенесарыға тиісті көмек бере алмады...” (243).

Қ.Кемеңгерұлы Кенесары қозғалысының себептеріне назар аудару арқылы ұлт-азаттық қозғалыстарының себептерін айқындауға тырысты. Бұл Қазақстан тарихындағы ХХ ғасырдың 20-жылдарының алғашқы жартысына дейінгі кезеңдегі, яғни тарих ғылымында сталиндік концепция әлі орныға қоймаған кезеңдегі қозғалыс еді. Осы ғасырдың 30-жылдарында ұлт-азаттық қозғалыстарының себептеріне байланысты қозғалыс өзгере бастады. Мұны біз С.Асфендияровтың “История Казахстана” атты еңбегінен айқын аңғара аламыз. Оның қазақтардың Е.Пугачев бастаған және С.Датов бастаған көтерілістерге арналған бөлімінде ұлт-азаттық қозғалыстарын таптық ыңғаймен барынша интернационалдық және революциялық қозғалыс етіп көрсетуге тырысушылық байқалады. Дәлелді болуы үшін С.Асфендияровтың осы пікірлерін түпнұсқадан аудармай, орыс тілінде берген жөн деп ойлаймыз. Ол былай деп жазған еді: “Кровавая расправа с башкирскими восстаниями, укрепление ханской власти в казахской степи и, наконец, постепенное стеснение вольностей русского казачества путем усиления власти войсковых старшин и атаманов, - все это создаст предпосылки для развития революционного движения широких масс русского казачества и крестьянства, а также среди покоренных народов против феодально-крепостной эксплуатации, против царско-помещичьей власти...” (244).

Мұндағы “қазақ даласында хандық биліктің күшшөі” орыс казактарының және барлық “бағынышты халықтардың” (ішінде әрине қазақтар да бар) “революциялық қозғалысын” жандандырды деген пікірдің қисынсыздығы бірден көзге ұрып тұр. Мұндай орыстар мен оларға тәуелді басқа халықтарды араластыра баяндау С.Асфендияровты одан ары оқығанда тереңдей түседі.

...Положение фабрично-заводских рабочих на рекрутские наборы разоряли крестьян. Еще хуже было положение трудящихся масс покоренных народов. ...Башкирские восстания 1735-1740 гг. и другие были подавлены с невероятной жестокостью. Много лучших башкирских земель было отобрано за время этих восстаний, большое количество башкир превратилось в крепостных или было отдано на заводы Урала, на постройку Оренбурга и т.д. Калмыки подвергались крайне тяжелым поборам и пытались откочевать из пределов России, и действительно часть их (3^и) 999 кибиток) до пугачевского восстания уключивала в пределы Западного Китая. ...Укрепление власти ханов с помощью царского правительства и изъятие земель создавали и в казахской степи состояние брожения, недовольства. Поэтому, с первыми успехами восстания русского казачества под предводительством Пугачева, к этому восстанию присоединились закабаленные массы крестьянства и покоренных народов. Восстание приняло интернациональный характер, ибо под знаменами Пугачева дрались против помещиков, царских чиновников и генералов русские, татары, башкиры, чуваша и казахи. Правда, влияние пугачевского движения на казахов было относительно слабое. К Пугачеву присоединились крупные казахские роды: тама, табын и другие, особенно стесненные во время изъятия земель по Уралу. Присоединились некоторые султаны, как Дусали Ералиев и его сын Сейдали (245).

С.Асфендияров көріп отырғанымыздай, қазақ даласында хандық биліктің нығаюын, патша үкіметінің қанаушылық саясатымен қатар қояды және қазақтардың Пугачев көтерілісіне қатынасу себептерін осыдан іздестіреді. Мұндай қорытындының ғылыми негізі әлсіз. Рас, қазақ гарисында орыс үкіметі ықпалына түскен хандарға қарсы ұлтзаттық көтерілістері болғаны да белгілі. Бұлардың ең ірілері Сырым

мен Исатай бастаған көтерілістер екенін білеміз. Алайда патша үкіметінің отаршыл саясатына қарсы халықты басқарған хандарымыз бен султандарымыз да баршылық. Оның ең ірісі әрине, жоғарыда айтылған Кенесары бастаған қозғалыс. Мұны С.Асфендияровтың ескермеуі окінішті.

Хандарға қарсы қозғалыстың негізгі мақсаты — орыс ықпалынан шығу үшін болған күрес еді. Осыған байланысты Сырым мен Исатайдың көтерілістеріне баса назар аударған Х.Досмұхамедұлының пікірлері қызықты. Ол былай деп жазған еді:

“Сырым мен Исатай хандардың патша үкіметінің құралы болғанын түсініп, әуелі орыс үкіметі арқылы хандарды жойып, сонан соң орыс үкіметінен құтыламыз деген саясат жүргізді. Хандар мен патша үкіметін бірін біріннен айыру мүмкін емес екендігін бұл екеуі тез-ақ түсінді. Сондықтан ақырында хандарға да, орыс үкіметіне де қатар қарсы болды” (246).

Ал енді Сырым бастаған көтерілістің өзіндік срекшеліктерін Х.Досмұхамедұлы төмендегідей сипаттады:

“Сырым он бес жылдай (1782-1797) күресті. Сырымның уақытында орыс үкіметі қазақ ішінде күшті емес еді. Саясатын ойдағыдай қылып ел ішіне жүргізе алмайтын еді. Бір қолымен хандарды сүйесе, екінші қолымен елді алдау үшін сипайтын еді. Патша үкіметі Сырымды әуелгі уақытта сипады. Сырымның арғы сырына түсінген соң-ақ, үкімет жалт беріп, Сырымға теріс айналды. Сырым патша үкіметінің сипағанына иланып қалды. Осы илануы елден айырылуға себеп болды. Әуелгі уақытта Кіші жүз Сырымға тегіс-ақ еріп еді. Ақырында Сырым Үргенішке жаңғыз барды десе болғандай болып барып, дұшпандарының қолынан құрметсіз өлім тапты (удан өлді)” (247).

Сырымның орысқа бейім торе тұқымдарының соңына түскенін айта келе Х.Досмұхамедұлы өз пікірін былай қорытады: “Сырым Нұралы ханды тақтан түсіріп құды, Есім ханды олтірді, патша өкіметімен жауласты. Сырым ақырында жеңілді” (248).

Қазақ зиялылары арасында Сырымның көтерілісін арнайы зерттеген ешкім жоқ. Х.Досмұхамедұлының жоғарыдағы пікірлері оның Исатай бастаған көтеріліске байланысты ішінара айтылғандары.

Мұның басты себебі біздің ойымызша, Сырым бастаған көтерілістің тек патша үкіметіне ғана емес, жергілікті қазақ хан-сұлтандарына қарсы бағытталуынан болар. Алаш қозғалысына қатысқан қазақ зиялылары таптық емес, ұлттық мұраларды бәрінен де жоғары қойғандықтан, кезінде қазақтардың екіге бөлініп, өзара қарсы тұруының айқын көрінісі болған Сырым бастаған қозғалысты үлгі ете қойған жоқ. Сондықтанда болар, Ә.Бөкейхановтың “Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи” атты еңбегінде Кенесары көтерілісі айтылса да, Сырымның есімі ауызға алынбайды.

Оның есесіне таптық көзқарасты ұстанған С.Асфендияров тәрізді зерттеушілер Сырымның көтерілісіне зор мән беріп, хандар мен сұлтандарды тарихымызда барынша қаралауға осы көтерілісті пайдаланып бақты. Оның пікірінше Пугачев көтерілісін басқан патша үкіметі бұрынғыдан да күшейіп қазақ даласына тереңдеп ене бастады. Осыған байланысты бұқараның патша өкіметіне және олардың қолжаулықтарына қарсы, яғни хандар мен сұлтандарға қарсы қозғалысы басталды. Бұл қозғалысты Сырым Датов басқарды. С.Асфендияровтың пікірінше Пугачев көтерілісінен кейін патша үкіметінің қазақ хандарымен және сұлтандарымен жақындасулары күшейе түскен. Ол тіптен “хандар мен сұлтандардың орыс чиновниктеріне айналу бағыты байқалды деп те жазды” (249).

Әрине, бұл жерде тапшыл бағытты ұстанған тарихшы асыра сілтеуге ұрынды. Барлық қазақ хандарын және сұлтандарын орысшыл етіп көрсету ешқандай шындықпен қиылыспайды. Тіптен Сырымның өзін де сұлтандардың біразының қолдағаны белгілі.

Сырым көтерілісінің басталуын, барысын С.Асфендияров мұнан ары былай өрбіте баяндайды: патша үкіметі Пугачев көтерілісіне қатысқан қазақтарды аяусыз басып-жанышптауды Нұралы ханға тапсырды. Барлық тұтқындарды қайтару, шығындарды өтеу қажеттігі де айтылды. Осыған байланысты ханды қолдау үшін қазақ даласына жазалау үшін экспедициялар шығарылды. Орыс казактарының қазақ ауылдарына шабуылдарына қолдаулар жасалды. Жазалаушы экспедицияларға ханның адамдары мен башқұрттар қатысты.

Олар бейбіт ауылдарды талап, әйелдер мен балаларды тұтқын етті.

С.Асфендияровтың айтуынша Сырым батырдың алғашқы көтерілісі орыс казактарының жоғарыда айтылғандай ауылға шабуыл жасауынан шықты. Алғаш Сырым өзінің руы байбақтыдан басқа Жантөре, Тленші, Оразбай және т.б. билер, старшындар, батырлар бастаған руларды көтерді. Хандар мен сұлтандар бұл көтерілісті басу үшін орыс генералдарынан көмек сұрап, оны алды (250).

Әрине, бұл жерде де С.Асфендияровтың пікірімен толық келісу қиын. Оның айтқанына қарасақ, тағы да барлық хандар және сұлтандар атаулы орыстардың жағында болып, ал Сырымды тек қара халықтан шыққан старшындар, билер, батырлар қолдаған болып шығады. Бұл біз білетін тарихи шындыққа қайшы. Сырым батырдың түптің-түбінде Айшуақ сұлтан басқарған хан кеңесіне мүше болып кіргені тарихтан белгілі. С.Асфендияровтың айтуына сенсек, Сырымның ұзақ уақыт жеңіліске ұшырамауының басты себебі – даладағы партизандық соғыс болып табылады. Осының нәтижесінде қозғалыс өсіп, кеңейе түскен. Хандар мен сұлтандар біртіндеп көптеген рулардан айырыла берген, “бүкіл дала түгелдей дерлік патша үкіметіне және жексұрын “ақсүйектерге” қарсы көтерілістер” шарпуында қалған (251).

С.Асфендияровтың осындай тұжырымынан соң, қазақ даласы түгелдей дерлік өшпенділікпен хан тұқымдарына қарсы көтерілгендей әсер аласыз. Егер қазақ даласы шынында да хан тұқымдарына түгелдей дерлік жауыққан болса, арада 30 жылдай уақыттан кейін басталған Кенесары және т.б. “ақсүйектер” бастаған көтерілісті неге қолдап шықты? – деген табиғи сауал туындайды. Мұны таптық көз-қарасты құлшына қолдаған С.Асфендияровтың “байқамай” қалуы таңданғады.

Мұнан ары С.Асфендияровты тыңдасақ оның өзі жасаған таптық тұжырымына өзінің қарсы шығып отырғанын айқын аңғарамыз. Ол көтеріліс барысында қазақтардың дала түкпіріне, дала өзендері Ембінің, Ойылдың және Темірдің бойларындағы үкімет әскерлері бара алмайтын жерлерге көшкендерін айта келіп, былай деп атап көрсетеді: “Императрица Екатерина II қазақ даласындағы жағдайды дұрыс ескере білді және бұқаралық қозғалысты қарулы күрес

жолымен емес, өзінің жағына ат төбеліндей феодалдық-рулық топты шығару арқылы тоқтатуға сәтті әрекет жасады” (252).

Көріп отырғанымыздай, С.Асфендияров жоғарыда көтерілістің үстем тапқа қарсы болғанын айтса, ал енді сол үстем тапты - “феодалдық-рулық топты” патша үкіметінің өзіне қаратуы көтерілісті жеңіліске ұшыратты дегенге саяды. Мұндағы қайшылық - халық үстем тапқа қарсы көтерілген болса, сол үстем таптың патша жағына шығуы көтерілісті неліктен жеңіліске ұшыратады? – деген сауалға жауаптың жоқтығы. Мұнан ары С.Асфендияров тіптен Сырымның өзінің де Игельстром реформасын қолдағанын атап көрсетеді. Алайда ұзақ жылдар бойы патша үкіметіне қарсы бітіспес күрес жүргізген, оның неліктен мұндай мойынсұнуға барғанын түсіндіріп жатпайды.

Игельстромнің Кіші жүздің барлық билеріне, старшындарына және батырларына бейбітшілікке және тыныштыққа шақырып үндеу тастағаны рас. Оның келгені де рас. Бірақ мұндай тәртіптің қазақтарға жақсылық жасау мақсатымен жасалмағаны да белгілі. Бұл отарлау саясатын нығайтудың қулықтарының бірі еді.

С.Асфендияров жаңа тәртіпті былай түсіндіреді: “Сырым батыр және қозғалыстың басқа да көсемдері үкіметтің ұсынысымен келісті. Нұралы хан айдауға, Уфа қаласында тұруға жөнелтілді және жаңа басқару енгізілді. Кіші жүз үш ірі рулық бірлестікке: Әлімұлына, Байұлына және Жетіруға бөлінді. Әрбір бірлестік басына белгілі ру старшындары және билер тағайындалды. Оларға мемлекеттік бюджет есебінен ішінара “аппарат” түрінде аудармашылар мен хат жүргізушілер берілді. Кіші жүзді басқару кеңесі ұйымдастырылып, оның төрағалығына үкіметтің ұсынуымен Сырым тағайындалды. Орынбордағы өлке бастығының жанынан құрметті және белгілі қазақтар институты құрылды. Олар арқылы орыс әкімшілігі даладан хабардар болып отырды” (253).

С.Асфендияровтың түсіндіруінше жаңа тәртіпті халық үлкен үмітпен қарсы алды, жортуылдар мен тонаулар тоқтатылды, бүкіл далада тыныштық орнады. Бірақ бұл ұзаққа бармады. Көп кешікпей-ақ үміт ақталмады. Ал енді бұған кінәлі кім дер болсақ, патша үкіметі емес, қазақ хандарының тұқымдары болып шығады. Осы орайда С.Асфендияров былай деп жазды: “Сұлтаннар түріндегі қазақ

феодалдық аристократиясы хандық билікті қалпына келтіру үшін үгітті күшейтті және нәтижесінде 1790 жылы Сырдарияның төменгі ағысында өмір сүрген сұлтандардың бірі – Ералы хан болып сайланды. Жаңа күрес басталды. Ішінара Бұқараның тарапынан қалпына келтіруге арандатылған Сырым батыр (Рязанов Сырымға тіптен түрік эмиссарларының жіберілу фактісін де келтіреді) ханға және реформа сәтсіздікке ұшырады деп санаған, сондай-ақ ханды тағыда қолдауға шешім қабылдаған патша үкіметіне қарсы қозғалысты көтерді. Бүкіл линияның өн бойында орыс қамалдарына және елді мекендеріне шабуылдар басталды, малдарды айдап алып кетті, адамдарды тұтқынға алды. Ералы қайтыс болғаннан кейін тағайындалған жаңа хан Есім Орынбордың форпостыларына жақын болды, соның қорғауымен өмір сүрді, Сырым батырдың қолынан өлді. Патша үкіметі жаңа ханды тағайындамай тағыда келісімге баруға тырысты. Ол 1797 жылы даланы басқару үшін сұлтандардың бірі (Айшуақ) басқаратын хан кеңесін ұйымдастырды. Оған рулық старшындар және билер кірді. Бұл күресуші феодалдар топтарын татуластыру әрекеті болатын. Бірақ бұл топтар арасындағы күрес тоқтамады. Сұлтандар старшындарды кеңеске кіргізуге қарсы болды, ал старшындар бөлек кеңес мүшелігіне сұлтандардың басты жауы және бұқараның танымал көсемі Сырым батырды ұсынды. Нәтижесінде патша үкіметі тағы да хандар және феодалдық аристократия билігін қалпына келтіруді мақсат етеді. Қалың бұқараны тағы да көтеруге әрекеттенген Сырым батыр бұл жолы табысқа жете алмады және шешуші шайқастардың бірінде Қаратай сұлтанның қолынан қаза тапты” (254).

С.Асфендияров жазған осы жолдарды оқып отырсаңыз, оның мәселені түсіндіруден гөрі, баяндау бағытын ұстанғанын айқын аңғарамыз. Мұнда көптеген сауалдар туындайды. Олардың кейбірі мынандай: феодалдық аристократия неліктен хандық билікті қалпына келтірмек болды? Патша үкіметі неліктен Игельстром реформасын сәтсіздікке ұшырады деп ойлады? Хан кеңесі қайта ұйымдастырылғанда оның басына сырым емес Айшуақ сұлтанның ұсынылғаны қалай? Сырым соңғы рет қалың бұқараны тағы да көтермек болып әрекеттенгенде неге табысқа жете алмады?

С.Асфендияровтың Сырымның Қаратай сұлтанның қолынан қайтыс болғаны туралы пікірі де күмәнді. Кейінгі зерттеулер оның Хиуа жерінде қарсыластары берген удан қайтыс болғанын көрсетіп берді (255).

Таптық көзқарас ықпалына түскен С.Асфендияров мынаны байқай алмады: қазақ хандығын қалпына келтіру шын мәнінде Қазақстанның тәуелсіздігіне апаратын жол еді. Сондықтан, қазақ хандығына жаулық көзқарас ұстанбай, мәселені жан-жақты объективті талдау жөн еді. Өкінішке орай, С.Асфендияровтың еңбегінде дәл осылар жоқ болды. Қазақ хандығы туралы мәселе таптық емес, ұлттық, яғни әлдеқайда кең ауқымды қойылатын мәселе болып табылатынын зерттеуші түсіне алмады. Бұл әрине, С.Асфендияровтың ғана емес, таптық көзқарас жолына түскен барлық қазақ интеллигенциясының қасіреті еді.

Сондықтан да қазақ жерін басқаруға байланысты патша үкіметінің басқару реформаларындағы өзгерістерді С.Асфендияров хандар мен сұлтандар арасындағы өзара билікке таласудың нәтижесі ретінде біржақты көрсетуге тырысты. Ол мысалы, Сырым батыр қайтыс болғаннан кейінгі басқару реформасында болған өзгерістерді төмендегідей түсіндірді: "...Кіші жүздің ханы болып, Әбілқайырдың балаларының бірі Айшуақ тағайындалды. Ол бұл жүздің соңғы ханы болды (хан болып тағайындалған оның баласы Жантөрені қаратасшылар өлтірді). Сұлтандардың әлсіз әрі көрі Айшуаққа қарсы сұлтан Қаратай басқарған өзара күресі патша үкіметін өзінің саясатын өзгертуге итермеледі. Ол қазақтарды хандар арқылы басқару туралы ойдан бас тартты. Феодалдық-рулық билеушілерге, старшындарға және билерге сүйену әрекеті де ойдағыдай нәтижелерге жеткізе қоймады. Жол жүзді әкімшілік территориялық бірліктерге бөлу арқылы табылды. Олардың басына сұлтандар қойылды. Бұл шаралар арқылы үкімет хан тағына таласқан феодалдар арасындағы күресті тоқтатуға қол жеткізді және мемлекеттік аппаратты нығайтты. Өйткені билеуші-сұлтандарға едәуір әскери күш берілді. Кейінірек XIX ғасырдың 40-жылдарының орта шеніне таман "аға сұлтан" дейтіндер немесе билеушілер патша үкіметінің әкімшілік аппаратының құрамына басқарушылар емес, көмекшілер ретінде енді (оңтүстік Қазақстанда олар "уезд бастықтарының аға көмекшілері" деп аталып, тағайындалды).

1869 жылы өлкесі жаңа әкімшілік жолмен құру негізінде сұлтандар феодалдық-рулық билеушілермен ауыстырылды” (256).

Көріп отырмыз, С.Асфендияровтың өзі мойындап отырғандай, патша үкіметі қазақ жерін отарлауда ұлт-азаттық көтерілістерін басып-жаншумен ғана шектелген жоқ. Ол бұрынғы хандық билікті біржолата күйретуге бағыт ұстады. Мұнда әсіресе бұрынғы хан тұқымдарын сұлтандарды биліктен біртіндеп алыстату, қазақ халқының санасынан бұрынғы хандар мен олардың тұқымдарының рөлі туралы естеліктерді мүлде ошіру шаралары әсіресе белсенді болды. Мұндай бағыт, яғни қазақ халқын ежелден қалыптасқан басқару жүйесінен – хандық биліктен айыру қазақ халқын ұлттық мемлекеттігінен айыруға алып баратын еді. Амал қанша, бұл мәселеде лениндік-сталиндік таптық көзқарас ұстанған С.Асфендияров өзі төре тұқымынан шыға тұрса да тарихи шындықтан алыс тұрды (257).

XVIII ғасырдың орта шенінде патша үкіметі Ертіс өзені бойындағы жерлерді жаулап алу үшін әр түрлі құйтырқы әрекеттерге барды. Бұл туралы Т.Шонанұлы кезінде мынандай пікір білдірген еді: “1752 жылы сыртқы істер коллегиясына берілген құпия жарлықта: жоңғардың нояндары Ертіс басын аламыз деп көз алартады, бұл жерге келтірмеске тырысу керек, дейді. Бұл жарлықтан жоңғар мұнан бұрын Ертіс басынан кетіп, қазақ қоныс қылғаны көрінеді. Міне осы жылдардан бастап, қазақ Ертістің оң қабырғасын қоныс қылуға тырысады. Үкімет қазақты Ертістің тіпті сол жағынан қууға ұмтылады. Ертіс бойына үздіксіз талас қылады. Үкімет қазақты аударуға түрлі тәсіл, амал шаң шығарады. Қисынсыз заң далада қалып, қазақ Ертіс бойында отыра береді...” (258).

Ертіс шын мәнінде қазақтың ежелгі ата қонысы еді. Сондықтанда бұл жер үшін қазақ отаршылдарға қарсы аянбай соғысты. Мұны Т.Шонанұлы томендегідей баяндайды:

“Ертістің оң жағына өтіп, қоныс қылып үкімет кет десе, сол жақтың оты малымызға жетпейді, кетпейміз деп, Абылайға қараған қазақтар қарсылық қылады. Ертісте қазақтан басқа елдің қонысы жоқ, бізді Ертістің оң жағынан кет десең, біз орысқа тіпті суат бермейміз деп жауап қайырады. Ертісті қазаққа еркін билетпес үшін, үкімет 1755

жылы Сібір жерінде әскер молайтуға бұйрық қылады. Сол жылы көп елмен Ертістің оң жағына Күлеке батырдың баласы көшіп өтіп, қарсы жіберілген атты казак һәм драгун әскерімен Ертістің оң жағасы үшін соғысты, көп адам қырылып, жарақаттанып, қазақ Ертістің сол жағына қайта өтеді. Бірақ Ертістің басқа жерінен өткен қазақтар әскерге болыспай, бірнеше мың үй оң жақта қалады... Осы жылдары қыпшақ Қошқарбай батыр, қалмақты Обь өзенінен асыра қуып, Ертістің оң бетінен көп қазақ қан төгіп, қоныс алады. Міне, осындай қан төгіп алған қазақ кетпейміз десе, үкімет мұны қазақ тек содырлығынан Ертісті тастап кетпейді деп, қазақты жай бір беймаза халық көрсетіп, теріс мағына береді, қазақты Ертістен күшпен қуу үшін әскер жинай беретін еді, Ертістен қуамыз деп бұйрық шығара беретін еді. Мұнан орысқа қазақ беймаза болғанда, еріккендігінен мазасыз болмай, өзінің еңбек сіңірген қонысы үшін, амалсыз мазасыз болғанын көрсетеді” (259).

Орыс отарлауына қарсы Жайық өзені бойындағы қазақтардың қарсыласулары да осыған ұқсас. Жайық бойының да о бастан-ақ қазақтың ата қонысы болғаны белгілі. Осыған байланысты Т.Шонанұлы Жайық бойына талас туралы былай дейді: “Қазақ өзінің қол астына кірген шамада орыс үкіметінің қазақты күшпен ұстап тұрарлық иә болмаса сұсымен қорқытарлық айбынды әскері жоқ болған. Үкімет қазақтың басшыларына сыйтарлығы тарту беріп, алдарқатып билеу жолына түскендігінің бір себебі осы, қазақты әлсірету... Кіші жүз қазақтары қолайлы қоныс таба алмай, ол кезде бос жатқан Жайық бойына құлап, пайдаланып жүрді. Жайықтан өтіп Самар жаққа да кіріп жайлаған кездері болады. Жайықты іші қызғанса да, қоруга әлі келмей, ең әуелі үкімет 1755 жылы Нұралы мен Кіші жүз қазақтарына Жайықты қоныс қылып, қыстыгүні оң бетіне малын жаюға рұқсат еткен... қазақ, бастығы Нұралы болып, түс-тұсынан Жайықты иемденіп, қоныс қылып қыстау салып, күл төгіп пайдаланғысы келеді” (260).

Орыс үкіметі XVIII ғасырда әр түрлі амалдар қолдана тұрса да қазақтардың Жайық бойына қоныстануларын бәрібір тоқтата алмады. Мұны қысқаша болса да нақты тұжырымдап жазған Т.Шонанұлы еді. Т.Шонанұлының бұл тұстағы пікірлерінде солақай тапшылық қозғарас

байқалмайды. Автор қазақтың ұлттық мүддесін дәл де айқын, тап басын жаза білген. Ол XVIII ғасырдағы Жайық бойындағы қазақтар жағдайын төмендегідей баяндайды:

“Бос жатқан Жайық жағасын қазақтан үкімет қори бастайды. Келешекте орналастырылатын әскер жұмысындағы адамдар мен орыс тектілерге арнап қойғысы келеді. Мұның үшін өлгі заңды 1756 жылы өзгертіп, 1757 жылы қазақ Жайықтан өтпесін деген жарлық шығарады. Жарлық далада қалып, қазақ Жайықты қоныс қылып, оң жағына отіп, пайдаланып жүрс береді... 1795 жылы – Жайыққа қазақтың қатты таласып, қан төккен жылы. Үкімет заңына қарамай, мал-жайы үшін қазақ Жайық өтіп қыстайды. Жайықтың оң бетіне мал жайма, отпе деген атты казактармен соғыс шығып, көп кісі жаралы болып, екі жақтан да кісі өледі... Осы жылдан бастап қазақтың Жайыққа таласы жыл құрғамай күшейе береді. Бөкей Жайықтан өтіп қоныс алған кезге дейін Кіші жүз және бірқатар Орта жүз қазақтары Жайықты өтіп қыстамаған, Петрборға елші жіберіп қыстау салуға сұранбаған жылы жоқ деуге болады. Жыл сайын Жайықтан қазақты қууға үкімет шығармаған жарлығы, қолданбаған әдісі жоқ деуге болады... 1760 жылы көріскенде Жайықтан қоныс беруге қарсы деп Нұралы “Давыдовпен” қоштаспай қайтады. 1762 жылы екі Жүздің атынан Жайыққа қыстау салуға сұрап барып, Жәнібек батыр Петрбордан рұқсат ала алмай қайтады... Жайықтан отпе деп заң шығарып тұрған заң далада қалатынын біліп, Жайықты қуалай қамалдар салдырған... Қазақ малын атты казакқа ұстатып, атты казак малын казакқа барымталатып казакқа “ұры” атын тағып қамалдарға жақындатқысы келмеген... Елдің саны артып, қонысы тарылған соң XVIII ғасыр аяғында қазақ Жайықты сұранбай-ақ өз бетімен қоныс қыла береді. Үкімет осы жылдары Жайықтың екі жағына да кейбір казакқа қоныс бере бастайды. 1801 жылы Еділ мен Жайық арасы Бөкеймен өткен көп казакқа беріледі. Сонымен Бөкейдің жері Жайыққа 60 жылдай таластан шыққан нәтиже болады” (261).

XIX ғасырға қарай Патша үкіметінің Жайық бойына зорлық-зомбылығы орши түсті. Енді ол жаңа әдіске көшіп, казак жерін жаулауда атты казактардың күшін тиімді пайдалануды ойластыра бастады. Мұнымен қатар ол отарлаудың заңдық негізін нығайта түсу үшін “Уақытша

ереже” легенді шығарып қойды. Мұның өзі қазақтардың отаршылдыққа қарсы жаңа күрестеріне себеп болды. Осынау маңызды мәселені қазақ зиялылары арасынан алғашқылардың бірі болып шынайы зерттеген тағы да сол Т.Шонанұлы еді. Оның еңбегінен төмендегідей жолдарды оқимыз:

“ХХ ғасырдың бас кезінде, Кіші жүздің біраз елі Жайық өткен соң қалғандары өзен бойынан кетпей, қоныс тебе бастайды... Жанжал үкіметтің қазақты бұрын “қотыр қасқыр” деп шекке жолатпайтын себебі осы жер таласы болатын. Сол ғасыр басында қазақты Жайықтан өткен кезде үкімет ұнатқан белгілі жерлерден ғана өткізуге әскер шығатын болды. Шыққан әскерлермен соғысып қазақ Жайықты көктей қоныс қыла береді... Қалайда күштірек шара қылу ниетімен үкімет 1859 жылы Орал атты казагы иемденген жерде отырған қазақтар атты казакқа жазылғысы келмесе, ішкі Орда мен Жайықтың сол жағына таратып көшірілсін деп бұйрық шығарады... Осы 50-жылдардан бері қарай атты казак пен қазақ арасында жер жанжалы өте-мөте күшейеді. Екі жағы да ізденісіп, іс жоғарғы үкіметке дейін талай рет барады. Атты казак өзінің маңдай тері сінбеген Жайықтың сол жақ бетін қағаз жүзінде өзіне алып, қазаққа жалдамаға беруге ұмтылады. Жер жайының өршіп тұрған үшқынының үстіне 1868 жылдың Уақытша Ережесі шығады. Шоктың үстіне түскен бұл оқ-дәрі болып, Кіші жүз ауаланады (ауалану — наразы болу, толқу — *Ред.*). Үкіметке қарсы көтеріледі, соғыс ашады. Әсіресе, мықты ауаланған Жайық бойындағы және Жайыққа жақын жерлерін ала алмай жүрген қазақтар болады. ХІХ ғасырдың орта шенінде Есет, Жанқожа, Сүйінқаралардан соң, жер үшін Кіші жүздің мықты көтерілісі осы 1869-72 жылдары болады. Әскер күшімен үкімет қазақты жуасытты, қырды, жойды, дегеніне келтірді. Қазақ үкіметке бұрынғыдан да жексұрын болып қалды. Таяғын соққан атты казак бұрынғыдан да сүйкімді болды” (262).

Т.Шонанұлының ұлттық көзбен баға беру методологиясы біздің ойымызша, тарихи шындықты дәл және шынайы көрсетуге мүмкіндік берді.

Кіші жүз қазақтарының патша отарлауына қарсы болған ұлт-азаттық көтерілістерін жан-жақты қарастыра зерттеген

Х.Досмұхаммедұлы. Оның Сырым батырдың көтерілісіне байланысты пікірлерін жоғарыда әңгімеледік. Ол Кіші жүз жеріндегі басқа көтерілістерге де баса назар аударды. Өзі өскен өлкенің тарихынан жан-жақты хабардар болған ол, ғылыми еңбектермен қатар ауыз әдебиетінің үлгілерін де жақсы пайдалана отырып, ақиқат тарих жазуға тырысты. Мұнысы жалпы алғанда біршама сәтті шықты. Ол XIX ғасырдағы патша үкіметіне қарсы бас көтерулерге тоқтала келе былай деп жазды: ірі көтерілістердің бірі “өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының шамасындағы Әлімұлы шекті руынан шыққан Есет батыр Көтібарұлының көтерілісі. Есет сұлтан – правитель болған Арыстан “ханды” олтірді. Есеттің інісі Бекет ұсталды. Көтерілісті хукімет басты. Төртінші 1869-1870-інші жылдардағы қазақты әбден ноқталаған “Уақытша дала низамына” (Степное положение) көнбейміз деп Орал, Торғай қазақтарының жасаған көтерілісі. Бұл көтерілісті “ауа” деп айтады. Бұл көтерілісте кіші жүз қонысын тастап, Асан қайғы, Қазтуған жұртына – “Ауғанға” “Тесік таудан” өтіп бармақшы болды, төрелерді талады, өзара хандар сайлады. Ақырында быт-шыт болып, “хандарды” ұстап, ауған елдің көбі қонысына қайта қонып, патша хукіметіне көнді. Мұндай жалпы көтерілістен басқа, бөлек рулардың патша хукіметіне еткен қайраттары көп. Әсіресе, қайрат еткен байұлының адай деген руы. Адайдың Атақозы, Құдабай, Құлбарақ, Дәуімшар, Сүйінқара секілді батырларының істері... Қазақтың ішінде патша хукіметіне ең соңғы көнген руы – адай. Шынында, адай Хиуа мен түрікпенді алған соң ғана бағынды.

“...Патша өкіметінің жұмысы қазақты әбден бағындырып алып, қазақты көпір қылып Азияға аттау болды. Қазақтың амалы – таптайын деп тұрған патша өкіметінен құтылу болды. Дәуірлеп келе жатқан орыс байларының сауда капиталымен жауласам деп, Кіші жүздің жүз жарым жылдай тарихы қанмен жазылғандай болды. Бір жағынан, басын қорғап патша өкіметімен арпалысу, патшалардың құралы болған қазақ-орыстармен жауласу, патшалардың саясатын жүргізген хандармен алысу, екінші жағынан, қонысқа таласып естек, қалмақ, түрікпен секілді көршілерімен жауласу, үшінші жағынан, өзара ру таластары Кіші жүздің өткен тарихында кезектесіп келеді де тұрады ...” (263).

Ұлт-азаттық қозғалыстар тарихын әңгімелегенде жекелеген көтеріліс басшыларымен қатар айтылатын, осы қозғалыстар барысында кейде жағымды, кейде жағымсыз рөл атқарған тарихи тұлғалар бар. Олардың ұлт-азаттық қозғалыс басшыларымен күрделі кейде қайшылықты қарым-қатынасы тіптен арнайы зерттеулерді де қажет етіп жатады. Сондай тарихи тұлғалардың бірі Исатай-Махамбет бастаған көтеріліске байланысты ауызға жиі алынатын Жәңгірхан.

Кезінде Махамбеттің өзі оны “қасқырға”, “айыр құйрық шаянға”, “қарашұбар жыланға” теңеп, ол туралы жағымсыз түсінік қалыптастырғаны белгілі (264). Мұндай “үстем гап өкілін” қаралау бағытын таптық бағытқа бет бұрған зиялыларымыз қызу қолдады. Жәңгірдің және оның төңірегіннің халықты қанаушылық өрекетін баса көрсетуді мақсат еткен С.Асфендияров кезінде былайша жазған еді:

“Нигде в других областях Казахстана это закабление и феодально-родовая эксплуатация масс не приняли таких тяжелых форм, как в Букеевской Орде. Ханы и прочие феодалы начинают захватывать общинные земли и в первую очередь лучшие угодья, пригодные для земледелия. Так Джангирхан имел 400 000 десятин, Караул-ходжа-700000 десятин и т.д. Джангирхан выдал за время своего управления 1517 актов на владение землей разным лицам... феодальная эксплуатация путем взимания платы за пастьбу скота, штрафов и захватов скота за переход границ, кабальные условия аренды земель и т.п. — все это ставило в крайне тяжелое положение казахские массы” (265).

Әлі де таптық көзқарасты ұстана қоймаған Х.Досмұхамедұлының Жәңгірханға берген бағасы да жайсыз естіледі. Енді соны тыңдалық: “Жәңгірдің заманында ел мен ханның арасы айтқандай болып бөлінді. Жәңгір Аштархан губернаторы Андреевский дегеннің қолында өсті. Орысша, арабша, парсыша заманынша жақсы тәрбие алды. Өткен замандағы арабтың, қызылбастың салтанатты “падишалары”, орыстың Романынан шыққан айбарлы патшалары Жәңгірге үлгі болды. Қазақтың салты, қазақтың тұрмысы, әдеті, заңы туралы Жәңгірге тәрбиешілер, өрине, бір ауыз да сөз айтқан жоқ. Жәңгір өзімшіл, патшашыл, орышыл, діншіл болып, ел билеу туралы еш нәрсеге үйренбей, қазақтың жайында дым білмейтін болып шықты. 1824 жылы жасқа жетіп

хандықты қолына алған соң, Жәңгір ұяда көргенін іске асыра бастады” (266).

Соңғы жылдары Қазақстанның тәуелсіздік алуына байланысты Жәңгірге деген біржақты көзқарас өзгеріп, оның іс-әрекетінен игіліктер іздеу әрекеті байқалады. Бұл біз зерттеп отырған кезеңге қатысты болмағандықтан оған назар аудармаймыз. Дегенмен де өткен тарихи тұлғаларға баға беру мәселесін қайта қарар болсақ ХХ ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы қазақ зиялыларының пікірлерін де ескерулеріміз керек. Бұл бізді тарихты баяндауда біржақты көзқарастардан сақтандырады.

Тарихи мәселелерге біраз қалам тартқан Х.Досмұхамедұлының нақтырақ тоқталған мәселесі – “байұлы беріш руынан шыққан Исатай батыр Тайманұлының һәм Махамбет батыр Өтемісұлының көтерілісі”. Оның шамалауынша бұл көтеріліс 1830-1845 жылдардың шамасында орын алған. Алайда бүгінде жете зерттелген бұл көтерілістің шын мәнінде 1836-37 жылдары болғанын тарихшылар дәлелдеген (267).

Исатай көтерілісінің басталуын Х.Досмұхамедұлы Исатайдың осы көтерілісті бастаудағы жеке тұлға ретінде рөлін және оның басты қарсыласы Қарауыл Қожамен қарым-қатынасын ашып көрсетуден бастады. Ол мәселені төмендегідей баяндайды:

“...Исатай беріш руының биі екен. Әуелі бастан-ақ Қарауылқожаға қарсы болған... Исатай ханның билеуіне бағынбайды, жарлығына көнбейді, берішті және Қарауылқожадан жәбір көріп, қашып келіп паналаған елдерді билеп жүре береді. Исатайдың қол астындағы елдерге ханның адамдары баралмайтуғын болады, ханның әмірі жүрмейтін болады. Ханның Исатайды күштеуге әлі келмейді. Осылай біраз уақыт өтеді. Елдің көбі бірден-бірге Исатайға ауа берді... Осылай ала көңіл болып жүрген заманда Исатай ханға келеді. Елдің мұңын, көрген жәбірін сөйлейді. Елге зияны тиген Қарауыл секілді келімсектерді қу дейді, орыстың зәкөнін қойып, жұртты ата-бабаның жолы бойынша, қазақтың ескі әдет заңымен биле дейді. Сөйлесіп отырып Исатай ханмен ұрсысып қалады... Хан мен елдің арасы әбден бұзылады. Елдің адамдарына ханды енді қорқытып, дегенімізді істету керек деген ой келеді. Исатай жар шақырып, елді құрастырып, әскер жинай бастайды. Бөкейлік әскері екі

бөлінеді. Қара халықтың көбі Исатайға ауады. Ханның қолында торелер, билер, қожалар, молдалар, осылардың соңына ерген аз ғана ел қалады, өзіне ерген елді Исатай билейді. Ханды, Қарауылды жақтағандарды ел орнынан түсіріп, арасынан қуады. Қасындағы залымдарын қуып, елдің дегенін істеп, Исатаймен табысуды хан өзіне ар көреді” (268).

С.Асфендияровтың пікірінше “Жөңгір ханның ымыраға келмеуі Исатайды күресті жалғастыруға мәжбүр етеді”. Ол тіптен патша үкіметінің органдары шекаралық комиссияға және губернаторға Жөңгір ханның, Қарауылқожаның т.б. заңсыздықтары туралы бірқатар арыздар жазған. Оның үстіне халық бұқарасының қозғалысының өрістеуі, оның Исатайдың руын ғана емес, басқа да руларды қамтып кетуі Исатайды алғашқы жоспарларынан алысқа алып кетеді.

Мұны таптық көзқарасты берік ұстанған С.Асфендияров: “Құл болған халық бұқарасының күресінің өзінің жоғарғы дамуына жетуі” ретінде бағалайды. Ақырында басқа амалы қалмаған Исатай 1500-2000 адаммен хан ордасын қоршауға алады. Патша үкіметі ханның көтерілісті басыуна көмек беруге шешім қабылдайды. Полковник Гекке бастаған казактар әскері ханды құтқаруға келіп жетеді және Тастөбе мекенінде Исатайдың басты күштеріне соққы береді.

С.Асфендияров осы оқиғадан соң көтеріліс өзінің ең соңғы жоғары даму шегіне жеткенін әңгімелейді. Оның ойынша енді Исатай тек феодалдық аристократияға ғана емес, сонымен бірге оны қолдаушы патша өкіметіне де қарсы көтеріліс туын көтереді”. Патша әскерлері Исатайды күм ішінде ұстай алмады. Көптеген шығындармен Исатай Оралға ұмтылады. Көтеріліс басылып тасталынады, ал Исатайды қолдаған ондаған жақын серіктері әскери сотқа тартылып, аяусыз жазаланып, ішкі Ресей губернияларына және Сібірге, әр түрлі жерлерге жер аударылды. Алайда кіші жүзде қашып жүрген Исатай басыла қойған жоқ (269).

Міне, көтерілістің негізгі мазмұнын С.Асфендияров осылайша баяндайды.

Кезінде тарихи деректерде көтеріліс барысы жайлы кездесе бермейтін тың мәліметтерді Х.Досмұхамедовпен кездестіреміз. Онда мынандай жолдар бар:

“Исатай әлім мен адайды татуластырып бітіреді. Адай түрікпенмен жау екен. Адай мен түрікпенді сойлестіріп,

Сүйінғараны түрікпеннің дегеніне көндіріп, бұл екі елді тағы бігіреді. Әлімұлы, байұлы түрікпенмен бірігіп, орыс үкіметімен соғыспақшы болады. Исатай енді 1829 жылы Бөкейлікте Жөңгірге қарсы шығып ұсталып, ақырында қашып құтылып, Қиуада жүрген Есімханұлы Қайыпалды төремен сөйлеседі. Қайыпалды төре Қиуаның ханына қызын беріп, жақын болған еді. 1832 жылдан бері Қиуада жүретін еді. Исатай мен Қайыпалды келіске келіп, жолдас болады” (270).

С.Асфендияров бұл жерде Х.Досмұхамедұлының Қайыпалды деп отырғанын Қайыпғали Есімов деп түзетеді. Және бұл тарихи тұлға туралы төмендегідей мәліметтер бере кетеді. Оның айтуынша 1829 жылға дейінгі Орал төңірегіндегі бұқараның қозғалысының басында Қайыпғали сұлтан тұрған. Ол өзін хан деп жариялайды. Бұған дейін ол Орал түрмесінде отырып шығады. Қозғалыс басып-жанышталған соң, Қайыпғали Хиуаға қашып, Хиуа ханынан қорғаныс іздейді және сол жақтан бұқараны патша өкіметіне қарсы көтеруге тырысты (271).

Исатай мен Қайыпғалидың ынтымағына сүйенген көтеріліс мұнан ары өрістеген. Бұл туралы Х.Досмұхамедұлы төмендегідей мәліметтер берді: “Қайыпалдыны салып, Исатай Қиуа ханымен сөйлеседі. Қиуа ханы бұларға жиырма мың әскер бермекші болады. Кіші жүз соңына еріп, Қиуа мен түрікпен көмек беретін болған соң, Исатай, Махамбет, Қайыпалды, Наушабас болып “1838 жылы зауаның ішінде орыс үкіметіне қарсы көтеріліңіз, жауласуға өр рудан әскер шығарыңыз” деп, жар шашады. Елдің көбі көтеріледі. Тек Жайыққа жақын жердегі елдер ғана үкіметтен қорыққаннан, ақысын аңдып отырады. Үш мыңдай қолға бас болып, Исатай Жайық бойындағы елді көтеруге аттанады... Елдің тегіс көтерілгенін көріп, үкімет Орынбордан, Ордан (Жаманқаладан), Текеден (Оралдан) Мансирев, Падурев, Гекке деген полковниктерді бас қылып, үш бөлек күшті әскер шығарады. Геккенің әскері Баймағамбет төрені басшы қылып Шыңғырлау деген өзенді өрлеп, Қиыл деген өзенге қарай жүреді. Бір аз ғана әскермен Исатай жортуылға шығады. Жортуыл Қиыл бойында абайламай қалып Геккенің әскеріне тап болады. Соғыс болады. Орыс әскері қазақты қамап алады. Исатай соғыста өледі. Бұл 1838 жылда, әсетін

он екінші күнінде болады... Исатай өлген соң, қазақтың бірлігі кетеді. Жиналған көп қол алды-артына тарай бастайды. Қайыпалды қашып, Қиудағы ауылына кетеді. Елдің басын құрастырамын деп Махамбет батыр қанша әуре болса да қолынан келмейді. Қиуа да, түрікпен де Исатай өлген соң жәрдем берем деген сөзден қалады” (272).

Х.Досмұхамедұлының Исатай заманы және көтеріліс басшысы, тарихи тұлға ретінде Исатайдың өзінің ұлт-азаттық қозғалысындағы орны туралы пікірлері де қызықты және олар бүгінгі тәуелсіз Қазақстан тарихы үшін де ғылыми құндылықтарын жойған жоқ деп ойлаймыз. Бұл пікірлер тіптен Исатай-Махамбет бастаған көтеріліс тарихының қорытындысы тәрізді. Енді соған тоқталайық: “Исатай заманы патша үкіметінің қазақты әбден меңгеріп алуға жақындаған заманы. Бөкейліктің елін меңгеріп алып еді. Хан орыс үкіметінің қарауылшысы болып қалып еді. Бөкейліктің елі әуелі Исатайға тегіс ерді. Исатай ханмен. Орынбордағы үкіметпен бітім сойлесе бастап еді, біріккен ел ыдырай бастады. Бірақ Исатай қатасын тез түсінді де, тез түзетті. Үкімет пен ханды бір деп санап, екеуіне де қатар соғыс ашты. Ел Исатайға тағы ерді. Қара күштен жеңіліп, аз ғана жолдастарымен алақандай жерде қамауда қалғанда да, ел Исатайды ұстап бермеді, Жайықтың бергі бетіне өткізіп жіберді. Кеңшілікке шығып алып, патша үкіметінен оған ерген хандардан қазақтың арын алындар деп жар шапқанда Исатайға қазақ малын да берді, басын да берді... Исатайдың қозғалысы екінші дәуірінде екпінді басталды. Патша үкіметі де мұны сезді. Сарыарқаға әскер төкті. Бірақ Исатайдың қимылы аяқталмай қалды. Он екінші әсетте Қиыл бойында Исатай арманда кетпегенде, бұл қозғалыстың қандай қанат жаятындығы белгісіз еді. Тағдыр Исатайды қаңғырып қалудан сақтады. Патшалар заманында өлгенімен көпті соңына ергіп кеткен — жаңғыз Исатай... Жайлы қоныс табу, қонысты тартып алғандарды жою, хандарды, билерді, төрелерді қыру, қара қазақ баласына теңдік алып беру — міне, Исатайдың ұраны. Исатайдың ұраны өткен әсірдегі саясат нәтижеларының программаларымен салыстыруға да келеді. Жұрттың Исатайға еруінің себебі осы” (273).

Расында да тарихшылардың кейінгі зерттеулері Исатайдың халық арасында аса беделді және ықпалды

болғанын көрсетеді. Мұны оның серігі “орақ тілді, от ауызды” асқан жауынгер ақын Махамбеттің жырлары да дәлелдейді.

Тайманның ұлы Исатай
Ағайынның басы еді,
Алтын ердің қасы еді;
Исатайды өлтіріп,
Қырсықта шалған біздің ел! —

деп жырлаған еді Махамбет кезінде (274).

Исатайдың халыққа жақын ерекше тұлға болғанын Х.Досмұхамедұлы өзінің жоғарыда айтылған еңбегінде келтірген Шернияз шешеннің жалынды жырларынан да көреміз. Ондағы мынандай жыр оралымдары ерекше назар аудартады:

Сағынам ауызға алсам Исатайды,
Ер тумас ел бағына ондай жайлы.
Қарадан халқы сүйіп ханым деген
Жіпт ел төрт тұрманы түгел сайлы (275).

Х.Досмұхамедұлы Исатай қайтыс болып кетпегенде көтерілістің бұдан да кең құлаш жайып кетуі мүмкін еді дегенге саяды. Мұнда біздіңше тарихи шындық бар. Орыс отаршылдығына қарсы ұлт-азаттық көтерілістерін өзара салыстыра, терендете талдасақ, Исатайдың басқаларға қарағанда шынында да бұқара халыққа аса жақын болғанын байқаймыз. Бұл Исатайға қосымша күш қолдау берді.

Х.Досмұхамедов Исатай батырдың көтерілісінен патша үкіметінің қандай тәжірибе алғаны туралы былай дейді: “1) Төрелер арқылы қазақты ұстап тұра алмайтындығына көзі жетті. Хан, сұлтандардың қазақ арасында әбден кәдірсіз болғанын, қазақтың төрелерге енді бойсұнбайтынын жақсы түсінді. Хан, сұлтандарды итеріп тастап, жылдамырақ бұлардың орнын өзі басуға қам қыла бастады. 1844 жылы Кіші жүз қазақтарын билеу туралы бірінші толық заң шықты. Хан мен сұлтандардың қолында жарытып билік қалмады... 2) қазақтың о заманғы әлеуметшілігінің бір түрі ру еді, рулықтан туған батырлар, билер еді. Үкімет руды жоюға, батырларды, билерді жоюға қам қылды. Ру сезімін бөсеңдету үшін қазақты руға бөлмеді, әуелі бөлімге (шаске), сардалыққа

(дистанцияға), местілікке бөлді, кейінірек уезге, округке, болысқа бөлді. Көтеріліске ұйытқы бола берген шекті, адай секілді бірталай ірі руларды бірнеше облысқа, уйезге, болысқа бөліп жіберді. Шен, шекпен, орын беріп, қазақтың ішінен өзіне сенімді адамдар шығара бастады. Ауа секілді қысылшаң заманда, бұндай адамдардың үкіметке зор пайдасы тиді... 3) Әбден езу үшін үкімет қазақтың шаруасын күйзелгіп, өнемейін құртуға ойланды. Қазақтың жерін тартып ала бастады. Қазақтың арасына жемқор саудагерлерді айдады. Жұт көбейді. Ел жарлы бола бастады. Экономика жағынан қазақ нашарланды, орысқа құл бола бастады; 4) Жайық бойындағы қазақтың көтерілісіне өнемейін сүйеу болып, жан беріп отыратын Сыр менен Маңғыстаудың елдерін шынымен бағындыруға кірісті...” (276).

Х.Досмұхамедұлының Исатай көтерілісінің мақсаттарын қысқа да нақты түсіндіріп беруі, оларды саяси партиялар бағдарламаларымен салыстыра қарауға тырысуы да назар аудартады. Бұл бүгінгі тарихшылардың Исатай-Махамбет көтерілістерін саяси тұрғыдан әлі де зерттей түсулері қажет екендігін көрсетеді.

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ зиялыларының еңбектеріндегі ортақ тақырыптың бірі – Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісі болып табылады. Бұл көтерілістің шығу себептерін жоғарыда айтып кеттік. Қазақ зиялылары арасынан бұл көтерілістің өзіндік ерекшелігін көре білген Қошке Кемеңгерұлы болды. Ол өзінің “Қазақ тарихынан” атты еңбегінде Кенесары көтерілісі туралы былай дейді: “Үкіметтің даярлаған құлдық қамытын қазақ тезінен киіп алған жоқ, ұзақ уақыт бас асаулық көрсетті. Бірен-саран көрсетілген наразылықтар туралы жоғарыда да айтылды. Бұл наразылықтар бір рудың ауданынан шыға алмады. Жалпы ұлт наразылығы Кенесарыда көрінді” (277).

Тіптен таптық көзқарасты ұстануға барынша тырысып баққан С.Асфендияровтың өзі де 1837 жылы басталған Кенесары көтерілісін “қазақтардың патша үкіметіне қарсы ең соңғы ірі, бұқаралық көтерілісі” ретінде мойындаған еді. Ол Кенесарының казак станицалары мен елді мекендеріне, Ақмола, Көкшетау қамалдарына, Петропавловскіге дейін шабуылдап, малдарды айдап, адамдарды тұтқындап әкеткенін, қозғалыстың біртіндеп кеңейе және ұлғая түскенін

атап көрсетті. С.Асфендияров Кенесары 3-4 жыл бойы үкімет әскерлерінің қолына түспей қойған соң, ақырында үкіметтің далада Ұлытау, Көкшетау, Атбасар аудандарында орыстар “Ишим линиясы” деп атаған жаңа бекіністер жүйесін сала бастағанын айтады. Нәтижесінде Кенесары өзінің қыстаулары мен ата қоныстарынан айрылып Торғай және Ырғыз аудандарына Батыс Қазақстанның шекарасына қоныс аударуға мәжбүр болды (278).

Кенесары көтерілісінің ата қоныс үшін болғанына Т.Шонанұлы баса назар аударған еді. Оның еңбегінен мынаны аңғарамыз: “1838 жылдан бастап, ұдайынан 8 жыл Кенесарының үкіметке қарсы көтеріліп, соғысуының мықты себебі – жер үшін болатын. 1835 жылы Орынбор атты казагына жерді көбірек талау үшін үкімет Жаманқала мен Троицк арасындағы шепті қазақ ішіне кіргізіп, жаңа (Новая линия) деген шеп тартып, ескі һәм жаңа шеп ортасында қалған 4 млн десятина жерді қазақтан атты казакқа тартып берген, осы күнгі Сасықоба, Құмақ, Атаманск, Маржан, Аннинск дейтін атты казак станицалары сол 1835 жылғы тәртіп бойынша салынған. Бұл тәртіп алғаш 4 жарым млн десятинаға да қанағаттанбай, беріректе 7 қаланың тұсынан 5-8 шақырым жерді қазақтан тағы атты казакқа берген, атақты “миллионный отвод” мәселесі осыдан шығатын... Кенесарының өте-мөте өш болғаны да осы жаңа шепке кеткен жерге шыдамағандық еді. Сондықтан да Кенесары осы шеп бойындағы Адырлы сықылды қорғандарды қиратты... Қонысты орысқа талатпаймыз деп соғысып, жеңілген Кенесары амалсыз Алатауға асып, қоныс іздеген... Сарыарқа жырланатын жырлар, Кенесары жайындағы қара сөздер – бұл көтеріліс қоныс үшін болғанына, бұл көтеріліс халық ойының сәулесі екендігіне айғақ. Көтібардың Есетінің Арыстанды өлтірген себебі де – осы қоныс атасы Жем мен Елек арасындағы жер үшін болатын...” (279).

С.Асфендияров Кенесарының үкімет әскерлерімен қақтығыста көптеген малдан ғана емес, өзін жақтайтын ру басыларынан да айрылғанын жазды және Кенесарының “Кіші жүзде көтеріліс жасауға әрекеттенгенін, ал мұның біраз деңгейде сәтті де болғанын” атап көрсетті (280).

Алайда Х.Досмұхамедұлын оқығанда Кенесарының Кіші жүзде көтеріліс ұйымдастыру әрекетінің сәтсіз болғанын

байқаймыз. Онда мынандай пікір айтылады: “Қасымұлы Кенесары қазақты орыстан құтқарам деуі де, патша үкіметіне, хандарға қарсы болды. Ел соңына ерді. Хан көтеріп, қара қазаққа хан көзімен қарап, ханның саясатын жүргізе бастап еді, көп қазақ соңына ермеді, қысылған жерде тастап кетті. Кенесарының Кіші жүзге ешбір әсері болмады. Кенесары заманында Кіші жүз хандардан әбден күдер үзіп болған еді. Кенесарыға Кіші жүз ермеді. Қорқытып бағындырамын деп, Кенесары 1843 жылы алтын-жаппасты шапты, Көбекұлы Алтыбай биді өртеді, сол жылы Ойыл бойындағы шектіні шапты. Кіші жүзбен жау болып, ақырында тұра алмай, ауып кетті... Кенесары Ойылдағы елді шапқанда орыс, қазақ аралас көп әскермен Кенесарыға қарсы Баймағамбет төре шығады. Кенесары қашады. Баймағамбет қуады...” (281).

Х.Досмұхамедұлы келтірген дерекке сенсек, Баймағамбетке ілескен жігіттердің арасында әйгілі Махамбет Өтемісұлы да болған және ол келіссөзге келген Кенесарының інісі Наурызбай төрені атып тастауға әрекеттенген. Хан, сұлтан атаулына жаулық көзқарас ұстанған, кезінде “қара қазақ баласын хан ұлына теңгердік” деп жырлаған Махамбеттің мұндай әрекетке баруы әбден мүмкін.

С.Асфендияров 1844 жылы патша үкіметінің Кенесарыны ең соңғы тығылған жерінен қуып шығу үшін чиновник Долгов және поручик Герн бастаған екі экспедициялар шығарғанын атап көрсетеді. Келесі жылы үкімет Торғай және Ырғыз өзендерінде бірнеше бекіністер салып және орыс шаруаларын қоныстандырып Кенесарыны оңтүстікке, Қарақұмға қуады. Кенесары Сырдарияның орта ағысында Қоқан хандығы жеріндегі қазақтарға сүйенуге үміт артады. Ол тіптен Жүлек және Қармақшы бекіністерін басып алады. Бірақ ол Ақмешітті ала алмайды. Қоқандықтардың қарсы шабуылы және ауылдарға холераның шығуы оны Ұлы жүз, Жетісу аймағына ойысуға мәжбүр етеді. Мұнда оны Дулат тәрізді рулар қолдайды.

Осы мәселелерді баяндауда С.Асфендияров Кенесарыны кінәлай, мәселені сипаттаумен шектеледі. Алайда ол Кенесарының қырғыздармен қақтығысын түсіндіруде және Кенесарының соңынан ілескен адамдарға сипаттама беруде тағы да біржақтылыққа ұрынатынын айтқан жөн. Мысалы

ол, Кенесарының қырғыздармен қақтығысқан себебі – оның Теріскей Алатау тауларындағы жайылымдарды қырғыздардан талап етуінен десе, ал Кенесарының соңынан ілескендерді “онан қашқан, мұнан қашқан, жамандықпен көзін ашқан” қанғыбас адамдар шайқасы” ретінде сипаттауға барады (282).

Кейінгі жылдардағы Қазақстан тарихынан осы тақырыпта жүргізілген зерттеулер (283) С.Асфендияровтың мұндай тұжырымдарының негізсіздігін тағы да дәлелдеді. Туған елдің тәуелсіздігі үшін күрескен Кенесары тәрізді тұлғаның іс-әрекетіне әрине әділетсіз бағалар берілмеуі тиіс.

Кенесары көтерілісінің бұқаралық сипатын мойындай тұра бұл тақырыпты алғаш зерттеген қазақ зиялылары көтерілістің жеңілу себептеріне өздерінің көзқарастарын білдірді. Мысалы, Х.Досмұхамедұлы бұл туралы былай деді: “Ата қоныстың тарылуы, жердің азаны, елдің түрлі таршылыққа қалуы, үкіметтің (билеуші таптың) зорлық-зомбылығы қара бұқараны көрген күніне наразы қылып, түрлі қимыл туғызады. Адастыратын соқпақтарға түспей, көздеген нысана жеткізетін дұрыс жолмен жүре алса ғана осындай қимыл жемісті бола алады. Елдің қимылын жолға салып, ұйымдастырып отыратын көсем керек. Бұндай уақытта құрастырушы көсем шықпаса, елдің қимылы бытырап, шашылып, ұлы мақсаттың орнына уақ пайда туып, ұлы қимыл аяқсыз қалады. Қимылдың көсемі бас пайдасынан баз кешіп, жан-тәнімен көптің тілегін орындауы керек. Ұлы қимылдардың уақытында көптің әлеумет сезімі өте күшті болады. Ел бастаған көсемнің ізі бағулы болады. Көсемнің басқан қадамы, жүрген бағыты көпке жақпаса, халық теріс айналып кетеді. Кешегі мыңды бастаған серке, ертеңгі күні далада жаңғыз маңырап қалады. Сырым да, Кенесары да ақырында көптен айырылып, жаңғыз қалды” (284).

К.Қасымұлы көтерілістің жеңілу себептері туралы К.Кемеңгерұлының пікірлері нақтырақ деп айта аламыз. Ол былай деп жазған еді: “...Кенесарының жеңілуінің бас себептері: 1) Ұлы жүз бен қырғыздың Ресейді тәуір көргендігі, ол кезде Ресей Қытайдан қорқып, екеуін де әділдеп арбап, алдап ұстап тұрды. Өмір бойы Ресей бізді жарылқайды деп екеуі де Ресейді жақтады. 2) Кіші жүздің мойнына құлдық бұғалығы түсіп тыпырлауға шамасынын

келмегендігі. 3) Орта жүздің ала болғандығы һәм шаруасының күйзелгендігі. Кенесарының бас ақылдас адамдарының ішінде тыңшы болып, Кенесарының жайынан үкімет төрелеріне хабар жеткізіп тұрған, сондай тыңшылдықтың кеселінен арғынның қаржас тобынан шыққан Кенесарыға ерген ағайынды: Тайжанды үкімет Қараөткелде атып, Сейтенді Тобыл жаққа айдады; 4) орыстың соғыс жөніндегі қару-жарағының һәм әскерлік ұйымының үстем болғандығы” (285).

Әрине, К.Кемеңгерұлы К.Қасымұлы бастаған көтерілістің жеңілу себептерін толық ашып көрсете алмаған. Көтерілістің жеңілуінің басқа да себептерін кейінгі тарихшылар айқындай түсті. Алайда К.Кемеңгерұлының өзіндік көзқарасындағы ерекшелік – оның ақиқатты ұлттық көзбен жазуға тырысуы еді. Бұл шын мәнінде Кенесары көтерілісінің жеңілу себептерін талдаған алғашқы шынайы ғылыми пікір еді.

Айта кететін бір мәселе қазақ зиялылары арасында Кенесарының жеңілуіне ұлы жүзді айыптау сарыны кездеседі. Мысалы, С.Асфендияров “Кенесарының тосқауылға тап болғанын және оны Ұлы жүздің руларының тастап кетулерін” оның қырғыздарға қолға түсу себебі ретінде түсіндірсе /286/, ал К.Кемеңгерұлы бұл мәселеде өзінің ойын төмендегідей білдірді: “1845 жылы Кенесары тағы да үкіметтен кешірім алып, Түркістан кетіп, одан Іле өзеніндегі Ұлы жүзге барды. 1846 жылы Кенесары Балқаштың оңтүстігінде тұрып, ел-елге, елші жіберді. Матайдан қаланған үйсін Кенесарыны жақтады. Ұлы жүздің сұлтандары медальға қызығып, Кенесарыға қарсы болды... Орыс әскерінен қуғын жеп қамалды мекен қыла алмай Кенесары Шуға ауып, Ташкент казактарын қаратты” (287).

Тарихшылардың кейінгі зерттеулері Кенесары көтерілісін Қоқан билеуінен әбден зәрезап болған Ұлы жүз қазақтарының өз еріктерімен қолдағанын дәлелдеді. Ұлы жүз қазақтарынан қолдау тапқандықтан ғана Кенесары қырғызға жорық жасай алды. Рас, соңғы шайқас алдында Сыпатай мен Рүстем төре бастаған қазақтардың бір бөлігі ұрыс алаңын тастап кетті. Алайда Байзақ датқа және т.б. ру басылар Кенесарымен соңына дейін бірге болды. Мұны біздің жазып отырған себебіміз тарихи шындық алда бұрмаланбауы керек.

Сонымен жоғарыда айтылғандарды қорытар болсақ, Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысына байланысты ХХ ғасырдың алғашқы онжылдықтарында қазақ интеллигенциясы өздерінің көзқарастарын білдірді. Олар негізінен мыналарға келіп тіреледі:

- Қазақ интеллигенциясының назары негізінен ірі-ірі Сырым, Исатай мен Махамбет және Кенесары бастаған көтерілістерге ауды, олар осы көтерілістерге сондықтан да нақты тоқталды;

- Қазақ интеллигенциясы бұл көтерілістердің себептерін, сипатын және ерекшеліктерін айқындауға тырысты;

- Бұл көтерілістердің отаршылдыққа қарсы бұқаралық сипатын мойындауда бірауызды, пікірлес болды;

- Алайда Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтерілісті бағалауда 30-жылдары таптық көзқарас басым бола бастады. Мұның нақты көрінісі С.Асфендиярұлының кейбір ұшқары қорытындылары болып табылады;

- Ә.Бокейхан, Х.Досмұхамедұлы, Т.Шонанұлы, К.Кемелгерұлы тәрізді мәселеге ұлт мүддесі тұрғысынан қараған қазақ интеллигенциясы өкілдерінің пікірлері бүгінгі Қазақстан тарихы үшін де аса маңызды.

3.2. Қазақ интеллигенциясының 1916 жылға байланысты тарихи көзқарасы

Қазақстанның тәуелсіздік алуына байланысты қазақ демократиялық интеллигенциясының 1916 жылғы көтеріліс-тегі орны мен рөлі және қазақ интеллигенциясының осы көтерілістің кейбір күрделі мәселелеріне байланысты тарихи көзқарасы бүгінгі таңда тарихнамамызда қайта қаралып жатқанының куәсі болып отырмыз. Тарихнамалық тұрғыдан алғанда бұлар негізінен мынандай бағыттарды қамтиды:

- 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысындағы қазақ ұлттық демократиялық интеллигенциясының ұстанған бағыты туралы кеңестік тарихнамадағы бұрмаланған көзқарастар және тарих шындығы;

- қазақ интеллигенциясының көтерілістің сипаты, әлеуметтік, яғни ұлттық құрамы туралы пікірлері, қорытындылары.

Бұл мәселелердің негізгі мазмұны ұзақ жылдар бойы кезінде Алаш қозғалысына белсенді қатысып, кеңестік, таптық бағытқа бетбұрған қазақ большевиктерінің осы қозғалыстағы ролін қасақана көтермелеу принципін ұстануға тіреліп келгені белгілі. Мұны осы тақырыпты көп жылдардан бері зерттеп келе жатқан белгілі тарихшы М.Қ.Қойгелдиевтің сөзімен айтар болсақ:

“Кеңестік тарихтану қазақ интеллигенциясының 1916 жылғы көтеріліске байланысты ұстанған позициясын баяндауда тарихи шындықты ашуды мұрат тұтпай, қалай болғанда да оларды реакциялық бағыт ұстанған күш ретінде көрсетуді көздеді. Мысалы ”Қазақ Совет энциклопедиясында” былай деп жазылған: (“Он алтыншы жылғы көтеріліс”): “Жетісуда Т.Бокин, А.Розыбакиев, Ақмола облысында Ә.Майкөтов, С.Сейфуллин, Торғай облысында Ә.Жанкелдин, Омар Досжанов, Бөкей даласында С.Мендешев сияқты революционерлер соғыс кезінде еңбекші бұқараға лениндік ұлт саясатын большевиктік партияның соғысқа қозғарасын жете түсіндіріп, империалистік соғыс. болыстар мен буржуазияшыл ұлтшылдардың екі жүзді іс-әрекеті туралы шындықты айтып берді, еңбекші халықты күреске шақырды”. Мұнда тарихи шындық бұрмаланған. “Шын мәнінде мәселе анағұрлым күрделірек болатын. Қазақтан солдат алу мәселесінің жай-жапсарын “Қазақ” газеті арқылы демократиялық интеллигенцияның 1914-1915 жылдардан бастап-ақ көтеріп, қоғамдық пікір қалыптастырып бұл мәселеге байланысты үкімет орындарының шешімдеріне ықпал жасауға тырысқаны жөнінде зерттеу жұмыстарында айтылмай келді. Өздерінің зерттеу еңбектерінде кеңестік тарихшылар “Қазақ” газеті мен ұлттық демократиялық интеллигенцияның бұл мәселеде ұстанған бағытын қасақана бұрмалап, “буржуазиялық интеллигенция халықтың сыртынан үкіметпен ымыраға келіп, іс жүзінде әскерге қазақтан адам алуды жақтады” деген сияқты негізсіз пікір айтатын (288).

Мұндай пікір білдірушілер негізінен большевиктік таптық бағытты ұстанушылар еді. Солардың бірі белгілі Әлби Жанкелдин: “...байлар интеллигенциясына патша үкіметінің жағына шығу тән болды. Орынборда қазақ тілінде басып шығарылған “Қазақ” газетінде феодал-байлар интелли-

генциясы патша армиясына баруға, мобилизацияланғандарға арнап киім және тамақ дайындауға шақырды”, - деп жазды (289).

Санжар Асфендияров болса өзінің 1916 жылға байланысты зерттеуінде М.Тынышпаевтың, Б.Қаратаевтың және Ж.Сейдалиннің осы мәселеге байланысты пікірлерін басшылыққа ала отырып, қазақ ұлттық интеллигенциясының 1916 жылы ұстанған бағытына “қорқақтық”, “сатқындық”, “орыс монархтары алдындағы жиіркенішті жағымпаздық” — деген тәрізді біржақты бағалар берді (290).

Қазақ ұлттық демократиялық интеллигенциясының осы көтерілістегі ұстанған бағытын нақтырақ, бірақ большевиктік қозқарас тұрғысынан түсіндірген Тұрар Рысқұлов болды. Ол қазақ интеллигенциясын “ұлттық-либералдық” бағытты жақтаушылар ретінде сипаттай келе, олардың қазақ ауқатты тобы мүддесін ұстанғанын, орыс буржуазиясынан қол үзгілері келмегендігін, “орыс кадеттері тәрізді сол кездегі құрылысқа және патша әкімшілігіне қарсы” бола тұрса да, патшаның жер саясатына қарсы бола тұрса да “өздерінің баспасөзінде қырғыздар (қазақтар — Ш.О.) көтерілісін ерте басталған, қажетсіз”, - деп айыптады. Сондай-ақ Т.Рысқұлов бұл интеллигенцияның “соғыс табысты аяқталар болса үкіметтің қырғыз (қазақ - Ш.О.) халқын да ұмытпайтындығын” дәлелдемек болғанын, “көтеріліс арандатушылар ісі” деп ойлап, Ресей буржуазиялық-демократиялық қауымдастығы алдында өздеріне бедел жинауға тырысқанын атап көрсетті (291).

Т.Рысқұловтың осы көзқарасын С.Меңдешев те ұстанды. Ол қазақ ұлттық интеллигенциясын қазақтарды тыл жұмыстарына барындар деп үгіттеді деп түсіндіре келе, олар “халықтың жоғарғы буржуазиялық бөлігінің мүддесі мен қызығушылығын білдірушілер болды, орыс интеллигенциясымен, кадет партиясымен байланыс ұстады және бірге әрекет жасады” — деген пікірді қайталады (292).

Алайда мұндай көзқарастардың тарихи шындықты қазқалпында сипаттай алмайтындары Алаш қозғалысына қатысқан қазақ интеллигенциясының көрнекті өкілдерінің өздерін тыңдағанда айқындала түседі. Солардың бірі және бірегейі Міржақып Дулатов арада 10 жыл өткеннен кейін “Еңбекші қазақ” газетінде 1926 жылы жазған мақаласында

1916 жылғы қазақтан қара жұмысқа жігіттер алу туралы маусым жарлығы шыққаннан кейінгі ауыр ахуал жағдайындағы қазақ интеллигенциясының дағдарысты көңіл-күйін төмендегідей бейнелейді: “...бір күні төбеден түскен жайдың оғындай июнь жарлығы сарт ете түсті. Бұл жарлықтың бізге жайдың оғындай көрінуі - қалың қазақ еліне оның әсері қандай болатындығын сезгенімізден еді. Бұл жарлықтың қазақ арасына қалай тарайтыны, қазақ елі не күйге ұшырайтыны көз алдымызға елестей қалды.

Өз өмірімізде басымызға тумаған ұлы дағдарысқа ұшырадық. Қайтпек керек? Не істейміз? Елге не айтамыз? Біздің басшылығымыз қандай болмақ керек? Елдің ризалықпен көңісі келмейтіні, балаларын бергісі келмейтіні, “соғыс”, “солдат” деген сөздерден өлердей қорқатыны, патша өкіметіне сенімі жоқтығы белгілі. “Көнбе, берме” дейміз бе? Оның түбі не болады? Немізге сеніп, “Көнбе” дейміз? Көнбейтін күшіміз қайда? Біздің ұйымда күш жоқ. Барар жер, басар тауымыз белгілі... Жеңілдің астымен, ауырдың үстімен қалқақтап келе жағқан надан қазақ, орыс өкіметінің табанында езіліп келе жатқан бишара қазақ көнбеймін десе қор болмай ма? Көнгені дұрыс па екен? Екеуінде де зиян бар екен. Екі зиянның қайсысы жеңіл болар екен?

Міне біздің басымызды даң қылған, миымызды ашытқан, ұлы дағдарысқа қалдырған сұраулар осылар еді. Қайткенде бізге бұл жолдың біріне түспеске болмады” (293).

Кезінде Міржақып Әлихан Бөкейхановпен және Ахмет Байтұрсыновпен бірігіп жоғарыдағы дағдарыстан шығудың төмендегідей жолын ұсынған еді: патша шешіміне “көнгенде жұртқа қандай ауырлық бар, көнбегенде қандай ауырлық бар? Көнгенде шаруаға кемшілікте келер, барған жігіт қазаға да бейнетке де ұшырар, бірақ елдің іргесі бұзылмас (қазаға ұшырар деп ауру-сырқаудан болған қазаны айтамыз, өйтпесе солдат қылып алмайды, соғыстан өлмейді). Көнбегенде көретін ауырлық: бағынып тұрған үкіметтің жарлығынан бас тартсақ, жау жағадан алғанда, бас қорғап үйде қаламыз деп мемлекетке қамшымыздың ұшын бермесек, үкімет күр өкпелеп қоймас, күш жұмсар, ол күшті законға сүйеніп істер...

Міне, біздің екі ауырлық дейтініміз осы. Бірі – барса шаруаға кемшілік келіп, алынған жігіттер аз қазаға бейнетке

ұшырағаны, екіншісі бармаймын деп қарсылық қылса, елге келетін зор бүліншілік. Осы екі ауырлықтың жұрт қай жеңілін таңдауы керек. Біздің білуімізше, жеңілі – көнген.

Ал ел көнді, көнгенде не істеу керек? Ел басшысы адамдар әділдікпен списокті өздері түзеп беру керек. Мынау жақсы, мынау жаман, мынау бай, мынау кедей деп бөлмей, сатылмай дұрыстықпен іс қылу керек” (294).

Көріп отырғанымыз, Алаш қозғалысы қайраткерлері патшаның маусым жарлығына амал жоқ мойынсұнған, қалыптасқан қиын ахуалды таразылай келе бейбіт халықты жақсы қаруланған патша үкіметінің жазалаушы әскеріне қарсы қойып қырып алмауды ойлап, халыққа патша жарлығына көніңдер деп ақыл айтуға мәжбүр болған.

Қазақ интеллигенциясы көзқарасына жасалған талдау оның болашақ саяси төңкерістен үміт күткенін, бірақ ол төңкерістің нақты қашан болатынына көздері жете қоймағанын көрсетеді. Алайда қазақ ұлтын төңкеріс жолында құрбан етуге де қазақ интеллигенциясы бара қоймаған болар еді. Осының мысалы жоғарыдағы М.Дулатовтың “Еңбекші қазақ” газетінде 1926 жылы жазған мақаласындағы төмендегідей жолдар: “Төңкеріс жолында қазақ жұрты құрбан болып-ақ кетсін деуге дәгіміз шыдамады. Сондықтан біз екінші жолды қаладық - көну керек дедік. Осыған бел байлағаннан кейін елге көзіне айтатын сөзіміз де, басшылығымыз да осы бетте болды. Тек неше түрлі сылтаумен соза беру жағын ғана ескеріп отырдық: пішен шабатын кез, егін оратын кез бірінің артынан бірі келе жатыр мәулет сұраңдар дедік, халық әлі түсінген жоқ, әбден түсінсін, осыған пұрсат сұрау керек дедік” (295).

Халықтың қарсыласамын деп қанға бөгіп қырылып қалмауын ойлаған Алаш зиялыларының мұндай адамгершілікті басшылыққа алған көзқарасы өзінің ұлтына деген сүйіспеншілігінің тағы бір көрінісі еді.

Қазақстанның тәуелсіздік алуынан кейінгі кезеңде жарық корген қазақ зерттеушілерінің еңбектері бұл пікірді нақты архив және баспасөз деректерімен дәлелдеп берді. Сондықтан да бұл мәселеге біз нақты тоқталып жатпаймыз. Осы орайда зерттеуші М.Қойгелдиевтің төмендегі пікірінің мәселенің себептерін толығырақ түсінуге ықпал ететіндігін де айта кеткен жөн: “1916 жылғы 25 маусым жарлығы шығып, халық

наразылығы бүрқ ете түскенде мәселенің мән-жайын жақсы білетін қазақ зиялылары бірден жұртты ашуды тыйып, ақылға келуге шақырды. Өйткені, қанша наразылық көрсеткенімен, күштің тең еместігі, қарулы қарсылықтың қан төгумен аяқталатындығы айқын болатын. Оның үстіне отаршыл әкімшіліктің мұндай сәтті қазақ қоғамы үстінен өзінің саяси билігін күшейте түсу, переселендерге тағы да жаңа жерлер алып беру үшін пайдаланып кетуі мүмкін екендігін қазақ зиялылары жақсы түсінді. Сондықтан да олар көтерілістің алғашқы күндерінен бастап халық арасында көтеріліске шықпауға шақырған үгіт жүргізді” (296).

Назар аудармауға болмайтын тағы бір мәселе қазақ зиялыларының патшаның маусым жарлығы шықпай тұрып-ақ “Қазақтан солдат алынады ма?” деген сауалға жауап іздеулері еді. Бұл мәселеде қазақ зиялыларының өздерінің көзқарастарын төмендегідей тұжырымдағандары белгілі:

Қазақтан соғыс үстінде солдат алынбасын;

Солдат алудан бұрын метірке түзеу үшін муфтилікке қарасын;

Лажсыз алынатын болғанда, жаяу солдат болмай, аты әскер болу, қазақ-орыспен жер-су һәм правода теңгерілу (297). Осы аталған жоғарыдағы мемлекеттік органдарға қазақ зиялыларының қойған талаптарының әсіресе үшінші бабы олардың туған халқына деген жанашырлығын тағы да дәлелдей түседі. Кезінде мұны кенестік тарихшылар да байқады және өздерінің “зерттеу еңбектерінде олар “Қазақ” газеті мен ұлттық демократиялық интеллигенцияның бұл мәселеде ұстанған бағытын бұрмалап, “буржуазиялық интеллигенция халықтың сыртынан үкіметпен ымыраға келіп, іс жүзінде әскерге қазақтан адам алуды жақтады” деген сияқты пікір айтқанда, жоғарыда берілген үш пункттен тұрған тұжырымның алғашқы екеуін жауып қойып соңғысына сілтеме жасайтын (298).

Патшаның маусым жарлығы жарық көріп, үкімет қазақты солдаттыққа емес тыл жұмысына алу туралы шешімге келгенде де қазақ зиялылары 17 тармақтан тұратын, Ә.Бөкейханов, О.Алмасов және М.Дулатов қол қойған өздерінің патша үкіметіне тапсырған талап-тілектерінде тыл жұмысына шақырылатын қазақтарға қамқорлық жасауды патша үкіметінен арнайы талап еткені белгілі (299).

“Қазақ” газетінде жарық көрген “Соғыс майданында қазақ жұмыскерлер” деп аталатын мақалада қазақ интеллигенциясы былай деп жазды: “Қазақ жұмыскерлерді ренжітпей жақсы ұстау үшін, мынадай шарттар қойылсын:

1. Қазақтар өз алдына қос болсын. Өз арасынан ақсақал сайласын, тіл білетін тілмәштары болып, дружина бастықтарымен сөйлесу, хабарлау үшін;

2. Намаз оқу секілді құлшылықтарынан тыйылмасын, қажет орны болса, табуға мүмкін болғанда араларына молда қойылсын;

3. Тамақтары: шай, қой еті, тұздаған сиыр еті болсын. Шошқа етін беруге болмайды. Ұн, тары, май, ет, шайлар қолдарына берілсін. Өз араларынан аспазшы сайланып қойылсын;

4. Қазақтардың таза тұруына көз салынсын” (300).

Өкінішке орай кеңестік кезеңдегі тарих ғылымы қазақ ұлттық интеллигенциясының тыл жұмысына алынған қазақ жігіттеріне көрсеткен көмегі туралы мүлде жазбауға тырысты. Зерттеуші М.Қ. Қозыбаев кезінде өзінің орыс тілінде жазылған мақаласында бұл туралы былай деген еді: “...Вопреки сложившемуся в исторической науке мнению о безоговорочной поддержке “Алаш” царского указа, многие факты указывают на то, что лидеры движения предлагали отложить до поры, до времени призыв казахского населения. Одновременно многие деятели алашского движения выехали на тыловые работы, чтобы оказать посильную помощь казахским тыловым рабочим, попавшим в трудные и непривычные для себя условия. Данные сведения не использовались исследователями, поскольку они входили в противоречие с официальной, сложившейся в 30-е годы трактовкой деятельности “Алаш” как партии буржуазно-националистической, антинародной” (301).

Осы пікірді біз де қолдаймыз. Қазақ интеллигенциясы патшаның маусым жарлығы шығысымен-ақ, қалыптасқан ауыр ахуалда туған халқына қолынан келген көмегін жасады. Тыл жұмысына шақыруды кейінге қалдыру әрекеті, халықты көтеріліске шығып, орынсыз қырылып қалудан сақтандыру, сонымен бірге тыл жұмысына алынған қазақтар арасына өз еріктерімен барып, олардың ауыртпалықтарын жеңілдетуге тырысу — міне осының бәрі кезінде кеңестік әдебиетте орын

алған қазақ интеллигенциясын өзінің туған халқының мүддесіне қарсы қою әрекетінің қисынсыздығын дәлелдей түседі. “Ал мұның өзі көп жылдар бойы айтылып та, жазылып та келген Алашорда 1916 жылғы көтеріліс кезінде ұлттық мүддеге сатқындық жасады деген пікірдің сынаржақ тұжырым сендігін көрсетеді” (302).

Айта кеткен жөн, тарихнамада күні бүгінге дейін жеткілікті назар аударылмай келе жатқан мәселенің бірі – 1916 жылғы көтеріліс сипатына саяси қуғындалған қазақ интеллигенциясының көзқарасы туралы мәселе.

1916 жылғы және 1917 жыл басындағы “Қазақ” газетінде жарық көрген материалдар қазақ зиялыларының 1916 жылғы көтерілісті “бүліншілік” ретінде қабылдағанын дәлелдейді. Ал арада 10 жыл өткен соң Ә.Бөкейханов бұл наразылықтың көтеріліс болып табылатынын атап көрсетіп былай деген еді: “Қазақ - қырғыз, өзбек, тәжік, өзге елдің патша үкіметіне қарсы тұрып соғыс ашқаны тарихтан орын алады. Бұрын өзін жебе сауған үкіметке қарсы орыстың елі де қазақ-қырғыздың көтерілісін орыстың төрелері қазақ-қырғыздың жерін алуға әдейілеп жасады деген пікір адасқан. Қазақ-қырғыздың жерін алған соң, өзін қара жұмысқа тізген соң, парашыл төре орыс, қазақ-қырғыздың қарғыс атқаны елдің арқасын жауыр қылған соң қарсы тұрып көтеріліп соғыс ашқан. Қазақ-қырғыздың көтерілісі қалың елдің дариядай толқыны. Дауыл болса ғана дария толқиды. Қалың елді қарғыс атқан билесе, қанды саясат қолданса, бұған қарсы ел де толқиды. Бұл сықылды қозғалысты қорлықтағы өзге жұрттар құлағына сырға қылып таққаны оң болады... Өрт қиырға жайылып барады. 1916 жылғы қазақ-қырғыз көтерілісі осындай өрттің тамызғысы болып шығады. Алыспаған, жұлықпаған бостандық атына мінбейді, бұғаудан босамайды. ері құлдықтан, әйелі күндіктен шықпайды, малына да басына да ие болмайды” (303).

Кезінде осы көтерілісті “бүліншілік” ретінде сипаттап, мойындамаған Алаш зиялыларының, кейінірек кеңестік кезеңде көтерілісті дұрыс көзқараспен қабылдағанын осы келтірілген деректен байқар едік. Жоғарыдағы Ә.Бөкейхановтың сөзі кеңестік режимнің орнығуы жағдайында айтылғандықтан онда көтерілістің ұлттық немесе ұлт-азаттық сипаты туралы пікірдің болмауы түсінікті еді.

Алаш қозғалысы қайраткерлері арасынан жалғыз өзі ғана шет елге ауып, онда өзінің пікірін еркін айтуға мүмкіндік алған Мұстафа Шоқай бұл мәселеге әлдеқайда тереңдеп, батыл бара алады. Ол өзінің 1916 жылдың 15 жылдығына байланысты жазған “1916 жылғы ұлттық қозғалыс туралы большевиктердің өтірігі” деп аталатын еңбегінде осы қозғалысқа үлкен мән беріп былай деген еді: “...1916 жылғы көтерілістер, “Қоқан автономиясы” және “басмашылар әрекеттерімен” қосылып, орыс тепкісіне қарсы бағытталған ұлттық қозғалыс тарихымыздың ең маңызды құбылыстарының бірінен саналады” (304). Яғни М.Шоқай 1916 жылғы қозғалысты Қоқан автономиясымен және Орта Азиядағы басмашылық қозғалыстарымен қатар қойып, олардың ұлттық сипатына баса назар аударды. Ол: “1916 жылғы көтерілістің баса көңіл аударатын ең бір маңызды тұстары қайсылар?” – деп сауал қойып, оған өзі нақты жауап берді: “Бұл сұрауға, - деді ол, - “16 жылғы қозғалыс жалпы алғанда ұлттық қозғалыс еді” деп жауап беруге болады. Онда таптық күрестің елесі де жоқ еді.

Түркістандықтарды, халықтың барлық жіктерін өз қол астына бірлестірген патшалық Ресейдің жалпы саясатын айтпағанда, түркістандықтарды майдандағы қара жұмысқа шақырған бұйрықтың өзі ұлттық табиғатына, рухына жат еді. 1916.06.25 күні шыққан Патша жарлығы түркістандықтарды тапқа бөліп жатпай-ақ, майдан жұмысына шақырды. Осы алапат барлық түркістандықтарға бірдей тоніп еді.

Марксизм теориясы бойынша қарағанда, таптық күрес Түркістанда жоқ және бөлуі де мүмкін емес еді” (305).

Бұл жерде байқайтынымыз, М.Шоқай 1916 жылғы көтерілістің ұлт-азаттық сипатын атап көрсетумен тоқталмай, осы қозғалыстың таптық сипаты туралы әңгімені де мүлде теріске шығарады.

Айта кеткен жөн, 1916 жылғы көтерілістің таптық мәні туралы мәселе, тіптен бұл көтерілістің 10 жылдығын 1926 жылы большевиктер атап өткен кезде де ашық айтыла қойған жоқ еді. Большевиктік бағытта тұрған Тұрар Рысқұловтың өзі де көтерілістің бұқаралық сипатын көрсете келе, “көтерілісшілердің бас көтерулері патша үкіметі мен түзсәмдік буржуазия қанауына бөрінен де көбірек ұшыраған халықтың

кедей және біршама бөліктері арасында белсендірек көрінді” (306), - деп жазумен шектелген еді.

1916 жылғы көтерілістің 10 жылдығына арналған Голощекин атындағы Комвужда өткен мәжілісте баяндама жасаған Сейтқали Меңдешев осы көтерілістің ұлт-азаттық сипатын мойындай келе, оны Ресейде пісіп-жетілген революцияның құрамдас бөлігі ретінде бағалаған еді (307). Ал большевик Темірбек Жүргенов болса өзінің “Елбекші қазақ” газетінде 1926 жылы жазған мақаласында “1916 жылғы қазақ көтерілісі, дұрысында ауылдың қалаға қарсы көтерілісі еді”, - деп қорытынды жасай келе “елдің бойын кернеген ашу, наразылығы 1916 жылғы қазақ көтерілісі - ұлт (бөлек ел) көтерілісі еді. Өйткені жоғарыда айтылған наразылықты тудырған үкімет озбырлығы, капитал құлдығы бүкіл қазақ еліне батты, бүкіл қазақ елі зорлық көрді” (308), - деп жазды. Темірбек Жүргеновтың бұл жерде “қала” деп отырғаны патша үкіметінің қазақ жеріндегі қамал-қалалары екенін түсінген жөн.

Большевиктік бағытты ұстанған қазақ қайраткерлерінің 1916 жылғы көтерілістің ұлттық мәніне баса назар аударуы осы көтеріліске байланысты зерттеулердің әлі де жоқтығынан ғана емес, таптық мәселеге баса мән беретін сталиндік концепцияның әлі тарих ғылымына ықпалының жоқтығынан да еді деп ойлаймыз. Осыған байланысты 1916 жылғы көтеріліске байланысты зерттеушілер арасында әр түрлі көзқарасқа уақытша жол берілді. Бұл ахуалды зерттеуші Н.Т.Кенжебаев кезінде былай түсіндірген еді: “Н.лучная дискуссия 1926-1927 гг., организованная Истпартаком при Средазбюро ЦК ВКП(б), еще раз подтвердила наличие серьезных противоречий среди исследователей. Так по мнению И.Кузьмина, события 1916 года являлись ничем иным, как “бунтом” “темных и забытых” масс, с точки зрения и Г.И.Бройдо, восстание стало результатом провокации царского правительства с целью вытеснения коренного населения с занимаемых им земель. А.Кенжин вообще отрицал сам факт восстания, по Голощекину Ф.И. же выходило, что кочевники и крестьяне — переселенцы в силу своей отсталости, не могут быть союзниками пролетариата, следовательно, имело место игнорирование восстания,

поскольку в Казахстане не было настоящей революционной силы – рабочего класса” (309).

Осы талдаудың өзі-ақ, 1916 жылғы көтеріліске таптық тұрғыдан баға берудің оқиғаның болғанына 10 жыл толған соң да әлі орныға қоймағанын дәлелдей түседі. Алайда сталиндік таптық концепцияның 20-жылдардың соңына 30-жылдардың басына қарай Қазақстанда да орныға бастауы осы айтулы процестен таптық сипат іздеуді күшейте түсті. Бұл 1916 жыл оқиғасының 15 жылдығы қарсаңында айқын көрініс бере бастады. Кезінде осыған байланысты Мұстафа Шоқайдың былай деп жазғаны белгілі: “...пролетариат диктатурасының 14 жылына келген тұста, Галуза (Galuz) есімді біреу бастап, басқалары қостап, жоғарыда айтылған тайға таңба басқандай ақиқатты көпе-көрнеу бұрмалауда. Олар бұлтартпас фактілердің өңін айналдырып, 16-шы жылғы қозғалысқа таптық сипат беруде. Оны Түркістан шаруалары мен ұлттық пролетариатының, орыс мұғажыр мұжығы және орыс пролетариатымен бірлесе отырып, орыс пен Түркістанның буржуазия табына қарсы жүргізген таптық күресі ретінде түсіндіре бастады.

Орыс мұжығы мен орыс пролетариатын 1916-шы жылғы көтеріліс кезінде түркістандықтарға көмектескен етіп көрсету тарихи шындықты бұрмалағандық қана болып қалмастан, өтірікті ойдан шығарудың теңдессіз үлгісі де бола алады” (310).

М.Шоқай өзінің осы еңбегінде 1926 жылы, яғни 1916 жылғы көтерілістің 10 жылдығында айтылған дұрыс пікірлерден арада 5-ақ жыл өтісімен, яғни 1931 жылға қарай бас тартудың, тарихи шындықты таптық концепцияға сүйеніп бұрамалу жолына түсе бастау басталғанын батыл атап көрсеткен еді. “Ең қызығы мынада – деп жазды ол, - “16-шы жылғы көтеріліс Ресейге, орыстыққа қарсы ұлттық қозғалыс еді”, “орыс мұғажырларының мүддесімен түркістандықтардың мүддесі бір-біріне қайшы еді”, - деп жазғандардың бәрі “тар ұлтшыл”, “шовинист” ретінде қараланды. Осы қараланушылар арасынан адасқанын мойындап тәубесіне келген бір ғана кісі болды. Ол Қырғызстан басшыларының бірі Ғабдырахман еді. Бұл кісі “Правда Восток” газетінің 19 қыркүйектегі санында басылған хатында өзінің 1926-шы жылы жарияланған бір мақаласындағы 1916-шы жылғы

көтеріліс Түркістанның жалпы ұлттық қозғалысы еді деген пікірін “адасушылық” деп мойындады.

Байғұс Ғабдырахманның Сталин бандаларынан қорыққаны сонша, отарлардағы төңкерілістік қозғалыстар жөніндегі лениндік теорияларды мүлде есінен шығарып алған...” (311).

1916 жылғы көтерілістің 20 жылдығына қарай осы қозғалыстың таптық мазмұны туралы көзқарас берік орныға бастады. Осының нақты көрінісі кезінде өзі де Алаш қозғалысына қатысқан, бірақ уақыт өте келе ірі кеңестік қайраткерге айналған С.Асфендияровтың пікірлері еді. 1935 жылы ол былай деп жазды: “1916 жылғы көтеріліс қазақ қоғамынан терең әлеуметтік өзгерістер тапты, оның таптық қайшылықтарын ашты. Ол қазақ еңбекшілерінің империалистік буржуазияға, оның ауыл ішіндегі әлеуметтік тірегі — байларға қарсы бұқаралық қозғалысының бағытын айқындап берді” (312).

С.Асфендияров 1916 жылғы оқиғаның таптық мазмұнын тереңдетумен шектелмей, Т.Рысқұлов және М.Тынышпаев тәрізді өзінің әріптестерінің осы оқиғаға байланысты көзқарастарын “маркстік емес, тікелей меньшевиктік” деп аяусыз сынады (313). Бұл сталиндік бағыттың Қазақстан тарихында орнығуының айқын көрінісі еді.

Көтеріліске қатысушылардың әлеуметтік құрамы туралы айтқанда Қазақстандағы қазақ және орыс ұлты арасындағы қарым-қатынасқа байланысты қазақ интеллигенциясының ұстанған бағытына назар аудармауға болмайды. Мұстафа Шоқай бұл мәселеде “орыс мұғажырлары” туралы мәселені тегін көтерген жоқ. Кеңестік-тоталитарлық жүйе тарихшылары бұл мәселені айналып өтуге тырысты.

Кезінде саяси ахуалға байланысты “Қазақ” газеті де орыс озбырлығы туралы ашық жаза алмай, едәуір сақтануға мәжбүр болды. Алайда кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында 1916 жылғы көтерілісте қазақтың орысқа қарсы тұрғанын қазақ интеллигенциясы ашық айтты. Мысалы, Ә.Бөкейханов көтеріліс барысын сипаттай келе былай деп жазды: “...келімсектер патша әскеріне қосылады, қазақты бірге шабысады, қазақта келімсекке өштеседі, малын қуып алады, өзін де бұта түбінде бауыздап кетеді. Келімсектер пішеніне, егініне әскер ертіп баратын болды” (314).

1916 жылғы оқиға барысында қазақтың орыстан қорған қорлығын Нәзір Төреқұлов былай суреттеді: “осы бір жан түршігерлік жылдары жазалаушы отрядтар мен мас кулактардың жүгенсіздіктерінен дала халқына төнген қанды тұман қараңғы дала халқы үшін патша саясатының ғана емес, сонымен қатар Уақытша үкіметтің де түземдіктерді кулактар ойрандарынан қорғауға дәрменсіз саясатының сипаты және табиғаты туралы көрнекі сабақ болды” (315).

1916 жылғы көтерілістегі орыстар мен қазақтар арасындағы үлкен жанжал әсіресе Т.Рысқұловтың еңбегінде кеңінен жазылды. Ол өзінің осы оқиғаға арналған талдауында көтерілісшілердің әлеуметтік құрамын арнайы тарауда қарастырып, 1916 жылғы көтерілісті “патша әкімшілігіне... және көшіп келген қанаушыларға қарсы жалпы бұқаралық бас көтеру” ретінде суреттеді (316). Ол 1916 жылғы көтеріліске орыс жұмысшыларының, әсіресе Қазақстандағы орыс темір-жол жұмысшыларының, “тілектестік білдіре қоймағандығын, ал кейбір аудандарда тіптен түземдіктер көтерілісін басуға ықпал жасағандарын” мысалдармен нақты дәлелдеп, “мұның бәрі революциялық қозғалыста европалық жұмысшылар мен түземдік еңбекшілер арасында ол кезде ортақ ештеңе де бола қоймағанын көрсетеді”, - деп жазған еді (317).

Бұл мәселені әрқашан тарихи шындықты анық айтатын және бұған шетелде толық мүмкіндігі болған М.Шоқайдың сөзімен қорытар болсақ “большевиктік пердесінің ар жағынан кейде түркістандық рухы көрініп тұратын Тұрар Рысқұлов қана емес, осы көтерілісті зерттеген орыстың нағыз большевиктерінің өздері де бұл қозғалыстың Ресейге және орыстыққа қарсы жалпы халықтық сипатта өрістенгенін теріске шығара алмаған еді” (318).

Өкінішке орай, 30-шы жылдардың басына қарай сталиндік тапшыл концепция ықпалымен тарих ғылымында “16-шы жылғы көтерілістерді зерттеу бойынша жарияланған материалдарда отаршыл орыс мұжығы мен орыс жұмысшының “бөрілік” түрін бояп, оны қошақан етіп көрсетуге тырысушылық көзге ұра” бастады (319).

Орыстарды қазақтарға қарсы айдап салу мәселесіне байланысты Сейтқали Меңдешевтың көзқарасының біртіндеп “өзгеруі” де осының бір көрінісі дер едік. 1926 жылы ол

өзінің 1916 жылдың он жылдығына арналған естелік мақаласында “патша үкіметінің агенттері қазақ елінің үкіметке қарсылығын пайдаланып, орыс халқын тұрғын қазақ еліне айдап салды. Қазақ елінің көтерілісін бүкіл орыс атаулыға қарсы көтеріліс деп түсіндірді. Оның үстіне көтерілісті жасаған қазақтың малына, мүлкіне қызықтырды. Көтеріліс жасаған қазақтың жері келімсектерге, казачиларға берілді” /320/, - деп жазған болса, ал арада 5 жыл өткен соң, яғни 1916 жылғы көтерілістің 15 жылдығына арналған орыс тіліндегі ресми баяндамада С.Мендешев өзіне-өзі қарсы шығып: “...бұл оқиғаға баға беруде арандату теориясы туралы... айта кету керек. Қазақтар көтерілуі үшін патшаның жергілікті әпербақандары, патша үкіметінің тыңшылары әдейі арандату ұйымдастырды деп түсіндіріп жүрген адамдар бар. Бұл арандатуды қазақтарды көтеріліске шығарып алып, соңынан оларды құрту, олардың жерлерін алып кою және орыстарға беру үшін жасады деп жүргендер бар...”, дей келе, мұны “тіптен де шынайы емес, Германиядан үстін-үстің жеңіліп жатқан империалистік Ресейдің жаңа соғыс туғызар шамасы да жоқ еді...” деп қорытынды жауаппен аяқтайды (321).

1916 жылғы көтерілістің таптық мәнін тереңдете түсуге әрекет жасаған С.Асфендияровтың пікірі де С.Мендешевтың соңғы көзқарасымен үндесіп жатты. Ол патша үкіметі қазақтар көтерілісін арандатты деген пікірге қарсы былай деген еді: “Патша үкіметі көтерілісті соғысқа дейін отаршылдық тонаулар, жерді тартып алулар жүгенсіздікпен белең алған кезде арандата алатын еді, ал 1916 жылы Қазақстанда қоныстандыру толқыны бола қойған жоқ. Ол ол ма көтерілістің өзін арандату деп түсіндіру Қазақстандағы тап күресінің дамуын теріске шығарады, ұлттық-революциялық қозғалыстың барлық маңызын төмендетеді (егер арандату болмаған болса, көтеріліс те болмайтын еді, Қазақстанда революциялық қозғалыс мүлде болмайтын еді деген пікір келіп шығады)” (322).

Осылайша кезінде сталиндік таптық көзқарас арнасына түсуге мәжбүр болған С.Мендешев, С.Асфендияров тәрізді қазақ интеллигенциясының большевик өкілдерінің Қазақстандағы 1916 жылғы көтерілісті патша үкіметі арандатты деген пікірді қолдамауы тарихи шындықты

орнықтыруға жұмыс жасады. Алайда осы кісілердің аталмыш көтерілістің таптық және революциялық мәнін терсіндетіп көрсетуге ұмтылысын мақұлдау қиын деп ойлаймыз.

С.Асфендияровтың осы орайда “қозғалыс (1916 жылғы көтеріліс - Ш.О.) бытыраңқы, ұйымдаспаған сипат ала тұрса да, кең өрістеген аграрлық-шаруалар революциясы көзге көріне қоймаса да, қозғалыс бағдарының осы бағытты ұстағаны айдан анық” деген пікірімен және көтеріліс барысында “осылайша қазақ ұлттық революциялық қозғалысының онан ары өрістеу жолдары, оның империализмге қарсы Ресей пролетариатының революциялық күресіне тығыз тәуелділігі айқындалды”, - дегендей революцияшыл тұжырымдарымен бүгінде келісу қиын (323).

Мұнда С.Асфендияровтың 1916 жылғы көтерілісті төңкеріс (революция) ретінде батыл атап көрсетпей, оның мазмұнынан “ұлттық азаттық, ұлттық бірігу (қалыптасу) үшін” ұмтылысты іздегенін де естен шығаруға болмайды. Бұл тарихи шындықты мойындау еді. Дегенмен де жоғарыда айтылғандай, оның “қазақ ұлттық революциялық қозғалысын” “Ресей пролетариатының революциялық күресіне тығыз тәуелді етуге” ұмтылысын тарихи шындықтан ауытқу ретінде қабылдауға тура келеді.

Осы кезеңде тарихқа большевиктік көзқарас жолына түсе бастаған С.Асфендияровқа біздің ойымызша ең тиянақты да, шынайы жауапты М.Шоқай бере алады. М.Шоқай өзінің жоғарыда аталған еңбегінде 1916 жылғы көтерілісті “Түркістан ұлттық төңкерісінің... жалпы алғанда, орыстыққа, Ресейге қарсы әліппесі” ретінде бағалай келіп, былай деген еді: “Отарлардағы ұлттық қозғалыстарды пролетариат төңкерісіне өкелу үшін, лениндік қағида бойынша, “ұлт ішіндегі таптық құрылыс пен таптық күрес жетілген болуы керек”. Бұл Түркістанда жоқ еді. Бұл бір. Екіншіден, “қаналушы және қанаушы ұлттар пролетарлар табының арасында достық және туыстық байланыстар орнатылуы тиіс” делінсе, Түркістанда мұндай жағдай патшалық дәуірде, Лениннің тірі кезінде де болған емес. Бүгін де жоқ. Атамекеніміз Түркістан Мәскеуге күшпен бағындырылғаннан бері Түркістанның ұлттық пролетары мен орыс пролетары арасында ешқандай бір достық, жақындық болған жоқ. Және болуы да мүмкін емес. Большевик суайттары өз көсемдері

Лениннің төңкеріс хақындағы теорияларын да көпес-көрнеу бұрмалап отыр” (324).

Мұндай дәлелді пікірді мақұлдамау біздің ойымызша тарихқа қиянат болып шығар еді.

Қорыта келгенде айтарымыз, кезінде сталиндік қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ зиялыларының 1916 жылға байланысты көзқарасында екі бағыт айқын байқалады. Олардың алғашқысы - қазақ демократиялық ұлттық интеллигенциясының осы көтерілістің өзіне және оның сипатына, ерекшеліктеріне байланысты көзқарасы болса, ал екіншісі тарихқа баға берудің таптық, сталиндік концепциясын қабылдап, соған қызмет етуге мәжбүр болған қазақ большевиктерінің бағыт-бағдары. Айта кеткен жөн, қазақ интеллигенциясының осындай көзқарастарын тарихнамалық тұрғыдан өзара, жан-жақты зерттеудің салдарлары бүгінгі тарихымызда да көрініс беруде. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан тарихшылары сондықтан да 1916 жылға баға беруде әлі де ортақ пікірге келе алған жоқ. Мысалы академик М.Қойыбаев бұл қозғалысты “көтеріліс шеңберінен шығып, төңкеріс (яғни революция – Ш.О.) дәрежесіне көтерілген” тарихи оқиға ретінде бағаласа (325), ал зерттеуші А.К.Бисенбаев бұл көтерілісті “ұлт-азаттық соғысы” ретінде қарастырды (326). Алаш қозғалысының тарихын арнайы зерттеп жүрген ғалым М.Қойгелдиев 1916 жылғы көтерілісті қазақ ұлттық демократиялық интеллигенциясының көзқарасымен және қоғамдық-саяси қызметімен тығыз байланыста қарастыра отырып, бұл маңызды тарихи оқиғаны төңкеріс, яғни революция ретінде бағалауға болмайтынын атап көрсете келіп, “16-жылғы көтеріліс ұлт-азаттық революция дәрежесіне көтерілуі үшін қоғамдағы негізгі саяси күштердің, ең алдымен оның мақсат мүддесін анықтап, бағыт-бағдар бере алатын ұлттық интеллигенцияның қолдауын алуы керек еді”, - деген дәлелді пікір айтады. Сонымен бірге зерттеушінің “көз келген ұлт-азаттық революцияның түпкі мақсаты болып табылатын саяси бостандықты” да көтерілісшілердің өздерінің алдына міндет етіп қоя алмағандары туралы пікірі де назар аудартады (327).

М.Шоқайдың көзқарасымен үйлесетін осы пікірлерді белгілі тарихшы К.Нүрсейісовтың көзқарасы орнықтыра түседі. Ол былай деп жазған еді: “Бүкіл Қазақстанды

қамтыған көтеріліс негізінен патшалықтың қатал әскери-отарлық және кең көлемді орыстандыру саясатына бағытталған ұлт-азаттық қозғалысқа ұласты. Сонымен қатар бұл көтеріліс халық шаруашылығын дағдарысқа, ал халықтың басым көпшілігін қайыршылыққа ұшыратқан Бірінші дүниежүзілік империалистік соғысқа да қарсы бағытталды” (328).

Біз де осы қорытындыны құптаймыз.

Қазақ интеллигенциясының 1916 жылғы көтеріліске байланысты тарихи көзқарастарын зерттегенде тағы бір назар аударатын мәселе – осы ірі тарихи оқиғаның ұлт-азаттық қозғалысында алатын орны. Бүгінде еліміз тәрізді тарихымыздың да тәуелсіздік алуына байланысты М.Шоқайдың осы мәселе жөніндегі көзқарасымен нақты танысуға мүмкіндік алдық. Ол өзінің жоғарыда біз кеңінен пайдаланған еңбегінде “16-шы жылғы көтеріліс Түркістан ұлттық төңкерісінің әліппесі еді”, – деп атап көрсетеді (329). С.Асфендияров осы тарихи оқиғаның қазақтар отаршылдықта болған тарихи кезенді аяқтайтынына назар аударды (330). Біздіңше, бұл кісілердің әрқайсысы өздерінше шынайы пікірді ұстанған деп ойлаймыз.

Алайда Қазақстанның тәуелсіздік алуына байланысты кейбір зиялы қауым өкілдері 1916 жылғы көтерілістің жалпы ұлт-азаттық қозғалысындағы орнын көтермелеп көрсетуге ұмтылды. Ескерте кетелік, мұндай көтермелеуге жоғарыдағы қуғындалған қазақ интеллигенциясы бара қойған жоқ еді. Соңғы жылдардағы осындай көтермелеудің бір көрінісі – 1916 жылғы оқиғаны “шет аймақтардағы ұлттық қозғалысты ресейлік үстемдікке қарсы жүргізілген күрестің биік шыңы” ретінде бағалау (331) дер едік. Біздіңше бұл пікірдің негізі берік емес. Ұлт-азаттық қозғалысының барлық елеулі оқиғаларын тізіп жатпай-ақ бір ғана мәселеге назар аударалық: неліктен 1916 жылғы көтеріліс “биік шың” ретінде жалпықазақтық Кенесары Қасымұлы бастаған көтерілістен жоғары қойылуы тиіс? Бұл сауалға жауап беру оңай емес деп ойлаймыз. Өйткені азаттық үшін күрестің әрқайсының өзіндік ерекшеліктері, өзіндік өрлеулері және құлдыраулары бар екені белгілі. Оларды ортақ мақсатты көздеген біртұтас қозғалыстар белестері ретінде өзара салыстыруға болады, бірақ бірін төмен, бірін жоғары бағалау қажет бола қоймас.

Осы тұрғыдан алғанда тарихшы М.Қойгелдиевтің “16-шы жылғы көтерілісті қазақ елінің отарлық дәуірдегі азаттық үшін күресінің шыңы ретінде бағалаумен келісу қиын”, - деген дәлелді пікірі толық құптауға тұрады (332). Тарихи маңызды оқиғаларға баға бергенде екпіндеп сөйлеп, сезім жетегіне ілесуден, асыра бағалаудан сақ болғанмыз жөн.

Осы тұжырымымыз 1916 жыл оқиғалары мен 1917 жылғы төңкерістердің арақатынастары туралы мәселелерге де байланысты. Бұл мәселеде кезінде қуғындалған қазақ интеллигенциясының ұстанған пікірлеріне назар аудармай, яғни аталмыш кезең оқиғаларына өздері куәгер болған зиялылар тұжырымдарына байсалды көңіл бөлмей объективті қорытындылар жасау қиын.

Айта кеткен жөн, қазақ ұлттық демократиялық интеллигенциясының өкілдері 1917 жылғы ақпан немесе қазан төңкерістерін 1916 жыл оқиғаларымен тығыз байланыста қарастырған емес. Олар соңғысын алдыңғысының алғышарттары, бастаулары ретінде бағалауға да орын берген емес. Мұны бүгінгі тарихшыларымыздың ескергендері жөн.

Ақпан төңкерісіне байланысты Әлихан, Мұстафа, Міржақып атынан “Алаш ұлына” деген атпен “Қазақ” газетінің 1917 жылғы 225-санында жарияланған үндеуде “ескі үкіметті аударып тастаған орыс әскері һәм жұмысшылары” болып табылатыны атап көрсетілді (31). Арада біраз уақыт өтіп, 1916 жылғы көтерілістің 10 жылдығына байланысты жазылған жоғарыда аталған еңбектерінде де Әлихан Бөкейханов пен Міржақып Дулатов 1916 жылғы көтерілісті 1917 жыл оқиғаларымен байланыстырмай, дербес оқиға ретінде қарастырды. Осы көзқарасты Т.Рысқұлов та ұстанып, “Қаруланған орыс шаруаларының қырғыздардан (қазақтардан – Ш.О.) өш алуды 1917-1919 жылдары да жалғастырғанын” атап көрсетті (334).

Алайда тарих ғылымында сталиндік таптық көзқарастың орнығуына байланысты бұл мәселеде көзқарас өзгеріп, 1916 жылды “Қазақстандағы Октябрьдің алғышарттары” ретінде көрсетуге күлшыныс байқалды (335). Бұл өрине ғылыми тұрғыдан дәлелденуі мүмкін емес, негізсіз баға еді.

Өкінішке орай, еліміздің тәуелсіздік алуына байланысты тарихымызда тағы да дәлелсіз тұжырымдарды алға тарту басталды. Енді “1916 жылғы ұлттық қозғалыс 1917 жылғы

ақпан төңкерісін тездеткен құбылыс” ретінде сипаттала бастады (336).

1916 жылды 1917 жыл оқиғаларымен байланыстырған бұл пікірлердің негізсіздігін М.Шоқайдың “бұған жауап беру үшін дәлел іздеп алысқа барудың қажеті жоқ, Қазан төңкерісінің Түркістандағы алғашқы кезеңін жазған большевик жазғыштардың бәрі де “Қазан төңкерісінің Түркістанда отаршылдық рухта” болғанын бірауыздан атап көрсеткен болатын” (337), - деген тұжырымымен қорытындылауға болады. Мұны бүгінгі тәуелсіз Қазақстан тарихшылары ескерулері керек.

Сонымен, тарихнамалық талдауларды қорытындылар болсақ, олар негізінен төмендегідей:

- Большевиктік және Кеңестік тарихнама 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысындағы қазақ ұлттық интеллигенциясының ұстанған көзқарасын қасақана бұрмалап, оған негізсіз “сатқындық”, “реакциялық бағыт” деген баға берді;

- Шын мәнінде ұлттық интеллигенция бәрінен бұрын туған ұлтын патша үкіметі тарапынан болатын қуғын-сүргіннен, қырғыннан сақтап қалудың жолын іздестірді;

- Сондықтан да ұлттық интеллигенция халықты көтеріліске шықпауға, майданға баруға үгіттеді;

- Майданға баратын қазақты қорғау, оған қамқор болу үшін ұлттық интеллигенция өкілдері патша үкіметіне нақты талаптар да қойды;

- Жоғарыда айтылғандарға байланысты 1916 жылғы көтеріліс басталып кеткенде Алаш қозғалысына қатысушылар оны революция ретінде емес, “бүліншілік” ретінде қабылдады;

- Жалпы алғанда ұлттық интеллигенция 1916 жылғы көтерілісті орыстандыруға қарсы, “ұлттық қозғалыс” ретінде сипаттап, оны таптық тұрғыдан көрсетуге қарсы болды;

- Қазақ ұлттық интеллигенциясының көзқарасы теріске шығаратын большевиктік таптық көзқарас негізінен 30-жылдардың басында, яғни 1916 жылғы көтерілістің 15 жылдығына қарай сталиндік концепцияның тарих ғылымында үстемдік алуына байланысты орныға бастады.

3.3. 1917 жыл: қазақ интеллигенциясының көзқарастарын тарихнамалық талдау

Қазақстан тарихнамасында 1917 жылғы Қазан төңкерісі және оның қазақ еліндегі салдарлары біршама жазылды. Бұл туралы кезінде арнайы тарихнамалық еңбектер де жарық көрді (338). Бұл еңбектер мәселенің тарихнамасын жасау бағытындағы алғашқы қадамдар және осыған байланысты еңбектерді анықтауда, сондай-ақ талдауда алғашқы бағыттар болып табылады. Алайда біржақты таптық және ашықтан-ашық коммунистік методология, Коммунистік партияның тарих ғылымына белсенді үстемдігі Қазан төңкерісінің Қазақстан мен Түркістандағы салдарларын шынайы және жан-жақты талдауға мүмкіндік бере қоймады. Біздің бұл ойымыздың шынайылығын Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін пікір еркіндігін пайдаланып жазыла бастаған еңбектердің тарихнамалық талдаулары да аңғартады (339). Соңғы жылдары тәуелсіздік тұсында айтылып жүрген салиқалы пікірлер негізінен кезінде "ұлтшыл", "алашордашыл" және "халық жаулары" атанған қазақ ұлттық интеллигенциясының ХХ ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы тұжырымдарына табан тірейді және соларды талдауға құрылған.

Тарихнамамыздағы айтылмыш мәселедегі зерттеулер сәт-түрлі тұжырымдар мен ізденістер бағыттарын қамтиды. Олардың ауқымдылығын ескере отырып, төмендегідей өзекті мәселелерді ғана таңдап алдық:

- 1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерістерін қазақ зиялылары қалай қабылдады?

- Қазан төңкерісінен кейінгі қазақ даласындағы саяси-әлеуметтік ахуалға ұлттық интеллигенцияның көзқарасы.

Бұл мәселелерді талдауда бәрінен бұрын қазақтың кейінірек ресми жүйе қуғындаған зиялыларының рухани көсемі болған Ахмет Байтұрсыновтың пікірлері назар аудартады. Ол өзінің орыс тілінде "Жизнь национальностей" журналында 1919 жылы жарық көрген әйгілі "Революция и киргизы" атты мақаласында былай деп жазған еді: "Насколько понятна была киргизам февральская революция, настолько непонятней показалась им октябрьская (социальная революция).

С какой радостью встретили они первую революцию, с такими же ужасом пришлось им встретит вторую. Такое отношение киргизов к той и другой революции весьма естественно и понятно тем, кто знаком с киргизским народом” (340).

Өзінің большевиктік түсінікке ешбір сәйкес келмейтін осындай ерекше қозғарасын А.Байтұрсынов мұнан ары нақты және қарапайым түсіндіріп те берді. Мәселенің себебі туралы ол былай деп жазды: “первая революция понятно и с радостью встречена киргизами потому что, во-первых, она освободила их от гнета и насилий царского правительства и, во-вторых, подкрепила у них надежду осуществить свою заветную мечту — управляться самостоятельно. Та, что вторая революция показалась киргизам непонятной, объясняется просто: у киргиз нет ли капитализма на классовой дифференциями; даже собственность у них не так резко разграничена, как у других народов: многие предметы потребления считаются у них общественным достоянием” (341).

1917 жылғы революцияларға Түркістанда жергілікті халықтар ғана емес, тіптен осында орнығып, қоныстанып үлгерген орыс, славян халықтары да дайын болмағанын кезінде басқа емес, большевиктердің өздерінің белді қайраткерлерінің бірі Георгий Сафаров 1921 жылы жазған болатын. Ол өзінің “Колониальная революция (Опыт Туркестана) атты кітапшасында былай деген еді: “...до революции 1917 г. никакой революционной идеологии, связанной с условиями Туркестана, даже никакой объединяющей связи в слабых намеках на революционное движение в среде русского населения, никакой революционной организации масс, никакой революционной традиции — нет. Между толщей угнетенных наций русским пришлым населением — непроходимая стена взаимного непонимания на почве национального неравенства. В революцию 1917 г. Туркестан вступил вполне “первобытно” ... /342/.

Тарихи шындықты айқынырақ бейнелейтін осындай пікірлерді Н.Борисов, Г.Бройдо тәрізді кісілер де айтқан еді (343).

Түркістанның 1917 жылдың революциялық дүмпулеріне даяр болмағандығы туралы өзінің “Кокандская автономия”

деген атпен 1920 жылы жазылған еңбегінде Нәзір Төреқұлов та мойындаған еді. “Волна Октябрьского переворота, - деп жазды ол, - докатившаяся до Туркестана застала как буржуазию, так и трудящихся массы неорганизованными и политически не воспитанными. Вполне естественно, что носительницей идеи национального “целого” и лозунгов “автономии”, под которыми буржуазия могла укрыться вполне со своими классовыми идеалами и задачами, явилось та мусульманская интеллигенция, которая есть плот от плоти туземной буржуазии. И с этого периода начинают зарождаться организации, положившие начало и толчок тому движению, которое потом получило название “автономного движения...” (344).

Таптық көзқарас айқын байқала тұрса да Н.Төреқұлов Түркістан үшін Қазақ төңкерісінің үлкен кездейсоқтық болғанын және оның автономиялық қозғалысқа жол ашқанын атап көрсетеді.

Бұқара халық тұрмақ 1917 жылғы революцияны қолдауға жергілікті халық арасынан шыққан көзі ашық, аса білімді Мұстафа Шоқай тәрізді белсенді саяси қайраткерлердің өзі де жеткілікті деңгейде даяр емес еді. Түркістанның азаттығы жолындағы ұлы күрескер Мұстафа Шоқай осы орайда былай деп жазған еді: “революция бізге еркіндік пен ұлттық белсенділікке жол ашқандай көрінді. Бірақ ұзақ жылдар қараңғыда отырған кісінің жарыққа шыққанда көзі қамасатыны сияқты, талай заманнан бері патшаның отарлық саясатының қапасында тұншыққан біз революция алып келген бостандықтың жарығына шыққанда, көзіміз қамасып, бірден тура жол тауып кете алмадық. Санамыздың қараңғылығы да көзімізді одан сайын қарықтырып, көп сандалдық. Дәрменсіздігіміз бір тобымызды орыс революцияшыл демократиясына еруге мәжбүр етті... Екінші тобымыз — көпшілігіміз, саяси табысқа дұғамен жетеміз дегенге сенетін... Әрине, мұның екеуі де қате еді” (345).

1917 жылғы Ақпан төңкерісінен жергілікті ұлт интеллигенциясы көп үміт күткен еді. Оның ең бастысы әрине, Ресей Федеративтік демократиялық мемлекеті құрамында дербес автономиялық басқаруға қол жеткізу еді. “Біз сол тұста автономияны былай түсінетінбіз: - деп еске алды Мұстафа Шоқайұлы өзінің “1917 жыл естеліктерінен үзінділер” атты

кітапшасында кейіннен, - Түркістанның дербес ел басқаратын мекемелері мен атқару органдары, яғни заң шығаратын парламенті және іс жүргізетін үкіметі болуға тиіс деп ойлайтынбыз. Сыртқы саясат, қаражат, жол, әскери істер Бүкілресейлік федерациясы үкіметінің ісі деп есептейтінбіз. Оқу-ағарту жұмыстары, жергілікті жолдар мәселесі, жергілікті мекемелер, заң және жер мәселелерінің бәрі жергілікті автономиялы үкіметтің ісі деп қарайтынбыз. Біз әсіресе жер мәселесіне ерекше мән беретінбіз. Әскери құрылыс мәселесіне де едәуір елеулі өзгерістер енгізбекші едік. Мәселен, Бүкілресейлік үшін құрылған әскери комиссариатта болумен бірге түркістандықтардың әскери қызметін Түркістанда құрып, Түркістанда қалдыру біз үшін маңызды мәселе еді.

Біздің сол кездегі басты жоспарымыз, міне, осылар. Бөріне бірден кіріскеніміз жоқ. Біздің көбірек мән бергеніміз ұлттық кадрлар мәселесі еді...” (346).

Ия, жалпы алғанда мұндай автономияландыру жоспарында Ресейлік Орталық, орыс социал-демократтары, кейіннен орыс большевиктері қорқатындай қауіпті ештеңе де жоқ еді. Солай бола тұрса да КСРО тарағанға дейін кезінде автономияландыру қозғалысына белсенді қатысқан жергілікті интеллигенция өкілдерін аяусыз және әділетсіз қаралау жалғасып келді. Мысалы, 1957 жылы жарық көрген “Қазақ ССР тарихының” I томынан мынадай жолдарды оқимыз: “Қазақтың буржазияшыл ұлтшылдары Уақытша үкіметті және оның жүргізіп отырған отаршылдық саясатын белсенде қолдау позициясын ұстады. Өздері ұйымдастырып отырған “Қазақ съездері” дейтіндерге, феодал-бай элементтер мен реакцияшыл мұсылман дін қызметкерлері басым болған съездерде, буржуазияшыл ұлтшылдар Уақытша үкіметті құттықтаған қаулылар өткізіп отырды” (347).

Ұлттық интеллигенцияның көзқарасына үстірт баға беретін мұндай тұжырымдардың негізсіз және көпе-көрінеу тарихи шындықты бұрмалау болып табылатыны басқа емес, қазақ зиялыларының өздерінің аталмыш кезеңдегі пікірлерінен айқын көрінеді. “1917 жылғы жансақтықтарымыз үшін, - деп атап көрсетеді М.Шоқай, - біздің сынау жай ғана тәй-тәй басқан бөбектің тәлтiректегенiн, жығылғанын, орнынан түрегеле алмағанын сынаған сияқты. 1917 жыл біздің саяси

туған жылымыз еді. Автономия біздің қалт-құлт басқан алғашқы ұлттық саяси қадамымыз болатын” (348).

Осындай тәжірибесіздік, босандық интеллигенциясын әрине қателіктерге ұрындырды. Қателіктердің ең бастысы — жергілікті ұлт интеллигенциясының орыс демократияшыл интеллигенциясының қолдауына деген сенімі болды. Бірақ 1917 жыл оқиғалары барысында “орыс революцияшыл демократтары билік басына келгенде сынақтан қатты сүрінді. Олар патшалық заманында орыстан озге халықтардың өкілдерін жатырқамағанымен, қолдарына билік тиген кезде оларды шеттетіп, маңайына жолатпай қойды” (349).

Алайда мұндай сенім үшін тарих ұлттық интеллигенцияны кінәлауға тиіс емес деп ойлаймыз. Орыс демократтарының шовинистік көзқарастан арыла амауы және қазақ немесе Түркістан халықтарының тағдырында 1917 жыл оқиғаларының төтенше және кездейсоқ сипат алуы жергілікті ұлт интеллигенциясының азаттық үшін қасиетті күресін ауырлатып жіберді. Осы орайда М.Шоқай былай деген еді: “Түркістан ұлттық қайраткерлері 1917 жылғы революция берген мүмкіндікті пайдалана алмағандығымыздың сырын ашып айтуымыз керек. Әрине, бұл сөтсіздігіміздің себептері көп. Бірінші объективті себеп: ұланғайыр алып Ресей алдында жарты ғасырдан астам билеп-төстеген империализмнің отарлық саясаты еңсесін езіп, тұрапатқан Түркістан тұрды. Біз күреске өзіміз таңдаған кезде емес, Ресей революциясы барысында туған жағдайды қабылдау арқылы кірістік. Екінші субъективті, яғни өзімізден болған себеп: ұлттық мүдде жолында күресу қажеттігін біле тұрса, түркістандықтар өзара қуатты бірлік құрып үлгермеді.

Осы объективті және субъективті себептердің субъективтісін — ең қауіптісі деп есептейміз” (350).

М.Шоқайдың ұлттық интеллигенцияның басы біріге алмауын аса қауіпті нәрсе ретінде сипаттауын толық түсінуге болады. Өйткені оның өзі атап көрсеткендей, ұлттық интеллигенцияның бытырап кетуі, басы қосылмауы болашақтағы “ортақ ұлттық істерге залал” келтіреді. Ұлы күрескердің мұндай тұжырымдары ол өмір сүрген тарихи кезеңге берілген шынайы баға ғана емес, сонымен бірге бүгінгі тәуелсіз Қазақстан мен оның зиялы қауымы үшін де үлкен тарихи тағылым болып табылатынын ұмытпаған жөн.

Бүгінгі тарихшыларымыз үшін 1917 жыл оқиғаларының өлі де зерттеушілерді күтіп жатқан тұстары аз емес дедік. Сонын бірі 1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерістерін салыстыра қарастырғанда соңғысын қаралау, ал алғашқысын біржақты дәріптеу дер едік. Әрине, 1917 жылғы Ақпан төңкерісінің тарихи маңызы зор. Ол “ақ патшаны” тақтан құлатып, Ресейді монархиялық мемлекет құрылысы жолынан тайдырды. Енді Ресей буржуазиялық-демократия бағытын ұстануға мүмкіндік алды. Ал Ресей қоластындағы “бұратана” ұлттар болса өзін-өзі автономиялық басқару жағын ойластыра бастады. Алайда дәл осындай ахуал кезінде орыстың революцияны басқарған демократияшыл интеллигенциясы жоғарыда М.Шоқай айтқандай Ресейдегі орыс емес ұлттарды мемлекет басқару ісінен шеттетті, олардың өздерінің халықтарында автономиялық басқару алып беруді көздеген игі мұраттарына кедергі жасап, басқалар алдында сенімнен айрылды.

Осы орайда күні бүгінге дейін тарихнамамызда орын алған кемшіліктерді атап айтқан жөн. Осыған байланысты зерттеушілер А.Бисенбаев пен Н.Кенжебаевтың төмендегі пікірлері назар аудартады: “Долгие годы советская историография настойчиво создавала картину процветания и благоденствия Казахстана в счастливой семье братских советских республик, оправдывая “исторический выбор”, который сделали казахи в октябре 1917 года. Одновременно в публикациях историков последних лет происходит своеобразная идеализация февраля 1917 года, как альтернативного пути октябрьскому перевороту. При этом из поля зрения исследователей выпадает важнейший фактор, определявший практический все последующее развитие казахского общества — колониальный статус края. Все социальные катаклизмы, имевшие место в метрополии, неминуемо должны были отразиться в той или иной форме в колониях. Казахстан как объект воздействия политических процессов, происходящих в бывшей Российской империи, на наш взгляд, не имел возможности самостоятельного определения своей исторической перспективы” (351).

Әрине, авторлардың мұндай көзқарасымен дауласуға да болады. Алайда айтылған тұжырымда шындық бар екені даусыз. Жалпы алғанда 1917 жылғы Ақпан төңкерісін асыра

бағалаудан шынында да сақтанғанымыз жөн. Дегенмен де осы Ақпан төңкерісі “Қазақ ұлтының қалыптасу процесінің аяқталуына жол ашатын тарихи кезенді бастап берген оқиғатын”. Бұл біздің емес, осы тақырыпты тереңдете зерттеп жүрген тарихшы М.Қ.Қойгелдиевтің пікірі (352). Мұндай жаңа кезеңге апаратын мүмкіндіктердің туғанын жоғарыда атап көрсеткеніміздей, М.Шоқай да мойындап, алайда оны қазақ интеллигенциясының пайдалана алмағанын және оның себептерін де дәлелді көрсеткен еді. Алашорда мемлекеттік құрылымының өмірге келуі – шын мәнінде Ақпан төңкерісі барысында автономияға ұмтылған қазақ интеллигенциясының ұлттық-территориялық дербестікке қол жеткізуге бағытталған нақты әрекеті еді.

Өкінішке орай тарихи әдебиетте “Алашорданы большевиктермен соғысу тілегінен туындаған” деген көзқарас әлі күнге дейін орын алып келеді (353). Бұл көзқарастың негізсіздігін “Қазақ” газетінде М.Дулатов (М.Адияр) жариялаған “Алаш Орда” атты мақала дәлелдеп береді. “Быттыр Орынборда, - деген жолдарды оқимыз одан, - 21-26 июльде бірінші жалпы қазақ-қырғыз съезі мемлекет билеу түрін тексергенде, қазақ-қырғыз облыстары автономиялы болсын деп қаулы шығарды. Бірақ автономияны қашан жариялау жайы сөз болған жоқ. Үйткені ол кезде мемлекет құрылтайы тез болады деген жұрттың сенімі күшті еді. Автономия боламыз деген жұрттар еншісін құрылпайдан алмақ болды” (354).

Ия, коріп отырмыз қазақ зиялылары автономияны жариялауда Қазан төңкерісінен көп бұрын күн тәртібіне қойды. Тарихшы М.Қойгелдиев Алашорданың құрылуын “қазақ ұлтының қалыптасу процесінің аяқталуына жету үшін қажет негізгі алғышарт” ретінде бағалайды (355). Біз де осы дәлелді пікірді қолдаймыз.

Тарихи шындық мынаны мойындауды қажет етеді. Большевиктерге Алашорда емес, керісінше большевиктер Алашордаға кедергі жасады. Мысалы, жоғарыдағы мақаласында М.Дулатов былай деп жазды: “...Декабрь сәезінде автономия ресми жарияланғанша уақытша қазақ-қырғыз істерін билеуге Алаш Орда сайланды. Алаш Орданың уақытша тұратын орны Семей болды. Бірақ большевик кесірінен Алаш

Орда іске кірісе алмады” (356). Міне нақты тарихи жағдай осындай.

1917 жылғы Қазан төңкерісі қазақ даласына үлкен ықпал жасады. Біздің ойымызша, “Октябрь қазақ ауылын айналып өтті”, “ауыл Октябрді көрген жоқ” деген пікір қате және нақты емес (357). Алайда Қазан төңкерісі қазақ ауылына қасірет болып көрінді. Жоғарыда аталған мақаласында А.Байтұрсынов былай деп жазған еді: “...Наводила же на киргизов ужас Октябрьская революция своими внешними проявлениями. Как происходило большевистское движение в центральных частях России, - киргизам было неизвестно. На окраинах же оно сопровождалось повсюду насилиями, грабежом, злоупотреблениями и своеобразной диктаторской властью. Говоря короче, движения на окраинах часто представляло собою не революцию (как обычно она понимается) а полнейшую анархию...” (358).

Ақаңның бұл пікірін “Қазақ” газетінде жарияланған пікірлер де қуаттай түседі. “...Большевик дәуірі басталды, - деген жолдарды оқимыз одан, - жұрт жылады. Тал түсте таланды. Азаматы өлді, әйелі зорланды, дүниесі бүлінді. Осындай қиямет қайым күндер туғанда, біздің арамыздан да большевик болып, жұртты қоса талаған, азаматтарымыздың үстінен шағым жүргізген, өлімге бұйыртқан, оққа байлатқан антұрғандар шықты” (359).

Большевиктердің жергілікті жерлердегі осындай озбырлықтары қазақ зиялыларының оларға деген теріс көзқарасын туғызуы заңды еді. “Если раньше кучка людей, - деп жазды А.Байтұрсынов, - под именем царских чиновников безответственно угнетала и чинила над киргизами всякого рода насилия, то такую же деятельность проявляли на окраинах кучка тех же и других людей прикрываясь именем большевиков-коммунистов. Я и мои единомышленники не мирившиеся с таким положением раньше при царской власти, не могли мириться и теперь и, думая, что подобные дела творятся повсюду в Советской России, были против признания советской власти” (360).

Міне, Қазақстанда Қазан төңкерісінің жеңуі туралы ащы шындық осындай! Ал бұл туралы кеңестік тарихнама ұзақ жылдар үндемей келгені белгілі. Оның үстіне тарихи шындықтың көпе-көрнеу бұрмаланғанын қайда қоямыз.

Бүгінде Қазақстан тарихнамасында өрісін алған осындай ағаттықтарды 20-30 жылдардағы ұлт зиялыларының өздерінің көзқарастары негізінде нақты, талдау және ақиқатқа қол жеткізу басты міндеттердің бірі деп ойлаймыз.

Қорытып айтар болсақ, жоғарыда айтылғандардан төмендегідей тұжырымдар туындайды:

- Қазақ ұлттық интеллигенциясының өкілдері қазақ халқының 1917 жылғы революциялық дүмпулерге ешбір даярлықсыз, күтпеген жерден тап болғандарын өздерінің еңбектерінде ашып айтты.

Солай бола тұрса да олар 1917 жылғы ақпан төңкерісін халықтың түсіністікпен қабылдағанын атап корсетті;

- Ал 1917 жылғы Қазан төңкерісін ұлттық интеллигенция саяси қасірет ретінде қабылдады;

- Ұлттық интеллигенция 1917 жылғы ақпан төңкерісі берген мүмкіндіктерді толық пайдалана алмады. Бұған объективті және субъективті себептер кедергі келтірді;

- Қалыптасқан ауыр ахуалға қарамастан қазақ интеллигенциясы өкілдері 1917 жылғы Қазан төңкерісіне байланысты жергілікті жерлердегі большевиктердің озбырлықтарын өшкерелей алды. Ал мұның бүгінгі қайта жазылып жатқан тәуелсіз тарихымыздың қалыптасуы үшін зор маңызы бар.

3.4. Мемлекеттік автономия мәселесіне байланысты қазақ интеллигенциясының тарихи көзқарасы

Қазақ ұлттық интеллигенциясының автономия мәселесіндегі тарихи көзқарастары арнайы тарихнамалық зерттеуді қажет етеді. Кезінде аталмыш мәселеде төмендегідей тарихи бағыттар айқын көрініс берді:

- Кеңестік жүйеде ұлттық автономиялық қозғалыстың дәрежелікпен негізсіз айыпталуы;

- Таптық көзқарастардың үстемдік алуының нәтижесінде мемлекеттік автономия мәселесіндегі ұлт зиялылары көзқарастарын шынайы түсінуге қолдан келергілер жасалуы;

- Еліміздің тәуелсіздік алуына байланысты қазақ ұлттық демократиялық интеллигенциясының мемлекеттік автономияландыру мәселесіндегі көзқарасының сипатын, кезеңдерін, бағыттарын және ерекшеліктерін айқындау.

Мұндай мәселелерді тарихнамалық тұрғыдан талдаудың өзіндік қиыншылықтары да аз емес. Бұл үшін бөрінен бұрын еліміздегі автономиялық қозғалыстар тарихына баса мән беруге тура келеді.

Қазақ зиялыларының Қазақстанның тәуелсіздігі жолындағы күресінің үлкен бір саяси қорытындылары және биік белестері болып табылатын “Алашорда” мемлекеттік құрылымы мен Түркістан автономиясына байланысты (Кеңестік әдебиеттерде – “Қоқан автономиясы”) отандық тарихымыздағы көзқарас эволюциясы аса күрделі жолдардан өтті. Сондықтанда бұл мәселелердің тарихнамасы да аса күрделі. Бүгінде бұл туралы толық мағлұматтар беретін еңбектер баршылық (361). Тарихымыздың әр түрлі кезеңдерінде осы екі аталмыш автономиялық құрылым туралы көзқарастарда кейбір өзгерістер бола тұрса да, бір нәрсе даусыз: ол – кеңестік тоталитарлық жүйе берік орныққан соң “Алашорда” үкіметі мен Түркістан автономиясын біржақты қаралаудың тарихнамамызда орнығып, Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін оған қарсы дау айтудың мүмкін болмағандығы. Көп томдық “Қазақ Совет энциклопедиясындағы” аталмыш автономияларға берілген бағаларды кеңестік таптық көзқарастың нақтыланған, жинақталған қорытындысы ретінде қарастыруға болады деген ойдамыз. Сондықтанда осынау энциклопедиялық түсініктемелермен қайтадан толығырақ танысқанымыз жөн сияқты. Алашорда үкіметі туралы аталмыш энциклопедияның бірінші томынан төмендегідей жолдарды оқимыз: “Алашорда - қазақтың бурж. автономиясы; байлар мен феодалдардың және буржуазияшыл ұлтшылдардың 1917 ж. 5-13 (18-26) декабрьде Орынборда өткен “бүкілқырғыздық” (“бүкілқазақтық”) 2-съезінде жарияланды. Съезде құрылған А.үкіметі” (басшылары - Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Е.Омаров, М.Шоқаев, Х.Ғаббасов, Х.Досмұхаммедов, Ж.Досмұхамедов, М.Тынышбаев т.б.) бай-феодалдар мен сол кезде қалыптаса бастаған қазақ буржуазиясының таптық мүдделерін қорғады, қазақ халқын революцияшыл Россиядан, орыс пролетариатынан бөліп әкетуді мақсат етті. Бұл үшін қарулы күштер құру туралы шешім қабылданды. А. “дербес автономия” дегенді желеу етіп, оны Қазақстанда Сов. үкіметіне қарсы күресудің басты құралына айналдырды.

Буржуазияшыл ұлтшылдар өздерінің контрреволюциялық әрекеттерін бүркемелеу үшін “ұлттық” жалауды жамылды, ұлт мүддесін қорғағансыды, діни демагогияға сүйенеді...” (362).

Міне осылай кете барады.

Жалпы Алашорданы және “Алаш” партиясын Түркістан (Қоқан) автономиясымен байланыстыру да осы кезеңдегі кеңестік әдебиетте кеңінен орныққан көзқарас.

Аталмыш энциклопедияның “Алаш партиясы” деп аталатын шағын мақаласынан осыған байланысты мынандай жолдарды оқимыз: “Алаш” партиясы Сов. өкіметін мойындайтынын сөз жүзінде жарияланғанымен іс жүзінде “қазақ халқының ішкі істеріне араласпауды талап етіп, жергілікті өкімет орындарын танымады. “А” п. Орал, Торғай, облыстарында бөлімшелерін құрды, контрреволюцияшыл Қоқан автономиясымен, башқұрт ұлтшылдарымен тығыз байланыста болды...” (363).

Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін де, тіптен кейін де осы қозқарасты берік ұстанып ғана қоймай, сонымен бірге қарапайым тарихи шындықты бүрмалап түсіндірушілер де аз болмады. Мысалы, Тұрар Рысқұловтың өмірі мен қызметін ұзақ жылдар бойы зерттеп жүрген мәскеулік ғалым В.М.Устинов өзінің Қазақстанда 1996 жылы жарық көрген “Тұрар Рысқұлов: (Очерки политической биографии)” атты еңбегінде “...Постепенно стали создаваться и организации по признакам отдельных национальностей. К примеру, казахская интеллигенция организовала в Туркестане отделение партии “Алаш” под названием “Бирлик туы” (364), - деп жазды. Тарихи шындық “Бірлік туының” саяси партияның бөлімшесі емес, Алаш қозғалысы газеттерінің бірі болғанын айтуды қажет етеді.

Ал енді Түркістан (Қоқан) автономиясының Алашордамен тығыз байланысты болғанына келер болсақ, бұл бүгінгі тарихымызда әбден дәлелденген нәрсе. Оған тоқталып жату сондықтан да қажет бола қоймас. Алайда жоғарыда кеңестік тарихи әдебиеттер сипаттағандай бұл байланыс ортақ көзқарасқа – жергілікті ұлттардың тәуелсіздікке қол жеткізуді көздеген асқақ армандарын жүзеге асыруға негізделген еді.

Өкінішке орай кейбір тарихшылардың мұны түсінгілері келмеді. Олар тіптен Қазақстан тәуелсіздік алардың қарсаңында да Алашорданы “Қоқан автономиясымен ғана емес, әр

түрлі контрреволюцияшыл атамандармен Колчакпен, Деникинмен тығыз байланыстар орнатқан қайдағы бір қанішерлер үкіметі ретінде көрсетуге күш салды. Мысалы, 1991 жылы жарық көрген “История Казахстана: белые пятна” деп аталатын ғылыми жинаққа енген мақаласында тарихшы В.С.Познанский былай деп жазды: “...Связав свою судьбу с атаманом Дутовым на западе Казахстана, с сибирским контрреволюционным областничеством на севере-востоке, с “Кокандской автономией” на юге, с другими антисоветскими силами алашордынцы приняли активное участие в вооруженных мятежах, кровавых расправах над сторонниками власти трудящихся весной-осенью 1918 г. Главари буржуазных националистов А.Букейханов, А.Ермаков, Х.Тохтамышев и другие представители интеллигенции являлись создателями алашских полков и отрядов – составной части белой армии Сибирского временного правительства, а затем – в войсках Колчака” (365).

Әрине, қалыптасқан ауыр да күрделі тарихи жағдайға байланысты Алашорданың басқа жол және амал қалмағандықтан большевиктерге қарсы әр түрлі саяси және әскери күштермен, уақытша үкіметтермен келіссөздер жүргізгені және одақтауға күш салғаны рас. Халықтың, ұлттың мүддесін бәрінен де жоғары қойғандықтан Алашорда осыған барды. Мұны біздің ойымызша, Алашорданың архив қорларында сақталған түпнұсқа құжаттарынан және қазақ интеллигенциясының өздерінің бұрын жариялауға жатпай келген еңбектерінен айқын айыруға болады.

Кеңестік тарихшылар Түркістан (Қоқан) автономиясын біржақты қаралауда да алдарына жан салмады. “Қазақ Совет энциклопедиясының” 6-томынан мынадай жолдарды оқимыз: “Қоқан автономиясы” – Түркістан уәлаятындағы бурж.-ұлтшылдық үкімет... Түркістан уәлаятында Сов. үкіметін жойып, Қоқан хандығын қайта құруды, Түркістанды Сов. Россиядан бөліп алып, Түркияның басшылығымен мұсылман қауымын бір удьң астына топтастыруды мақсат етті... Шетел (әсіресе ағылшын) империалистерінің қолдауына сүйенген “Қ.а.” Бұхар өмірімен, атаман А.И.Дуговпен, Хиуа хандығында уақытша үкіметтің төтенше комиссары және әскерлер қолбасшысы болған полковник И.М.Зайцевпен тығыз байланыс жасады. Түркістан өлкесіндегі Сов. үкіметіне

қарсы солармен бірлесе отырып қимыл жасауға уәделесті. Бұл саясатты еңбекшілер бұқарасының қолдамай отырғанына қарамастан, “Қ.а.” Иргаш бастаған қарулы отрядтар құрды, 1918 ж. январьдың аяғында қарулы күреске шықты” (366).

Қазақстандағы және Түркістандағы қазақ интеллигенциясы басқарған автономиялық қозғалыс туралы мұндай тар өрісті таптық және біржақты ұнамсыз пікірлер өздерінің бастауларын Алаш қозғалысы қайраткерлерімен замандас, бірақ оларға саяси балама көзқараста болған қазақ большевиктерінің көзқарастарынан алатынын аңғару қиын емес. Солардың бірі, кейінірек қазақ совет әдебиетінің классигіне айналған Сөкен Сейфуллин. Ол өзінің өйгілі “Тар жол тайғақ кешуінде” Алашордаға төмендегідей сипаттама берген еді: “- “Алашорда” деген не?... “Алашорда” деген осы төңкеріс заманында бұрынғы қазақ халқының желкесіне мінген хандықты қайта орнатудың әрекеті. Біздің қазақ халқына хандық керек пе?... Хандық керек емес. Хандардың қылығын қазақ халқы көріп болған. Іштерінен “хан боламын” деген мырзалардың далбасының қалың қазақтың бұқарасына, қалың кедейіне керегі жоқ. Николайдан кұтылған нашар халық желкесіне тағы енді “хан тақсырды” мінгізе алмайды. Хан кімге керек? Хан байға керек, хан болысқа керек. Бірақ бұлар керек қылғанмен, үш жүз жыл патша болған Роман ұлының тұқымын жойған Россияның түрлі ұлтты жұмыскерлері, қазақ нашарларының желкесіне ханды мінгізіп қойып отырмайды. “Хан болам” деушілердің, “төре болам” деушілердің бұл есінде болсын. Бұқара халық бұлардың далбасына ермеуі керек ...” (367).

С.Сейфуллиннің Алашорда туралы бұл пікірінің қатескендігін “Алаш” партиясы бағдарламасының жобасымен танысқан кез келген адам мойындар еді. Алаш қозғалысы басшыларының, оның ішінде өзі “төре” тұқымынан шыққан Ә.Бөкейхановтың да заманы өткен хандық құрылысты аңсай қоймағаны бесенеден белгілі. Көзқарасы жағынан нағыз демократ болып табылатын ол, жалпы алғанда жеке адамның диктатурасына жән-тәнімен қарсы болды. Алашорданы ұйымдастырар алдында ғана, 1917 жылдың 1 желтоқсанында ол өзінің орыс тілінде жазылған шаруаларға, жұмысшыларға және солдаттарға арналған ескертпесінде былай деген еді: “...Безответственность Правителей мы видели при царе

Николае. Большевиетский председатель Ульянов-Ленин, как Николай, распоряжается самодержавно. Ульянов-Ленин, как Николай, считает народ за бессловесное животное...

Демократия слово иностранное, она означает народо-властис – власть народа. Большевики власть народа считают “буржуазным предрассудком”...” (368).

Өзінің Алаш партиясын құру жұмысын неліктен қолға алғанын да Әлихан Бөкейханов өзінің жеке мүддесі тұрғысынан емес, қазақ ұлтының мүддесі тұрғысынан түсіндірген еді. Осы орайда ол, өзінің әйгілі “Мен кадет партиясынан неге шықтым?” – деген мақаласында “Кадет партиясы жер адамға меншікті болып берілсе де, жөн дейді. Біздің қазақ жерді меншікті қылып алса, башқұрдша көрші мұжыққа сатып, біраз жылда сыпырылып, жалаңаш шыға келеді! Кадет партиясы Ұлт автономиясына қарсы. Біз Алаш үранды жұрт жиылып, Ұлт автономиясын тікпек болдық.

Француз, орыс һәм өзге жұрттың тарихынан көрінеді, молда хүкіметтен ақша алса, сатылып кетеді, рухани іс аяқ асты болады. Жалование алған молдалар хүкіметке жетекшілік болып, еріп кетеді. Біздің қазақ-қырғыз дін ісін көркейтетін болса, хүкімет ісінен бөліп қойған оң болады. Орысша оны “отделение церкви от государства” дейді. Кадет партиясы менің бұл пікіріме өзгеше қарайды.

Осы үш жол айрылғаны биыл жазда ашыққа шықты. Мен сонан соң қазаққа Алаш партиясын ашуға кірістім. Мен мұны июльдегі жалпы қазақ съезінде айтқан едім” (369), - деп атап көрсеткен еді.

Алайда таптық көзқарасты ұстанған С.Сейфуллин тәрізді қайраткерлер Алаш қозғалысын қаралауға ілік іздеді. Алашорданың милицияға адамдар жинауын және үкімет қажетіне қаражат іздестіруін барынша бұрмалап түсіндіру өкінішке орай кезінде кенестік әдебиетте берік орын алды. “Бұқара халық бұлардың далбасына ермеуі керек. Қазақтан ақша жинамақ. Ақшаны кімге жинамақ?... Ақшаны жаңағы “төре, хан болам” деушілерге жинамақ. Қазақтан милиция жинамақ. Милиция кімді, нені қорғамқ?... Жаңағы “хан болам” деушілердің хандығын қорғамқ. Кімнен қорғамқ? Хандарға, патшаларға қарсы большевиктерден қорғамқ...” /370/.

Осындай тарихи шындықты бұрмалаған тұжырым өкінішке орай тарихшылардың ғана емес, бүкіл қазақ халқының тұтас ұрпағын адастырып, қазақ халқына адал беріле қызмет жасаған Алаш қозғалысы қайраткерлері туралы жалған түсініктер қалыптастырды.

Шын мәнінде Алаш қозғалысы қайраткерлері кезінде қазақ газетінің бетінде қазаққа милицияның не үшін қажеттігін, қаражат жинау мәселесін қалып қазаққа түсіндіруден-ақ түсіндірген еді. Мысалы, М.Дулатов “Қайтсек жұрт боламыз” деген мақаласында “...Милиция неге керек?” – деген сауал қойып оған өзі төмендегідей дәлелді жауап береді: “Атасы басқа елдермен көрші болып отырмыз. Солардың бұзақылары бізге тимеу үшін керек.

- Ішкі губерниялардан күні ертең аш-жалаңаш босқындар келеді, солардың аяғының астында қалмау үшін керек.

- Ана жылғыдай оп-оңай алдына салып айдап кетушілер болмау үшін керек.

- Қазақ-қырғыз жерін оңай олжа қылғысы келгендерге шаңыраққа қара деу үшін керек.

- Автономиялы жұрт екенімізді жат елдерге көрсету үшін керек...

Сөз байлауы сол, әскеріміз болмаса, қазынамыз болмаса, біз автономия ала алмаймыз. Автономия ала алмасақ, жұрт болмаймыз. Қайтсек жұрт боламыз дегенді ойласақ, жауап біреу-ақ, әскеріміз болса ғана жұрт боламыз” (371).

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның ұлттық әскер құру және елдің экономикасын көтеру саясаты Алаш қозғалысы қайраткерлері қозғарасының дұрыстығын дәлелдеп қана қоймай, олардың көрегендігін де дәлелдеді. Алайда, олар өмір сүрген ауыр тарихи кезеңде саяси адасуларға ұрынып, “Қазақ” газеті тәптіштеп түсіндірген ақиқатты мойындаудан көпе-көрінеу бұлтарғандар аз болған жөк.

Олар туралы М.Дулатов былай деп жазды: “Алашқа жаны ашымайтын қара жүректер, жұрт болғанымызды көре алмайтын қаскүнемдер, ертең не болатынға көзі жетпейтін надандар, ізгі ниет, ілгері тілегімізге қарсы болып, жұрттың көңіліне қорқыныш салатын да шығар. Автономия болуымызға, милиция құруымызға, қазына жинауымызға халықты қарсы құтыртушылар да табылатын шығар, бірақ

халық ойлану керек. Бүгінгісін емес, келер күнін ойлану керек” (372).

М.Дулатовтың ойынша Алашорданың жоғарыдағыдай игі мақсаттарына қарсы кісілер екі топқа бөлінді: олардың алғашқылары – “қаны қарайған, ұлт намысы дегеннен бейхабар, жамандықты көсіп қылып қалған антұрғандар... Екінші түрі – ел ішіндегі партияқұмарлар. Бұлар істеп жүрген істері жұртқа зиянды екенін ойламай, партия қуғанын, “баққа таласып жүрміз” деп адасып жүрген надандар. Егер жұрт, жұрттықты ойласа, партиясын, тым болмаса, уақытша қоя тұрып бірлік-береке қылатын болса, Алаш аты бәйгеден келмей қалмас еді” (373).

Ел басына күн туған, қазақ ұлты бодан бола ма, жоқ әлде стек-жеңін жинап, алауыздықтан арылып ел бола ма? – деген қатерлі сұрақ күн тәртібінде тұрғанда С.Сейфуллин тәрізді “партия қуғандар”, яғни Ресейлік большевизмге ілескендер қараңғы халықты одан ары аздырды, ел арасына жік салды. “Большевиктер барлық ұлттарды тең қылмақ, - деп жазды ол. - Біздің қазақ бұқара халқына одан артық не керек?”

“Хан болам”, “төре болам” деген мырзалар үшін тек қан төгуге қазақ халқының күші тасып, қаны тасып бара жатқан жоқ. Далбастағандар далбастап көрсін. Бұқара халық, қырдағы момын ел бұларға ермеу керек. Қазақтан ақша да, солдат та бермеуіміз керек! – дедік.

Жұрт біздікін қостады...”Алашордаға” ештеңе бермейтін болып қаулы қылдық. Сүйтіп, жауды жүн-жүн қылып талап тарқадық...” (374).

Осылайша большевиктерге деген үлкен сенім қазақ халқының ұлттық ауыз бірлігінен жоғары қойылды.

С.Сейфуллин де оның жақтастары да Алаш зиялыларының 1917 жылдан бастап Россияның федеративтік демократиялық республика болуын қолдағанын халыққа шынайы түсіндіргілері келмеді және өздерінің негізсіз саяси айыптауларында тіптен асыра сілтеулерге салынып Алаш зиялыларының абзал армандарын аттап, оларды мансапқор, ескі хандық құрылысты аңсаушылар ретінде жағымсыз бейнелеуге күш салды.

Шын мәнінде аса күрделі де қиын жағдайға тап болған Алаш қайраткерлері қазақ ұлтының мемлекеттігіне қол жеткізу үшін әр түрлі әдістер мен амалдарға барды. Осыған

байланысты тарихшы М.Қойгелдиевтің төмендегі пікірі назар аударуға тұрарлықтай: “Болашақ қазақ мемлекеттігінің мазмұнына қатысты, - деген еді ол, - Ә.Бөкейханның да көзқарасы түрлі тарихи жағдайларға байланысты өзгеріп отырды. Мәселен, ол 1917 жылдың күзінде қазақ елінің “жері біргелік автономияны қабылдап Сібір” автономиялық мемлекетіне қосылғанын қалады. Ал 1918 жылы күзде Уфа қаласында ол башқұрт басшыларымен болған кеңесте “башқұрт-қазақ тұтас мемлекетін” құру жөнінде келісімге тоқтайды. Мұстафа Шоқай өз ретінде қазақ жұртының Түркістан (Қоқан) автономиясы құрамында болғанын жақтады. Қорыта айтқанда қазақ саяси россиялық басқа түркі-мұсылман жұрттарының зиялыларымен бірге өз халықтарын болашақ Россия федерациясының құрамында көрді” (375).

М.Қойгелдиевтің бұл пікірі нақты тарихи деректерге сүйенген. Мұны біз “Жалпы сібір съезі” деген атпен жарық көрген “Қыр баласы” - Ә.Бөкейхановтың мақаласынан да айқын аңғарамыз. Онда мынандай жолдар бар: “...Сібір автономиясына қазақтың қосылу-қосылмауы екі айрылған соң біз, 9 өкіл, кеңесіп, сібір съезінде мынаны айттық: сібір автономия болсын, біздің қазақ ұлты уақытша сібірге қосылады. Біздің бұл пікірімізге аз бұратаналар да – бурят, якут қосылды. Сонымен Сібір автономиясының негізгі заңіне өз алды бір баб жазылмақ: қазақ ұлты һәм өзге сібірді қоныс қылған жерлі жұрт Сібір автономиясына уақытша қосылады. Өздері, біз енді бөлініп өз ойымызға автономия боламыз деген күні босанып, автономия болады деп” (376).

Ал енді осындайда Алаш қозғалысының саяси көсемі Ә.Бөкейханов неліктен сібір автономиясына қосылуды жақтады және бұл қосылу неге уақытша сипат алуы тиіс? – деген заңды сауалдар туындайды. Қалыптасқан жағдайды ол былай түсіндіреді: “...Биыл жаздай болған комитет сайлаулары, біздің қазақ өзін-өзі билегенде істеген істері көрсетіп тұр: іс атқаратын азаматтың аздығын, жалпы жұрттың қараңғылығын біз ойладық, әуелі сібірге сүйеніп, тасымалдап, жалғасып көшіп кетелік; жіп жалғап, зор мемлекет көрнеуінен құтылып-ап, отау болып соңынан бөлінелік деп” (377).

Көріп отырмыз, Ә.Бөкейханов үлкен саясаткер. Ол сол тұстағы Қазақстанның және оның халқының автономиялық мемлекет құруға әлі де дайын емес екендігін жақсы түсінеді. Оның үстіне С.Сейфуллин тәрізді жан дүниесі, бүкіл болымысы қазақ болып табылатын зиялылардың большевизм жетегіне көз жұма ілесіп отырғаны анау. Ә.Бөкейхановты сонымен бірге қазақ жерінің ұлттық құрамының күрделілігі де қатты ойландырды. Өз ұлтының мүддесін әрқашан да алғашқы орынға қоятын үлкен патриот Ә.Бөкейханов сонымен бірге отарлау саясатының нәтижесінде қазақ елінің құрамында қалыптасқан өзгешеліктерді де елеусіз қалдыра алмады. Осыған байланысты ол былай деп жазды: "...Қазақ болып автономия боламыз десек, алдымызда шешуі қиын бір жұмбақ бар. Орал, Торғай, Ақмола, Семейде көп мұжық бізбен қоныстас; бұл облыстарда мұжық пен қазақ қым-қиғаш аралас. Мұжық пен аралас қазақты тастап, алғы қазақ болып шығамыз десек, қазақ орыста қалады, қазақты бұл жерден көшіріп аламыз десек, бұл қазақ ата қонысынан көшпес; көшсе ақылсыздық болады: қазақ жерінің ең жақсысы осы мұжықпен аралас отырған жер. Түбінде қазақ ұлты бір автономия бола қалса, іштегі орысты ала кетеміз бе деген үміт. Біздің қазақ ұлтының автономиясы енді тұрмыс халда туысқан автономиясы болар емес; жерге байлаулы автономия болмақ..." (378).

Ә.Бөкейхановты сонымен қатар қазақтың автономиялық мемлекетін құру туралы мәселелер толғандырғанда ол, әсіресе Батыстағы Бөкей жеріндегі және Түркістандағы қазақтар тағдырын жан-жақты ойластырды. "Бөкейлік, - деп атап көрсетті ол, - Оралдың қазақ-орысының (яғни "казак") ар жағында жатыр. Оралдың атты казагі Орал облысына қосылып жерін біріктіріп, қазаққа қосылмаса, аттап өтіп, өзге қазаққа қосылатын жол жоқ. Бөкейлік өз алдына автономия болғаны жөн" (379).

Бөкей облысының өзіндік ерекшеліктерін ескерген Ә.Бөкейханов Түркістанға тән өзгешеліктерді де назардан тыс қалдырмады. "Түркістан, - деп жазды ол, - өз алдына автономия болар. Біздің қазақтың Түркістанға қосылғаны оң деген пікір де бар. Біз Түркістанмен діндес, туысқанбыз. Автономия болған - өз алдына мемлекет болған. Мемлекет болып іс атқару онай емес. Біздің қазақ іс атқаратын

азаматқа жұтап отырған болса, біздің жалпы қазақ қаранғы соқыр болса, Түркістан халқы қараңғылық, шебер адамы жоқтық бізден он есе артық. Қазақ Түркістанмен бір автономия болса, автономия арбасына түйе мен есекті пар жеккен болады. Бұл арбаға мініп біз қайда барамыз?” (380).

Осылайша, Ә.Бөкейханов түпкі мақсат - қазақ жерінің ұлттық-территориялық автономиясына қол жеткізу болып саналатынын нақты атап көрсете отырып, алайда оған жететін әр түрлі тактикалық амалдарды қарастырды.

Объективті кедергілер де аз болған жоқ. Олар туралы М.Шоқайдың өзі былай дейді: “...Біздің алдымызда екі мықты тосқауыл тұрды. Бұлардың бірі - ұлттық қозғалысымыздың басты дұшпандары болса, екіншісі - өзіміздің қоршауда қалғандығымыз және елді топтастыруға тәжірибесіздігіміз. Ең қауіптісі - тап осы екіншісі еді...” (381).

Түркістандағы жағдайдың осындай күрделілігі Ә.Бөкейхановтың қазақ пен Түркістан халықтары одағын неліктен түйе мен есекке теңегенін айқындай түсер еді. Оның үстіне М.Шоқайдың түсіндірмелері де Ә.Бөкейхановтың сол тұста бұл мәселеде аса көреген болғанына көзді жеткізе түседі. Нақтырақ айтсақ, М.Шоқай Түркістанның сол тұстағы жағдайын төмендегідей сипаттаған еді: “...Рулық ұйымдар негізінде құрылған ұлттық ұйымдар көбінесе бірін-бірі түсінбейтіндіктен орыс жұмысшы және солдат депутаттары кеңестерінің Түркістанға қарсы әрекеттерін қолдайтын.

Түркістан қалалары, әсіресе ауылдық ұйымдар әлі Жұмысшы және солдат депутаттары кеңестерінің ықпалына толық түсе қоймаған-ды. Әрі бұларда қым-қиғаш жәдитшілік, қадимшілік шайқасы жүріп жатты. Алайда біздің ұлттық, қоғамдық ұйымымыздың ауқымынан асқан бұл шайқас орыс үкіметі билеп тұрған жағдайда қауіп туғызды.

Түрікменстандағы осы өзара күрестің рушылдық сипаты қазақ, қырғыз арасындағыдан да басым еді. Әрі түрікмендер Бүкіл түркістан ұлттық қозғалысынан бас тартып, Түркістан ұлттық орталығына өкілдерін жібермеді...” (382).

Мұстафа Шоқайдың осы айтқандары жағдайдың аса күрделі екендігін дәлелдейді.

Мұндай жағдайда Түркістанда қазақ интеллигенциясы өкілдерінің саяси және рухани жағынан сдәуір биік деңгейден көрінгенін және автономиялық қозғалысты шын мәнінде ұйымдастырушылар бола білгенін айтпасақ болмайды. Түркістан жағдайын жақсы білген Нәзір Төреқұлов, сәл кейінірек, кенестер билігі. Түркістанда орныққан соң жазған еңбегінде бұл туралы былай дейді: "...Общий ход истории оказался гораздо сильнее, чем тот национальный антогонизм, который существовал между различными народностями Туркестана. Киргизская (казахская — Ш.О.) интеллигенция, вышедшая из той массы кочевников, которая смотрела на земледельческое узбекское и торгово-ремесленное население городов как на исконных наследственных врагов своих, пошла на услужение к мусульманской буржуазии. Попытки, которые делались мусульманской интеллигенцией для примирения экономической непримиримых элементов, путем ссылки на авторитет объединяющих всех ислама, на общее происхождение тюркских народностей, кончались полной неудачей и только "автономное движение" на один момент могло все же сплотить эти элементы. Нужно полагать, что если автономное движение давало надежду городской туземной буржуазии расправить свои крылья с одной стороны, то с другой обезземеленные и пролетаризованные массы кочевников или вернее их представители надеялись дать отпор переселенческому засилью, опираясь на автономное движение. Только этим и, объясняется то странное обстоятельство, что городская мусульманская буржуазия, интересы которой по существу были противоположны интересам кочевников, нашла в киргизской интеллигенции, настроенной довольно националистически, своих представителей и верных руководителей..." (383).

Осы кездің өзінде-ақ большевиктік ықпалға түсе бастаған Н.Төреқұловтың бұл пікірімен дегенмен де келісуге болады деп ойлаймыз. Мұнда шындық айтылған негіз бар. Түркістандағы автономиялық қозғалыс бастауында қазақ интеллигенциясы тұрғаны тарихтан белгілі. Оның себептері әрине әр түрлі. Солардың кейбірін Нәзір атап отыр.

Қазақ интеллигенциясының Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалысын автономия алу қозғалысына айналдыруда

М.Шоқайдың ерекше рөл атқарғаны белгілі. Бұл туралы Н.Төрөқұлов та атап көрсетеді (384).

М.Шоқай 1917 жылы сәуір айында Тәшкентте шақырылған құрылтайда Түркістан өлкелік орталық кеңестің төрағалығына сайланды. Осы оқиғаға байланысты өзінің көңіл-күйін ол кезінде төмендегідей білдірген еді: “Мықты ұлттық орталықтың жетекшісі болу мерейлі көрінгенімен, орталық кеңес мүшелері ішіндегі жас жағынан ең кішісі бола тұрып, төрағалыққа сайланғаным едәуір ыңғайсыздандым. Ойткені бұл жағдай менің жеке басымның беделін емес, зиялы азаматтарымыздың аздығын, соларға зорүлігімізді көрсететін...”

Өз басым Түркістан ұлттық қозғалысының құрылысына ең соңғы қарапайым қара жұмысшы-медігер болып қатысам да, өзімді асқан бақыттымын деп есептер едім! Бірақ тағдыр мені ұлттық қозғалысымыздың, ұлттық құрылысымыздың аса күрделі де жауапты кезеңінде өлкелік ұлттық ұйымның басына өкеліп қойды” (385).

Алаш қозғалысына қатысушыларды “хандықтың аңсаушылар” немесе байшындар етіп әлеуметтік тұрғыдан олардың жан дүниесін кедей де жұпыны етіп көрсетуге әдеттенген большевиктік немесе кеңестік авторлардың таптық біржақты көзқарастарының негізсіздігі осы М.Шоқайдың жан сырынан айқын көрініп тұр деуге болады. Өз ұлтына, Түркістан ұлттық қозғалысына жан-тәнімен белсенді қызмет ету – Мұстафаның ғана емес, онымен пікірлес болған сол тұстағы көптеген азаматтардың басты мақсаты болды және олар бұл істе маңсапқұмарлықтан бойларын аулақ ұстады деп айта аламыз.

Осының нақты мысалы “Алаштың Әлиханы” атанған Ә.Бөкейхановқа 1917 жылы “Сарыарқа” газетінде белгісіз автордың сипаттамасы дер едік. Онда төмендегідей жолдар бар:

“...Елі үшін құрбандыққа жанын берген,
Бит, бүрге, қандалаға қанын берген,
Ұрыдай сасық ауа, темірлі үйде
Алаш үшін зарығып бейнет көрген...
Түймеге жарқылдаған алданбаған,
Басқадай бір басы үшін жалданбаған,
“Қайткенде алаш көркейер” деген ойдан
Басқа ойды өмірінде малданбаған.
Ғалихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов еді” /386/.

Бұл деректердің кеңестік тарих ғылымының “назарынан “қасақана” түсіп қалғаны және “жарқылдаған түймеге” яғни лауазым атаулына қызықпаған, елі үшін құрбандыққа жанын берген” қайраткерлердің бүгінгі мемлекеттік құрылысымыздың бастауларында тұрғаны егеменді Қазақстан жағдайында ғана “анықталды”. Ал мұндай деректермен таныспай, қуғындалған қазақ зиялыларының тарихи көзқарастарына шынайы баға беру де аса қиын.

Осылардың бәрін қорыға келгенде айтарымыз, автономия үшін күрестің идеялық-саяси негіздеушілері болған қазақ интеллигенциясының өкілдері ұлттың ұлт болып толық қалыптасуы үшін оның дербес тәуелсіз мемлекеттігі аса қажеттігін жақсы түсінді. Ал автономия осыған барар жолдағы басты және алғашқы қадам еді.

Атап көрсету керек, азаттық қозғалысына негізінен Түркістанның өкілі ретінде араласқан М.Шоқайды Түркістанға автономия әперу идеясы 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін көп кешікпей-ақ қатты толғандырғаны байқалады. Бұған нақты дәлел оның осы жылдың сәуір айының басында Түркістанға жүрер алдында Петербург жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінің төрағасы Н.С.Чхейдземен әңгімесі дер едік. Бұл дерек тарихи әдебиетімізде айтылып жүрсе де, дәл осы әңгімеден М.Шоқайдың Түркістан автономиясына байланысты көзқарасы айқын және толығырақ көрініс береді. Сондықтан да М.Шоқайдың естелігін қазқалпында келтірген жөн сияқты. Онда төмендегідей мәселе баяндалады:

“...Чхейдзенің біздің бастаған жұмысымыздың жайы туралы сұрағына мен: “Біз Түркістанның автономия алғанын қалаймыз. Сондықтан автономияға әзірлік жасап жатырмыз” деп жауап қайтардым.

Чхейдзе менің жауабымнан шошып кетіп:

- Құдай сақтасын, Шоқайұлы жолдас, еліңіздегі жерлестеріңіз арасында автономияны ауызға алмаңыз. Біріншіден қазір бұл туралы сөз қозғау ерте. Екіншіден, сіздің Түркістан сияқты елде автономия дереу дербестік алып, боліну деген мағынаны аңғартады, - деді.

Мен оған бірден автономия жариялау немесе елді автономиялы басқаруды талап етпегенімізді, құрылтай жиналысы өтуін күтіп жүргенімізді, болашақта мемлекетіміз

бен халқымызды осы автономияға әзірлеу жұмысымен айналысып жатқанымызды түсіндірдім. Ал оны шошытқан бөліну жайындағы мәселе жөнінде “орыс революцияшыл демократиясы ұлттардың бостандығы туралы талай жылдан бері көтерген ұранына берік болса, бөлінуден қорқудың реті жоқ” екенін айттым.

Чхейдзе менің түсіндірмеме қанағаттанбады, автономия мәселесін қозғамауымыздың қажеттігін айтып, Ресей революцияшыл демократиясының Ресейдегі барлық халықтарға салтын, ұлттық ерекшеліктерін сақтай отырып кең бостандық беретінін, Түркістан сияқты бұрын орыстың ықпалы көп тие қоймаған, халқының қаны, әдет-ғұрпы, діні мүлдем басқа елде автономияның мүлдем болініп кетуге айналуы кәдік скенін, революцияшыл демократиялық Ресейден болінсе, халықтың жағдайы жақсы болмайтынын ескертті” (387).

Орыс демократтарының осындай шовинистік көзқарастары және ұлт мәселесінде империялық ойлау жүйесінен шығып нағыз, байсалды демократ деңгейіне көтеріле алмауы, ұлт мәселесін шешуге батыл барудың орнына, бұл мәселеден қаймыға қорғаншақтаулары қазақ және Түркістан өлкесінде автономиялық ойдың кең таралуына және ашық көрініс беруіне үлкен кедергі жасады. Бұл туралы Мұстафа Шоқайдың өзі былай деп жазды: “...Біз құрылтайларымызда автономия туралы ашық айта алмадық. Тек ұлттық орталығымызда, облыстық “комитеттерімізде көп талқылаған тақырыбымыз осы. Біз сол тұста автономияны былай түсінетінбіз: Түркістанның дербес ел басқаратын мекемелері мен атқару органдары, яғни заң шығаратын парламенті және іс жүргізетін үкіметі болуға тиіс деп ойлайтынбыз. Сыртқы саясат, қаражат, жол, әскери істер Бүкілресей федерациясы үкіметінің ісі деп есептейтінбіз. Оқу-ағарту жұмыстары, жергілікті жолдар мәселесі, жергілікті мекемелер, заң және жер мәселелерінің бәрі жергілікті автономиялы үкіметтің ісі деп қарайтынбыз. Біз әсіресе жер мәселесіне ерекше мән беретінбіз. Әскери құрылыс мәселесіне де едәуір елеулі өзгерістер енгізбекші едік (388).

Алғашқы жалпықазақ съезі шақырылардан бұрын мәселенің күрделілігіне баса мән берген “Қазақ” газеті осы съезде қаралатын маңызды мәселелердің арасынан қазақтың

автономия алуы туралы мәселені алғашқы орынға қойды. “Қазақ автономия болуға ма, болмасқа ма? — деп жазды “Қазақ” газеті, - Автономия болғанда қазаққа қай түрлі автономия қолайлы. Әуелі, мемлекеттік автономия болуға ма яки уалаяттық автономия болуға ма? Екінші, уалаяттық автономия болғанда жерге қарай болу ма, слге қарай болу ма? Қазақ, сірә, өз алдына автономия бола алар ма, әйтпесе басқаларға қосыла бола ма?” (389).

Яғни қазақ интеллигенциясын бөрінен бұрын қазақ жеке отау тігіп, автономия бола ала ма, жоқ әлде бола алмайды ма? — деген мәселе қатты толғандырды. Алдағы болатын жалпықазақтық съезд осы мәселеге жауап беруі тиіс еді. Алайда саяси жағдайдың тұрақсыздығына байланысты алғашқы жалпықазақ съезі бұған нақты жауап бере алмағанын білеміз. Сондықтан да Ә.Бөксейханов күзге қарай қазақтың “басқаларға қосылып” автономия болу жолын іздестіре бастады.

Айта кеткен жөн, “Қазақ” газеті алғашқы жалпықазақ съезіне даярлық барысында жоғарыдағы мақаласында автономия дегеннің не екендігін бұқараға түсіндіруге күш салды. Сондықтан да жоғарыда аталған автономияның екі түріне байланысты “Қазақ” газеті төмендегідей пікірлер жазды: “...Бұл автономиялардың мәнісін қысқалап айтып өтейік. Әуелі мемлекеттік автономия болуға ма, яки уалаяттық автономия болуға ма дедік. Бұл екеуінің арасындағы айырмасы. Мемлекеттік автономия болса, өз Г.Думасы болмақ; өзіне керек закондарды сол Думасы шығармақ; Ақшасын өзі жасап шығармақ; Барша шаруалық ісі, теміржол, почта, телеграф сияқты істерінің бәрі де өзінде болмақ; жер-суының билігі де өзінде болмақ; өз алдына әскер ұстамақ; Қысқасы, мемлекетке керек жабдықтарын өзі жайғастырып, өз қамын өзі жемек. Жалғыз-ақ шет мемлекеттермен арасында болатын істер жалпы мемлекет арқылы істелмек. Жалпы мемлекеттің мемлекеттік автономияда өкілі гана тұрмақ. Мемлекеттік автономияның бас мемлекетпен жалғасатын жері осылар ғана. Уалаяттық автономия болса, оның өз алдына ақшасы, теміржолы, почта, телеграфы, әскері болмайды, жалпы мемлекеттің Г.Думасына өкілдерін жібереді. Өз Думасы сол жалпы мемлекет Думасында шыққан законге қайшы келместей закондарды шығаруға ықтиярлы болады.

Уалаяттағы барша жергілікті істерінің билігі өз қолында болады. Жер-судың билігі жалпы мемлекет қолында болады. Уалаяттық автономия я жер ыңғайына, я елінің ыңғайына қарай болады. Жері жақын болып бөлінуге ыңғайлы болса, яғни бірнеше губерния я облыс жерлерінің табиғаты бірыңғай болса, онда істеліп отырған кәсіп һәм шаруашылық қалпында бірыңғай болмақ. Бұған қарап автономия болса, ол жерге қарай автономия болған болады. Бұл жердің елі бір тұқымнан болса, тілі, діні, тұрмысы бір ыңғайлы болса, ондай ел бірігіп автономия болуға жарайды. Онда елге қарай болған автономия болады. Біздің қазақ автономия бола аламыз десе, осылардың бәрін қарап, аржақ-бержағын тесе қарап, тексеріп барып боламыз деу керек” (390).

Бұл айтылғандарды бүгінгі көзбен саралайтын болсақ, сол тұстағы қазақ интеллигенциясының “мемлекеттік автономия” деген түсінігінің федеративті мемлекеттік құрылымды аңғартатынын, ал “уалаяттық автономия” түсінігінің біздер одақтас республика” атап келген кеңестік мемлекет құрылымына жақын екендігін аңғарар едік. Алайда саяси тұрғыдан алғанда қазақ интеллигенциясы ұсынып отырған мемлекет құрылысының екі түрі де кеңестік мемлекет құрылысына салыстыруға келмейді. Ойткені ХХ ғасыр басындағы қазақ интеллигенциясы автономия түрлері туралы айтқанда тек демократиялық құрылымдар туралы ойлады. Ал кеңестік мемлекет құрылысының тоталитарлық, орыс большевиктік шовинизмі арнасында өрбігені бүгінде бәрімізге белгілі.

Қазақ интеллигенттерінің автономия мәселесіндегі көзқарасы 1917 жылдың 21 шілдесінде Орынборда ашылған жалпы қазақ съезінің қаулысында көрініс тапты. Онда төмендегідей мәселелер атап көрсетілді:

“І. Мемлекет билеу түрі Россияға демократическая федеративная парламентарная республика болсын.

2 Қазақ облыстарында автономия.

Қазақ облыстары қоныс, ұлт жігіне қарай облысной автономия алуға тиіс” (391).

Осылайша қазақтың Ресей федеративтік парламенттік республикасы құрамында автономия алу туралы көзқарасқа заңдық негіз жасалды. Автономия жөніндегі бұл түсінік осы жылдың қараша айында “Қазақ” газетінде жарияланған

“Алаш” партиясы бағдарламасының жобасында нақты көрініс тапты (392). Онда мынадай жолдар бар: “І. Мемлекет қалпы. Россия демократическая, федеративная республика болу. Демократия мағынасы – мемлекетті жұрт билеуі. Федерация мағынасы – құрдас мемлекеттер. Федеративный республикада һәр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады. Әр қайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді...”

Жергілікті бостандық. Қазақ жүрген облыстардың бәрі байланып, өз тізгіні өзінде болып, Россия Федерациясының бір ағзасы болу. Реті келсе, қазақ автономиясы сыбайлас жұрттармен әзірге бірлес болу, реті келсе, бірден-ақ өз алдына жеке болу...” (393). “Алаш” партиясы бағдарламасы жобасының демократиялық сипаты. Үкімет басында Құрылтай жиналысы мен Мемлекеттік Думаның ұйғаруы бойынша кесімді мерзімге сайланған Президент тұрады. Президент қоғамдық істерді министрлер арқылы жүргізеді, ал министрлер Құрылтай жиналысы мен мемлекеттік Думаның ұйғаруы бойынша кесімді мерзімге сайланған Президент тұрады. Президент қоғамдық істерді министрлер арқылы жүргізеді, ал министрлер Құрылтай жиналысы мен мемлекеттік Дума алдында жауапты, – деген тұжырымдардан байқалады.

Оның үстіне аталмыш жоба Мемлекеттік Думаға депутаттардың тегіс, тең, төте және құпия сайлау арқылы сайланатынын атап көрсету арқылы демократиялық принциптерді берік орнықтырды (394).

“Алаш” партиясының мемлекет құрылысы және автономияландыру мәселесіне байланысты осындай көзқарастар зерттеушілер М.Қ.Қойгелдиев пен К.Н.Нүрсейісовтің монографиялық зерттеулерінде (395) кеңінен талданғандықтан, біз жоғарыдағы тұжырымдарды егжей-тегжейлі талдауды қажет деп таппадық. Алайда М.Қойгелдиев байқаған бір ерекшелік біздің ойымызша назар аударуға әбден лайық. “...Бірінші жалпықазақ съезі қаулысын және партия бағдарламасын дайындау кезінде, – деп атап көрсетеді М.Қойгелдиев, – ұлт зиялылары мемлекеттік дербестік мәселесіне әлі де болса үлкен сақтықпен қарағандығын байқаймыз. Оны біз желтоқсан жалпықазақ съезінде және одан кейінгі уақытта қойылған ұлттық әскер жасақтау, ұлттық банкі құру және басқа ұлттық мемлекет орындарын

ұйымдастыру сияқты ұсыныстардың орнына әзірге земскілік басқарудың, сот ісін жүргізудің, әскерлік қызметтің қазақ шындығына бейімделген түрлерін қабылдау сияқты ұсыныстармен шектеуінен аңғарамыз” (396). Саяси күрделі сол бір заманда Алаш интеллигенциясының ұлттық автономия мәселесіне аса сақтықпен қарауы орынды еді. Ең басты қауіп – біздің ойымызша, сол тұста демократиялық қозғалыстың басында тұрған орыс демократ-интеллигенттерін үркітіп алу, тіптен байғамдықпен ұлттық автономия қозғалысына оларды қарсы қойып алу еді. Біздің байқауымызша Алаш қозғалысы және Түркістандағы ұлттық автономия қозғалысы міне осылардан сақтанды.

Алайда кеңестік кезеңде тарихнамада ұлттық интеллигенция көзқарасын “феодалдық-патриархалдық” құрылысты аңсаушылар бағыты ретінде айыптау едәуір оріс алды. 1989 жылы баспадан жарық көрген монографиялық еңбектерінде В.К.Григорьев, Н.Р.Джағфаров, В.П.Осипов тәрізді Қазақстандық тарихшылар “Алаш” партиясының ұстанған бағыты туралы томендегідей сөздер жазды: “Эта партия на всеказахском и целой серии так называемых казахских областных съездов усиленно вела агитацию за создание на территории Казахстана буржуазно-националистической автономии “Алаш-Орда”. Подразумевалось, что она явится частью капиталистической России, сохраняя в рамках “алашской автономии” социальные отношения патриархально-феодалного типа...” (397).

1990 жылы баспадан жарық көрген “О прошлом для будущего” деп аталатын мақалалар жинағында “Алашский проект программы пронизывало стремление сохранить господство феодально-байской верхушки в ауле, приспособить старые патриархально-феодалные порядки к условиям буржуазного общества”, - деп атап көрсетілді (398).

Алайда таптық және большевиктік көзқарастан арылған және қазақ интеллигенциясы еңбектерінің түпнұсқаларымен жете танысқан зерттеушілер жоғарыдағы зерттеушілер пікірлерінің негізсіздігін дәлелдеп берді. Солардың алғашқыларының бірі және бірегейі М.К.Қойгелдиев болғанын айта кеткен жөн. Ол өзінің 1995 жылы баспадан жарық көрген жоғарыдағы аталмыш монографиясында “Алаш” партиясының бағдарламасында ашықтан-ашық

феодалдық аристократияны шектеуге бағытталған шаралар қарастырылған жоқ болатын. Ұлттық бостандық пен бірлік үшін күрес кезеңінде ондай шараларды күн тәртібіне қоюдың өзі де сөзсіз қазақ қоғамын бөлініп-жарылуға ұрындырмай қоймайтын еді. Сондықтан да қазақ зиялылары сол тарихи кезеңдегі қазақ қоғамының ерекшеліктерін ескере отырып ондай қадамға саналы түрде барған жоқ деп айтуға толық негіз бар”, - деп атап көрсетеді (399).

Қазақ қоғамының біртұтастығы қазақ ұлттық-демократиялық интеллигенциясы үшін әрқашан алдыңғы қатарда тұрғанын ескерер болсақ, зерттеушінің бұл пікірімен толық келісуге болады. Осы жерде тағы бір мақұлдауға болатын пікір М.Қойгелдиевтің “Алаш зиялыларының капиталистік қоғам немесе таза ұлттық мемлекет орнату сияқты мүдделерді өздеріне мұрат етіп қоймағандығын, олар үшін бірінші кезекте ұлттық саяси дербестік пен экономикалық-әлеуметтік даму жолына түсу тұрғандығын көрсетсе керек” (400) деген тұжырым.

Осы айтылғандардың бәрі Алаш қозғалысына қатысқан қазақ интеллигенциясының мемлекет құрылысы мәселесінде және автономия қозғалысында ұлттық-демократиялық бағыты ұстанғанын дәлелдей түседі дер едік.

Қазақ интеллигенциясының Ресейден бөлек ұлттық автономия құру ұранын күн тәртібіне ашық қоюына мүмкіндік бермеген объективті себептерді де естен шығаруға болмайды. Бұлардың ішіндегі ең бастылары - Қазақстан мен Түркістан шаруашылығының Ресеймен тығыз байланыстылығы және елдің әлеуметтік-саяси, экономикалық міндеттерін шешуге негіз болатын білімді мамандардың жоқтығы еді. Бұл туралы М.Шоқай былай деп атап көрсетті: “...Біздің көбірек мән бергеніміз ұлттық кадрлар мәселесі еді. Көкейдегі принциптерді көпке жариялауға болады. Қалағаныңды кадр болмаса, қажетті адам күші мен басқа құралдар табылмаса, осы игі тілектің мәні бос сөз күйінде қалады...”

Осы тұста жұмыс жүргізген санаулы ұлттық кадрларымыз өмір талабына сай келе бермейтін дәрменсіз еді. Еліміз бұрынғы қалпында өмір сүріп, ұлттық саяси өмірімізге Ресей араласпағанда, шаруашылығымыз Ресей шаруашылығымен матасып, біз бүкіл Түркістан үшін Бұқара және Хиуа

хандықтарындағы ішкі саяси және әлеуметтік жағдайға риза болсақ, әрі сол жағдайда қалуды қаласақ, әрине, кадр жөніндегі қиындық өзінен өзі жойылар еді. Өтсең, жағдай бұлай емес-ті. Қанша ойланып, бас қатырғанмен, түбінде Ресейге бағынышты болғандықтан, шындықты ашып айта алмадық. Сонымен қатар тағы бір елеулі жағдайды еске түсірейік. Сол тұста Түркістанда Ресейден біржола бөлініп кету жөніндегі пікірді мақұлдай қоятын психология, рухани әзірлік жоқ еді...” (401).

Тарихнамада Алашорда мен Түркістан (Қоқан) автономиясының қарым-қатынасы мәселесінде қазақ интеллигенциясының қозғалысынан қайшылықтар мен алауыздықтар іздейтін зерттеушілер де жоқ емес. Мысалы, өйгілі Баймырза Һайт былай деп жазады:

Қоқандағы Түркістан ұлттық үкіметі Алашорда үкіметімен бірігуге немесе тығыз ынтымақтастық жасауға талапталды. Осы мақсатпен 1918 жылдың қаңтарында Түркістан қаласында (Яссы) екі үкімет өкілдерінің конференциясы өткізілді. Алашорданың 1917 жылғы 18-26 желтоқсандағы конгресінде алашордашылар арасында бірігу немесе бірігіп әрекет жасау мәселесіне байланысты екі пікір пайда болған еді. Соңғы пікірді Бөкейхан жақтады. Ол түркістандықтармен, сібірліктермен, башқұрттармен және татарлармен ынтымақтасу мүмкін деп есептеді, алайда Түркістанмен бірігуге қарсы болды. Байтұрсын басқарған екінші қанат Түркістанның бірлігін талап етті. Бұл қозғалыс Алашорданың түрік халықтарының бірден-бір ұлттық орталығы болып табылатын Түркістанмен сөзсіз және толық бірігуіне негізделді” (402).

Бұл жерде Баймырза Һайттың деректерді шатастыра баяндап отырғанын айтпасақ болмайды. Түркістанда екі өкімет өкілдерінің конференциясы емес, Түркістан губерниясы құрамындағы Сырдария облысы қазақтарының съезі шақырылды. Мұнда екінші жалпы қазақ-қырғыз съезінің бүкіл Алаш баласын біріктіру, өз алдына автономия қылу туралы қаулысына сәйкес Сырдария қазақтарының Алаш автономиясына қосылу мәселесі қаралды. Қабылданған қаулының алғашқы бабында мынадай шешім айтылды: “Сырдария облысы қазіргі уақытта тегіс Түркістан

автономиясында болуы себепті өзінше Түркістан автономиясында қалады” (403).

Алайда қарардың келесі бабы Алаш өз бетінше автономия болған жағдайда және Түркістан автономиясымен одақ құрған болса Сырдария қырғыз-қазақтарының Алаш автономиясына кіретінін айтты. Сонымен қатар қаулының бесінші бабы “Алашорда үкіметі Түркістан шаһарында болсын”, - деп атап көрсетті (404).

Көріп отырмыз, Баймырза һайт тарихи шындықтан біраз ауытқыған. Қазақ съездерін “конференция” және “конгресс” деп атап түпнұсқа деректерді бұрмалаған. Ең жаманы сол, Баймырза һайт Алаш қозғалысындағы қайдағы бір “алауыздық” туралы пікір айтып Түркістан автономиясымен Алашорданың жақындасуының болмай қалуына, тіптен олардың кейіннен жойылып кетуіне Ә.Бөкейхановты орынсыз кінәлайды. Ол жоғарыдағы пікірін төмендегіше жалғастырады: “Осы екі қозқарастың арасындағы алауыздықтың себебі мынада: Бөкейхан өзі өте радикалды көзқарастағы адам болғандықтан, Түркістанды оның консерватизмі мен діни фанатизмі үшін қауіпті деп санады. Бөкейхан мен оның жақтастары орыс рухани өмірінің ықпалында болғаны күмәнсіз. Оның үстіне ол “қазақшылық” идеясын ұлттық мәселені шешудің, сөйтіп, өзін-өзі басқару құқығына ие болудың нағыз тиімді құралы ретінде өзінің іс-әрекетінің негізіне айналдырды. Консервативті Түркістан президенті және ішкі істер министрі қызметіне неғұрлым икемді М.Тынышбайды сайлауға тиісті еді, ол сонымен қатар Алашорданың ішкі істер министрі қызметін де иемдене алатын еді. Бөкейхан Түркістан жеріндегі халықтың нақты күштерінен гөрі Ресейдің революциялық күштеріне көбірек сенді, оның Қоқандағы Түркістан ұлттық үкіметіне қатысты қатаң көзқарасы кейініректе, екі үкіметтің де жойылуына әкелді. Оңтүстікке назар аударып, халықтың ортақтығы және тағдырларының ортақтығы негізінде онымен одақ құру орнына Бөкейхан солтүстікке (орыс большевиктері мен олардың ақ гвардияшы жаулары және де казактар” қосылуға тырысты” (405).

Бұл айтылғандардың тарихи шындықты бұрмалау екенін Ә.Бөкейхановтың және М.Шоқайдың шығармаларымен таныс адамдар бірден түсінер еді. Жоғарыда айттық,

Ә.Бөкейханов Түркістанмен бір автономия құруға келіспегені, оның дербес автономия болуын қолдағаны рас. Мұның себебі Ә.Бөкейханның “орысшылдығы” емес, Түркістанның рухани, экономикалық және саяси тұрғыдан кенже қалуы еді. Оның үстіне Ә.Бөкейханов Түркістанға Баймырза Һайт айтқандай, ешқашанда “қатаң көзқарас” ұстанған жоқ, қайта бауырлас өлке ретінде оған әрқашан тілектес болды. Сондай-ақ, екі автономиялық үкіметтің жойылуына Ә.Бөкейхановты кінәлау да негізсіз деп ойлаймыз. Алашорда мен Түркістан автономиясының бірігуі немесе берік одағы сол кездегі саяси жағдайда мүмкін болмағанын, тіптен оның өзі мүмкін болғанда да әскери күші басым орыстардың алдында тотен беру мүмкін еместігін Баймырза Һайт білуі керек еді.

Баймырзаның екі үкіметті біріктіруші күш ретінде М.Тынышбаевты срекшелетуі де дәлелсіз. Мұстафа Шоқай кезінде ол туралы былай деп жазған еді: “Бұл кісінің де саяси көзқарасы кадеттерге едәуір жақын болатын. Оны жақсы білгендердің сөзіне қарағанда, қабілетті, білгір инженер зор саяси тұлға бола алған жоқ. Петербург инженерлер институтын бітіруден саяси қозғалысқа қадам басқан бұл кісіден Түркістан тұрғындары зор үміт күткен еді!...” (406).

Аталмыш еңбегінде, бір таңғаларлығы Баймырза Һайт М.Шоқайдың көзқарасына немесе Қоқан автономиясын ұйымдастырудағы оның өзінің рөліне мүлде мән бермейді, тіптен бұл еңбекте оның есімі аталмайды да. Түркістан (Қоқан) автономиясы туралы таптық тұрғыдан бола тұрса да шынайы мәліметті Нәзір Төреқұлов 1920 жылғы Қазақ төңкерісіне арналған жинақтағы жоғарыда ашқан “Кокандская автономия” деген мақаласында жазған еді. Онда томендегідей жолдар бар: “Начало автономии было положено на том чрезвычайном съезде мусульманских депутатов, инициатором созыва которого и вдохновителем явился Красной мусульманский Совет, во главе с М.Чокасым и др. Автономия была объявлена 27-го ноября 1917-го года в торжественной обстановке в здании Общественного собрания г.Коканда. было выбрано автономное правительво Туркестана с соответствующими министерствами, как Исполнительный орган, и Народный Совет при нем, являвшийся законодательным органом. Необходимо констатировать, что автономное движение захватило только

наиболее энергично настроенные части либеральной буржуазии и интеллигенции и не успела пустить корни в низах. Таким образом Временное Правительство Автономного Туркестана, на которое возлагалось столько надежд и чаяний передовых слоев туземного общества, опиралось только на 50-60 добровольцев, набранных в центре этого движения в Коканде; но ему необходимо было как можно быстрее и во что бы то ни стало организовать себе военную опору и не имея других средств оно вынуждено было обратиться за помощью к бандитской шайке Иргаша..." (407).

Н.Төрөқұлов Қоқан автономиясындағы М.Шоқайдың басты ролін ғана емес, сонымен бірге жоғарыда аталған М.Тынышбаевтың осы оқиғадағы орнын да сипаттайды: "...Образовался министерский кризис в связи с уходом первого министра Правительства, инж. М. (Мұхамеджана Тынышбаева — Ш.О.), и вопрос о премьере был разрешен избранием болсе активного ч., (Чокаева — Ш.О.) который тут же решительно заявил что с этого момента не будет сделано ни одной уступки большевикам..." (408).

Сонымен мемлекеттік автономия мәселесіне байланысты қазақ ұлттық интеллигенциясының көзқарасына тоқталар болсақ төмендегідей тұжырымдарды бөліп көрсетер едік:

- Кезінде ұлттық интеллигенцияның белсенділігімен ұйымдастырылған "Алашорда" және "Түркістан (Қоқан) автономиясының" қызметі кеңестік тоталитарлық жүйе тұсында негізсіз қараланды. Ал бұл шынайы тарихты көпекөрнеу бұрмалауға жол ашты;

- Өкінішке орай Алаш қозғалысын және оны негіздеуші ұлттық интеллигенция өкілдерін біржақты айыптауға бәрінен бұрын сол кезеңде таптық көзқарасты және большевиктік ұстанымды белсенділікпен қабылдаған алғашқы қазақ большевиктерінің өздері негіз жасап берді;

- Қазақ большевиктерінің үлкен қателігі — большевик-тік билікке деген сенімді, қазақ халқының ауыз бірлігінен, мемлекеттік, ұлттық мүддесінен жоғары қоюлары еді;

- Ұлттық демократиялық интеллигенцияның мемлекеттік автономия мәселесіне көзқарасы саяси күрделі жағдайларға байланысты эволюциялық өзгерістерді бастан кешті. Алайда олар ұлттық мемлекеттік автономияға қол жеткізбейінше ұлт азаттығына қол жеткізудің мүмкін

еместігін де жақсы түсініп, осы үшін белсенді күресті; Ұлттық автономия мәселелеріндегі қазақ интеллигенциясының көзқарастары олардың өздері өмір сүрген заман тәрізді аса күрделі. Олардың шынайы мазмұнын айқын түсіну үшін, жанама зерттеушілердің емес, ұлттық интеллигенция өкілдерінің өздерінің түпнұсқа еңбектерін терең және жан-жақты зерттеуіміз керек.

IV ТАРАУ. КЕҢЕСТІК САЯСИ БИЛІК ЖӘНЕ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫ

4.1. Ұлт зиялыларының егемендік мәселелеріндегі бағдары

Бүгінгі тарихтану ғылымы К.Маркстің де, Ф.Энгельстің де, В.Лениннің де аз қателеспегенін дәлелдеп отыр. Ұлттық болмысты, ұлттық факторды мүлде ескерусіз қалдыратын, тек құрғақ идеологияға ғана құрылған “Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!” деген ұранның немесе “дүниежүзілік социалистік революция”, “дүние жүзінде түгелдей социализм орнату” теориясының тым біржақты болғанын ғалымдарымыз айтып та, жазып та жүр. Айта да бастады, жаза да бастады.

К.Маркс пен Ф.Энгельстің “Гота программасына сын”, “Коммунизм принциптері” деген еңбектерінде дүние жүзіндегі барлық елде немесе олардың басым көпшілігінде социалистік революция бір мезгілде жеңеді деп үстірт пікірге ұрынғаны да белгілі. Бұған В.Ленин: жоқ, социалистік революция бір ғана немесе бірнеше елде жеңе алады, ал қалғандары уақытша капитализмде қала тұрады деп түзету енгізді.

В.Ленин дүние жүзі түбінде түгелдей социалистік құрылысқа, оның жоғарғы сатысы коммунизмге өтеді деп қате топшылауға бой ұрды. Ол капитализмнің орасан мүмкіншіліктерін, экономикалық тұтқа-тетіктерінің оралымдылығын, жағдайға бейімделгіштігін ескермеді. Осы қате түсінікті басшылыққа алған В.Ленин 1917 жылы 3 сәуірде (Ресейге шетелден қайтып келген бетте) сөйлеген сөзінде дүние жүзі коммунистерінің басын қосатын жаңа халықаралық ұйым 3 Коммунистік Интернационалды құруды ұсынған еді. Бұл жерде В.Ленин әр елдің коммунистерінің өз арасында ұлттық ерекшеліктерге байланысты, ұлттық оянуға байланысты, қоғамдық-саяси дамудың әр түрлі деңгейіне байланысты алауыздықтардың, қилы келіспеушіліктердің туатынын ескермеді. Ленин құрған, кейіннен формализмге ұрынған 3 Коммунистік Интернационалды И.Сталиннің 1943 жылы таратуға мәжбүр болуы да сондықтан.

Лениннің ойынша, дүниежүзілік социалистік революцияға барар алғашқы баспалдақ империализмнің “сң осал, ең

іріп-шіріген буының Россияны түгелдей социалистік революцияға көтеруден басталуы керек еді. Оның пікірінше көшпелі Қазақстанда да, мұсылмандық Түркістанда да социалистік революция шұғыл түрде жүзеге асуға тиіс болды. В.Ленин Россия құрамындағы әр түрлі ұлттардың өздерінің дербес, тәуелсіз, егеменді мемлекетін құру праволарын мойындай отырып, сонымен бірге олардың Россия құрамынан бөлініп шығуына үзілді-кесілді қарсы болды. Иә, бөлініп шығу правосын мойындайды, бірақ бөлініп кетуге жол бермейді. Мұны В.Лениннің өзі 1913 жылы 6 желтоқсанда С.Шаумянға жазған хатында анық айтады (біз аударманы емес, әдейі түпнұсқаны беріп отырмыз): “Мы за автономию для всех частей, мы за право отделения (а не за отделение всех!). Автономия есть наш план устройства демократического государства. Отделение вовсе не наш план. Отделения мы вовсе не проповедуем. В общем, мы против отделения. Но мы стоим за право на отделение...” (409).

В.Лениннің осы қағидасы кейінгі ресми құжаттарда да дәл осылай қайталанды. Мысалы, 1919 жылы 2 қарашада қабылданған “Россия халықтары праволарының декларациясында” былай делінді:

“1. Россия халықтарының теңдігі және егемендігі. 2. Россия халықтарының бөлініп шығуға және дербес мемлекеттерін құруға дейінгі өзін-өзі басқару правосы” (410).

Яғни, тағы да дербес мемлекет құру құқы ғана мойындалады, ал оларды құру туралы бір ауыз сөз жоқ.

Көп кешікпей-ақ “ұлтшылдарды” іздестіру де бой көрсете бастады. Мәселен, 1920 жылы 21 ақпанда РКП(б) Орталық Комитеті өзінің шығыс халықтары арасында жұмыс жүргізетін барлық партия комитеттеріне, саяси бөлімдеріне жазған хатында мұсылман халықтарының өмірінде ұлттық қозғалыстың үлкен орын алып отырғанына байланысты оның екі жағын ескеру керектігі – біріншіден, мұсылмандардың өзінің мәдениетін көтеруге талпынуын түсіне білуді және екіншіден, бұл қозғалысқа ұлтшылдардың сніп кету мүмкіндігі атап көрсетілді. Яғни, мұсылмандар арасындағы “ұлтшылдықтан сақтану мәселесі” біртіндеп әңгіме бола бастады. В.Лениннің “ұлтшылдардан” сескенген себебі, олар бөлініп кету правосын мойындауды ғана емес, дербес мемлекет ретінде бөлініп шығуға рұқсат студі талап еткен-ді.

В.Лениннің қазақ және тағы басқа шығыс халықтарының Кеңестік Россиядан бөлініп шығуына қарсы екенін түбегейлі түсінген Ахмет Байтұрсынов, Тұрар Рысқұлов тәрізді арыстарымыз табиғи тілектен туындайтын, адамзат көшінің табиғи тілегінен туындайтын әділетті жолды, яғни дербес ел болуды, тәуелсіз ел болуды, егеменді ел болуды ұсынды. Қазақтардың діннен, тілден айырылып қалмауын, ұлттық қасиеттерін жоғалтып алмауын көздеді. Бұған, тарихшы М.Қойгелдиев архивтен тапқан, Ахмет Байтұрсыновтың В.Ленинге жазған хаты куә. Ахаң бұл хатты В.Ленинге 1920 жылы 17 мамырда жазған (Хат орыс тілінде жазылған, сондықтан аудармадық).

“Одним лишь переименованием себя в коммунистов-интернационалистов, русские не могут возбудить к себе доверия не русской нации, имеющей вековое знакомство с хитроумной политикой царского правительства. У киргизов (казахов — *Т.О.*) есть поговорка: “Сары орыстың бәрі орыс”, — дей келіп, Ахмет Байтұрсынов мұнан өрі Россия құрамындағы қазақ халқының ұлттық болмыс-бітімін жоғалтпай, қазақты мөңгүрттенуден аман алып қалудың нақты жолдарын ұсынады: “... В настоящее время всякий встречный называет себя коммунистом. Не приглядевшись к ним поближе подумаешь, что свершилось чудо — все превратились в коммунистов. Но чудеса бывают в сказках, а в мире действительности их нет, поэтому коммунизм у многих не простирается дальше ярлычка. И выходит, что коммунистов в России много, но настоящих идейных коммунистов очень мало, тем более их должно быть мало или совсем не быть на окраинах.

В виду изложенного представляется необходимость: 1. поставить во главе управления Киргизским (Казахским — *Т.О.*) краем настоящих идейных коммунистов и испытанных честных идейных работников из киргизских (казахских — *Т.О.*) интеллигентов, которым народ вполне доверяет, но ни в коем образом коммунистов по названию ...; 2. Во всех органах власти, в ведении коих подлежат районы со смешанным населением, представителей угнетенной нации должно быть не менее — 3,2; 3. Управление хозяйственно-экономическими учреждениями Киркрая, независимо от централизации или децентрализации, должно находиться в

руках киргизов (казахов – Т.О.), без всякого раздробления и подчинения другим губерниям или областям под разными предложениями экономического тяготения; 4. Вся политическо-культурная работа киргизских коммунистов и революционной интеллигенции должна основываться на началах Советской социалистической хозяйственной политики; 5. Создать военный округ объединяющий Киргизию с управлением в гор. Оренбурге (сол кездегі Қазақстан астанасы – Т.О.); 6. Гарнизоны в городах должны быть обязательно из киргизов (казахов – Т.О.); ...”

Ахмет Байтұрсынов айтып отырған егемендік идеяларын сол жылдары өмірге нақты енгізуге күш салғандар да болды. Мәселен, Ахмет Заки Валидов өзінің серіктері Ш.Маматов, И.Сұлтановтармен бірге 1917 жылы желтоқсан айында Орынборда өткен башқұрттардың құрылтай жиналысында оздерінің ұлттық мемлекетін жариялады. Кеңес өкіметінің арқасында Башқұртстан ұлттық егемендік алар деп демеленген Заки Валидов 1919 жылы Башқұрт революциялық комитетінің құрамына енді. 1920 жылдан бастап оның төрағасы болды. Ұлттық егемендікті қорғау керектігіне көзі жеткен З.Валидов Залаир және Тамьян-Қытай өңірлерінде Башқұрт жерін қорғайтын қарулы отрядтар ұйымдастырады. Бірақ көп кешікпей-ақ бұл әрекет большевиктердің ашық қарсылығына ұшырады. Заки Валидов және оның серіктері 1920 жылдың маусымында Түркістанға кетуге, басмашылармен келісімге келуге мәжбүр болды. Ақыр соңында олар Түркияға отіп кетті. Ұлттық мүдде мен ұлттық егемендікті бірінші кезекке қойған Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалысы Мұстафа Шоқай басқарған Қоқан автономиясында да көрініс берді.

Осы қозғалыстарға және сонау 1917 жылы желтоқсанда қазақ жерінде дүниеге келген Алашорда мемлекеттік құрылымына осы уақытқа дейін “буржуазияшыл-ұлтшыл” деген қате баға беріліп келді. Бір таңданарлығы: шығыс халықтарында әлі буржуазия тәрізді жаңа тап қалыптаспаған болса да осылай делінді. Әлі капитализмнің антагонистік таптары, рынок қатынастары тарих сахнасына шықпаған көшпелі қазақ даласы мен мұсылмандық Түркістан үшін дәл осы кезеңде ең қажеттісі - ұлттық тәуелсіздік пен егемендік еді. Таптық жауласу бұл еңірде әлі өмірге келмеген-ді.

Кеңес өкіметінің алғашқы айларынан бастап-ақ, Қазақстанда да, Түркістанда да билікті европалық нәсілден шыққандар өз қолдарына алды. Бұл жергілікті жерде ел басқаруға қабілетті азаматтар жоқтықтан емес, Орталықтың оларға жеткілікті қамқорлық жасамауының және сенімсіздік көрсетуінен орын алған еді. Аханның жоғарыдағы Ленинге жазған хаты бұл мәселеге сондықтан да баса мән берді. Сенімсіздік дегеннен шығады, Лениннің көзі тірі кезінде-ақ, И.Сталин татар большевиктерінің көрнекті өкілі М.Х.Сұлтанғалиевтің соңына шам алып түсіп, оны сол кезде Орта Азияда басмашылар қозғалысына қатысып жүрген Заки Валидовпен байланыс жасамақ болдың деп айыптап, мәселесін РКП(б) Орталық Бақылау комиссиясының партия коллегиясына қойып, партиядан шығарып, қамауға алды. М.Х.Сұлтанғалиевті қуғындау арқылы И.Сталин “ұлтшылдықтың”, “ұлттық ауытқушылықтың” өмірде “шынында да бар екенін” өзінше дәлелдеп бақты.

Ал Түркістандағы о бастан-ақ билікті өз қолдарына ұстап отырған европалықтардың шовинистік пиғылы И.Сталиннің назарына шалына қоймады. И.О.Тоболин деген басқарған 40-қа жуық адам өздерін “коммунистік фракция” деп атап, Түркістанның алғашқы кеңестік үкіметінің құрамына мүсылмандарды жұмысқа алудан бас тартты. Сылтаулары: біріншіден, “жергілікті халық өздерінің солдат, жұмысшы және шаруа депутаттары кеңестеріне деген көзқарастарын әлі толық айқындамаған; екіншіден, жоғарғы органдарға өкілдер ұсына алатындай жергілікті халықтың таптық пролетарлық ұйымдары жоқ”.

1918 жылы қазанда болып өткен Кеңестердің Түркістан өлкелік VI съезінде тоболиншілдер өткір сынға алынған соң, өлкелік басшы органдар қайта сайланды. Бірақ басшы органдарға тағы да шовинистік көңіл күйдегі адамдар орнығып алды. А.Казаков, К.Успенский тәрізді адамдар Түркістанның жергілікті ұлттары өкілдерінің қолдарына билікті бермеуге күш салды.

Жағдайдан хабардар болған РКП(б) Орталық Комитеті 1919 жылы шілдеде: Түркістанның жергілікті халқын, олар партия мүшесі болмаса да, егер кандидатураларды мүсылман жұмысшыларының ұйымдары ұсынса мемлекет басқаруға

пропорционалды түрде оларды кеңінен тартуға болады, - деп Түркістанға радиограмма жіберді.

Бірақ, Казаковтың тобы өздерінің Орталыққа берген жауабында “жергілікті халықты үкімет басқаруға тартатын болсақ, онда басшы органдарға тапсызданған элементтер, Кеңес өкіметінің шын мәніндегі жаулары еніп келеді” деген қарсы дау айтты.

Мұндай көпе-көрінеу шовинизм Түркістан жерінде басмашылық қозғалыстың кең қанат жаюына себеп болды. Жергілікті халықтан шыққан қайраткерлер шовинистерге қарсы тұрып бақты. Осының нақты көрінісі 1919 жылы өткен, мұсылман коммунистері көптеп қатысқан Түркістан Кеңестерінің VIII съезінде (6 қыркүйек) және Түркістан Компартиясының IV Төтенше съезінде (12 қыркүйектен – 6 қазанға дейін) Казаков тобы әрекетінің партияға қарсы тұру ретінде өткір сыналуы еді.

Жағдай шиеленісіп кеткендіктен Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті және РСФСР Халық комиссарлары Кеңесі 1919 жылы 8 қазанда Түркістан істері жөнінде арнайы комиссия құрып, оны шұғыл түрде Түркістанға жөнелтті. Бірақ бір назар аударар нәрсе, Ленин қол қойған осы комиссия мүшелеріне берілген мандатта Түркістандағы шовинизмге қарсы күресу қажеттігі туралы бір ауыз сөз айтылмаған. Жергілікті кадрларды Түркістанды басқару ісіне батыл тарту керек еді. Бірақ Ленин бұл туралы ештеңені ашып айтпады. Орталықтан жіберілген Түрккомиссияның құрамына жергілікті қайраткерлер Ахмет Байтұрсынов пен Тұрар Рысқұловты неге енгізбегені де түсініксіз. Біздіңше, Ленин бұларға сенбеген. Бірақ ол Голощекинге зор сенім білдіріп, оны осы жауапты комиссия құрамына енгізеді.

Орталықтан келген Түрккомиссияны біздер, тарихшылар, осы кезге дейін көтере марапаттап келдік. Әміршіл-өкімшіл жүйенің “тұтқынынан” тысқары тұрғандар бұл мәселе жөнінде шындықты айта алды. Осының нақты мысалы, жақында ғана “Азат” газеті түркі тілінен аударып басқан қандасымыз Хасен Оралтайдың еңбегі. Мұнда қысқаша болса да Түрккомиссияның диктаттық бағыты, өктемділігі туралы біраз шындықтың беті ашылған. Элиава басқарған бұл комиссия “ұлтшылдық ауытқушылық” деген сылтаумен Түркістанның Тұрар Рысқұлов басқаратын Түркістан

Компартиясының өлкелік комитетінің Мұсылмандар бюросын тізгіндеп ұстады. Айта кеткен жөн, Турккомиссия Түркістанға келерден көп бұрын-ақ, яғни 1919 жылы 12-19 қыркүйекте мұсылман коммунистік ұйымдарының II конференциясы шақырылып, онда жергілікті ұлт өкілдерін мемлекет басқару ісіне кеңінен тарту талап етілген еді. Мұндай талаптың қойылатын да жөні бар еді. Бұл кезде коммунистік партияға мүше түркістандықтардың сапы Түркістан Компартиясының жартысына жуығы болатын. Тұрар Рысқұлов басқарған Мүсбюроның төңірегіне топтасқан мұсылман коммунистері Түркістан өлкелік Компартиясы басшылығының жүргізіп отырған шовинистік саясатына наразы болды. Бұл наразылықтың өрши түсуіне Түркістан өлкелік партия комитетінің “қай тапқа жататыны белгісіз” деген сылтаумен мұсылмандарды оқтын-оқтын партиядан шығарып, жиі-жиі партиялық тазалаулар жүргізуі де себеп болды. Бұл әрекеттерге қарсы белсене күрескен Тұрар және оны жақтаушылар билікті Мұсылман бюросының қолына бермейінше, шынайы әділдік орнай қоймайтынын жақсы түсінді. Сондықтан Мүсбюро, славяндар жайлап алған өлкелік партия комитетімен ақылдаспай-ақ, мұсылмандар ішінен өз кандидатураларын мемлекет басқару органдарына ұсына бастады.

Бірақ, Мәскеуден Лениннің мандатымен жөне арнайы хатымен келген Турккомиссия партиялық жөне кеңестік аппараттардағы Мүсбюро ұсынған көптеген адамдарды жұмыстан шығарып, тағы да “тазалаулар” жүргізуге кірісті. Мүсбюроның жергілікті кадрларды жауапты қызметтерге орналастыру әрекеттері “буржуазиялық-ұлтшылдық көріністер” ретінде бағаланды. Ал Тұрар жөне оның серіктері ешқандай себепсіз “ұлтшыл-ауытқушыларға” жағқызылды. Турккомиссияның үмітті ақтамағанына көздері жеткен Т.Рысқұлов жөне оны жақтаушылар күресті тоқтатпады.

Оның үстіне 1919 жылдың күз айларында Түркістан Компартиясының мүшелерінің жартысына жуығы жергілікті мұсылмандардан тұратындықтан, түркістандықтардың ұлттық егемендікті талап етуге толық хақылары да бар еді.

Осының бәрін дұрыс ескерген Тұрар Рысқұлов басқарған Мұсылман бюросының III конференциясында, онан соң Түркістан Компартиясының V өлкелік конференциясында

(1920 жылы 20-25 қаңтарда Ташкентте өткен) мұсылмандар Түркістандағы кеңес автономиялық республикасын құру туралы лениндік қағиданы қайта қарауды орынды талап етті.

Тұрар Рысқұлов және оның төңірегіне топтасқандар Түрік республикасы деп аталатын жаңа, егеменді кеңестік республика құруды ұсынды. Оның құрамына тек Кеңестік Россиядағы түрік халықтары ғана емес, сонымен бірге шетелдегі түріктер де кіре алатын болды. Туыстас түрік тілдес халықтарды қазақ, өзбек, түрікмен, қырғыз деп бөліп-жарып жатпай бір кеңестік егеменді республикаға біріктіру ғана сан жағынан әлдеқайда басым славян халықтарының, әсіресе орыстардың ықпалына түсіп кетуден, ассимиляцияланудан аман қалуға, рухани дүниемізді, тілімізді, дінімізді, дәстүр-салтымызды сақтап қана қоймай, жан-жақты байыта түсуге мүмкіндік беретінін Тұрар Рысқұлов сол кездің өзінде-ақ сезе білген еді.

Жаңа, Түрік Кеңестік республикасында мемлекетті басқару ісін “таза мұсылмандар”, яғни халық арасынан шыққан, ұлтын, елін сүйетін иманды азаматтар өз қолдарына алулары тиіс болатын. Осындай табиғи тілектен туындаған Тұрардың ұсынысын өкінішке орай, басқаларды былай қойғанда, Орта Азияның кейбір тарихшыларының өздері түсіне алмады, “феодалдық-теократиялық мемлекет құрмақ болды” деп ушықтырды. Мәселенің байыбына бара алмады. Тұрарды “пантюркист” деушілер де сталиндік жазалауды жақтап отырғандарын кезінде өздері де білмей қалды.

Тұрар және қолдаушылар өздері ұсынып отырған жаңа мемлекеттік құрылым – кеңестік егеменді республика болуы тиіс екендігін басшылыққа алып (оны “буржуазиялық саяси құрылым жасамақ болды” деп жөнсіз кінәлап жүрген зерттеушілер де жетіп жатыр), жаңа республикадағы Компартияны “Түрік халықтарының коммунистік партиясы” деп атауды және бұл партияны да егеменді республиканың өзі тәрізді Мәскеуге тәуелсіз, дербес етіп құруды ұсынды.

Қазір біз ұлттық гвардиямызды құру керек пе, жоқ әлде керек емес пе деп дауласудамыз. Жоғарыда айтып кеттік, А.Байтұрсынов Қазақстанда тіптен арнайы әскери округ құрып, қалалардағы әскерді тек қазақтардан жасақтауды ұсынды.

Ахаңның осынау көкейге қонымды тұжырымын Тұрар Түркістан жағдайына бейімдеп, егеменді, кеңестік Түрік республикасында мұсылман-түрік армиясын құруды және оны мұсылмандар мен түркі тілдес халықтардан жасақтауды, ал мұсылман емес халықтардан тұратын Қызыл Армияны Түркістаннан алып кетуді ұсынды.

Егеменді ел болғандықтан Түрік республикасының жеке негізгі заңы – Конституциясын жасауды да көздеді.

Сондай-ақ, мұндай егеменді республикада өзінің қаржы-қаражаты, сыртқы істермен айналысуға дербес құқы болатыны, әскери қызмет және сауда мәселелерін өзі ғана шеше алатын дербестігі қамтамасыз етілетіні де ескерілді.

Тұрардың осы ойлары көкейлеріне қонған Мұсылман бюросы да, Түркістан Компартиясының жоғарыда біз атап кеткен 5 өлкелік конференциясы да оны мақұлдап, партияның да, автономиялы республиканың да аттарын жаңаша өзгертті.

Бірақ, осының бәрінен тағы да буржуазияшыл-ұлтшылдықты көрген мәскеулік Түрккомиссия мүшелері (өсіресе, Фрунзе мен Рудзутак) бұл шешімді жүзеге асыртпай тастады. Көп кешікпей-ақ Мәскеуден РКП(б) Орталық Комитетінен жаңа нұсқау келіп жетті. Бұл нұсқау бойынша Түркістан РСФСР құрамында автономиялы республика, яғни бұрынғысынша Россияға бодан болып қала берді. Айырмашылық тек мынада еді: Россия бұрын патшалық болса, енді кеңестік болды.

1920 жылы мамыр айында В.Ленин Т.Рысқұловтың Түрік республикасын құру туралы тезистерін қабылдамай тастады.

В.Ленинмен арадағы қайшылық, теке-тірес келесі маусым – шілде айында тағы да тереңдей түсті. Осы маусымның 16-сында және шілденің 12-сінде большевиктер көсемнің Коммунистік Интернационалдың II конгресіне арналған ұлт және отар мәселесіне байланысты тезистерін Т.Рысқұлов, Н.Ходжаев, А.Байтұрсынов, А.Ермеков, З.Валидов, Х.Юмағұлов өткір сынға алды. Мәскеуде сақталған бұл құжаттың (12-шілдедегі) алғашқы данасында А.Ермековтің қолы қойылмаған, көшірмесіне қойылған.

Бұлар В.Лениннің тезистеріндегі бұрынғы отарлаушы елдің пролетариатының жаңа кеңес өкіметі жағдайында бұрынғы отар елдің еңбекшілерін азат ететіндегі,

панисламизмге қарсы күрестің қажеттігі тәрізді тұстарына келіспеді. Жергілікті ерекшелікті, шығыс халықтарының дәстүрлі көзқарасын түсінбей және ислам дінінің мүмкіндіктерін тым асыра бағалап, ал оның имандылыққа тәрбиелейтін жақтарын көре білмеген В.Ленин шынында да, қателікке ұрынған еді.

Тұрар Рысқұлов бастап қол қойған жоғарыдағы құжатта кеңестік түрік зиялылары былай деп шегелеп жазды: “...посылать коммунистов, чтобы освободить туземную бедноту с помощью европейских переселенцев — значит портить этих коммунистов. Такие коммунисты будут неизбежно вести борьбу против панисламизма, перессорят туземную бедноту между собой, будут разлагать местных коммунистов, поддерживать национальную рознь вместо классовой, и для коммунистической работы неуместны социалисты-миссионеры”.

Өмір, уақыт, тарихтың өзі В.Лениндікі емес, Т.Рысқұловтікі, А.Байтұрсыновтікі, Н.Ходжаевтікі, З.Валидовтікі дұрыс болғанын дәлелдеп берді.

Т.Рысқұлов идеясын жақтаушылар 1920 жылы қыркүйекте соңғы рет Шығыс халықтары съезінде “Түрік республикасын” және “Шығыс интернационалын” құруға тағы да талпынды.

Бірақ, В.Лениннің және И.Сталиннің бір беткей қарсылығы ойлаған ойға тұсау болды.

Дегенмен, күні бүгінге дейін кімдікі дұрыс еді деген сұрауға зерттеушілеріміз бір жақты ғана жауап беріп келеді. Иә, артынан Ахмет Байтұрсынов та, Тұрар Рысқұлов та “біз қателестік” десті. Алашорданың басшысы ретінде А.Байтұрсынов көп қуғын-сүргін көрді. Оның жағдайын түсінуге де болады. Ал Тұрардың “Большевик Казахстана” журналында 1936 жылы басылған: “Мы увлекались национальными лозунгами, хотелось быть национальными вождями... Ошибки 1920-21 гг. научили меня быть твердым большевиком в повседневной работе и, надеюсь, никогда не сойбют с этого пути” дегені” сол кездегі саяси сталиндік қысымға терең бойламай, мән бермей, “Т.Рысқұлов өз қателігін мойындаған” деп жеңіл, үстірт, бір жақты қабылдап жүрміз.

Егер қателескен болса Тұрар неліктен бұған дейін өзінің осы “қатесін” мойындамай келді? Тұрардың “өз қатесін” мойындау себебі И.Сталиннің 1933 жылы ВКП(б) Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Л.Мирзоянға жолдаған телеграммасын оқыған кезде айқындала түседі: “Борьба с местным национализмом должна быть всемерно усилена!”

Басқа басқа, ал Сталиннің кім екенін оған орынбасар болған Тұрар жақсы біледі ғой. Сондықтан Т.Рысқұлов “өзінің қатесін мойындауға” амалсыздан мәжбүр болды. Түбінде И.Сталин оны “ұлтшылдықпен” айыптап, жазалауы мүмкін екенін жақсы түсінді. 1930 жылы Сұлтан-Ғалиевтің де осындай айыппен атыла жаздағанын Тұрар білетін-ді.

Елде “сұлтанғалиевшілдерді” қуғындау кең өріс алды. 1930-31 жылдардан бастап, Белоруссияда “ұлтшыл ауытқушылардың жаппай тұтқынға алу етек алса, Украинада Украина Халық комиссарлары кеңесі төрағасының бірінші орынбасары, Республика Компартиясы Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, белгілі большевик Н.А.Скрыпник “ұлтшыл ауытқушылықпен” жазықсыз айыпталып, 1933 жылы 7 шілдеде өзін-өзі атып өлтірген еді.

1932 жылы ОГПУ коллегиясының шешімі бойынша Түркіменстанда “антисоветтік ұлттық ұйым әшкереленіп” 33 адам, оның ішінде көрнекті түркімен қайраткері А.Оразов және т.б. адамдар жазықсыз тұтқындалды. Мұның бәрін, әрине, Тұрар көріп-біліп отырды. Және жоғарыдағыдай жаланың өзіне кез келген минөтте жабылуы да мүмкін екенін жақсы түсінді. Сондықтан ол қателеспесе де “қатесін” мойындауға мәжбүр болды. Шындығын айтсақ, мәжбүр етті.

Мұны қазіргі кезеңде кейінгі ұрпақ дұрыс түсініп, Тұрар идеяларынан бүгінгі өмірге қажетті тағылым алғаны жөн.

Тұрар Рысқұловтың Түрік республикасын құру идеясының дұрыстығын кеңестік Қазақстанның және кеңестік түркілердің кейінгі тағдыр-тарихы дәлелдеп те берді. Басты тағылым мынау. Егемендік алмай, дербестік алмай, тілі, діні, дәстүр-салты, елдік ерекшеліктері бөлек славян халықтарымен, әсіресе орыс халқымен КСРО тәрізді алып мемлекетте өмір сүру – саны аз түркі тілдес халықтардың ассимиляцияға ұшырау қаупіне, “ұлы халықтың кіші інісіне”, қолбаласына айналып, өзінің ұлттық кескін-келбетін жоғалту

қауіпіне алып келуі көдік деген сөз еді. Мұндай қауіптен, Тұрар Рысқұлов айтқандай, “барлық кеңестік түркілер Россияға тәуелсіз, егеменді, дербес республика құра алғанда ғана құтыла алмақ”. Башқұрттардың, ноғайлардың және өзге де саны аз ұлттардың Ресей қоластындағы қазіргі халы, ұлт ретінде тоза бастауы — осының айғағы.

“Түркі тілдес түгел бол!” Бұл — аяулы арысымыз, бүкіл түркі тектес халқымыздың ұлы перзенті Тұрар Рысқұловтың ұраны, ұстанған бағыты. Мұраты, мияты. Сонымен бірге кейінгі ұрпаққа мұраға қалдырған ұлы осіеті.

4.2. Рухани көсем болған (Ахмет Байтұрсыновтың саяси ұстанымы хақында)

Абақтыда жатып құдай мен аруаққа сыйынған Ахмет Байтұрсынов:

...Я, құдайым! Аққа жақ!
Өзіне аян — мен нақақ.
Мені ұстатып, айдатып,
Зығырданды қайнатып,
Масайрасып, мез болып,
Қуанғанды өзін тап!...

деп күйінсе де, осындай қиын ахуалда жеке бастың дұшпанын жазалауды арман тұтпай, жаратушыдан өзінің туған халқының болашағын нұрлы студі жалынып сұрап былай деген еді:

...Аз күндікке алданып,
Аз нөрсеге жалданып,
Адасқанын алаштың
Түзу жолға түсір, хақ!

1909 жылы Семей түрмесінде жатып, қазақ халқының болашақ рухани көсемі, міне, осындай “тілек батасын” айтқан болатын. Осылайша өз ұлтына рухани көсем болатын адам ең алдымен туған халқының тілегін тілеп, оны жан-жүрегімен сүюі керектігін Ахаң өз әрекетімен нақты дәлелдеген еді.

Ахмет Байтұрсыновтың Міржақып Дулатов жазған өмірбаянына үнілсек, оның қазақ халқының рухани көсемі

болып қалыптасуына ол өскен, білім алған ортаның үлкен өсері болғанын айқын байқаймыз.

Аханның әкесі орыс отаршылдарымен жағаласып өмір сүрген және пиғылы үшін Қазаннан келген әскери-округтік сот сессиясы шешімімен 15 жылға итжеккенге – каторгаға айдалған яки – Байтұрсын Шошақов туралы М.Дулатов орыс тілінде былай деп шабыттана жазады: “Если разнообразная и красивая природа Европы рождала великих людей, людей науки и искусства, как Ньютона, Маркса, Толстого, Рафаэла и др., то степная природа Азии рождала своеобразных великих героев, как Темучина, Темирлана, Кенесары, Срыма и др. Если не числу великих, то, по крайней мере, сильных людей относится отец почтенного Ахмета – Байтұрсуна Шошақова. Будучи сильным и энергетичным от природы, Байтұрсуна отличался свободолобием и никакой власти над собой не признавал”.

Осы және басқа абзал қасиеттер Аханның бойында да қалыптасты. 1895 жылы мұғалімдер мектебін бітірген А.Байтұрсынов білімін өз бетімен үздіксіз жетілдіріп, 1909 жылға дейін Ақтөбе, Қостанай және Қарқаралы уездеріне бала оқытқан. Оның революциялық қозғалысқа араласуы ХХ ғасыр басында Қарқаралыда тұрған жылдарынан бастау алады. Бұрын астыртын түрде осы бағытта жұмыстар жүргізіп жүрген Ахаң 1905 жылы 17 қазанда жарық көрген және мемлекеттік тәртіпті “жетілдіруді көздеген, осы бағытта біраз жеңілдіктер” берген манифест түрткі бола түседі. М.Дулатовтың пікірінше Аханның қазақ бұқарасының көрнекті және белсенді басшыларының біріне айналатыны да осы тұс.

Басы Мұхтар Әуезов болып, кейіннен Аханның белгілі бір кезіндегі қызметін зерттеумен айналысқан тарихшы ғалымдар Кенес Нұрпейісов, Мәмбет Қойгелдиев, Омірхан Әбдіманов және тағы басқалар жоғарыдағы патша Манифесі ықпалымен Қарқаралының Қоянды жәрмеңкесінде 14 500 адам қол қойған, тарихымызға “Қарқаралы петициясы” деген атпен белгілі болған, 11 баптан тұратын үлкен құжатты жасауға Әлихан Бөкейханов, Жақып Ақпаев тәрізді ірі тұлғалармен бірге Ахмет Байтұрсыновтың да белсенді атсалысқанын айтады. Осыған байланысты Мұхтар Әуезов өзінің Аханның елу жылдық тойына байланысты “Ақ жол” газетінде 1923

жылы 4 ақпанда жазған мақаласында былай дегені белгілі: “1905 жылы Қарқаралыда Ахаңмен басқа біраз оқығандар бас қосып, кіндік хукіметке қазақ халқының атынан петиция (арыз-тілек) жіберген. Ол петициядағы аталған үлкен сөздер: біріншіден – жер мәселесі. Қазақтың жерін алуды тоқтатып, переселендерді жібермеуді сұраған. Екінші - қазақ жұртына земство беруді сұраған. Үшінші – отаршылардан орыс қылмақ саясатынан құтылу үшін, ол күннің құралы барлық мұсылман жұртының қосылуында қазақ жұртын муфтите қаратуды сұраған. Петициядағы тілек қылған ірі мәселелер осылар болғандықтан, Ахандар бастаған іске қыр қазағының ішінде тілеулес кісілер көп шыққан, көпшіліктің оянуына себепші болған”.

Иә, күллі қазақтың әлеуметтік және рухани өркендеуіне мұрындық болар осындай үлкен құжаттың бастауында Ахан тұрса да басқаларды былай қойғанда оған өз қандыстары арасынан “қызылкөз” жаулар табылды. М.Дулатовтың айтуынша, оның өзінің жолдастары арасынан Т.Шыңғысов тәрізді арандатушылар шығып, А.Байтұрсыновты серіктерімен полицияға ұстап берген. 1909 жылдың бірінші шілдесінен 1910 жылдың бірінші ақпанына дейін Семей түрмесінде отырған Аханның жоғарыда айтылған “Тілек бағам” деген өлеңінде құдайға тілек ете келе:

...Кен болар деп балшықты,
Көл болар деп шалшықты,
Біз үмітпен қазып ек.
Дәреті жоқ аяқтар,
Қорсылдаған саяқтар
Былғамасын қасынды,
Қасиетті басынды, -
Дегеніміз болмаса,
Қазаққа не жазып ек?! –

деп қынжылатыны сондықтан.

Бүгін егемен ел боламын деп отырған қазақ Аханның осынау жан күйзелісінен қажетті тарихи тағылым алып, қас пен досты дұрыс ажырата білуді, арамыздағы “асылдарды” көзі тірісінде қадір тұтуды Аханның күрделі де ғиямет тағдырынан үйренгені жөн.

Түрмеден кейін А.Байтұрсыновтың қазақтар мекендейтін облыстарда тұруына тыйым салынды. Сондықтан да ол Орынборға кетті және сонда 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін тұрды. Бұл жылдар оның саяси тұрғыдан да, рухани тұрғыдан да өсу және жебеуші болды деп айта аламыз.

Бұл жылдары Ахаң ең алдымен ақын ретінде көрінді. Бірақ оның ақындығы саяси сипат алды, түсініктірек болсын десек, ол өзінің сенімді серігі М.Дулатовтың сөзімен айтқанда “поэзияны қырғыздарды (қазақтарды – Т.О.) қанаушы монархиялық Ресей саясатына қарсы күрес саясатына айналдырды”.

“Орыстың тәржіме еттім мысалдарын
Әзірге қолдан келген осы барым...” –

деп Ахаң өзінің ақындық қабілетін орыстың белгілі мысалшысы Крыловты қазақ тіліне аударуға арнады. Мұның себебін іздер болсақ, ол, негізінен, осы орыс ақыны шығармаларының қазақ болмысына аса жақындығы, сондықтан да олардың балалар мен үлкендер санасын оятып, әділетсіздік төркінін түсінуге көмектесетіндігі яғни азаттықтың, тәуелсіздік үшін күрестің тіптен жануарлар дүниесі үшін де маңыздылығы төрізді мәселелерден туындайтынын айқын байқар едік. Ахаң Крыловтың 40 мысалын аударып, “Қырық мысал” деген атпен жинақ шығарды. Оның өзі бірнеше рет басылып шықты және жас жеткіншектердің рухани дүниесін байытып, адал, шыншыл, жаны сергек қазақ азаматтарының тұтас ұрпағына идеялық тәрбие берді. Сондай-ақ Ахаңның ішінара Пушкинді, Лермонтовты, Надсонды аударғаны да белгілі. Бұл аудармалардың да мақсаты жоғарыдағыдай - қазақ оқырманына саналы тәрбие беру, оларды білімге, оқуға ұмтылдыру.

Ахаңның мұндай игі іспен айналысуына оның кезінде Ыбырай Алтынсарин негізін қалап кеткен дәстүрлерді ұстанған мектептерде білім алып, тәрбие көруінен деп айта аламыз. Осы орайда кейінірек (1925 жылдың 23 маусымында Мәскеуден Ахмет Байтұрсыновқа жазған хатында қазақ халқының ұлы қайраткері Әлихан Бөкейхановтың былай дегені еріксіз еске түседі: “... Бауырым Ахмет! ...Алтынсарының

баласы Ыбырай хақында өзің жазсаң, жақсы болар еді. Ол сенін ағаң емес пе?! Егер ол қазір өмір сүрсе сендей болар еді, ал сен ертерек дүниеге келгенде, оның ісін жасарың хақ...” (411).

Әрбір сөзін безбендеп, салмақтап айтатын Әлкеннің бұл жерде Ыбырай Алтынсарин мен Ахмет Байтұрсыновтың рухани жақындығын және ұрпақ тынысын, дәстүр жалғасын тап басып, дәл айырып отырғаны күдік туғызбаса керек.

1911 жылы А.Байтұрсыновтың Орынборда “Маса” атты өлеңдер және аударма мысалдар жинағы басылды. Қазақ қоғамына рухани тәрбие беруде ролі өлшеусіз және бүгінгі күні де осы қуатынан айрылмаған осы кітапшаға бағаны қазақтың ұлы ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың сөзімен бергеніміз жөн болар.

Сұлтанмахмұт бір үйге келіп отырып: “Оқитын кітаптарың бар ма деп сұрағанда, оған үй иесі: “Маса” дейгін бірді айтып бірге кететін бір қиссамыз бар” деп, қолына Ахаңның кітабын беріпті. Соған назаланған Сұлтанмахмұт “Тұтқындағы Байтұрсынның “Масасына” деген өлеңін жазған екен (1914 ж.). Онда мынадай жолдар бар:

...Бағың жоқ көр соқырдың көзі алдында,
Мұңыңды жылап шақшы өз алдыма:
Гауһар тұрсын, айырып алтыныңды,
Аузына керек тас деп бір алды ма?
Өткірсің наркескеннің алмасындай,
Жүйріксің “полный ходтың” арбасындай.
Сен сұңқар, көңілі соқыр сенімен қас.
Өзінің болмады деп қарғасындай...

Сұлтанмахмұттың осындай бағасынан кейін “Маса” жинағына қандай да болмасын бір пікір айтудың өзі артық болардай! Алайда айта кетер бір нәрсе — ақынның мұншалықты ашынып отырған себебі өлеңнің атынан көрініп тұр. Ахаң бұл кезде өзі негіздеп және М.Дулатовпен бірге шығарып жатқан “Қазақ” газетіндегі (1914 ж. №80) бас мақалада Қазақ жерін басқару туралы мемлекеттік жобаны сынаған еді. Газет редакторы ретінде А.Байтұрсыновқа үкімет орындары 1500 сом айып салады. Бұдан әрі жағдайдың қалай өрбігенін М.Дулатовтың орыс тілінде жазған Ахаң жайлы мақаласынан аңғара аламыз: “...Оренбургский губернатор

Сухамлинов оштрафовал А.Б. как редактора, на 1500 руб. И в случае его несостоятельности постановил заменить штраф арестом А.Б. на 8 месяцев. Утрата 1500 рублей была бы равносильной закрытию газеты, поэтому А.Б., несмотря на слабость своего здоровья, заявил полиции, что он согласен сидеть, но платить, штрафа не может. 20 октября А.Б. посадили в тюрьму. Пишущей эти строки подал телеграммы в разные города, известив друзей А.Б. случившемся. В адрес редакции посылались переводы по телеграфу и А.Б., не просидев и 4-5 дней, по внесении штрафа был освобожден". (412)

Ахмет Байтұрсыновтың түрмеге түсуі туралы хабар бүкіл қазақ зиялыларын дүрліктірді. Алғашқылардың бірі болып, бұл жылдары Самар қаласында жер ауып, қуғын-сүргінде жүрген Ахаңның және Міржақыптың, сондай-ақ, қазақ зиялыларының үлкен шоғырының пір тұтқан көсемі Әлихан Бөкейханов үлкен шынайы ағалық қамқорлықпен үн қосты. Озінің “Ұят-ай” деген атпен “Қазақта” жарық көрген мақаласында ол былай деп тебірене жазды: “...Орысқа газета, журнал шығарып жол ашқан А.Н.Радищев (1749-1802) абақтыға жабылып, он жыл Сібірге айдалған. Осы Радищев замандасы, тағы орысқа газета, журнал шығарып, Европа жолын ашқан Н.И.Новиков Шлиссельбург деген абақтысында он бес жыл отырған.

Бауырым Ахмет, Мирякуб! Сен екеуіңнің абақтың - Радищев пен Новиков абақтысы. Орыс жазушысы М.И.Салтыковтың “Түзулік пен шошқа” атты мақаласы бар. “Түзулік! Сен бар дейсің, рас па, мен көрмеген күнді сен қайдан көрдің” деп, шошқа түзулікті балтырдан алған. Сонда түзулік айтқан: “Шошқа, сені құдай жаратқанда жоғары қаратпай жаратқан, сен күнді осы себептен кормейсің”, - депті. Сен екеуің істі күнді көретін жұртқа атқарып түрсыңдар ғой, балтырды басқаға беріндер.

XVIII ғасырда “ақыл патшасы” атанған француз Вольтер еді. Осы Вольтер, замандасы Толстойға неше жол көрсеткен француз Руссо, тағы осы екеуінің замандасы философ Дидро абақтыда жатқан...

Біздің Россияға абақтыда жатпаған жақсы адам кем. Жазушы Достоевский, Потанин, Короленко, Мельчин, Чернышевский, Морозов абақтыда жатқан. Бәрін жазып

болмайды. Салтыков, Герцен, Пушкин, Лермонтов, Тургеневтер айдалған.

Түркияда халықты қатарға қосамын деп сарбаздар абақтыға жабылған, айдалған. Бұрынғы Мадхат пашалар 1883 жылы айдауда жүргенде, өлген, осы күнгі Ахмед Риза һәм басқалары да абақтыда жатқан. Шырақтарым, сендерді мінегенде осылармен бір салып мінесе не армандарың бар?”

Ахаң 1913 жылдың наурызынан 1917 жылдың қыркүйегіне дейін “Қазақ” апталық газетінің редакторы бөлді. Осы кезеңде газетті жаздырып алушылар саны 3000-нан 8000-ға дейін өсті. “Қазақ” газетіндегі белсенді қызмет А.Байтұрсыновты қазақ халқының рухани көсемі деңгейіне көтерді.

“Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың аруақты аты деп, газетіміздің есімін “Қазақ” қойдық, - деген жолдарды оқимыз “Қазақтың” алғашқы номеріндегі алғысөзден. - Ұлт үшін деген істің ұлғаюына күшін қосып, көмектесіп, қызмет ету - қазақ баласына міндет. Халыққа қызмет етемін десендер, азаматтар, тура жолдың бірі осы. Жол ұзақ, ғұмыр қысқа, қолдан келгенін ғұмыр жеткенінше істеп кетелік. Малша оттап, асап ішіп, халық үшін қам қылмай, қарын тойғанына мәз болып, мал өлімінде өлмейік”.

Айта кеткен жөн, осы айтылған қағиданы Ахаңның өзі де өмір бойы ұстанып, “Халық үшін қам қылып” өтті.

Қазақтың тілін, дінін, бүкіл рухани болмысын қорғау және жетілдіру үшін күрескен “Қазақ” газетінде Ахаңның өзі де сан қырлы мақалалар жазды. Ахаң басқарған газеттің қазақ жастары үшін қандай қымбат болғанын айта келе М.Дулатов: “Жыл сайын оның алғашқы номері жарық көрген күні барлық университеттерден және басқа қалалардан оқушы қырғыздардан (қазақтардан — Т.О.) редакция құттықтау жеделхаттар мен хаттар алатын еді”, - дейді. Ал М.Әуезов болса “Қазақ” газеті туралы былай деген еді: “...Қазақтың еңкейген көрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған “Қазақ” газеті болатын. Ол газетаның жаны кім еді? Ішіндегі қажымайтын қайрат, кемімейтін екпіні кімнің екпіні еді? Ол екпін ұйықтаған қазақты айқайлап, оятуға заман ерік бермеген соң “Маса” болып талай ызындап,

“оятамын” деп бейнетті міндет қылып алған, Аханның екпіні болатын” (413).

Ахаң басқарған “Қазақ” газетінің қазақ үшін қандай маңыздылығын газеттің шығуының бір жылдығына арнаған еңбегінде Әлихан Бөкейханов төмендегідей бағалаған еді: “...2-го февраля минувшего года в Оренбурге вышел первый номер издающейся газеты “Казах” (“Киргиз”). Редактором газеты состоит общественный деятель, известный всему Киргизскому краю и глубоколюбимый киргизским народом истинно национальный поэт Ахмед Байтурсунов. Газета, пока еженедельная. Появление этой газеты было весьма отрядным и светлым явлением в жизни киргиз и день 2-го февраля для нас — киргиз останется навсегда историческим днем. “Казах” появилась на белый свет в тот самый момент, когда в бытовой жизни киргизского народа происходил коренной перелом и когда были поставлены ребром вопросы жизни и смерти. И “Казах” являясь единственным краевым органом, имела, имеет и всерьезно будет иметь своей целью: освещение различных сторон обширного Киргизского края, распространение среди населения полезных сведений из разных областей науки, искусства и техники и ознакомление с культурной, политической и экономической жизнью нашего отечества — России и других государств мира. В течение года газета энергично, настойчиво и неизменно стремилась к исполнению своей намеченной цели. В короткое время она сделалась популярной газетой в степи, так что номера ее проникли во все уголки и отдаленных захолустья Киргизского края. Набралось довольно большое число подписчиков, среди которых есть киргизы даже “Небесной империи” (Китая).

Иә, Ахаң басқарған “Қазақ” газеті, міне, осындай еді!

Бірақ қоғамда “бозтопалаң” ахуал қалыптастырған большевиктердің төңкерісі Аханның және оның серіктерінің қазаққа дербес ұлттық автономия алып береміз деген әрекеттерін түйыққа тіреді. Алаш қозғалысы білімсіз кедей-кепшіктің қалың тобырына арқа сүйеген жүгенсіз коммунистік қозғалысқа қарсы тұруға ол заманда қауқарсыз еді. Осыны түсінген және халқымен бірге болуды ойлаған Ахаң 1919 жылдың наурызында Кеңестер өкіметі жағына өтті, алғашқы Олкеде құрылған Революциялық комитет құрамына енгізілді. Ахаңдай ірі тарихи тұлғаның беделі уақытша болса

да большевиктерге де қажет болды. Ол екі жылдай Республика халық ағарту комиссары қызметінде болып, қазақты ағарту ісіне, осы саланы аяғынан тұрғызуға қыруар еңбек сіңірді.

Бірақ Кеңес өкіметі тұсында Ахаң аса күрделі тұмыр кешті. Сәкен Сейфуллиннің сөзімен айтар болсақ “...Ахмет коммунист партиясында да көп бола алмады. Көп бола алмайтыны белгілі еді. Ахаң байлардың құлдығында шіріген жарлылардың айғайшысы емес, олардың шоқпаршысы емес, бірақ байын, кедейін айырмай, қазақты ғана сүйетін адал жүрек, ұлтжанды еді. Қалай болса да жазушысы аз, әдебиеті нашар қазақ жастарына “Оқу һәм тіл құралдарымен қылған қызметі таудай”.

С.Сейфуллин осылай дей тұрса да кезінде Ахаңның большевиктер қатарына өтуіне большевиктердің өздерінің жүрегі жарыла қуанғандары белгілі. Большевиктік “Известия киргизского края” 1920 жылы 15 сәуірде былай деп жазды: “...Ахмет Байтұрсынов жолдасты бүкіл сахара біледі. Әрбір қырғыз (қазақ - *Т.О.*) осы өз халқы көсемінің, ірі қырғыз қоғамдық қайраткері және әдебиетшісінің есімін естіп білген.

Қырғыз халқының қоғамдық ой-санасының дамуындағы барлық саяси қозғалыстар Байтұрсыновтың есімімен байланысты. Ол бейбіт ұлттық либерализмнен Октябрь революциясын және Совет өкіметін тануға дейінгі саяси даму кезеңдерінен өтті. Ұзақ толқулар мен күрестерден кейін, қырғыз ұлтшылдығынан ол халықаралық коммунизмге келді.

Бұл - біздің партиямыздың ірі жеңісі және біздің қырғыздар арасындағы ықпалымыздың ең жақсы өнегесі...”

Шын мәнінде, Ахаңның және оның серіктерінің Кеңес өкіметі жағына кездейсоқ өтпегені белгілі. Бұл туралы Ахаңның өзі “Жизнь национальностей” журналында 1919 жылы 3 тамызда жазған “Революция и киргизы” атты мақаласында томендегідей пікір білдірген еді: “...Егер де бұрын бір топ адамдар патша чиновниктері атынан қырғыздарды (қазақтарды - *Т.О.*) жауапсыздықпен қанап, әр түрлі зорлық-зомбылықтарға жол берген болса, дәл осындай қылықты шет аймақтарда большевик-коммунистер деген атты жамылған осындай және басқадай адамдар тобы байқатты. Патша өкіметі кезінде, бұрын мұндай жағдаймен ымыраға келмеген мен және менің пікірлестерім, енді тағы да осындай

істер Советтің Ресейде түгелдей орын алуда деп ойлап ымыраға келмей кеңес өкіметін мойындауға қарсы болдық. Бірақ монархиялық билік бағытындағы Колчактың пайда болуы осы және басқа билік туралы ойлауға мәжбүр етті. Сонда біз қырғыз (қазақ - Т.О.) халқының ежелгі арманы оңшыл ма әлде солшыл ма әйтеуір, жүзеге асар болар дегенге көзіміз жеткендіктен жергілікті большевиктердің іс-әрекеті біздерге ұнамды көріне қоймаса да кеңес өкіметі жағына шыққанды жөн көрдік”.

Көріп отырмыз, Ахаң және оның серіктері, шын мәнінде, кеңестік билікті амалсыз мойындады. Бірақ Ахаң ешқашанда қазақ халқының ролін көтеру және қазақ елін ұлттық тұрғыдан дербес ету идеясынан бас тарқан емес. Оған нақты дәлелдер көп. Мысалы, ол, 1920 жылы 17 мамырда В.Лениннің атына хат жолдап, “...Ресейде коммунистер көп, бірақ нағыз идеялық коммунистер өте аз, оның үстіне олар шет аймақтарда аз немесе мүлде жоқ”, - дей келе қазақ жерінің билігін қазақтан шыққан коммунистер қолына беруді талап еткен еді (414).

Осы жылдың 12 шілдесінде Ахаң тағы да Т.Рысқұлов, Н.Ходжаев, З.Валидов, Ә.Ермаков, Х.Юмагулов тәрізді түркі халықтарының көрнекті тұлғаларымен бірге В.Ленинге хат жолдап, оның бұрынғы отарлаушы ел пролетариаты яғни орыс жұмысшы табы шеткері аймақтардағы отар елдер еңбекшілерін азат етеді деген қағидамен және панисламизмге қарсы күреске шақырған ұранымен өздерінің келіспейтінін ашық мәлімдеді.

Аханьның қазақтың рухани өміріне қосқан зор үлесін айта келе, оның серігі М.Дулатов былай деген еді: “В результате научно-педагогических трудов Ахмета Байтурсунова мы имеем киргизскую азбуку, фонетику, синтаксис и этимологию киргизского языка, теорию словесности и историю культуры”.

Иә, қолайсыз саяси ахуалға қарамастан Ахаң кеңес өкіметі жылдарында да өзінің соңына үлкен рухани мұра қалдырып кетті. 1923 жылы ол Мәскеуде қазақтың эпостық жыры “Ер Сайынды” бастырып шығарды. Өкінішке орай, оның осы жылы аяқталған “Мәдениет тарихы” атты кітабының қолжазбасы жоғалып кетті. Ал 1926 жылы жарық көрген оның “Әдебиет танытқыш” атты еңбегі қазақ

әдебиетінің теориясы мен тарихын оркендетуге қосылған зор үлес болды. Бүгінде Аханның “Әліп-би”, “Тіл құралы” деген еңбегі де көпке белгілі.

Өкінішке орай, И.Сталиннің 1925 жылғы 29 мамырдағы “Ақ жол” газеті туралы хаты Аханды және оның серіктерін “ұлтшылдар” және “шокаевшылдар” ретінде қуғындауға теориялық негіз қалады. Қазақстандағы қуғын-сүргінді жергілікті басшы Ф.Голощекин жандандыра түсті. Ақырында алғаш Архангельскіде, соңынан Томскіде 1929-1934 жылдары айдауда болған А.Байтұрсынов, көп кешікпей, 1937 жылы қуғын-сүргіннің жаңа толқынына ілігіп біржолата кете барды. Қазақ халқы өзінің рухани көсемінен осылайша мәңгіге айрылды. Алайда мынаны ұмытуға болмас: ел боламыз десек А.Байтұрсынов қалдырған рухани мұраны толық игеріп, ол шыққан ұлттық идея биігінен көрінуіміз керек, “Байтұрсыновшыл” болу – бүгінгі қазақ зиялысы алдында тұрған басты міндет екенін естен шығармағанымыз жөн.

...Тән көмілер, көмілес еткен ісім,
Ойлайтындар мен емес бір күнгісін
Жүрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын
Ел бүгіншіл, менікі – ертеңгі үшін, -

деген Ахаң бүгінде бізді болашаққа шақырып тұр.

4.3. Е.Бекмахановтың “Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында” атты еңбегіне қазақ тарихшыларының көзқарасы

Бүгінгі қазақ зиялыларына Ермұхан Бекмахановтың кім екендігін арнайы таныстырып жатудың қажеті бола қоймас. Алайда, бір мәселені оқырманның есіне сала кеткеніміз артық болмас. 1952 жылдың соңына қарай тарихшы Ермұхан Бекмаханов өзінің жоғарыда көрсетілген ғылыми еңбегінде Кенесары Қасымов бастаған қазақтардың қозғалысын “буржуазиялық-ұлтшылдық” тұрғысынан ашып көрсеткені үшін 25 жылға бас еркінен айрылып, сотталған болатын. Тарих ғылымында қазақтан шыққан алғашқы ғылым докторының үлкен дарынын, мұқалмас қажыр-қайратын

байқаған қазақстандық күншіл әріптестері оған көпе-көрінеу жала жауып, ақыры итжеккенге айдатып тынды.

Е.Бекмахановтың еңбегін талқылауда керісінше, мәскеулік ғалымдар әділеттілік танытып, оның еңбегіне лайықты баға беріп, қазақстандық ғалымдарды осы жолда ауызбіршілікпен, тату жұмыс жасауға шақырған еді (415). Өкінішке орай, бұл мәселеде қазақ зерттеушілерінің өресі төмен болып шықты.

Тарих ғылымында күні бүгінге дейін қазақстандық ғалымдардың Е.Бекмахановтың “Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында” атты монографиясын талқылаудағы көзқарастарын терең де жан-жақты талдау толық қолға алына қойған жоқ. Рас, бұл бағытта алғашқы қадамдар жасалды. Л.Гуревичтің (416), И.Қозыбаевтың (417) және К.Нүрпейістің зерттеулері осы бағыттағы алғашқы қадамдар. Алайда, қазақстандық зерттеушілердің ұстанған бағытының әр түрлілігі және олардың пікірлерінің саналуандығы сол жылдардағы Қазақстан тарихының ғылыми-методологиялық деңгейінен ғана емес, сонымен қатар зерттеушілердің интеллектуалдық, адамгершілік және әдептілік сапаларынан да жан-жақты хабардар ете алады.

Бір тәуір жері, бұл мәселеге байланысты айтыс-тартыстың стенограммасы архивімізде сақталып қалған. Ал бұл мәселені жан-жақты талдауға толық мүмкіншілік береді.

1948 жылы шілде айында Қазақстан Ғылым Академиясында болған бес күнге созылған бұл айтыс-тартысқа (14-17, 19 шілде) қатысушыларды осы мәселені зерттеуші К.Нүрпейіс үш топқа бөлген еді. Алғашқы топ — Е.Бекмахановтың ашық қарсыластары — Т.Шойынбаев, С.Толыбеков, Х.Айдарова, М.Жизневский, Б.Сулейменов, А.Нұрқанов, М.Ақынжанов және т.б. Екінші топ — Е.Бекмахановтың еңбегін жақтаушылар — И.Будовниц, А.Жиреншин, Е.Діلمұхамедов. Үшінші топ — Е.Бекмахановтың еңбегіне объективті ғылыми талдау жасауға тырысушылар. Олар А.Нүсіпбеков, Т.Елеуов, Х.Әділгереев, Б.Аспандияров, Т.Күлтөлеев және т.б. (418). Мұндай тонтарға жіктелу Е.Бекмахановтың айтыстағы қорытынды сөзінен де аңғарылады (419). Е.Бекмахановтың қарсыластарының пікірлері оны жақтайтындардың пікірлері тәрізді өзара ұқсамайтын өзіндік ерекшеліктермен ерекшеленеді. Ғылыми

талдаудан гөрі жеке бастың көре алмаушылығына немесе ашық жаулық көзқарасқа бой алдырғандар да болды. Сонымен қатар Е.Бекмахановтың қарсыластары арасында өзінің ғылыми деңгейінің төмендігімен ерекшеленіп, тақырыптан ауытқығандар да кездесті.

Мәселеге объективті баға беру үшін біздің ойымызша, тарихшы Е.Бекмахановтың осы айтыста сөйлеген қорытынды сөзін басшылыққа алған жөн. Мұнда Е.Бекмаханов “шындық айтыста туады” деген әйгілі мақалды басшылыққа алып, өзінің қарапайым еңбегіне байланысты пікірталасгар қазақстандық зерттеушілерге, әсіресе оның өзіне аса пайдалы деген қорытындыға келді.

Ал өзінің еңбегіне пікір айтушыларға тоқтала келе ол бөрінен бұрын ешбір ашу ызасыз және мәселені сайқымазаққа айналдырудан әлдеқайда аулақ болған Күлтелеев, Нүсіпбсков, Әділгереев, Медведов, Елсуов тәрізді ғалымдарға алғыс айтқан болатын. Е.Бекмахановтың ойынша бұл кісілердің “сын-ескертпелерінің түрі біздің әлі жас, бұғанасы қатая қоймаған ғылымымызға тек пайда өкеле алатын еді”.

Е.Бекмахановты жақтаушылар арасында әсіресе А.Нүсіпбековтың пікірі өзінің аса батылдығымен ерекшеленгенін атап айтқан жөн. Ол ашықтан ашық Е.Бекмахановтың еңбегін “саяси зиянды” деп бағалаған Шойынбасвқа, Жизневскийге, Айдароваға және Толыбсковке қарсы шығып, “мұндайға дейін бізге белгілі болған барлық дәлелдер мен фактілер қозғалыстың (Кенесары бастаған — Т.О.) қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы болғанын айтады, ал фактілерге қарсы дауласудың қажеті жоқ,” - деген еді. Кенесары қозғалысы бұқаралық сипат алды ма? — деген сауалға да Ақай Нүсіпбеков ағамыз үзілді-кесілді айқын жауап беріп, “ия, мен бұл қозғалыс бұқаралық қозғалыс болды, оған қазақ халқының барлық қабаты қатысты, - деп атап корсетемін. Өйткені Кенесары Қасымовтың соңынан халық ілесті, өйткені бұл қозғалыс барлық қазақ жүздерін қамтыды”, - деп Е.Бекмахановтың қарсыластарына “бстің бар, жүзің бар” демей, ашық қарсыласты.

Ақай ағамыздың жүректілігі мен алмастың жүзіндей өткірлігі оның ру мәселесіндегі пікірінен де айқын танылған еді. Ол саяси айыптауларға ілік іздеген екі жүзді заманда

рушыл атанып кетіп, зобалаңның құйынына тап болармын деп сескенбестен, қасқайып тұрып былай деген еді: “Менің өзім Албан руынанмын. Осы рудан шыққан Саурық батырдың өзінің сарбаздарымен Кенесары қозғалысына қатысқаны маған ауызша деректерден белгілі”.

Кенесарының кейбір қазақ руларына аса қатал саясат ұстанғанын біржақты бағалаумен келісе қоймаған Ақай ағамыз бұл мәселеде Е.Бекмахановты ашық қолдап: “Иван II, Иван III, Иван IV-тердің осы патшаларға қарсы бас көтерген өздерінің қарсыластарын және халықты қатал жазалағаны бізге орыс тарихынан белгілі емес пе. Қаталдық неліктен біреулерге кешірімді, ал басқаларға кешірімсіз болуы тиіс?” - деп төтенше де ымырасыз сауал тастаған еді. Ол орыс халқының азаттық қозғалысын басқарған дворян-ақсүйектер тобынан шыққан Александр Невский, Дмитрий Донской, Пожарский және т.б. соңынан халық ілескен себебі, оларға ортақ нәрсе – сыртқы жаумен күрес мәселесі болғанын атап көрсеткен еді. Осылайша А.Нүсіпбеков орыс тарихының нақты мысалдары негізінде Кенесары қозғалысының прогрессивті тұстарын ашып көрсетуге күш салды.

Қазақтан шыққан тұңғыш тарих ғылымдарының кандидаты, кезінде Қазан қаласындағы жоғары оқу орнын тәмамдаған Халел Әділгереевтің пікірі терең ғылымилығымен ерекшеленген еді. Ол Ресей ғалымдарының Е.Бекмаханов сңбегіне байланысты әділ пікірлерін мақұлдай келе, К.Қасымов бастаған қозғалыстың бұқаралық, отаршылдыққа қарсы, азаттық сипатын атап көрсетіп, Кенесарының қырғыз манаптарымен қақтығысына арнайы тоқталған еді. Ол қырғыздардың көсемі Орман манаптың біріккен қырғыз хандығын құрмақшы болғанын, сонымен қатар ал өзін Қоқан хандығына тәуелді ұстағанын, ол мұндай бағыттың Кенесарының Қоқанға қарсы қырғыз бен қазақты біріктіру саясатына мүлде қайшы келгенін дәлелді атап көрсетті. “Мұнда шалғы тасқа тиді, - деп жалғастырды өзінің ойын Х.М.Әділгереев, ... Орман Кенесарының ұмтылысын Қырғыз елін бағындыру деп түсінді. Бұл істе оған патша чиновниктері көмектесті және бұл соғыстың басталуына алып келді. Соғыс алғашқы этапта ірі феодалдар арасындағы күрес сипатын алды. Өрістей келе, халықтық күреске айналды”.

Х.Әділгереевтің Кенесары қозғалысына қарсы қырғыз манаптарын патша чиновниктерінің және Қоқан хандығының арандатулары туралы пікірлері бүгінгі тарихшылар үшін аса бағалы деп ойлаймыз. Мұны, өкінішке орай бүгінгі зерттеушілеріміз толық ескере бермейді. Ал Бекмаханов мұны өзінің аталмыш еңбегінде толық ескерген еді. Бұл мәселе бүгінгі назардан тыс қалғандықтан, қырғыз зерттеушілерінің Кенесарыны біржақты қаралауы, ал қазақ тарихшыларының осы мәселеде Кенесарының қырғыздағы жеңілісіне Ұлы жүз қазақтарын айыптауы тәрізді көзқарастар тарихымызда әлі де орын алып келеді.

Айта кеткен жөн, соңғы мәселеде Е.Бекмахановтың өзі былай деген еді: “Қырғыздарға байланысты менің жұмысымдағы осал түс, мен Ұлы жүз қазақтарының қырғыз халқымен қарым-қатынастарын жеткілікті дәрежеде айқындай алмадым: Бұл халықтардың көрші болып қана қоймай, жайлаулары да ортақ болғаны, сыртқы жауларға қарсы ғасырлар бойы бірігіп күрескені белгілі... Бұл қырғыз елі қазақ әндерін, ал Ұлы жүзде Манас жырын шырқаған уақыт еді. Ал ең бастысы бұл халықтар Қоқан ханының қанауын бірдей деңгейде сезінді. Кенесары қырғыз манаптарына хат жазған кезде ол әрине, бұл жағдайды ескерді”.

Біздің ойымызша, Е.Бекмахановтың айтыс барысындағы осы мәселелер төңірегіндегі пікірлерін бүгінгі тарих ғылымында ескеру тарихи шындыққа апаратын басты жол болып табылады. Тарихшылардың бүгінгі ұрпағы мұны ескерулері керек.

Е.Бекмахановты сынаушылар арасында асыра сілтеулерге барып, оның еңбегінде айтылмаған нәрселерді оған күштеп танушылар да болды. Мысалы, С.Покровский оны Кенесарыны революционер көсем ретінде көрсетпек болды десе, ал Шахматов оны Кенесарыны халықтың мұң-мұқтажын жоқтаушы ретінде бейнеледі деп айыптады. Мұндай түспалдауларға Е.Бекмаханов айтыс барысында нақты тойтарыс берді.

Бек Сүлейменов болса, Е.Бекмахановты билер мен сұлтандардың аузынан шыққан деректерді, Алашорда көсемі Ә.Бекмахановтың еңбегін пайдаланды деп айыптады. Оған Е.Бекмаханов “біз сонда құнды тарихи құжатты жасырын

түрде, деректердің атын атамай беруіміз керек пе?”, - деп наразылық білдірді.

Сәрсен Аманжолов пен Бек Сүлейменов Е.Бекмахановтың қазақтан шыққан алғашқы тарих ғылымдарының докторы болып табылатынына ашықтан-ашық көре алмаушылық танытты. Олар оның докторлық еңбегін екі ғана қосымша тараулар қосылған кандидаттық диссертациясының жалғасы деуге дейін барды. Шын мәнінде Е.Бекмахановтың кандидаттық диссертациясы не бәрі 160 беттен ғана тұрған болса, ал докторлық диссертациясы 800 беттен асып түсетін. Осындай, көлемдік тұрғыдан салыстырудың өзі-ақ жабылған жаланың мүлде қисынсыздығын дәлелдеп беретін еді. Бұған Е.Бекмаханов өзінің жауап сөзінде: “Осындай домалақ арыз түріндегі айыптаудың Жоғарғы Аттестациялық комиссияға түскенін менің сіздерге айтқым келеді”, - дей келе, мәселені кекесінді күлкіге айналдырып: “мен әрине, бұл екі айыптауларды салыстыра қараудан аулақпын, мұнда сірә, жай ғана сәйкестік бар болар”, - деп залда отырғандарды күлкіге кенелтті.

Шынында да Жоғарғы Аттестациялық комиссия мұны арнайы тексеріп, жабылған жаланы теріске шығарған еді.

Е.Бекмахановтың қарсыластары, әсіресе, С.Толыбеков Қазан төңкерісіне дейін қазақтарда мемлекеттіліктің болғанын теріске шығарып, көшпелі қоғамда бір орталыққа бағынатын мемлекет құру мүмкін емес, - дегенге дейін барып, қазақ тарихын көпе-көрінеу бұрмалаған еді. Оларға алғашқылардың бірі болып соққы берген А.Нүсіпбеков, XIII ғасырда-ақ көшпелі монғол қоғамында бір орталыққа бағынған мемлекет болғанын дәлел ретінде алға тартып, ал қазақтарда неге мемлекет болмауы тиіс дегенге тірелген еді.

Айтысқа қатысушылар Кенесары қозғалысымен қатар Кавказда орын алған Шәміл бастаған көтерілістің Мәскеудегі ғалымдар талқылауында прогрестік қозғалыс ретінде жағымды бағаланғанын да еске түсірді. Шәміл ақталған кезде Кенесары неге айыпталуы тиіс? - деген сауал төңірегінде, өкінішке орай, Е.Бекмахановтың қарсыластары терең ойлана қойған жоқ.

Ғылыми айтыс барысында әдептілік шеңберінен шығып кетіп, Е.Бекмахановты “меньшевиктік”, “ұлтшылдық” көзқарастарға негізсіз айыптаушылар да болды. Мысалы,

С.Толыбеков Кенесарыны “қазақ тарихының Дон-Кихоты” деп кекетсе, ал Е.Бекмахановты “XIX ғасырдағы Дон Кихоттың қару көтерушісі” деп келемеждеді. Мұның өзі біздің кейбір зерттеушілеріміздің ішкі мәдениетінің төмендігінің айқын көрінісі еді.

Керісінше, Е.Бекмаханов айтыс барысында өзінің ғылыми өресінің, мәдениетінің жоғарылығын көрсете білді. Оның қорытынды сөзіндегі мына жолдар осының куәсі: “Мен аяқтаймын жолдастар. Біздер бес күнге созылған айтыстың соңына келдік. Егер адамша айтар болсақ, сіздерге шынымды айтатын жолдастар, осы айтыстан кетіп бара жатып ғаламат еңбектенуге құштармын. Жай ғана жұмыс жасап қоймай, еңбектің әрбір минуты бүгін осында қатысып отырған интеллигенцияның алдында, халықтың алдында, бүкіл елдің алдында жауапкершілікке тола болғанын қалаймын. Тәжірибесі жағынан да, жас бойынша да мен, айтарлықтай жас қызметкермін. Өзімнің алғашқы монографиялық еңбегімді жасау барысында мен әрқашан өзімнің жеке мансабым туралы емес, өзімнің халқым туралы ойладым... Үлкен және қиын ізденулер мен зерттеулер жолында жаңсақтықтар мен қателіктер болуы тиіс еді, оның үстіне өзімнің әріптестерім, тарихшы қазақтар арасында менің алғаш рет батылдық жасап, өте күрделі және шатасқан мәселе бойынша марафондық қашықтыққа жүгіріп өтуіме тура келді... Осында, талқылауда қаралған мәселелерге шыдамдылықпен қараған біздің ғылыми қауым XIX ғасырдың 20-40-шы жылдары тәрізді қазақ халқының тарихи тағдырында күрделі түс болып табылатын кезеңнен кітап жазғаным үшін мені айыптай қоймас деп ойлаймын”.

Айқын шығармашылық ойдан, болашаққа деген үлкен үміттен тұратын бұл сөздердің шынайылығына күмән келтіру қиын.

Е.Бекмаханов өзінің соңында әріптестерін тізе қоса, ынтымақтаса еңбек етуге шақырды. Осы орайда ол өзінің сөзін былай аяқтады: “Қанеки жолдастар, осы игі мақсаттар жолында құлшына еңбек етелік. Біздің жас қазақ тарихы ғылымын жаңа табыстарға, жаңа шығармашылық жетістіктерге қозғау үшін тату, ынтымақтаса еңбек етелік!”

Кезінде, мәскеулік белгілі ғалымдар да қазақстандықтарды ынтымаққа шақырған еді. Алайда, қазақ

зерттеушілерінің мәдени деңгейлерінің төмендігі, ғылыми оресінің тарлығы қазақ зерттеушілері арасындағы алауыздықты тереңдете түсті. Мұның нәтижесі Қазақстанның тарих ғылымы үшін аса ауыр болды. Зерттеушілердің бір тобы Е.Бекмаханов, Б.Сүлейменов, Х.Әділгереев тәрізді кісілер түрмеге қамалды немесе жер аударылды. Т.Тәжібаев, Ә.Марғұлан, Н.Киікбаев және т.б. кісілер қызметтерінен аластатылды. Е.Ділмұхамедов, А.Жиреншин тәрізді оқымыстылар қуғындалды. Е.Бекмахановтың еңбегіне қарсы шыққандар да үлкен табысқа жете алмады. Т.Шойынбаевтың, Х.Айдарованың, Ә. Тұрсынбаевтың еңбектері “саяси зиянды” әдебиеттер ретінде қоғамдық кітапхана қорларынан алынып тасталды. Т.Шойынбаев докторлық диссертациясын мұндаға дейін қорғай алмай, Өзбекстанда қорғады.

Мұның бәрін тізіп отырғанымыз, бүгінгі қазақ зиялылары мен зерттеушілері аға ұрпақтың қателіктерін қайталамаулары керек. Міне, “Бекмаханов кезеңінің” бүгінгі тәуелсіз Қазақстан ғалымдарына берер үлкен тағылымы да осында.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қойгелдиев М.Қ. Қазақ демократиялық интеллигенциясының 1905-1920 жылдардағы қоғамдық-саяси қызметі: Тарих ғыл. докт. дисс. – Алматы, 1995. – 515 б.; Атабаев Қ. Мерзімді басылым Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918): Тарих ғыл. докт. дисс. – Алматы, 2000. – 49 б.; Махаева А.Ш. Қазақ комитеттері: құрылуы мен қызметінің тарихы (наурыз 1917 маусым 1918 жылдың басы): Т.ғ.к. дисс. авторефераты. – Алматы, 1995. – 25 б.; Мекебаев Т.Қ. Уақытша үкіметтің Қазақстандағы билік органдарының қызметі (1917 жылдың ақпаны – 1918 жылдың басы): Т.ғ.к. дисс. авторефераты. – Алматы, 1996. – 26 б.; Рустемов С.К. XX ғасырдың басындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі мұсылмандық қозғалыс: Т.ғ.к. дисс. авторефераты. – Алматы, 1997. – 26 б.; Нурмағамбетова Р.К. Проблема Алаш и Алашорды в казахстанской историографии 70-90-х годов: Автореферат дисс. на соиск. уч. ст. к.и.н. – Алматы, 1999. – 28 с.; Пірманов Ә.Б. Қазақ қоғамының жағдайы және ұлттық интеллигенция қалыптасуының алғы шарттары мен қызметінің бағыт-бағдарлары: Т.ғ.к. дисс. – Алматы, 1917. – 199 б. және т.б.
2. Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия История движения Алаш. – М.: Россия молодая, 1994. – 216 б.; Нүрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б. Қойгелдиев М. Алаш көгалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 368 б.
3. Раджапов А.Ө. Оңтүстік Қазақстан 1917 жылғы қос революция түсында. Т.ғ.к. дисс. авторефераты. – Алматы, 1997. – 26 б.; Қоңыратбаев О. Тұрар Рысқұлов. Қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 448 б.; Ауанасова А.М. Национальная интеллигенция Туркестана в первой четверти XX века. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 262 б.; Ағзамходжаев С.С. “Туркистон Мухторияти: Борьба за свободу и независимость (1917-1918 гг.). Автореферат дисс. на соиск. д.и.н. – Ташкент: ФАН, 1996. – 60 б. және т.б.
4. Жүгенбаева Г.С. Мұхамеджан Тынышбаевтың өмірі мен қызметі (1879-1938): Т.ғ.к. дисс. авторефераты. – Алматы, 1998. – 33 б.; Иманбаева С.С. Міржақып Дулатовтың өмірі мен қызметі (1885-1935 жж.): Т.ғ.к. дисс. авторефераты. – Алматы, 1999. – 25 б.; Мамраева А.К. Общественно-политическое развитие Казахстана начала XX века и Алихан Буқайханов: Автореферат дисс. на соиск. уч. ст. к.и.н. – Алматы, 1997. – 25 б. және т.б.
5. Жүгенбаева Г.С. Мұхамеджан Тынышбаевтың өмірі мен қызметі (1879-1938). – Алматы: ҚазККА, 2000. – 228 б. /88/.
6. Жүгенбаева Г.С. Сонда. – 121 б.
7. Қараңыз: Халел тағылымы. – Алматы: Ғылым, 1994. – 98 б.; Нүрпейісов К., Құлкенов М., Хабижанов Б., Мектепов А. Халел Досмұхамедұлы және оның өмірі мен шығармашылығы. – Алматы: Санат, 1996. – 60 б.
8. Сыздықова Р., Әнес Ф. Халел шырлары. – В кн. Досмұхамедұлы Н. Таңдамалы (Избранное). – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б. /7-26/.
9. Қойгелдиев М., Нүсіпхан А., Мұстафа Шоқай және Түркістан. – В кн. Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы: Қайнар, 1998. – Ғ.І. – 512 б. /7-31/.
10. Қойгелдиев М.Қ. Тұтас Түркістан идеясы және Мұстафа Шоқайұлы. – Алматы: Қазақ университеті, 1997. – 53 б.

11. Мырзахметов М. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі туралы – Кітапта: Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы: Қазақстан, Сана, 1991. – 80 б. /5/.
12. Ғаббас. Қазақ тарихынан. – Кітапта: Кеменгерұлы Қ. Таңдамалы (“Тарихи тұлғалар” сериясы). – Алматы: Қазақстан, 1996. – 296 б. /33/.
13. Ғаббас. Қазақ тарихынан... - 38 б.
14. Әуезов М. Әдебиет тарихы. Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б. /143/
15. Камзабекулы Д. Қошке Кеменгерұлы (1896-1937). – Кітапта: Кеменгерұлы Қ. Таңдамалы (“Тарихи тұлғалар” сериясы). – 30 б.
16. Төkenов Ә., Байғалиев Б. Телжаннан қалған телегей мұра. – Кітапта: Шонанұлы Т. Жер тағдыры – ел тағдыры. – Алматы: Санат, 1995. – 224 б. /210/.
17. Базарбаев М., Акқұлұлы С. Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан. – Кітапта: Бөкейхан Ә. Таңдамалы (избранное). – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 477 б. /13/.
18. Қойгелдиев М. Бөкейханов Әлихан Нұрмұхамедұлы//“Қазақстан”. Ұлттық энциклопедия. – Алматы: “Қазақ энциклопедиясының” бас редакциясы, 1999. – 720 б. /404/.
19. Құл-Мұхамед. Алаш ардагері. Жакып Ақбаев. Алматы: Жеті жарғы, 1996. – 224 б. /169/.
20. Шоқай М. Санжар Аспандиар (Түркістандағы орыс большевиктері шовинизмі құрбандарының бірі). – Кітапта: Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы: Қайнар, 1999. Т.2. – 520 б. /162/.
21. Төкенов Ә. Санжар Джафарович Асфендияров и его “История Казахстана (с древнейших времен)”. - В кн: Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993. – 304 б. /8/.
22. Бөкейхан Ә. Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи. - В кн: Ә.Бөкейхан. Таңдамалы (избранное). – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 477 /45-65/.
23. Бөкейхан Ә. Киргизы. - В кн: Бөкейхан Ә. Таңдамалы (избранное)... 66-77 бб.
24. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы: Қазақстан, Сана, 1991. – 80 б.
25. Дулатов М. Қазақ, қырғыздың аты, тегі туралы. – Кітапта: Дулатов М. Шығармалары: өлеңдер, қара сөздер, көсемсөз. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б. /308-319/.
26. Мадияр. Алаш Орда // “Қазақ” газеті. – Алматы: “Қазақ энциклопедиясы” бас редакциясы, 1998. – 560 б. /444-445/.
27. Байтұрсынов А. Революция и киргизы//”Жизнь национальностей”, 1919, 3 августа.
28. Тынышпаев М. Происхождение киргиз-казаков и история образования казахского ханства. - В кн. Тынышпаев М. Истории казахского народа. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993. – 224 б. /108-154/.
29. Тынышпаев М. Отзыв о труде А.П.Чулошника по истории казак-киргизского народа - В кн: Тынышпаев М. История казахского народа... - 49-66 бб.
30. Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. – В кн. Тынышпаев М. История казахского народа... -Б.67-108.

31. Тынышпаев М. Киргиз-казаки в 17 и 18 веках (дополнение к "Материалам к истории киргиз-казахского народа). В кн. Тынышпаев М. История казахского народа... 155-171 бб.
32. Тынышпаев М. Актабан – шұбырынды (Великие бедствия и великие победы казаков). - В кн. Тынышпаев М. История казахского народа... 185-199 бб.
33. Шоқай М. 1917 жыл естеліктерінен үзінділер. – Кітапта: Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы: Қайнар, 1999. Т. 2. – 520 б. /247-318/.
34. Шоқай М. Қоқан автономиясы. – Кітапта: Шоқай М. Таңдамалы... Т.2. 143-145 бб.
35. Шоқай М. Санжар Аспандияр. – Кітапта: Шоқай М. Таңдамалы... Т.2. 159-163 бб.
36. Шоқай М. 1916 жылғы ұлттық қозғалыс туралы большевиктердің өтірігі. – Кітапта: Шоқай М. Таңдамалы... Т. 1. 214-219 бб.
37. Шоқай М. Бір ғылыми өтірікке қарсы (Қоқан автономиясына 14 жыл толуына орай). - Кітапта: Шоқай М. Таңдамалы... 225-238 бб.
38. Шонанұлы Т. Қазақ жер мәселесінің тарихы. – Кітапта. Шонанұлы Т. Жер тағдыры – ел тағдыры. – Алматы: Санат, 1995. – 224 б.
39. Кемелгерұлы Қ. Қазақ тарихынан. – Кітапта: Кемелгерұлы Қ. Таңдамалы. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 296 б. /33-82/.
40. Рыскулов Т. Восстание туземцев Туркестана в 1916 году: Восстание киргизов и казахов в 1916 году. – Бишкек: Учкун. – 111 б. /4-80/.
41. Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. Тарихи-мемуарлық роман. – Алматы: Жазушы, 1977. – 392 б.
42. Садвакасов С. О национальностях и националах. - В кн. Садвакасов С. Избранное. – Алматы: СП Атхан, Рауан, 1994. – 190 б. /72-85/.
43. Төркеұлов Н. Кокандская автономия. - В кн. Төркеұлов Н. Шығармалары. Дипломат. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 336 б. /22-30/.
44. Мендешов С. О национально-освободительном движении 1916 года Доклад на совещании в Комвузе им. Голощекина, посвященном 15-летию восстания 1916 года; Соныкі, 1916 жылғы қазақ көтерілісінде патша әкімдерінің қолданған әдістері: Қаһарлы 1916 жыл (Қужаттар мен материалдар жинағы. – Алматы: Қазақстан, 1997. Т.2. –1998. – 247 б. /2231; 232-234/).
45. Жүргенұлы Т. 1916 жылғы қазақ көтерілісінде қала мен ауыл арасындағы наразылық //Қаһарлы 1916 жыл... 19-22 бб.
46. Бөгішұлы К. Қазақ шежіресі //"Айқап". – Алматы: "Қазақ энциклопедиясы" Бас редакциясы, 1995. – 367 б. /57/.
47. Дүйсенбайұлы Е. Қазақша тарих керек пе?// "Айқап". – 128 бб.
48. М.С. (Мұхамеджан Сералин – Ш.О.) "Айқап". – 128 бб.
49. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы: Қазақстан; Сана, 1991. – 80 б. /6/.
50. Құдайбердіұлы Ш. – 6-7 бб.
51. Бөкейхан Ә. Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі: Таңдамалы (Избранное). – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 477 б. /332/.
52. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – 66 б.
53. Бөкейхан Ә. Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі//Таңдамалы (Избранное). – 332 б.
54. Бөкейхан Ә. ... - 332 б.
55. Бөкейхан Ә. ... - 333 б.

56. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. — 23 б.
57. Бөкейхан Ә. Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі: Таңдамалы (Избранное). — 333 б.
58. Досмұхамедов Халел "Алаш" не соз?/"Қазақ" газеті. — Алматы: "Қазақ энциклопедиясы" Бас редакциясы, 1998. — 560 б. /39/.
59. Дулатов М. Қазақ, қырғыздың аты, тегі туралы: Шығармалары: олеңдер, қара сөздер, көсем сөз. — Алматы: Жазушы, 1991. — 384 б. /318/.
60. Дулатов М. ... - 318-319 бб.
61. Бабур-наме. Записки Бабура. — Ташкент: Главная редакция энциклопедий, 1992. — 463 б. /37/.
62. Дулати Мухаммед Хайдар. Тарих-и Рашиди (Рашидова история). — Алматы: Санат, 1999. — 656 с. /148/.
63. Тынышпаев М. История казахского народа. — Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993. — 224 с. /145-147/.
64. Жалайыр Қ. Шежірелер жинағы. — Алматы: Қазақстан, 1997. — 128 б. /126/.
65. Қараңыз: "Қазақстан". Ұлттық энциклопедия. — Алматы: "Қазақ энциклопедиясы" Бас редакциясы, 1998. — 720 б. /248-249/.
66. Нығмет Мынжан. Қазақтың қысқаша тарихы. — Алматы: Жалын, 1994. — 400 б. /27/.
67. Хасенов Ә. Қазақ тарихының 5000 жылдық баяны (көне заманнан XX ғасырға дейін). — Алматы: Мектеп, 1996. — 296 б. /25/.
68. Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). — Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993. — 304 с. /17/.
69. Тынышпаев М. Историческая справка и племенной состав коренного населения Ташкентского уезда (из материалов к национальному размежеванию в Туркестане). — В кн. Тынышпаев М. История казахского народа. — 171 б.
70. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. — 15-17 бб.
71. Тынышпаев М. История казахского народа. — 68 б.
72. Жүгенбаева Г.С. Мұхамеджан Тынышбаевтың өмірі мен қызметі (1879-1938). — Алматы: ҚазКҰ, 2000. — 228 б. /90/.
73. Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). — Б.22.
74. Тынышпаев М. История казахского народа. - 69 б.
75. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. — 17 б.
76. Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). 23-24 б.
77. Асфендияров С.Д. ... — 32 б.
78. Ежелгі дәуір әдебиеті. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 280 б. /16/.
79. Шоқай М. Таңдамалы. — Алматы: Қайнар. — Т.2. — 520 б. /162/.
80. Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). — 31 б.
81. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. 19-20 бб.
82. Бөкейхан Ә. Историческне судьбы киргизского края и культурные его успехи: Таңдамалы (Избранное). — 48 б.
83. Дулатов М. Қазақ, қырғыздың аты, тегі туралы. — Кітапта: //Шығармалары: олеңдер, қара сөздер, көсемсөз. — 316 б.
84. Тынышпаев М. История казахского народа. — 67-108 бб.

85. Тынышпаев М. История казахского народа. — 52-53 бб.
86. Қараңыз: Лувсанданзан. Алтын шежіре. — Алматы: Онер, 1998. — 224 б.; Монғолдың күпия шежіресі (XII-XIII ғасырлардағы көшпелілер шежіресі). — Алматы: Онер, 1998. — 224 б.
87. Прошлое Казахстана в источниках и материалах / Под ред. проф. С.Д. Асфендиярова и проф. П.А. Кунте. — Алматы: Қазақстан, 1997. — 383 с.
88. Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен) — 77-78 бб.
89. Бөкейхан Ә. Исторические судьбы киргизского края и культурные его успехи: Таңдамалы (Избранное). — 48 б.
90. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. — 20 б.
91. Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). — 82 б.
92. А.П.Чулошниковтың пікірі М.Тынышбаевтың еңбегі бойынша беріліп отыр; Қараңыз: Тынышпаев М. История казахского народа. — 55 б
93. Тынышпаев М. История казахского народа. — 55 б.
94. Тынышпаев М. Происхождение киргиз-казаков и история образования казахского ханства//История казахского народа. — 110 б.
95. Тынышпаев М. История казахского народа. — 110 б.
96. Тынышпаев М. История казахского народа. — 110 б.
97. Тынышпаев М. История казахского народа. — 110-114 бб.
98. Тынышпаев М. История казахского народа. — 117 б.
99. Тынышпаев М. История казахского народа. — 119 б.
100. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. — Алматы: Санат, 1996. — 656 с. /145-147/.
101. Тынышпаев М. История казахского народа. — 119 б.
102. Тынышпаев М. История казахского народа. — 119-120 бб.
103. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. — 21 б.
104. Бөкейхан Ә. Таңдамалы (Избранное). — 48 б.
105. Дулатов М. Қазақ, қырғыздың аты, тегі туралы: Шығармалары. — 313-314 бб.
106. Дулатов М. Қазақ, қырғыздың аты, тегі туралы: Шығармалары. — 314-315 бб.
107. Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). — 98 б.
108. Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). — 99-100 бб.
109. Абусейтова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV-XVII вв.: История, политика, дипломатия. — Алматы, 1988. — 264 с. /79-80/; Ибрагимов С.К. Еще раз о термине "казах"/ТИИАЭ АН КазССР. 1960. Г.8. — 71 с.
110. Тынышпаев М. Происхождение киргиз-казаков и история образования казахского ханства. - В кн. Тынышпаев М. История казахского народа. — 109 б.
111. Тынышпаев М. Происхождение киргиз-казаков и история образования казахского ханства. - В кн: Тынышпаев М. История казахского народа. — 109-110 бб.
112. Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). — 87 б.
113. Дулатов М. Қазақ, қырғыздың аты, тегі туралы: Шығармалары. — 312-313 бб.
114. Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). — 87 б.

115. Дулатов М. Қазақ, қырғыздың аты, тегі туралы: Шығармалары. — 313 б.
116. Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. — Кітапта. История казахского народа. — 68 б.
117. Тынышпаев М. Отзвѣ о труде А.П.Чулошниковѣ по истории казак-киргизского народа. — В кн. История Казахстана (с древнейших времен). — 52 б.
118. Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). — 87 б.
119. Бөкейхан Ә. Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи. — Кітапта. Бөкейхан Ә. Таңдамалы (Избранное). — 48 б.
120. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. — 21 б.
121. Асфендияров С.Д. История Казахстана. — 99 б.
122. Асфендияров С.Д. История Казахстана. — 98 б.
123. Бөкейхан Ә. Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи. — Кітапта: Ә. Бөкейхан. Таңдамалы (Избранное). — 48 б.
124. Бөкейхан Ә. — 48-49 б.
125. Тынышпаев М. Происхождение киргиз-казахов и история образования казахского ханства. — В кн. Тынышпаев М. История казахского народа. — 131 б.
126. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі.
127. Дулати Мухаммед Хайдар. Тарих-и Рашиди (Рашидова история). — 36 б.
128. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. — 22-23 бб.
129. Тынышпаев М. Происхождение киргиз-казахов и история образования казахского ханства. - В кн. Тынышпаев М. История казахского народа. — 131 б.
130. Тынышпаев М. ... — 146 б.
131. Тынышпаев М. ... — 147-148 бб.
132. Тынышпаев М. ... — 141 б.
133. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. — 24-25 бб.
134. Бөкейхан Ә. Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи. — Кітапта: Ә. Бөкейхан. Таңдамалы (Избранное). — 48 б.
135. Бөкейхан Ә. ... — 49 б.
136. Бөкейхан Ә. ... — 49 б.
137. Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). — 100-101 бб.
138. Тынышпаев М. Происхождение киргиз-казахов и история образования казахского ханства. - В кн. Тынышпаев М. История казахского народа. — Б. 150.
139. Тынышпаев М. ... — 150-151 б.
140. Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). — 101 б.
141. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. — 23 б.
142. Дулатов М. Қазақ, қырғыздың аты, тегі туралы. — 317 б.
143. Жалайыр Қ. Шежірелер жинағы. — Алматы: Қазақстан, 1997. — 128 б. /126/.
144. Қойгелдисев М. Алаш мыңы, Алаш. Қазақ слі. — Кітапта: Қазыбек бек Тау-асарұлы — тарихи тұлға, ғалым және ақын: Ғылыми конференцияның материалдары. — Алматы: Қазақ университеті, 2001. — 171 б. /50/.

145. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі – Алматы: Қазақстан, Сана, 1991. – 80 б. /25-26/.
146. Тынышпаев М. Киргиз-казахи в 17 и 18 веках (Дополнение к "Материалам к истории киргиз-казахского народа"). – В кн. Тынышпаев М. История казахского народа. – 163-166 бб.
147. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – 27 б.
148. Тынышпаев М. Киргиз-казахи в 17 и 18 веках... – 166-167 бб.
149. Қасымбаев Ж. Әбілқайыр/"Қазақстан". Ұлттық энциклопедия. – Алматы: "Қазақ энциклопедиясы" Бас редакциясы, 1998. – 720 б. /622/.
150. Тынышпаев М. Киргиз-казахи в 17 и 18 веках... – 166-167 бб.
151. Ирмуханов Б. Казахстан: историко-публицистический взгляд. – Алматы: Олке, 1996. – 80-82 бб; Ерофеева И. Хан Абулхайр: полководец, правитель и политик. – Алматы: Санат, 1999. – 336 с. (186-187).
152. Бөкейхан Ә. Таңдамалы (Избранное). – 49 б.
153. Сонда.
154. Тынышпаев М. Ақтабан шұбырынды (Великие бедствия и великие победы казахов). – В кн. Тынышпаев М. История казахского народа. – 197 б.
155. Асфендияров С. История Казахстана (с древнейших времен) – 148-150 бб.
156. Асфендияров С. Сонда. – 107-109 бб.
157. Сералин М. Қазақ қай заманда Россияға қосылған // Энциклопедия "Айқап". – 49-52 бб.
158. Сералин М. Сонда. – 52 б.
159. Қазақ емес. Қазаққа алалық қайдан келді // Энциклопедия "Айқап". – 172-173 бб.
160. Қазақ емес. Сонда. – 173-174 бб.
161. Тынышпаев М. Ақтабан-шұбырынды (Великие бедствия и великие победы казахов). В кн: Тынышпаев М. История казахского народа – 197-198 бб.
162. Ерофеева И. Хан Абулхайр: полководец, правитель и политик. – 154 б.
163. Қарасартбаласы Жардай. Қазаққа алалық қайдан келді // "Энциклопедия Айқап". – 255 б.
164. Сонда. – 255-256 бб.
165. Галузо П.Г. Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867-1914 гг. Алма-Ата, 1965; Сулейменов Б. Аграрный вопрос в Казахстане последней трети XIX нач. XX вв. Алма-Ата, 1963; Бекмаханов Е. Казахстан в 20-40 годы XIX века. Алматы, 1992; Турсунбаев А.Б. Из истории крестьянского переселения в Казахстане. Алма-Ата., 1950.
166. Шонанұлы Т. Жер тағдыры – ел тағдыры. 2-басылым. – Алматы: Санат, 1995. – 224 б. /101-102/.
167. Шоқай М. 1917 жыл естеліктерінен үзінділер: Таңдамалы. Т. 1. – 520 б. /299-300/.
168. Шоқай М. ... – 300 б.
169. Шонанұлы Т. Жер тағдыры – ел тағдыры... – 89-90 бб.
170. Шонанұлы Т. ... – 17 б.
171. Тынышпаев М. История казахского народа – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 224 с. /25-26/.
172. Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен) – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 304 с. /189-190/.

173. Кемеңгерұлы К. Таңдамалы. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 296 б. /52-53/
174. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 368 б. /33/.
175. Шонанұлы Т. Жер тағдыры – ел тағдыры... - 12-13 бб.
176. Шонанұлы Т. Жер тағдыры – ел тағдыры... - 13 б.
177. Шонанұлы Т. Жер тағдыры – ел тағдыры... - 13 б.
178. Шонанұлы Т. Жер тағдыры – ел тағдыры... - 13 б.
179. Мұхатова О. Қазақстандағы ХХ ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы аграрлық реформалар тарихнамасы (1900-1929 жылдар). – Алматы 1998. – 119 б. /6-7/.
180. Асфендияров С.Д. ... - 186 б.
181. Асфендияров С.Д. ... - 186-187 бб.
182. Мұхатова О. Қазақстандағы ХХ ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы аграрлық реформалар тарихнамасы (1900-1929 жылдар). Алматы, 1998. – 119 б. /7/.
183. Мұхатова О. ... - 7-9 бб.
184. Мұхатова О. ... - 10 б.
185. Шонанұлы Т. Жер үшін күрес – ел үшін күрес. Алматы: Санат, 1996. – 30-31 бб.
186. Шонанұлы Г. ... - 31-32 бб.
187. Шонанұлы Г. ... - 32 бб.
188. Шонанұлы Г. ... - 32 бб.
189. Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). Изд. 2-ое. – 182-183 бб.
190. Асфендияров С.Д. ... - 186-187 бб.
191. Асфендияров С.Д. ... - 187 б.
192. Шонанұлы Т. ... - 23 б.
193. Шонанұлы Г. ... - 20-22 бб.
194. Асфендияров С.Д. ... - 188 б.
195. Шонанұлы Г. – 82 б.
196. Бөкейхан А. Исторические судьбы киргизского края и культурные его успехи: Избранное – Таңдамалы. – 55 б.
197. Букейханов А.Н. Исторические судьбы киргизского края и культурные его успехи: Избранное. – 55-56 бб.
198. Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). – 188 б.
199. Букейханов А.Н. Исторические судьбы... - 58 б.
200. Шонанұлы Т. Жер тағдыры – ел тағдыры... - 121 б.
201. Шонанұлы Т. Жер тағдыры – ел тағдыры... - 148 б.
202. Шоқай М. 1917 жыл естеліктерінен үзінділер: Таңдамалы. Т.2. – 300-301 бб.
203. Кемеңгерұлы К. Қазақ тарихынан: Таңдамалы. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 296 б. /53/.
204. Тынышпаев М. Киргизы и освободительное движение. – В кн. Тынышпаев М. История казахского народа. – 25 б.
205. Тынышпаев М. ... - 25-26 бб.
206. Тынышпаев М. ... - 26 б.
207. Тынышпаев М. ... - 26 б.
208. Асфендияров С. История Казахстана (с древнейших времен)... - 190 б.

209. Асфендияров С. ... - 190-192 бб.
210. Асфендияров С. ... - 208-209 бб.
211. Бөкейхан Ә. Қирғизы. – Кітапта: Таңдамалы (избранное). – 1 б.
212. Бөкейхан Ә. ... – 71 б.
213. Шонанұлы Т. Жер тағдыры – ел тағдыры. – 179 б.
214. Шонанұлы Т. – 181-182 бб.
215. Байтұрсынов А. Қазақ өлкесі //Энциклопедия “Айқап”. – Алматы: “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1995. – 48 б.
216. Шонанұлы Т. ... – 115-116 бб.
217. Қыр баласы (Ә. Бөкейханов – Ш.О.) Үшінші Дума һәм қазақ //“Қазақ” газеті.
218. Шоқай М. Орыс империализмі хараб болсын. – Кітапта Таңдамалы. – Алматы: Қайнар, 1999. – Т. 2. – 520 б. /231/.
219. Шоқай М. ... – 231 б.
220. Шоқай М. ... – 232-233 бб.
221. Жандосов О. Қазақстандағы жер саясаты туралы //“Еңбекші қазақ”, 1925, 14 желтоқсан.
222. Жандосов О. Сонда.
223. Сейдалин Ж.Ә. Азып-тозып кетпеске не амал бар? //“Қазақ” газеті – Алматы: “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998. – 52-53 бб.
224. “Айқап” журналы. “Қазақ энциклопедиясы”, 1995. – 216 б.
225. “Айқап” журналы. – 216 б.
226. Қыр баласы. Тортінші Дума һәм қазақ//“Қазақ” газеті. – Алматы: “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998. – 45-46 бб.
227. Қыр баласы. Тортінші Дума һәм қазақ//Сонда. – 46 б.
228. Мадьяр. Торғай //“Қазақ” газеті. – Алматы: “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998. – 133-134 бб.
229. Шонанұлы Т. Жер тағдыры – ел тағдыры. – 163-165 бб
230. Шонанұлы Т. Жер тағдыры – ел тағдыры. – 156-157 бб
231. Қыр баласы. Жауап хат//“Қазақ” газеті. – Алматы: “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998. – 62-63 бб.
232. Кеменгерұлы Қ. Жол әсері // Таңдамалы. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 160-161 бб.
233. Тілші. Мал нормасына һәм қазақ положениесіне қайту/ Қазақ” газеті. - Алматы: “Қазақ энциклопедиясы”, 1998. – 192-193 бб.
234. Тілші. Мал нормасына һәм қазақ положениесіне қайту/ Қазақ” газеті. - Алматы: “Қазақ энциклопедиясы”, 1998. – 193 б.
235. Садвакасов С. О национальностях и националах//Избранное. – Алматы: СП “Атхан”, “Рауан”, 1994. – 190 б. /79-80/.
236. Шоқай М. Орта Азия бюросы. Т.1. – 180-181 бб.
237. Шоқай М. Орыс империализмі хараб болсын. Т.2 – 231 б.
238. Коммунистическая партия Казахстана в революциях и реценциях съездов, конференций и пленумов. – Алма-Ата: Казахстан, 1981. – 405 с. /240/.
239. Коммунистическая партия Казахстана в революциях... Т. 1. – 315 с.
240. Досмұхамедұлы Х. Тайманұлы Исатайдың қозғалысы турасында қысқаша мағлұмат. – Кітапта: Таңдамалы (Избранное). – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б. /51/.
241. Досмұхамедұлы Х. Сонда – 34 б.

242. Кемеңгерұлы Х. Қазақ тарихынан. Қарсы қозғалыстар. – Кітапта: Таңдамалы. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 296 б. /54/.
243. Кемеңгерұлы К. Сонда.
244. Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993. – 304 с. /152/.
245. Асфендияров С.Д. Сонда. – 153 б.
246. Досмұхамедұлы Х. Тайманұлы Исатайдың қозғалысы турасында қысқаша мағлұмат. – Кітапта: Таңдамалы (Избранное). – 51 б.
247. Досмұхамедұлы Х. Сонда. – 51-52 бб.
248. Досмұхамедұлы Х. Сонда. – 34 б.
249. Асфендияров С.Д. История Казахстана... - 154-155 бб.
250. Асфендияров С.Д. История Казахстана... - Сонда.
251. Асфендияров С.Д. История Казахстана... - Сонда.
252. Асфендияров С.Д. История Казахстана... - Сонда.
253. Асфендияров С.Д. История Казахстана... - Сонда.
254. Асфендияров С.Д. История Казахстана... - Сонда.
255. Асфендияров С.Д. История Казахстана... - Сонда.
256. Асфендияров С.Д. История Казахстана... - Сонда.
257. Асфендияров С.Д. История Казахстана... - Сонда.
258. Шонанұлы Г. Жер тағдыры – ел тағдыры. – Алматы: Санат, 1995 -- 35-36 бб.
259. Шонанұлы Г. Сонда. – 55-56 бб.
260. Шонанұлы Г. Сонда. – 55-56 бб.
261. Шонанұлы Г. Сонда. – 57-58 бб.
262. Шонанұлы Г. Сонда. – 57-58 бб.
263. Досмұхамедұлы Х. Тайманұлы Исатайдың қозғалысы турасында қысқаша мағлұмат. – Кітапта: Таңдамалы (Избранное). – 41-42 бб.
264. Өтемісұлы Махамбет. – Кітапта: Бес ғасыр жырлайды... Т.1. – 256 б. /205/.
265. Асфендияров С.Д. История Казахстана... - 162-163 бб.
266. Досмұхамедұлы Х. Тайманұлы Исатайдың... - 36 б.
267. Исатай Тайманов. – Кітапта: Қазақ Совет Энциклопедиясы. Т.5. – 101 б.
268. Досмұхамедұлы Х. Тайманұлы Исатайдың... - 41-42 бб.
269. Асфендияров С. История Казахстана... - 162 б.
270. Досмұхамедұлы Х. Тайманұлы Исатайдың... - 164-166 бб.
271. Асфендияров С.Д. История Казахстана. – С. 164.
272. Досмұхамедұлы Х. ... - 48 б.
273. Досмұхамедұлы Х. ... - 51-54 бб.
274. Өтемісұлы Махамбет. Тайманның ұлы Исатай. – Кітапта: Бес ғасыр жырлайды. Т.1. – Алматы: Жазушы, 1984. – 256 б. /213/.
275. Досмұхамедұлы Х. ... - 57 б.
276. Досмұхамедұлы Х. Тайманұлы Исатайдың ... - 60 б.
277. Кемеңгерұлы К. Қазақ тарихынан. – 54 б.
278. Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). – 167 б.
279. Шонанұлы Г. Жер тағдыры – ел тағдыры. – 33-34 бб.
280. Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). – С. 167
281. Досмұхамедұлы Х. Тайманұлы Исатайдың ...

282. Асфендияров С. Д. История Казахстана (с древнейших времен) .. - С. 169.
283. Қасымбаев Ж. К. Кенесары хан. Алма-Ата. 1993. 153 с.; Галиев В. З. Предисловие. - В кн. Национально-освободительная борьба казахского народа под предводительством Кенесары Касымова. - Алматы: Ғылым, 1996. - 512 с. /5-26/.
284. Досмұхамедұлы Х. Тайманұлы Исатайдың... - 52-53 бб.
285. Кеменгерұлы Қ. Қазақ тарихынан... - 57 б.
286. Асфендияров С. Д. История Казахстана (с древнейших времен). С. 169.
287. Кеменгерұлы Қ. Қазақ тарихынан... - 56 б.
288. Қойгелдиев М. 1916 жылғы көтеріліс және ұлт зиялылары // "Қазақ тарихы", 1995. №2. - 33 б.
289. Жангельдин А. Из воспоминаний "Мой путь". - Кітапта: "Қаһарлы 1916 жыл" (құжаттар мен материалдар жинағы) - Грозный 1916 год: (сб. Документов и материалов) - Алматы: Қазақстан, 1997. Т.2. - 1998. - 247 с. /128/.
290. Асфендияров С. Д. История Казахстана (с древнейших времен). Изд. 2-е. - Алматы: Қазақ университеті, 1993. - 304 с. /289-291/.
291. Рыскулов Т. Восстание туземцев Туркестана в 1916 году. - В кн. Восстание киргизов и казахов в 1916 году. - Бишкек: Учкун, 1916. - 111 с. /78-79/.
292. Мендешов С. О национально-освободительном движении 1916 года. Доклад на совещании в Комвузе им. Голощекина, посвященном 15-летию восстания 1916 года. 20 августа 1931 г. - Кітапта: Қаһарлы 1916 жыл: (Құжаттар мен материалдар жинағы). - Грозный 1916 год: (сб. Документов и материалов). - Алма-Ата: Қазақстан, 1917. - 27 б.
293. Дулатов М. 1916 жыл. - Кітапта: Қаһарлы 1916 жыл: (Құжаттар мен материалдар жинағы)... - 64 б.
294. Әлихан, Ахмет, Міржақып. Алаштың азаматы // "Қазақ" газеті. - Алматы: "Қазақ энциклопедиясы" Бас редакциясы, 1998. - 560 б. /322/.
295. Дулатов М. 1916 жыл. - Кітапта: Қаһарлы 1916 жыл: құжаттар мен материалдар жинағы... - 64-65 бб.
296. Қойгелдиев М. 1916 жылғы көтеріліс және ұлт зиялылары // Қазақ тарихы, 1995. №2. - 36 б.
297. Дулатов М. Г. Дума һәм солдаттың мәселесі // "Қазақ" газеті. - Алматы: "Қазақ энциклопедиясы" Бас редакциясы, 1998. - 270 б.
298. Қойгелдиев М. 1916 жылғы көтеріліс және ұлт зиялылары // "Қазақ тарихы", 1995. №2. - 35 б.
299. 7 август кенесінің қаулысы // "Қазақ" газеті. - Алматы: "Қазақ энциклопедиясы" Бас редакциясы, 1998. - 325 б.
300. Соғыс майданындағы қазақ жұмыскерлер // "Қазақ" газеті... - 309-310 бб.
301. Қозыбаев М. К. Еще раз о проблемах истории национально-освободительного движения революции 1916 г. в Казахстане // Казахстан в начале XX века: методология, историография, источниковедение: Сб. статей. Вып. II. - Алматы, 1994. - 119 с. /14/.
302. Қараңыз: Нүрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. - Алматы: Ататек, 1995. - 68 б.

303. Қыр баласы, Шестоков. 1916 жылғы көтерілістің он жылдығына. 1916-1926. — Кітапта: Қаһарлы 1916 жыл: (құжаттар мен материалдар жинағы). — Алматы: Қазақстан, 1997. 2 т. — 1998. — 247 б. /17/.
304. Шоқай М. 1916 жылғы ұлттық қозғалыс туралы большевиктердің отірігі. — Кітапта: Шоқай М. Таңдамалы. — Алматы: Қайнар, 1998. 1 т. — 512 б. /214/.
305. Сонда. — 214-215 бб.
306. Рыскулов Т. Восстание туземцев Туркестана в 1916 году. — В кн. Восстание киргизов и казахов в 1916 году. — 75 б.
307. Мендешов С. О национально-освободительном движении 1916 года // Қаһарлы 1916 жыл: (құжаттар мен материалдар жинағы) ... — Алматы: Қазақстан, 1997. 2 т. — 1998. — 23 б.
308. Жүргенұлы Темірбек. 1916 жылғы қазақ көтерілісінде қала мен ауыл арасындағы наразылық // Еңбекші қазақ, 1926, 30 сентябрь.
309. Кенжебаев Н. Т. Национально-освободительное движение 1916 года в Казахстане (методология, историография; проблемы). — В кн. Казахстан в начале XX века: методология, историография, источниковедение: Сб. статей. — 106 б.
310. Шоқай М. 1916 жылғы ұлттық қозғалыс туралы большевиктердің отірігі. — В кн. Шоқай М. Таңдамалы. Т.1. — 216 б.
311. Сонда. — 218 б.
312. Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). Изд. 2-ое. — Алматы: Қазақ университеті, 1993. — 304 с. /291-292/.
313. Сонда. — 292-293 бб.
314. Қыр баласы, Шестоков. 1916 жылғы көтерілістің он жылдығына 1916-1926 (25 июнь). — Кітапта: Қаһарлы 1916 жыл: (құжаттар мен материалдар жинағы). — Алматы: Қазақстан, 1997. 2 т. 1998. — 14 б.
315. Горекулов Н. Туркестанская автономная республика: Шығармалар. Сочинения: Дипломат. — Алматы: Қазақстан, 1997. — 336 б. /44/.
316. Рыскулов Т. Восстание туземцев Туркестана в 1916 году // Восстание киргизов казахов в 1916 году. — 73 б.
317. Сонда. — 80 б.
318. Шоқай М. 1916 жылғы ұлттық қозғалыс туралы большевиктердің отірігі. — Кітапта: Шоқай М. Таңдамалы... Т.1. — 216 б.
319. Сонда. — 218 б.
320. Мендешев С. 1916 жылғы қазақ көтерілісінде патша әкімдерінің қолданған әдістері. — Кітапта: Қаһарлы 1916 жыл: (құжаттар мен материалдар жинағы). — Алматы: Қазақстан, 1998. 2 т. — 234 б.
321. Мендешев С. О национально-освободительном движении 1916 года. Доклад на совещании в Комвузе им. Голощекина, посвященном 15-летию восстания 1916 года. 20 августа 1931 г. Там же... 24 б.
322. Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). Изд. 2-ое. — Алматы: Қазақ университеті, 1993. — 292-293 бб.
323. Сонда. — 292 б.
324. Шоқай М. 1916 жылғы ұлттық қозғалыс туралы большевиктердің отірігі. — Кітапта: Шоқай М. Таңдамалы. 1 т. 218-219 бб.
325. Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. — Алматы: Қазақстан, 1994. 192 б. /130/.

326. Бисенбаев А.К. К вопросу о характере событий 1916 г. в Казахстане: Казахстан в начале XX века: методология, историография, источниковедение: Сб. статей... — 104 б.
327. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. — 22-23 бб.
328. Нүрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. — 63 б.
329. Шоқай М. 1916 жылғы ұлттық қозғалыс туралы большевиктердің өтірігі. — Кітапта: Шоқай М. Таңдамалы. Т.1. — 218 б.
330. Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). Изд. 2-ое. — 294 б.
331. Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап... 131 б.
332. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы... 22 б.
333. Бөкейханов Ә. Шығармалар. — Алматы: Қазақстан, 1994. — 384 б.
- /235/
334. Рыскулов Т. Восстание туземцев Туркестана в 1916 году: — В кн. Восстание киргизов и казахов в 1916 году... 36 б.
335. Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). Изд. 2-ое. — 294 б.
336. Қозыбаев С.Д. Жауды шаптым ту байлап... 130 б.
337. Шоқай М. 1916 жылғы ұлттық қозғалыс туралы большевиктердің өтірігі. — Кітапта: Шоқай М. Таңдамалы Т.1. — 217 б.
338. Зевелев А.И. Историография Советского Туркестана. — Ташкент, 1966; Дахилейгер Г.Ф. Историография Советского Казахстана. — Алма-Ата, 1969; Алдамжаров З. Победа Великой Октябрьской социалистической революции в Казахстане. — Алма-Ата, 1983; Григорьев В.К. Большевики Казахстана в трех революциях. — В кн. Историко-партийная наука в Казахстане: некоторые проблемы историографии. — Алма-Ата: Казахстан, 1988 и др.
339. Қараңыз: Нүрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. — Алматы: Атагек, 1955; Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. — Алматы: Санат, 1995. Аманжолова Россия и казахский автономизм. — М. Мухатова О. Қазақстандағы XX ғасырдың алғашқы онжылдыктарындағы аграрлық реформалар тарихнамасы (1900-1929 жылдар). — Алматы, 1998; Бисенбаев А.К., Кенжебаев Н.Т. Қазақ в 1917 году (К вопросу об оценке событий). — В кн. Казахстан в начале XX века: методология, историография, источниковедение. — Алматы, 1994.
340. Байтурсунов А. Революция и киргизы. — В кн. "Жизнь национальностей", 1919, 3 августа.
341. Сонда.
342. Сафаров Г. Колониальная революция. Опыт Туркестана. — М., 1921. С.89.
343. Борисов Н. Октябрь в Туркестане//Завоевание Октябрьской революции. — Ташкент, 1922. — С.22-23; Бройдо Г. О восстании казах-киргизского народа в 1916 году//Кызыл Қазақстан, 1925, №3-4.
344. Төрекүлов Н. Шығармалары. — Алматы: Қазақстан, 1997. — 25 б.
345. Шоқай М. Таңдамалы. — Алматы: Қайнар, — 1999. 2 т. — 293 б.
346. Сонда.
347. Қазақ ССР тарихы. — Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1957. 1 т. — 623 б.
348. Шоқай М. Таңдамалы. 2 т. — 287 б.
349. Шоқай М. Сонда. — 255 б.
350. Шоқай М. Сонда. — 255 б.

351. Бисенбаев А.К., Кенжебаев Н.Т. Казахи в 1917 году (К вопросу об оценке событий). — В кн. Казахстан в начале XX века: методология. историография, источниковедение: Сб. статей. Вып. II. — Алматы, 1999. — С. 84.
352. Қойгелдиев М.К. Өтпелі және мәңгі құндылықтар жөнінде//ҚазМУ хабаршысы. Тарих сериясы. №1, 2000. — 26 б.
353. Познанский В.С. Из истории привлечения национальной интеллигенции к советскому строительству. — В кн. История Казахстана: белые пятна: Сб. ст. — Алма-Ата: Казахстан, 1991. — 156 б.
354. Мадияр. Алаш Орда // "Қазақ" газеті. — Алматы: "Қазақ энциклопедиясы" Бас редакциясы, 1998. — 444 б.
355. Қойгелдиев М. Өтпелі және мәңгі құндылықтар жөнінде// ҚазМУ хабаршысы. Тарих сериясы. №1. — 26 б.
356. Мадияр. Алаш Орда... - 444 б.
357. Голощекин Ф.И. Казахстан на путях социалистического переустройства. — М., 1931. — 66 б.
358. Байтурсунов А. Революция и киргизы// "Жизнь национальностей". 1913, 3 августа.
359. "Қазақ" газеті. — 442 б.
360. Байтурсунов А. Революция и киргизы// "Жизнь национальностей", 1919, 3 августа.
361. Қараңыз: Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия. — М., 1994. — 216 б.; Қойгелдиев М.К. Алаш қозғалысы. — Алматы: Санат, 1995. — 365 б.; Нүрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. — Алматы: Ататек, 1995. — 256 б.
362. Алашорда// "Қазақ Совет энциклопедиясы". 1 том. — Алматы, 1972 — 249 б.
363. "Алаш" партиясы// "Қазақ Совет энциклопедиясы". 1 том. — 249 б.
364. Устинов В.М. Турар Рыскулов: (Очерки политической биографии). — Алматы: Казахстан, 1996. — 464 с. /45/.
365. Познанский В.С. Из истории привлечения национальной интеллигенции к советскому строительству. — В кн. История Казахстана: белые пятна: Сб. ст. — Алма-Ата: Казахстан, 1991. — 348 с. /157/.
366. Қоқан автономиясы // "Қазақ Совет энциклопедиясы" 6 том. — 591 б.
367. Сейфуллин Сәкен. Тар жол тайғақ кешу. Тарихи-мемуарлық роман. — Алматы: Жазушы, 1977. — 392 б. /92/. — Кітапта: Ә. Бөкейхан. Тандамалы (избранное). — Алматы: "Қазақ энциклопедиясы" Бас редакциясы, 1995. — 448 б. /414/.
368. Бөкейхан Ә. Тандамалы (избранное). — Алматы: "Қазақ энциклопедиясы" Бас редакциясы, 1995. — 448 б. /414/.
369. Ғали хан. Мен кадет партиясынан неге шықтым?// "Сарыарқа". 1918. 25 январь. №29.
370. Сейфуллин Сәкен. Тар жол тайғақ кешу. Тарихи-мемуарлық роман. — 92 б.
371. Мадияр. Кайтсек жұрт боламыз// "Қазақ" газеті. — Алматы: "Қазақ энциклопедиясы" Бас редакциясы, 1998. — 560 б. /441/.
372. Мадияр. Сонда. — 441 б.
373. Мадияр. Сонда. — 441 б.
374. Сейфуллин Сәкен. Тар жол тайғақ кешу. Тарихи-мемуарлық роман. — 92-93 бб.

375. Қойгелдиев М.Қ. Отпелі және мәңгі құндылықтар жөнінде //ҚазМУ хабаршысы Тарих сериясы. №1(16), 2000. – 31 б.
376. Бөкейхан Ә. Таңдамалы (Избранное). – 415 б.
377. Бөкейхан Ә. Сонда.
378. Бөкейхан Ә. Сонда.
379. Бөкейхан Ә. Сонда.
380. Бөкейхан Ә. Сонда.
381. Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы: Қайнар, 1999. 2 т. – 520 б. /271/.
382. Шоқай М. Сонда. – 272 б.
383. Төрешұлы Н. Шығармалар – Сочинения: Дипломат. – Алматы Қазақстан, 1997. – 336 б. /24-25/.
384. Төрешұлы Н. Сонда. – 25 б.
385. Шоқай М. Таңдамалы... Т. 2. – 270 б.
386. Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 384 б. /371/.
387. Шоқай М. Таңдамалы. Т. 2. – 288-289 бб.
388. Сонда. – 289 б.
389. "Қазақ" газеті. – Алматы: "Қазақ энциклопедиясы" Бас редакциясы, 1998. – 560 б. /396/.
390. Сонда. – 396-397 бб.
391. Сонда. – 405 б.
392. "Қазақ", 1917, № 251.
393. Сонда.
394. Сонда.
395. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 309-312 бб.; Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 135-137 бб.
396. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – 311 б.
397. Идеино-политическая работа партийных организации Казахстана (1917-1925 гг.) / В.К. Григорьев, Н.Р. Джафаров, В.П. Осипов. – Алма-Ата: Қазақстан, 1989. – 176 с. /35/.
398. Сармурзин А. Крушение Алаш-Орды (Из истории борьбы большевиков Казахстана против контрреволюционного алашординского движения). – В кн. О прошлом – для будущего: (Некоторые актуал. Пробл. Истории Компартии Казахстана в свете гласности). – Алма-Ата: Қазақстан, 1990. – 256 с. /19/.
399. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – 311 б.
400. Сонда. – 312 б.
401. Шоқай М. Таңдамалы. Т. 2. – 289-290 бб.
402. Баймырза һайт. Түркістан Ресей мен Қытай аралығында (Амстердам: Фило Пресс, 1971) // "Қазақ тарихы", 1996. № 3. – 20 б.
403. "Сарыарқа". 1918, № 31.
404. Сонда.
405. Баймырза һайт. Түркістан Ресей мен Қытай аралығында... / "Қазақ тарихы", 1996. № 3. – 20 б.
406. Шоқай М. Таңдамалы. 2 т. – 278-279 бб.
407. Төрешұлы Н. Шығармалар – Сочинения: Дипломат. – 27 б
408. Төрешұлы Н. ... – Сонда.
409. Ленин В.И. КПСС. 48 т. – 235 б.
410. Декреты Советской власти. – М., 1957. 1 т. 39-41 бб.

411. Бөкейханов Ә. Таңдамалы. – Алматы, 1995. – 397 б.
412. Дулатов М. Шығармалары. – 301 б.
413. Әуезов М. Ахаңның елу жылдық тойы//Ақ жол, 1923, 4 ақпан.
414. Омарбеков Т. Қателескен Ленин бе, жоқ әлде қазақ зиялылары ма?//Егемен Қазақстан, 1991, 26 қараша.
415. Нурпенсов К. История одного дела. – В кн. История Казахстана: белые пятна: Сб.ст./Сост. Ж.Б.Абылхожин. – Алматы: Казахстан, 1991. – 348 б. /42/.
416. Гуревич Л. Тоталитаризм против интеллигенции. Алма-Ата: Караван. 1992. – 145 б.
417. Козыбаев И.М. Историография Казахстана: уроки истории. – Алма-Ата: Рауан, 1990. – 136 б.
418. Нурпенсов К. Расправа над ученым и его главной книгой (вместо предисловия). Дискуссия по книге Бекмаханова Е.Б. Казахстан в 20-40-е годы XIX века. Стенограмма. 14-19 июля 1948 г. Алматы, 2000. – 187 б. /6-7/.
419. Дискуссия по книге Бекмаханова Е.Б. ... - 151-153 бб. (Келесі деректердің бәрі осы құжаттан беріліп отыр).

ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен отандық тарихымыздың және тарихнамамыздың бұраланы мол, аса күрделі кейбір мәселелеріне байланысты өзіміздің көзқарасымызды білдірдік. Біздің пікірлеріміздің және зерттеулеріміздің негізінен ұлттық методологиялық принциптерді басшылыққа алғанын түсіну қиын емес. Мұның өзі теориялық тұрғыдан қарастырғанда әлі де жан-жақты және ауқымды зерттеулерге мұқтаж мәселе екендігін де мойындаймыз.

Сондықтанда біздің еңбегімізде бұрынғы таптық көзқарастан жаңа ұлттық ұстанымдарға көшудің кейбір теориялық мәселелері ғана көтерілді. Тарихымызды қайтадан, жаңаша жазу бағыты еліміздің тәуелсіздік алуына байланысты көптеген зерттеушілерімізді толғандырғаны белгілі. Осыған байланысты біз де өзіміздің көкейіміздегі ойларымызды ортаға салғанды жөн көрдік.

Бүгінгі тарих ғылымы процестерді маркстік қоғамдық формацияларға бөлуден гөрі оны оркениеттік тұрғыда зерттеуге ден қоюда. Бірақ жаңа теориялық ұстанымдарды тарихшыларымыздың бәрі бірдей мақұлдай бермейді. Әлі де маркстік методологиядан бас тартпаған, және осы негізде монографиялар мен оқулықтар жазып жүрген зерттеушілер баршылық. Мәселенің күрделілігін ескеріп, осының төңірегінде ой бөлістік. Тарихымызды кезеңдеу мәселесінде де тарихшыларымызды мазалап жүрген теориялық мәселе іер аз емес. Біздің зерттеуіміздегі талдаулардан көрініп тұрғанындай, отандық тарихымыз осы маңызды мәселе төңірегінде де белгілі бір жүйеге бейімделе қойған жоқ. Себебі мұнда да әлі анықталмаған, айқындалмаған нәрселер аз емес. Ұлттық тарихымызды сындарлы да жүйелі жазу үшін оны кезеңдерге бөлудің негізгі методологиялық мәселелерінде бәріміз жабылып белгілі бір топтамаларға келулеріміз қажет екені белгілі. Тарихшыларымыздың осы айтылғандар төңірегінде көптеп ой бөліскендері жөн. Біздің еңбегімізде көтерілген теориялық ой-пікірлер міне осыған қозғау салуды көздеді.

Қазақ тарихшыларын рулық-тайпалық, тіптен ұлтшылдық көзқарастарға үздіксіз айыптаған кеңестік-тоталитарлық жүйе тұсында ұясында тұншықтырылған ұлттық тарихтың маңызды бағыттары бар. Солардың бастыларының бірі —

дулатитану болса керек. Күллі түркі дүниесінің мақтанышы болып табылатын ұлы тарихшы М.Х.Дулатидің әйгілі еңбегі “Тарихи Рашиди” туралы әрине көп әңгіме айтуға болар еді. Алайда бұл мәселеде біз үшін маңыздысы деректік тұрғыдан құнды тұстары десек қателеспейміз. Оларға зерттеушілеріміздің назарларын аудару, тарихымыздың болашағы үшін аса қажет. Біздің М.Х.Дулати еңбегіне қатысты мәселелерді көтеруіміздің басты себептері де міне осыдан туындайды.

Ортағасырлық қазақ тарихында ұлтымыздың бастауында тұрған ерен тарихи тұлғалар туралы құнды мәліметтер беретін еңбектер шүкір баршылық. Олардың бәрін біргана еңбекте қамту мүмкін емес. Алайда мүмкіндігінше олардың қадір-қасиетін бағалауға міндеттіміз. Осындай ниет біздерді түрік дүниесінің тарихи мұрасы Өтеміс қажының “Чингиз-намесінің” мазмұнына байланысты өзіндік көзқарасымызды білдіруге итермелейді.

Тарихымызды қайта қарауда орыс отаршылығы және кеңестік жүйе тұсында тарихи тағдырлары үздіксіз бұрмаланып келген ірі тарихи тұлғалар бар екендігін де ұмытпауымыз керек. Олардың қатарына әсіресе Тоқтамыс хан мен Едіге мырза жатады. Кезінде қыпшақ даласы мойындаған бұлар туралы тарихи шындықты қалпына келтіру бүгінгі ұлттық тарихымыздың қалпына келуі үшін де аса қажет деп ойлаймыз. Мұндай тұлғаларға ұлттық көзқарас ұстану жас ұрпақтың бойында отаншылдық сезімді қалыптастыратыны және белгілі.

Азаттық үшін күрестің көрнекті тұлғалары да ұлттық көзқарас назарынан тыс қалмаулары керек деп ойлаймыз. Бұл мәселедегі біздің пікірлеріміз болашақ жаңа зерттеулерге қозғау салса міндетіміздің орындалғаны.

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның тарих ғылымының үлкен табысы — ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында сталиндік тоталитарлық жүйе өздерін және еңбектерін аяусыз құдалаған қазақ зиялыларының еңбектерінің негізінен алғанда туған қазақ халқына қайта оралуы дер едік. Біздің жұмысымыздағы тарихнамалық талдаулар бұл тұжырымның негізділігін толық дәлелдеп берді деп ойлаймыз.

Халыққа жақын тұрған, өздерінің бүкіл рухани болмысы төл тарихи дәстүрлерден қуат алған және соларға табан тіреген қазақ ұлттық интеллигенциясы өкілдерінің тарихи

көзқарастары бүгінгі ұлттық тарихнамамыздың іргетасын қалары сөзсіз. Егер осыны шынайы мойындар болсақ, біздің зерттеуіміздің тарих ғылымының тарихнама саласы үшін маңыздылығы өзінен өзі айқындалады.

Әрине, сан түрлі тарихи мәселелерге байланысты өздерінің пікірлерін білдірген қазақ зиялыларының тарихи көзқарастарын түгелдей қамту және оларға толық тарихнамалық талдау жасау бір ғана зерттеуде мүмкін бола қоймайды. Тәуелсіз Қазақстан зерттеушілерінің алдағы әр түрлі тақырыптарға арналған өздерінің тарихнамалық зерттеулерінде бұл мәселеге талай рет қайта оралары да күмәнсіз. Осыларды ескере отырып біз, өзіміздің зерттеу жұмысымызда қазақ зиялыларын неғұрлым көбірек толғандырған маңызды тарихи мәселелерге баса назар аудардық. Мұндайда әрине, олардың еңбектерін түгелдей және толық қамту да мүмкін емес. Солай бола тұрса да, жалпы алғанда біздің жұмысымыз бүгінгі тарихнама ғылымының сұранысы тұрғысынан алғанда зерттеліп отырған ғылыми мәселенің мәнін, мазмұнын және маңыздылығын ашатын зерттеу болып табылатынына сенімдіміз.

Ал енді қазақ зиялыларының тарихи көзқарастарына байланысты біздің қорытынды пікірлеріміз олардың маңыздылығын ғана емес, өзіндік ерекшеліктерін де, сондай-ақ кейбір тарихи шындықтардан ауытқуларын да көрсете алады деген ойдамыз.

Қазақ интеллигенциясының әлі сталиндік таптық көзқарас ықпалына беріле қоймаған негізгі бөлігінің қазақ халқының шығу тегін зерттеуге қажетті деректерді негізінен қазақ рулары шежіресінен іздестіргені назар аудартады. Қазіргі кезеңде де үлкен маңызға ие болып отырған қазақ шежіресінің деректік құндылықтары мұндай көзқарастың жалпы алғанда дұрыстығын дәлелдей түседі.

Қазақстан жеріндегі ежелгі тайпалар тарихын тереңдете зерттеуге мүмкіншіліктері шектеулі бола тұрса да қазақ зиялылары сақ, ғұн, үйсін, дулат, найман, қыпшақ тәрізді көптеген тайпалардың түркілік тамырларын дәлелдеп, олардың этникалық тұрғыдан бүгінгі қазақ халқының қалыптасуына нақты негіз болғандарын көрсетіп бере алды. Рас, XX ғасырдың 30-шы жылдарында тарих ғылымында таптық көзқарастың белең алуына байланысты рулар мен

тайпалар тарихына қызығушылық азайды. Бұл монғолдар билігі дәуіріндегі қазақ тарихын зерттеуде де көрініс берді.

Дегенмен де қазақ зиялыларының өздерінің еңбектерінде монғол билігі дәуіріндегі Қазақстан тарихынан да он нәтижелер іздестіргенін, Алтын орданың күйрсу себептерін біршама дұрыс аша білгендерін, осы ұлы мемлекет құлаған соң қазақ жерінде бой көтерген хандықтар тарихын зерттеуге едәуір үлес қосқандарын атап көрсету қажет.

“Алаш” және “қазақ” этнонимінің шығуына байланысты да қазақ интеллигенциясы өзіндік ізденістерге барды, бұл мәселелерге байланысты қисынсыз пікірлерді әшкерелеуге ғылыми негіздер қалады. Олардың еңбектерінде қазақтың ежелгі халық екендігін дәлелдеу әрекеті шынайы көрініс берді. Кейінірек, сталиндік кезеңде байқалған қазақ халқының тарихын XV-XVI ғасырлардан ғана бастау әрекетіне бұл түбірінен қарама-қарсы көзқарас еді.

Алғашқы Қазақ хандығының құрылуы және қазақ жүздерінің шығуы туралы мәселелерде қазақ зиялылары арасында әр түрлі көзқарастар мен болжамдар орын алды. Бұлардың ғылыми негіздері осал бола тұрса да, жалпы алғанда көтеріліп отырған мәселелердің маңыздылығын, сондықтан да болашақта тереңдете зерттеу қажеттігін дәлелдей түсті.

Қазақ ұлттық интеллигенциясын аса толғандырған мәселе — патша өкіметінің Қазақстандағы отарлау саясатының тарихы еді. Бөрінен бұрын олар осы саясаттың себептерін, қаскөй мақсатын негізгі кезеңдерін айқындауға тырысты. Осы тұрғыдан алғанда қазақ ұлттық интеллигенциясының өкілдері отарлау саясатының қазақ халқының ұлттық мүддесіне мүлде қайшылығын, оның келеңсіз сипатын, мұндағы атты казактардың, орыс мұжығының және Сібір темір жолының жағымсыз орны мен ролін алғаш рет өздерінің еңбектерінде шынайы зерттеп, жаңа ғылыми ізденістерге бастаулар жасады.

Қазақ интеллигенциясының еңбектері қазақ жерінің Ресей құрамына енуіне ықпал жасаған сыртқы және ішкі факторларды дәлірек анықтай түсуге алғашқы талпыныстар еді. Олар бұл процеске ықпал жасаушы сыртқы факторлардың бірі ретінде жоңғар жаулауының зиянды әсерін мойындады. Алайда олар бұл мәселені негізгі және басты

себеп ретінде сипаттауға бара қойған жоқ. Мұны осы мәселені бүгінде зерттеп жүрген тарихшылардың ескергендері де жөн болар.

Қазақ зиялылары бұл процесс бастауында тарихи тұлға ретінде Әбілқайырдың тұрғанын ашып айтты. Олардың ойынша Әбілқайырды мұндай әрекетке итермелеген мәселелер – жалпықазақ ханы болуды аңсау және өзімен бәсекелес басқа қазақ билеушілерімен және сұлтандарымен алауыздық қарым-қатынастың өрши түсуі еді.

Сонымен қатар қазақ интеллигенциясы қазақ билеушілерінің өз арасындағы алауыздықтың, билікке таласудың, Ресей империясы қасақана жүргізген ұлтты руларға, жүздерге бөлшектеп, өзара қарсы қою саясатымен үштаса келе қазақ жерін Ресей боданына айналуға итермелей түскенін де жасырған жоқ. Бұл өз халқының ауыз бірлігін аңсаған, тарихтың ашы сабағынан тағылым алуға ұмтылған қазақ зиялыларының шынайы да абзал тұжырымдары еді.

Осының нақты көрінісі қазақ зиялыларының өзінің туған халқының Ресей бодандығына қарсы ұлт-азаттық күресінің тарихын құлшына зерттеулері еді. Сырым, Исатай, Махамбет және Кенесары көтерілістері мұнда айқын көрініс тапты. Алғашқы қатарда әрине 1916 жылғы көтеріліс мәселелері тұрды. Бұл көтеріліске жалпы алғанда қазақ зиялыларының қарсы болғаны, ал мұндай ниеттің туған халқын орынсыз қанды қырғыннан аман алып қалу тәрізді игі пиғылдан туындағаны бүгінгі тәуелсіз тарихымызға аян нәрсе. Алайда ұлттық интеллигенцияның осындай сындарлы көзқарасы кеңестік тарихи зерттеулерде біржақты сыналып, қисынсыз қараланып келгені және белгілі. Осы мәселелерді таразылай отырып, сонымен қатар ұлт зиялыларының 1916 жыл оқиғаларына байланысты көзқарастарындағы ерекшеліктерді де ескермеу орынсыз болар еді. Олар жоғарыдағыдай ел қамын ойлау мүддесі тұрғысынан бұл көтеріліс басталған кезде оны “бүліншілік” ретінде қабылдады. Кейінірек біртіндеп, бұл көтерілісті талдау барысында ұлт зиялылары бұл көтерілістен “орысқа қарсы шығудың” немесе “қала мен даланың қарсы тұруын” байқады. Тіптен арада он жыл өткен соң да қазақ зиялылары бұл қозғалысты ұлт-азаттық қозғалысының жаңа кезеңі” еді деп сипаттауға бара қойған жоқ. Дегенмен де 1916 жылғы қозғалыстың жалпы алғанда

ұлттық қозғалыс болғанын қазақ зиялылары мойындады. Осы көтеріліс барысында отарлаушылардың әділетсіз қанды қырғындарының қуәгерлері болған, ұлт аралық жанжалдарды көздерімен көрген ұлттық интеллигенция өкілдеріне бүгінгі тарих көзімен қарап, осы көтеріліске терең тарихи-теориялық және методологиялық баға бере алмады дегендей сын-пікірлер айту орынды бола қоймас.

Бұл жерде ХХ ғасыр бастауларында өмір сүрген ұлттық интеллигенция тұрмақ, бүгінгі тәуелсіз тарих ғылымының өзінің де бұл мәселеде түпкілікті ауызбірлікке қол жеткізе алмағанын ұмытуға болмайды. Қазіргі кезеңде де 1916 жылғы көтерілісті біресе “ұлт-азаттық соғысы”, біресе “революция” немесе “ұлт-азаттық қозғалыстың биік шыңы” ретінде әр түрлі пікірлер айтып жүрген ғалымдарымыз баршылық. Бұл пікірлерге ашық дау айтушылар да өз арамызда. Бұл туралы біз жоғарыдағы арнайы тарихнамалық зерттеуімізде өзіміздің пікірімізді де білдірдік. Мұның бәрі бізді мынадай қорытындыға алып келеді: 1916 жылғы көтеріліс тарихы жете зерттей түсуді қажет ететін, теориялық және методологиялық талдауларды күтіп жатқан іргелі проблема. Ұлт зиялылары да кезінде мұны дұрыс түсінді дей аламыз.

Қазақ зиялыларының тарихи көзқарасындағы күрделі мәселенің бірі – 1917 жылғы төңкеріс оқиғаларына көзқарас. Мұнда Ақпан төңкерісін қазақ халқының зор түсінікпен қабылдағаны және оның басты себептері атап көрсетілді. Ал Қазан төңкерісі ұлт зиялыларының пікірінше өзінің сипаты, мәні және мазмұны жағынан қазақтарға мүлде түсініксіз және бөтен болды. Қазақтар шынында да барлық зорлық-зомбылық және қанау атаулысына кінәлы саналып келген “ақ патшаны” тақтан құлатқан соң, тағыда қантөгіс жолымен билікті қайта басып алудың нәліктен қажет болғанын түсіне алмады. Бұған әрине кінәлы халық емес еді. Ұлттық интеллигенция халықтың мұндай тығырыққа тірелу себептерін өздерінің еңбектерінде байыптылықпен дұрыс түсіндіре алды. Олардың осындай көзқарастарының тәуелсіз Қазақстанға қайта оралуы ұзақ жылдар бойы тарихымызды бұрмалап келген кеңестік таптық концепцияны талқандады. Коммунистік тарих әрқашанда қазақ халқының Қазан төңкерісін асыға күткені, яғни оған саяси тұрғыдан даяр болғаны, 1916 жылғы көтеріліс осы төңкеріске саяси

алғышарттар қалағаны, сондықтанда қазақтардың бұл төңкерісті қуанышпен қабылдағандары туралы “аңыздарды” таратып, оларды рухани тамырынан қол үзген жаңа ұрпақтың санасына берік орнықтыруға күш салғаны белгілі. Қазан төңкерісінің қазақ даласына күшпен таңылғанын ашып айтқан ұлттық интеллигенция тарихи шындықты шынайы көрсеткен еді. Мұны біздің тарихнамалық талдауларымызда айқын дәлелдейді.

1917 жылдың қайшылықты әрі күрделі оқиғалары қазақ зиялыларын мемлекеттік автономия мәселесінде ашық пікірлер айтуға, шешуші, батыл саяси қадамдар жасауға итермеледі. Саяси жедел өзгерістер бұл маңызды мәселедегі олардың көзқарастарын эволюциялық тұрғыдан жетілдіре түсті. Бірақ ұлт зиялыларының басты мақсаты - ұлттық мемлекеттілікке қол жеткізу ешқашан өзгерген жоқ. Барлық күрес, іс-әрекет және қолданылған шаралар міне осыны жүзеге асыруға бағытталды.

Алайда, ұлттық автономия мәселесіне байланысты қазақ зиялыларының көзқарастарын бұрмалау, оларды біржақты, тар өрісті таптық идеология негізінде жөнсіз қаралау олардың өздерінің көздері тірі кезеңде де және кейініректегі кеңестік тоталитарлық жүйенің өн бойында да орын алды.

Тәуелсіз Қазақстан тарихы міне, осы кемшіліктерден арылу үшін күресуде. Мұның өзі қазақ ұлттық интеллигенциясы өкілдерінің мемлекеттік автономия мәселесіндегі көзқарастарын тарихнамалық тұрғыдан жан-жақты талдау қажеттігін тағы да дәлелдей түседі. Сонымен бірге айтарымыз, қазақ ұлттық интеллигенциясының тарихи көзқарастарының барлық бағыттарын бір ғана еңбекте қамту мүмкін емес, бұл ғылыми зерттеу тұрғысынан алғанда аса ауқымды мәселе. Сондықтанда алда зерттеушілер алдында осы тақырып ауқымында төмендегідей маңызды мәселелерді тарихнамалық тұрғыдан талдау қажеттігі күтіп тұр деп ойлаймыз:

- қазақ ұлттық зиялыларының халықтың салт-дәстүрін сипаттаған және талдаған тарихи тұжырымдарын жан-жақты зерттеу;

- қазақ жерінде ислам дінінің таралуы және оның срекшеліктері, тарихы мәселесіндегі көзқарастары;

- қазақ ұлттық мәдениетінің тарихи бастаулары және тарихи мұралары туралы талдаулары;
- оқу-ағарту, тәрбие және білім беру мәселелеріне байланысты тарихи көзқарастары;
- тіл, әдебиет мәселелеріндегі тарихи зерттеулері;
- жекелеген қазақ хандары, билері, шешендері, батырлары және т.б. тарихи тұлғалар туралы еңбектері;
- қазақ жерінде әр түрлі ғылым салаларының тарихи бастауларына байланысты пікір-қорытындылары;
- тарихи құнды деректер ретінде ауыз әдебиеті үлгілерін зерттеу әрекеттері;
- шаруашылықты ұйымдастыруға байланысты пікірлері;
- денсаулық мәселесіндегі тарихи-тәрбиелік тұжырымдары;
- мемлекет және құқық мәселелеріндегі тарихи көзқарастары және ұсыныстары;
- әлеуметтік мәселелерге, әсіресе әйел теңдігі жөнінде байсалды көзқарастары.

Осындай маңызды мәселелерді тереңдете зерттеу болашақта тарих ғылымын жаңа тұжырымдармен және қорытындылармен байыта түседі деп ойлаймыз. Ал бұл бүгінде ұлттық мүддеге қызмет етуге бағдар ұстаған ғылымымызға аса қажет.

МАЗМҰНЫ

| | |
|--------------|---|
| КІРІСПЕ..... | 3 |
|--------------|---|

БІРІНШІ БӨЛІМ ТАРИХЫМЫЗҒА ЖӘНЕ ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАРЫМЫЗҒА ҰЛТТЫҚ КӨЗҚАРАС

I ТАРАУ. ОТАНДЫҚ ТАРИХТЫҢ ЖӘНЕ ТАРИХНАМАНЫҢ КЕЙБІР МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

| | |
|---|----|
| 1.1. Тарихымыз жүйелі жазылсын..... | 7 |
| 1.2. Тарих таптардың емес, адамдардың қызметі..... | 15 |
| 1.3. Ұлттық тарихи зердеге жаңа көзқарас қажет..... | 21 |

II ТАРАУ. МҰХАММЕД ХАЙДАР ДУЛАТИДІҢ “ТАРИХ-И РАШИДИНДЕГІ” ҚАЗАҚ ТАРИХЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

| | |
|--|----|
| 2.1. Мұхаммед Хайдар Дулати және оның “Тарих-и Рашиди” | 25 |
| 2.2. Моғолстан - қазақ мемлекеттігінің “алтын бесігі” және М.Х.Дулатидің отаны..... | 41 |
| 2.3. “Тарих-и Рашиди” қазақ мемлекеттігінің “қайнар көздері” туралы..... | 58 |

III ТАРАУ. ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАРҒА ҰЛТТЫҚ КӨЗҚАРАС МӘСЕЛЕЛЕРІ

| | |
|---|-----|
| 3.1. Өтеміс Қажының “Чингиз-намесі” және тарихи тұлғалар..... | 86 |
| 3.2. Тарихы бұрмаланған Тоқтамыс хан..... | 96 |
| 3.3. Едіге тағдырына жаңа көзқарас қажет..... | 123 |
| 3.4. Байзақ - Келесарының сенімді серігі | 141 |
| Пайдаланылған әдебиеттер | 152 |

ЕКІНШІ БӨЛІМ ҚҰҒЫНДАЛҒАН ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ КӨЗҚАРАСТАРЫ

| | |
|---|-----|
| СӨЗ БАСЫ: МӘСЕЛЕНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ ДЕРЕКТІК НЕГІЗДЕРІ..... | 161 |
|---|-----|

I ТАРАУ. ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫ ҚАЗАҚ ҰЛТЫНЫҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІГІНІҢ ТАРИХИ БАСТАУЛАРЫ ТУРАЛЫ

- 1.1 Түркілер (Түркістан) елі және монғол билігі дәуіріндегі
Қазақстан тарихы қазақ ұлттық демократиялық
интеллигенциясының еңбектерінде 170
- 1.2. Қазақ халқының қалыптасуы және Қазақ хандығының
құрылуы туралы мәселелерге байланысты қазақ
интеллигенциясының көзқарастары 184

II ТАРАУ. ПАТША ӨКІМЕТІНІҢ ОТАРЛАУ САЯСАТЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ

- 2.1. Қазақ интеллигенциясының Қазақстанның Ресейге
қосылуының алғы шарттары туралы мәселеге көзқарасы..... 202
- 2.2. Патша өкіметінің қоныстандыру саясатының отаршылдық
мәнін әшкерелеу 216
- 2.3. Интеллигенция жер мәселесінің қазақ ұлты тағдырындағы
маңызды орны туралы 235

III ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ

- 3.1. XVIII ғасырдың соңындағы – XIX ғасырдың
алғашқы жартысындағы Қазақстандағы ұлт-азаттық бас
көтерулерге ұлттық интеллигенцияның көзқарасы 256
- 3.2. Қазақ интеллигенциясының 1916 жылға байланысты тарихи
көзқарасы 282
- 3.3. 1917 жыл: қазақ интеллигенциясының
көзқарастарын тарихнамалық талдау..... 301
- 3.4. Мемлекеттік автономия мәселесіне байланысты
қазақ интеллигенциясының тарихи көзқарасы 309

IV ТАРАУ. КЕҢЕСТІК САЯСИ БИЛІК ЖӘНЕ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫ

- 4.1. Ұлт зиялыларының егемендік мәселелеріндегі бағдары..... 334
- 4.2. Рухани көсем болған (Ахмет Байтұрсынның
саяси ұстанымы хақында) 345
- 4.3. Е.Бекмахановтың “Қазақстан XIX ғасырдың
20-40 жылдарында” атты еңбегіне қазақ
тарихшыларының көзқарасы..... 355
- Пайдаланылған әдебиеттер..... 363
- Қорытынды..... 379

Ғылыми басылым

**Талас Омарбеков
Шыңғыс Омарбеков**

**ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНА ЖӘНЕ
ТАРИХНАМАСЫНА ҰЛТТЫҚ КӨЗҚАРАС**

Шығарушы редакторы *Агила Шуриева*
Компьютерде беттеген *Назгүл Қонаева*

ИБ № 2994

Басылуға 05.11.2004 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 24,25 б.т. Офсетті қағаз. RISO басылыс. Тапсырыс № 3138.
Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді. Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспасы.
480078, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспаханасында басылды.»